


А 2015  
2228 к

ҚАЖЫҒАЛИ  
МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

IV TOM



**ҚАЖЫҒАЛИ  
МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ**



**ШЫҒАРМАЛАРЫ**

**Төртінші том**



Алматы  
2015

ӘОЖ 821.512.122<sup>4</sup>

КБЖ 84(5Қаз)-44

~~М 86~~

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды

**Мұханбетқалиұлы Қ.**

MS86 Шығармалары: – төрт томдық, Қажығали Мұханбетқалиұлы.  
Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2015.

ISBN 978-601-7472-83-2

Т. 4: Аудармалар– 2015. – 400 бет.

ISBN 978-601-7472-87-0

*Қажығали Мұханбетқалиұлының аудармалары – шығармашылық өміріндегі белгілі бір жемісті сала болғанымен, оның бәрі-бәрін бұл тамға енгізу мүмкін болмады. Сондықтан, С.Мозмнің, П.Мерименің, Д.И.Фонвизиннің, Ги де Мопассанның бір-бір әңгімелері және орыс жазушысы Андрей Сказонның «Бақыттың алтайы тужісі» кітабына енген туындылары ғана осы тамға топтастырылып отыр.*

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5Қаз)-44

ISBN 978-601-7472-87-0 (Т. 1)

ISBN 978-601-7472-83-2

© Мұханбетқалиұлы Қ., 2015

© «Қазақ энциклопедиясы», 2015

Төртінші том  
АУДАРМАЛАР





Сомерсет МОЭМ,  
ағылшын жазушысы

## МИСТЕР БЫЛГІШБЕК

Соғыстың жаңа біткен кезі еді, сондықтан мұхит жолдарындағы қатынас қайта жанданып, нағыз қауырт қарбаласқа енген шағы болатын. Пароходқа билет табу деген мүмкін емес дерліктей, сол себепті де олардың агенттіктері ұсынған кез келген орынды қанағат тұтуға мәжбүрлік туған. Жеке каюта алудан үміттенудің өзі әбестік болғандықтан да, екі адамдық орынның бірі тигенге де мәз боп жүргенмін. Әйтсе де қасымдағы екінші жолаушының аты-жөнін естігенімде көңілім нілдей бұзылып сала берді. Әлгі фамилия ойыма оралса болды – нығыздай жапқан иллюминатор... ұзақ түн бойына азап шеккізер қапырық ауа есіме түседі. Онсыз да он төрт тәулік бойы танымайтын біреумен каюталас болу қиынақ жағдай (мен Сан-Францискодан Нокогамаға дейін баратын ем), бұған қоса, қасымдағы серігім Смиттер мен Браундардың бірі боп шыққанда оған да онша кинала қоймаған болар едім-ау.

Каютаға кірсем, мистер Келаданың ол-пұлы әлдеқашан әкелініп қойылыпты. Олардың түрі-түсі маған бірден-ақ ұнамады: чемодандарының сырты толған алабажак суреттер, киім салатын кофрының өзі абажадай бірлеңе. Мистер Келада жуынып-шайынуға керекті жабдықтарын жаймалап үлгерген екен; жуынғыш үстінде тұрған духинің, әтірсуына. Коти шығарған бриллиантиніңе қарап-ақ, ол – әйгілі мсье Котидің тұрақты клиенттерінің бірі екенін біле қойдым. Алтынмен өрнектеліп, қара ағаштан жасалған шеткасын аздап та болса тазалап қойса қайтесі екен... Жок, мистер Келада маған мүлде ұнаған жоқ. Темекі шөгетін бөлмеге бардым да, бір колода карта сұрап алып, пасьянс жасауға кірістім. Сол-ақ екен, әлдебір жолаушы жаныма таяп келді де. Түгенше деген мистер сіз емессіз бе? – деп аты-жөнімді сұрады.

– Ал, мен – мистер Келадамын, – деп қойды өзі аппақ тістерін көрсете езу тартып. Отырды.

– А-а, біз, шамасы, бір каютадан шығармыз.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

– Шынында, жолымыз болды-ау дейім? Қандай серікке тап келгеніңді біле алмай-ақ дінкең кұриды кейде. Сіздің ағылшын екеніңізді білгенде қатты қуандым. Меніңше, біздер, ағылшындар, шетелде жүргенде бір-бірімізді арқа тұтып жүруіміз керек қой дейім, сіз мені түсіпетін шығарсыз.

– Әрине! Сіз мені американдық деп қалдыңыз-ау, а? Қара тырнағыма дейін британдықпын мен. Ал, білгіңіз келсе!

Мистер Келада сөзінің дәлелі ретінде қалтасынан паспортын алып, онысын менің көзімнің алдында бұлғаңдатып-бұлғаңдатып қойды.

Король Георгтың қол астында қандай ғажайып пенделері болған десеңізші. Мистер Келада аласа бойлы, төртпақ, тап-таза қырылған қара торы жүзді, бадырақтау көзі жаудыраған, орақ мұрны еттілеу адам екен. Сакиналана шиыршықталып жатқан ұзын шашы қап-қара әрі жылтырап тұр. Сөйлегенде де ағылшындар секілді емес – қолын сермелеп, шапшаң сөйлейді. Сөз жоқ, оның британиялық паспортын ашып анығырақ танысқан кісі, Құдай біледі, мистер Келада Отанының аспаны Англияның аспанына қарағанда әлдеқайда ашығырақ екенін бірден білер еді.

– Не ішкіңіз келеді? – деді ол маған.

Аңқайып қарап қалыппын. Арақ ішуге тыйым салған заң әлі күшінде еді, оған қоса, корабльдің үстінде ішу дегеніңізге, әсіресе, қатаң қарайтын секілді-тұғын. Ал, аса бір қатты шөлдеген кездерде ғана болмаса, газды су мен лимонад дегендеріңізді мүлде суканым сүймейтін.

Мистер Келаданың жүзінде шығыстың шуақты күлкісі шапак шашып тұр.

– Содалы су қосқан виски ішесіз бе әлде саумал мартиниді қалайсыз ба? Тек айтыңыз!

Шалбарының екі қалтасынан екі құтыны суырып алды да, менің алдыма – үстел үстіне қойды. Мен мартиниді қаладым. Мистер Келада официантты шақырып алып, екі стакан мен мұз сынықтарын әкелуді талап етті.

– Тамаша коктейль екен. – дедім мен.

– Менің алған жерімде мұндайдың талайы бар, егер кемеде таныстарыңыз болса, сіздің бір көңіл тату адамыңыздан ішімдіктің қанша керек болса да табылатынын айтыңыз.

Мистер Келада сөзуарланып алған. Біресе Нью-Йорк пен Сан-Франциско туралы айтады, біресе пьесалар, картиналар және саясат



Шығармалары. Төртінші том

жайлы әңгімелейді. Өзі нағыз патриот екен. Британия жалауы – ұлы да қастерлі ғой, бірақ оны Александриядан немесе Бейруттен келген джентльмен қолына алып, желкілдете-желпілдете жөнелгенде, маған бұл ту өзінің қадір-қасиетін аздап та болса жоғалтатын секілді көрінеді де тұрады. Мистер Келада да жөн-жосықсыздау кетіп отыр. Әрине, өркөкіректігім емес, одан аулақпын, әйтсе де менің ойымша, танымайтын адамыңмен сөйлесіп отырғанда «мистер» деген сөзді ұмытпау керек қой. Сөйтсе де ол, сірә, мені де өзімсіне сөйлесін дегені шығар, сыпайылықтың бұл мезіретін ысырып тастады. Маған ұнамады мистер Келада. Ол қасыма кеп отырғанда картаны былай тастай салғам, енді мынау әңгіме бірінші рет кездескенімізге қарамастан ұзап бара жатқан соң, қайтадан пасьянс жасауға кірістім.

– Үштікті төрттіктің үстіне тастаңыз, – деді мистер Келада.

Пасьянс жасағанда кезекті картаны қайда қойсам екен деп өзін шешудің орнына, әлдекімнің аяқ астынан қыстырыла кеткенінен жаман нәрсе жоқ.

– Дұрыс келе жатыр, дұрыс... – деп дауыстап жіберді ол. – Ондықты енді валеттің үстіне тастаңыз.

Жыным келіп әрі оны иттің етінен жек көріп отырып, әрең бітірдім-ау. Картаны енді ол алды.

– Фокус жасағанды жақсы көресіз бе?

– Жек көрем! – дедім мен.

– Әйтсе де біреуін сізге көрсетейін, а?

Бір емес, үшеуін көрсетті. Бұдан кейін асханаға барып, орын алуым керек екендігін білдірдім.

– О, мазасызданбай-ақ қойыңыз, – деді ол. – Сіздің орныңыз белгіленіп қойылған. Екеуміз бір каютада болған соң, бір дастарқаннан дәм татқанымыз да жөн шығар деген едім.

Ұнамайды маған осы мистер Келада.

Каюталас болғаным, күніне үш рет бір дастарқаннан дәм татқаным аздай-ақ, палубаға шықсам болды, қасыма жетіп келеді. Бұдан құтылу бір қиямет-қайымға айналды. Ешкімнің керек етіп тұрмағаны миына кірсейші және! Өзі: «мен жақсы көрсем, жұрт та мені жақсы көруге тиіс» деп ойлайтын болу керек, онысына тіпті күмәнданбайтын да секілді. Құдай біледі, егер үйіңіздің табалдырығынан желкелеп қуып жіберсеніз де, яки ол жақындай бергенде есігіңізді жауып алсаңыз да – сіздің жақтырмай

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

тұрғаныңызды осы сезбейтін шығар деп ойлаймын кейде. Өзі тіл табысқыш-ақ, үш күн ішінде кемедегілердің бәрін біліп алды. Жұртқа лоторея ойнатып, аукциондарды басқарып, әртүрлі жарыс жеңімпаздарына берілетін жүлдеге ақша жинап, серсо мен гольф ойнауға мұрындық боп, концерт пен жұмбақ киімді бал ұйымдастырып – әйтеуір не керек, анда да, мұнда да үлгеріп жүр. Араласпайтын ісі болсашы. Әрине, жұртты да мезі етіп, жек көрінішті де болды. Біз оны тиісті көзінше-ақ мистер Білгішбек деп атай бастадық. Ол мұны марапаттау деп түсінді. Ал енді... асханада отырғандағы парықсыздығын айтсаңызшы! Бір сағатқа жуық тапжылмастан соның еркіне бағынушы едік. Әркімді бір әзілдейді, қарқылдап күледі, ой бөседі дейсін, сәл нәрсеге айтыса кететіні тағы бар. Не жайлы болса да, ол жұрттан артық біледі, ал енді бір пікіріне келісе қоймадың бар ғой, талағы тарс айырылады.

Біз ас ішерде ылғи кеме дәрігерінің дастарканы басына жиналушы едік. Дәрігер – самарқаулау, сылбыр адам; мен болсам – айналамдағының бәріне енжар ғана көз салып, әдейі аңқаусып отырамын; бұл жерге бізбен бірге жайғасқан Рамсей дейтін кісіден басқа мистер Келалаға қарсы келер ешкім жоқ-ты. Айтқандай-ақ, бұл да – мистер Келаланың өзі секілді, қарсы сөйлегенді жақтырмайтын, ондайға төзбейтін адам екен; левантинестің аспандай сөйлегені бір күні жынына тиіп, ақтарылды да кетті. Соған даулары тым ұзаққа созылып, бірін-бірі сөзбен іліп-қағып, не керек, жеңісе алмай жүрді.

Рамсей Кобадағы американ консульствосында қызмет етеді екен. Орта Батыста туып-өскен, ұзын бойлы, етжеңді бұл кісінің іркітлеген семіз денесі арзанқолдау костюмінің тігісін әні-міні тырс-тырс сөгіп жіберердей тырсынып тұратын. Ол Отанында бір жылдай болып, әбден тыныққан әйелін алып кету үшін Нью-Йоркте азғана күн аялдап, енді қызмет орнына қайтып келе жатқан беті көрінеді. Қасындағы зайыбы инабат пен ізеттен жаралғандай бір сүйкімді жан; өзі әзіл-өспакка да оң-оңай алдыра қоймайтын сыңайы байқалады. Әрине, консульстводағы қызмет күректен кіріс кіргізбейді ғой, сондықтан да болар, миссис Рамсей жұпынылау киінетіні де көрініп тұр. Әйтсе де сонысының өзі жарасымды, талған-екшелген. Асылы, өзіне не жарасып-жараспайтынын жақсы білетін болуы керек, нендей киім кісе де ол ылғи сырбаз да сыңайы көрінетін.

## Шығармалары. Төртінші том

Бір күні дастарқан басындағы сөз тағы да өрби келе, әңгіме бағыты әлдеқалай інжу жайына ойысты. Сол тұста газеттер інжуді қолдан жасаудың жапондар ойлап тапқан әдісі жөнінде айқайлап жазып жатқан; соны оқып-білген дәрігер енді оларды сол інжуі – нағыз табиғи інжудің құнын сөз жоқ түсіретіндігін, өйткені қазірдің өзінде жапондар жасанды інжуді жақсы жасайтындығын, ал таяу уақытта тіпті керемет етіп, табиғи інжуден айырғысыз дәрежеге жеткізетіндігін сөз арасы ғып қана айтты. Сол-ақ екен, мистер Келада әңгіменің мынау жаңа тақырыбына, әдеттегісінше жармаса кетті. Сөйтіп, ол енді бізге інжу жайлы не білу керек болса, соны тәптіштеп түсіндіруге кірісті. Меніңше, Рамсейдің мұрнына мұндай жайлардың нісі де бармаса керек, әйтсе де левантинеспен ілінісе кетудің сәті түсіп тұрғанда мистер Рамсей қалайша оны құр жібере қойсын, бес минуттай уақыттан кейін екеуінің арасында қызу талас басталды да кетті. Бұған дейін мен мистер Келаданың тап осы жолғыдай ұзақ сөйлеп, жанын сала айтысқанын ешқашан естімеген едім. Рамсейдің бір сөзі жанына батыңқырап кеткен ол, ақыры, үстелді жұдырығымен қойып қалып, айқайлап жіберді:

– Мен білетін болған соң айтып тұрмын ғой сізге! Керек десеңіз, Жапонияға да сол әлгі жұрт көпіртіп жүрген інжуді көріп қайту үшін ғана келе жатырмын. Бұл – менің мамандығым, ал менің пікіріммен бәрі де санасатынын кез келген сарапшы сізге айтып бере алады. Себебі, мен әлемдегі ең керемет інжу тастарының бәрін де білемін, ал егер бұл асыл тас жөнінде білмейтін бірдеңем болса, демек, оны білудің де қажеті жоқ болғаны.

Мынауы біз үшін жаналық еді, осыншалық бөспебайлығына қарамастан мистер Келада өзінің нендей кәсіппен айналысатынын жан адамға айтқан емес-ті. Жапонияға әлдеқандай бір сауда істеріне байланысты бара жатыр екен дегенді ғана естігенбіз. Ал, қазір ол айтарын айтып салып, жеңімпаздың кейпімен бізге қоқилана қарап тұр.

– Мен сияқты білгір мамандар барда жапондар ешқашан, ешуақытта бір көргеннен айырғысыз ондай інжуді жасай алмақ емес. – Ол көзімен миссис Рамсейдің алқасын нұсқап қойды. – Осы сөзімді ұмытпаңыз, миссис Рамсей, сіздің мойныңыздағы мынау алқаның құны бір тиын қарабақырға кемісе -- маған келіңіз!

– Керемет алқа емес пе, а?

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

– Керемет екенін мен бірден-ақ байқағам, – деді мистер Келада. – Өзіме-өзім тіпті: «Міне, нағыз інжу деп осыны айт!» – деп те қойғам.

– Мұны мен жоқта сатып алыпты. Қызық болсын, айтыңызшы, сіздіңше осы алқа қанша тұрады?

– О, мұның бағасы он бес мың доллардан кем емес. Егер Бесінші авенюде мұндай алқаға отыз мыңды беріп жатса, мен түк те таңқалмаған болар едім.

Рамсей айызы қана, ашы мысқылмен мырс етті.

– Ал, егер мұны миссис Рамсей Нью-Йорктен аттанатын күні әмбебап дүкеннен он сегіз долларға сатып алған болса, қайтер едініз?

Мистер Келада күп-күрең боп кетті.

– Сандырақ! Өзі – нағыз інжу әрі мөлшеріне қарағанда үйлесімі жағап, мұндай алқаны мен күні бүгінге дейін көрген емеспін.

– Бәс тігіссек қайтеді? Мұның нағыз інжу емес, бояма екендігіне жүз доллар тігем.

– Әкелініз қолыңызды!

– Ах, Эльмер, анық біліп тұрған нәрсене біреумен бәс тігіскенің ұят болмай ма, – деді миссис Рамсей қызара күлімсіреп.

Үнінде күйеуіне сәл-сәл кінә қойғандық сезілді.

– Неге ұят болады? Ақшаның өзі-ақ қалтаңа кеп құйылғалы тұрғанда аузындағыдан айырылып қалсаң, қайта хас ақымақтық сол шығар.

– Ал, сіз қайтпекшісіз? – деді әйел сөзін сабақтап. – Айтқандарыңыздың бәрі құрғақ сөз еместігін немен дәлелдейсіз?

– Жакыннан бір көрсетіңізші, егер жасанды інжу болса, мен бірден-ақ айтайын да, жүз долларды қолма-қол санап берейін, – деді мистер Келада. – Ұтылыстан қашпай-ақ қойдым.

– Алқанды шеше қойшы, жаным. Мына джентльмен, мейлі, көзі талғанша-ақ қарасын.

Қас қағымдай сәт миссис Рамсей кібірткітеп қалды да, желкесіндегі шығыршыққа қолын созды.

– Мен мынаны мүлде ағыта алмай отырмын, – деді сонсоң. – Мистер Келада енді ауызша айтқан сөзіме де сенетін шығар.

Кенет жүрегім бір қолайсыздықты сезіп, шаншы-ы-ып кетті. Тап қазір әлдеқандай бір бақытсыздықтың куәсі болатындай-ақ қыпылдай бастадым, бірақ оның алдын алуға аузыма сөз түспеді.

## Шығармалары. Төртінші том

Мистер Рамсей ұшып түрегелді.

– Кәне, мен ағытып жіберейін.

Ол алқаны мистер Келадаға ұсынған. Левантинец лезде қалтасынан үлкейткіш шыны алып, інжуді мұқият қарай бастады. Сол-ақ екен, оның тап-таза қырынған қара торы жүзінде мерейі үстемдіктің мақтанышка толы күлкісі құлпыра ойнақ салып шыға келді. Алқаны іле иесіне қайтарып, енді аузын аша берген. Кенет миссис Рамсейдің жанарымен жанары шарпысып қалды. Әйелдің өңі қуарып, енді болмаса есінен танып қалғалы отыр еді. Қорқыныштан көзі де алақандай боп кеткен. Сол көздер бұған жалбарына қарап, құтқаруын тілейді, жалынады; жалыныш ізінің айқындығы соншалық, күйеуі неғып аңдамағанына мен әлі күнге қайранмын.

Мистер Келада аузы ашылған күйі аңкиып тұрып қалды. Жүзі күреңітіп, қып-қызыл боп кетті. Қайтерін білмей, қазіргі сәтте қатты толқып тұрғаны анық еді.

– Мен қателесіппін, – деді ол әлден уақытта. – Бұл бір шебер жасалған имитация екен, лупамен қарағасын, әрине, нағыз інжудің өзі еместігі бірден-ақ көрінді. Асылы, бұл жылтырауығыңыз әрі кетсе он сегіз доллардан, шынында да, аспайтын болуы керек.

Ол әмиянын шығарып, ішінен жүз долларды санап алды да, үн-түнсіз Рамсейге ұсынды.

– Бәлкім, мына жағдай сіздің бұдан былай тым асқақтамай сөйлеуіңізге сабақ болатын шығар, достым, а? – деп қойды, Рамсей ақшаны алып жатып.

Мен мистер Келаданың қолы қалтырап тұрғанын байқадым.

Мұндай әңгіме жерде жатушы ма еді, бұл оқиға да, әдеттегіше, бүкіл кемеге тарап, сол күннің кешінде-ақ мистер Келада біраз тәлкекке ұшырады. Әрине, айтуға жеңіл, ал бірақ мистер Білгішбекті тақырға отырғызып кету ондай дейсіз бе! Бұл әңгімеге араласпаған жалғыз миссис Рамсей еді, ол басы ауырып, өзінің каютасына кетіп қалған болатын.

Келесі күні таңертең төсектен тұрған бойда қырынуға кіріскенмін. Мистер Келада орнынан тұрмастан сигарет шегіп жатқан. Кенет әлдеқандай бір әлсіз сыбдыр естілді де, есіктің төменгі жағындағы саңылаудан хат көрінді. Аңтарылып қалыппыз. Есікті ашып қарасам, жан жоқ. Мен еңкейіп, конвертті қолыма алдым. Сыртына тасқа басқандай әріптермен мистер Келаданың фамилиясы жазылған екен. Хатты соған ұсындым.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

– Кімнен келген екен? – Ол конвертті ашты. – О!

Ішінен хат емес, жүз долларлық қағаз ақшаны суырып алған мистер Келада қып-қызыл боп кетті. Конвертті ұп-ұсақ қып жыртып, әбден майдалады да:

– Мархабат етіңіз, мынаны иллюминатордан лақтырып жібере қойыңызшы... – деді маған ұсынып жатып.

Мен оның өтінішін орындадым да, әлдебір ризашылық сезіммен жымнып оның жүзіне қарадым.

– Кім өзін жұртқа күлкі қылып, сайқымазақ болғысы келеді дейсіз? -- деді ол.

– Немене, әлгі – нағыз інжудің өзі ме екен?

– Әйелім әдемі болды бар ғой, мен өзім Кобада қалып, оны Нью-Йоркке бір жылға ешқашан жібермес едім. – деді ол.

Дәл осы минутта мистер Келада маған біртүрлі ұнап қалғандай болды. Ол әмиянына қол созып, ішін ашты да, жүз долларлық ақшаны ықтияттап салып жатты.



### МАТТЕО ФАЛЬКОНЕ

Порто-Веккьодан солтүстік батысқа қарай сапар шексеніз, аралға дендеп кірген сайын жер бедері шұғыл өзгеріп, адырлықыратты боп бірден биіктей түседі; онан әрі бұралаңы мол соқпақтармен, жол үстінде көлденең жатқан жартас сынықтарын айналып, кей маңда терең-терең сайларды кесіп өтіп, үш сағаттай жаяу жүрсеңіз, ұшы-қиыры жоқ МАКИ тоғайының үстінен шығасыз. Маки – корсика малшыларының және заң орындарымен бастары сыйыспай жүргендердің Отаны. Әділін айту керек, корсика дихандары өздерінің егістіктеріне көң төгуді қиынсынып, жыл сайын қалың тоғайдың бір пұшпағын өртейді: егерде өрт өздеріне қажет мөлшерден артық жерді алып кетсе, оған бас ауыртып та жатпайды: өйткені, қайда болғанда да, өртенген ағаштардың күлімен тыңайтылған жерден мол астық жинайтынын олар жақсы біледі. Астық жиналып алынған соң (топанды жинап алу қиын болғандықтан, иесіз қалдырылады), жер астында аман қалған ағаш тамырлары келер көктемге дейін қайта жанданып, күн жылынысымен көкала шыбық өрбітеді; бірнеше жылдан кейін әлгі шыбықтар жеті-сегіз футқа дейін биіктеп, қалың бұтаға айналады. Міне, сол қалың бұталар тоғайы – маки деп аталады. Бір-бірімен бытысып кеткен нендей ағаштар мен бұталардың түрлері жоқ дейсіз бұл тоғайда. Тек қолына балта алған адам ғана жол салып өте алар: айтпесе, маки дегеніңіздің ит тұмсығы батпастай қалыңдығы сонша, тіпті таутекелердің өзі соқпақ сала алмастай.

Егер сіз кісі өлтірсеңіз, Порто-Веккьоның макиіне қашыңыз; қолыңызда тек тұзу мылтығыңыз бен оқ-дәріңіз болсын, сонда сіз ол жақта ештеңеден қорықпай, қауіпсіз өмір сүре бересіз; айтпақшы, сосын бүркеншігі бар қоңыр плащ ала кетуді де ұмытпаңыз, ол сізге әрі киім, әрі төсек-орын болады. Малшылар сүт, ірімшік, қаштан жаңғағын қанша керек болса, сонша береді; тек оқ-дәріңіз таусылып қалғанда ғана қалаға барып қайтайын демесеңіз, заң-зәкүннен де, өлтірген кісіңіздің туыскандарынан да қорқудың жөні жоқ.

18... жылы мен Корсикаға барғанымда, Маттео Фальконенің

## Қажығали МҮХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

үйі әлгі маки тоғайынан жарты мильдей ғана жерде-тұғын. Маттео Фальконенің өзі сол маңайдағы жұртпен салыстырғанда әжептәуір ауқатты кісі еді; қолдап ештеңе істемесе де, тау қойнауларындағы қоншпенді малшылар анда-мұнда айдап жайып жүрген табын-табын малдарынан түсетін пайдамен ғана күнін коріп отырған барынша адал адам-тұғын. Мен айтып бергелі отырған оқиға өткесін, оны екі жылдан кейін көргенімде, әйтеуір әлі елуден артық жасты бере алмайтылбыз. Орта бойлы, мығым денелі, көмірдей қара тасбұйра шашы бар, имек тұмсық, жұқа ерінді, үлкен көзі ойнақшыған, бет-жүзі иленбеген тері түстес кісіні қоз алдыңызға елестетіңізші. Ал, мергендігіне келсек, құралайды көзіге атқан небір жампоздары бар бұл өлкенің өзінде оның орасан шеберлігіне тіл жетпестей еді. Мәселен, Маттео таутекені ешқашан бығырамен атқан емес, қайта жүз жиырма кадамдай жерден – не басынан, не қолтық астынан – өзі қалай қаласа, сол жерден көзден, атып жығатын. Күндізді қойып, түннің өзінде оғын қапы жібермейтін. Корсикада болмаған адам қанша айтең да сенбестей бір жайтты ол туралы маған жұрт әңгімелеп берді. Үлкендігі тәрелкедей ғана жұқа ақ қағаздың артына кішкентай шырақ жағын, жігіттер оны сексен кадамдай жерге апарып қойыпты. Маттео Фальконе мылтығын ұмсынып жобалап алыпты да, шырақдан соңдіріліпті; бір минуттай уақыт өткен соң тастай қараңғыда төрт рет атқанында, сол төрт атқанының үшеуі қағазды дәл тесіп өткен.

Не керек, Маттео Фальконенің орасан мергендігі оның атын жұртқа әйгі етті. Маңайындағылар оны қаншалық достым деп санаса, іштей соншалық қауіпті жау да санайтын; дегенмен, жолдас-жораға қайырымды, жоқ-жұқанақаларға қолы ашық ол, Порто-Веккьо төңірегіндегі жұрттың бәрімен тағу-тәтті тұрып жатты. Сөйтсе де, ол осы күнгі әйелін аларда, – ал, әйелі Корга дейтін жердің қызы еді, – қызға талаққан бақталасын (ол да бір... дәл майдандағыдай, махаббатта да қауіпті кісілердің бірінен саналады екен), сол бақталасын аяусыз жазалапты деген сыңарың ізінен қалмай жүруші еді; мұнысырае па, өтірік не, кім білесін, әйтеуір әлгі байғұс бақталас жігіт терезе жанында ілулі тұрған айнаға қарап қырынып жатқанда тиген оқ Маттеонікі екен деп жұрт түлесіп жүрегін. Бұл оқиға осылай тыңғасып, әңгіме әбден басылған кезде Маттео үйленді. Әйелі Джузенна қағарынан үш қыз туып, бұл Маттео Фальконені жаман ыза қылып жүргенде, ақыры, бір ұл көрді; отбасының үмітін,



## Шығармалары. Төртінші том

ошағының бұтын ұстап қалатын жалғызына ол Фортунато деп ат қойды. Қыздары сәгімен құтты орындарына да қонды: әйтпегенде күйеу балалары қыз әкесінің қанжары мен карабиніне жалынатын еді. Ұлы он жасқа толып, болашағынан үлкен үміт күттіре бастады.

Күз күндерінің бірінде ертеңгілік Маттео әйелін ертіп, тоғай арасындағы аланқайларда жайылып жатқан малдарын көріп қайту үшін, макиге тартты. Кішкентай Фортунато ергісі келіп еді, өріс алыс болғандықтан, әрі үйді де күзететін біреу керек болып, әкесі оны қалдырып кетті. Мұның арты орны толмас окінішке айналарын байғұс әке қайдан білсін!

Әке-шешесінің алысқа аттанып кеткеніне де бірнеше сағат өткен; кішкентай Фортунато күншуақта жайбарақат қыздырынып жатып, алыс-алыс көгілдір тауларға қарап, келесі жексенбіде қаладағы қапрал нағашысының үйіне түстенуге баратындарын ойлап, қиял дүниесіне шомыла бергенінде, кенет атылған мылтық даусы ойын бөлін жіберді. Ол атып тұрып, мылтық даусы шыққан жазық бетке құлақ тосты. Тағы да гүрс-гүрс атылған мылтық даусы... бірте-бірте жақындап келеді; ақырында әлгі жазық жақ беттен ирелендеп келіп, Маттеоның үйіне тірелетін соқпақ бойынан: сақал-мұрты қауғадай боп өсіп кеткен, басында таулықтар киетін шошақ төбелі бөркі бар, үсті-басы алба-жұлба біреу көрінді. Аяғын әрең-әрең сүйретіп, мылтығына сүйеніп зорға келе жатыр. Шама-сы, қара санынан жаңа ғана оқ тиген болу керек.

Бұл – түнде қаладан оқ-дәрі алып қайтамын деп, барған жерінде корсикалық вольтижерлердің қоршауына түсіп қалған қаракшы еді. Жанталаса атысып, жартастардың қалқасын паналай жасырынып жүріп, өлдім-талдым дегенде қуғыннан құтылған беті-тұғын. Әйтсе де, солдаттардан онша ұзай алмаған екен: енді макиге жетіп жасырынайын десе, жарақаты мүмкіндік бермей, ең соңғы үмігін кесіп тұр.

– Сен Маттео Фальконенің ұлымысың? – деді ол Фортунатоға ақырын жақындай түсіп.

– Иә.

– Мен – Жаннетто Санпьеромың. Соңымнан сары жағалылар қуып келеді. Жасыр мені, әйтпесе аяғымды баса алар емеспін.

– Рұқсатсыз жасырғаным үшін әкем не дейді маған?

– Өте дұрыс жасағансың, – дейді.

– Біле алмай тұрғаным...

– Тезірек жасырсаңшы енді, аналар келіп қалатын болды!

– Әкем келгенше шыдай тұрсаңызшы.

– «Шыдай тұрсаңызшы?» Қарғыс атсын сені! Бес минуттан кейін аналар да келіп болмай ма. Тез, тезірек жасыр енді мені, әйтпесе қаныңды ішермін қазір!

Фортуonato оған мүлде сүлесөк жауап катып.

– Мылтығыңда оқ жоқ, ал оқшантайыңда да түк қалмаған.

– Мінекей, оның есесіне қанжарым бар.

– Түу, онымен маған қуып жету қайда-а-а?!

Бала ытқып анадай жерге барып тұрды.

– Жоқ, сен Маттео Фальконенің баласы емессің! Маттео Фальконенің баласы болсаң, тап үйіңнің босағасында тұрған кісіні аналарға ұстап бермес едің.

Бұл, шамасы, балаға аздап әсер еткен болу керек.

– Ал, жасырып калсам, ақысына не бересің? – деді ол жақындай түсіп.

Қарақшы беліндегі былғары сөмкесіне қолын салып, түбін әрі-бері аударыстырды да, бес франктық сөлкебайды алып шықты. Сынайы, оқ-дәрі сатып алармын деп тығып жүрген нәрсесі секілді. Күміс сөлкебайды көргенде Фортунато күлімдеп қоя берді; қарақшының қолынан ақшаны қақшып алған бойда:

– Ештеңедеп де қорықпа! – деп қойды Жаннеттоға.

Сол бойда үй жанында үюлі тұрған шөмеленің ішін үнгіп жіберіп, қуыс жасады. Жаннетто төрт бүктеліп кіріп алған соң, тұншығып қалмау үшін ауа кіретіндей ғана саңылау қалдырып, бала қуыстың аузын мұқият көлегейлеп қойды. Мынау шөмеледе біреу тығылып жатыр-ау деген ешкімнің есіне келместей. Ол – ол ма, аса қу адамның жырындылығымен ол тағы бір қулық ойлап тапты. Бұл шөмелені көптен бері ешкім қозғамаған екен десін деп, балалап жатқан мысықты барлық балаларымен көтеріп әкеліп, шөптің үстіне орналастырды. Сонсоң үй жанындағы соқпақтан қан тамшыларының ізін байқап, оны топырақпен жапты да, қайтадан түк көрмегендей, күншуаққа керіліп жата кетті.

Біраздан соң сержант бастаған, сары жағалы, қоңыр формалы алты қуғыншы Маттео үйінің алдына да келіп жетті. Әлгі сержант Фальконенің алыс жамағайыны болып саналатын. (Ал, ағайынгершілік дегеніңізге Корсикада жұрт қатты қарайды). Аты-жөні – Теодоро Гамба деген. Бұл өзі талай қарақшының тақымына қылбұрау салған белгілі бекбикелердің бірі-тұғын.

## Шығармалары. Төртінші том

– Амансыңдар ма, айналайын! – деп, ол Фортунатоға жақын келді. – Өзің дәу жігіт боп қалыпсың ғой! Ал, осы маңайдан жаңа ғана біреу-міреу өтпеді ме?

– Ой, ағатай-ай, қайдан білейін, мен әлі сіздердей үлкен болғаным жоқ қой! – деп, бала түк білмегенсіп тұра қалды.

– Ештеңе етпейді, әлі нә-э-эн жігіт боласың! Ал, осы маңайдан әлгінде ғана біреу-міреу өтпеді ме, тек соны айта қойшы!

– Біреу-міреу өтпеді ме дейсің, ә?!

– И э, басында шошак төбелі барқыт бөркі, үстінде қызғылт сары күртесі бар адам.

– Басында шошак төбелі барқыт бөркі, үстінде қызғылт сары күртесі бар адам?..

– И-э! Менің сұрағымды қайталай бермей, айтсаңшы енді.

– Бүгін таңертең біздің үйдің жанынан өзінің сүйікті аты – Пьероға мініп, поп атай өткен. «Әкең қалай, қуатты ма?» – деп еді, мен оған...

– Әй, қутыңдама, қу бала! Одан Жаннетто Санпьероның қайда екенін айт, біз оны іздеп жүрміз. Құдай біледі, ол тап осы жолмен өтті қайда кетсе де.

– Онда неге менен сұрайсыз?

– Онда неге сенен сұрап тұрғанымды айтайын ба? Өйткені, сенің оны көргенінді мен кәміл біліп тұрмын.

– Ұйықтап қалсам, немді көрем?

– Сен, жүгірмек, ұйықтаған жоқсың! Тарс-тарс, гүрс-гүрс мылтық атылып жатқанда.

– Көкетай-ау, шамасы, сіз өздеріңіздің мылтықтарыңызды қатты гүмпілдейді деп ойлайсыңдар ма деймін. Менің әкемнің карабині сіздердікінен де күштірек екенін білмеуші ме едіңіз?!

– Сайтан алсын сені, тілі мен жағына сүйенген... қарғыс атқырдың баласы! Құдай біледі, сен Жаннеттоны көргенің анық. Тіпті жасырып қоюын да мүмкін. Жігіттер! Үйге кіріп, қашқынды қарап шығындар. Бір аяғы жаралы, шоқандап алысқа ұзай қоюы мүмкін емес. Сүйегі сынған аяғын сүйретіп, макиге барып тығылатындай, есектің миын жеген ақымағың ол емес. Ізіндегі қан да тап осы жерге келгенде жоғалған.

– Әкеме не бетіңізді айтасыз? – деді Фортунато кекетіп. – Өзі жоқта үйге рұқсатсыз кіргеніңізді білсе, маңдайыңыздан сипай қоймас.

– Арамза! – Гамба баланың құлағынан ұстап алып, ақырын ғана жұлқылап-жұлқылап қойды. – Керек болса, мен сені қазірақ сайратармын! Жатқызып қойып, қылыштың қырымен жұмсақ жеріңнен жиырма рет шықпыртсам, өзің-ақ сайрап қоя берерсің.

Бала бәрібір келемеждеуін қойған жоқ.

– Менің әкем – Маттео Фальконе екенін есіңізден шығармаңыз, – деді ол қиқарланып.

– Қара сен бұл жүгірмекті... Әй, жүгірмек-ау, қажет болсаң, тап осы қазір мен сені Кортаға немесе Батияға алып кетіп, түрмедегі топпан үстіне топ еткізіп лақтыра салатынымды; яки қол-аяғына кісен салдырып, оған да көнбесең, Жаннетто Санпьероның қайда екенін айтпағаның үшін басыңды шауып ала алатынымды білемісің?

Бала сержанттың мынадай коқан-локқысын естігенде күлкіден жарылып кете жаздады.

– Менің әкем – Маттео Фальконе... біліп қойыңыз, – деді ол қайталап.

– Сержант! Шынында, Маттеомен кикілжіңге барыспайық, – деді вольтижерлердің бірі ақырын сыбырлап. – Құрысын!

Гамба не істерін білмей, дағдарып қалды. Үйді қарап шыққан солдаттармен де ақырын ғана, күбір-күбір, ерін ұшынан сөйлеседі. Корсикалықтардың үйі деген не, тәйірі... шаршылап салған жалғыз бөлме. Үстел, отырғыштар, бір сандық, сонсоң қазан-аяғы мен аңшылық құралдары – бар жасау-жабдығы осы ғана. Оны солдаттар әлдеқашан-ақ дым қоймай тінтіп шыққан. Кішкентай Фортунато болса, мысығының арқасынан сипа-а-ап, ағатайы мен вольтижерлердің енді не істерлерін білмей дағдарып қалған мына тұрыстарына мысқылдай қарап әне отыр.

Солдаттардың бірі шомелеге таяп келді. Шоп үстінде жатқан мысықты көрді де, шомеленің о жер, бұ жеріне найзасын немкеттілеу сұққылап, бұдан ештеңе оңбесін өзі біліп тұрған адамның кейішімен пығын қиқаң еткізді де қойды. Қыбыр еткен ештеңе білінбейді, баланың бет-жүзінде де түк өзгеріс болсашы.

Сержанттың да, оның отрядының да шыдамы шегіне жетті; келген жақтарына қайтадан қайтқылары келіп, жазық жақ бетке алаңдай берген. Тап осы кезде бастық Фальконенің баласына коқан-локқы көрсеткеннен ештеңе шықнасын біліп, ең соңғы амал-айласына – айналып-толғанып алып, маңдайынан сипап, еркелетуге көшті.

## Шығармалары. Төртінші том

– Айналайыным сол... – деді биязы үнмен. – Сен керемет жақсы баласың ғой. Солай емес пе?! Сен деген дәу-у жігіт боласың. Бірақ енді... ағаңмен орынсыз ойнап, бізді мазактап отырсың. Маттео ағатайымды ренжітіп алам ба деп қорқып отырмын, әйтпесе мен сені әлдеқашан-ақ өзімізбен бірге әкетер едім.

– Бұ не тағы?

– Есіңде болсын, Маттео ағатайым оралған соң, осыныңның бәрін мен оған айтам. Егер өтірік айтқан болсаң бар ғой, ол сені оңдырмай шықпыртады.

– Көрерміз.

– Солай! Көрерсің... Бірақ бар ғой, сен ақылды бала емеспісің, мен саған бірдеңе берейін...

– Одан да бар ғой, ағатай, мен сізге бір ақыл айтайын: бүйтіп кешіге берсеңіздер, Жаннетто макиге кіріп кетеді де, одан соң оны қуып жетуге сіздер сияқты тағы бірнеше адам керек болады. Жолдарыңыздан қалмаңыздар.

Сержант баланың сөзіне көңіл бөлмей, қалтасына қол салып, кем дегенде он әкіо тұрағын күміс сағатын шығарды да, кішкентай Фортунатоның көзі жанып қоя бергенін байқап:

– Жүгірмек-ау! – деді, сағатты шынжыр буынан салбырата ұстаған күйі тербелтіп қойып, – мынадай сағатты тос қалтаңа салып жүргің келмей ме? А?! Мұндай сағатың болса, сен Порто-Веккьоның көшелерімен тотықұстай түрленіп, былай... кекірейіп әрлі-берлі жүрмес пе едің. Сонда өткен-кеткендер сенен: «Сағат неше болды екен?» – деп сұрамас па. Ал, сен болсаң: «Мінекей, сағатымнан өзіңіз қарай қойыңыз!» – демеісің бе.

– Мен үлкен жігіт болғанда, капрал ағатайым-ақ әпереді сағатты.

– Иә, оның рас, бірақ сол ағатайыңның баласында сағат дегенің баяғыдан бар екенін сен білсең бе... әрине, тап мынадай әдемі емес, бірақ... ол бала да әлі сенен көп кіші ғой.

Бала байқамай күрсініп қалды.

– Иә, сонымен сен мынадай сағат таққың келе ме, жоқ па?

Көзінің қиығымен сағатқа қарағыштап отырған Фортунатоның түрі – қарсы алдында қуырулы балапан тұрған мысықтың түріне ұқсап кетті. Иісі мұрнын жарып бара жатса да, сояу тырнақтарын салып жібере алмай; сұқтанып өліп бара жатса да, сұғанақтық танытудан қаймығып; көзін бір ашып, бір жұмып; ауық-ауық жаланып қойып; осы бір мүскін кейпімен қожайынына: «Өзіліңіз эззілдің ойынынан жаман болды-ау», – деп отырғандай.

Әйтсе де, сержант Гамба сағатты шынымен-ақ сыйлағысы келіп отырған сыңайлы.

Фортуна қолын соза қоймаса да, қызығу мен күйініштен жарыла жаздап күңк етті:

– Неге сіз кісіні келеке қыласыз?

– Құдай ұрсын, келеке қылып тұрғам жоқ. Жаннеттоның қайда екенін айтсаң болды, сағат сенікі.

Фортуна сеніңкіремесе де сәл күлімдей түсіп, қап-қара көзімен сержантты ішіп-жеп қоя жаздады; екінші жағынан, мұның сөзіне қаншалықты сенуге болатынын түрінен байқағысы да кеп, өліп барады.

– Егер осы сағатты саған бермесем бар ғой, эполеттерім иығымнан жұлынып қалсын! – деді сержант ышқына сөйлеп. – Сөзімді жұтпайтыныма, мінеки, солдаттар куә!

Осылай деп ол сағатты баланың боп-боз болып кеткен бетіне жақындата түсіп, тигізе жаздап-тигізе жаздап қойды. Құдай ұрғыр мынау сағат пен қонақ хақының парызы қинап, баланың беті өрттей алаулап барады. Тыржалаңаш кеудесі көріктей көтеріліп-басылып, көтеріліп-басылып, енді болмаса ауа жетпей тұншығып қалатындай. Ал, қарғыс атқан сағат болса, шынжыры ширатыла тербеліп, мұрнының ұшына тиіп кете жаздап, тиіп кете жаздап тұрысы мынау. Ақыры Фортуна қолын жасқана созған, он қолының саусақтарына сұп-суық сағат темірі тиді. Шынжыр бауын сержант жібере қоймаса да, мінеки, ол алақанында жатыр... Циферблаты көгілдір... Қакпақшасы жарқырата тазаланған... Күн сәулесі шағылыса ойнақ салады... Көзі қарауытып кетті.

Фортуна сол қолын көтеріп, бас бармағымен иығының сыртындағы өзі сүйеніп отырған шөмелені нұсқады. Сержант бірден түсіне қойды. Ол шынжыр бауды қоя берген кезде, Фортуна әлемдегі жалғыз сағаттың иесі өзі секілді сезінді. Киіктей ортқып орнынан атып тұрды да, вольтижерлер ту-талақай қылып шаша бастаған шөмеледен он қадамдай жерге барып тоқтады.

Әне, шөптің асты да қозғалды. Сол-ақ екен, қанжарын қолына қыса ұстаған, үсті-басы қан-қан адам шөмеледен шыға келіп... аяғына тұрмақ болып еді; жарاقاتының аузына қан қата бастаған ба, тұла бойын билей алмай, жалп ете түсті. Сержант атылып барып, қанжарды қолынан қағып жіберді. Со бойда, қарсыласқанына қарамастан, қашқынның қол-аяғы да маталып тасталынған-ды.

## Шығармалары. Төртінші том

Бір бау отынға ұсап жерде домаланып жатқанына қарамастан, Жаннетто қасына келген Фортунатоға қайырыла мойнын бұрып: – ...күшігі! – деді ызадан гөрі жиіркеніші басым үнмен.

Бала одан алған бағанағы күміс сөлкебайды өзіне қайтарып тастады, кішкентай да болса, енді бұл ақшаны иемденуге құқы жоқ екенін Фортунато кәміл сезді, бірақ қылмыскер оған назар аудармаған сияқты. Сержантқа қарап:

– Қымбатты Гамба! – деді бір көнбіс, сүлесок үнмен. – Мен жүре алатын емеспін: калаға дейін көтеріп апаруларына тура келетін шығар.

– Осы жаңа ғана ортекедей ойнақ салып кашып ең ғой, – деді қатыгез жеңімпазы қарсыласып. – Жарар, енді оған басыңды қатырмай-ақ кой! Қолыма ақыры түскеніңнің қуанышына мен сені аһылап-үһілемей-ақ, қай жерге апар десен де, аркама салып-ақ апарайын. Иә, айтпақшы, достым, біз қазір қу бұтақтардан саған зембіл жасаймыз, үстіне плащыңды төсерміз; ал, Кресполи фермасына барғасын, ол жерден ат та табылып қалар.

– Жаксы, – деді тұтқын. – тек жайлырақ болу үшін зембіл үстіне аздаған шөп төсеңіздер.

Вольтижерлердің біреулері каштан бұтақтарынан зембіл жасап, біреулері Жаннеттоның жаракатын таңып, абыр-сабыр боп жатқанда, макиге баратын соқпақтың бұрылысынан Маттео Фальконе мен әйелі шыға келді. Әйел каштан жаңғағы толы ауыр қапты арқалап алған, алқына енкендеп әрең келеді: күйеуі – бір мылтық қолында, бір мылтықты нығынан асыра арқасына салып алған; өйткені, еркекке қарудан басқаны арқалап-асыну қорлықпен тең, жеңіл келе жатыр.

Солдаттарды көргенде Маттеоның басына бірінші келген ой: «мені тұтқындауға келген екен» болды. Неге олай ойлады, не себепті ойлады? Әкімет орындарымен басы пісіспей қалған жері бар ма еді? Жоқ, оның атына айып тағылған жер жоқ сияқты. Қайта мұның есімін жұрт мақтанышпен атайды; дұрысына келгенде, ол: «ия, құдай, бергеніңе шүкір» – деп тып-тыныш жүріп жатқан, жаббар хақтың көп пендесінің бірі; сонымен бірге ол, жасыратыны жоқ, нағыз корсикалық, нағыз таулық та. Ал, таулық-корсикандар өздерінің өткенін мұқият аударыстырып-төңкерістіріп қарап қалса, қайсысының артынан ұсақ-түйек қылжуыр табылмайды. Мәселен: кездейсоқ атылып кеткен мылтық, аңдамай қанжар салып алу,

тағы сол сияқты «байқаусызда» болған күнәлары жоқ дейсіз бе? Оларға қарағанда Маттеоның ары әлдеқайда таза еді; өйткені, ол мылтығының ұңғысын адамға қаратып кезенбегенге, мінеки, он жыл болған. Әйтсе де, Фольконе сақтық жасап, қажет бола қалса табан тіреп қорғануға тас-түйін дайындалып алды.

– Қатын! – деді ол Джузеппаға. – Қабынды жерге қой да, қаруынды қолыңа ал!

Әйелі тілге келген жоқ, айтқанын орындады. Қазір ұрыс бола қалса, қимылына боғет болатын арқасындағы мылтықты Маттео дереу оған берді де, өзінің қолындағы мылтықты нысанаға бағыттаған күйі, аяғын аңдап басып; егер ойда жоқта мылтық атыла қалса да, жауын өзі атар болса да, дереу тасаланбақ болып, жол жиегіндегі жуан ағаштардың діңін қалқаланып, үйіне жақындады. Екінші мылтық пен оқшантайды алып, Джузеппа да артынан еріп келеді. Жаксы әйелдің парызы да – жаумен жанталаса атысып жатқанда ерінің мылтығын дер кезінде оқтап беріп тұру ғой.

Мылтығын кезене ұстап, қолын шүріппеге апарған күйі, ақырын ғана жылыстан келе жатқан Маттеоны көргенде, сержанттың да тұла бойы қалтырап қоя берді.

«Апыр-ай, – деп ойлады ол, – егер Маттео Жаннеттоның туысы, яки досы боп шығып, қорғап қалғысы келсе қайттік? Онда мұның мылтығынан атылған қой боғындай қорғасынды да поштамен келген хаттай қарсылықсыз қабылдай беруден басқа жол жоқ-ау. Кемінде екі адамды жер жастандыратыны сөзсіз ғой. Тіпті туысқандығымызға қарамай, мылтығы менің өзіме кезелсе ше?..»

Ол енді не де болса бір шешімге бекем бел буып, Маттеоға қарай батыл қадам басты. Бар ойы – ескі қоз тапысындай қауқылдай амандасып, болған оқиғаның мән-жайын бүге-шігесіне дейін түк қалдырмай айтып бермек. Әйтсе де, аяғына зілбатпан қорғасын байлап қойғандай жүре алсапы, Маттеоға дейінгі аралық оған таусылмастай ұзақ көрінді.

– Әй, тамыр! – деді ол даусы қалтырай шығып, – үй-іші, мал-жаның аман ба? Бұл – мен ғой, Гамбамын. Кәдімгі өзіңнің туысың...

Маттео ләм-мим деместен тоқтады; сержант дауыстап дыбыс берген соң-ақ ол мылтығының ұңғысын жоғары көтере берген; ал, Гамба қасына келгенде мылтықтың оқпаны көкке әбден қарап та болды.

– Иә, амансыңдар ма, туысқан! – деді сержант қолын ала ұмтылып. – Көріспегенімізге де көп айдың жүзі болыпты-ау.



Шығармалары. Төртінші том

– Өздерің де есен-саумысыңдар!?

– Жолымыз түсіп, үйлеріңіздің жанынан өтіп бара жатқан соң, мына өзіңізбен де, Пеппи жеңгемізбен де сәлемдесе кетейік деп келіп едім. Бүгін қанжығамыз қанды болып, олжалы оралып келеміз, тіпті шаршап-шалдыққанымызды да ұмытып кеттік. Осы жаңа ғана Джаннетто Санньероны ақыры қолға түсіргенбіз.

– Сауап болған екен! – деп Джузеппа шаңқ ете қалды. – Өткен аптада ол біздің сауып отырған епкімізді қолды еткен.

Мына сөз Гамбаны желпіндіріп тастады.

– Байғұс... ашыққан дағы, – дей салды Маттео.

Фольконенің сөзінен кейін әлігі сәл басылыңқырап қалса да:

– Бұл итің бізбен арыстандай алысты-ай, – деді сержант таңдай қағып. – Менің бір мергенімді олтірді, ал капрал Шардонның бір қолының сүйегін быт-шыт қылды; жә, мұның бәрі түк емес: Шардон – француз ғой, мейлі... Одан кейінгісін айтсаңызшы! Иә... Содан кейін ол жер жұтқандай жоқ болды да кетті. Мына менің айналайын Фортунатом болмағанда, оны біз ешқашан қолға түсіре алмайтын едік.

– Фортунато көмектесті ме? – деп қалды Маттео ышқынып.

– Фортунато деймісің? – деді Джузеппа да қосарлана.

– Иә! Джаннетто анау шөмелеге кіріп тығылып қалған екен, інішегім оның қулығын оп-оңай ашып берді. Барған соң капрал ағатайға айтпасам ба, бәлем.. бұған бір тамаша тарту жіберсін. Ертең өзім де прокурордың атына хабарлама жазғанда, інішегімді де, сізді де есіне салармын.

– Қарғыс атсын! – деді Маттео естілер-естілмес күбірлеп.

Олар отряд тұрған жерге келді. Джаннеттоны зембілге салып та қойыпты, әлдебіреулер оны әкеткелі жатыр екен. Гамбаның қасына еріп келген Маттеоны көріп, ол ащы ызамен мырс ете түсті; сосын бетін үй жаққа әрең бұрып, босағасына былш еткізіп бір түкірді де:

– Опасыздың отбасы! – деді теріс айналып.

Фалконені опасыз, сатқын деуге – өлімге біржолата бет бұрған кісі ғана тәуекел етер. Әйтпесе, ондай қорлыққа ақ алмастың жүзі жалынсын, Маттео мұндайда қанжарын екі рет ұрмас та.

Бірақ бұ жолы қайғыдан қабырғасы сөгілген кісіге ұқсап, екі шекесін қолымен қыса ұстаған Маттео жерге қарап отыра кетті.

Әкесін көрген Фортунато жып беріп үйге кірді де, кішкенедең соң қолына тостак толы сүт алып қайта шықты. Көзімен жер шұқып, жасқана басып, Джаннеттоға апарып беріп еді.

– Жоғал, көзіме көрінбей! – деді тұтқын күндей күркіреп.

Сонсоң вольтижерлердің біріне мойнын бұрып:

– Жолдас! Аңқам кеуіп барады, маған ішетін бірдеңе берші, – деді өтініп.

Солдат құтысын ұсынып еді, әлгінде ғана жан алып, жан берісіп атысқан жауының ыдысынан қаракшы қанғанынша суды сылқылдата жұтты. Сонсоң қолын артына қайырмай-ақ, кеудесіне айқыш-ұйқыш танып тастауды өтінді.

– Жайлы жатқанды жақсы көрем, – деп қойды ол.

Өтініш сол бойда орындалды; іле сержант козғалуға белгі беріп, енді Маттеомен қоштаспақ болып еді, Фальконе сәлемін алмаған соң, жазық жақ бетке қарай асығыс адымдап жүріп кетті.

Он шақты минут өтсе де, Маттео әлі тырс үнсіз. Бала біресе шешесіне, біресе ызасын әрең тежеп, мылтығына сүйеніп отырған әкесіне жаутаң-жаутаң қарайды.

– Иә-ә, алғашқы адымың жаман емес! – деді Маттео ақырында. Үні де ақырын, байсалды шықты. Бірақ бұл кісіні білетіндерге сұмдық қорқынышты үн еді бұл.

– Әкетай! – деді бала ышқынып, екі көзі жасқа толып кетті. Әкесінің аяғын құша жығылғысы келді ме, бір-екі қадам басып тоқтады.

Бірақ Маттео жақындатпай:

– Жоғал! – деді ақырып.

Өксік ата жылаған күйі бала әкесіне жетпей тоқтады.

Осы кезде Джузеппа келген. Фортунатоның жейдесінің төс қалтасынан ұшы жылтырап көрініп тұрған сағаттың шынжыр бауына көзі түсіп кетті.

– Мына сағатты саған кім беріп жүр? – деді ол жекіп.

– Сержант ағай.

Фальконе сағатты жұлып алып, бар пәрменімен тасқа періп қалып еді, күлпаршасы шықты.

– Қатын! – деді ол сонсоң. – Осы бала менен бе, жоқ па?

Джузеппаның караторы жүзі күйген кірпіштей күреңітіп кетті.

– Есіңді жи, Маттео! Бұл сөзді кімге айтып тұрғаныңды білесің бе?

– Демек, бұ бала менің тұқым-тұқиянымдағы бірінші опасыз болды ғой.

Фортунатоның мұрнын жиі тартып, өксік ата жылауы күшейе түсті; ал, Фальконе болса, сілеусін көздерімен оған қадала қарап,

Шығармалары. Төртінші том

бұрынғысынша әлі отыр. Ақыры, мылтығының дүмімен жерді бір ұрып орнынан тұрған ол, қаруын иығына асынып алды да, Фортунатоға «ізімнен ер» деп бұйырып, макиге апаратын жолға түсті. Бала айтқанын екі еткен жоқ.

Джузеппа жүгіріп келді де, Маттеоның қолынан шап беріп, аяғына оратыла кетті.

– Аясаңшы, өзіңнің ұлың ғой! – деді ол қалтыраған дауыспен ышқына айқайлап. Күйеуінің көзіне қап-қара көздерімен кадала қарап, дәл қазіргі сәтте оның жан-дүниесінде қандай арпалыс болып жатқанын ұққысы да келді.

– Жолымнан қалдырма! – деді Маттео. – Мұның әкесі – менмін!

Джузеппа ұлының бетінен бір сүйді де, еңіреген күйі үйіне қайтып кетті. Келген бетте Құдай Ананың бейнесінің алдына жүрелеп отыра қалып, жан-тәнімен жалбарына мінәжат етуге кірісті.

Бұл кезде Фальконе соқпақпен екі жүз қадамдай жүріп барып, терең сайға түскен еді. Мылтығының дүмімен жерді түйгіштеп көріп, топырағы жұмсақ екеніне көз жеткізген соң, «казуға да жеңіл болар» деп топшылады. Ойға алған ісін тындыруға осы ара өзіне қолайлы көрінді.

– Фортунато! Әнебір қойтастың қасына барып тұр!

Әкесінің бұйрығына мойын ұсынған Фортунато оның айтқан жеріне барып тұрды да, қос тізерлеп отыра кетті.

– Шокын!

– Әке! Әкетай! Өлтіре көрмеші мені!

Көзінен жасы сорғалаған күйі бала «Жаратушы жаббар хақ» пен «Айтқаныңа сендім, көндімді» тілі құрметіліп, әрең айтып шықты. Әр аяттың аяғында әкесіне естілердей етіп «Әумин!» деп тұрды.

– Бұлардан басқа да білетін аятың бар ма?

– Әке! Мен әлі «Құдайтағаланың дүниеге келуі» мен литанияны да білемін, оларды маған тәтем үйреткен.

– «Құдайтағаланың дүниеге келуі» тым ұзақ... Мейлі, оқи ғой.

Литанияны бала мүлде естілмейтіндей күбірлеп бітірді.

– Бітірдің бе?

– Кеше гөр енді, әкетай! Кешірші мені! Ендігәрі бұлай істемейтін болайын! Капрал ағатайыма барып, Жаннеттоның басына бостандық беруін жалынып сұрап алайын!

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

Тағы бірденелерді айтып былдырлай беріп еді, Маттео мылтығын ұмсынып жіберіп, дереу көздеді де:

– Құдай кешсін күнәнді, балам! – деді үні қалтырап. Фортунато орнынан тұрып, әкесінің аяғын құша жалбарынбақ болып еді, үлгермеді. Маттео шүріппені басып қалғанда, бала қалпақтай ұшты.


Өлікке қайырылып та карамастан, Маттео баласын көму үшін күрек әкелмек болып, соқпақпен үйіне қарай беттеді. Он шақты қадам аттамай жатып алдынан Джузеппе шыққан: мылтық даусын естіп, екі өкпесін қолына ала жүгіріп келеді екен.

– Не істедің, сен? – деді аһ ұрып.

– Әкелік парызымды орындадым.

– Ол қайда?

– Сайда жатыр. Қазір жерлеуге кірісемін... Ол адал христиан болып өлді. Ақ жауып, арулап көмем. Айтпақшы, анау күйеу балаға, Теодор Бьянкиге, осында көшіп кел, бірге тұрайық, – деу керек.



## КАЛЛИСФЕН

*(Грек хикаясы)*

Бір күні Ликей бағында серуендеп жүрген Афина философы Каллисфен өзінің ұстазы әрі досы Аристотельді ұшыратып еді, ол жарқын жүзбен мұны иығынан қаусыра құшақтай алып: «Сүйікті достым, сен оқышы мынаны, – деді оған, – оқы, осы жаңа ғана Ескендірден алған мынау хатты; сөйтіп менің жүрекжарды қуанышыма сен де ортақтас! Соғыс өртінің ортасында, жер жарған даңққа бөленіп жүргенінің өзінде Ескендір Зұлқарнайын жан ізгілігін жоғалтпапты».

Каллисфен Ескендірдің қолымен жазылған мына сөздерді қайран қалып оқып шықты: «Жанымдай жақсы көрген ұстазым, сенің айтқан ақыл-кеңестеріңді өмір бойы есімде сақтайтыныма және оларды бұлжытпастан орындайтыныма иманыңыз кәміл болсын; әйтсе де, мен де адаммын ғой әрі айналам толы мадақтап-марапаттаушылар; күндердің бір күнінде сол жалған мадақпен марапаттың уы жан-тәніме бірдей жайылып, бойымдағы жақсы қасиеттерімді жойып жібере ме деп қорқамын. Сәт сайын төңірегімдегілер маған оңашада да, жұрттың көзінше де, ауызша да, жазбаша да: сен – көптің бірі емессің, құдайдың өзі артық жаратқан жансың, сенің әрбір ісінді жаббар хактың өзі жасатып отыр; тағдырдың өзі сені күллі ғаламға жақсылық әкелу үшін жаратқан деп; әңгіменің қысқасы, мен туралы бұдан басқаша ойлайтындардың барлығы да – туған елдің ата жауы, анасынан азып туған ез екендігін айтып, құлағымның құрыш етін жейді де отырады. О, менің жалғанда жарты ауыз өтірік сөз айтып көрмеген достым, өзіңді қасыма шақырып алуға шама жетпес; менің жойқын жорықтарымның кезіндегі жортуылдарға ілесіп отыру – егде тартып, еңкейіп қалған адамға оңай тимесін білем ғой; бірақ маған тағы да бір шарапатың тисін: шәкірттеріңнің ішінен ең лайықты деген біреуін – өзіңнің үлгі-өнегенді маған жиі-жиі ұлағаттап, одан қиыс кеткен жерім болса, бетіме қаймықпай айтуға тәуекелі тұратын мүридтеріңнің бірін жіберсең екен».

– Көрдің бе, – деді Аристотель, – көріп отырсың ба сен,

Ескендірдің менен не талап етіп отырғанын?! Сені, Каллисфен, адамзат баласына абзал қызмет етудің осынау бір киын сапарына жұмсағалы отырмын.

– Мені ме?! Атағы жер жарған айбарлы монархтың салтанатты сарайына мына мені жібермексің бе?! – деді Каллисфен. – Онда маған не бар? Патша мен оның айналасындағылардың ағат істерін көрсем де көрмеген болып, өп-өтірік мақтай алмайтынымды өзің білесің! Бұ жалғанда жақсылықты ғана жанға жақын тұтып, оны өз қолыммен істеуге және соны өзекті жанның бәріне өнеге етуге баулыған да өзің емес пе едің!

– Бұдан былай да сенен солай етуді ғана талап етемін, – деді Аристотель. – дәл сол үшін де Ескендір менен сені талап етіп отыр; сен – Платонның досысың, достым; қайтпас қаһарманның, менің тастүлегімнің қол астына бар, дүниенің төрт бұрышына түгел ізгілік нұрын шаш, сөйтіп Ескендір Зұлқарнайын әлемді қарудың күшімен бағындырам деп әлек боп жүргенде, сен әлемді әділет заңымен алдына тәжім еткіз!

– Ал, сонда алдына адам шығып көрмеген, әй дер әже, қой дер кожа жоқ патшаның салтанатты сарайында ақиқат ашық айтыла ма өзі? – деді Каллисфен.

– Қуғындалудан қорыққаның ба бұл? – деп қадала сұрады Аристотель.

– Уа, құдайлар! – деп саңқ етті Каллисфен. – Мойнымдағы парызымды қалай өтейтінім, бір ғана шындық үшін шыбын жанымды құрбан қылуға даяр екенім Өздеріңе аян еді ғой!

Аристотель әңгімесін одан әрі жалғастыра отырып, өзінің жанын шалқытқан шабыт отын енді бірте-бірте шәкіртінің жүрегінде жандырып, оған май құя түсті. Каллисфен дереу Ескендірге аттанып кетті.

Ол патшаны Парсы жерінде, кәдімгі әйгілі Дарий әскерін тас-талқан қылып жеңген күні, айтулы жеңісінің үстінде жолықтырды.

Жас жеңімпаз жиһангердің Каллисфенді қандай қошаметпен қарсы алғанын айтуға тіл жетпес. Патша оны көптен көріспеген досындай құшағына алып, ештеңеден қаймықтастан тек шындықты ғана айтуын жалына сұрады, қасынан бір елі қалмай еріп жүруге әмір етті, сөйтті де тап сол күні келелі кеңеске бара жатқанында оны қасына ертіп апарып, сол жерде оған өзінің оң жағынан бірінші орынды берді.

Кеңесте талқыланбақшы мәселе – тас-талканы шығып жеңілген Дарийдің анасын, әйелі мен қызын қайтпек керек деген әңгіме екен.

Мұндай кеңесте сөзді алдымен жастар бастайды екен. Соғыс өнерінен гөрі сарайдың құйтырқы кулықтарын жақсырақ білетін Арбас дейтін жас қолбасылардың бірі сол жерде патшаның көзіне түсіп қалғысы келіп, оған жалбақтаймын деп тұрып, бүкіл адам баласына тіл тигізсін.

– Тұтқын әйелдерді алаңға жиыған жұрттың алдында өлтіріп, Ескендір Зұлқарнайынға қарсылас болудың өзі – өлім жазасына кесуге лайық қылмыс екенін күллі әлемге әйгілеу дұрыс болады... – деп соқты ол.

Байлығына мастанып, атаққұмарлықтан әбден астамсып кеткен Клитоменнің берген кеңесі: «Жеңіс тойының үстінде оларды жеңімпаз жиһангердің арбасына танып қою керек», шыққан тегі шынжыр балақ, шұбар төс болғанмен, кеудесінде қанішердің жүрегі, басында хайуанның ақылындай ғана ақылы бар Аргион дейтін азғын төренің айтқан сөзі: «Дарийдің анасын көз көрмес қияндағы бір қаранғы қапасқа апарып қамап, әйелі мен қызын қарашы жасақтардың қолжаулығына беру жөн». Қысқасы, қолға түскен патшаның әулетіне қолданылар жазаның ең кішкенеінің өзі – мәңгі құлдықта шіру еді.

Кезек Каллисфенге келді.

– Алдияр! – деп бастады ол, – бұл бақытсыз, бірақ ешкімге жазығы жоқ бейшараларды сенің салтанатты сарайыңа алып келген кезде, сен олармен жолығысуға өзің шық, жүздеріне мейіріммен көзінді сал, жұмсақ үнмен тіл қатысып, жұбау сөзіңмен пақырлардың көңілін тыныштандыр, жүректеріне рисалат нұрын сеп, сөйтіп мынау айдай әлемді өзіңнің кешірімшіл кең пейіліңмен тағы бір таңқалдыр.

Каллисфеннің кеңесін тыңдап болған бойда орнынан ұшып тұрған Ескендір Зұлқарнайын оған құшақ жая ұмтылды.

– О, менің теңіздей терең ақылшым! – деді көңілі тасыған Ескендір оған. – Менің аты-жөнімді айдай әлемге паш еткен – жеңістерім болса, рухымды жеті қат көктен де әрі биікке көтерген – сен болдың. ...Дарий әулетін Ескендірдің қандай кісілікпен қабылдағанын кәрі тарих аңыз ғып айтады әлі.

Келесі күні алдияр патша мен атақты философ қатысқан және бір әскери кеңес өтті. Ескендір Зұлқарнайынның жасақтары Коз-

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

розецк уәлаятын жаулап алған-тұғын; бұл бір – жеке-жеке әмірлер басқаратын әрі ежелден Персияға шын берілген аймақ еді. Кеңесте талқыланбақшы нәрсе – осы аймақтың халқын қайтпек керек? Бұлар ежелден парсыларға шын берілген жұрт болғандықтан, ендігі жерде ылғи да гректердің алаңдаушылығын туғызады да отырады ғой, деген мәселе екен. Әскери қатыгездікке әбден еті өліп кеткен Ескендір Зұлқарнайынның қолбасылары «сақтықта қорлық жоқ» деп, бұдан былай бұл жұртқа бола бастарын ауыртып жатпас үшін, жаулап алынған аймақтың халқын тігерге тұяқ қалдырмай түгел қырып тастауды бір ауыздан мақұлдасты; «өйткені, – деп маңғазданды сол жерде ақыл қосқан әлдебір оқымысты өз пікірін шегелей түсіп, – бұ халықты түп-тамырымен құртып жіберсек, бұдан былай бұлардан келер қауіп-қатерден қорықпайтын боламыз».

Осы пікірді кеңеске жиналғандар Каллисфеннің қол қоюына ұсынды.

– Уа, құдіреті күшті Құдайлар! – деп қатты күрсінді сонда философ, – егер мына қолыммен мұндай қатыгез үкімге қол қояр болсам, тас төбемнен жай түсіргейсіңдер!

Ойламаған жерден олағайлау шыққан осынау о жар үн жиынға қатысып отырғандарды сілтідей тындырды. Үкімді қолына алған Ескендір оған ойлана қарап отырды да, ұзақ толғаныстан соң, бірнеше мың жазықсыз адамның жантүршігерлік тағдыры жазылған қағазды қырып айырды; көзі жасқа толып кетті, ақыры, адам баласына деген аяушылық сезімі алқымына өксік боп тығылғаннан даусы дір-дір етіп тұрып, ол меңіреу тыныштықты өзі бұзды да, Каллисфенге мына сөздерді ғана айтуға шамасы әрең жетті:

– Сен адамзат баласының асыл досы екенсің. Менің атақ-даңқымның абзал қорғағышы да сенсің деп білем!

Бұл кезде Леоналдың елдегі еркелердің біріне, Ескендір Зұлқарнайынның ең жақын адамына айналғанына бірнеше ай болған еді; аз ғана уақыттың ішінде ол айтулы монархтың жан-жүрегін түгелімен жаулап ала алған болатын; ал, өзінің көкейін тескен – баққұмарлық, менмендік пен байыған үстіне байи түссем деген ашкөздік еді. Ол өзі ешкімді де жақсы көрмейтін, сондықтан оны ұнататын да ешкім болмай-тұғын, өйткені өз басын ғана күйттеген адам – жұрттың бәрі жақсы көруге лайық адам емес. Жақсылықты аз жасайтыны да – жанында жүрген



Шығармалары. Төртінші том

адамдардың жадырап жүргенін жаратпайтындығынан еді; егер алда-жалда жақсылық жасай қалса, оның камкорлығын көрген адам, әдетте екінші рет құдай оның алдында қарыздар етпесе екен деп тілейтіндей етіп жасайтын. Сарайдағы оның ықпалы өте күшті еді, – демек, қай жағымнан қауіп-қатер төніп қалар екен деп қиналатын жөні жоқ-ты; әйтсе де, ол өзгелерді аяқтан шалуды жақсы көретін, өйткені әлдебіреулердің қапа болып, қайғы шегіп жүргенінен жаны рахаттанып қалатын. Алайда, біреуді құртып жіберу арқылы ұшпаққа шығам дегендердің немесе сол арқылы алдияр патшаның алдындағы қадір-қасиетімді сақтап қалам дегендердің соры қалың ғой! Патшаның осы бір еркесі де Қаллисфен келердің алдында бірнеше сағат бұрын сырқаттанып қалған болатын. Төңірегіндегі сыпсыңбайлары жаңадан келген философтың ақыл-кеңесіне Ескендірдің есі кете көңіл қоятынын және қандай құрметпен қарайтынын сол заматта-ақ оған сыбырлап жеткізіп үлгерді. Содан Леонадтың жаныққаны сонша, Қаллисфен келгеннен кейінгі үшінші күні-ақ таң атысымен алдияр тақсырдың алдына баруға жарайтындай болып, ауруынан тез айығып кетті.

– Мархабат, – деді ол патшаға. – Сізді, Ұлы мәртебелім, достарыңыздың қатарын философпен толықтыруыңызбен құттықтауға рұқсат етіңіз; естуімше, Сіз соның кеңесімен кемел кеңпейілділіктің үлгісін көрсетіпсіз.

– О, менің адал достым, – деді оған Ескендір, – егер маған дос екенің рас болса, онда Қаллисфенмен өзің де дос бол.

– Бола алсам, алдияр! – деді Леонад, – бірақ сол қолымнан келмей ме деп қорқам. Неге десеніз, Ұлы мәртебеліме ұлығ кеңес бергендерді мен де жақсы көргеніммен, мына кең дүниедегі кемел ойлы жалғыз патшадан оның кеменгерлік данқын тартып алғанға мен көне алмаймын.

– Бұл не дегенің? – деп сұрады Ескендір қатуланып.

– Олай дейтінім, алдияр, – деді Леонад, – мен Қаллисфеннің кеңес бергеніне қаншалық ырза болғаныммен, азын-аулақ ақыл қосқаны үшін көкірек керетін мінезін соншалық жек көріп кеттім. Ұлы мәртебелім, кеше кешкілік жиырма адамның көзінше, мен ол адамдарды қазір-ақ куә ретінде алдыңызға әкеле алам, солардың көзінше Қаллисфен Сіз туралы не айтқанын көз алдыңызға елестетіп көріңізші; Ой, ол деген – мен не айтсам соны істейтін; айтқанымнан шықпайтын шіп-шикі бала ғой дейтін көрінеді;

бірақ, Ұлы мәртебелім, Сіздің өзіңіздің көрегендік қасиетіңіздің қандай екені маған баяғыдан белгілі ғой. Кез келген кісінің бойында қандай қасиет бар екенін де Сіз бірден біле қоясыз. Қаллисфен, бәлкім, сыпайы емес шығар, алайда ол Сізге ақыл-кеңесімен пайдалы адам болып отыр ғой; мейлі, мынау зайырлы орта соған-ақ сене қойсын, онсыз Сіз кеңпейілді кеменгерлік таныта алмайтындай-ақ, бірақ...

– Ғажап-ай! – деді, ойы алай-түлей ұйытқыған Ескендір оның сөзін үзіп, – осыншалық кемел ойлы Қаллисфен, мені баласына-тындай, қалайша көзінің еті өскен!

– Ұлы мәртебелім! – деді ерекше еркелетіп жүрген кісісі жымсия күліп, – Сіздің балалықтан баяғыда өткендігіңізді күллі ғалам көріп те, біліп те тұр ғой.

– Ендеше, Қаллисфендікі не?..

– Не екенін... айтуға аузым бармайды, – деп, Леонад сөзін аяқсыз қалдырған.

-- Айтшы, айтшы, қане, достым! – деп Ескендір қиыла өтінді.

– Не екенін айтсам, – деді Леонад сыбырласқандай даусын бәсеңдетіп, сонсоң тісінің арасынан сыздықтата, зәр төгіп, тұтыға сөйледі, – айтсам... осы... мен білсем... әуіш оқымышты!

Леонад Ескендірді бүге-шігесіне дейін білуші еді: қай кезде оның алдында біреуді жала жабу арқылы каралауға болады; қандай кезде ондайларды ішін кептіре боктан тұрып, ашы мысқылмен жер қылу онтайлы – осының бәрін ол өте жақсы меңгерген-тұғын. Кейде біреуді жексұрын қылын көрсету үшін осы екі әдістің екеуін де: жала жабу мен кекетіп-мұқатуды қабат қолданбаға, кір жұқпайтын адамдардың болатынын да ол айыра білетін-ді. Қаллисфен оған қаншалық кемел ойлы кеменгер болып көрінсе, соншалық қауіпті де адам секілденген соң, адал адамдарға лайықсыз әлгі екі қаруды бірдей оған қарсы қолдануды Леонад осы жолы орынды деп тапты. Өзінің әлі шіп-шикі бала екендігі жөнінде Қаллисфен айтыпты-мыс деген әлгі бір ойдан шығарылған әңгіменің Ескендір жанын жаман жаралағаны сонша, Қаллисфенді әуіш оқымышты деп Леонадтың сөккенінің өзі оған күйінген кісінің аузынан оқыста шығып кететін шырылдаған шындық іспетті көрінді.

– Түкке түсінсем бұйырмасын, – деді Ескендір өзі ерекше еркелететін кісісіне, – осы оқу-тоқу дегенің – кісіге көп аса ақыл қоспайтын нәрсе екен ғой. Соншалық ілім-білімді меңгерген Қал-

Шығармалары. Төртінші том

лисфенге карап ойлаймын-ау, сенің сол туралы айтканың, оның мен туралы айтканынан гөрі әлдеқайда дұрысырақ шығар осы.

– Алдияр! – деп жауап қатты оған Леонад, – менің ол туралы пікірім әлдеқандай бір пайда көздегендіктен болуы еш мүмкін емес. Каллисфен ешқашан маған ұстаздық еткен жоқ, мен де оны өзіме ұстаз санаған емеспін; соған шәкірт болуды қаламас та едім. Алайда, ол өзін Сіздің тәлімгеріңіз санайды, сөйте тұра Сіздің дарыныңызға әділ бағаны неғұрлым аз берсе, Сіздің жұрт мақтаған жақсы істеріңіздің бәрі-бәрі соғұрлым өзінің атына көбірек телінеді деп ойлайды.

Әңгіме аяқтала бере, Ескендір Зұлқарнайын елдің бәрін шатырына кіргізуге әмір етті. Көппен бірге Каллисфен де кірген. Патша әлденеге жасқаншақтап, оның жүзіне ұрлана көз салып қойды. «Әуіш оқымышты» деген кекесін Ескендірдің санасына қаншама терең сіңіп кеткенмен, ол осы бір «әуіш оқымыштының» кеше де, бұрнағы күні де күллі кеңестен гөрі ақылдырақ сөз айтқанын, тіпті мұның өзі де сол «әуіш оқымыштының» көзіне жас ала тұрып, өзінің жан-жүрегін ақылымен де, адамгершілігімен де жаулап алған ардақты азамат ретінде оны бауырына басқанын үзілді-кесілді ұмыта алмай-ақ қойды.

– Алдияр, жүзіңіз сынық, жүрегіңіз күпті, жаныңыз жабырқаулы көрінеді. Көңіліңізді ұйқы-тұйқы еткен қандай қасірет? – деп сұрады Каллисфен.

– Сөзіңнің қатесі жоқ, – деді Ескендір құптап, – мен шынында да қапа болып отырмын: қасымда жүрген қадірлі адамдарымның бірі мен ойлағандай болмай шықты. Мен оны айдай әлемнен ақылы асқан жан деп ойлаушы ем; енді аңдасам, оңбай алданған екем.

– Қапаңыз сол ғана болса, Сіздей патшаға мұндай қателіктен келіп-кетер ештеңе жоқ, – деді философ, – әлгіндей ақымақтан істі қайтарып аласыз да, оны басы істейтін басқа біреуге бере саласыз; ал, елі-жұрты арқа сүйеген алдияр патша: егер өсекшіні өмірі жалған сөйлеп көрмеген адам деп есептесе; жұрттың бәрі жек көретін кісіні – ол жақсы көрсе; алдияр тақсырдың көрсеткен сенімін аяққа басып, қолына тиген билікті ұялмай-қызармай жамандық жасауға пайдаланғандарға қолдау жасаса; жан-жүрегін опасыздықпен жаулап алған адамды адал досым деп таныса, әні, өліммен тең қателік сонда болады.

Каллисфен Леонад деген адамды да, оның Ескендірге барып, өзін қаралаған өсек-аяңын да мүлдем білмейтін. Ол осы бір өнеге сөзді «ешкімнен қаймықпастан тек шындықты айтатын болыңыз» деп өзінен қныла өтінген әміршіге ақтарыла айтуды парызым деп қана сапаған. Ескендір Зұлқарнайынды Каллисфеннің мына сөзі қатты абыржытты. Қанша айтқанмен ақылы бар адам ғой, ол ешқандай оқыған әуіптің де, ешқандай оқымаған әуіптің де мына Каллисфенге ұқсап ойын ешқашан анық та дәл жеткізе алмайтынын сол сәтте-ақ ұққан. Соны байқап қалған Леонад іле сөзге араласты.

– Аристотельдікі екен-мыс дейтін кітаптың қайсысынан уағыз оқып тұрсыз? – деді ол Каллисфенге кекесінмен.

– Менің айтып тұрғаным, – деді философ тайсалмай әрі Леонадка әлдеқандай бір мүсіркеушілікпен қарап, – менің айтып тұрғаным, асылы, Сізге онша ұнайтын кітаптан болмаса керек.

Бұл әңгімені осы кезде Ескендірдің шатырына кіріп келген жаушы бұзып жіберді, оны «қалған-құтқан күшін жиып, парсылар гректерге қарсы келе жатыр» деген суыт хабармен, сонау Арбель деген өзеннің бойынан, сол жерде жатқан ауыр қолдың басшысы жіберген екен. Сол бойда Ескендір Зұлқарнайынның өзі аттанды дұшпанға қарсы.

Олардың тас-талқанын шығарған Ескендірдің бұл жаңа жеңісі парсы патшалығын күйретіп тынды, бірақ Дарийдің өзі майдан даласында мерт болған жоқ: оны өз бодандарының бірі опасыздықпен өлтіріпті. Данқы жер жарған осы бір жеңісінің қуанышын су сепкендей басқан нәрсе: «Ойбай, Дарийді опасыздықпен өлтіруге бұйрық берген Ескендір Зұлқарнайынның өзі екен» деген өсек әңгіме болды; осынау күңкіл тудырған орынсыз күдік өзегін өртеген Ескендір Дарийді өлтірген қапішерді қалай да табуға әмір етті де, ақыры, оны өлім жазасына кесті. Сойтіп, айдай әлемнің алдында ол біржола ағарып шығып еді. Каллисфен оның бұл ісін қатты мақтады.

– Құдай-ау, не естіп тұрмын мен? – деді Ескендір оған салқын жымыып. – Енді Каллисфен де құйрығыма көпшік қоя бастанты; ұмытпасам, сені Аристотель мені мадақтау үшін емес, қайта өнегелі сөзіңмен сабама түсіруің үшін жіберген сияқты еді ғой.

– Алдияр таксыр! – деді Каллисфен, – мақтау мен өтірік марапаттаудың арасында жер мен көктей айырма бар. Рас, мен сені мақтап отырмын, бірақ өп-өтірік астына көпшік қойып отырғаным

Шығармалары. Төртінші том

жок; философияның парызы жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасыту және жаманның жамандығын айтып, құтын қашыру; мені осыған мәжбүр етіп отырған – сол. Құдайлардың атымен ант етемін, егер күндердің-күнінде сен өзінді соңғылардың деңгейіне дейін құлдыратар болсаң, сонда да сені көкке көтеріп, астыңа көпшік қоятын адамдар табылады. Оған менің иманым кәміл; бірақ ондайлардың ішінен бірде-бір философты таба алмассың!

Леонад осының бәрін естіп, ішінен Каллисфенге қаны қайнап тұрған; оның өнеге-өсетін келекеге айналдырғысы келіп, әлденеше рет оқталса да, өзін-өзі теткіп қалды. Ойының орасан өткір екенін өзі анық білсе де, ақылды адамның аузымен байыппен айтылған ақиқат сөз келеке қылушының өзін келесі сәтте келекеге айналдырып жіберуі мүмкін екенін ол айқын сезінді. Сондықтан да, Каллисфенді құртудың жолын артынан астыртын өсек-аяң тарату арқылы жүргізбекші болды да, ақыры философтың алқам-салқам сықпытын көрудің өзі патшаға бір азап болатындай дәрежеге жеткізіп тынды.

Сол тұста Ескендір Зұлқарнайын Ливиядағы Юпитер Аммонның ғибадатханасына барып қайтуға сапар шекпекші болған. Жол жүруге бір күн қалғанда патшамен бірге кімдердің аттанатыны туралы тәртіп шықты. Ол бойынша, алдияр тақсыр өзімен бірге күллі кеңес мүшелерін ала жүретін болды да, Каллисфеннің аты-жөнінің тұсына келгенде, Ескендірдің өз қолымен: «Арттағы арқұқпен бірге жүрсін» деп жазылған болып шықты.

Патшаның бұлайша салқын тартқаны философтың қыртына да кірген жок, өйткені ол өзінің мұндай жазаға лайық іс істемегенін анық білетін; ал, сарай маңындағы қарашылардың кемсіте қарағандарына тіпті нысқырмады да; өйткені, олар: «Арттағы арқұқпен бірге жүрсін» деген тәртіпті оқып, өздерінше кез келген жерде Каллисфенді кемсітуге тырысқан еді; неге десеңіз, Ұлы мәртебелінің қырына алған адамын осылайша қорлау – алдияр тақсырдың әміріне құлдық ұрып, басың жерге жеткенше қызмет қылудың бір белгісі боп табылады деп ойлайтын олар.

Өйтсе де, тап жол жүрер күні Каллисфенді сыртынан көріп қалған Ескендір ұялғаннан оған жақындай алмай, көп қиналды, ақыры, жүрегі жұмсақ жан шыдай алмай, өзінің салқын қабақ танытқанына философ өкпелеп жүр-ау деп, оны жұбатпаққа қасына келді.

– Мен суыт жүретін сапарға сені өзіммен ала кетуге қорыққан ем, – деді патша оған. – Біз соғыста мұндай жойқын жүрістің та-

лайын көріп көндігіп кеткенбіз, ал саған ол ауыр тиюі мүмкін. Өзіңе қалай ыңғайлы болса, солай... ақырын ғана артымнан еріп отырарсың.

– Алдияр, – деді Каллисфен оған, – айтқаныңа құлдық! Маған алаң болмай-ақ қой, егер саған менің барымнан жоғым пайдалырақ болса, ендігі жерде еш қажетім болмаса, онда маған сенімен бірге жүру де, артыңнан салпақтап ілесіп отыру да бәрібір.

Осы бір сөздерді Каллисфеннің барынша қарапайым да шын жүрегімен айтқаны соншалық, Ескендір де, оны айнала қоршап тұрғандар да, философтың лебізін еш өкпеге жори алмады, қайта сол сөздердің астарында «кайтсем алдияр патшаға пайдалырақ болар екен» деген шынайы көңілден шыққан ниеті көрініп тұрды.

Ескендір кенет әлденеге өз-өзінен бұрқ етіп қатты ашуланғанын сол сәт Леонад байқап қалды да, патшаның жүрегі қайтадан жылып кетіп, жақсылық жасап қоймас үшін, сол бойда оның ызасын тарқатып жіберуге тырысты. Сондықтан да, ол осында қалатын әскер басыларына ым қағып, Ескендірден жол жүруге әмір етуді сұраңдар дегендей белгі берген; соның арасынша күймені де келтіріп, Леонад оған патшаны зорлағандай ғып отырғызды да, атанар кезден әлдеқайда көп бұрын оны алыс сапарға ала жөнелді.

Каллисфен патшаға керек емес адам ретінде алдиярдың өз бұйрығы бойынша арттағы кіреге тиелген керек емес көр-жермен бірге аттанып кете барды. Кіренің басшысы Скотаз деген – шен-шекпенділердің алдында шегірткеше жорғалайтын, ал өзі қорықпайтындар мен күнім түспейді-ау дегендердің алдында одыраңдап шыға келетін, қәділгі сарай манында толып жүретін көп сілімтіктің бірі еді; қысқасы, нәті тексіздеу әрі шектен шыққан топас кісі-тұғын: көрген-баққаны түйелер, аттар мен есектер ғана болған соң, өзі де малмен мал боп кетуге аз-ақ жүрген адам болатын. Тек мал туралы айтса ғана қабағы ашылып, кісінің күлкісі келерліктей рахаттана сойлейтін, одан басқаға келгенде мақау боп қалатын. Сол малмен мал боп кеткен байғұс, тек соған – Скотазға ғана тән дөкірлікпен Каллисфенге дөрекілік көрсетумен болды.

– Сен шал осы... неменеге бізбен бірге сүйретіліп келесің? – дейді ол философқа жақтырмай қарап. – Сенсіз де осы жерде жүк жететіні еді ғой. Естуімше, өзің философ көрінесің; канеки, бері қарашь әуелі, философ дегеннің қандай болатынын көріп қалайық. Біз ат қорада ондайды өніміз түгіл, түсімізде де көрмейміз. Шынымды айтсам, солардың өзі сарайда да бар болуы неғайбыл нәрсе-ау.

Шығармалары. Төртінші том

– Мен де ешкімді көрмедім! – деп жауап қатты Каллисфен. – Асылы, Сарай – солардың тұрағы емес болу керек.

– Сарайда тұру үшін, енді... – деп Скотаз керги сөйледі, – ол жерге ақыл керек дағы; байғұс-ау, ақыл – сенің не теңің! Біздің өзіміз осы жерде отыз жылдан бері сандалып жүрміз, соның өзінде аяқты аңдап баспасак, кейде омакаса құлайтын кездеріміз бар.

– Мен омакаса құлаған жан емеспін, – деді Каллисфен.

– Ендеше неғып алдиярдың қасында отырмадың? – деп Скотаз да болмайды. – Әлде, алдияр таксыр ардактаған адамын арттағы кіреге жіберетін әдеті бар деп, мені сендіргің келе ме? Жок, шал, сені менің қолыма әкеп берген екен, демек қатардан шығып қалдын деген сөз.

Сен өзің, байқаймын, көп сөйлеймін деп талай мырзалардың миын су қылып жіберген секілдісің. Мен өзім де, – деп Скотаз күрсініп қойды, – иә, мен өзім де патшаның есектері үшін талай сөгіс естігем.

Жол-жөнекей ол философпен бірде жылқы жайлы, бірде түйе туралы әңгімелесіп көрмек боп еді, бірақ философтың бұлар жөнінде мүлде мақұрым екенін байқап, оны иттің етінен бетер жек көріп кетті; сондықтан онымен арақатынасын да қайтадан өзгертті: әуелгі кезде күймеге мінгізілген Каллисфенді ол апарып арбаға отырғызды. Ол – ол ма, қарсы ұшырасқан қырка мен төбешіктің ішінде ол Каллисфенді жаяу шығуға мәжбүр етпегені қалмаған-ақ шығар.

– Егер саған Леонадты өрге алып шығуға тура келсе, – деді оған философ, – маған қылғаныңды оған істей алмас едің-ау?!

– Мынаның сөзін кара! – деді Скотаз. – Ау, ондай жоғары мәртебелімнің арбасына өзім өгіз болып жегілмеймін бе?!

Әлқисса, сонымен Ескендір Зұлқарнайын Юпитер ғибадатханасына аман-сау жеткеннен бірнеше күн өткен соң, сол жерге философ та келіп жеткен. Сөйтсе, алдияр таксырдың атына айтпаған марапат сөздері қалмаған сәуегейлер, бұл келгенше монархтың ақыл-есін алып қойыпты. Енді келіп, Аристотельдің мынау шәкірті өзін қазір құдаймын деп есептеп отырғанын, жан-жаққа Юпитердің ұлымын деп жар шашып, өзінің адам баласы естіп көрмеген әлдеқандай бір ата-тегі туралы сиқырлы аңыздарды уағыздатып жатқанын естіген Каллисфен патшаның тұрағына кіріп келіп, Құдай туралы да, құдайшылық жөнінде де құлақтары өмірі ештеңе естіп көрмеген, керек десеніз, ол туралы тіпті түсініктері

де жоқ қаптаған қалың әскер мен алдияр тақсыр неге сеніңдер десе, соған сенуге даяр сарай қызметкерлерінің ортасында тұрған Ескендір Зұлқарнайынды көрді. Әлгілердің бәрі Каллисфеннің көзін бақырайтын қойып, Ескендір Зұлқарнайын – Құдай; Құдай болғанда да – пағыз хак Құдай! – дегенде, беттері былш еткен жоқ.

Алдияр! – деді философ патшаға жалынардай боп, – мыналар не деп тұр; айтаайшы, сенің Құдай екенің шынында да хак па?!

– Хак! – деп, қызарып кеткен Ескендір біртүрлі тұтыға сөйледі.

Алдияр! – деді Каллисфен күлімсіреп, – талабың тым жоғары екен, бірақ философия ауыр сын айтып, түпкі ойымды теріске шығарар-ау деп қорықпай-ақ қой; ол мұндайларды теріске шығарып жағпайды, бар болғаны – күледі де қояды; бірақ, Құдай болып алған соң, алдияр тақсыр, егер саған солай ету керек болған болса, осы бір кнелі де қасиетті есім сенің мойнына қандай жүк артағынын да ойлағайсың. Құдайлар деген – бір ғана шапағатын шапқаннан-ақ беп-белгілі болады: өздеріне көңілін шын бұрған пендесіне рахымын жаудырады, құшшылық қылғандарға – қамқорлық жасайды. Кейде олар күн күркіретіп, жалт ойнатады, бірақ сонда найзағай отын өздерінің еркінен тыс, карама-қарсы жаққа лақтыратын кезі де болады; әсіресе, олар осынау жалғанда өмілдер рухы ри за болатын жақсылықтар істеуге құмар.

Каллисфен өзінің досы Аристотельдің жаңадан құдай атанған мынау шәкіртіне арнап, елмен бірге құрбан шалудан үзілді-кесілді бас тартты; сондағы айтқаны: – Біздің Ликейде құдайларды тап қасымыздан көруге үйреніспеген едік, – деген уәж болды. Және де ол жаңа құдайдан әлденендей бір жаңа қылмыстар күткен еді; осы өмірде өзекті жанның қателігін түзеуге философия қаншалық қажыр-қайратпен, қаншалық қағтылықпен атқай салса, соның бәрін жаңа құдайдың қылмыстарына қарсы жұмеағысы келіп еді; сорына қарай, ондай сөз те күттірген жоқ. Бірнеше айдан кейін Юпитер тұғыған-мыс дейтін үл күнәкарлықтың ми батынағына белшесінен бағты да кетті; сөйтін, жердегі құдай күні-күні ішкілікке салынды; удай мас боп жүріп, өзінің жаңа досы Клигті қак жүрегiнен найзамен ұрды; сөйтін жүргенінде, бір күні кешкі аетан соң араққа тойып алған ашынасының айтқанын екі етпеймін деп, бір тамаша қаланы ол от құшағына оратып, күлін көкке ұшырды.

Патшаның осындай оңбағандық істері туралы сыбыр-күбір Каллисфеннің қанын жаман қайнағты. Ол монархтың ұлы мәртебесінен де, оның төңірегіндегі қолбасқандары мен жаңдайшап-



Шығармалары. Төртінші том

тарының көптігінен де қаймықтастан, патшаның тұрағына енгігін кіріп келді де:

– Ескендір! – деп айкай салды, – сен миһрабта жаныңды құрбан қылуға лайықты ісім осылай болады дегенің бе бұл?! Досыңды өлтірдің, мындаған жазығы жоқ бодандарыңның жанын отжалынға орадың... Сұмырай! Сен адам деген аттың өзіне лайық емессің!

Мына сөзден сол жерде тұрған жұрттың тілі байланып қалғандай еді, бірақ көп ұзамай тылсым тыныштық көк долы ызаға айналды. Сарай қызметшілерінің күңкілі ыза отына май құйып, қоздырып жібергені сонша, аққоз ашудан өзі де жарылардай боп эзер отырған Ескендір сарайдың тарихында құлақ естіп, көз көрмеген Каллисфеннің мынау қиқарлығы секілді іске лайықты жаза ойлап табуды сол жерде Леонадка жүктеді.

Леонад осы бір ардақты азаматты айызы қанғанша азаптап, жеті қат жер астындағы зынданға зытырғанда да түк түршіккен жоқ. Сол екі арада оған енді жазаның адам баласы естіп көрмеген жауыз түрін қайтсек табамыз деп аласұрып жатқанда, жан азабына қол-аяқтағы бұғаудың зіл батпан салмағы қосылған құсалы Каллисфеннің дерті оның тек шындық деп шырқыраған шыбындай жанын күнәдан пәк тәнінен ажыратып алған еді.

...Аристотельдің өзі өлгенде оның қағаздарының арасынан Каллисфеннің мына бір хаты табылыпты, ол мұны өлерінен бірнеше сағат қана бұрын жазған екен. Бұл жерде біз сол хатты досының ескертпесімен қоса ұсынып отырмыз.

Каллисфеннің хаты:

*«Зынданда өлгелі жатырмын; пешенеме ақиқат үшін азап көруді жазған Құдайларға мың мәртебе алғыс айтам. Ескендір Зұлқарнайын менің ақыл-кеңесімді екі-ақ күн тыңдады, сол екі күнде мен Дарийдің тұқым-теберігін түбірімен құрып кетуден сақтап қалдым; сосын түп-тұтас бір аймақтың халқын қырып жіберуден құтқардым. Бақұл бол!»*

Сондағы Аристотельдің өз қолымен жазған ескертпесі:

*«Алдияр патшаңыз адамдықтап кеткен әлдебір найсап болмаса, оның қасына екі-ақ күн ерген есті кісінің өзі, міне, қаншама істерді тындыра алады!»*

## ПОРТ

Төрт жыл бойы көк теңізді тынымсыз шарлаған «Пресвятая Дева Путеводительница» дейтін үш күспенді<sup>1</sup> барк<sup>2</sup> 1886 жылдың 8 тамызында Марсельдің айлағына келіп кірді; ол 1882 жылы 3 мамырда Гаврдан шығып, туу қияндағы Қытайдың телегей-теңіздерін бетке алып кеткен болатын.

Сол кеткеннен көздеген порттарына жетіп, жүктерін түсірген соң, аяқ астынан тағы да бір жалдап алушы табыла қалып, кеме енді Қытайдан Буэнос-Айреске жол тартады; ол жерден Бразилияға тауар тасиды... Айтып-айтпай не керек, бір сапардан соң бір сапар; мігірсіз тірлік; ара-тұра бұзылып тұрып қалу; өліп-өшіп оны жөндеу; айлар бойы лүп еткен леп соқпай, бір орында қозғалмай тұру; ал кейде бара жатқан бағытыңнан ауытқытып жіберетін ұштырма желге ұрыну – әйтеуір, көк теңізді кешкендерге тап болмай қоймайтын әдеттегі қиыншылықтар мен кездейсоқтықтар Марсельге енді ғана оралған, трюмі американдық қанылтыр қалбырлы консервілерге лық толы, осынау бір нормандиялық желкенді кемеңіз өз Отанына қайтуына көптен бері мүмкіндік бермей-ақ қойған-ды.

Сапарға аттанарда бұл кемеле капитан мен оның көмекшісінен басқа сегіз нормандтық, алты бретондық – небәрі он төрт матрос бар еді. Қайтып келгенде бретондықтардың бесеуі, нормандтықтардың төртеуі ғана аман оралды: бір бретондық сапар барысында өз ажалынан өліп еді, төрт нормандтық әртүрлі жағдайда ұшты-күйлі жоғалып кетті де, олардың орнын Сингапурдегі кабактардың бірінде сенделіп жүрген жерлерінен жалдап алынған екі американдық, бір негр және бір норвегиялық басты.

Осы кеме... қазір желкендері сыпырылып, күспенінің кергі ағаштары жинап алынған абажадай сол барк... енді, міне, ырсыр етіп алдында алқынып бара жатқан марсельдік буксирдің жетегінде, тып-тынық су бетін жыбырлақ толқындарға толтырып, сүйретіле жөнелді. Лүп еткен леп жоқ. Кеме Иф қорған сарайын айналып барып, портқа кіреберісте батуда еңкейген күннің мұнар шалған шұғыласына шомылып тұрған сұп-сұр жартастардың түбінен өтіп,

<sup>1</sup> күспен – мачта

<sup>2</sup> барк – кемеңіздің түрі

## Шығармалары. Төртінші том

ескі портқа келіп кірді... бұл жерде, – суы әбден азып, көгеріп кеткен өте тар бассейнде, – әлдебір алып ыдыстағы быламық секілді қоймалжын ішінде, өзінің тұздығына өзін сүрлеп қойғандай болып, күллі елдердің үлкенді-кішілі, алуан түрлі, сұлбасы мен жабдығы бір-біріне мүлде ұқсамайтын жүздеген кемелері иық тіресіп, бір-біріне сүйкенісіп, борттарын кажасып, ұзыннан-ұзақ жағалауда тығылысып тұрушы еді.

«Пресвятая Дева Путеводительница» да осы жерге келіп, ескі достарына орын беру үшін сәл ығысып араларын ашқан итальяндық бриг<sup>3</sup> пен ағылшын шхунасының<sup>4</sup> ортасына тоқтады. Капитан кеден мен порт талап ететін ұсақ-түйек ісқағаздарын лезде реттеп тастады да, карауындағы команданың үштен екісін ертеңгі таңға дейін жұмыстарынан босатып, жағаға қоя берді.

Ымырт үйіріліп қалған кез. Түнгі Марсельдің шамдары самаладай жарқырап тұр. Ауасы қапырықтау жазғы кеште оңтүстік қалаларына тән көңілді ырду-дырду мен айғай-ұйғай, арбалардың салдыры, арбакештердің шыбыртқыларының шартылы сәт сайын күшейе түсіп, жергілікті асханалар жақтан қуырылған сарымсақтың иісі бұрқырай бастаған.

Айлар бойы толқын үстінде тербетілген он матрос кара жерге табандары тигенін сезісімен, шіркеу салтанаты кезіндегідей екеу-екеуден қатарласып алып, қалаға қарай қозғалды; бірақ аяқтарын бірден нық басып кете қойған жоқ – өздерінің үйреншікті тірлігінен жаңылып әрі қала өмірін де жатырқап, жатсынып қалған кісілердің ғадетімен ақырын ілбіді.

Міне, босаңсыған бойлары бұлғандап, бәрі де теңселе басып жүріп келеді; жан-жақтарын көзбен ішіп-жеп, портқа таяу көшелердің бойына тесірейе, тесіле қарайды. Соңғы рейске шыққан алпыс алты күннен бері түк көрмеген теңізші жігіттер енді қазір бойды арбап, қан тамырда құтырына ойнақ салған құмарлық отына шарпылып, төмен етеккіге әбден зарығып келе жатыр. Ең алдыда – Селестен Дюкло бастаған нормандтықтар; бұл өзі бір... осындай серуенге шыққандарында ылғи да жолбасшы боп жүретін, бойлы да сойлы, қайратты да алымды жігіт. Қайдағы бір құдай атқан жерлерді табуға келгенде немесе кісінің ойына келмейтін қитұрқы бірденелерді ухит-сухит қып жібергенде... және оның

<sup>3</sup> бриг – екі күспенді, желкенді кеме

<sup>4</sup> шхуна – екі немесе үш күспенді, желкені қиғаш орнатылған кеме.

бәрін порт атаулыда жиі болып тұратын матростардың төбелесіне ұрындырмай, аман-сау тайып тұруға келгенде де, одан асқан шебер жоқ-ты. Алда-жалда іс насырға шауып, жұдырық жұмсауға тура келсе, одан да тайынбайтын, ештеден де, ешкімнен де қорықпайтын жан болатын.

Қаланың қағылған-соғылғандар мен қайыршылар тұратын тұйық орамдарының мүнкiген сасық иісін күллі төңірекке таратып, құдды бір жуынды-шайынды ағып жататын жылғалар секілденіп теңізге қарай жамыраған кілен бір тас қараңғы көшелерді едәуір шарлаған соң, Селестен солардың ішінен прелендеген ұзын дәліз секілді біреуіне түсті: бұл көшенің үйлерінің маңдайшаларында түрлі түсті шөлмектен істелген күнгірт шамдары бар екен және жанып тұрған сол шамдардың әйнегіне үлкен-үлкен етіп, үй нөмірін жазып қойыпты. Әрбір үйдің кіре берісіндегі жінішке арқа астында, әншейін бір қызметші әйел секілді болып, алдарына алжапқыш байлап алған бір-бір қартан катын сабаннан тоқылған орындықта отыр екен: матростарды көрген бойда орындарынан ұшып-ұшып тұрып, бәрі кішкене көшені как жарып ағып жатқан сасық жылғаға бірнеше кадам таяп келді де, тірі тауарға толы абақтыға әне-міне жетіп, мырғамға бататындарын сезгендіктен кейбіреуі әндетіп, кейбіреулері өзара әзілдесіп, асықпай жақындан келе жатқан осынау шұбырынды еркектердің жолына кесе-қолденен тұра қалды.

Не істерін білмей антарылып қалған жігіттер әлгі үйдің ауыз бөлмесінің түкпіріндегі қоныр былғарымен қапталған екінші есік зәуде бір ашылғанда оның ар жағынан: жартылай жалаңаш, бұтындағы арзанқолдау жұқа ақ матадан тігілген іш киімінен жуан бөксесі мен бөренедей балтыры ап-айқын көрініп, ішке бір кіріп, бір шығып жүрген жойдасыз семіз қызды байқап қалды. Шолтандаған юбкасы – юбкадан гөрі беліне байлай салған белдемше сықылды; омырауында қара барқыттан тігілген алтын шашақты төс таңғышы бар екен, оны былқылдаған екі дәу емшек, анау томардай ныктар мен добалдай жуан қолдар үзін жіберуге шақ тұр. Қыз алғаш: «Кіріңіздер, сұлу жігіттер! Кіріңіздер!» – деп, алыста тұрып шақырып еді, әрі-беріден соң өзі көшеге жүгіріп шығып, матростардың бірінің қолынан шап берді де, өзінен әлдеқайда үлкен жемтігіне бір жабысса, өмірі айырылмайтын өрмекшіге ұқсап, бар күшімен әлгі жігітті есікке қарай сүйрелей бастады. Қыздың тартқылағанына буыны босай бастаған матрос сол

сүйретілген күйі босағаға такай бергенде, мұндайдың дәмін көп татқан Селестен Дюкло енді сәл кешіксе, жолдастарының да лап беріп соның соңынан әлгі үйге кіргелі тұрғандарын байқады да:

– Қайт, Маршан! Бұдан басқа қыз құрып қалды ма! – деп санк етті. Өктем үнге еріксіз мойынсұнған матрос жігіт қатты жұлқынып кашып шықты да, теңізшілер енді сол топырлаған күйлерінде қарқылдай күліп, әрі қарай жөнелді: ызадан жарылардай болған әлгі қыз олардың дымын қоймай, арттарынан сыкпыртып жатыр. Айғай-шуға құлақтары елеңдеген көше бойындағы күллі сайқалдар есіктерінің алдына жүгіре шығып, мән-жайды ұққан бойда жөнкіліп бара жатқан теңізшілердің артынан бұлар да қарлығыңқы дауыспен сыбағаларын беріп қалды.

Аяқ басқан сайын осылайша алдарынан шығып, әуелі арбай сөйлеп, қылымсып шақырған; ал, бұлар қайырылмай кете барса, өздерін менсінбегендей көріп, арттарынан былапыт сөздерді қардай боратқан салдақылардың у-шуы нәпсілерін бұрынғыдан да бетер қоздыра түсіп, матростар ілгері тарта берді. Жолшыбай бұларға өздері секілді бос сандалған: қаланың бірлі-жарым байшыкештері мен піркәзшіктері; семсерлері сандарына соғып, санғыр-санғыр еткен солдаттар; өзге кемелердің матростары да ұшырасып қалып жатыр. Жан-жақтары ылғи бейтаныс көше... сықсқан күнгірт шамдар. Олар осынау бір нір-нір, шым-шытырық түкпірлерді талмай шарлап, сасып кеткен жуынды ағып жатқан жылғаларды кешіп, аңсап келе жатқан арман – әйелдерін осы жерден табамыз-ау деген үмітпен талай үйлердің арасындағы тар қуыстардан өтіп, төңіректі ұзақ-ұзақ кезді.

Ақыры, айналасы тазалау, сырт қарағанда да көзге сүйкімді бір ауланың алдына келіп тоқтаған Дюкло осы үйді ұнатты да, соңына ерген серіктерін өзі бастап, бәрі топырлап ішке кіріп келді.

## II

Бұл бір тамаша сайран болды! Матростар төрт сағат бойы төсектердің де ойпан-тойпанын шығарды, шарапқа да әбден мелдектеді. Алты ай жазда тапқан жалақыдан түк қалған жоқ.

Кафе орналасқан үлкен залға емін-еркін жайғасып алған олар құдды бір үйдің несі өздері құсап, енді жергілікті жердің осында келіп-кетіп жүретін үйреншікті текешіктерін онша жақтырмай, бұрыш-бұрыштағы үстелдердің басына солардың бірі отыра

қалса, қасына жүгіріп барған басы бос қыздарға алая қарайтынды шығарды: өйткені, әлгі қыздар әуелі келімді-кетімді кісілерге қызмет көрсетіп жүргенмен, артынан солардың қастарына біржолата отырып қалып жағыр еді.

Келген бетте-ақ, көп ұзатпай бір-бір қызды икемдеп алған матростардың өздері болса, әу баста таңдап алған қыздарының қасынан түні бойы кеткен жоқ – қарабайыр жұмыс адамы елтең-селтеңді көп ұнатпайтын әдеті ғой. Үш үстелді бір-біріне тіркестіріп жіберіп, жайғасқан бойда құрғап қалған көмекейді шараппен жібітіп алып, бұл кезде әр жігітке бір қыздан қосылған соң сандары екі есе көбейген бұлар көп ұзамай-ақ екінші қабатқа көтерілетін баспалдақпен бірінен соң бірі қаздай шұбырған. Шағын-шағын бөлмелердің қуықтай тар есіктерінен ішке әрең еніп, алдыңғылар жайғасқанша, артта ұбақ-шұбақ тізіліп келе жатқан мауықты жұптардың тағаты таусылып, ағаш баспалдақты аяқтарымен шыдамсыздана дүңкілдетіп бара жатқаны біразға дейін естіліп тұрды.

Кейінірек бәрі залға оралған; тағы да біраз ішті-жеді; сонсоң қайтадан жоғарыға көтерілді; біраздан соң тағы төменге түсті.

Қазір қатты қызып, масақ тартқан матростарға теңіздің суы тіресектен келмей қалып еді. Көздері қызарып, қанталап кеткен; әрқайсысы өзі таңдап алған қызды тізесіне отырғызып қойып, біресе әнге басады, біресе өңеші жыртылғанша әлдене деп өзеурейді; ондайда күрзідей жұдырықтарымен үстелді тоқпақтап, арасында шарапты тура иишаның аузынан көмекейлеріне құйып-құйып жібереді. Қысқасы, адам бойында белгілі бір уақытқа дейін бұғын жағатын айуандықтың ауыздығын олар осылайша алып қоя берген болатын. Жолдастары қаумалаған Селестен Дюкло бұл кезде тізесіне атна мініп алған алма бетті бойшаң қызды аймалай құшақтап, оның жүзіне емірене қарап отыр еді. Жұртпен бірдей іссе де, қатты мас бола қоймаған нормандтықтың ақыл-есі әлі орнында-тұғын; сондықтан өзгелерге қарағанда жаны нәзіктеу ол қасындағы қызбен аздап әңгімелескісі келген. Бірақ ойы тұманытып, не айтқалы отырғанын біресе ұмытып қалып, біресе есіне қайта түсіріп, әбден берекесі кетті.

Содан бөлар, құр ыржалақтап:

– Солай де, солай... де! Демек, мұнда көптен бері істейсің екен ғой? – деп, бір сөзін қайталай берді.

## Шығармалары. Төртінші том

– Жарты жылдан бері, – деді қыз баяу ғана.

Бұл сөз – мынау қыздың ұяң да тәрбиелі екендігінің белгісіндей-ақ, Селестен оның жауабын құптап басын изеп қойып:

– Қалай, осындай өмір өзіңе ұнай ма? – деді тағы.

Не дерін білмей, қыз кібіртіктенкіреп барып:

– Бірте-бірте үйренісіп кетесің екен. Әрі өзге жұмыстардан да еш кемдігі жоқ. Үй қызметшісі боп біреудің кір-қоңын жуғаның не, салдақы боп сандалып жүргенің не – бәрібір лас-нас жұмыс, – деді көнбіс үнмен.

Шамасы, матрос мына пікірмен де келіскен болуы керек. Енді бейжай ғана:

– Өзің бұл жерден емес сияқтысың ғой?! – деді.

Қыз үнсіз басын шайқады.

– Бір жақтан келдің бе?

Қыз бұл жолы да тіл қатқан жоқ, тек басын изеді.

– Қайдансың?

Қыз әлденені есіне түсіргісі келгендей сәл ойланып қалды да:

– Перпиньяннанмын, – деді көмескілеу үнмен.

Бұл жолы да әдеттегісінше құптай сөйлеген матрос:

– Ә, солай ма! – деп даусын соза үн қатты.

Өз кезегінде қыз да қарап қалған жоқ:

– Сен, шамасы, теңізші секілдісің ғой? – деді бұған.

– Ия, сұлуым.

– Қияндарға сапар шектің бе?

– Шеккенде қандай! Талай елді, талай жерді көрдік; жекен су астық!

– Бәлкім, жер шарын түгел айналып шыққан шығарсың?

– Енді қалай деп едің! Бір емес, бірнеше рет шыр айналғанмын!

Әлдебір ұмытқан нәрсесін есіне түсіргісі келгендей, қыз тағы да біраз ойланып барып, әлгіндегіден мүлде өзгеше дауыспен:

– Жолшыбай талай кемелерді көрген шығарсың? – деді бұған.

– Көргенде қандай, сұлу қыз!

– Ендеше, «Пресвятая Дева Путеводительница» дейтін кеме кезікпеді ме саған?

Матрос мырс етіп қойды:

– Өткен аптада ғана көргенмін.

Қыздың албыраған бетінің қаны қашып, боп-боз болып кетті де:

– Рас па? Шын айтамысың? – деп сұрады үрейлене.

– Бір ауыз коспасы жоқ!

– Алдап тұрған жоқсың ба?

Жігіт құдайға жалбарынғандай екі қолын көкке көтерді:

– Оллаһи-биллаһи!

– Селестен Дюкло деген матрос сол кемеде әлі жүр ме екен, жоқ па? Ондайды естімедің бе?

Аң-таң болған нормандтық өз-өзінен абдырап, әуелі қыздың мұндайды неге сұрағанын білмек болды.

– Сен оны танитын ба едің?

Енді қыз абайлай сөйледі:

– Жоға... осында бір әйел онымен таныс екен.

– Сіздердің жұмыс орындарыңыздан ба, ол да?!

– Жоқ, көршілес бір жерде.

– Осы көшеде тұра ма?

– Жоқ, басқа көшеде.

– Ол неғылған әйел?

– Кәдімгі әйел дағы... мына мен сияқты.

– Нендей шаруасы бар екен ол жігітте?

– Мен қайдан білейін? Жерлесі шығар...

Араларында әзіл-қалжыңсыз әлдебір аса қатерлі кедергі тұрғанын анық байқаған олар бірінің көзіне бірі сынай қарап, қатты да қалды.

– Екеуміз бірге барып, сол әйелмен жолығыссақ қайтер екен, – деді матрос тілге келіп.

– Оған не айтпақшы ең?

– Айтайын дегенім... Селестен Дюклоны көрдім дейін деп едім.

– Әйтеуір аман жүр ме екен?

– Аман болғанда қандай! Осы екеуміз секілді сап-сау. Қайратты жігіт қой өзі.

Ой жетегіне берілген қыз тағы біраз үнсіз қалды да, ақырын ғана:

– Әлгі кеме, «Пресвятая Дева», – қайда бара жатыр екен? – деді.

– Осында, Марсельге келе жатыр еді.

Қыз еріксіз селк ете түсті:

– Шын ба?

– Әрине, шын.

– Сен ...Дюклоны анық танысың ғой?

– Әрине, білем!

Қыз тағы ойланып қалды да:

– Солай... Солай, – деді өз-өзінен күбірлеп.



Шығармалары. Төртінші том

– Сенің онда не шаруан бар еді?

– Оған айтып баршы... Жо-жоқ, айтып баруға тұрмас...

Уақыт озған сайын қолайсыздық мендеп бара жатты. Ақыры шыдамы жетпеген жігіт, не де болса, бәрін білгісі келіп:

– Сен де оны танитын ба едің? – деді сауалды төтесінен қойып.

– Жоқ! – деді қыз.

– Ендеше, неге оны сұрадың?

Кенет, бір шешімге мықтап бекініп алған қыз орнынан ұшып тұрып, кафе қожайынының әйелі қаздырып тұрған жерге барды да, бір лимонды жұлып алды; төбесін тесті... сөлін сығып, тостағанға ағызды... Үстіне су қосып, тостағанды толтырды да, матроска әкеліп берді.

– Мә, іш!

– Бұ не тағы?

– Мастығың тарқасын. Сосын сөйлесеміз.

Қыздың сөзін екі етпей, жігіт сусынды сіміріп салды да, аузын алақанымен сүртіп:

– Құп болады! Тыңдауға әзірмін! – деп мәлімдеді.

– Мені көргеніңді де, қазір айтқалы тұрған әңгімемді кімнен естігеніңді де, жалпы оған ештеңе айтпауға осы қазір уәденді бер! Ант ет!

Жігіт мырс етіп, тағы да екі қолын жоғары көтерді:

– Мархабат етіңіз, осы айтылғандарға ант етем.

– Құдай алдындағыдай ма?

– Құдай алдында тұрғандай!

– Ендеше айтып бар: оның әкесі, шешесі және інісі сексен үшінші жылдың қаңтар айында, осыдан үш жарым жыл бұрын сүзектен өлді. Бір айда опат болды бәрі!

Матростың іші-бауыры мұздап қоя берді де, не айтарын білмей абдырап қалып, сәлден соң ғана тілге келді:

– Сен мұны анық білесің бе?

– Айдан анық білем!

– Кімнен естіп-білдің?

Қыз екі қолын матростың иығына салып тұрып, көзіне қадала қарады.

– Мен – оның туған қарындасымын.

– Франсуза!!! – қыздың аты жігіттің аузынан еріксіз жалын боп шықты.

Қыз қайтадан оған кадала қарады да, төбесінен жай түскендей тантаырап, есі кіресілі-шығасылы бір күйде:

– О-ох! Сен – Селестеннің өзі ме едің? – деген бір ауыз сөзді күбірлеп әрең айтты.

Сөйтті де екеуі бірінің бетіне бірі қарап, үн-түнсіз тұрып қалды.

Селестеннің жан-жағында қаумаласып отырған жолдастары әл-дәрмендері құрығанша шарапты әлі сілтеп жатты. Айғай-үйғай, өнеш жыртылғанша өзеуресу, стақандар сыңғыры, күрзідей жұдырықпен қайта-қайта үстелді тоқпақтау, әлдебір әуеннің ырғағына қосылып билеген аяқ топылы секілді ию-кию, у-шуға ара-тұра әлденеге қуанған, яки шошыған әйелдердің шыңғыруы қосылып, мынау зал қайнаған қан базардан бетер гу-гу етеді.

Қатыбас өмір зәресін ұшырып, қатты қорқытып тастаған мына бір кіп-кішкентай қызды жып-жылы бауырына басып, матростың жүрегі елжіреп езіліп отыр. Қайтсін-ау енді? Өзінің құп-құйттай қарындасы ғой! Ойымды біреу өңімнен оқып қойған жоқ па екен деп қауіп қылған жігіт, басқа түгілі, қасында отырған қарындасы әрең еститіндей үнмен ақырын ғана:

– Масқара-ай! Не істеп қойдым мен?! – деді күбірлеп. – Не істеп қойдым?!

Қыздың көзі жәудіреп, лезде жасқа толып кетті.

– Қайтейін енді... қорғансыз қалғанымна мен кінәлімін бе?! – деді өксіп.

– Демек, бәрі опат болды дейсің ғой?! – Аяқ астынан манағы сұрақты матрос тағы қайталады.

– Иә, бәрі де опат болды.

– Әкей де, анамыз да, інім де?

– Айттым ғой, бас-аяғы бір айда бәрі жоқ болды деп. Соқа басым сопынып, мен ғана жалғыз қалдым. Қалтамда көк тиын ақша жоқ. Ал, үй-іші жаппай ауырған соң, дәрігерге де, дәріханаға да қарыздар болып қалғанмын; өлгеннен кейін үшеуін жерлеуге және қарыздандым. Одан құтылу үшін үйдегі дүние-мүліктің бәрін сатуға тура келді. Ақыры, амалым таусылған соң Каше мырзаға қызмет көрсетуге жалданғанмын, есінде ме, сондай бір ақсақ бар еді ғой?! Дәл он беске шыққан кезім болатын; сен кеткенде әлі он төртке де толмаған едім ғой. Желкілдеп тұрған жас кезде кісі желікбас болады екен, сол ақсақпен – Кашемен күнәға баттым. Кейін өзіміздің нотариустың қожайынына қызметшілікке орна-

## Шығармалары. Төртінші том

ласып ем. Бұл да мені тура жолдан тайдырды; алғаш Гаврден бір бөлме жалдап әперген, көп ұзамай табанын жалғыратып тайып тұрды. Нәр татпастан, аштан-аш үш күнге дейін үйде отырғам; жұмыс іздеп едім – таппадым; өлер болған соң, осы үй секілді бір жерге жұмысқа кірдім, – қайтейін, енді бетім ашылмаған қыз емес едім ғой. Содан... кеттім дейсің қаңғалақтап... қақпақыға айналып! Бармаған жерім, баспаған тауым қалмаған шығар. Не бәлеге жолықпады дейсің! Руанда, Эвреде, Лилльде, Бордода, Перпиньянда, Ниццада болдым, енді, міне, Марсельден шықтым.

Қыздың тоқтаусыз сорағалаған көз жасы бетін жуып кетті; ірі-ірі моншақтар мұрнының ұшынан жерге тамшылап, кейбірі ақырын жылжып барып, езуінен аузына да құйылып жатыр.

– Байғұс Селестен, қайдан білейін, сені де өлген шығар деп ойлап ем.

– Менің сені танымай қалғаным таңдануға болмайды: ол кезде тұлымың желкілдеген құйттай ғана бала едің, қазір зінгіттей қыз болыпсың! Сенің өзің неғып танымай қалдың мені?

Өмірге әбден ашынған қыз қолын бір-ақ сілтеді.

Күніге пәленбайын көріп жүрген соң, маған еркек атаулының бәрі бір төбет секілді боп кеткен!

Мына сөзден жаны ышқынып кеткен жігіт қарындасының қасіретті жүзіне қарап отырып, кенет біреуден қатты таяқ жеп жатқан балаша бақырып жылағысы келді. Содан ба екен, әліге дейін тізесінде атша мініп отырған қарындасын ол екі нықтан қаусыра құшақтап алды да, бауырына басып, езіле елжіреп, кеудесіне қайта-қайта қыса берді, қыса берді. Сонда ғана оның жұдырықтай жүрегінің дүрсілінен бұл өзі жер асып, жекен су асып, дүниені кезіп жүргенінде, ата-анасын да, бауырын да ақтық сапарға аттандырған, бар қайғыны да бір өзі көтерген – түү кияндағы туған жерде қалған бір түйір қарындасы осы екенін енді анық ұқты. Сол-ақ екен, алпамсадай матрос өзінің күректтей қолдарымен қайта табылған қарындасының тітімдей басын құшақтай алып, кісі бірге туған бауырын қалайша еміреніп сүйер болса, енді дәл солай шөпідетіп сүйе бастады. Содан... көкіректі қарс айырырдай бір тоқтаусыз өксік, кәдуілгі нағыз еркектерде ғана болатын өзек өртерліктей ащы өксік, ал кеп солқылдатсын-ай! Теңіздің қайырылып кеп қайта соғар қатты шарпынындай, күйікті кеудеден күркіреп кеп ақтарылсын-ай!

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

– Франсуаза, жаным, сенбісің? Сенбісің менің құйттай торғайым? – деп келіп ұзақ солқылдады.

Кенет ол ұшып түрегеліп, мына сұм өмірді айғайлап тұрып бар даусымен бір боктады да, күрзідей жұдырықпен үстелді күрс еткізіп бір ұрды. Стақандар сынғыр-сынғыр, шалдыр-шалдыр етіп еденге құлап, быт-шыты шығып жатты. Жігіт бір-екі қадам басты да, шайқалақтап, қолдарын сермелеп барып, еденге етпетінен түсті. Содан ал кеп домаласын; аяқ-колымен жерді тепкілеп-ұрғылап, біресе арыстандай ақырып, біресе жолбарыстай ыңыранып, енді бірде жантәсілім етіп жатқан адамдай қыр-қыр қырылдады.

Достары Селестенге тесірейе қарап алып, ал кеп қарқылдасын.

– Көрдің бе сылкия тойып алғанын! – дейді бірі.

– Жатқызу керек, – деп, екінші бір досы ара түсті. – Көшеге шығып кетсе, бірден ұстап алады.

Бір жақсысы – жігіттің қалтасында ақша бар екен; сондықтан үй иесі әйел орын тауып берді де, өздері мастықтан тәлтіректен әрең жүрген Селестеннің жолдастары оны тар баспалдақпен көтеріп апарып, жаңа ғана өзі қойнынан шыққан әйелдің бөлмесіне жатқызды. Ал, әйел байғұс болса, бұл да жер тепкілеп жылаған жігіттің өзі құсап, еңірегінде етегі толып, қарғыс атқыр харам төсектің басында, удай мас ағасының қасында таңға дейін көз ілместен орындықта қақиып отырып шыққанын ешкім білген жоқ.



## ТІРІ ТЕҢГЕЛЕР

### Повесть

ШУНГУЛЕШ кәсіпшілігіне Арканяның келіп тұрғаны бірінші рет емес-ті. Ол дереу шартқа отырып, жалақысына азғантай ақша және тапсыратын аң терісінің есебінен он шақты банкі бұқтырылған сиыр етін алды да, қонсылас отырған экспедицияға тартты; сол жерден ылғи да тікұшақ ұшып тұратын, ұшқышпен осы айдың он бесіне, яғни үш күннен кейін бірге кететін болып келісті де, сол күні күндіз және кеш бойы ескі танысы Пикаловтың дастарқаны басында отырды.

Экспедицияның ұшқышы жаңадан келген біреу екен. Бойы сырықтай, беті безеу-безеу, мойнына жібек шарф орап алыпты, темекісінің тұқылын шайнай береді. Дормидонтов деген таныс ұшқышты сұраған кісі болып, «Ол шал әлі ұшып жүр ме, жоқ па?» деп, Арканя жылпылдата бастаған. Жас болғанмен жер тесер бәле екен, Арканяның неге келгенін айтпай-ақ ұға қойды. Бір есептен сонысы да дұрыс болды, пұлға қызыкқыш кісі әдетте ақысын берсең, боқысын шығарады. Сөзін жұтпайды. Бұл барарда – бір жүздікті, қайтарда – тағы бір жүздікті немесе қолайына қарай, екі бұлғынды әлгінің қалтасына сүңгітетін болып келісті.

Арканя – күйкі күйбеннің кісісі емес, не де болса ірі турап, үріп ішіп, шайқап төгіп өмір сүруге әдеттенген адам; Пикалов оның әңгімесін аузының суы құрн тындап, мыңды алып, мыңды беріп жүрген досының пысықтығына әрі сүйсіне, әрі қызыға қарап отырды. Арканя болса, сөзді тісінің арасынан ғана сыздықтатып:

– Жұрттың бәрін сендер сінбіруге мұршасы болмай жүрген мына өздеріндей көресіндер-ау дейім! – деп ақыл үйретіп қояды.

Шунгулеш – шынында да, шалғай түкпірдегі артта қалған ауыл. Мұндағы жұрт бастарына түскен қиындықты тиын-тебенмен емес, баяғыша: аттарының аяғын ақсатып немесе ұйыққа жығып алғандарымен; қайықтарының моторын қайраңға соғып немесе қатты ағыс пен сарқырамаларда қиратып алғандарымен; әртүрлі шаруаларына кеткен уақыттарының арғы-бергі есебімен, әсіресе азық-түлік әкелуге жұмсаған мерзімдерінің аз-көптігімен өлшейтін.

Арканя – бұлардан мүлде бөлек адам, оның құлаш ұрар жері – қып-қызыл ақша ғана. Қайығы да, аты да бар болсын. Бейнеті көп те, зейнеті жоқ шаруаға кім басын сұғады? Тікұшак ұшып тұрған аудан атаулының қай-қайсысында да Арканя барар жеріне көп бейнет шекпей-ақ жетіп алатын. Мұның өзі сонша қиын шаруа да емес, бірақ көбінің мұрнына нісі де бармайды. Тікұшак – тас жолдың бойында қолынды көтеріп тоқтата қоятын машина емес қой, ол сенің үш сомыңды қайтсін. Былайша қарағанда, бәр-бәрі түсінікті-ақ сияқты. Ал үш сомды үлкейткіресең ше? Жо-о-ок, ауыл адамы ақша шығаруға келгенде алаканын ашқысы келмейді, одан да атпен-ақ кете бергенді тәуір көреді.

Бұл күндері Пикаловпен екеуі тәуір-ақ сілтеді, Арканяның араққа деген ақшасы бөлектұғын, бірақ көздеген шаруасын да естен шығарған жоқ, ішім-жемнің арасында таныс аңшылармен әңгімелесіп, биыл кімнің қай жерге баратынын алдын ала біліп алды. Өзінің сонау Неркаға, Предел жаққа, тайганың адам аяғы баспаған ең шалғай түкпірлеріне, Шунгулеш өзенінің жоғарғы жағына бармақшы екенін ешкімге ашып айтқан жоқ, тек сөз арасында ғана, әншейін әңгімеге тамызық ретінде сұраған болып, өзінен басқа бір жанның олай қарай аяқ басқысы жоқ екенін біліп алғанша гәптің бетін сол жақтың жай-жағдайына қарай бұра берді. Талай жылдан бері ол маңға адам аяғы тимепті. Біреулері жас кездерінде барғанға ұқсайды, біреулері естігені болмаса – көрмепті, ал енді біреулері жайсаң жазда, суы әбден жайылғанда балық аулап едік десті. Тайганың шалғай түкпірінде жатқан ол жерлерді бес саусағындай білетін бірде-бір адам бәрібір шыға қойған жоқ. Әркім әртүрлі әңгіме айтады: біреулері ол жерде қыстау бар секілді еді десе, енді біреулері ештеңе жоқ сияқты еді ғой десті. Тағы біреулері: «Красногвардейский ауданының аңшылары барып, ол жерге тіпті баспана да салған», – деп соқты. Бір анығы – баяғы жылдарда ол маңда аттары аңызға айналған ағайынды Балашовтар аңшылық құрған, соңғы жылдары геологтар барак салып, біраз тұрған да, олар да кеткен.

Ол маңда аң-құстың ыңып жүргені анық болды – айтушылардың ешқайсысы мұны теріске шығарған жоқ. Аң-құс бар! Тек оған баратын батыл да жүректі жігіт керек.

Жұрттың ауыз ләмі мен аужайынан басқа Арканяның тағы бір қатты алаң болған шаруасы да бар еді, ол – аңшы ит табу

Шығармалары. Төртінші том

мәселесі тұғын! Байырғы да кәнігі аңшыларға қарағанда, артына ит ертпей жүргенінен-ақ Арканя Алферьевтің келімсек екені көзге бірден ұрып тұрар еді. Өзгені былай қойғанда, өзінің ескі танысы Пикаловтың ауласында да аңшы итке ең болмағанда түрі ұқсайтын бір шәуілдек шауып жүрді. Пикалов ағаш кесетін жерде істегенмен, сенбі-жексенбі күндері немесе демалыс алған айларында аң қууға шығып, таяу жерлердегі тоғай арасынан бұлғын аулап қайтады екен.

Дегенмен, бұл ретте де Арканяның жолы оңарылуға айналды: сәтін салғанда, омарташы болып істейтін бір жігіт – Пикаловтың ескі танысы екен. күнінде әйгілі аңшы болған сол байғұс кенет аяғынан айырылып, арылмас қасіретке душар болыпты, осындай маусым кезінде ошарылып үйінен шыға алмай отырған көрінеді.

Пикаловтың қайығын от алдырып алып, екеуі омарта қайдасын деп, Федоровқағартты.

Келсе, омарташы өзінің сарайында араға ұя жасап отыр. Өңі әлі жас, өзі енгезердей болғанмен, жігіттің осы отырысынан-ақ оның енді аң қағудан қалған кісі екені бірден байқалды. Сарайда жаңа ғана жонылған ағаштың иісі, қабырғаларда ілулі тұрған ара ұяларының кәсегінен бал иісі аңқиды. Ағаштың жұмсақ жоңқаларының үстінде, тап қасында бес-алты қар басқан, бір құлағы – ақ, өзі – сұрғылт, қайқы бел қаншық ит жатыр, аты – Дымка екен.

Ауыздарынан арақ иісі мұңкіген, өздері одыраңдаған қонақтар сарайға баса-көктеп кіріп келгенде, Дымка жылыстап сыртқа шығып кетті. Арканя әкелген шарабын ағаш сүргілейтін тақтайдың үстіне қойған, толы шишалар тоқтық танытып, тоқ-тоқ соғылысып барып тына қалды. Пикалов ішке кіріп, үй иесінің әйелін ертіп шыққан, ол бастырманьың астындағы қазандыққа от тұтатып, жылытпа жасауға кірісті де, арасында тұздалған қиярын, сүрленген шошқа майы мен сарымсағын әкеліп, ортаға қойды.

Қонақтарының қандай шаруамен келгенін білмей, қожайын күдіктене қарап отырған; ит сұрай келгендерін естігенде ойланып отырып қалды.

– Сат дейсіңдер ғой? Неге сатпасқа. Бәрібір енді тайғаға бара алатын түрім жоқ.

– Ақшасын алақаныңызға бірден саламыз, – деп қойды Арканя.

– Тайғаға бармасым анық, – деді омарташы, Арканяның жаныққанына қарамастан әңгімесін ақырын жалғастырып. –

Бірақ сөздің басын ашып айтайын – итім жақсы тұқымнан. Аса қадірлі ит еді! Көнсеңдер де, көнбесеңдер де, қырық сом сұрағым келіп отыр, алармандарым. Соның өзі босқа бергеніммен бірдей деп есептендер. Өздерің де көріп отырған шығарсындар жай-жағдайды, омалып отырысым мынау. Қалаға барып емделу қажет болып тұр. Қаражат керек дегендей.

– Қырық сомың, міне, – деді Арканя үстелдің астынан Пикаловтың тізесінен түртіп қалып; ондағы ойы – мынау қайтадан саудаласып, біткен шаруаның берекесін енді кетірмей-ақ қойса екен дегендік еді. Ақшасын аямай жұмсап әдеттенген қала адамы ретінде Арканя мынау алдында отырған ауыл адамын – ақшақаражат қолына аз түсетін, сондықтан да тиын-тебенін тартына жұмсайтын деревня тұрғынын – осылайша бір тұралатып тастауды әуелден жақсы көретін. Бұл шүлендігі Арканяға пәлендей кеселін тигізген де емес. Міне, қазір де ол көп болса бес теңгесін жырып қалар, бірақ одан артыққа анау да аяқ баспасы айдан анық. Онсыз да ит сатып алуға бұ жолы жүз теңгесін былай шығарып қойған Арканяға қожайынның сұрап отырған пұлы кісі қиналарлық нәрсе болмай-ақ қалды. Өзі жеке меншік үйінен үкіметтің жайлы пәтеріне көшкелі бері (ваннасы, газы бар, ал картошкаға келсек, оған жыл сайын комбинат жер кесіп беріп отыр) ит ұстауды қойғанды, сондықтан аншы итін сататындар қанша сұраса, сонша беруге алдын ала даярланып келген болатын. Мынау Дымка деген ит тайгада бұрын да болып, одан аман қайтыпты, демек, аң қағудың жай-жапсарын біледі деген сөз. Төрт қызыл қағазды шымқып шығарып, әмиянын қалтаға салды да, Арканя ақшаны ағаш сүргілейтін үстел үстіне қойды.

– Тек бір жаман жері – күшіктегелі жүр. Арзанға сатуымның себебі сол ғана, – деді ақшаға назарын да салмаған омарташы әңгімесін ақырын жалғап. – Буаз болмағанында, мәселенки, сексен сомнан кемге бермес едім.

– Тәңір алсын, тәңір алғырды, енді қайтгік?! – деді Пикалов дағдарып.

Арканя да түйіліп үндей алмай қалды. Дымкасы түскір буаз болып шықты ғой...

– Емшегі салақтап жүрсе де, саят дегенде жанын қоярға жер таппайтын ит бұл. Күшіктей қалса, қозғама... бірер күн жатсын жайланып. Сосын қайтадан қунап шыға келеді. Бұл иттің өзі – сон-



## Шығармалары. Төртінші том

дай ит, мен саған сырын айтайын. Құдды адам дерсің, алдындағы асын тек ақ адал еңбегімен ғана ішеді.

Бұл кезде шекесінен шертіп жүріп тандап алатын ит қайда, бүкіл Шунгулештен ондайды шырақ алып іздесең де таппайсың, Арканя бұйра шашын сілкіп тастап, ақшаны омарташыға қарай тағы ысырды да, не де болса келіскендігін білдіру үшін екінші шишаны да үшеуінің ортасына қойды.

– Сатып алғасын, қиналмай алған жөн. Мұның дүр-р-ыс! – деді Пикалов стақанын көтере беріп.

Омарташы темекісін тұтатты, ал «Беломорынын» қорабын ақшаның үстіне қойды.

– Қайда бармаксың?

– Жә, мынау Нерка жакқа барсам ба деген ойым бар еді. Қайдан білейін, одан не шығатынын. Ол жакта бұлғын бар ма, жоқ па? – Осы жердің өз адамы секілді Арканя да сөзін сағыздай созып сөйледі. Жүрген жеріндегі жұрттың сөз ыңғайына жығыла салу, ойларына ортақтаса кету, тіпті әңгіме айтқандағы әуендерін де айнытпай келтіруге тез бейімделіп кету – мұның әуелден-ақ әдеті еді. Ол өзінің де, өзгелердің де бойындағы осы бір қасиетті әрі алғыр, әрі зерек кісілердің ғана қолынан келетін, бірақ өз сыбағасын дүңк етпе дөкірлікпен емес, сыпа да сыпайы қалпымен-ақ өзгеге жегізбей, өзі алатын адамдардың қасиеті деп есептеп, қатты бағалайтын.

– Баяғыда дінге іріткі салғандардың қашып барып паналаған қыстаулары бар ғой, сол жакқа! – деді Пикалов түсіндірмек болып.

– Фартовый бұлағының басында кішкентай үйшіктер бар деседі. Құлап қалды ма, қалқайып әлі тұр ма, құдай білсін?!

– Нерка жак тамаша ғой, – деді омарташы күрсініп. – Болғанмын. Геологтардың барактарын сағалау керек, бара қалсаң. Мен ылғи сонда түнегенмін.

– Ол барактар жайында мен де естігем. Қайбір оңдырып сала қойды дейсің соларды, сеніңкірейі алмай тұрмын оған. Баяғы Балашовтардың баспанасы аман тұрса ғой, шіркін...

– Балашовтардың баспанасы баяғыда-ақ шіріп кеткен шығар. Менің онда қыстап шыққаным қашан еді, әйтеуір жас кезім тұғын. Саған сол геологтардың барактарын сағалау жөн болар. Не дегенмен, ол жерде тұтас бір партия тұрды ғой. Геологтар тастап кеткесін, ол жерді бір жыл Орлов қыстап шықты. Ал Балашовтардың баспа-

насы дегенің қайд-а-а, одан бері тоқсан тоғыз жыл өткен болар. Әншейін аты ғой тек, жұртқа лақап болып тарап кеткен...

– Одан да сен маған мынаны айтшы, – деді Арканя әңгіме арнасын басқа жаққа бұрып. – Егер Пределден, яғни сол аттас жотадан дегенім ғой, мына біз отырған жаққа қарай жүрсе, Фартовый оң жақта болады ғой, солай ма? Ал сол жағың Тайлақ Бура тауы, оның ар жағында Қара Бура жотасы. Солай ма, жоқ па?

– Егер Пределден бері қарай жүрсек пе? – Омарташы ойланып қалды. – Жоқ, олай емес. Онда Қара бура жотасы оң жақта қалады, сосын Тайлақ тауы көрінеді. Ал Фартовый сол жағында сұлап жатады. Міне, былай... түйе өркеш таулар оңға кетеді де, Фартовый сол жағында қалады.

– Сонда қалай болып кетті өзі? – деді, омарташыны әңгімеге тарту үшін ғана жер жағдайын тілге тиек еткен, картаны өзі-ақ жақсы білетін Арканя танырқап.

– Не қалайын сұрайсың? Коля Макандинмен бір қыс мен сонда қыстап шықсам, мұның еш қалай-солайы жоқ, білдің бе!

– Ашуланбай-ақ айтсаңшы, біз біліп алайық деп қана сұрап отырмыз ғой.

– Мен түк ашуланып отырған жоқпын, өздерің емес пе осы әңгімені қозғаған.

– Бұл ашуланып отырған жоқ, Арканя, сен оның сөзіне алаңдамай-ақ кой. Қазір, міне, бір-бір стаканнан басып жіберейік, бәрі де беп-белгілі болып шыға келсін. Сосын бірден анықталады!

– Демек, сол қолыңда Фартовый, оң қолыңда – түйе өркеш таулар қалады ғой?

– Кімдікі дұрыс екен?

– Екеуіңдікі де дұрыс, – деп Арканя күліп жіберді, – сен менің қарсымда отырсың ғой. Мынау сенің қай қолың? Сол қолың ба, жоқ па?

– Сол қолым.

– Ал менің оң қолым.

– Ой, тәңір алсын, жігіттер! Мәнжубас деревнялықтың аты – деревнялық! – деп омарташы да қаркылдай күлді.

Арканяның жүзіне де күлкі үйірілді. Пикалов қасындағы екеудің көзіне жалтақ-жалтақ қарап, әңгіменің көңілді арнаға ауысқанына қуанғаннан есі шығып отыр.

– Сонымен, әңгіменің қысқасы, Балашовтың баспанасына

Шығармалары. Төртінші том

сеніп, боска далада қалып жүрме демексің ғой? Айтар ақылың осы ғой дейім?

– Иә, тағы не айтайын деп ем мен саған... Ол жакқа бармағаныма канша заман! Әлі де болса бара калсам жаңылмай табар едім-дағы, бәр-бәрі көкірегімде сайрап тұр. Бірақ саған ауызбен айтып калайша түсіндірейін! Әлгі Ухалов бар ғой, Петр Панфилович, сол біраз жерді шарлаған адам, ол – әлгі біз айтып отырған маңда да болған. Сөйлесетін адамың, әнеки, нағыз сол! Бірақ ол саған ештеңе айтпайды-ау, кара тас қой ол, тайғаның құпиясын ашпайтын шығар саған. Былтыр әлгі жерде олар солтүстік бұғысының етін өткізуге даярлаған. Миша Ельменов екеуі он бес бұғы атып, етін осында әкеліп тапсырды. Міне, саған керек болса, мәселе кайда жатыр. Баска аңшыларға бірде-бір рұқсат қағаз берілмегені – олардың миына кіріп те шыққан жоқ. Менікі де – менікі, сенікі де – менікі деген сол! Ұқтың ба? Тікұшакпен ұшып барыпты. Акшасын промхоз төлеген. Тікұшак – саған жаяу салпақтау емес, сайтанның сапалағына барып кел десе де, тарта беруге болады.

– Солай болуы керек қой, тікұшак та – катынас құралы. Бригадаларды межелі жерге апарып тастауға баска промхоздар тікұшак жалдайтын шығар. – Арканя жымның қойды.

– Көлік қой дейсін, ә? Ол көлік Ухаловқа берілуі керек те, ал маған, әңгіменің қыскасы, берілмеуі керек пе? Содан мен аяқсыз қалуға тиіспін, ә? Осы да әділдік пе сонда?

– Әділдік туралы мен әңгіме қозғамай-ақ қояйын. Әркімнің өз мұңы бар. «Қолыңнан келсе, қонышыңнан бас» деген емес пе. Менің пәтерім бар. Енді жаңадан салынып жатқан үйдің бітуін күтуім керек, ал мына басты маған не үшін берген? Комбинаттың кәсіподак комитетінің төрағасы менің ас үйімде апта бойы бюллетеньдетіп жатты. Қатынымның дүкенге барудан қолы босаған жоқ. Жатып алып сілтедік. Бір жәшік арақ, бір жәшік портвейн – жаңа пәтер менікі болды да шықты. Заманың түлкі болса, тазы боп шалу керек. Тікұшак, рұқсат қағаз – Ухаловтікі, ал сендерге – аталарыңның как басы! Сөйтіп олар, шамасы, промхоздың жоспарын да орындаған болар, бастықтарға жіліктің майлы басын да ұстатқан шығар. Құда да тыныш, құдағи да тыныш.

– Әй, сайтан алсыншы, сол Ухаловты! Тиынның татын жалаған сорлы ғой, Петр деген Ухалов байғұс.

– Біреуді сыртынан бекер ғайбаттамасаңшы. Ебін тапты – екі

асады, ал сендер қызғанасындар. Әрине, қалтасы қалың кісі ол, -- деді ауқатты адамдарды қатты құрметтейтін Пикалов әлгіні қорғаптан. -- Бірақ басы да қатты істейтінін бекер дей алмайтын шығарсындар. Өте ақылды адам! Промхозбен де тіл табысып алған ол туралы жұрттың бәрі жақсы пікірде; озат еңбеккер, абыройлы азамат, тіпті газетке де мақтап жазып, суретін басыпты.

– Мінеки, дұрыс жасаған, -- деді Арканя да қыбы қанып. – Осылай ету керек те ғой.

– Иә! – Омарташы да келісті. – Былайша қарағанда, бәрі дұп-дұрыс қой. Бірақ онымен серіктес болуға мына мен де, сен де, жалпы, өзін аңшымын деп есептейтіндердің ешқайсысы да келіспес еді. Солай емес пе?!

– Құрысыншы, сонымен бұрын Фартовыйда жұрт талай болған, бірақ қазір жан жоқ дейсіндер ғой, -- деді Арканя әңгіме арнасын өзі білгісі келген жайға бұрып.

– Кім болмаған дейсің ол жерде. Бәлкім, сұпылар да болған шығар! – Аузынан сұпылар туралы сөз шығып кеткенде, біреу-міреу тыңдап тұрған жоқ па дегендей, Пикалов тіпті жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап қойды. – Қысқасы, ол жерде бұрын солардың тұтас бір қауымы да тұрған.

– Бұрын тайгада үлкен-үлкен село болып ешкім тұрған жоқ қой, деді омарташы. – Үлкен селолар айдау жолдың бойында, құйқалы қаратопырақты жерлер мен алтын іздеушілердің мекендерінде, өнеркәсіп оркендей бастаған маңайларда ғана болды. Ал қиян түкпірлер бірлі-жарым қыстау салу арқылы, өз еркімен сұранып барушылардың күшімен игерілді. Үш отбасы тұрса, сол үш үйге ғана жетерлік жер жыртылды, үш үйдің малына да шоп бірге даярланды, омарталарынан малына, малынан аң қағуға да сол үш үйдің бар жаны бірге жүгірісетін. Тайга деген жарықтық – анаң ғой, ақылмен аялай білсең, ала да бересің! Жаңғағы керек пе, жеміс-жидегі дейсің бе, тогіліп жағыр ғой.

– Осылай бола береді екен деп те ойлауға болмайды, -- деді Пикалов қасарысып, -- онда кімді колхозға тартасың? Петька Ванькаға жүгіріп, ол тағы біреуге шапқылап, жоғары жақтың жарлығын жеткізгенше қай заман! Электрді қайтпексің? Күллі тайганың түкпір-түкпіріне сым тартқызасың ба? Мемлекетке де олардан түк пайда түспейді, арақты қолдан қайнатып қойып отырсын дейсің ғой сол! Ал мына жерден, айталық, оларға ЛЭП тартып берсе, ә?

Құдай-ау, ол электр желісі ғой! Білем ғой, мен өзім сонда жұмыс жасағанмын...

– Саппассың сен, Пикалов, саппассың! Бағандарды аяп отырсың, ә; электр желісін тартқың келмейді-міс! Қарлы жолдың үстімен қалаға қайдан тартылды кіре? Ал аң терісі ше? Білмессен, мен айтайын, саған – сол үш-төрт үйлі шағын ауылдардан апарылды! Ол дегенің құрылыс пен өнеркәсіпті қамтамасыз етудің таусылмас қоры ғой!

– Мінеки, тағы да сөзіңнің жартысы дұрыс, ал жартылай – бұрыс,– деді Пикалов басын шайқап. – Қор дейсің, біз де саңылаусыз емеспіз ғой, ондайды түсінетін шамамыз бар, он шақты сиырға тайганың кез келген алаңқайынан бір қыстық пішен шауып алуға әбден болады, оныңа дауым жоқ. Бірақ өзіңнің малыңа ғана даярлап қоймайсың, сатасың ғой сен, жеке меншік мал-жаның тұрғанда, зейнетақы не үшін төленеді ендеше?

– Кім саған жеке меншікшілмін деп отыр? Дүние-малды мына өз қолыммен тапсам да жеке меншікшіл болам ба? Ә! Зейнетақы дейді тағы! Сенің зейнетақыңның орнына әркімнің өз баласы болды, солар асырады, ұқтың ба енді? Жә, сен ақымақпен несіне дауласып отырмын осы мен!

– Дауласпай-ақ кой, оның екеуі де қажет нәрсе, – деп сөзге Арканя араласты. – Маған десе зейнетақы да, бала да, омарта да, колхоз бен техника да – бәр-бәрі керек. Қалайда тайганы игеру қажет. Мысалы, мына менің соған қимам қышптындай дәнене жоқ. Келдім, керегімді алдым – Арканя дегеннің атын ғана естідіндер де қалдыңдар. Бірақ жалпы жұртқа ортақ пайда деген де бар ғой, сол үшін игеру керек екенін кәміл түсінемін. Біріне-бірі жалғасып жатқан қат-қабат шаруа ғой бұл. Жазда – жер жырту, мал бағу, шөп шабу, жеміс-жидек теру; қыста – аң қағу. Күзде қатының біреу сиырын, торайын сатады. Егер сондайдың бесеуін сатша ше? Ол дегенің бір үйге қыруар ақша емес пе?

– Бұған бірдеңе айтудың өзі қиын. Әлгі Балашовтарды-ақ алайықшы, расын айтқанда, олар бұлан секілді ірі-ірі жігіттер еді, кез келген кісіге олармен иық теңестіру қайда бірақ. Әйтсе де осының бәрінің мән-мағынасы қайда жатыр, гәп мынада – тайгада әркімнің өзі иеленген белгілі орны бар, оған сенсіз ешкім аяғын аттап баспайды, берекетін алмайды. Неркадағы тап әлгі тайганы солар иеленген болатын. Фарговыйда олардың орталық қыстауы

тұрды. Алыс жер, ешкім ол жаққа бармайтын да, мазаламайтын да. Жайғасып орнығып алды да, туу ит өлген жерге жаяулап-жалпылап-ақ қатынап тұрды! Несі бар, өлеңін айтып, келеді қайтып. Жағалай құрып тастайтын тамаша тұзақтары болды. Әрлі-берлі аркалап азапқа түспейтін, алдын ала апарып құрып тастаушы еді. Арқаларында кішкентай дорбасы ғана жүретін. Тұзақтарын тексереді – бітті. Кептірінігі алады да, тұзақтағы анының терісін сыпырып, асықпай асын ішіп, шанғысын аяғына байлайды да, әрі гартады. Фартовый мен Неркада олардың орталық қыстаулары тұрды. Сөз арасында айта кетейін, әлгі түйе өркеш таулардың екеуінде де олардың екі үлкен орамы болды. – Омарташы қап-қатты тырнағымен тактай сүргілейтін үстелдің тырналып-жырылған бетін сызғылап қойды. – Олар тіпті Пределдің де ар жағына өтіп кетіп жүрді. Ол жақта да орамдары болды деседі, білмейім. Міне, көрдің бе, қанша тайғаны шарлағандарын. Біздің жігіттердің ішінде де күшті аңшылар көп еді, бірақ әлгі бұландарға теңесер ешкім шықпады. Балашовтардың барған жерлеріне олар да барып көрген, бірақ бос сандатып жүрді-жүрді де, ақыры қойды, тым қашық жерлер ғой. Тайғанын бұлғынын түгелімен құртқан кезде, әнеки, сол тұста еді, бірақ Балашовтар сонда да әкеліп жүрді-ау. Ол уақытта аң терісін әлдеқайда астыртын жоғалтып жіберетін ұрлық-қарлық деген де болған емес. Центросоюзы бар, Заготконторасы бар, жұрт жаппай мемлекетке өткізетін. Қазір ғой, қолдан сатып алатын арнайы адамдардың пайда болғаны. Жұрт бұзылды ғой. Кенсеге апарып еткізсең, қанша төлейді? Қолдан сатып алған адам қанша береді?.. Міне, гөп қайда жатыр. Оның үстіне, шытырлатып қолма-қол санап беріп тұрса! Мемлекетке қып-қызыл зиян осының бәрі, ал сатып алғандар еңбексіз келген арам ақшаны өзара бөлісіп алады, аңшы байғұстың қалтырап-дірілдеп жүргені сол – бүгін ұстап әкете ме, ертең апарып қамай ма деп. Қорыққанда қайда барасын – теріні апарып тапсырар едің, сылдыраған теңгелер сауылдап құйылып жатқанда қалайша қой дерсің!

– Солай ету керек те, – деді Арканя. Көзі жайнап кетті. – Бұлғын қып-қызыл ақша болса, сен ақшанды төле де, ал. Алармандар жүз теңге төлегеннің өзінде пайданың астында қалып жатса, кенсеге жүз сом төлеу неге тиімсіз?

– Ой, соғасындар-ау, кенсе бұлғынның бағасын алармандардың ақысымен теңестірсе, аязда қалған шыбындай арам қатпай ма

## Шығармалары. Төртінші том

олар. Онда ұры-қары атанып, әкесінің құны бар ма; өз бағасына сатып алып отырмай ма, отының басында көңірсіп.

Сарайға қайтып келген Дымка есіктің көзінде, табалдырыққа аяғын салған күйі бұларға қарап тұр. Ендігі егесі менмін ғой деп Арканя өзімсініп шақырып еді, ит оның қасына келді, бірақ үстін сипатпай, анадай жердегі бұрышка барып жатты.

– Егер жаман ит болды бар ғой, бетіме түкір, – деді омарташы. – Өзімнен қайран жоқ болғасын қайтейін, әйтпесе сатпас едім! – Отырғышта теңселіп отырып омарташы Дымкамен қалайша аң қалқанын, бұл ит көрген аңының қыр соңынан қалмайтынын, ізшілдігі мен иісшілдігін, ағаштың басына шығып кеткен аңды жерге түсірмей тұратынын жыр қылып айта бастады; жасырақ кезінде өзінің де талай-талай түкпірлерді шарлағанын, аң-құсы үркітілмеген аймақ іздеп, байлыққа белшесінен бату үшін Пределге де, Неркаға да барғанын әңгімеледі; қалайша суық тиіп қатты ауырғанын да қалдырған жоқ. Қазір аяғы бастырмайтын көрінеді, ісініп кетіпті, әйтсе де ара-тұра қалт-құлт етіп жүретінге ұқсайды. Тамырында бір бәле бар секілді. Өзі сияқты біреумен ауруханада бірге жатқан екен. Әлгі байғұсқа арақ ішуге, темекі тартуға болмайды депті. Ал ол ішетін де, тартатын да көрінеді. Темекіні әйелі әкеліп тұрыпты ауруханаға. Жылайды сорлы қатын, бірақ әкеле береді.

– Әкелмей көрсін, онда бәлем... – сарайдың алдынан өтіп бара жатып, ағаш жаңқалары мен кикым-сиқымның үстінде қорқу дегенді білместен бағанадан бері шылым шегіп отырған еркектерді байкатпай бақылап жүрген омарташының әйелі ауладан күнк ете қалды да, шарасыз кейіпте қолын бір сілтеп, үйіне кіріп кетті.

– Иә, әкеле береді, сорлы қатын. Екі аяқты тобықтың түбінен кесіп тастады темекі тартпа деп! Екі қолдың саусақтарын да қырықты, – қан тамырлары бітеліп қалса, жаны кетіп қалатын көрінеді ғой. Сонымен, саусақтары да қырқылсын, ал ол өз білгенін істей берді: әйда, бәйбіше, әкел «Беломорды» және тек Урицкий фабрикасынан шыққаны болсын. Екі шолақ қолымен темекісін алады да тартады. Сол аузындағы темекісімен өлді, пақыр. Ақыры дәрігер келіп: «Енді қанша тартса да мейлі!» – деп кетті.

– Енді қанша тартса да мейлі! – деп қайталаған Пикалов ыржиып, басын шайқап-шайқап қойды. – Ерім-ақ екендағы!

– Жігіт-ақ екен! – деді Арканя бет-аузын тыржитып, жақтырмай.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИУҰЛЫ

Бұйра-бұйра қазан басын кеудесіне түсіріп, омарташы отырып қалды. ұйысқан шашы мен ақ кіре бастаған сакалына ағаш үгінділері жабысыпты. сөйтті де, кенет басын қайта көтеріп, шыбын айғыздаған электр шамнан көзін айырмай, қалада ұзақ қараған жанарына жас толып, мөлтілдеп қоя берді.

Бітім мен де, – деді омарташы даусы тарғылдана өксіп отырып, – жерді баспайды енді аяғы-ы-ым!

– Қожайын болғанына! Жә, не болды саған? – деді, өзі де кемсеңдей бастаған Пикалов абдырап, – Мұның не, қожайын-ау!

Еңірейейін келіп, сенің орнында мен болсам, омартамды балға бөктіріп қойып отырар едім! – деді Арканя оны жұбатып, – Жоспардан артық бір килограмм бал берсем, ит болып кетейін! Сенің жалқына қарар деп пе ең мені! Өмірі өйтпес ем! Қалаға апарып, бөс сомнан айласам кәйтесі одан да! Амалсыздан өздері-ақ алады! Естимісін, тіпті рақметтерін жаудырар әлі, бұным қалай?

Сірінке түсіріп алмаңдар. Үйге кіргендерін онды болатын еді, – деді омарташының әйелі жылап отырған күйеуіне қарап, есік көзінде тұрған күйі.

Екі аяқтан айырылып томардай болып қалған тұла бойын түгел қозған, көзге көрінбейтін әлдекімге кіжіне қолын сілттеген омарташы үстел үстіндегі стаканды жеңімен қағып, ұшырып жіберді. Арканя да әлденеге қолын сілтелеп отыр, Пикалов та қолын қимылдата бастаған. Олар бұлдыр бір ортада ортақ мәмілеге келген сияқты және әрқайсысы тек өзінікін ғана жөн көріп, қасындағылар маңызды мәселеде тек соның айтқанына ғана құлақ қойып отыр деп есептейді. Арканя омарташының әйеліне мән-жайды түсіндірген болаты:

Сіздерді қалаға, комбинатқа әкету керек. Азық-түлікті дүкеннен аласыңдар. Өмір сүре білу қажет қой. Деревняның сапаштары, айтасын келіп, айтасын келіп, сендерге! Бәлімше-е-е! Бұйрығымды тыңдаңдар, қане!

Жұп-жұмсақ жаңқа үстінде жанғайып жатқан стакан аяқ астында әрлі-берлі домалады...

Мойнына жіпті күрмең байлаған Дымка қайыққа мінгізерде қанша сүйресе де қасарысып-ақ бакты. Арканя ілгері тартады. Пикалов етігімен иттің артынан итереді. Ақыры олар Шунгулеушті бойлап ағыспен төмен құлдады, Пикалов моторды от алдырмақ болып әлденеше рет тырысып-ақ еді, бірақ онысынан ештеңе өнбеді.



Шығармалары. Төртінші том

Қайтар жолда моторсыз-ақ ептеп-септеуге әбден болатын. Шунгулеш – ағысы қатты өзен. Қайықта отырып алып олар әнге басты. Дымка жол бойы артқа караумен болды, қайта-қайта қайықтан қарғып кетуге де әрекеттенді-ақ. Селоға жақындағанда қарсы алдарынан әуілдеген иттердің даусына елегізіп кана Дымка ілгеріге көз тікті. Пикалов қарлығыңқы дауыспен барқырай берді.

Қайырып қойып қонышты.

Қалай да қалай билеймін!

Жырақта қалған балалық дәуреннің көлбеңдеген көріністері көз алдына елестеп, Арканя әлдебір жайларды еріксіз есіне алып отыр: мұны тәрбиелеген атасы мен әжесі ара-тұра ішіп алған кездерінде екеуі қосылып ән айтатын немесе құтырып частушкаға басатын; соның ішінде осы «Қайырып қойып қонышты» дейтін ән де бар еді, сонда бұл – қызыл көйлекті құйттай бала бөлменің қақ ортасында жалаң аяғымен жер тепкілеп билей жөнелетін-ді. Қазір де сол әнге қосылғысы келіп комекейін қырнап еді, сөздерін есіне түсіре алмады, ұмытып қалыпты, жадында сақталған тек «Ладушка» мен «Ландыши-камыши» ғана болып шықты.

Күзге салым күңгірт тартқан ну тоғай тек екі жағалауда ғана ағараңдап анық көрінеді, онда да ағарып тұрған ақ қайындар мен боз талдар, сосын – жанындағыларға қарағанда ертерек жадау тартқан бірен-саран балқарағайлар ғана. Қараңғылық әлі қоюлана қойған жоқ-ты, ымырт енді ғана үйіріліп келе жатқан.

## II

Арканя ертесіне басы мәңгіріңкіреп тұрды, жыл өткен сайын, осындай ішіп қойған кездерінде таңертең ауыратын болып жүр, сыртқа шығып, түнде қалаға байлап қойған итінің жай-жағдайын тексерді. Кеше ит Арканяның өзін бе, Пикаловты ма, әйтеуір екеуінің бірін қауып алған-ды, кімді қапқанын Арканя есіне түсіре алған жоқ, бірақ қапқаны анық, әйтеуір. Қазір Дымка оған тым кішкентай болып көрінді. Қарны да жер сызып тұр. Бауыры салақтап кеткен секілді. Аңшылықтың қызған кезінде күшіктеуі сөзсіз. Арканя суға піскен картоп пен жарты бөлке нан әкеліп алдына қойды. Дымка жеген жоқ, жаңа қожайынынан теріс айналып кетті. Алғаш қарағанында иттің аяғының табан бүрлері Арканяға тозып қалған секілді көрінген еді, қазір аңдаса – жо-о-оқ, жаман емес, башайларының басы бүрісіп, ізі – тек ұрғашы итке тән

ұзындау демесең, түймелене тұтас түсетін түрі бар. Демек, аяғы әбден жарамды деген сөз.

– Екеуміз осы тәуір ит тауып қайттық-ау деймін, – деді Арканя, ойындағысын емес, тіліне оралған сөзді айтты.

– Аңға шығайын деп отырып, сөйтпегенде қайтесің?

– Әншейін айтып жатқаным ғой. Емшегі салақтап кетіпті. Ішіне бір тепсем, шаранасындағылары шашылып қалмай ма?!

– Жо-о... болмайды өйтуге. Онда иттен біржола күдерінді үзе бер.

Пикалов екеуі бас жазып алды да, ертен аузы аңқайып айдала-да қалмау үшін, қайткенде де тағы бір ит тауып алуға бел буды. Қандай ит болса да бәрібір. Қаңғып жүрген көп бұралқының да бұлғын қуатыны бола береді. Ата-бабасынан бері аула қорудан басқаны білмейтін жаманның, – міне, саған безгелдек, бір күні бұлғынды безілдеткенін көрсең! Бір-біріне осындай оқиғаның талайын тамсана айтқан олар зәуі шайтан сондай итке ұшырасып қалармыз деп, таныстарын сағалап деревняны кезіп кетті.

Жатса-тұрса екінші ит тауып алу есінен кетпей қойған Арканя жұрттың әңгімесіне ынты-шынтымен құлақ қойып-ақ бакты, өзі аздау ішіп, әлдеқандай аңғалдау аңшылардың бірі болмаса бірінің аузын аңкитып, оған елдің көзінше көп ақша төлеп, қалайда итін қағып кетудің амалын қарастырумен болды. Арканя мұндай кулықтың талайын бұрын да жасаған. Турасын айтқанда, бұл – оның сыннан өткен байырғы әдісі еді. Ішіп алған аңшыға екі дүние бәрібір, сондай кезде басын айналдыр да жібер. Ондайда екі адам болсан, тіпті жақсы, қасындағы кісі тек қоздырып қойып отырса болды, қалайша қолқ ете қалғанын білмей де қалады. Ол аңшы есін жиғанша, ақша – қалтасында, иті – басқа біреудің жетегінде кете бармай ма! Алдап алған ештеңесі жоқ, сатқан – өзі, қуәлары – қасында. Оның үстіне ақшасын көбірек төлеп кетсең, адалдығын соғұрлым айкындала түседі. Ертесіне кейбіреулерінің қан қақсап қалатыны бар – ендеше неге кеше іші кепкенше бөскен, ол қарқылдауық қара қарға?

– Аула толы ит, солардың бірін алмаймысың? – деп қағытты жігіттер; бірақ Арканя ондайға айылын жия қойған жоқ.

Кешкілік бір үйде қонақта отырғанда, – қыдырыстарының аяғы үй адақтап, арақ ішуге айналып кеткен-ді, – потребсоюздың бір жүргізушісі Арканяға ауласындағы итін сатып алуды ұсынды:

## Шығармалары. Төртінші том

содан, бәлкім, бірдеңе шығып қалады мыс деп үміттенеді екен, өйткені арлан итінің енесі – бір кезде бүкіл Шунгулешке әйгілі болған Альма дейтін қаншықтан тарапты. Иесі аңға салып көрмеген, бірақ ауласында аялап ұстайды екен.

– Арлан ақылды, елгезек, айтқаныңды ұға қояды, бірақ несін жасырайын, төбелес болып жатқан жерге қойып кетеді, қазір де маңдайының дал-дұлы шығып жүр, Верныйдың атасы (итінің аты осылай екен) атақты таласқыш, баяғы Шеленковтағы қойма күзететін дәу төбет бар еді ғой, сол екен. Верныйдың мінез-құлқы да тап сол атасынан аумай қалған, атаңа нәлеттің, бірақ енесі, Альманы айтам-ау, жақсы қаншық еді. Оны кезінде аюға да, бұланға да салған, бұлғын қудыруға да таптырмайтын ит деп жүретұғын жұрт. Ақыры сол бұланның тұмсығынан тістеген күйі мерт болды ғой Альма.

Жүргізуші еріншектіктен ешқашан аңға шығып көрген емес-ті, оның үстіне қабақтай қарны да көп қозғалуға ерік бере қоймайтын, қазір де, міне, үстелге сыймай, қырындап бір бүйірімен әрен отыр; машинасы жүріп келе жатқанда да темекі тұтағып алу үшін рульді қарнымен басып отыратын көрінеді.

Қызып отырғанда арлан итін арзанға түсіріп ала қойсам, содан ұтылмас едім деп ойлады Арканя ақырын ғана іштей есеп құрып. Азық-түліктен артылған ақшасын – отыз сомды – ол бәрібір ішіп қояды, тайғаға тиын-тебен арқалап бармайды ғой, ал тікұшаққа төлейтін ақшасы плексигластың астында мұрты бұзылмастан жатыр. Тағы не керек енді? Тек ит қана! Бұл – онай оспақ емес. Тиын-тебенді бәрібір құртпай тынбайды. Сол ақшаны осы қазір қарсы алдындағы шоферге бере салса ше, онда амалын тауып, айдалаға кеткенше, сол ақшаға арақ алғызып, осы жерде бәрі бірге бөліп ішпей ме. Мынау алпамсадай салиқалы еркек қарны қабақтай болып, ол ақшаны үйіндегі айнаның алдына апарып қоймайтын шығар! Осы жерде-ақ басына су құйғызып тынбай ма ол ақшаның! (Арканя осы жолы есебінен қатты кателесті, өйткені бұл деревняның еркектері әдетте он сомға жетпесе ішетін де, одан да көп болса артығын айналарының алдына апарып қоятын).

Арланы – қызыл ит екен, сүйегі ірі әрі болбырлау бос етті көрінді (бос етті болғанда оны көрмеге қояйын деп отырған бұл жоқ қой; ондай-мұндай алғашқы күндердегі ала сүргіннен аспай, сылынып қалмас деймісің), бой-сойы да жаман емес секілді, тек

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

аяқтарының арасы тым алшақтау және күйрығы түскірі көпек иттікі сияқты салбыранқы екен, бірақ көзі – ұры тазының көзі секілді жылмаңдап, ұғымталдық танытып тұр, екі езуі бөрібасардікіндей, салпы ұртты, салқы төс. Анау айтқандай бір үміт артарлық ит болмағанмен, жанарына қарасаң – жай көпектің де бірі емес сияқты.

Шынжырынан каттырақ ұстап, шегіншектеген итті жүргізуші көшеге қарай сүйрей жөнелгенінде, Арканя мен Пикаловты ол үйіне шақырмағаны былай тұрсын, аула сыртына қалдырып кеткенді, үйінен жүгіре шыққан қызы:

– Сен немене, көке, массың ба? – деп таңырқай қарады.

Бұл екеуі мұрттарынан мырс-мырс күліп тұр. Верныйдың мойнына жіп тағып (қарғыбауы қолдан соққан әп-әдемі нәрсе екен, бірақ Арканяға оның түкке керегі жоқ еді), талдан тоқылған шарбакка байлап қойды. Верныйды мына кісілерге сатып жібергенін сонда ғана ұққан қыз жылап-сықтап, әкесіне жалына бастаған. Осы кезде үйден әйелі де шығып қалып: «Қорасындағы итін сатты деген не сұмдық!» – деп күйеуін қызартпақ болып еді, әзіл-қалжың үшін әдейі істеп жүрген кісіше жүргізуші оның сөзіне өп-өтірік күліп, бірақ отыз сомды әйелінің алақанына салғанда еш ойын-оспақсыз, біржола салып тұрып: «Мә, Алевтина. Біздің Верный бүгін бір торайға айналып кетті!» – деп ыржып қойды.

Ауыздары сылп етпей, қуыс үйден құр шыққанмен, бұлардың да қосыла күлмеуге шарасы қалмай, шаруаларын бітіріп, жөндеріне кете барды. Жүргізуші қызы шала бүлініп, жылап-еңіреп итінің соңынан қалмай, Верныйдың кара тұмсығынан сүйе берді. Қызды қатты аяп кеткен Арканя оны қайта-қайта жұбатып, Верныйдың жағдайы жаман болмайтынын қайта-қайта ежіктеді. «Біз Верный екеуміз орманға барып, онда бұлғын аулаймыз!» – деп қойды.

– Бұлғын ауламақ, – Пикалов кекесінмен мырс етті, ол әлгі ақшаның ортақ қазанға түспей, әлдекімнің қалтасына сүңгіп кеткеніне күйініп келе жатқан-ды, мықтағанда бұдан қызыл-қуырдақ қана шығады. Тайыншадай болған түрін көрмейсің бе?!

Верный, шамасы, үш-төрт-ақ қар басыпты, бұл туралы айтқандарында жүргізуші мен әйелі шатақтасып қала жаздады. Күйеуі – әуелі снырымыз бен баспағымызға баспана салғанбыз, Верныйды сосын алдық десе; әйелі – әлдеқашан сүйегі қурап қалған әке-шешесін қуға тартып, осы жаңа қораны салғанша күйеуінің

Шығармалары. Төртінші том

құлағының құрыш етін жеп, күнде еңіреп жүргенін есіне алып, осы бір шаруа орнығып, көңілі жайланардан бір жыл бұрын ғана Верныйды асырап алғандарын барынша дәлелдеп-ақ бақты. Қара топырағы аударылып тасталынған бакшаның түкпір жағында тұр екен әлгі қоралары. Іргесін бөз-бөз жаңа бөренелермен бекітіп, ескі моншаның орнына қарағайдай ғып қайта тұрғызған қора-жай – алдында ауыз бөлмесі бар, жып-жылы, ұядай ғана үйшік екен. Одан беріде өткен үш-төрт жыл дегенін – итті қайтадан үйретіп, бойындағы қабілет-қасиетін жаңадан оятуға онша көп мерзім емес. Оның үстіне, әдетте, арлан ит қаншыққа қарағанда жарты жыл, кейде бір жыл кеш жетіледі.

### III

Шунгулештің бір саласы – Нерка, әнеки, түнерген тайганың кара көлеңке қойнын тесіп өткен жалғыз-жарым күн сәулесінің шұғыласын кейін серпіп, тоғайдың табанында көмескі жалтырап жатыр, әр жер-әр жерде ойдым-ойдым көлшіктер, томарлар жылтырайды. Жоғарыдан төменге қадала қарап келе жатқан Арканя соның бәрін – көз алдында көсіліп жатқан тайганың қуыс-қалтарысын, түкпір-түкпірін түк қоймай есіне сақтап қалуға тырысып-ақ бақты: әнеки, анау – ертең, сол жерден өзен шұғыл бұрылыс жасапты, мынау – томар, әнебір көрінген – сусыма шағыл тастар, міне, аяқ астында, жалаңаш жақпар көрінді...

Бұлар Фартовыйға жете алмады, төбесінен айнала ұшып едәуір уақыт жүрді де, одан бес шақырымдай жердегі өртеңге қайта оралды: тобесімен көк тіреген қарағайлар, қалың шырша, кара дауыл құлатқан кикы-жикы ағаштар мен үйелмендей болып үйіліп жатқан бұта-шырпыларға толы тусыраған кәрі тайга қонуға мүмкіндік бермеді, ит тұмсығы батпас ну екен. Жаз бойы жайқала өскен өртеңнің де оты белуардан келіп, киіздей тұтасып, қақалып тұр; жердің ой-шұңқырын жасырып, жынды жел мен нөпір нөсер шалғынды жапыра жығып кеткен тұстары да аз емес. Үлкен-үлкен қазан шұңқырларға кара сулар іркіліпті, олар шарайнадай жалтырап жатыр. Арканя: «Осы жерге қонайық!» – деп ұшқышқа қолын сілтеді. Бәрібір, – деп ойлады ол, – Фартовыйдан баспана табыла қалса, сонда көшіп алармын; таба алмасам, яки бұрынғы қыстаулар шіріп не өртеніп кеткен болса, осы өртеңнің шетіне-ақ итарқа құрастыра салмаймын ба? Жоғарыдан қарағанда бұл маңайдың

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

көптен бері адам аяғы тимеген, егесіз ең жатқан тайга екені сезіліп тұрды. Жыл өткен сайын осылайша қаңырап қалып жатқан тайга қаншама! Соңғы рет бұл манда кім аңшылық құрды? Ал игерілген тайгада жер тарылып, жылдан-жылға аяқ басар жер қалмай барады. Таяу мандағы тиімді орындар тым қымбаттап кетті, сол үшін аңшылар екі күннің бірінде қыркысады да жатады; ағашы алдымен қыркылатын жерлер де – сонда, аң-құсы алдымен құритын да – сонда. Адам аяғы жетер жердегі тайга – аңшылардан қайысады! Ал мұнда – рақат! Осының бәрі жұрттың әбден немқұрайды болып алғанынан. Бұл жер менікі деп жатқан біреуі жоқ, тіпті біздікі де демейді! Қолым жеткеннің бәрі – менікі, қолыма түсетіннің бәрін бүгін алып қалам, әйтпесе оны ертең біреу қағып кетеді деп есептейді. Кез келген қаңғыбас – шартқа отырған адамбысың, жоқ па, – кел де, қолыңнан келгеніңше сарқып қал. Мамайша шап, тала! Келімсектер, іс-міссіз сандалып жүрген қаңғыбастар, маусым қуғандар өз алды-на ғой! Түктің мәнісін білмейтін, иіс алмас туристсымақтың өзі-ақ тәңіректі түгел шарлап, түгін қалдырмай жылан жалағандай қылып барады. Өйткені тайга ешкімдікі де емес...

Сонау төменде егесіз ашық-шашық жайрап жатқан тайга Арканяның жүрегін атша тулатып жіберді: анау жоғарыдағы қырка-қыратты кезесің бе, төмендегі тоғай-тоғай нуды шарлайсың ба, асу-асу белдерден асасың ба – бәрі сенікі! Тек үлгеріп қал, Арканя!

Жиырма бес сомдықтан жүз сомға жеткізіп қойған ақшаны ұшқыш селсоқтау алды.

– Қанды басың бері тарт! Сендер солай деуші ме едіңдер, қалай еді?

Қалбағайы жын қакқандай құтырына үйіріліп, табаны тайгадан ажыраған тікұшақ көтеріліп кете барды. Арканяны әкеліп тастаған ұшқыш қатерге басын қатты тігіп келген-ді, ал аңшы жігіт қандай істе де, ұшқыш бол мейлі – тәуекелшіл кісіні тәуір көретін; мәселен, өзі қалтасы қампаятын жерден ешқашан қашпаған болар еді.

Иттер иіс қуып, жан-жақтарын шолып, өртеңді кезіп кетті.

Қыстауды қалай тапсам екен деп Арканя іштей жоспар құрып отыр. Күйік шалған шөп-шалам мен бұта-шырпылардың үстінде отырып, – шалбары таза ма, күйелеш-күйелеш кір-қожалақ па, оған енді бәрібір еді, – ол мынау жаңа мекенінің жай-жағдайына

## Шығармалары. Төртінші том

үйренісе беруі үшін, осы бір өзі баяғыдан, көп жылдардан бері армандап жүрген, ақыры, мінеки, келіп те жеткен, енді қазір бір маусымға болса да бір өзі жападан-жалғыз иелік ететін, жұрттың айтуынша, аң-құсқа аса бай қонысына бойын үйрете беру үшін, сонау-сонау қырқа-қыраттарға көз жіберіп, жан-жағын шола баптады.

Екі тең жеңіл жүгі бар еді, – ашықауыз неме, бұл жолы да азық-түлікті аздау қамдапты. «Оның есесіне арқалауға жеңіл, – деп жұбатты Арканя өзін-өзі. – Ештеңе етпес! Мүйізі карағайдай хайуанның бірін жығып алсақ, қиялап тураған тоназыған ет жеп отыратын боламыз әлі».

Қолындағы көкшіл картасы бойынша, қазір бұл анау аласа төбенің астына түсіп, төмен құлдауға тиіс, егер сол маннан бұлақ ұшырасса, Фартовый – осы болғаны; ал бұлақ Нерканың арғы бетінде, оң жақта болатын болса, ұшқыштың саппас болғаны; демек, бұлар жыраққа қонған, сол жерден Тайлақ Бура тауы мен Қара Бура жотасы іркіс-тіркіс созыла бастайды деген сөз, одан жоғарырақта – аты құлаққа жып-жылы тиетін Болонгуй дейтін кішкентай бұлақ қалуға тиіс.

Арканя қапшығынан балтасы мен мылтығын алды да, бөлшектеп қойған от қаруын сол бойда дереу қайта құрастырып, оқтап қойды. Мылтығы – онша ыңғайлы мылтық емес-ті, бірақ қанды қаруы еді; асығыста атылған патронды алысқа лақтырып жібергізбеу үшін, эжекторын қажетсіз деп өзі алып тастаған он алтыншы калибрлі «зимсон» болатын. Ол ештеңе емес-ау, мына балтасы түскірге назар аудармағаны онша оңды іс болмаған, Арканя қазір соған өкініп отыр – жаңа қараса, балтасының басы бұлғақтап тұр екен. Ауыз құрғатпай арақ іше бергенше, жарамды балта тауып алсашы. Әй, осы бір кержалқаулығы-ай, кежегесі кейін тарталды да тұрады осы... Сосын «бас аман болсыншы, неғылар дейсің» деген бір көзжұмбақ батырлық... соның кесірінен бір күні қақпанға түскен қасқырдай шоңқиып отырып қалмаса неғылсын.

Әйтеуір әзірге аман келе жатқанына шүкір. Кім біледі, тайганың тарам-тарам түкпірлерінің бірінде сүйегін тірі пенде таба алмай, тышқан мүжіп, жаңбыр шайып, шөп басып, іріп-шіріп қала барар. Арқасына салып мықшындамайды, тікұшақ көтеретін сол пәленің бірін – Пикаловтың дәу балтасын ала салғанда ештеңесі кетпейтін еді ғой, онсыз да әлгінің үйінде балтадан көп нәрсе жоқ.

Ең болмағанда энебір отынның үстінде жатқан, сарайындағысын іле кетсе ғой. Енді қазір мына бір құрғырдың жінішке сабы сынып қала қойса, ит болып ұлысаң да зарынды тыңдар тірі пенде жоқ.

Жолға азықты ықшамдап қана алып, Арканя ойдағысын жүзеге асыруға кіріскен-ді: әуелі аласа төбеден асып, сосын етекке түскен – сол жағынан іздеген бұлағы ұшыраса кетті; бәрі де картасындағыдай әрі өзінің көңіл жобасындағыдай болды да шықты; ең бастысы, Арканяның эрқашан өмірінде де, осындай тайга аралаған кезінде де ұстанары, жалғыз сенері – өзінің түйсінуіндегідей болып шыққаны еді. Демек, бұл – Фартовый болғаны!

Адасып қалып жүрмейін деп (пәлесінен аулақ), заты қалған ертенге қарай бұрылар жерге ол ағашты кертгіп белгі салды да, бұлақты өрлей жоғарыға тартты. Арканя алдымен ескі қыстауларды, эрине, олар әлдеқашан шіріп кеткен болса да, тауып алғысы келген; алайда алдынан аңғал-саңғал, бірақ сүйегі аман тұрған барактардың бірі тап келе кетсе де, – ондай баракты жылытудың өзі онайға түспейтін шаруа ғой, – соны да іші жек көрместей еді. Мұндай барактарда және сынған ара, сабы жоқ балта деген сияқты көр-жер эрқашан коқыр арасынан табыла беретін. Тіпті баяғы дінге іріткі салушылардың қыстауларын тауып алам десе, онда қуыс-қалтарыстарды, жыра-жықпылдарды, сай-салалардың түкпірлерін тінткілеуі керек, олар өз мекендерін сондай көзден таса жерлерге жасырған.

Жолшыбай Арканя аспанға бой созған балқарағайдың белінен біреудің қабықтана бастаған ескі белгісін ұшыратты, демек, бағыты дұрыс болғаны, сол-ақ екен, сергек адымдай жонелді. Сөйтіп келе жатып, екінші белгіні де көзі шалды, тіпті жақсы... күллі тайгадағы сокпақтар қыстауға жақындағанда бір-біріне қосылып, бір жерде тоғысуға тиіс.

Пәлендей атақты болмағанмен, әлдеқандай аңшылардың бірі бұл жерде біраз бұлағай салған секілді, белгіні жиі-жиі соғып отырғаны соның айғағындай. Геологтардың бірі болуы да мүмкін, оның. Әдетте, нағыз аңшылар тек қатын-баласы үшін ғана белгіні жиі салады. Дұрысында, тап осы геологтардікі болуы мүмкін, өйткені олар жүрген жерлерінің бәрінде жолдарын аршып, белгі соғады да отырады.



Төменірек жүргісі келіп еді, шылқыған су аяқ бастырмады. Айырықтың табанында әр жерден бір жылауық көз шығып, жылаңқылана су ағып жатыр, әнебір жерден көрінген ескі сокпакты да су басып кетіпті, демек, оның қысқы сокпак болғаны; енді беткейдің жоғарғы жағында құрғақ, жаздық сокпак та болуға тиіс. Жанылысып қалмау үшін әрі уақыт кетірмейін деп Арканя ылғи ылди бетпен жүрді де отырды. Қысқа қарай киім ауыстырғанында алғашқылардың бірі боп қағып түскен қысқы жұмыс бәтінкесімен лайсаң-батпағынды елемей, көп жерлерде төтелей тартты; ак резенкеден тігілген жапон етігі – «ботфорты» да бар еді, оны кейінге сақтап қойған; соның өзі қазір сәндіктің ең күштісі болып тұр-ау: ревматизм болғанына қарамастан, қысы-жазы соны киіп алып, тайғаға тартып жатқан бір жұрт. Ал мұның қысқа сақтаған құнды мүлкі де бар-ды, онысы – үйге де, түзге де киюге жарайтын, аң терісінен тігілген етігітұғын. Ойда жоқта ұшырасқан бір шал тігіп берген. Кіе бастағанына үш жылдай уақыт өтті, ұлтанынан ғана ептеп дымқыл өтетін болып, сыр беріп жүр. Жаксы былғары таба алмай, фабриканың қатқан қайыстай пәлесін салғызуына тура келіп еді, оның да септігі аздау тиіп, қайтадан шолак ұлтан қостыруға мәжбүр болды (онысы жарамды болғанда, резенке етік іздеп сандалатындай несі бар еді).

Қазір Сібірдің аңшылары өз қолдарымен аң терісінен етік тігуді әлдеқашан қойған, көбі мүлде ұмытқан. Сосын фабрикада аң терісінен тігілген етіктер дүкенге түсе бастап еді, кейін олар да сап болды. Он аяқ, сол аяқ дейтіні жоқ, қайдағы бір көн шоқайға ұксаған кеспірсіз етікті он тоғыз сомға бола кім ак тер, көк тер болып тіге қойсын? Ондайдың ешкімге қажеті де шаматы. Былғарысы да бұрынғыдай емес. Қонышы да онып тұрған жоқ. Баяғы деревнядағыдай емес, басқаша әліспен, химиялық жолмен өңдеп, қалада ғана тық-тық басып жүруге арнап шығарғасын не онсын, шалғынды бір кешіп өтсең – табаныннан дымқыл білініп шыға келеді. Аң терісінен етік тігудің жай-жапсарын түгел білетін қарттарды жинап, жастарға үйреткізіп, артель құрса ғой. Он шал он деревняны тайғаға қиетін аяқ-киіммен түгел қамтамасыз етер еді. Қазір резенкеге көшіпті бәрі!.. Ревматизмнен басқа не табар екен содан. Ертең қарттардың көзі жұмыла қалса, аң терісінен тігілетін, су өткізбейтін етіктің жағдайы не болар екен?

Қыстауға келіп қалғанын Арканя тұла бойымен түгел сезді.

Тоқтай қалды да, бірден біле қойды. Егер ол химкомбинаттың қолы алтын адамдарының бірі – атакты слесарь болмай, есепте тұрған байырғы аңшылардың бірі болды бар ғой, – әрине, бұған қоса аң терілерін кенсе тірі бәсімен алар болса, – онда мұның тұрақты мекені тап осы тайгада, Фартовыйда болар еді, тап осы жерге ол өзінің басты қыстауын салар еді. Осы бір айырықты қоныстанар еді. Өткел салар еді анау бұлаққа. Үлкен-үлкен дөңгелек орам жасап, әрқайсысында жүз тұзақтан бар бес-алты сондай орамды тексеріп қойып жатар еді. Әнбір көрінген алаңқайдағы шалғын ба, шабар еді содан шөпті атына. Мәжінүн Елифанов айтады: «Жалғыз атқа шөпті қолыммен жұлып берсем де, таппаймын ба», – деп. Қолмен жұлып қажеті қанша, шалғы әкелер еді бұл. Күп-күрғак, қыстап шығуға қолайлы-ақ жер, ауыз суы да іргеде. Жан-жағын самсаған самырсын, жас та емес, жасамыс та емес, балтамен періп қалсаң, зыңылдай жөнелгелі тұрған нағыз белағаштың өзі; ұшар бастарында қол гранаттай болып, көп-қоңыр жаңғақтары салбырап-салбырап тұр. Монша да салып алар еді! Дүниенің рақатын білмейтін, маусым бойы үстерінің кірін де шаймайтын, мұндағы мәнжубастарға ұқсап жүрмес еді бұл. Ол байғұстар да қайтсін-ау, бекітіп берілген белгілі аймақтары жоқ, бүгін сен үй-жай салады екенсің, ертең оны Федькаға беріп жатса, қайдан ықыласың бола қояды. Ыстық моншада рақаттанып шабынып жатып: «Моншан ғажап екен, мың рақмет-ай саған, достым», – деп тырқылдап келіп күлсін бе!..

Қыстау, әне, тұр. Шөп басып кеткен соқпақтардың бәрі соған, анау тұрған геологтардың барактарына қарай, әрине, тоғай-тоғайдың арасымен ағылады. Бес метр де бес метр – гараж! Іргетас орнына бұраудың құбыры төселіпті. Құбырдың қуысын шымшықтар шоппен толтырған, оларға ұясын қайда салса да бәрібір. Дауыл құлатқан дәу бәйтерек шатырдың шетін соға жығылған екен, үйдің төбесін қисайтып жіберіпті; әуелде өзін бір әумесер қызық үшін өртемек болған секілді: шайыры қайнап шығып қатып қалыпты, қабығын қиғаштай шапқан жерінен от жібергені байқалып тұр. Жан-жаққа ұшқан жаңқалар да ескіріп қоңырқай тартқан. Үйдің терезесі түгел екен, тек есіктері жоқ болып шықты. Іші ыза тартқан, қабырғалардың әр жері көгеріп, шірі бастапты, сылағы түскен тұстардан саңылау-саңылау тесік көрінеді. Пеші қап-қара күйеге қақалып қалған, бірақ ошағы

Шығармалары. Төртінші том

аман екен, қабырғаны тесіп жасаған түтін тартқыш – «көмей» де сакталыпты. Қазандықтың асты кен қуыс. Қарауыл боп қалған Орлов тұп-тұтас қарағайды бірден әкеліп, отты аямай-ақ жаққан болуы керек. «Әлдекім есігін жұтып әкеткені ғана жаман болып тұрғанын қарашы. Қандай доңыздың дәті барды екен?» – деп ойлады Арканя түнеріп. Бірақ енді, әйтеуір итарка тұрғызып әлекке түспейтіні, түнгі аяздарда тісі-тісіне тиіп дірдек қақпайтыны, маусым бойына ауа райы әлдеқалай болып кетеді деп осында ала келген кенеп шатырдың астында итше бұратылып бүрсеңдеп жатпайтыны есіне түскенде, қуанып та қалды. Оның қасында бұл – хан сарайы ғой! Есік жасау дегенің жарты-ақ күндік жұмыс: әнеки, он кісі жатсаң да сыярлықтай тактай сәкі тұр, соның жартысын суырып ал да, шегелерін жұлып-жұлып тастап, есік жаса. Әлдеқандай бір алаяқ турист есікті жағып, өзінше алау жасаған жерден Арканя тот басқан топсаларды тауып алған-ды; олар құдды музейден әкелінгендей жасып, қарайып кеткен екен, бірақ ілдебайға жарайтын түрі бар.

Арканя қу бұтақтарды құшақ-құшақ әкеліп, қазандық астын әбден сықай толтырды да, ошаққа от жағып, көк ала түтінге қақалып-шашалған күйі үйден төртаяқтап әрең қашып шықты, тесік атаулының бәрінен қою түтін ғысқа бұркырап жатыр, бұркырап жатыр. Мейлі, енді кебе тұрсын, оған дейін бұл жүктерін тасып алмай ма!

Дымқа жол үстінде ұшырасты. Сосын бұталардың арасындағы қылт-қылт еткен Верныйдың төбесі де көрінді. Олар қаңғып-қаңғып, ақыры Арканяға қызмет ету үшін қайтып келгенді. Маңайды қанша шарласа да, шамасы, мұнан басқа бір тәуірірек адамды таба алмаған болулары керек.

Қайта-қайта мықшындап жүргенше, бір-ақ рет қиналайын деп (сөйтіп тезірек орналасып алып, осы жерге дереу иелік етуге кірісу үшін). Арканя екі қапшықты бірден еңкілдей көтеріп ала жөнелді. Таяу маңнан ит үргендей болған. Аяқ басуы мұн болып, әрбір шақырым сайын алқынғанын басу үшін тынығуға мәжбүр боп келе жатқан Арканя: «Бұл иті түскірлер неге үре береді?» – деп ойлап қояды.

Орман түрлі түсті бояуға малынып, күзгі шуаққа шомылып тұр, ауада күздің қатқыл ызғары да сезіледі. Бұлақ суының іркіліп барып жайылған жері жапырақ пен қылқанды бұталарға толып-

ты. Тайыздан шабақ қуған шынашақтай қарабалықтар зуылдап өтіп жатыр. Әлгінде келе жатқанында жолшыбай кекілік көрген, қайтарда да бірнешеуін ұшыратты. Әлдеқайдан саңырау құрдың құркылдағаны естіледі. Қанаттарын сабалап, «құр-құ-құр» деп қояды. Шық басқан шөпке бұғы тектестердің екеуінің ізі түсіпті, томар үстінде текесінің ізі қалған. Бірақ Арканяның оған бас ауыртып жатуға мұршасы жоқ еді, оны аландатқан – иттің абалаған үні болатын.

Әрі-беріден соң Верныйдың да даусы шықты; үзік-үзік, әу-әу еткен қою дөрекі дауыс. Даусының мұндай күшті болғанына да Құдайға шүкір, қыстыгүні ондай дауысты қияннан, төрт шақырымдай жерден естіп-ақ бара беруге болады. Дымканың даусы шабалаңдаған ащы-ақ, ызакор үн.

Арканя баракқа қас қарайған кезде әрең жетті, қалада сыбай-салтаң жүріп жаман үйренген аяғының тізесі дірілдеп, көк ала терге малшынған арқасына бешпенті жабысып қалыпты. Қараңғы түсе күн қатты суытып, шөптен бу бұрқырай бастады. Барактың іші саңырауқұлақ сасып, әлі кеуіп үлгермепті, сондықтан Арканя онда түнегісі келмей, алау жағып, от басында отырғанды хош көрді. Қоналқаға орын даярлап алған соң, барак түні бойы кебе берсін деп ошаққа отынды сықай толтырды да, Арканя от басында отырып шайын ішті, жақсылап темекісін тартып алды; рақаттанғаны сонша, алғашқы күннің хикметінен отырған орнында қалай ұйықтап кеткенін де білген жоқ. Ауық-ауық оянып, отты қағыстырып, жаңадан тамызық тастағанда әлі сырмінез болмаған иттеріне, ай астында ақ нұрға малынып тұрған тайгаға қарап қояды да, шолтиған күртешесі мен қап-қатты кенеп шатырды қымтана түсіп, қайтадан көзі ілініп кетеді.

Саянның, Бурятияның, Саха елінің, Эвенкийдің, Иркутскінің, Красноярск және Хабаровск облыстарының мұз құрсанған тайғаларының қойнында қазір мұндай Арканялардың талайы от басында қалғып-мүлгіп отыр еді. Суыққа тонып, күрк-күрк жөтеліп, өздеріндей біреудің қысқы қонысын қараулықпен иемденіп, соның көк түтініне қақалып-шашалып жатқантұғын. Маусым кезінде ғана келетін осы бір әуеской-келімсектердің бәріне тән бір белгі – сұмдық бейімделгіштіктері, тайга тіршілігінің атам заманнан бері қаймағы бұзылмай келе жатқан қиындығын төрт аяқты хайуанмен бірдей көтеретіндіктері, суық пен аштыққа төзімділіктері,

## Шығармалары. Төртінші том

ертеден кара кешке дейін жүгіргенде өкпелері өшіп, өліп қалмайтындықтары, тәулік бойы кар астында түней беретіндіктері, тағыдай сергек те сезімталдықтары, сөйтіп жүріп аңыс андауға, қапы жібермеуге келгенде – аңнан да бетер, кәдімгі адам сияқты алдай алатындықтары еді. Есепте тұрған кәсіпкой аңшыларға карағанда олар нашар жарактанған-ак (байырғы аңшылардың тен жартысының солардан айырмашылығы шамалы, әрине); көп жыл бойы бір жерді мекендеген сон, құрал-сайманын қамдап, өзі иелік етіп үйренген тайгасы да жоқ олардың (нағыз кәсіпкой аңшылардың тайгасы құрал-жабдыкпен қамтамасыз етіліп, қару-жарағы сайланып, өзінің бакшасына ма, цехына ма айналдырылған), ал басының амандығы мен олардың денінің саулығына кепілдік туралы әңгіме қозғаудың өзі артық. Сондықтан қымбат аң терілерінің қайда ұшып кетіп жатқанын бір құдай білмесе, ешкім білмейді, із-түзсіз. Бір жексенбіде, тәңірінің тападай тал түсінде, өткен қыста Хабаровскінің шайтан базарында дені дұп-дұрыс бір еркек кәдуілгі ақ қоянның терісін он сомнан сатып тұрды деседі, нанбасаңыз – көзімен көрген кісілер де бар! Әлгі теріні сонда не үшін алған дейсіз ғой, аларманы құлақшын тіктірмек көрінеді. Қоян терісінің қазына қакы – бір сом. Тек хабаровскіліктер айтады: бұлардың – өтірік, әлгі байғұс қоянның терісін бізде емес, Иркутскінің шайтан базарында сатыпты-мыс деп.

Асықпа, асықпасаң тайга дүрілдейді әлі...

Сібір жеріндегі аңшылардың зоры Арканя емес шығар, бірақ, әйтеуір сорлысы да емес солардың. Ертең құлпырған қымбат терілерді қиналмай апарып өткізетін сенімді жері де бар. Жұрттың көзін алдау үшін, промхоздың кеңсесіне барады да, үш-төрт жүз сомға терілерін өткізеді: ішіп-жеу керек, қыдырыстап сауық-сайран салуы керек, артына «аң терісін тапсырды» деген квитанция қалдыруды да ұмытпағаны жөн. Тиін терісін түгелімен және бұлғынның биыл өрген балаларының біраз терісін қосып өткізеді де, «Қайтейін, сәтін салмады, барлық тапқан-таянғаным осы болды, жарандар!» – дейді де қарап тұрады.

## IV

Қаладағыдай емес, күн ұясынан ақырын көтерілді.

Дым бүріккен далада сүйегінен өткен суық ұйқылы-ою отырған Арканяның тұла бойын қалтыратып қоя берген. Ол отты көсеп-

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

көсеп жіберіп, денесінің құрыс-тырысын жазды да, мұз қатқан шөп бастарын шыңғыр-шыңғыр шөлмекше сылдыратып, жүгіріп барып су әкелді: қазаншасының бетінде шәуіш мұздар қалқып жүргеніне қараған жоқ, қолын оттың жалынына сұғып жіберіп, біраз қақтап алып еді, ұйқысы шайдай ашылып, жан-жағына көз саларлықтай қунап жүре бергеніне өзі қуанып қалды.

Иттер де орындарынан тұрып, қожайындарына кезек-кезек көз салып, жылы ас күтіп тұр. Ту сыртында – барактың жып-жылы боп үнірейген есігі көрінеді, тас төбесінде – самырсынның сонау ұшар биігінде көкшымшықтар ысқырады, ал Арканя темекі тартуға үзіліс жасағанында да, доминоның кезегін күтіп отырған кездерінде де талай армандаған мына Фатовый бұлағының шығыс жағындағы беткейден, көкке қарай самсай қалған сонау ағаш бастарынан асып, жер-дүниені балқыта, өртеі қызартып, тым үлкен – үлкен болғанда да көлденең жатқан жотадан да зор – қып-қызыл күннің жартысы көрініп тұрды.

Арканя ауыз жылытып алды да, иттерге нан тастап, өзі сәкінің тақтайын қопарып, есік жасауға кірісті. Баракқа қайтадан от жағып қойды, еденге су сеуіп сыпырған болды. Қанша жылдан бері жатқанын құдай білсін, сәкінің үстіндегі тапалған шөпті де тысқа алып шығып, арасында жүрген шірік шұлаулар мен тесік шұлықтарды да қоса отқа жағып жіберді.

Шөптің ең астында ескірген газет-журналдар жатыр екен, қолым бір босағанда көріп тастармын деп, оларды былай алып қойды. Бұлақ басынан бағана беткейге жантайта көмген құбыр тауып алып еді, сол құбырдың аузынан дәмі ерекше бір тұп-тұшы су ағып жатқан болатын. Шипалы су болар деп, Арканя суды тек содан ғана ішіп жүрді.

Түс әлетінде өзі жасап жатқан есіктің тақтайларын құрастырып, бәрінің басы мен етегін біріктіріп ұстап тұратын көлденең ағаштарды да қағып, енді оны тек босағаға қондыруы ғана қалып тұр еді, таяу жерден шабалаңдаған шаңқылдақ даусымен ызалана қансылай үрген Дымканың ащы үні шықты. Арканяның жүрегі ауға түскен балықтай тыпыршып тулап қоя берді.

Дымка бұлғынға емес, әрине, ақ тиінге үріп тұр еді. Әлсін-әлсін әуіп-әуіп етіп, мұнда тұрған не бар дегендей, сырттай ғана көз салып қойып, маубас Верный өз жөнімен сырғақсып жайына жүр. Арканя итіне ырзашылықпен үн қата жүріп, атып жіберді. Оның

## Шығармалары. Төртінші том

бір қуанғаны – Верный мылтық даусынан шошынған жоқ, қайта бұтақтардың арасымен ақырын ғана бұлғалаңдап құлап келе жатқан ақ тиінді көргенде ашу қысып, оған тап-тап берді. Тіпті тісімен шайнап тастағысы да келген, бірақ Дымка шақ-шақ етіп, оның күжірейген желкесіне азуды басып жіберді. Верный ыршып түсті, бірақ ырылдаған жоқ; анадай жерге барып шоқиған, ол Арканяға аңшылықтың жай-жағдайын бірден ұға қойған секілді болып көрінді. Мына қылығына қарағанда Дымка қасиетті ит сияқты. Ақ тиіннің тілерсегін қиып жіберіп, «биылғы тырнақ алдым ғой» деп ойлаған Арканя қылқан жапырақты қураған бұта үстіне оны жып-жылы күйінде салып қойып сойып отырып-ақ, артқы сандарын Дымкаға, колдарын Верныйға лақтырып-лақтырып тастады. Шынжырлаулы өскен ит оны ауада-ақ қалқып алып, қылқ еткізген, Дымка сыпайылық сақтап, әуелі аузымен тістеп көрді де, шөпке бірер аунатып алып, әрі әкетті.

Дымка – нағыз аңшы иттің сойынантұғын, сондықтан оны сыйлайтындар, әдетте, ақ тиіннің етін тек асып беруші еді.

– Түрін бар болсын сенің! – деді Арканя бет-аузын тыржита күліп. – Тәкаппарын қарай гөр, өзінің? Көр-рер-міз әлі!

Қыстауды Арканя келістіріп жөндеп алды. Сәңкиген-сәңкиген саңылауларға мүк тыққыштап жүріп, ол тіпті осындай іспен айналысып жатқандарында – тоғайдан мүк жинап жүргендерінде – ағайынды Игнатьевтердің бірін, ағасы сәл сәтке бір жаққа барып келгенінше, аю талап өлтіргенін де есіне түсіріп үлгерді. Үлкені жүгіріп келіп, аюды мылтықпен жер жастандырған екен, бірақ інісін құтқаруға кеш қалыпты. Арканя үстелді де аппақ қылып жуды, қатқан-құтқанды қырып тастады; есік алдын да сыпырып, босағадан бес қадамдай жердің жолын аршыды; иттерінің асы тез суып кетпесін деп, ағаш түбірін ойып, итаяқ та жасады. Журналда борықтай аппақ, өзі топ-толық, жүзі моншадан жаңа шыққандай қызара бөртеп тұрған, басында желбіреген жеңіл орамалы бар, қасына негр баласы тізерлеген бір әйелдің суреті бар екен. Сол әйелді үстелдің тұсындағы қабырғаға жаңқамен қағып қойды да, қызыға қарап көп тұрды.

Кешкілік санағанында қыстау маңынан жұмыс арасында атып алған ақ тиіннің өзі – үшеу болды. Үшеуінің де түбіт жүні әбден жетіліп, зар күйіне жеткен екен, Арканя мұны таяу күндерде қар жауатынының белгісі деп ұқты.

Қазір ол тымық кештің тылсым тыныштығына елтіп, күздің мынау соңғы жылы күндерінің ләззатына шомған күйі, енді қай жаққа баратынын, қандай түкпірлерді шарлайтынын, күні ертең мелтек қызығының басын қай жерден бастағаны жөн болатынын жоспарлап отыр. Арканя не де болса аларын тез, барынша көсіп алып, алғашқы қарды қапшық толы қымбат терілермен біржола қарсы алуға бел буды. Есіне комбинат, әйелі, Колькасы, өзі жыл сайын ертектегі бәліштей алдап кете беретін цехтың бас инженері оралды. Соңғы күндері Арканя жұмысқа білек сыбанып, бел шешіп кіріспей, мереке қарсандарындағыдай сырғақсып жүрді. Үшінші цехта апат болып, ажырап кеткен құбырлардың арасынан хлор саулаған. Айқай-шуға Арканя араласқан жоқ, ол өтініш қағазын басқарма кеңсесіне апарып-келіп тұрған, үстінде – жап-жаңа свитері, өзі жақсы көретін ең тәуір көк костюмі бар еді, – қайтадан киініп жүрем бе сол... деген кейіп танытты.

Әрине, ол киімін аяп қорғаншақтаған жоқ-ты, әншейін, газ жұтып қоям ба деп, – алпыс жетінші жылғыдай тағы да уланып қалып жүрермін деп, – тартыншақтанып еді, пәлесінен аулақ, егер ондай жағдайға ұшырап, ауруханаға түсіп қалып жатса, алтындай асыл терілер көзінен бір-бір ұпты дей бер. Қазір күз де келіп қалды. Демек, жұмыстан босанатын уақыт та болғаны. Бір айға ақысыз-пұлсыз демалыс сұрар еді, – басшыларға күмән туғызбау үшін, отбасы түскірімнің жағдайына байланысты... – деп, арызды қатырып-ақ жазар еді, – бірақ оған ешкім рұқсат етпейді. Бермесе – бермесін демалысын... ендеше «Өз өтінішім бойынша жұмыстан босатуыңызды сұраймын» деп екінші арызды айдайды да жібереді. Заңды демалысын мезгілімен пайдаланбайтын ақымағың бұл емес, әлдеқашан алып алған оны, сірә.

Иванов жынданып кете жаздады. Әрине, енді Арканянікі де шектен шыққан бейбастақтық: он саусағынан опері таматын, жоғары дәрежелі маман жұмысшылардың жетіспейтіндігін пайдаланып, Иванов бас инженер болып келгелі осымен үшінші рет әлгіндей қиямпұрыстық жасап отыр. Күз келген сайын ол осылайша Ивановтың жүрегін бір жараламай қалған емес.

Иванов саусағымен үстелін тықылдатып отырды да:

– Бұдан былай бізге келмей-ақ қой енді, Алферьев, – деді, – алмаймын енді жұмысқа! Ұқтың ба?

Үстелді тықылдатса – тықылдата берсін, саусақ өзінікі ғой.



– Александр Викторович! – деді Арканя. – Менен артық жұмыс істейтін адамыңыз бар ма сонда? Бәлкім, Минягинді айтарсыз? Сіздерге ауа айдағышты қондырып берген кім? Өзгелер ырғалып-жырғалып болғанша, Алферьев жұмысты тап-тұйнақтай етіп қоймаушы ма еді! Солай емес пе? Әрине, мына сөзіңіз өкінішті-ақ. Маман ретінде мен өзімді ешкімнен кем түспейтін адаммын деп санаймын.

– Бар, Алферьев, қайда барсаң – онда бар! Сен – бақай есеп, қусың. Менің мамандығымдай мамандығы бар адам бұл цехқа жыл сайын ғана емес, күн сайын ауадай қажет – демек, ойыма не келсе, соны істей аламын деп ойлайсың ғой. Әуелі қарақан басымның қамын күйттеймін, өндірісінді содан кейін көрермін демексін. Жаны шығып кетпес, тұра тұрсын дейсің ғой? Күллі кеңес адамы емес, тек сен секілді бас пайдасын ғана ойлайтын бақай есеп қулар мен анда-мұнда ұшып-қонып жүрген жеңілтектер ғана солай ойлайды.

– Енді қалай деп едініз? Қарақан басымның қамын мына менің өзім ойламағанда, сіз ойлайсыз ба? Қызық екенсіз өзіңіз, кісінің күлкисін келтіресіз. Қайдағы мүлде, неғылған қам!

– Ал күні кеше, пәтер алғаныңда, жергілікті комитетте не дегенінді ұмыттың ба? Қалайша ант-су ішіп едің?

– Ол өтіп кеткен оқиға ғой, теріске шығарып отырған мен жоқ...

Дау-дамай сонымен аяқталған. Қайда барар дейсің – алады қайтадан. Алмаса, кез келген жер мендей маманды құшағын ашып күтіп отырған жоқ па, қолымнан жетектеп әкетер.

Арканяға ақыл үйретудің қажеті жоқ, керек болса бұл өзі де кісіге ақыл айта алады, жақауратып жағдай түсіндіретіндей бала емес қой. Бір кісіге жетерлік қулық өзінде де бар. Өткенде жарқылдаған болат құбырлар келіп түскен еді. Вася Конь скеуі оларды бөшкедей-бөшкедей қылып кесіп тастады; тұздалған, маринадталған көкөністерді сақтауға таптырмайтын, азбас-тозбас бөшке жасауға қажет-ақ нәрсе болып шықты; дәнекерлеген жерінен кетпесе, бөшкең енді күні бүгін жасалғандай жарқырайды да тұрады. Бір-біреуі – елу сом. Миллион жыл тұрсын десең – тұра берер түрі бар, тиген жерін ойып түсер уытты қышқыл құйсаң да былқ етпейді. Свердловск жақтағы бір зауытта ондайды жасап та көріпті. Конь краншымен келісіп, сол құбырларды қоқысқа, металл сынықтарының үйіндісіне, сыртқа лақтырғызып тастапты.

Жұрт жабыла іздеп, ақыры таба алмаған соң, жаңасын әкелгенше құбырлар әлгі жерде жата берді, кейінірек бұлар тиеп әкетті; соңынан қайдан таптыңдар, қайдан алдындар деп сұрай қалса, – немене, коқыр-соқырға тастаған темірді де аяйсындар ма! Темір сынықтарының үйіндісінен тауып алғанбыз. Әлде айрықша қасиеті бар темір-терсек пе еді? Біз инженер емеспіз, қайдан білейік, әлгі жерде жатыр екен, қызық болсын – қатындар қуанып қалады ғой деп өзімізге бір-бірден бөшке жасап алғанымыз рас дей салады.

Арканя осылайша өп-өтірік мүләйімсіп жүріп, сабы қалыңдатылған былғарыдан термелеп жасалынған аңшы кездігін соғумен де айналысқан. Никель жалатып, жалаңдатып қайрап қойғанында, көрерге көз керек енді! Мұндай аңшы кездігін жасау – Арканяның көңілінің құрты. Биылғы жылды былай қойғанда, ес біліп, етек жапқалы мұндайдың каншасын жасады десеңші! Бәлкім, оның слесарь болуына себеп болған да сол шығар. Оның қолының таңбасы беп-белгілі – пышақтары шашқа түсерліктей өткір, жүзі оңайлықпен қайтпайтын болып келеді; солқ-солқ иіледі, бірақ сынбайды. Бірдеңені кесемісің, жонамысың, аныңның терісін сыпырамысың, консерві ашамысың – бәрібір, бәріне жарайды. Сол сокқан пышақтарының ішінде кейбір ерекшелері де болды – шегенің өзін киып түсуші еді жарықтықтар. Әрине, пышак дегеніңді кез келген слесарь жасай салады, ондайлар көп, әдісі де белгілі: подшипник жасайтын немесе рессор соғатын болатты алады да, тап-тап, кескінін келтіреді, сосын суарып, шыңдайды, егеп-қайрайды деген секілді. Сабын плексигластан, былғарыдан, қайыңның иір бұтағынан да жасай бересің ғой. Бірақ соның өзінде кейбіреуі омырылғыш болады, екіншісі жасықтау көрінеді, енді бірін қайрак та алмайтын қатты десең, келесісі – аязда морт сынғыш келеді.

Арканя өз әдісінің құпиясын тірі жанға тісінен шығарған емес, мұның пышақтары елде жоқ ерекше болады. Бір жолы әлдекімдер төбелескен жерден, – асхананың қасындағы қар үстінен пышак табылып, жұрт жабыла қарап тексеріп көрсе – Арканя жасаған пышак болып шығыпты. Пивоваров дейтін әлгі капитандары келіп, тергеп-тексеріп дымын қоймады. Заттай айғақ! Кімге беріп едің, каншаға саттың? Қақы – дөңгелек санның төрттен бірі, оның жасыратын ештеңесі жоқ, ал бұл төбелескендердің қолына қайдан түскен – оны енді, жолдас капитан, өзіңіз анықтаңыз,

## Шығармалары. Төртінші том

сіздің шаруаңыз. Пышак сокканым рас – кінә менде, бұдан былай қояйын. Жұмыс уақытында емес, үйімде жасағанмын. Баскасында менің шаруам жоқ.

Пивоваров та өз ісіне мығым пәле. Комбинаттың есік-тесігін түгел біледі. Шағын электромоторлар ұрланғанда оны осы жерге бас-көз болуға бекіткен. Әлгі титтей моторларын суырып алса, миллион сом тұратын машина, – өзі және біздікі емес, шетелден әкелінген көрінеді, – сондай құртақандай нәрсеге бола жүрмей қалады деседі. Алғашқы кезде капитан комбинаттың ішінде біржола тұрып қалуға бекінгендей еді, кейін қайта қойды, әйтеуір. Ешкімді темір торға отырғызған жоқ, онысына да шүкір, әйтпесе әлдекімдерді өйтуіне де болатындай-ақ еді. Әлгі моторлар бақшанды суғаруға бұлқын орнатсан, таптырмайтын-ақ нәрсе екен. Кейін ғой, он бес сом болып құны түсіп қалғаны. Ол үшін капитан не істеді дейсің ғой? Дап-дайын бұлқындарды құбырымен коса әкелдіріп, дүкендерге толтырды да қойды; кел де, қырық бес сомынды төлеп ал да қайқай, токқа жалға да, екі езуің екі құлағыңа жетіп отыр сосын ыржиып! Бақшаларыңның басына барып, өз көзіммен түгін сайын тексеріп шығам деп күркіреп еді капитан. Тексерудің де қажеті болмай қалды, ақ адал еңбегіңе-ақ алуға мүмкіндік туып тұрғанда, жұрт ұрлық дүниені қайтсін. Көршілеріңнен де ұят-ақ. Капитаннан жерге тықсаң да жасырарсың-ау, көршілеріңнен қайтесің? Ұят деген шіркіннің камын ойласаң, бетке шіркеу түсірмеуге болады ғой!

Пышак сокканның бір жақсы жері – оны кез келген кісіге тарту етуге болады. Мысалы, Пикаловка немесе саят құмар аңшылардың, аң шаруашылығымен айналысатындардың біріне, тіпті директордың өзіне де сыйласаң нен кетеді. Шегені шыбықша жонатын пышақты көргенде кез келген кісінің көз құрты жыбырлап қоя берер. Тек әлгі бір балта деген бәленді ғана келістіре алмай-ақ қойды Арканя. Бір жолы ұста дүкеніне барып, балта соғып көрген. Басына қарасаң күлкің келеді, сиырдың жапасындай болып жапырайып жатқан ұсқынсыз бірдене, жаншылған темір әншейін, одан әрі қолына алғысы келген де жоқ. Жарықтық, пышақтың жөні бөлек қой. Үстел үстіне қойып қарасаң, қазір осы суға сұңги жөнелгелі тұрған балыққа ұқсап созылып жатады-ау, сондайда жарымстеуе жастығың есіңе түседі. Құрым етіктің қонышына қара кездікті тығып алып, аусар Арканя да талай жүрген.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

Жасанды жүннен тоқылған ақ шарф – мойында, оймыштап сырған жап-жаңа кара сәтен күртеше – үстінде, жартылай кокитып, жартылай жыңды балаларша жапырайтып киген тері тысты каракөл бөрік – баста. Сөйтіп жүргенде сәл нәрседен шаталып, екі жылға еркінен айырылған. Босап шықса – мәссаған, отының басы мен бостандықтан асқан қызық жоқ екен, құрысын. Арканя калай өмір сүрудің қулық-сұмдығын үйрене бастады, ендігісін басқалар – басына іс түсіп жатқандар өздері білсін...

Бұл біраз әурелеп лақтырып тастаған әлгі балтаны әлдебір ашықауыз келіп, бір күні ерінбей-жалықпай ұрлап әкетіпті. Содан қайтып Арканя балта деген бәленді жасаған емес. Бір жолы көршісінің балтасын алып, одырайған-шодырайған жерлерін қағаз түрпімен ысқылап, жеңілдеу болу үшін желкелігін де жұқартып көрген, зін-зілдей қылып осыны қайтем деп, қайтар жолында орман ішіне лақтырып кетті. Жаксы балтасын кім бере қойсын-ау! Қыстауларда түнеген кездерінде өзі де талай сәкінің астын сипалап, талай балта тауып алған; қыстау атаулының кез келгенінде дерлік, – егер сәкілерінің түү түкпір жақтарын, үйдің шатыры астын, бұрыш-бұрышты, пештің түбін қарасан, ия ара, ия балта тауып аларың анық. Ал да, пайдалана бер. Мұның өзі де талай сөйткен. Әйтсе де бір рет суықтан тоңып өле жаздағаны да бар. Сонда да ақымас бас екі аяққа дамыл бермес. Өзінде балта болмағасын, қолына түскенін алады да жүре берелі ғой. Көрінгенге күлкі болып, кейде дүкендегі туристерге арналған балтаны да алып кете баралы. Ондайдың қаншасының басы ұшып кетіп, бақайын турай жаздады, қаншасы қалың қарға кіріп кетіп таптырмады – оты болса, өшіп бара жатыр, ал бұл тастай қаранғыда жаланап қолымен жер тырналап, бір сағат бойы боқауыздан аузы босамай, қанша сандалды! Басы былқылдаған мына балтасы да балқарағайдың безді бұтағына бір періп жібергеннен-ақ быт-шыт болатын шығар.

Әрине, әңгіме жалқаулықта да емес, мұның өзіне бір тәуір балта тауып алмағанында да тұрған ештеңе жоқ, бұның соры – өмірінің жартыкештігінде еді. Жыл сайынғы уақытының жартысы мойнына ілінген жұмысын атқаруға – комбинатқа кетеді; жартысы осы бір мейрамына – карта ойынындай қызық, әрі табыс пен пайдаға беліссеннен батыратын, әрі аң қуып, рақатқа бататын құмарына арналады: дәл осы істе Арканяның еңбекті де, еркіндікті де сүйетін серісүреі мінезі бір арнаға тоғысып, не ол емес, не бұл

## Шығармалары. Төртінші том

емес, үшінші бір қырын танытқандай болатын. Нағыз аңшыларға келсек, олар жылдың екі-үш айында ғана өкіртіп табыс табады да, қалған уақытта не істерге білмей, көздері бақырайып бос отырады немесе келген-кеткен жүкті түсіру мен тиеу, пешке от жағар болу, әк өртеу секілді ит мініп, ирек қамшылайтын жұмыстарға ауысады. Комбинатта, ақшалай сыйлығын қосқанда, айына екі жүзді киналмай алатын Арканя ондайды қайтсін; сол қаражат өздеріне өлгенше жетеді. Сондықтан цехқа қайтып бармасқа амалы да жоқ.

Тайганың түкпірінен шыққан сайын Арканя аң қаққанымның алды-арты осы шығар деп ойлайды да, енді келместей болып, балтасын киналмай-ақ лақтырып кетеді. Комбинатта жағдай өзгеріп, біреу келіп, біреу кеткен тәртіпке тыйым салынсыншы – онда бітті, жұмыстан шығып кетпек түгілі, Арканя тыпыр ете алмас еді. Мінеки, гәптің балтада емес, тіршіліктегі түрлі-түрлі жағдайларға байланысты болатынының себебі сонда; оның үстіне, үзік-үзік еңбек өтілі, ертең зейнетке шыққанында да онша қолайлы бола қоймауы мүмкін, промхоздың шарт қағазы қайбір септікке жарар дейсін.

Бұл түні Арканя баракка түнеді, есікті келістіріп қиюластырған еді, тұтқаны имек бұтақтан жасаған. Кішкентай транзисторын тыңдап, отқа қараған күйі ойға шомып отыра берді, отыра берді... Нюрасының үстінде кісінің қай-қайдағысын қоздыратын сырмалы, қызғылт түсті нейлон желбегейі болушы еді, қазір қол-аяқты көсілтіп жіберіп, ұйқыны соғып жатқан шығар. Сүйкімді-ақ қатын еді. Арканяға қыздай тиген. Бұл бірақ оны тастап, талай-талай басқа әйелдерге де барған, әйтсе де осынысына орала берді; былайша қарағаныңда жұп-жуас, бетіңе жел боп тимейтін-ақ адам, ал енді кісіні өзіне тартып тұратын бір сиқыры бар, сенімді әйел; мұны колониядан да күтті, әскерден де күтті, ығи хат жазып тұрды. Қолқаны туып берді. Перзентханаға әкеткенше, әйтеуір, үйде тыным тапқан жоқ, тамақ істеп тұрған жерінен тура перзентханадан бір-ақ шықты да, төрт кило шығатын шымыр жігітті дүниеге әкеле салды. Күйеуінің қалтасын қарау, ішіп келгенінде күңкілдеу деген немене? Арканя ішіп келген екен, демек, ішуі керек болғанын; ақшаны аз әкелсе, демек, бірдеңеге жаратқанын айтпай-ақ білетін; одан да достары келді ме – үн-түнсіз дастарқаныңды жай, стакандарды әкел, езу тарт, мейірлене сөйлеп, ішпесең де рюмкеге ерніңді тигізіп қойып отыр, өзіңе қатысы жоқ әңгімеге араласпа.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИУҰЛЫ

Әсіресе Кольканы туған кезінде Нюра жайылып, аппақ болып, әдеміленіп кетті. Кольканы емізгені қандай еді десеңші: түн ортасында оянады, көзі жұмулы, сипалап шамды жағады, Кольканы алдына алып, аузына емшекті салады да, өзі тағы ұйықтап кетеді, бала болса, кекіргенше қақтап еміп-еміп, ақыры ол да ұйықтап қалады. Ондайда Арканяның өзі тұрып, әлгі көріністі керісінше жасауы керек. Ұйқылы көзімен баланы тұншықтырып өлтіріп ала ма деп Арканяның жаны қалмайтын, бұл да қайта-қайта оянып, қайта-қайта қарап қоюшы еді. Кольканы өз кереуетіне, Нюраны өз төсегіне жатқызады. Ол кезде бұл ескі үйінің еденін жаңғыртпаған болатын, табан астынап ызғар ұрып тұрушы еді, есік алдына түскен қар ертесіне, әйтеуір ерімей, сол күйі жататын. Нюраның аяғы қара мұздай болып қатып қалатын-ды.

Сол күндер есіне түскенде Арканя хлорыңа да, басқалай апатмапатына да қарамастан, аянбай қойып кететін; сол үшін суыққа тоңып, қара терге малшынып, күні бойы қырка-қырағтарды кезіп, мынау қымбат аң терілеріне де тәуекел етуге барған-ды. Шамасы, сондай жарлық шықты ма сен, соңғы кезде капитан Пивоваров та қымбат терілер туралы тіміскіленіп әркімнен сұрай бастайтынды шығарыпты.

## V

Аң қағу басталып кетті.

Әсіресе Дымка тыныш таппай, құлшына қызу кірісті, Арканя атып түсірмей жағып, аң іздеуге қайтадан кіріседі, әнеки, анау төбенің астында тағы арсылдап тұр, оған дейін Арканя жарты сағат жүгіріп баруы керек.

Ізін суытпай ақ тиіннің жетеуін түсіріпті, Арканяның көзі қарауытып, жүгіріске дағдыланбағандықтан көк ала терге малшынды, шай іпкісі келіп от жақты. Со бойда Верный да әлдеқайдан шыға келіп, тілі салақтаған күйі, ырсылдап от басына жата кетті. Аң қағудан бұл да бірденені өзінше түсінетін секілді, бірақ әлдене айтайын десе, тілі жоқ; мақау адамға ұқсап менірейеді. Верный да Дымкаға ұқсап алдыңғы аяқтарымен ағаш діңін тіреп, тырнақтарымен қабықты оскылайды келіп, бірақ ештеңенің мәнісін әзірге ұғып жатқан ол жоқ. Серіктерінің қызу іске құмарлана кіріскенін, өзі алқын-жұлқын, арс-арс талас-төбелеске еніп кеткендегідей-ақ, көріп те, сезіп те жүр, бірақ не

## Шығармалары. Төртінші том

істеуі керектігін әлі анық білмейді. Мінез-құлқына қарасаң, Верный ақылды ит секілді, тіпті қу десең де болғандай. Қожайынының көзінше құйрықты қайқайта шаншып алып, іскер немедей шапқылап тыным тапшайды – құдды «Құп болады, жолдас инженер, түске дейін тап-тұйнақтай етуге тырысып жатырмыз!» дегендей, артына жалтақ-жалтақ қарап та қояды. Бірақ үргенінің бәрі бекер. Барсаң, тиін бұл ағаштан баяғыда кетіп қалған болып шығады, ал ол сол ағаштың түбіне шокиып алып, анда-санда бір үріп отырады. Дымка ақ тиіннің жаңадан жасырынған жерін көрсетіп, ағашқа өзі мысықша өрмелеп кетердей шабаландап шауып жүрсе, Верный бостан-босқа зүп-зүп етіп, оның қасында жайына отырғаны.

Дымка бұта-бұтаның түбін, қираған ағаштардың арасын шарлап кеткенде, тіпті буаз ит екен деп ойламайсың. Өлімін салып өңмендей ұмтылғанын көргенінде риза болмасқа амалың жоқ. Саятты сәтті ететін де, қымбат аң терілерін тапсырудың күллі жоспарын дер кезінде орындатып, алтынның астында қалдыратын да – тек осындай иттер ғой. Олар тайғаның түкпір-түкпірін шарлап, түк қоймай ніскелеп жүріп, аңды да қашырады, абалап аңшыны да шақырады. Арканя барынша Дымканы бағып-қақты, оған тамақты да көбірек беріп отырды.

Қыстауға қайтқанда да белгілі бір ретпен оралатын: ең әуелі Верный үйге қарай тартады, қыстау төңірегін түгел тіміскілеп, әрі-бері шапқылап шаршайды да, елдің ең алдымен келіп күтіп жатады; сосын Арканя келеді, ал Дымка әлі де бірдеңе іздеп, анадай жерде жүреді. Бұл кезде әл-дәрменінен айырылған Арканя жақсы қоретін иттің абалағанына бармақ түгілі, аяғын басуға да шамасы келмей, шайын сораптап, ақ тиін етін асып отыратын; өйткені Дымка шикі етке мұрнын шүйіріп жемей қоюшы еді. Сосын әлдекім тас төбесіне бір ұрып өлтіріп тастағандай, тұяқ серіппестен ұйқыға кететін. Түсінде Дымка бұлғынды бұта басына қуып тығып, шаңқылдап үріп жатады; түгі жылтыраған бұлғыны түскір де көздің жауын аларлықтай әп-әдемі екен-ау деп ойлайды бұл.

«Түс – түлкінің боғы» дегенмен, неге көрінгені мұның?

Әлде қар жауа ма...

Әлі де базары тарқай қоймаған күзгі қоңыр аймақтың үстімен қиыршық қарды төкпектетіп түнде қыс жортып өтіпті, аспан қалайы түстеніп, мұнартып, сұстана, сұрғылт тартып тұр.

Күн кәдімгідей суытыпты. Арканя ащы тері алынып, артық майынан арылды ма, әлде жүгіре-жүгіре сіңірі созылып, буыны әбден бекіді ме, бәлкім, мынау күздің көкірек ашар саф таза ауа-сымен тыныстап, кеудесі кеніп, өкпесіне қордаланған көк түтін мен комбинаттын кеселді уынан арылған шығар – әйтеуір адымы ширап, тұла бойының жеп-жеңіл боп қалғанын сезінді.

Үш-төрт күндей бұлғын көрінбеді. Бұл секілді жолы жақсы итті құстаналаудың өзі күнә болса да қайтсін, «осы Дымкасы түскірдің өзі тек ақ тиін алуға үйретілген емес пе екен» деген бір күдік Арканяның ойынан кетпей қойды. Небәрі жиырма шақты қақпаны бар еді, бірақ оны құрғаннан да пәлендей пайда таба қоярына сене алмады. Әрі қақпан құру үшін жерде қар жатуы керек. Бәлкім, бұл маңда бұлғын тіпті аз шығар? Тексерейін десе, тағы да қар жоқ. Қар сонау жаланащ жақпарлардың беткейлерінде, қырка-қыраттардың басында ғана ұзыннан-ұзақ шұбалып жатыр. Ақ тиін аулаудан тойынып болған Арканя бұлғын бар-жоғын білмекке солай қарай тартты.

Ит дегеніннің өзі де әртүрлі болады ғой: кейбіреуі бұлғынды көрініп жатқан ізі болса ғана қуады да, иісімен іздемейді; енді біреулері тек қар түссе ғана қуады да, жер кара кезде ақ тиін аулағанды ұнатады. Бәлкім, бұлғындар да қазір қыр басына шығып кеткен шығар, оларға тышқанды қардағы ізімен аулау онайырақ болар?! Арканяның тау жаққа беттеуіне осындай ойлар себепші болып еді, қазір ол қол-аяғын да жеп-жеңіл сезініп, кеудесін кере еркін тыныстап, тұла бойына күш-қуат құйылғандай ширақ басып келе жатты: егер сонау көрінген қырка-қыраттардың басында бұлғын көп болатын болса, тіпті қонып қалуға да даяртұғын.

Қыстаудан үш-төрт шақырымдай ұзағанда Арканя жол үстінен жана ғана түскен ап-айқын ізді көрді. Дымканы шақырып еді, келмей қойғаны: кейін андаса, иті де жоғарғы жақтағы сол ізді иіскелеп, әлек-шәлегі шығып жүр екен. Әйтсе де Арканя оны шақырып алып, желкелеп отырып ізді тұмсығына иіскетіп-иіскетіп қойды. Дымка бұған қатты шамданып, теріс қарай бұрылып алды да, анадай жерге барып дүр-дүр сілкініп, әлдеқайда кетгі де қалды. Содан бір сағаттай өткен соң ғана жоғарғы жақтан шаңқылдаған дыбыс шықты. Ақ тиінге абалағандай емес, айрықша естіледі. Қасында Верныйдың да кәук-кәук дөрекі үргені білінеді.

Бұл, шынында, бұлғын болып шықты. Сүп-сүйкімді, түгі



Шығармалары. Төртінші том

жылтыраған, өзі кіп-кішкентай жас бұлғын екен. Тырнақалды тұңғышы осы болды.

Арканя иттеріне бір-бір уыс қант пен бір-бірден кептірілген нан берді.

Қыстағыдай сұп-суық әрі киыршық қар себелеген қыр басында кайткенде де түнеп калуға бекінді.

Әдетте, Арканя мұндайда ата-бабаның әдісімен лаулата жағылған от басында өзінше қонып шығатын. Сондықтан ықтасындау жердегі түп-тамырымен көкке қарап қопарыла құлап жатқан самырсынның бірін тауып алды да, арбиған-арбиған жуан тамырлардың қарсысына күйелеш-күйелеш қылқан жапырақты бұталардан жатар орын сайлап, оттың жарқыраған жалынының жылуын жатқан жеріне қарай серпіп тұру үшін бас жағына үлкен ақжайманы экран секілді етіп керіп қойды. Шайыры мол жуан тамырлар түні бойы жанса да түгі кетпейді, төңірегін қыз-қыз қайнатып тұра береді. Әрине, сәттілікке де біраз нәрсе байланысты; таңдағаның – тарамыстай қатты тамыр бола қойса жақсы, кейбіреуі бықсып, берекеңді босқа кетіретіні бар, ондайда түн ішінде қайта-қайта тұрып, қайта-қайта шөпшек тасып, тамызық қылып, әлекке түсетінін бар. Әйтсе де әбден қураған тамырға тап келсең, қыстауыңда жатқандай қысылмай-ақ ұйықтап шығуына бола береді, әсіресе күзді күндері рақат.

Әрине, қыста камсыз қорылдап жарытпайсың ғой. Қыстың әр түні жылдай ұзақ.

Қуанышы қойнына сыймай жүргенде Арканя бағына екі кекілік атып алған, содан сорпа жасап, сорпаға кепкен нан салып, иттеріне берді. Бүгінгі қадамының қайырлы болғанына, бір бұлғынды қолға түсіргеніне қуанғандағысы.

Түнде қар жауды, «әй, неғылар дейсің?» – деп Арканя кенеп шатырын құруға ерінген-ді, самырсынның тамыры қаншама қыз-қыз қайнатып біркелкі қыздырып тұрғанмен, тұла бойы дым тартып, бүрсеңдеп шықты.

Ертесіне көңілінің хошы болмай, о жер-бұ жері құрыстап, тұмауратып тұрды. Әйтсе де қырканы бойлап тағы ілгері тартты. Дымқа төңіректі тіміскілеп тыным таппайды; ар-рам, қу Верный аң іздеудің орнына, құр босқа берекемді кетіріп қайтем дегендей, айналшықтап қасынан шықпайды. Аяғына оратыла бергенде Арканя оны ыңқ еткізіп іштен бір тепті. «Әрі жүр, атаңа нәлет! Аяқ-

қа оралғы болмай!» Әлден уақытта алыстан Дымканың абалаған даусы шыққан, шаңқ-шаңқ шабаландағанына қарағанда, сөз жоқ, бұлғынға үріп жүрген сияқты, ұрсып жекітпей-ақ Верный қалың бұталарды қақ жарып, құлап жатқан ағаштардың үстімен Дымкаға қарай тұп-тура жол көрсетіп, көсіліп алып қайқайды. Онысы бір есептен ыңғайлы да болды. Екі бүйірі солқылдан ауырғанына карамастан, Арканя өкпесі өше алқынып, Верный салған жолменен тұп-тура үстерінен түсті. Келсе, Дымка ағаштың түбін едәуір үңірейтіп қазып тастапты. Бұлғын айқыш-ұйқыш ұйысып жатқан тамырлардың арасында, түү түп жағындағы қуыста тығылып отыр, өзі айбат шегіп ырылдап қояды.

Дымка топырақты бұрқыратып қазады келіп, іннің аузын тырналайды-тырналайды да, ыза болғаннан қынсылап қоя береді, ара-тұра тың тыңдап, тоқтай қалады да, тұмсығын суырып алып, үнсіз қалтып тұрады – бет-аузы топырақ-топырақ... Сөйтіп сәл кідіреді де, тамырды қуалай қайтадан қазуға кіріседі. Тым қызу қанды ит болып шықты бұл. Қуыс-қуыс пен ін біткенді қалдырмай қазу – қауіпті нәрсе. Арканя әкесін таныта бір боктап, оны қазып жатқан іннің аузынан құйрығынан тартып суырып алды да, со жерге қақпан құрып, бұлғынның жолын кесіп тастады. Дымка қақпанның не екенін білетін болса керек, о жерге жақындамай, енді іннің бір бүйірінен келіп, тап-тап етіп тұрған; ақымақ Верный алаңғасарланып келіп қойып кеткенде, қақпан қақ тұмсықтан шап етіп шауып кетті де, кара тұмсығын ондырмай ауыртып алған ол ойбайын сала қансылап, алдыңғы аяқтарымен аузы-басын сабалап шала бүлінді де қалды. Арканя қақпанды қайта құрып, ағаштың шірік түбірінің бір бүйіріндегі құйттай қуысқа қураған шөп пен бықсыған қабықты аямай тықкыштай бастады. Түтінмен ыстағанға шыдай алмаған бұлғын қақпаннан да, қасында тұрған иттерден де ғайыптан аман құтылып, анадай жердегі аласалау балқарағайдың басына шығып кеткен. Арканяның көздемей-ақ бір рет басып жібергенінен мұрттай ұшып, жерге сылқ ете түсті.

Аса қымбат, кара қоңыр бұлғынның нақ өзі екен. Ептеп мұрты жалынға шарпылыпты. «Үйіріңмен үш тоғыз» деп жымыды Арканя. Бұлғын тоқ екен, іші тырсыып тұр, жып-жылы бауыр жүні көгілдір жібектей күлің-күлің көз арбайды; тұмсығына бір тамшы қызыл күрең қан қатыпты, қисық-қисық қап-кара тырнақтары қылпып тұр.

Арканяның қолындағы қимылсыз жатқан аңға қарап, әлгінде құмарлары тарқамай қалған иттер тықырши қыңсылайды, ара-тұра тап-тап бергісі келгендей, секіріп-секіріп те қояды.

Түн болса ылғи қар қылаулап, кей жерде ол тобықтан да асып бара жатыр. Арканя соңғы күндерде көбіне баракқа түнейтін болды, бұл жерге әбден бауыр басып алғаны сонша, қоналқыға құдды өз үйіне келе жатқандай қайтатын. Тіл-аузы тасқа, салбурыны әзірге сәтті келе жатыр. Қазірдің өзінде жүзден астам ақ тиін, он бір бұлғын атып тастапты. Әбден арықтаған Дымка Арканяның нан мен бұқтырылған етті соның ғана аузына аямай-ақ тықпалағанына қарамастан, аң қағудан біржола болдырып, енді күшіктемеске амалы қалмағандай дәрежеге жетті.

Тот басқан темір пештің ар жағындағы өзінің бұрышында ол бүгін түнімен тықыршып, қинала қыңсылай берген. Ошаққа от тұтатпак болып Арканя сірінкені жағып жібергенде, иттің көзі жарк ете түсті. Енді, міне, ол төбені тұмшалап үй ішінде акырын айналып жүрген ақшыл көк түтіннің астында, сәкіден аяғын салбыратып жіберіп, жеті қазынаның бірі – ит жарықтықтың жарық дүниеге қалай келетінін қадағалап отыр. Әуестік жеңіп әумесерлене қарай берген соң, Верныйды ол әлгінде аязға айдап шыққан. Сыртта ұп-ұсак қиыршық қар әлі қылаулап тұр.

Иттің күшіктеуі деген – кісінің көргісі келмейтін, сондай бір сөлекет нәрсе екен. Арканя шала жанған бір бұтақты қолына алып, қолайсыз да болса, мынау оқиғаның бүге-шігесіне дейін қалдырмай қадағалап, жарық қылып тұрды: ит қинала күшенген кездерінде боктықты қардай боратып, қайта-қайта дем беріп қояды. Сөйтсе, Дымка байғұс бұдан теріс айналып, әлденеге бауырымен әрмен қарай жылжи береді; салақтаған қарны жер сызып, қос бүйірін қыбыр-қыбыр қозғалыс кернеп бара жатыр.

Арканя мұның бәрі біткенше шыдай алмады, оқиғаның орта шенінде ұйықтап кетті.

Ертесіне тұла бойы дел-сал Дымка аяқты көсілтіп жіберіп, үйме-жүйме күшіктерінің тырбаңдап, шетке шыққандарын бауырына қарай жиыстырып, айра-жайрасы шығып рақаттанып жатты.

Іс-міссіз қалған Арканя «бұйырса – түсер, түспесе – мейлі» деп, жем салған бір-екі қақпаның қыстау маңындағы ізге апарып құрып тастады да, күні бойы бас көтерместен ұйықтап демалды.

Консервінің қалбырына су толтырып, бұқтырылған етті жылы-

тып бөлек тактайға салып, тап тұмсығының астына апарып қойған кожайынының қолын Дымка ырзалық білдіре жалап-жалап қойды.

Иттің сол кездегі көзіне қарасаң, бауырынан өрген балаларына деген тұңғыық мейірімі мен тілмен айтып жеткізе алмастай шексіз қуанышын көрер едің.

Бұл екі арада Арканя қол қусырып қарап отырған жоқ; терілерді шелдеді, қатқан-құтқан еттерден арылтты, әр жері сетінеген киім-кешектерін жамап-жасқады. Андаусызда пештің артына кіріп кетіп, күшіктеріне қарай тұмсық созған Верныйды Дымка оңдырмай қауып-қауып алды. Кешқұрым Арканя тағы да кекілік атып әкеліп, сорпа істеген; шайын сораптай ұзақ ішіп, ошақтағы оттың жарығымен ол көпке дейін «Огонек» журналын оқып отырды.

Бұл кезде түн ортасына қарай су алатын ойық қайтадан оймасан болмастай қатып қалып жүрген-ді: жалпы, бұлақтың ұзына бойында тек осы маңда ғана ағысы баяу әрі терең қазан шұңқыр бар, осы бір тұнып ағатын тұста ғана мұз өте қалынтұғын; аяғыңның асты шытыр-шытыр етіп, о жер-бұ жерден витринаның әйнегіндей жұп-жұқа мұз мөлдіреп жатқанмен, оның үстімен қысылып-қымтырылмай-ақ арғы бетке өте беруге әбден болатын-ды.

Әлгі теріс ағынды, тұнып ағатын тұстағы қалың шөп арасынан бірінің ізімен бірі зулаған үш балықтың көлеңкесі көлбен-көлбен ете қалды. Балықтың қысқы жатағына айналған терең қазан шұңқыр да тап сол тұстан басталатын. Витринаның әйнегіндей мөп-мөлдір мұзды үшеуі бірдей арқаларындағы канаттарымен сызып жіберердей болып, солай қарай маңып барады; қол басындай ғана немелер қозғалыс үстінде қарағанында кәдімгі құлаштай балық секілді, саликалы-ақ көрінеді. Соғып алсан, сорпа қылуға әбден жарарлықтай. Арканя аяғындағы резенке етігімен мұзды ойып-ойып жіберді де, оның шатынаған сынықтарын баяу ғана бұлыңдап жатқан су астына сүңгітіп қоя берді. Ағыс ақырын ғана сылдырап жатыр.

Құлақшыны жеті жүз граммдай-ақ болар. Қап-қараңғы сол құлақшын ішінде түктің мәнісін білмей түртінектеген күшіктер тырбың-тырбың етеді; шынына келгенде, олар тіпті тырбаңдап та жатқан жоқ, қанша тырбаңдағанмен құлақшыннан шығып кете де алмас еді; өйткені олар бірінің үстіне бірі шығып, үйме-жүйме болып жатқантұғын; әлгіндей әрекеттері ұлы тіршілікке

ұмтылудан туған тырбаныстары ғана болатын. Өздері сөйтіп жатып, әлдеқайдағы алып кеңістікке қарай кіп-кішкентай қызыл шака ауыздарын ашып-ашып қояды байғұстар... Ағыс оларды әп дегеннен мұз астына қарай ала жөнелді де, әп-сәтте жым-жылас қылды. Сол-ақ екен, түк көріп, түк білмегендей Арканя мұртынан күліп, құлақшынын тізесіне қағып-қағып жіберді де, бас киімін қайтадан жапырайтып киіп алды, бұл кезде аяз күшейіп-ақ келе жатқан-ды.

Екі ақ тиіннің етін асып, Дымканың алдына қойды да (итаяқта жібітілген нан да толып тұр еді), қасына Верныйды ертіп Арканя аңға шығып кетті, түнімен біресе ішін тарта қыңсылап, біресе ішегі үзілгенше ұлып мазасын әбден кетірген атаңа нәлет Дымканы тепкілеп-тепкілеп тезегін шығарғысы келіп-ақ еді, бәлесінен аулақ, әйтеуір тиген жоқ. Верныйды ертіп жүріп, екі ақ тиін атып алған, бірақ қиыршық тас үстімен қашқан бұлғынды бәрібір қолға түсіре алмай-ақ қойды. Бұлғын бұлаң ете жөнелгенде, иті түскірі енді не істерін білмей, аузын ашып, аңырайып тұрады; бұлғын ағаш басына шығып кеткенде, жібермей аңдып тұрудың орнына, басы ауған жаққа тағы кете барады. Түр-түсі де, иісі бар екенін, аңшылықтың мән-мағынасы да сол екенін түсінгендей-ақ болып, таныс әлгі аңы бар болғырды қожайыны шап беріп, қылғындыра ұстап алмақ ойы, мән-мағынасы соған көмектескісі келіп жүрсе де, көпек иті түскірге ынта-ықылас, жігер жетпей-ақ қойды.

Ібылжыған иттің қырсығынан жолы болмағанына Арканя ыза болып әрі қатты қажып қайтты. Есікті ашуы мұң екен, аяғының астынан сыртқа қарай ата жөнелген Дымка барак төңірегінен балаларын аласұра іздеп, сұмдық жаман қыңсылай бастағаны...

– Өй, ақымақ! Өлмесен, өрем қап, өрем қапқыр қу қаншық! Білдің бе? Ал, жоқ күшіктерің? Қайтесін! Құрыды бәрі! Көкке ұшып кетті, ал! – деді Арканя жекіп.

Алдына қойған ақ тиіндердің етін Дымка жемепті, тіпті итаяқтағы жібітулі нанға да тұмсығын тигізбеген; бәр-бәрін келген бойда Верный дереу сылқытып соғып алды.

Дымка Арканяның қасына келіп, көзіне үніліп мөлііп тұрып алды, құдды «Қайда менің құйтакандайларым?» дейтін секілді. Арканя оны аяғымен жасқап, тіпті бірде: «Жоғал, ақымақ! – деп қолғабымен көзіне салып қалды. – Күшіктеуге басқа уақыт таппадың ба? Аң қағатын маусымды бұзып, мұнысы несі-ай енді!»

Иіс алмас көпек ит ертіп, құр босқа сандалғаннан үйде

отырғанды артық көріп, Арканя келесі күні де аңға шықпай-ақ қоюға бекінді. Сүті ашығандықтан емшегі сыздап, қатты ауырған Дымка дым татып алмаған-ды, сондықтан оған да тынығуға мұрша беру керек болды. Ол күні Арканя радиосын тыңдап, «Огонекті» ақтарыстырып уақыт өткізді.

Қаранғы бұрышта көзі отша жайнап, Дымка біресе жатты, біресе тұрды; енді бірде төңірегін ніскелеп, анадай жердегі есікті аяғымен тырналап, күшіктерін іздеп, есі кетті.

Ошақтағы отқа аркасын қыздырып, Арканя рақаттанып отыр; төбені торлап алған ып-ыстық түтін тысқа шығар жол іздеп, әуеле ақырын ғана айналады; барак ішінде енкейіп қана еңбектеп жүрмесен, басқа мүмкіндік жоқ: түтін тартқыш «көмекейді» төбеге таман бір биіктеу жерден жасауға Орловтың бойы жетпеді ме екен, тым төменнен тесіпті; түтіннің жер бауырлай жылжитын себебі сондықтан болып тұр. Сыртта бәйтеректердің басын жел шалып, тайға түнере суылдайды; терезе әйнегіне ұп-ұсақ қиыршық қар сауылдай құйылады. Ішке кіргісі келіп, Верный есік алдында тынымсыз қынсылап тұр. Әлдекайдан, сәкінің астынан ба, тесік-тесіктен бе жел гүлейді: Арканя аркасын солай қарай бұрғанда, осы бойда ғана отқа қыздырып алған ту сырты суықты бірден сезе қояды. «Е-е, – деп қояды ондайда Арканя, – егер күн кенеттен суып кетер болса, бұл баракқа күні-түні бірдей от жақпай болмайды екен».

Дымка тағы да тысқа шыққысы келгенін білдірген.

– Кетіндерші, кіл жеті әкеннің аузын... мазамды алмай! Қайда кетсеңдер, онда кетіндер! – деді Арканя жекіп. – Өңкей теке сасыған тентіремелер!

Есікті етігінің өкшесімен періп жіберіп, сыртқа беттеген Дымканы да күйінгеннен құйрықтан бір тепкен. Сүттей аппақ, жана жауған қар үстіне қаншық ит төрт домалап түсті. Мүләйімсіп, жып-жылы әрі жарық жерге қарай мәймөңкелене жылжымақ болған Верныйға да Арканя ақырып жіберді:

– Жат, осы жерге, жауырыны күжірейген жаман неме, әйтпесе сенің де әкенді танытармын!

Күшіктерінің қайда құрып кеткеніне Дымка түсіне алмай-ақ қойды. Қызыл шақа құйтакандайларын сағынғаннан сынсап қынсылап, ұйқылы-ояу мас кісіше үй маңында ұзақ сандалып, дертіп кеткен ып-ыстық емшектерімен сұп-суық қар бетін

Шығармалары. Төртінші том

сызғылап сыртта көп жүрді; ақыры түк таба алмаған соң, аяғымен есікті тырналап, бауырынан өрген балаларының ең болмаса інісі қалған баракка иіліп қайта кіруге мәжбүр болды. Мазасыз немеге мықтап жыны құрысып тұрса да, күшіктегеннен бері тұла бойы балбырап, әбден әлсіреп қалған иті суыққа ұшып өлер деп, Арканя күнк-күнк кейіппен боқтағанмен, әйтеуір Дымканы жылы жерге кіргізіп алды.

Таңертең Дымка күндегідей тынышсызданған жоқ. Бірақ Арканяға да карамады: әлдебір жат ит құсап, өзінің үйреншікті бұрышында төрт бүктетіліп, тып-тыныш жатты да қойды.

Әбден сауығып кеткенінше сақтық жасаған болып, Арканя оны тағы бір күнге баракқа қалдырып кетті. Үрпі-түрпісі шыққан итінің кейпіне қарап тұрып: «Тезірек сауығып кетсеңші, Дымка! – деді ол еркелете үн қатып, – Бұлғындардың ынып жүргені – анау, ал біз екеуміз болсақ, аяқты аспанға қаратып қойып, босқа жатырмыз. Осыдан қар қалың түсіп кетсе – бітті, аң қағуымыз жайына қалады ғой!»

Бұлғындарды «екеуі» бөліп алатындай-ақ, «біз жатырмыз», «аң қағуымыз» деп мәймөнкелегені – естір құлаққа екіжүзділіктің белгісі секілді сезілді: Дымкаға ендігі жерде бұлғыныңның еш қажеті жоқ еді, оған өзінің кіп-кішкентай, жып-жылы бауыр еті – балалары ғана керек-ті.

Арканя мен Верный сол күні сәтті саят құрды. Өзі өз болғалы Верный бірінші рет бұлғынды ағаш басына қуып тығып, жерге түсуіне мүмкіндік бермей, тұрып алды; әрине, аңның қасынан қарға адым ұзауға мүлде болмайды десек те, ол бұлғынды бірер сәтке қарауылсыз қалдырып, қожайынына қарай қопан-қопан жүтіріп қойған кезі де болды. Артынан қараса, атып алған бұлғындары келісті-ақ аң екен. Ағаш басынан жерге жалп ете түскенде, қуанғаннан құтырып кете жаздаған Верный бас салып, оның артқы аяғының бірін жұлып алды: онымен де қоймай, кеудесін күтір-күтір еткізіп езіп-езіп жіберді. Арканя итінің мұнысын да кешірді; өйткені қазір Верныйды қак басқа бір ұрып қан қақсатуға әсте болмайтын еді, өйтсе – бұдан былай бұлғынға тимейтін болып, жасып қалуы мүмкін-ді. Амандық болса, қасына қаншық итін алып, қайтадан бір шығар-ау; сонда, бәлем, Верный сөйтіп көрсінші, Арканя көкесін кезіне көрсетер оның әлі. Бұған қоса, ақ тиіннің де үшеуін атып алған-ды, Арканя оған қуана қойған жоқ; құдды

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

үш бұлғынның орнына – бар уақыты осы үшеуіне кеткендей, іші жаман удай ашып, өзін әлдекімге алданып қалғандай сезінді: оның үстіне патрондары да таусылуға айналыпты. Бірақ бүгін қар беті ерекше жарқырап жатыр еді, қарауға көз ұяларлықтай тап-таза-тұғын; түнде жауған мұндай қардың бетінде із атаулы ақ қағаздың бетіндегідей сайрап қоя берер-ді; ал бұл қардың өзін – ақша қар, қансонардың қары деп атайды. Ақша қар, жаңа жауған қансонардың қары бұл!

Жолшыбай алдарынан аша тұяқты аң қашқан, Арканя оларды қаз пығырамен қабағтастыра атып-атып қалды. Верный әлгілердің соңынан жүгіре түсті де, қожайынының қайт-қайтпаған қатқыл даусынан қаймығып, қайта оралды. Бұғы тұқымдас бұндай хайуандардың ізіне түсу – абырой әпермейтін іс, оларды басқаша тәсілмен аулайды әдетте. Қайтарда аяқтарының астынан бір топ шіл дүр-р ете қалған, Арканя олардың шәт-шәлекейін шығарып, қырып салды. Өздері де қызық, қырканың баурайынан етектегі тарам-тарам сай-салаға қарай ұшып, тегістеуі бір жерге қонып алды да, құлды мынау екі аяқты енді бізді қалай аулар екен дегендей қара-а-ап отыр. Таңқ-таңқ мылтық даусына бір жақтан Верный да шауып келген, жыра-жықпылдан түк қоймай жосып жүріп, әй бір рақаттана әуілдесін; өзінің құмары – күс үркіту екені осы жолы бірінші рет білінді. Басқа тіршілік иелерінен гөрі құстарды даусына қарап-ақ ажыратады екен бұл пәле; ақ тиін мен бұлғынға бұлайша шығбаландыраушы еді, бөліп-бөліп «Әуп-әуп! Әуп- әуп!» етіп қоя қоятын; құсты көргенде таңғана осы жаны шығып кете жаздап, қайта-қайта күшікте қыңсылап келіп, мазасызданды дейсің!

Кешкісін олар арпа қосып асқан шіл сорпасын сораптап отырды. Дымқа да осы жолы асқа қараған; кешкісіне көз салсаң, қайғы-қасіретін ұмытқан-ақ секілді, бауыр еті балаларынан айырылған ананың азабы ақыры таусылып, қайрат-күші біржола қажып біткендей. Тінгі серіктерінің келгеніне қуанып қалғандай да болды: ыс басқан күйелеш-күйелеш пештің күңгір-күңгір еткен қуысынан бұлардың баракқа қарай бұрылатын соқпаққа келіп түскенін сондайыдан сезіп, Верныйдың кәук-кәук еткен қуатты үніне үйде жатып-ақ ішін тарға қыңсылай жауап қатқан-ды.

Қазір ол қауымдас серіктерінің үсті-бастарын нискелеп, олардың бойынан бұлғынның, ақ тиіннің, тайғанын, сол тайғада тершіген денесін, қым-қуыт қуғышның мұңкіп тұрған ісін сезіп,



Шығармалары. Төртінші том

шыжбалаңдай шырқ айналып шауып жүр. Буын-буыны да біршама бекіп қалғаны байқалады. Бірақ мінез-құлқында, бой-басында көлденең көзге көріне бермейтін бір сынықтық бар; жуасып, жасып қалған секілді. Онысы анадай жердегі өзінің бұрышына барып, сүп-сүйір түмсығын алдыңғы аяқтарының үстіне салған күйі Арканяға қарап жатқанында, әсіресе, анық байқалды. Қарайды да – көзін тайдырып әкетеді, қарайды да – көзін тайдырып әкетеді. Қара көленке бұрышта қасірет толы көзін бұдан айырмай мұңдана ұзақ қарап жатып алғаны Арканяға ұнаған жоқ; бетін қайыру үшін біресе от көсеп отырған бұтағын, біресе қасығын, енді бірде етігінің сыңарын солай қарай лақтырып, жасқамақ болып еді, тіпті теріс айналып та көрген, бәрібір қоймады – ту сыртынан тесірейе қарап жатып алды. Қарайды да – көзін тайдырып әкетеді, қарайды да – көзін тайдырып әкетеді.

Арканя атасына тартқан-ды, аздап ырымшылдығы бар болатын.

## VI

Бұл бұлақтың Фартовый аталуы тегіннен-тегін емес-ті.

Алтын іздеп алыс аймақты шарлаушылардың сиқырлы сәттіліктері де, барлық бақыты да – арақкеш атасы пақырдың аузына түскен осы бір жалғыз ауыз сөзбен аталатын. Жолы болғандықтан немесе кенеттен кенішке тап келгендіктен ғана олай атамайды, оқыстан бас айналар бақытқа бірден кенелгендігінен Фарт аталады. Фарт дегенің – фарт, оны адам баласына айтып түсіндіруің мүмкін емес, мұның болмайтынды болдыратын ерекше бір сиқыры, өзіндік құпия заңы бар; мәселен, қазір ол осы жерде тек Арканяның наны жүруіне арналған болуы мүмкін; ал ертең ол осы жерге келетін тағы бір белгісіз бірсудің тағдыр-талайына жазулы тұрған шығар.

Мінеки, «Тисе – терекке, тимесе бұтаққа» деп қалай болса солай құра салған екі қақпанына екі бұлғын түсіп қалыпты. Біреуі тірі екен, Арканя қасына келгенше, Верный иесін де, Дымканы да басып озып, бірінші болып бас салды да, сығып-сығып өлтіріп тастады. Бұл кезде көбіне-көп көпек ит алға түсіп алатын болған-ды; аң қағуға да ол бірте-бірте төселіп, нағыз аққаптал әккінің өзіне айналып келе жатқантұғын, Дымка байғұс әлі де болса әлдене қоймаған-ды, әйтсе де аң көрсе өлімін салып дегендей, бұрынғысынша тырысып-ақ бақты; бұлғын мен ақ тиін

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

көрсө, бақырып-шақырып, көкірегінен әлдеқандай бір күрсініс аралас абалауы қабат ақтарылып, қуа жөнелетін. Кезектегі әрбір анды асығыс атуға тура келді, өйткені қаншық итін қайткенде де тезірек бұлғын қашыруға босатып қоя беру керек-ті. Аң қағуға құмарлығының қатты күшейіп кеткені соншалық, Дымка байғұстың бойына бір лепірме желік кіріп, анды тықсыра қуып, апарған жерінің маңайындағы бұта біткеннің сабағын тісімен қыркып, жұлмалап-жұлмалап тастайтынды шығарыпты.

Арканя қақпанының да қанды боларына сенгені сондай, атып алған шілдерін өзіне ауқат қылуды қойып, аңға иіс қылуға көшті. Қақпандарын Фартовый бұлағы бұралаңдай ағып жатқан баурайдағы су айырығына құрып тастап, «ашыққаннан – құныққан жаман» деген, өзі әлі де аң-құсы ауланбаған тайганың түкпіріне, алысқа қарай дендеп кете барды... кете барды. Бұлғын тек сол жақта ғана құртша құжынап, жыртылып-айырылып, ыңып жүрген-сияқты. Бетінің терін бес төгіп, бес күн, бес түнді от басында ұйқысыз өткізіп, арып-ашыққанында атып алғаны – жеті-ақ бұлғын; әйтсе де бұл оған бұрынғысынан әлдеқайда оңды сапары, сирек кездесетін табысы секілді көрініп, осы сәттіліктің пырағын ерттеп мінген күйінде, мынау қып-қызыл байлықты әлі де болса қайткенде де қармап қалу керек деп ойлады. Егер ол есінен айырылып қалмаса, бес күн ішінде өліп-өшіп жеті бұлғын алғаннан гөрі, асықпай-аптықпай ақырын жүріп, денсаулығын да бұзбай, бес бұлғын атып алғанды артық көрер еді.

Бірақ ол құмарлықтың құлына айналып, ойын қызығына әбден беріліп кеткен-ді.

Қиялына қилы-қилы ой қашып, араны ашылып алған ол енді тіпті сонау Пределдің ар жағына ауыз салғысы келді. Көзін жұмса болды, уысынан шығып бара жатқан бұлғындар, абалаған иттер, ызы-қикы айкай-сүрен, қуғын-сүргін, анды ұстап алып жатқаны түсіне кіріп, көз алдынан көлбеңдеп кетпей қойды. Құрғақ қиял, алдамшы елеске елігіп алғаны сонша, төңірегінде не болып, не қойып жатқанын байқаудан қалыпты; жайып кеткен қақпандарына небары үш бұлғын түскен екен дейді, оның да екеуінің түгін тышқан қыркып, қыстық мекенінің түбіне төсеу үшін ініне тасып әкетіпті-міс, мұның іші соған удай ашып қоя береді екен...

Арканя қақпандарын жиып алып, барактың бір бұрышына үйді де тастады. Біреуіне балқарағайдың арасында жүретін шұбар торғай түсіп қалған екен, қақпандарға иіс қылған жемтіктің тышқан

## Шығармалары. Төртінші том

тимегендеріне қосып, Арканя оны да қазанға салды да, иттерге атала асып берді. Қар қалың түспей, қақпан қойып әлектенудің қажеті жоқ, әзірге ауа райы қолайлы болып тұрғанда ит қосып аулау керек деп шешті ол.

Қарап отырса, аяқ киімі аузын бакадай ашып, қақырап кетіпті, үсті-басы өрім-өрім, тұла бойынан тер иісі мұңкиді, бет-аузын қап-қалың түк басыпты. Сақалы да өткен қыстағыдай емес, ағы молайып, бурыл тартып кеткенін ол енді ғана байқады. Астыңғы еріннен тұп-тура төмен карай, түү тоқпақтай жұтқыншағына дейін, аппақ жолақ түсіпті. Ылғи шала ұйқы болып әрі ащы түтін жеп тастағандықтан, оған қоса орманға келгелі беті-аузын бір жумағасын, жуатындай да мұнда ештеңе жоқ, төнірегің тегіс кіршіксіз тазалық, Арканяның көзі де қызарып, тамырланып кеткен. Тырнақтары да мүжіліп-мүжіліп қалыпты. Оқ-дәрісі ойсырай азайған. Өзі осында келгенде ойлағанындай, сорпа-су қыларлық аша тұяқты аң атып алудың да сәті түспеді, уақытынан ұтылмау үшін Арканя оған шындап кіріскен де жоқ. Ақ тиіннің сан еттерін енді ол өзі асайтын болды, кейде тіпті кезі келгенде балқарағайдың арасында жүретін шұбар торғайды да басып салып, жүнін жұлмастан сол жерде істікке шаншып жіберіп үйтіп алуға да арланбайтын; төс етін ғана өзі жеп, қалған күйік жерін ағаштың түбіріне қағып-қағып иттерге тастайтын. Көмірге айналып кеткен болса да Верный ондайда бәрін бір-ақ асаушы еді. Алда әлі не күтіп тұр деп, кезінде аязға қатырып, төбеге тақау текшеге тастай салған ондаған ақ тиіннің етін Арканя енді азық-түлігінің бір түрі деп есептеп қойды. Тікұшақтың келуіне екі аптадан астам уақыт қалған-ды, мұның өзі – тоқ кісінің көзімен карағанда он бес-ақ күн болғанмен, аш қарынға – әлі жарты ай бар деген сөз болатын. Жарты ай – аз мерзім емес, аштан өлмегенмен, көтерем болып қалуың әбден мүмкін. «Ондай күн туа қалса, – дейді ол Верныйды желке жүнінен жұлмалап қойып, – сені қызыл қуырдаққа айналдырамыз дағы. Ауыздың дәмін алуға жақсы болады!» Әзілдің астарында не жатқанын Верный қайдан білсін, мұндайда теріс айналып кететін.

Фартовый бұлағына бұлғындар жан-жақтан ағылып жатты. Жолы болған күні Арканя оның үшеуін бірдей атып алды. Әрине, ара-арасында қар жапалақтай жауып кеткен күндер де болды, ондайда Арканя ашкөздікпен аңға шыққанмен, аң түгілі оның ізін де ұшырата алмай қайтатын-ды.

Осындай жауын-шашын күндердің бірінде Дымка қолайсыз бір жайға тап болды. Аяғының астынан ата жөнелген бұлғынды түбіртектің түбіне қуып тыққан ол әлгі қуысты жалғыз өзі ұзақ қазып, ара-тұра ін аузынан бас көтергенінде ғана үріп белгі бергенді. Үңірейтіп қазып тастаған іннің қуысына, тамыр-тамырдың арасына басын сұғып тұрып та, әрине, ол тынымсыз абалаған, бірақ жер астынан шыққан үні ешкімге де естілген жоқ. Бұл кезде көпек иті құрғыр маңайды дүрліктіріп, бір саңырау құрды қуып жүрген болатын, иесімен екеуі сол құрдың соңынан қалмай жүріп, қапысын тауып атқанша, одан үйелмендей құр қураған бұтақтарды сындырамындыра ағаш басынан аяқтарының астына жалп етіп құлағанша, Арканя сонымен алаң болып басқаға мойын бұра алмаған. Бұлғын қазып жатқан Дымканың үстінен түскенде, Арканя оны іннің аузынан әрең ажыратты. Тілі салақтап өлуге қалған қаншық сонда да қоймай, қайта-қайта қолынан шығып кетіп, жібермесе – тістеп, ін түбінде ырылдап айбат шеккен бұлғынды бір өзі қазып алмақ болып тап-тап береді. Ақыры Арканя оны белбеуімен байлап қоюға мәжбүр болды, өзі қақпан құрып, іннің ту сыртындағы түбіртекті балтасымен тықылдатқан – бұлғын атып шықты; сол-ақ екен, қақпан қасқырдың аузындай қарш ете қалды да, серіппе темірі секіріп түсті. Дымка одан сайын құтырынып, бұлғынға өшігіп алғаны сонша, көпке дейін шаңқ-шаңқ шабаланды, ұрынып-перініп барып әрең дегенде басылды.

Верный Дымкаға дым түсінбегендей аңырая қарайды, әрине, аңшылық деген – қанынды қыздыратын желік, құмарлық, қызық дәурен екенін қазір ол да ұғатын, бірақ енді бұлғын деп аталатын осы бір тәңір алғыр тышқан үшін соншама шала бүлінетіндей не бар; түптеп келгенде, көк ала терге түсіп алған ол олжаң өзіне де бұйырмай, анау бір алаканы күректей кісінің қапшығында кетпей ме. Бұлар иттер бастарына күн туғанда болмаса, керек десен, тіпті соны жемейді де ғой.

Верный сабырлы, салқынқанды ит болатын; дүниені дұрыс түсінуші еді, сондықтан өзіне не қажет, ненің қатысы жоқ екенін ажырата да білетін. Мәселен, қожайын қастарына келіп қалған кезде, – құдды аң қағудың қызығына әбден желігіп кетіп, көзі содан басқа түк көрмей қалғандай, – ағаштың қабығын тырнақтарымен оскылап келіп өршелене көкке шапшитын немесе Дымкаға ұқсап бұл да төңірегіндегі тал-шыбықтарды оңды-солды тістелеп келіп

жұлқитын; ол аз болса, жер тырналап, көсіп-көсіп қар лақтырып, шірінді шөппен оның астындағы дымқыл мүкті жан-жаққа шашып, әлекке түсетін. «Қартайғанда білдіртпей ғана ұрлық қылатын ку иттің сойысың-ау» деп ойлаушы еді ондайда Арканя.

Бірде қастарына бұзауын ерткен бір еркек, бір ұрғашы бұлан жолықты – үшеуі бірінің ізін бірі басып, соқпақты бойлап кетіп барады екен. Бұзауын қаз пытырамен қалпақтай түсіруге болатындай-ақ жер еді, амал не, ондай оғының бір де біреуі қалмапты; бағана саппас Верный өзінің сүйікті құсы – саңырау құрды қуып жүргенде, әуедегі құсты ата алмайтын кожайынын да осы бір қырсықты іске жоқ жерден қызықтырып, соған өзі де желігіп алған Арканя аңдамай ата беріп, ата беріп, ақыры ондай оғының таусылғанын да білмепті. Екі иті бірдей бұланның бұқасынын ізін иіскелеп өліп қала жаздап-ақ еді, бірақ оған не істей алсын, қаңғуылдап қала барды. Мынау кеткен аң – бұлан екенін Верный білмейтін де болу керек. Шамасы, ауыл-үйдің арасындағы көп ала сиырдың бірінің ізі болар деп ойлауы да мүмкін.

Екі ит бұл кезде бір қос болып, әбден серіктесіп алған-ды; қиыршық тасты жерде жұптарын жазбай жорытып кеп жөнелетін, өйткені бұндай жерден бұлғынды табу да оңай еді; ал бұлғын болса, тастардың арасына тығылып алып, таяу жерден шыққан иісімен иттердің құмарлығын қоздыра түсетін, мұндайда інінен ыстап айдап шығарлықтай Арканяның да мүмкіндігі жоқ-ты. Сол себепті олардың қысқа күнді құр босқа кеш қылып жүрген кездері де жиі болды; иісшіл қаншық Арканяның тепкілеп қуғанына да, қасарысып тұрып алған кездерінде мойнына белбеу салып сүйрегеніне де қарамастан, тастың қуысындағы әлдеқандай бір бұлғын иісі сақталып қалған көне індікештің өзіне қайта-қайта оралып, айналшықтап жүріп алады. Мұндайда қайта Верныйға таяқ аз тиеді; ақырып қалса болды, иіс-миісті қойып, жөніне кетеді әйтеуір. Өлімін салып зорықпайды да, тек алдына қойған асын адалдап қана ішерліктей қызмет қылады адамға. Дымқа болса – бойындағы барын салып, қожасының жолында құрбан болып кетердей өліп-өшеді, құрақ ұша қимылдайды. Ырс-ырс етіп, осы қазір өліп кететіндей көкірегі сырылдап келіп қазады дейсің інді... аузынан қара суы ақтарылып, мына іннің аузында тынысы жетпей тұншығып қалар ма екен деп ойлағандайсың.

## VII

Қолына сусылдап іліккен кездің қадірін Арканя бағалай білді; су айырығы боп саналатын Предел қырқасының ар жағына асып түсіп, сол бір сиқырлы, бейтаныс аймаққа барып бағын сынамақ болуы да тек сондықтан-ды. Егер азық-түлігінің аздығынан қорықпағанда, ол әлдеқашан-ақ тартып кететін еді, өйткені ол жақта бұл жақтағыдан гөрі саяты сәттірек әрі қолайлырақ болатын секілді көріне берген. Ақыры бір күні атасына тартқан мінезі бәрібір шыдатпады; аязға қатырған ақ тиін еттері мен тышқан тимесін деп барактың бел ағашына қаққан шегеге іліп қойған бір қалта арпасын артына қалдырып, қаптың түбіндегі қалған-құтқан жол азығын және әнсуі саңырау құрдың бас, мойын, аяғын алып, Арканя «әншейін көріп қайту үшін», әрлі-берлі жүргенде екі-ақ күнім өлер деп, бұрын-соңды адам баласының аяғы тимеген барса келмес тайғаға тартты да кетті.

Тым ерте шығып еді, күн де жарқырап, ап-ашық боп тұрды; сағат үштің шамасында-ақ Арканя жалаңаш жақпарлардың деңгейіне жетіп, әрі асып түсер жер тауып алды, сосын мынау күн көзі жарқырап тұрған ашық-жарық кезде сол асудың үстінен алдына қараған; орман-тоғайы сынсыған, ойпаты мен дөңесі де, бұрала аққан бұлағы мен күркіреген өзен де бұрын өзі көріп жүргендей, тек бейтаныс қана тайға алдынан шыға келді. Асудың асты – қос қанатын кең жайып, сонау көз ұшына дейін созылып жатқан жайпауыт еңіс екен; шақырайған күн көзінің қуатты сәулесінен көк жасыл самырсын тоғайы түп-тұтас алқара көк түске еніп, қарауытып тұр; солардың бесін ауған шақтағы алын көлеңкесі беткейдегі ашық жерлерді тілкем-тілкем, жол-жол қылып тастапты.

Кең байтақ құрлықтардың үстінен үйіріле жоңкіліп өтетін жел бұл жерде – мынау биік асудың басында – тіпті қаттырақ сезіледі екен. Арканя тасқа отырып дем алды. Қарап отырғанша қайтар жолына да ойша белгі соқты; сай-жыраны санап шықты, көзге түсерліктей көрнекті шоқыларды да қалдырған жоқ; әлдеқандай бір сенім жетелеген ол құдайдан қорқу дегенді де қойып, имансыз мәттамдықпен осынау өмірі көрмеген тайғаның адам аяғы тимеген ақша қарына арбиған із тастап анадай жерде кетіп бара жатқан иттерінің соңынан төмен қарай түсе бастады. Осындай биік жерлерде әдетте саңырау құрлар жайлайтын, өздерінің жақсы көретін тастарын теріп жеуші еді; қазір де бұл маңда тек солардың ғана шынжырдай шұбатылған іздері сайрап жатыр екен.

Тоғайдың шетіндегі әлдеқандай бір қурап қалған, қисық-қисық ағаштан: қанатын қатты-қатты сабалап, өзін-өзі өлтіргелі жатқан пақырдың жан шошырлық ащы айқайындай зәреңді ұшыратын үн шығарып, құдды, басы жаңа ғана жарылып қалғандай қыпқызыл болып, бір қызыл бас тоқылдақ төмен құлдилады да, кенет қанатын жайып жіберіп, анадай жердегі басқа ағашқа дейін ақырын қалықтап барып, көрінбей кетті. «Тек қар жаумаса екен», – деді Арканя ауа райына көзім тиіп кетпесін деп.

Кейбірі сарғыш жасыл, кейбірі алқара көк, енді біреулері қарайып кеткен қылқан жапырақты бұталардан қар тозаңын бұрқырата төгіп, баяу ескен желмен тайга бір қалыпты шуылдайды. Алып самырсындардың бөрік бастарындағы қара көлеңкелі қалың бұта ішінде қарасаң көз тоймайтын түбіт түгі құлпырып бұлғындар ойнақ салады. Мырза күн мамыражай шұғыласын аямай төккен шуақтарда аң атаулы алаңсыз ұйықтап жатыр...

Аңшылық атасынан басталған-ды. Жолы болғыш бір қостас серігінің құрметіне Арканяның атын «Арканя» деп қойған да сол болатын; әлгі серігі жас кезінде қатты байып, өз алдына тіпті дербес шаруашылық құрған; кейінірек, бағы қайтқан кезде жиған-тергенін жан-жаққа шаптып, ішіп-жеп, сауық-сайран құруға жұмсап, ақыры құрттып тынған адам болатын. Сол досының тағдыры атасы марқұмның аузынан тастамайтын жыры еді, өз жанының тайгадай тас түнек түү алыс түкпірінде ол осы немересіне де соның тағдырындай қайтпас қайсар, ештенеден тайынбайтын, фарты жүріп тұрған адамдардың ғана талантына жазылған; нендей сиқыры бар екенін ешкім ұғып болмайтын әрі батыл, әрі дүр тағдыр тілейтін.

Белі бүкшініп, буын-буыны ылғи сырқырап ауыратын, сөйтіп жүріп-ақ аузынан арағы кетпеген атасы пақырдың бейнесі сол күйі Арканяның көз алдында қалып қойыпты. Удай мас кездерінде аузына не келсе, соны айтып, кемпірін өлтіре сабағанына қарамастан, әжесі марқұм қолдарындағы құйттақандай алтынды әр жер-әр жерге бөліп-бөліп тығып ұстайтын; анау бір кездердегі ауыр жылдарда бұларды аштықтан аман алып қалған тек сол ғана болды. Соғыс уақытында да әжесі байғұс арнайы пунктке дейін ерең сүйретіліп барып жүріп, аздаған алтынды ақшаға айырбастап әкелетін. Бірде арақтан босаған бөтелкенің, бірде аптектің құйттай құтысының, енді бірде сіріңке қорабының түбіне ғана титтей егіп

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

сеуіп апарушы еді. Атасы оны терезенің алдында телміре тосып тұратын, егер спирт әкелмесе, әкесін танытып боқтап, сілейтіп тұрып сабайтұғын.

Әлдеқашан өліп қалатын атасын, дәрігердің айтуынша, ажалдан аман сақтаған – ашқұрсақтық көрінеді. Шынында, соғыстан соңғы жылдарда ол кәдімгідей қунап, қутыңдап кетті; алтын іздеушілердің маңында да біраз айналшықтап жүрді; тіпті аң қағумен тұрмысын түзеп, күйленіп алуды қарастырған да кезі болғанды. Арып-ашканына да, тоңып-шаршағанына да – бәр-бәріне төзіп, талай рет елік атып алған шағы да болды. Азын-аулақ ауыз кимылдатары мен мылтығын аркалайтын Арканяны атасы қасынан тастамай ертіп жүретін. Бірақ оған мылтық аттыруға ешқашан сенген емес. Арканя өмірінде бірінші рет өлімші болып жараланған елікті ғана атты, онда да әлгі елік үюлі тұрған үйдей маяның қасындағы бір шок бұтаға сүйеніп әзер тұрған-ды; артқы аяқтарын оқ орып түскен байғұсты атпай-ақ, бауыздап алуға болушы еді, бәрібір ешқайда кете алмайтын-ды. Немересінің атқысы келіп, осы... тықыршып тұрғанын атасы байқап қалыпты. Мылтықты атып Арканя ылдига қарай жүгіре жөнелді де, тартып жіберіп, тырапай асқан елікті дырылдатып сүйреп әкелді.

Әлгінде атасы «Ата ғой енді!» дегенде, бұған қарай бұрылып қарап тұрған еліктің қақ басынан көздеген Арканяның қолы қалтырап, берекесі кеткен. Кейін қораның төбесіндегі, бақшаның басындағы қалқайтып қойған қарақшыларды атқанында, денесі дір еткен жоқ; тек құндақты қысып ұстауды ұмытып кетіпті. Ұрты көп күн көмпиіп ісіп жүрді. Мылтық оның жағының отын жандырып жібергенін атасы байқағанмен, Арканяның өзі қуаныштан жүрегі жарылардай болып, ештенені елеген емес.

Содан көп ұзамай-ақ Арканя ауыл арасында аңшы атанды. Атып алған аңының етін атасы пақыр ақшаға сатып, араққа айналдырып жіберетін. Ол тіпті Пухачев дейтін қойма меңгерушісінің құлы сияқты еді, байғұс; ылғи қарыздан құтыла алмай-ақ өтті ғой.

Қоймаға барса – болды, бір ауыз сөзге келместен Пухачев оған дәу цистернадан сырылдатып ыдыс толы спиртті құятын да беретін; сонда осыншама кимас қазынаның сарқылмастай көптігіне қайран қалып, бұл Пухачев дегенің құдды спирттің құдайы секілді көрініп, Арканя аузын ашып қарайтын да тұратын. Ал Пухачев болса, әлдеқандай бір дәптерге қарындашпен белгі соғыш жатады.



## Шығармалары. Төртінші том

Бұл – амандық болса, алдағы күндердегі атып әкелетін аңының еті есебінен несиеге беріліп жатқанын атасы жақсы білетін. Бірақ мынау жалғыз жиені Арканядан басқасының бәрін араққа айналдырып жіберуден атасының жүзі жанбайтұғын. Қазір соры сопақ самардай болып, қай жерде қаңғып жүргені белгісіз, бакыты күйген бейбақ кызынан қалған осы бір кәрдемше ұлды ғана ол көзінің қарасындай жақсы көруші еді.

Атасы пақыр акыры қатты алжыды ғой. Қозықұйрық, яки жеміс-жидек теруге немесе аң қағуға шыға калғанда, ағып жатқан бұлақтың жайылма жерін көрсе болды – аяғымнан ылғал өтер-ау, тоңып қалармын-ау жок, мұздай суды кешіп жүріп алатын. Мұндайда Арканя әжесінің даусына салып, «қазына жатқан жердің киесін үркіту үшін» атасын жеңінен тартқылап: «Ата-ау-у, қойсаңшы енді, ә?! Ата десе! Жеті қат жер астына шайтан тығып қойған алтын табылатын ба ед саған! Қойшы енді су кешпей!» – деп қақсап, қоймауға тиіс болатын.

«Осылай деп қыр соңынан қалма, алтын деген сөз аузыңнан шықса болды, шайтан оны сол бойда жеті қат жер астына тығып қояды», – деп үйреткен әжесітұғын. Ондайда атасы ал келіп ашуланушы еді. Бірақ Арканя әжесі үйреткен сол дуаны тағы да қайталай берем дегенде, су кешіп сандалып жүрген шал тап сол тұрған жеріндегі дөңкиген бір тастың үстіне отыра қалып, ал кеп еңіресін, ал кеп еңіресін. Қазыналы жердің киесін дуамен үркіткенге жаман күйінуші еді. Кемпірі болса – алтын деген пәленді ит етінен жек көретұғын, ылғи қарғап-сілеп отыратын. Жас кезінде бір рет атасының мықтап жолы болған екен; осы әжесі мен одан туған қызды тастап, шал алтын іздеушілердің ішіндегі сұлу мешанкамен түү Ресейге тайып тұрыпты да, жиырмасыншы жылға дейін зым-зия жоғалыпты. Содан тек әбден азып-тозған шағында, өзі дiмкәс, өзі мыж-мыж болып қартайған, оның үстіне мелдесі біткен маскүнем бейшараға айналған кезінде, күр сұлдерін сүйретіп бірақ оралады. Кемпірінің аяғына жығылып, жаздым-жаңылдым деп кешірімін сұрайды... сонда әжесі де (әсіресе осы жерін қайта-қайта айтқанды кемпір сұмдық ұнатушы еді) шалының алдына шартта жүгініп отыра қалып, бәр-бәрін кешеді ғой, баяғы; сөйтіп, сол тұста жер аударылған пірәдар – Егорий әкейге ертіп апарып, атасын сонымен ұзақ сөйлестіреді, сұқбат құрғызады. Бірақ қаншама аруақты ауызға алғызғанмен, қаншама ант-су ішкізгенімен, оның

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

түк пайдасы тимепті. Атасы ара-тұра болса да үйге алтын әкелуін коймайды және жайына қарап жүрмей, жұртқа жария қылып, өзі әркімге айқайлап айтып жүреді. Алтын тауып алғанын даурыға айтып, жұртқа дабыра қылды дегенше, ондай кісіні дені дұрыс емес, делқұлы десеңші. Ақыл-есі орнындағы адам алтыным бар деп мақтанбас; қайта оны «осы құрғыр... менің ауыруыма көрінер ме екен әлде ажалыма тап келген пәле ме?» – деп тығар болар. Онын орнына: шал ішті-жеді, оңды-солды шашты-төкті. Кемпір байғұс қартайғанда басыма қара күн туа қалса керек болар деп, аузынан дұғасын тастамаған күйі құм алтынның бір шөкімін бір шымшып анда, бір шымшып мұнда: босаған шишаға, әтірдің құтысына, насыбай қалтаға салып немесе ескі шүберекке орап, титтей-титтейден тыға беретін, тыға беретін; тіпті бақшаға, шабындыққа, гүлзарға, көгорай арасына, тайгадағы тастардың астына, бір кезде әкесінің қыстауы болған ескі жұртқа да апарып, кейде үй әктегенде пештің қуыс-қуысын тығындаған болып та жасыра беретін, жасыра беретін.

Әжесі айтқан сұмдық әңгімелерден жаны шошитын және алтын іздеушілерден анасының басына жамандық келіп, бақыты күйгенін, ақырында өзінің де жетім қалғанын білетін Арканя алтын деген пәледен қатты қорқушы еді. Сол бір қаңғыбас қаба сақалдарға ерген шешесі хабар-ошарсыз ұшты-күйлі жоғалып кетіпті. Әйтсе де ол осы бір асыл тас жайындағы әңгімелерді: қандай сиқырлы сөз айтсаң – оның табылатыны, жіптіктей созылып жататын алтын өзектерінің бүгінде азайып бара жатқаны, қазыналы жердің маңайында қаусаған қабырғалар мен адамның бас сүйектері шашылып жататыны жайлы. сондай-ақ баяғы заманда өткен оқиғалар мен бүгінгі өндіріс туралы атасының аузының суы құрып айтатын аңыздарын тыңдауды ұнатушы еді. Өз басы аң қағудан әріге бармағанмен, жолы болғыштық пен құмарпаздықты атасынан алыпты; шамасы соның қанымен сіңген болу керек.

Қараңғылық тым ерте түсті де, бірінші күні иттері ешқандай аңға жолығып үлгермеді. Мұндай ашық-жарықта Фартовый бұлағының басында болғанында, ең құрығанда, бір бұлғын алатын еді, бір күні босқа өлді.

Қоналқыға түп-тамырымен қопарылып жатқан бір ағаштын түбіртегін таңдап алды да, Арканя оған от қойды. Ол жайғасам дегенше түбіртектің қызуы күшейіп кеткені сонша, таяу мандағы

ағаштардың бұтағына қонған көбік қар еріп, күрс-күрс құлап жатты; жалын бет бақтырар емес; отқа қарсы қарап, жүрелеп отырған Арканя төңіректі қыз-қыз қайнатып, аптап естіріп қоя берген шайырлы түбіртектің шағырмақ ыстығына рақаттана теңселіп, көзін жұмып алған күйі: жаздыгүнгі жаға-жайды, шақырайған күнді, қырық күн шілденің қапырық ыстығын, құм қызуын есіне алып, тіпті жарының құштарлыққа толы қызулы да қуатты құшағын аңсағандай болды; осындайда шалқаннан түсіп шалжиып жатып алатын жалқаулығын да, шаршап-шалдыққаннан кейінгі бір керіліп-созылып, манаурап-маужырайтының да ойыңа орала кетеді екен. Суды шалпылдатып жағада жүгіріп жүрген Колькасы да көз алдынан кетсейші.

Дорбасының түбінде бір килодай қанты, шұқыр-шұқыр кезіне ұнның тозаңы қонған төрт-бес кептірілген кара наны, бір қалта арпасы және әлденеше шоколады бар болатын. Конфеттерді, өзінің тәттілерін де жемей, Колькасы қапшыққа тықпалап жатқанды, сайтан бала. Арканя оларды ырым қылып, әлі күнге жемей, қапшығында сақтап жүрген-ді; қазір кейбірі жаншылып, кейбіреуі былжырап езіліп кеткен сол бір шоколадтар, осы уақытқа дейін желінбей келгендігінің өзімен-ақ, ішіне әлдеқандай сыр бүгіп, сора қалсаң, таңдайынды жұлып түсердей тәтті секілді көріне берді.

Тырли арық шұбар торғайды отқа үйтіп жіберіп, күйелеш-күйелеш күйі иттеріне тастады да, Арканя шекермен шай ішіп, қатқан нанды қатыр-қатыр жеп алды. Әйтсе де ұйқысы бәрібір шала болды, таң алдындағы нағыз тәтті ұйқы кезінің өзінде тұла бойының дел-сал болып шаршап-талғанына қарамастан, дірдектеп оянып кете берді; бұдан соң әрлі-берлі дөңбекшіп, қалғып-мүлгіген болып өзін-өзі алдарқатқанмен, шынына келгенде, ояу жатты; ара-тұра отқа қу бұтақ тастап қоздатып қойып, ан терісінен тігілген етігі мен шұлғауы тезірек кебу үшін, ағаш басына іліп-іліп тастады. Жатарда отқа жақын маңдағы бұтақтардан еріген қар суының тамшылары етігін әбден сулап тастаған екен; енді қараса, үйкеле-үйкеле өзі де ақжемденіп, көптен майламаған соң, тігісінің тарамысы да қурап, бозарып қалыпты. Иесінің бойындағы өзгеріс пен қатты қажығандықты ең алдымен сезген иттер болды, төрт бүктетіліп бұйығып жатқан жерлерінен бастарын көтерген олар ербиген-ербиген ұзын көлеңкелерге айналып барып, қайтадан орын-орнына жатты.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

Таң қараңғысындағы аяз төңіректі түгел шойындай қатырып тастады. Арканя отқа, – оның моншадағы жұмыр тастай қып-қызыл болып жатқан алау ортасындағы қызулы шоғына, басы бүтін кіріп кеткісі келіп, өліп кете жаздады. Өзімен бірге ала шыққан энеугі саңырау құрдың бас-сирағын барынша ылжыратып пісіру үшін, жәукемдеуге жарарлық сол жалғыз азығына аздаған аргта қосқан ол осының бәрін шәугімге салып, таң әбден ағарып атқанша ұзақ қайнатты. Сорпасы азайып қалған кезде қайта-қайта қармен үстемелеп, қолын оттың табына ұстаған күйі, жүрелеп отырып-ақ қалғып кете берді.

Соңғы күндері ол иттеріне сұмдық қараулық жасап жүргенді, бұ жолы сорпаны солармен тең бөліп ішті; қазан түбінде қалған қоюын қайнақ сумен қосып, аузы-басының күйгеніне қарамастан соғып алды. Бұл кезде анау-мынау жерінің ауырғанын, яки аузы-басының күйгенін елеуге Арканяның шамасы жоқ-ты. Тек тезірек тікұшақ ұшып келіп, үйге – мереке қарсаңында әйелінің төркіндері сойған семіз шошканың етінен Нюрасы нағыз қапуста көже жасайтын мекен-жайына алып кетсе екен деп қана тіледі. Ара-арасында: «Ішіне ішек-қарын немесе өкпе-бауыр салған самса болар ма еді, шіркін», – деп те армандап қояды. «Жағдай бұдан кейін де нашарлай түсер болса, бүгін-ақ қайтып кетем, – деді Арканя өзіне-өзі, – әттеген-ай, Фартовыйды бұл жерге бекер-ақ айырбастаған екем...»

Тілеп алған аурудың емі оңайлықпен табыла қоя ма. Ылдидағы самырсын арасынан Дымка бір бұлғынды қашырып, сол бойда абалал қоя берді: екінші бір жақтан енді Верный да кәукілдесін келіп. «Дымка бәрібір құтқармайды, – деп ойлады Арканя тез шешімге келіп, – ал Верныйға сенім жоқ, осы бойда оның басына бақыт қонғанмен, қайта қарағаныңда қайда ұшып кеткенін де білмей қаласын», – деп, қалың қарға омбылағанына қарамай өрге қарай, Верныйға тартты.

Басқа ағаштардан бөлектеніп, алаңқай ортасына өскен, төбесіне қарасаң – телпегін түсердей биік, туу ұшар басына оқтың жету-жетпеуінің өзі неғайбыл төрт самырсынның қайсысына барып тығылғанын айыра алмай, Верный бұлғынды іздеп, Арканяны біраз азапқа салды. Самырсындардың төңкерілген телпек бастары құлды нiлқара көк бұлт секiлдi топтанып тұр, сол бұлттың – қалың бұталар мен қаптаған қылқан жапырақтардың арасында, титiмдей аңның қайда барып тығылғанын табу қалайша оңай бола

## Шығармалары. Төртінші том

койсын. Оның үстіне, ылди жақтан әлсін-әлсін Дымканың әлсіз үні жеткен сайын, Арканяның тағаты да таусылып, мынау саппас Верныйдың кәукілдегеніне жүгіріп келе қойғанына қатты өкінді. Верный байғұс біресе ана самырсынға, біресе мына самырсынға жүгіріп, әуп-әуп етіп әбден әлекке түсті. Қалын қардың астын қолымен кесіп жіберіп, тас тауып алған Арканя оны құлаштап келіп төбеге лақтырды; тіпті болмаған соң жуан бір бұтақ алып, ағаштың дінін сонымен дыңылдатып келіп ұрған. Сол-ақ екен, осы жерде бұлғынның барына күмәндана бастаған Арканя түү биіктен қылт еткен аңның сұлбасын көзі шалып қалды. Арканя оны тағы да үркіткен, аң да тағы бір рет секіріп барып, бұта арасынан тұмсығын ғана қылтитып, тығылып тұра қалды. Арканя тартып кеп жіберген. Бұлғын бір жуан бұтаққа ілініп, жаралы күйінде жанталасып біраз жатты да, әлден соң біржола тыншықты, бірақ сол жерде қалып қойды. Айыр бұтақтың арасынан салбыраған құйрығы ғана көрініп жатыр. Енді ағашқа өрмелесең, ия төрт құшақ самырсынды шауып құлатпасаң, оны пытырамен атып жерге түсіру мүмкін емес. Ылди жақта Дымка да тынымсыз абалап тұр. Түкке түсінбей төбеге қарап кәукілдеген Верныйды да, бұтаға ілінген бұлғынды да тастап, Арканя енді етекке қарай жүгірді.

Дымканың бұлғынын ол әп дегеннен-ақ алды.

Әрі қатты қажыған, әрі бойына желік кірген Арканя енді ауқаттанғысы келмеді, не де болса көкірегінде қордаланған өкінішті ызасын әбден ақтарып барып, біржола тынықпақ болды: қылаң бұлғын ба, қоңыр бұлғын ба, енді оған бәрібір еді; осындай шешімге келуі мұң екен, құдды әткеншек тепкендей аяғының астындағы жер шайқалып, дүние дөңгеленіп жүре берді: қайта-қайта басы айналып, ізінен шатысып, оған шұбар торғайдың шықылықтай күлген келекесі қосылып, иттің үргені, алаулаған от, кураған шәпшек, киімінің дал-дұлын шығарған тікенекті бұталар, көзін удай ашытқан көк түтін – бәр-бәрі ню-кию араласып, бытысты да кетті; алдында көлбеңдеген бір көлеңкелер пайда болып, сол елес оны емексіте еліктіріп, қол бұлғап шакырғандай көрініп және ең қауіптісі – соның бәрі Арканяның санасын өзіне әбден баурап, бағындырып алған болатын.

Бұлғын атаулының бір-бірінен айырғысыз болып көрінгені сонша, (бір жолы түсінде кілең бір әмиян теріп жүретін, марқұм атасына ұқсап), Арканя оларды аулап емес, қалағанынша қолымен

ұстап алып жүргендей сезінді. Атасы пақыр әлгі түсінде: түнімен қалың орманды кезіп жүр екен дейді... Жан-жағына қараса, бұта біткеннің бәрінде бүйірі тоқ әмияндар самсап тұрған көрінеді: ояна келсе – өзі удай мас, қалтасын әлдекімдер тазалап кеткен. Петроградтын көшесінде жатқан болып шығыпты. Атасы айтып, бұл тыңдаған сол әңгіме миында өшпестей қалып қойыпты; сонда құйттай бала бұта басы сайын әмиян ілінген қалың орманды көз алдына елестетіп, елігіп ұзақ отырушы еді. Кейде тіпті «Жоным болып, түбінде пытырадай майлақы әрі ап-ауыр үш елі алтыны бар бөтелке тауып алсам-ау», – деп те армандайтын. Өйткені әлгіндей бөтелкені ол төбелесіп жатқан атасы мен әжесінің айқайынан оянып кеткенде көрген-ді. Шамасы, әуелі олар алтынды ептеп төгіп көрген болулары керек, аппақ кенеп дастарқанда әлдене жалтырап жатты; ал шишаның өзі үстел үстіндегі май шамның қасында тікесінен тұр екен. Таңертең әжесінің бет-аузы көк ала қойдай болып, басын сүлгімен орап алған күйі, теріс қарап аңылап-уһіледі де жатты...

Ағаштың басында қалғанды есептегенде, Арканя бұл күні үш бұлғын алды: «Ашыққаннан – құныққан жаман» деген, құрысыншы», – деп, бір бұлғынға бола сонау ұшар басы зәреңді ұшыра, ақырын ғана шайқатылып тұрған самырсынға Арканя ормелей қойған жоқ; ұзын арқансыз ағаштың жалаңаш діңіне тырмысып шығу мүмкін де емес-ті. Тек аңның күйірығы ғана көрініп, көзін қызықтыра берді. Темекісін тартып алған соң, Арканя өзіне сап-сап айтып, нәпесін біржола тыйды да, артына қайырылмасаң көз ұшындағы қырканы бетке алып жүріп кетті; не де болса мынау ашық-жарық кезде асудан өтіп алып, өзінің үйреншікті барағына жетіп жығылмақшы болған-ды. Бірақ алансыз қайта беруіне иттері мұрша бермеді, қайта-қайта үріп, тағы да түү алыста, ылдиде шақырып тұр. Төртінші бұлғын жаралы күйінде құлап келе жатқанда қақшып алған Арканя оның мойнын дереу бұрап тастамақшы болған, бармағын оңдырмай қыршып кеп алды.

Өр беткейдің орта шеніне жеткенінше қараңғылық әбден қоюланып, түн түсіп те кетті; сондықтан ол шама-шарқынша ғана төсек-орнын даярлап, сол жерге түнеуге мәжбүр болды. Үйреншікті дағдысымен ғана бұлғындардың терісін сыпырып, еттерін қақтап алу үшін ағаш істікке шаншыды да, шикі терілерді жұмарлап-жұмарлап қапшығына тыға салды. Жол-жөнекей Ар-

каня өзіне ауқат қылуға бір шіл атып алған болатын; ертеңгі күні қандай боларынан қорқып, оны қазір жеп алуға жүрегі дауаламады. Жалпы, әне-міне жолы болып, қуанышқа кенеліп қалатындай көрінумен бірге, Арканя соңғы кезде әлдеқандай бір тылсым күштен қорқа да бастаған-ды; мәселен, ол қазір әке-көке десең де бесінші бұлғынды атып алуға аяқ баспас еді.

Кенет ол қасында иттерінің жоқтығын үрейлене аңдады. Қарды сықырлатқанын да, бұталарды сыбдырлатқанын да қойып, тың тыңдаған, түү алыста, сонау ылдида өзін қараңғы түн қойнына арбай шақырып тұрған Дымканың еміс-еміс үнін құлағы шалғандай болды. Құдды әлдеқандай бір қаской «бұл қайтер екен» деп Дымканың даусына салып, қырық құбылтып мұны өтірік шақырып тұрған секілді. «Бармаймын, ал қайтесің!» – деп күбірледі де, алаулаған от қызуына бетін төсеп, Арканя көсіліп отыра кетті.

Ол істікке шаншылған бұлғын еттерінің бірінен сан етті жұлып алып, жүрегі айнығанына қарамастан, ара-арасында тәтті шайынан ұрттап қойып, шайнай бастады. Дымқыл өткен аяғы ұйып, терге малшынған арқасы құрыстайды. Тері кеудешесі сыкнып қатып қалыпты. Иесін шақыра-шақыра шаршаған Дымканың шарасыз үні құлаққа әлі шалынып тұр. Арканя тері кеудешесінің етегін түріп жіберіп, жалаңаш жотасын оттың жалынына қыздыра бастады. Арқасы әбден қызған кезде ұйқы қысып, бойын әлдеқандай бір енжарлық билеген-ді. «Өлмесең, өрем қап сен. Дымка, – деді Арканя іштей – Маған десең ішің кепкенше үр!» Арканя осы уақытқа дейін қанша бұлғын алғанын ойша есептеп көрмек болып еді, бәрі-бір санына жете алмады: ырымшыл адамға бұл жақсылықтың нышанындай көрініп, өзі соған ептеп қуанды да. Бұл кезде Дымканың даусына Верныйдың әуілдеген үні қосылған-ды. Арканя өзін-өзі зорлап, ит етінің сасық иісі мұңкіген, күйелеп-күйелеп, кей жері тіпті көмірге айналып кеткен бұлғынның сан еттерінің тағы бірін жей бастады. Сөйтіп отырып: «Кәукілдек неменің қазір өзі-ақ шауып келер», – деп ойлады ол.

Айтқанындай-ақ, қап-қараңғы түн қойнынан кенет Верныйдың өзі шыға келді. Қыңсылап, қараңғылыққа қайта сүнгіп, мұны өзімен бірге жүруге шақырып, қайта-қайта орала берді. Верный мұның опасыздығын түсініп қойғандай, Арканяның оған жыны құрыссын! Ыза болғаннан итін алдап шақырып алды да, жалын шарпыған бұлғын етінің бірін тұмсығының астына тастай салды.

Нәпсісін тежей алмаған Верный бас салып бір-ақ асады да, сүйегін азуға салып пытырлата бастады. «Анау қаншық үре берсін, мейлі! Үре берсін, ақымак!» – деді Арканя. Сөйтті де, Верныйды қасына алып қалғи бастады; осы жаңа ғана мызғып кеткен секілді еді, көзін ашқанда – қасында Верный тағы да жоқ болып шықты.

Орманның бір қалыпты шуылына желдің суылы қосылды ма, Дымканың даусы естілмейді. От қызуына шыдамаған ағаштың көмірге айналған шаласы тарс-тарс ұшқын атып жатыр. Арканяның көзі тағы ілініп кетті; көзі ілініп кетуі мұң екен, ит тұмсығы өтпес қалың бұталарды қақ жарып, шыршалар мен самырсындардың ну жапырақтарын қолымен ысырып, қап-қараңғы түн қойнында Дымқаға қарай бара жатты; тұла бойы жеп-жеңіл екен дейді... ылдига қарай аяғы алып ұшып келеді; кенет етекке жете бергенінде самырсынның жұп-жұмсақ бұтағының үстіне құлап, серіппелі бұтақта ырғатылған күйі қозғалмастан жатыпты да қалыпты, шалғымен шөп шабамын деп қатты қажыса керек, майысқақ бұталардың үстінде тербетіліп, күншуақта ұйықтап кетіпті; ұйқылы-ояу жатып, тершіген денесіне қонған маса-сонаны қолымен ақырын жасқайды-мыс... Әйелі шеген-шәугімдерін салдырлатып ас үй жақта жүрген секілді. Ұйықтар алдында Арканя оған өзінің иттерін – Капсик пен Найданы тамақтандыр деп қатты тапсырған екен дейді, бірақ оның орнына әлі кіпкішкентай Колькасының сұп-суық жерде ашық-шашық жатқанын көреді. Содан шошынған Арканя шеген-шәугімдердің де, Капсик пен Найданың да бұрынғы үйлерінде, жаңа пәтерге көшпей тұрғандарында болғанын есіне түсіреді-міс. Ояна келсе – өздерінің цехында, темекі шегетін орындағы отырғышта отыр екен дейді, цехта апат болыпты; бұл көрмеген конструкциялы қақпақшаның қиюласқан жері мықтап бекітілмегендіктен, жігі ажырап кетіп, сол ажырасқан жердегі саңылаудан көрер көзге газ бұрқырап шығып жатыр; көзінді удай ашытып, тынысыңды тарылтып тұншықтырып барады; қолына дәнекерлеуші аспап ұстаған әлдекім мұның ту сыртынан келіп те қалған екен, қып-қызыл темір шыбықты шап беріп ұстай алған Арканя: «Қайт кейін! Қайт дейім, жеті әкеңнің аузын!» – деп айқайлайды. Қолындағы темір шыбық қатты қызғаннан аппақ болып кетіпті, ұшы жалындап жанып барады.

Жанына батқан жаман аурудан Арканя атып тұрды, қолын сілкілеп қолғабын әрең түсірді де, оң қолымен сұп-суық қарды



## Шығармалары. Төртінші том

жентектей берді, жентектей берді. Қолғабының алақандығы жартылай жұмылған қалпын бұзбастан, ортасынан дөңгеленіп от шеңберлене әлі бықсып жатыр. Төңірек құлаққа ұрған танадай тып-тыныш еді, бірақ Арканяның оны елеуге мұршасы болған жоқ; жанына батқан жара мен түнгі суықтан тісі-тісіне тимей қалтырап бір берді дейсін, ұйықтар алдында әлдеқайдан Дымканың абалаған үні естілгені де, тіпті иттерінің бар-жоғы да мүлде есінен шығып кетті.

Қопарыла құлаған түбіртектің өзегін от кеулеп, шок енді дінді қуалай әрмен кетіп барады екен, үңірейген аузынан ып-ыстық алау бұрқырап, бет жағына күлден жұп-жуан тығын тұрыпты. Ұшқын, шамасы, көкке қарап ербиіп тұрған жінішке тамырлардың бірі жанған кезде ыршыса керек.

Иттерінің қасында жоқ екенін Арканя кейінірек аңдады; сол-ақ екен, арасын үзіп-үзіп әуеге екі рет мылтық атты; сонсоң арқасын отқа беріп, атасы үйреткеніндей: саусағының күйген жерін тілімен жалап қойып, ара-тұра сұп-суық қар басып; қол-аяғын бауырына алған күйі төрт бүктетіліп жатып қалған, қалай көзі ілініп кеткенін білген де жоқ.

Түннің қалған бөлігінде қар жауыпты, ертенгісін жер бетін бұрынғыға қосымша тағы да тізеден келетін көбік қар көмді де салды. Дүние ақайранданып, әлі де қар жапалақтай жауып тұр. Тайганы ақ көрпеге орап, көз алдына қымтап-шымқап барады. Дымқыл тартқан киім тоңған дененді онаң сайын түршіктіріп, сығып бара жатыр, тізең сырқырайды, арқан, сегізкөзің алдырмайды. Қар астынан, әнеки, Верный түрегелді. Дымқа көрінбеді. Арканя түнде өзінің мылтық атқанын есіне түсірді, сонсоң дым тартқан төсек-орнын аударып қайта салғанын есіне алды; тұрып кептірінгені, аяқ киімін ауыстырып кигені, қалың қардың астын қалай үңігені, одан кейін Верныйды тамақтандырғаны да ойында. Верный тын тындап тұра қалды да, кенет сілкініп-сілкініп жіберген, қар жабуы сыпырылып түсті; бірақ сәлден соң жауырыны шодырайған апарық иттің қыр арқасы қайтадан ақ жабу жамылды.

Қар әлі жапалақтай жауып тұр, түү биіктен қалықтап кеп жерге ақырын қонып жатқан сыбдыры еміс-еміс естіледі. Арканя: – «Дымка!» – деп айқай салған көмекейінен үн шықпағанда шошып қалды. Мықтап қарлыққан екен. Верный даусын соза, ұли үрген. Қалың қар дыбыс атаулыны мамық жастықша жұтып қойды.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

Олар кешегі шілдің жүнін бүгін жұлып, отқа қақтап, сосын қар астында қалған күйелеш-күйелеш бұлғын еттерін әрең дегенде тауып алып, оразаларын ашқан болды. Сәлден соң асуды бетке алып ақайрандаған дүниеге қадам басуы мұң екен. Арканя аяғының кешегіден анағұрлым әлсіреп қалғанын байқады; әншейіндегі жеп-женіл қарышты қадамы өз-өзінен қысқарып, құдды бұрын-соңды байқалмаған дертке шалдыққандай, кібіртіктей береді. Бір емес, екі емес, қайта-қайта шұлғауына сүріне бергендей болған соң, алғашқы кезде бұған онша мән бере қоймаған Арканя аяғының астына амалсыз үнілген. Бақса, тізеден асатын қалың қарға малтығып әрең келеді екен. Қар жапалақтай жауып, төпеген үстіне әлі төпеп тұр! Қорыққаннан: «Тезірек, – деп ойлады ол өзін-өзі қамшылап. – Кісі бойы қар жауып, соның астында тұншығып қалғың келмесе, тезірек қимылда! Анау асудан ас та, барағыңа жет!»

Верный да абдырап, қайта-қайта несінің көзіне үніліп шошына қарайды, ара-тұра қар бетін бауырымен сызып барып, бір бүйірдегі бұта түбін пана етеді. Ондайда Арканя ыза болып: «Неменене бажыраясын? Сен маубаспен екеуіміз құримыз бүгін, ал құримыз!» – деп ақырады итіне. Верный Арканяны ілгері өткізіп жіберіп, біраздан соң оның күртіктегі үңірейген ізімен қорқасоктай батып-шығып келе жатады.

Тіп-тіке жоғары өрлеуден басқа, мынау бұлыңғыр дүниеде бұларға бұлдыр жоқ еді. Шынына келгенде, орындарынан қозғалмағаны мақұл-ды, бірақ бойын үрейге алдырған Арканяның оған тағаты жетпеді: қаптаған шыршалардың бірінің астын ықтасын етіп, сол жерге күрке жасап, толып жатқан түбіртіктердің бірін маздата жағып қойып, күш-қуатын сарықпай, әліптің артын бағып, буы бұрқырап, жылы жерде отыратын адам, қайтерсің енді. Ет қызуымен Арканя түндегі қонған жерінен едәуір ұзап кетті. Мынау өлі, құр кеуек қуыс тайга қазір қаңырап тұр еді; бұл тайгада қазір бұлғын да, ақ тиін де, бұлан да жоқтұғын; осылай боларын күні бұрын білгендей, кеше аспанда бірде-бір қарға ұшпаған, жерде бірде-бір құнудың ізі байқалмаған-ды; әншейінде аң десе өліп кете жаздайтын Дымканың да үні шықпай, желіктен біржолата ада болғандай еді. Енді қайтсін-ау, мынадай ақайранданған аспанда наһан балық қана жүзбесе, қойыртпақ кекте не бола қойсын.

Арканя осылайша тоқтамастан, не де болса құлаған жеріне дейін жүре берер ме еді, қайтер еді, кенет... аздап қар басқаны бол-

маса әлі суи қоймаған өзінің ізінің үстінен түсті. Сол іздің үстінен түскеніне өзі кінәлідей Верный құйрығын бұлғандатып, бұған мәлие қарап тұр. Қорыққаннан Арканяның тұла бойы бусанып қоя берді. Итіне де ыза болғаннан ыңк еткізіп іштен бір тепті де, үнірейген ізіне жығып салып пергіледі-ай! Әрі-беріден соң саба-сына түскенінде: «Қап, бекер-ақ ұрған екем, – деп ойлады ол, – кім біледі, алдағы күн қандай боларын... Оқ шығармай, күшім-күшім деп алдап шақырып алуға тура келер, бәлкім». Тайганы каншама кезіп жүрсе де, Арканя тап осындай тығырыққа тіреліп көрмегенді. «Бас айналды деген осы», – деп ойлады ол, құдды әлдекім туралы әнгімелеп тұрғандай.

Бір кезде барып аңдаса, түндегі қонған жерінен екі-ақ қадамдайда тұр. Түбіртек әлі бір калыпты маздай жанып жатыр. Арканя төсегінің орнын дереу қағып-сілікті де, таяудағы шыршаларды бұтап жіберіп, ұядай күрке жасады, астына жаңадан самырсын бұталарын төседі.

Аш адамның амалы қарапайым да түсінікті: шай ішу керек те, жылы жерде ұйықтау қажет: тағы да жылы орнында шай ішіп, сол жылуыңды жоғалтпай ұйықтау лазым. Арканя ұйқылы-ояу күйде ұзақ күнді кеш қылды, күркесінің іші – ұядай жып-жылы, төбесіндегі қар еріп, жан-жаққа ағып кетіп жатыр. Ойы сан-саққа жүгіріп, бірі келіп, бірі кетеді: кеткені – сол бойда ұмытылып жатыр, ізім-ғайым өшіп жатыр. Әлден уақытта құлағына әлдеқашан ұмыт болған бір дауыстар келіп, Арканя өзіне қарсылық білдірген сол дауыс иелерінің әрқайсысымен ұрсыса бастады. Қар бір күн, екі күн, үш күн осылайша жапалақтап жауа беруі мүмкін. Сонда қайтпек керек? Верныйды сойып жер, ал сосын ше?.. Мынау кісі бойы қалың қарға көміліп, бәрібір үсіп өлуі әбден мүмкін ғой. Ұшқыш хабарласса, тек қыстаудағы бұлғындарды ғана тауып алулары мүмкін. Бұлғын терілеріне тышқандардың өресі жетпес. Бірақ жазға дейін өздері де қаудырлай кеуіп, көгеріп кететін шығар. Ұшқышты, сөз жоқ, жұмыстан қуады сосын...

Мұның бәрі ұйқылы-ояу Арканяның ойына келген нәрселер ғана. Соның өзі көңіліне аздап медеу болғандай. Кенет оның көз алдына энеугүнгі көрген сурет бүге-шігесіне дейін қалқып келе қалды: тапа тал түс кезіндегі шақырайған күн сәулесіне көміліп, қос қанатын кең жайып, сонау көз ұшына дейін созылып жатқан жайпауыт еңіс... сол еңістегі нілқара көк ну самырсындар, жала-

наш жақпарлар, әжімденген сай-жыралар; қолдың саласындай болып қаз-қатар жатқан бес жазық алқап бар еді, бұл қазір соның жоғарыдан санағандағы үшіншісінде жатыр. Аңғар-аңғар болып тарамдалған сайтабандар бірінен-бірі тереңдей түсіп, бірінен-бірі көлеңке асыруымен ерекшеленетін. Ертең тағы соның біріне түсіп, солар арқылы жүруі керек; сайтабандағы бұлақты өрлеп барып, бірте-бірте жоғарыға шыққан дұрыс. Жазық алқап жаратқанның өзінің алақанына ұқсап көкке қарап жатыр, асуға көтерілер жалғыз жол – сол алақанның балаңүйрек саусағы мен шылдыршүмегінің арасында ғана. Тек тәңірінің сол алақанынан аунап кетіп, бір шетіне түсіп кетпессе бопты дағы. Бұлақты бойлап, қалың қарға омбыласа да тіке тартуы керек; сонда қос қапталындағы қалың орман күндіз жүрсе де, түнде жүрсе де бағытынап жаңылдырмай, қақпайлап отырады. Асуға тез жеткізетін ең төте жол да – сол бұлақпен өрлегенінде. Малта тасты жонға шықсаң болды – алдыңнан жел есер, сол жерден Фартовыйға барар құлау да табыла кетер... Арғы жағын мұның өзі-ақ бес саусағындай біледі.

Түбіртектің астындағы қуысқа кіріп кеткен Дымқа қаншама дыбыс беріп, шақырып еді. Тұншығып өлген шығар... Бармаған өзін... Басыңа келген барлық пәле неден дейсің, соның кепіреті ұрғаны! «Енді Верныйды сойып жесең; біржола құрығаның!» – деді әлдебір қарлығыңқы үн Арканяның құлағына сыбырлап.

Тезірек жолға шығу керек-ті, орнынан атып тұрған Арканя сол бойда төмен құлдады. Бұлақ жап-жақын жерде скен, бетін аппақ ақжаймадай теп-тегіс біркелкі қар басыпты. Аяқ басу да пәлендей қиындыққа түспейтіндей екен, тек бір жаман жері -- жатқысы келе берді. Қасында қарға малтығып, Верный да келе жатыр. Арканя оқта-текте бағдарынан ауытқып-ауытқып кете берді, бірақ ондайда қос қапталындағы ағаштардың бұтақтары кеудесінен итеріп, оны қайтадан бұлаққа қарай бағыттап жібереді; аяғы біресе қар астындағы жарлауыт жағаға, біресе сумен бірге қатып қалған салынды ағашқа тіреледі; мұз құрсаңған сарқырамалардан Арканя еңбектеп өтті десе де болғандай; қанша күші қалғанын білгісі келгендей бұлақ шіркін де мың бұралып, ирелеңдеп таусылар емес, әйтсе де бойын желік кернеген жігіттің өткендегі ағат қылығына кешірім еткендей, әйтеуір өрге қарай тура әкеле жатыр. Жарық та түсе бастапты. Арканя жиі-жиі демалып, әр жерге бір отыра берді. Ондайда Верный да қасына кеп, жер бауырлап жата кетеді.

## Шығармалары. Төртінші том

Ағаштан ада, малта тасты жалаңаш жон үстінде жел ұйтқи соғып, қарды қиғаштай борағын тұр екен, ақ түтектің пердесі анда-санда ашылып кетіп, алдыңғы жақты болжауға мүмкіндік туып қалып тұрды: мынау ағараңдап тұрған – ақ керішті жарқабақ, Арканя соған келіп қалыпты; қасындағы өңкиген – ерте замандардан қалған өгіз тас, мінеки, Арканя оған да жетті; ақ түтектің пердесі тағы бір ашылғанда, ол Предел қырқасын тұтасымен, тіпті оның қыр арқасына дейін ап-анық көрді, өткенде бұл құдайдан қорқу дегенді де қойып, осынау жұмбақ та зымыстан өлкеге тап сол жерден қадам басқан-ды. Қазір қыраттың сол қыр арқасынан әлдеқандай бір шыңның жалаңаш жақпарлы басы қарауылдай қылтынып тұр; өзі нығына дейін қардың көгілдір бұлтына қымтанып алыпты. Бұл жерден қарағанда тиіп тұрғандай көрінгенмен, ол шың шынына келгенде тым алыстағы биіктердің бірі болатын. Арканя осы жерден өзі артқа тастаған қатыгез өлкеге қайырылып қарағанында, мынау таңғы алағеуім шақта, құдды кір жуатын машинадағы көбіктей, будак-будак болып еңіске топылып жатқан бірі сұрғылт, бірі көгілдір ию-кию бұлттар шоғырын көрді. Бейне бір мамық жүні бұрқыраған алып аңдар сонау қазан шұңқырға табын-табын боп жиылып алып, жын-ойнақты салып жатқан секілді.

Осынау жат өлкеде Дымканың қалғанын Арканяның есіне салғысы келгендей, Верный бұған молне ұзақ қарады. Атана лағынет, мұндай ұғымтал болар ма?! Арканя бір сәт «Осы Верный – ит емес шығар» деп ойлап қалды...

Фарговый бұлағына кеп қалғанын Арканя аяғымен-ақ сезінді, бұл жердің биік төбешігі оған бес саусағындай белгілітұғын. Қар мұнда аз екен, бірақ желі күшті әрі аспаны ашық болып шықты. Баракқа қу жанын сүйретіп, өліп-өшіп әзер жеткен Арканя сүріне-қабына келген бойда, борене ағаштарды ошақ қасына үйіп, қолына түскен тамызық атаулыны қазандық астына тықты да, сіріңкені жағып кеп жіберді. Түтін тимесін деп, төбедегі бел ағашқа іліп кеткен азғантай арпасы мен бұлғын терілерін алдын ала жинап алып қоюды да ұмытқан жоқ. Кейін ояна келсе, қабырғаларын қырау басқан баракта емес, ып-ыссы үйде жатыр... дереу сырт киімдерін шешіп, жанып болуға айналған бөренелерді көмейлете қазандық астына ысырып, жанадан тағы отын тықты; от қайта күшейіп, үй ішін қыздыра бастады, сөйтіп барак іші қайтадан кеуіп, қыз-қыз қайнаған жылудан бөлме тарылып кеткендей болды; біраздан

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

соң ол қайта суып, түтін тарқаған кезде мөп-мөлдір суық ауадан қайтадан кеңіп сала берген секілденді.

Ұйқысы әбден ашылған кезде Арканя өзі арпа жеп, Верныйға ақ тиіннің тоназытылған етінен (асып беруге шамасы келмеген-ді) екеуін тұтасымен тастады.

Тайғаға да күн сәулесі жетті-ау, онын самырсын арасынан сығалаған сәулесі жаңа жауған аппақ қар бетінде, жылт-жылт еткен мұздақтардың ұшында, ауада қалықтаған аппақ тозаңның арасында құбыла ойнақ салып, дүние жарқырап қоя берді. Қыстаудың алдына көгілдір қауырсынды бір торғай кеп қонған. Арканя оны дереу атып алды да, дереу үйтіп жіберіп, төс етін өзі жеп, қалғанын Верныйға тастады.

Арканя мен Верныйдың арақатынасы есте жоқ ескі замандағыдай, құдды жер бетіндегі ең бірінші адам ең бірінші итті тамақтандырған сәтте, сонысымен бүкіл ит атаулының тұқым-теберігін өзіне қалайша құл етіп алса, дәл солайша жаңадан басталғандай болды.

## VIII

Арканя жатып кеп ұйықтады, оянған кездерінде арпадан асап-асап қойып, қант салған шайын сораптады, махоркасын түтіндетті; одан басқа түк те істеген жоқ. Осылайша екі күн тыныққан соң, кәдімгідей тынайып, ойы да айқындалып шыға келді. Қарағай арасында жүретін бір шұбар торғайды өлтірмей ғана жарақаттап, аяғынан сым темірмен бұтаға байлап қойған-ды; Арканя оны шыкылықтату үшін ара-ара таякпен түрткілеп қойып отырды. Бір торғайдың жан ұшыра шыкылықтағанына ессіз шұбар торғайлар жан-жақтан шұбырып ұшып келе бастады, ақыры барактың тобесі тықыр-тықыр, тоқ-тоқ үнге толды да кетті. Бір окпен ең болмаса екеуін түсіріп қалмақ болып, олар кабаттаса бергендерінде Арканя шүріппені басып кеп қалған, ойда жоқта шұбар торғайдың самырсын арасында жүретін үлкендеу бір түрін де оқ қалпақтай түсіріп, бұрқыраған мамық жүн мен қол басындай-қол басындай етке қарық болды да қалды, құс ату да осымен аяқталды.

Бұл күндері Верный үй-жайды тастап, әлдеқайда кетіп қалуды шығарған-ды. Бірде таяу маңнан, бұлақтың тап арғы бетінен тынымсыз үріп қоя берді. Арканя жүгіріп келіп, аласалау ақ қайыңның басында отырған бұлғынды оп-оңай атып алды. Иесі келгенше Вер-

Шығармалары. Төртінші том

ный әлгі ақ қайыңның түбін қорс қылып, үлкен қара үнгір қазып тастапты. Сол үнгірге қарап тұрып Арканя қатты танырқады: соңғы күндері Верныйдың құлық-кылуасында әлдеқандай бір өзгерістің бары ап-айқын байқалып жүрген.

Арканя енді терілерді сұрыптап, түктерін тазалауға кірісті; бұлғындарын тарағыштап, бауырынан тіліп-тіліп реттеп қойды; қақпанға түскен бұлғындарының тышқан түгін қырқып әкеткен жерлерін қиып тастап, қайта тікті; Верный терісін жыртқан бұлғындарды да жаңадан көктеп қойды.

Жанға жайлы тіршілікке көшкен соң Арканя әбден тыңайды; ертең тікұшақ келіп қалатындай күн туа қалса, қолбайлау болмасын деп, сонау өртенге дейін өзіне соқпақ та салып қойды.

Шарт бойынша промхозға тапсырмақ болып, тәуір-тәуір деген жеті бұлғынды, ақ тиін терілеріне қосып, бір шетке шығарды. Тәтесіне деп, қымбат аң терілерін түп көтере сатып алумен айналысатын, осы бұлғынды өлкенің орталығында тұратын ақ бас шалды жұрт осылай атаушы еді, иә, сол тәтесіне деп отыз бұлғынды екінші жағына қойды. Ал ақ тиін дегендеріңізді Арканя жиырма-жиырмадан бума-бума етіп, тіпті бөлек үйді.

Шайының қалта түбінде қалғанын соңғы рет қайнатып еді, қоқым-қоқым болып кетті. Ендігі ен-тегін дүние – тек махорка еді; аш қарынға темекі шегуді Арканяның өзі азайтты, өйткені жүрегін саздырып жіберетін.

Тікұшақ келетін күні Арканя әдеттегісінен де ерте оянды; бір бұлғынның сан етін сілекейлеп жіберіп, ырым қылып ошаққа бетін бұрды да: «Бұл шаңыраққа көптен-көп рақмет!» – деп, таң алдында Верныйды қасына ертіп, екеуі өртенге келіп жетті. Өртеннің шетіне іліне бергендерінде Верный бұлғын көрді ме, әлдеқандай бір самырсын басына қарап абалап қоя берді. Шынына келгенде, ол бұл бұлғынды бұта арасынан өзі қуып шығарған-ды; айқай-ұйқай, ырыл-гүрілге арқасындағы ауыр жүгімен Арканя алқынып жүгіріп келгенше, бұлғын балқарағайдың басына өрмелеп шығып кетіпті. Қасында итке жүктелер жұмыстың бар салмағын аударып салатын өзге қарасыны жоқ болғандықтан ба, әлде аштықтан ба, бәлкім, бастарынан өткен қиын күндердің хикмет-тауқыметінен шығар, әйтеуір Верный, шынында, мықтап өзгеріпті. Дымқаның бойындағы жан аямай тырысушылық пен ыждағаттылық қазір бұған біржолата көшкендей.

Көпек иттің бойындағы бұғып жатқан қасиет-қабілеттің жаңа ашылғанын көрген Арканя оған риза болғаны сонша, бұрын ойлағанындай Верныйды енді сатып кетпей, қалаға біржолата алып кетуге бекінді. Нюрасымен бұл ретте тіл табысуға әбден болатын шығар, ал Колькасына тәуір серік боп кетері тағы сөзсіз. Ағаштың ұшар басына шығып кеткен бұлғынды пытырамен атып түсіру үшін Арканя оны үш рет атты, сонсоң олжасының терісін сыпыру үшін күркенің қасына кеп отырды, әлдеқашан дайындап қойған алауды тұтатты. Жемтік күткен Верный да тап қасына келіп шоқиды.

Ит пен несі бір-біріне риза еді. ауыр күндердің акырғы сәттері жақындап келе жатты. Істікке шаншып қақтаған бұлғын етінің бір санын ғана өзіне жұлып алып, Арканя қалғанын түгелімен Верныйға берді. Екеуі де қытыр-қытыр сүйек қажап отыр. Әлгіндегі абалаған ит даусын естіген бір шұбар торғай әлдеқайдан ұшып келіп еді, ұзақ уақыт сақтық жасап маңайламай қойды, акыры әуестік жеңді ме, сақтық шекарасынан бері аттаған, сол сәтте-ақ алау отына үйтілуіне тура келді. Тұла бойы толған сүйек, түтіні бұрқыраған, күйелеш-күйелеш бір кесек етті олар оп-оңай қылғыта салған, әйтсе де әлі уақыттары көп болып шықты. Сондықтан Арканя ұшқышты кідіртпес үшін тікұшақ келген бойында жүгіріп жетпек болып, күркені көзінен таса етпей ғана, өртеңді бір айналып шығуға бекінді. Оңсыз да «теріс жүрісті» тікұшақтың көп күтуге мұршасы жоқ-ты. Бірақ бұл іске бас сұғуы мұң екен, қызуы қайтқан құмарлықтың желігі қайта қозып, мұның көз алдында құны кете бастаған бұлғындар оған қайтадан жап-жаңа шытырлаған жүздіктер болып елестей бастады.

Верный да аяғын жіті басып, кей тұста қалың қарға малтыққанына қарамастан елгезектік таныта қойған-ды, сойтіп жүріп өздері де аңдамай төбе басына шыға келгендерінде, иті түскірі қарын жел үрлеп тастаған малта тасты төбенің үстімен ту алысқа жорға жөнелді де, кенет Дымканың даусынан айнамайтын үнмен, жанталаса, жаңадан абалап қоя берді. Әнеки, өлермендене, өршелене үріп тұр. Қаншама асыққанмен Арканя өзінің күш-қуаты сарқылғанын, қазір мүлде әлсіреп қалғанын анық сезді, қапшығы құрғырды да оттың басына қалдырып кеткені жөн болатын еді. Әйтпесе қымбат теріге толы қапшықты ұшқыш қолтығына қысып, мұны көрер көзге өлімге қиып, тайғаға тастап ұшып кетер-ау



## Шығармалары. Төртінші том

деп тек есуас кісі ғана ойлауы мүмкін ғой. Мінеки, енді құлағы күнгірлеп, аяғын әрен сүйретіп келеді. Тіп-тіке жоғары өрлеуге дәрмені қалмапты, сондықтан артына ол ирек-ирек із қалдырып, тебе басына баяу көтеріле бастады, сөйтіп келе жатып тізесін тасқа ондырмай соғып алған, амалсыз отыра кетті. Әнеки, Верный біресе атып түрегеліп, біресе кеудесін төсеп жата қалып, қар мен қиыршық тасты көсіп-көсіп лақтырып, көз алдында үріп тұр, өзі қайта-қайта тұмсығын тас арасына тығып қояды.

Малта тасты жер, арасында дәу-дәу тастар да үйіліп жатыр, мұндай жерде бұлғынның алдыра қоюы неғайбыл нәрсе. Тек құмарлықтың қызба желігі ғана бұл. Бұлғын кіріп алып, айбат шегіп ырылдап отырған қуыс – үлкен емес-ақ секілді, бірақ ол отырған ұяны бұзып, астын үстіне шығарып, мынау тастарды аударып тастау үшін, ең кемі екі жүз грамм аммонал керек болар еді. Арканя асыға бастады, қапшығын әлгінде орта жолға тастап кеткен, қазір қолына ештеңе іліге де қоймады. Сондықтан ол сырт киімінің омырауын ағытып тастап, көйлегін шешпестен, етек астынан майкісін пышакпен тіліп-тіліп жіберді де, туралған іш киімін жалба-жұлба күйінде қиық-қиық етіп суырып алды. Білгі ыс басқан жерде бір ай тіршілік еткендіктен, оның үстіне тер сіңіп майлақыландықтан майкісі қап-қара болып кеткен екен. Ол шырпы шағып, түтіннің қалай қарай шалқитынын тексеріп еді, тастың ішіне қарай тартады екен, бірақ ақырын да әлсіз шалқыды. Ол қуысқа майкісін нығарлап тығып, от қойған, сасық түтін бықсып ала жөнелді, бірақ әріге кетпей, жақын жердегі бір саңылаудан кері бұрқырады, шамасы, бұлғынға шыбын шаққандай да әсер етпеген болуы керек.

Осы сәтте төменгі жақтан тікұшақтың тарылдаған даусы да естілген: аңдап қараса, кең жазықтың үстін қиғаштай кесіп өтіп, осылай қарай қалбалақтап келеді екен. Әне, күрке үстіне кішкене кідірді де, шайқатылған күйі қар тозаңын аспанға боратып қонды. Арканя ұшқышқа қолын бұлғады да, Верныйды дауыстай шақырған күйі төменге – қапшығы қалған жерге қарай жүгіре жөнелді. Алғаш ол: қайыңның қабығын теріп әкеліп, бұлғынды түтінмен тұншықтырып алсақ қайтеді деп ұшқышпен келісуді ойлаған-ды, бірақ бұл ойы беткейде қарауытып жатқан қапшығы мен тікұшақтың қасында тұрған ұшқыштың және бұлғынды тезірек қазып алуға әрекеттеніп, анау малта тасты төбеде қыңсылай қиналып жатқан Верныйдың үшеуінің арасында әңкі-тәңкі болды.

Қапшық қар үстінде маскүнемше қисайып жатыр, көзге көрінетін аумағымен салыстырсаң – жеп-жеңіл де, көтергенінде көңілің риза боларлықтай салмақты.

Ит терісінен тігілген етік киіп, омырауын айқара ашып тастаған ұшқыш, әнеки, қоқиып, олай-бұлай жүрді де, от басына барып жайғасты. Верный өршелене үріп, иесін әлі шақыруда.

## IX

Қалың ағаш арасында қылт-қылт етіп, бір құлап, бір тұрып, ара-арасында қар көшкінімен бірге төмен сырғанап, қураған бұталарға сүрініп-қабына, асығып келе жатқан адамды ұшқыш сонадайдан көрген-ді, өргеннің шетіне іліккенінде әлгі адам арқасындағы дәу қапшығы жерге жаныштап жіберердей болып, балаша еңбектеп әрең өткенін де анық байқады.

– Небары екі-ак сағат уақытым бар еді. Енді бір сағаттан соң аэродромда болмасам, мен құрыдым, білдің бе? – деді ұшқыш, оның кенеп күртешесінің етегінен ұстап жалбарына үн қатқан; ауық-ауық жоғарыға, сонау малта тасты төбеге қарап: «Верный! Верный!» – деп айқайлаған Арканяға.

– Анда итім қалып еді. Итім! – деп күмілжіді Арканя.

Мынау сақал-шашы ұйпалана ұйысқан, өндірішегі сорайып, өзі әбден жүдеген, аштық өтіп арыған алаңкөз есуас – энеугүні жиырма бес сомдықтарды қиналмай лақтырған бұйра бас көкжал бөрі екеніне сене алмай, ұшқыш ұзақ уақыт таңырқай қарады.

Арканя әмиянынан екі жиырма бес сомдықты шығарды да, қапшығының ауыз жағына алдын ала дайындап қойған екі бұлғын терісін суырып алды.

– Бір жүздің жартысын тағы қосайын, достым! Елу сом... жарай ма? Тек итімді әкелейінші!

Арканя аспанға мылтық атқан, Верный түсінбеді ме, бұрынғыдан бетер абалай түсті.

– Жүз сом берсең де күте алмаймын, сен өзің сөзді ұқсаңшы! – Ұшқыш қымбат тері толы қапшықты тікұшақтың ішіне жытырды, ал өзіне тиесілі екі бұлғынды немқұрайды күйде, қарамастан қалтасына сүңгітіп жіберді.

– Шәугімінді аласың ба?

– Қажеті жоқ шәугімнің! Жүз сом – ақырғы нарқым. Әйда, барып келейін бе?!'

Шығармалары. Төртінші том

Ұшқыш шәугімді теуіп кеп жіберген – күйелеш-күйелеш дөңгелек түбі қар үстіне қап-кара боп төңкеріліп түсті.

– Аз сөз – алтын! – деді ұшқыш. – Әйда, мін!

Арканя соңғы патронын да аспанға атып, тың тыңдап тұра қалған. Верный әлгі қуысты әлі қазып жатыр екен...

Темекісінің тұқылын сорғыштап тұрып, ұшқыш бұған бір қырындай қарады.

– Айлық ақшамды төлесен, барайық итіңе! «Тәуекел қыл да – тас жұт» деген.

Кең байтақ құрлықтардың үстімен үйіріле жөңкіліп өтетін жел туу биікте бір қалыпты шуылдап, тап мотор от алардың алдында Верныйдың өлермендене әуілдеген үнін алып жетті. Арканя анық естіді. Верный әлі шақырып тұр.

– Мұның қалай, достым, – деді есін жиған Арканя ұшқыштың әлгі сөзіндегі астарды енді ғана байқап, – сенің айлығың ең кемі екі дөңгелектен төмен емес шығар?

Мотордың арылдаған үні өзге дыбыс пен түйсік атаулыны мақұрым қылып, құлақты жарып жібере жаздады – тек арқырап-сарқыраған үн ғана, сосын аспанға атылған қар тозаңы, одан басқа ештеңе сезілмеді.

– Үш дөңгелек алам! Үшеу! – ұшқыш сол сәтке штурвалдан қолын босатып, үш саусағын шошайтты. – Үшеу!

Арканя басын изеді. Түсіндім дегені. Ол анада осы ұшқышпен танысқанында, сөйтіп оны ақшаның күшімен олжалы рейске итермелегенінде, қалайша оп-оңай көндіргенін, сонда өзінің мұнымен еркін де немқұрайды сөйлескенін есіне түсірді.

...Төменде, сонау көз ұшындағы терең ойпаттын табанында, құдды бір тостаған судың түбіндегідей болып, тайга тербетіліп жатыр. Жанарың көлбеу жазықтықтың бетіндегідей қиғаш сырғанады. Арканя көзін жұмған, мұнан кейін итінің даусын енді естіген жоқ. Ол бәрібір жүз сомнан артыққа арзымайтын. Дегенмен мынау жаман Верныйыңнан осыншалық тамаша ит шығады деп кім ойлаған! Әйтсе де әлгіндей ақшаны бұл сонда келер жылғы аңшылығы үшін алдын ала төлей ме? Бәлкім, бұл келесі жылы тайганың орнына Гаграға тартып кететін шығар. Керек десең, бұл тіпті аңшылықсыз-ақ тіршілік етпей ме!

Дегенмен, өздері бір жақсы иттер еді! Қап, ә...

1975 жс.

**ЖЕБЕ ЕКЕН ҒОЙ ЗУЛАҒАН...**

*Жас көңілім оянды...*

*А.С. Пушкин*

**1**

ОҚУ жылы басталардың алдында ол институтқа қайтып келе жатқан-ды; пароходқа кешігіп қалмау үшін, лагерьден таң бозында шығып кеткен. Төменде оны Байкалдың бой сергітер самалы, Максимовтың бензин сасыған қайығы және түнде ауланған балықтан – қазір Максимовтың кәдуілгі аудың тор көздеріне шырматылған тұңғыық тереңінде торды ақырын тербеп, байыздап тұрған омульдерден жасалынған осы маусымдағы соңғы сорпа күтіп тұр еді. Таңғы салқында ерте оянған адамның әдетімен ол сергек басып, шық түскен шөп пен мүкке тайғанақтай, дымқыл соқпақпен жүріп кетті. Жаз бойы әбден тынайған он тоғыздағы балғын дененің қуанышы көңілін өрекітіп, аркасында бұталақтап жауырынын қағып келе жатқан мылтығын қыса түсіп, ол ілгері басқан сайын жүрісін шапшаңдата берді, шапшаңдата берді.

Екінші бұлақтың басында темекі тартуға аялдаған, өзімен-өзі онаша отырып, таң сәрідегі тыныштықта мағыналы ұзақ бір ойларға берілмекші еді; бұл жерлермен де қоштасып кетіп барам-ау деген тәтті мұңға бөленбекші-тұғын; бірақ оның орнына қалалы жердің қым-ғуыт қызықтары көз алдына көлбеңдей берді: біресе үлкен пароходтың мейрамханасы; біресе әтір нісі анқып, күміс түстес қайшылары жарқ-жұрқ еткен шаштараз есіне түсті; енді бірде оған өзі таксидің орындығында шалжиып отырғандай, ал жүргізуші өз машинасына мінген адамның тайгадан келген кісі екенін біліп, іштей қуанып отырғандай көрінді; келесі сәтте ол өзін таксиде емес, трамвайда отырғандай сезінді, сонда жазғы қапырық ыстықтан быршып келе жатқан жолаушылар тайғаның, тайга алауының нісі сінген мұның ер тұлғасына қалайша қызыға да қызғана қарайтынын елестетті. Сол-ақ екен, әлдебір талдыр-маш, көгілдір көзді ботаничка қызға сол үйдің маңындағы қолдан өсірген терек ағаштарының аллеясымен баяу адымдап келіп, немқұрайдылау айтар бірер ауыз жылы сөзі ойына жұптала кетті; ол ақырын басып ашық тұрған терезеге жақындайды, терезенің ар жағындағы қыздың алдында, үстел үстінде қала төңірегінен жинап, кептіріп алған өсімдіктері, жанында жалпақ етеккі қырым па-

## Шығармалары. Төртінші том

намасы және кезекті бір ессіз-түссіз сүйетін ақынының кітапшасы жатады. Сондай-ақ оның ойына қызға барғанда су жана джинсиін киетіні, мына жұмыс киімін кигендегідей емес, джинси кигенде сұңғақ та ықшам, оралымды көрінетіні есіне түсті. Джинси туралы ойлауы-ақ мұң екен, ол өзінен-өзі ұялып, отырған күйі иығындағы жол дорбасын шапшаң түзеді де, мылтығын іліп алып, ылдиға қарай жүгіре жөнелді; өзін-өзі ақтағысы, кешіргісі келгені еді бұл.

Жүрегі қуанышка толып, көңілі өрекіп ентелей жүріп келе жатқанында күн де көтерілді, баяу жел есіп, соқпак бойындағы самырсындардың басы боз тұманнан аршылды; ақыры ол соңғы қолаттан өтіп, алдындағы аласа белестен аса бергенінде, шикі жанғақтары мен ұшар басы алқара көк жас самырсындардың арасындағы саңылаудан көл де жарқ етіп көзге шалынды...

Көл құшағын айқара ашып жатыр – ызғарлы, күн астына қарасаң, шығыс жақ қызара алаулап, тұңғиықтана тұнжырайды, со жақтағы жаланащ жақпарлардың ұшар бастары да кей жерлерде ал қызыл, кей тұстарда қан қызыл түске боялып тұр.

Көл оған күтпеген қуанышты оқиғаның үстінен түскендей әсер етті. Қалшынып қатты да қалды. Сөйтті де көл үстіндегі ауада қалықтаған ал қызыл реңкті – көңілмен түйсінбесе, қолға ұстар айғағы жоқ қызғылт түсті: өзі сүйеніп тұрған самырсынның тұманнан дымқыл тартқан қабығының алақан астындағы салқын табын; сондай-ақ, мынау көлдің таңғажайып демін, – әлде ежелгі қопарылыстан қалған сарын, әлде жібектей сусылдаған сыбдыр, бәлкім, тіпті оның жеті жүз шақырымдық алып тайқазанында тығылып қалған, бұдан миллиондаған ғасырлар бұрынғы ғарыштық жаңғырықты, тіпті артынан қуып келіп ызындап жүрген масаның үнін де; өзінің тұла бойы жеп-женіл, күш-қуаты тасып, асудың қак басында тұрғанын да – бәр-бәрін ұмытпастай есінде қалдыру үшін ұзақ тұрып қалды.

## II

Ылжырап кеткен тері етігі шөпке тайғанақтай берді, әйтсе де ол кедергілі трассамен зырқыраған шаңғышыша, соқпактың иір-иір бұрылыстарымен бұлың-бұлың шұғыл бұлтарыстар жа-сап, енді ылдиға қарай: жотаның жайдақ та ұзақ құлау жолымен, ағаштардың жуан-жуан діңдерінің арасымен, итбүлдірген өскен қызыл-жасылды алаңқайлардың ортасымен, ат тұяғының ізі түскен

әрі дымқыл, әрі тайғанақ бұла-шөпшектердің үстімен тайғаның көк жасыл тасқыны жайылған етекке дейін қарқын алып жүгіре берді, жүгіре берді.

Бұл құлама – май айының басында өр еді, алғашқы жол сапарымызтұғын; ол кезде тап осы тұста бұл аяғын әрең сүйретіп келе жатыр еді, сонда жол қашшығының салмағымен, әне-міне, жаншылып құлап түсетіндей, құлап түскен бойда жаны бірге шығып кететіндей көрініп еді, ал сонау ертең – қапталдағы қырқалардың үстінде, жалаңаш жақпарлардың қар басқан нығына әлдекім жаба салған қаралы қара орамалдай суық та ызбарлы қарауытып жатқан-ды. Соған қарап келе жатып, бұл өртең атаулыны ақыр заманның белгісіндей, тіршілік атаулының шегіндей көрген. Өртеңге қарап тұрып ойлаған: өртең – бәрі бітті деген сөз. Мүлде құрыған деген сөз. Өртең – құр кеуек қуыс боп, күйелеш-күйелеш көмірге айналып, аспанға қарай алақан жайған ағаш діндері. Қазір өртең сондағыдай шошындырған жоқ, тайғаның шыққа көмілген көкорай жұмсақ алшынын күздің сартаңдақ бояуы шалыпты. Ол өздерінің профессорының: «Тайға дегеніміз – шындығына келгенде, әртүрлі дәрежеде қайтадан қалпына түсіп келе жатқан жаппай өртең», – деген сөзін есіне алды. Осы бір сөздің қаншама қатты айтылғанмен, сенімді де нық ойдан тугандығын ойлағанда езу тартты және өзінің де күндердің бір күнінде сондай даналыққа жететініне сенімі беки түсті. Тынысы әбден кеніді, нығы да жол қашшығының қайыс бауының қиғанын сезуден қалды, мылтығы ғана жауырынына соғып келе жатты. «Даналық!» – деді ол өзіне-өзі күбірлеп. Сонан соң мән бере тағы қайталады: «Даналық...»

Етекке түскен соң, сұлап жатқан ағаштардың үстімен жіңішке өзеннен отіп алды да, жағалауы да, түбі де малта тастарға толы, ортасында моп-мөлдір ағысы бар шығанақ пайда болған сағаға дейін, ол өзеннің оң жағалауымен тоқтаусыз жүрді де отырды. Мұнан соң да, әлгі малта тасты жағалаудың шетімен тағы үш шақырымдай жер жүріп, бүкіл жол бойы баяу ырғалып жатқан Байқалдың алып тұлғасы мен оның дымқыл ызбарлы тынысын сезумен болды; көлді алғаш көргендегі әсері бұл кезде әлсіреп қалғанмен, ол таңғы аспанның мың құбылған өзгерісіндегі реңкті де, аяқ астындағы малта тастардың шықырлағанын да, маңайына масаны да жуытпай тұрған мынау мұздай судың суық, қою демін де – бәрі-бәрін әлі де іштей жадына тоқып келе жатты.

## Шығармалары. Төртінші том

Алдындағы мүйісті даңғыл жолдай кең соқпақ кесіп өтеді скен, соқпақ бойындағы ағаштардың арбиған тамырлары жалаңаштанып қалыпты, шымы қопарылып, ағаш бұтақтары арасынан жүк артқан жылқы отерліктей қуыс жол жасалынған. Ол өзінің орман-тоғайды аңша нәзік сезетініне масаттанып, төңірегіндегі әрбір өзгеріс пен ұсақ-түйекті де құр жібермей, тіпті тері етігінің жұмсақ табанына батқан шырша тамырларын да байқап, бірақ аяғының астына шұқшынып алаңдамай, сүрініп-қабынбай да, бір қалыпты екпінімен жеңіл жүріп келе жатты. Қазір ол тұтас қарауытып, кара көлеңке тартып тұрған шырша ағаштарының арасымен келе жатқан-ды; мұны ол ойланбай-ақ, дәлірек айтқанда – әдейі назар салып қарамай-ақ, бағана сонау жотадан төмен түсерде жүріп келе жатқан жерінің күмбезденген жарығына, оның ғибадатханадай кендігі мен зәулімдігіне, әртүрлі шөп иісі аралас самырсын жұпарының нәзік иісінен-ақ балқарағай арасымен келе жатқанын қалай сезсе, қазір де жүріп келе жатқан жерінің жарық-қараңғылығына, ылғалдылығы мен күнгірттігіне, шыршаға тән еткір иісіне қарап-ақ біліп келе жатты.

Мүйіс арқылы келесі шығанаққа өткенінде, сол шығанақтың көгілдір-қорғасын түсті иінінің ортасында, малта тастардың жиегіне орналасқан Максимовтың үйі де көрінді-ау. Шығанаққа ау құрылыпты, қалтқылары үзік-үзік сызыққа ұқсайды; үйдің жапындағы жағалауда төңкерілген қайықтар жатыр, ал кішкене тақтай көпіршенің қасында сүйір тұмсықты ұзын екі қайық және бір мескарын тұрақты мотор орнатылған, бүйірлі де биік баркас қалқып тұр. Сонадайдан-ақ Максимовтың төбеті қонақтың алдынан жүгіріп шықты, ол студентті қарсы алып, ширатылған сабалақ күйрығын бұлғаңдата, оны сарғап қылып кептірген тізбе-тізбе омуль ілулі есік көзіне дейін ертіп келді.

Балдай тәтті балық сорпасын ішіп, Максимовпен жайғаса отырып әңгімелескен соң, студент баркастың шағын палубасындағы балық иісі аңқыған тегіс те жып-жылы тақтай үстіне жата кетіп еді, бірден көзі ілініп кетіпті. Әйтсе де ескі двигательдің тырылы, көңсіген көк судың бортқа ұрған шылпылы, Максимовтың баяу әндеткен үні мен махоркасының түтінінің иісі маза бермей, ол құс ұйқылы күйде жатты. Ұйқылы-оая жатып, тіпті, темекі тартқысы да келген, бірақ ақыры шеккен жоқ.

Поселкедегілерден оның білгені – бұл қанша асыққанмен, жола-

ушылар таситын жалғыз пароход ол ойлағандай бүгін кешке емес, мықтағанда ертең таңертең, тіпті ертең түстен кейін ғана әрең жетуі мүмкін екен, өйткені бірнеше күн бойы Байкалда ұштырма болып, пароход жүрмепті, кідіріп қалған мерзімінің есесін енді-енді толтыруға тиіс. Ол Максимовпен бірге дүкенге барып, сатып алынған бір жәшік арақ пен екі жәшік тұзды баркасқа тиеуге көмектесті, сосын екеуі Максимовтың құдашасының үйіне барып, карабалықтан жасалған сорпа ішті, үлкен-үлкен етіп қуырылған омульден бір-бірден жеді; бөтелке таусылғанша әңгімелесіп отырып, Максимов студентті қоналқыға құдашасының үйіне жатқызатын болды; құдашасы келісті-ау, бірақ неге екені белгісіз, әлденеге жымың-жымың етіп күліп қойды.

– Қазірдің өзінде қонақтан құр емеспін. Геологтар бастықтарының қызын әкеп тастап кеткен. Ол да оқуға бара жатыр, Усть-Баргузинге... Теңізді тамашалаймын деп жағалауға кетіп еді, әлі жоқ қой өзі.

– Сен, құдаша, мынаған төсекті шөп қораға салып бер, ал анау қызды өз қасына аларсың, әйтпесе бар ғой, бұлар ма... бұл жастар дегенің пы-сы-ы-ық! – деп қойды Максимов, омульдердің сағыздай қатты көздерін алдына мұқият жинап алып, шайнап отырып. Сөйте тұра, өзі студентке қарап, ондай-мұндай ісін коштайтын да сынай танытады.

Студент те езу тартты.

– Көрдің бе мұны... Не айтып отырсың өзін, кәрі сайтан?! – деді құдаша жадырай сөйлеп, өзі студентке қою шай құйған шыны аяқты ұсынып, каймақ құйылған құмырашаны да жақындатып қойды. – Бұлар әлі оқыған үстіне оқи түсуі керек. Солай емес пе, ә? Біз ғой, істер іс болмаған соң, кезінде бұрандап бос жүрген. Жалғыз сиырды жайғап тастап, отырмақ-сотырмақ деп жөнелуіші ек-ау, пісте шағып, мына сендермен, сен сайтандармен гармошкаға қосылып өлең айтуға. Ол кезде гармошка тартатын біздің бұл ку құда бала. Жас кезде қандай ақымақ болғанбыз десеңізші, жасаға-ан, – деді құдаша даусын созып, өзі содан ләззат алғандай рақат бір күй кешіп, көзі күлімдей ойнақшып қоя берді.

– Иә, біздің дәурен бастан озды ғой! – деді Максимов та. – Аяқ-қол сырқырайды, буын дірілдейді. Енді сендер шырқандар. Сендердің замандарың қазір!

Егделер студентке елжірей қарасты, ал бұл болса, өзіне мүлде



## Шығармалары. Төртінші том

бейтаныс адамдардың риясыз көңілмен, еш алаңсыз жылы кабак танытып отырғандары жанына майдай жағып бара жатса да, өз-өзінен қысылып, қаймақ құйылған құмырашаға қарап, тесірейіп қатты да қалды.

### III

Кешкілік Максимов әлдеқайда аттанып кетті; шығанақ айдынында баркасымен үлкен бір доға сызып, сонадайда шөп-шаламы ербиіп-ербиіп тұрған сүп-сүйір мүйісті тасаланды да, жоқ болды; ертелі бері төңіректе не болып, не қойып жатқанын білу үшін ол поселкедегі бүкіл туысқандары мен таныстарын аралап шыққан болатын; шамасы, бәр-бәрінің есен-амандығын көзімен көріп, құлағымен естіп болған соң, оның үстіне құдашасының үйінен қонақасы жеп шыққасын, көңілі енді жайланған болуы керек, мотор үніне қосыла ыңылдап, баркастың құйрығында жайбарақат отыр. Жалпы, ол – шаруабасты адам ғой; бүкіл поселкеде Максимовтың әйелі мен құдашасынан басқа танысы жоқ студент – жалғыз қала барды.

Ол көлге сұғына кіріп жатқан сүйір тұмсықтың бір желкемдеу жеріне келіп отырды; әлгінде аяғына іле салған шабатаның қатты ұлтанымен табан астындағы малта тастарды қашырлатып кешіп келе жатқанында-ақ, бір елжіреген сезімтал күйге тап болған-ды, қазір де, міне, өзін айдалада жалғыз қалғандай ма-ау, әлде жұрттың бәрі жатырқайтындай ма-ау – біртүрлі сезініп, жападан-жалғыз оңаша отыр. Жалғыздығы өзінің жанына жағатын да сияқты, масаларды жел әлдеқайда қуып әкеткен, демек, қанша отырсаң да еркін – әрі рақат, әрі жайлы. Жыбырлақ толқын аяқ астында ақырын шылпылдайды, кешкі шұғылаға бөленген ну орман – ту сыртында, ал шет-шегіне көз жетпейтін ақ жайқын көл қарсы алдында жатыр.

Әрі-беріден соң ол телефон номерлері жазылған қойын кітапшасын ақтарып, қалаға барған соң қандай қызықтарға бата-тынын тағы да бір ойластырды да, терең күрсініп орнынан тұрып кетті.

Әр қиялға бір беріліп отырғанда аңдамапты: күн терістік-батыстағы мүйістің өркешіне еңкейіп қалыпты; ауа да салқын тартқан; кешкі шапақтан қылыштай қайқы қанаттары қызғылт нұрға боялған сұрғылт шағалалар жағалауды бойлап әлдеқайда маңып барады.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

Поселкеге қайтып келе жатқан жол үстінде ол өзіне-өзі басқа біреудің көзімен, құдды Максимихаға геологтар әкеліп тастап кеткен әлгі бір бейтаныс қыздың көзімен қарап келе жатқанын байқады; сол қыздың көзімен қарағанда өзінің көл жағалай кең адымдап, жападан-жалғыз онаша келе жатқанын көз алдына елестетті...

Сол-ақ екен, өзінен-өзі қуыстанып, ол соқпаққа қарай жалт берді де, шырша тоғайына қойып кетті, бірақ көп ұзамай ол соқпақты да тастап, жолсызбен, шырша арасының қапырығы мен масалардың талағанына карамастан, қалың бұталарды қос қолымен алма-кезек ысырып, ит тұмсығы батпас нудың ортасымен жарып өте бастады; шабатасының табаны астында шайшөптің қан қызыл, қан күрең, кейбірі қонырқай тартқан, кейбірі ашық жасыл жапырақтары былғарыша сықырлап, кейде тайғанақтап, кейде езіліп қалып жатыр. Бұл кезде орман ішінде қараңғылық әбден қоюланып, тылсым тыныштық орнаған-ды.

Поселкеге жақындағанда жаңадан ғана текшелеп қойған шөркелер, адамдардың жүріп өткен ізі мен снырдың шұбырындысынан түскен соқпақтар жиі ұшыраса бастады да, ол өзіне-өзі сырт көзбен қарауды қойды; енді поселкеге тура тартуға да болатын еді, ол өзін-өзі сынап байқауының табысты өткеніне көңілі толып, ақыры солай етті де.

Саздақты беткейдегі балапан шыршалардың арасымен бір қора сныр өрістен құлап келеді. Таңертеңнен бері біраз дегдіп қалған жер тайғанақтаған сныр тұяқтарының ізімен балшық-балшық болып, қарауыта жосылып қалып жатыр.

Табын сонау мүйістегі кең шалғынға жайылатын, ол жерде шыбын-шіркейді жел айдап, әлдеқайда қуып тығатын да, снырлар бабымен жайылып, қаласа күйістерін қайырып самалдап жататын, қаласа жіңішке өзен сағасындағы шылау басқан жұп-жұмыр да тайғанақ малта тастарды кешіп барып, мөп-молдір Байкал суын ішетін. Снырлар жайылып жатқанда, табынның бас несі – мүйізі араланған тұрқы ұзын дәу бұқа – судың дәл жиегінде, төрт бұрышты шырыш тұмсығын анда-санда суға бір малып қойып, ішпесе дермек етіп тұратын; сонда оның сілекейі аузы мен бұдыр-бұдыр ернінен су әуелі сорғалай ағып, сосын біртіндеп тамшылап барып үзілетін. Ол осылайша ап-ауыр қазан басын анда-санда ғана суға бір еңкейтіп қойып, сонау мұнартқан көкжиекке енжар көз салған күйі, күн ұзақ тапжылмастан, тұяқ серіппей тұра беретін.

## Шығармалары. Төртінші том

Табын шашырап-ыдырамай, топ жазбастан ауылға жақындай берді, бакташысы тәжірибелі малшы болса керек, жанындағы бұғы қайыратын кішкене лайкасы да өз міндетін жақсы түсінетін сияқты. Қарасы мен қызылы бар, кара аласы мен қызыл аласы бар, шаңырақ мүйіздісі мен қисық мүйіздісі, жалғыз мүйізі қалғаны мен мүлде тұқылы да жоғы бар – бір қора сныр сыртылдаған тұқайларымен қалың шаң көтеріп, шалшықтарды айналып өтіп, кара нөпір боп көшеге келіп кірді. Оралымсыз жануарлар ілмейтін артқы аяғын алшайта тастап келеді. Жып-жылы демі бұрқыраған ток табын біркелкі, асықпай маң-маң басады; тек анда-санда ғана қалың тобырдың шет жағындағы иттен үріккен әлдебір тана-торпак тұяғы сыртылдап қаша жөнеледі немесе паданың қак ортасында өңкііп келе жатқан дәу бұқа кара зілдей қызыл ала кеудесін көтеріп, жанында келе жатқан әлдебір қашарға артыла бастайды да, ол байғұс бұқаның салмағынан сытылып кетуге тырысып еңкеңдей алға ұмтылғанда, пада ішінде қозғалыс пайда болады; бұқа басқа снырлардың арасымен әлгінің соңынан қалмай, тағы ереді де, енді әлденеше қадам бойы арқасынан түспестей болып қайтадан артылу үшін, мүйізі арамен кесілген ап-ауыр басын оның шодырайған құйымшағына қойып қоюға тырысады.

Ауыл шетіне келіп кірген соң, пада ыдырай бастады, көпшілігі жолдың леспромхозға қарай бұрылатын тармағына түсіп, оңға қарай бұрылып кетті, қалғаны – поселкедегі өз аулаларына беттеді. Иелері оларды күтіп алып, қақпалары мен дарбазаларынан кіргізіп жатты. Қызыл көйлекті бір бала үйінің жанындағы көк шөптің үстіне велосипедін жатқыза салып, аулаға кіргісі келмей қашқалақтаған снырын едәуір қуалады, ал сныры әлденеге қастеленіп, көшенің ортасына дейін қашып барып тоқтады да, ақшынып кеткен мағынасыз көзімен балаға қарап тұрып-тұрып, бір кезде сатал-сатал құйрығын шаншып алды да, емшегі бұлғалаңдап, балшыққа шатқаяқтағанына да қарамастан, қайтадан кері қарай салды.

Кешкі қарбалас шақтағы адамдардың, тіпті иттер мен снырлардың да абыр-сабыр қозғалысын қалт жібермей, студент паданың соңынан еріп келе жатып, қазір барған бойда Максимовтың құдасшасының шөп қорасына кіріп, тезірек таңды атырып, пароходқа кету үшін жата қалуға біржола бекінді, өйткені бұл кезде күнұзаққы қуанышынан да, алда күтіп тұрған қызықтарын ой-

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

лаудан да әбден тойып болған еді, тіпті бойында күш те қалмаған болатын. Ол қаңырап тұрған ағаш тілетін орындағы: қабығы әлі аршылмаған бөрнелер текшесінің жанынан, (бұл бөрнелер су-су екен әрі балық иісі аңқып тұр), сосын арамен тілгіленген ағашқа толы (бұл ағаштар жап-жаңа тілінген, араланған жеріне әлі кір де жұкпаған; қарап тұрсаң, жаңа сауған сүттей аппақ та жып-жылы көрінеді) бастырмалардың тұсынан өтті, балшық пен құмға араласып жатқан ағаш үгіндісінің қалың қабаты аяқ астында былқ-былқ етеді. Шіріндіге айналып, спирт иісі шыға бастапты, ал мұқият үйіп қойған таутобе ағаштардан шайыр иісі мен әлдеқандай бір тазалықтың лебі еседі.

### IV

– Түнде, бәлкім, тоңып қалып жүрерсің, – деп, Максимовтың құдашасы мейірімді үнмен қабат-қабат көрпе-төсекті шөп қораға тасуға студентті көндірді; онымен қоймай, өзі де бір шілтерлі үлкен жастықты құшақтап әкеле жатыр.

– Көрпе-төсегім күллі ауылға жетер еді, оған жатып ұйықтайтын адам болмағасын не пайда... Шал да болды, шақаларым да болды, енді, міне, ешқайсысы да жоқ, – Максимиха кенет қолын бір сілтеді де, алжапқышымен көзін сүртін, әлденелерді іштей күбірлеген күйі шөп қорадан үйіне кетті.

Студент шөп қорадағы жаюлы көрпе-төсегінің үстінде отырып, тайгадағы құлаққа ұрған танадай тыныштықтан кейін деревняның ию-кино шуына үйренісе алмай, төңірекке құлақ тігіп, едәуір отырды; әлден уақытта алдына алжапқыш байлаған Максимиха ауладағы желі басына беттегенде, ол кенет жүрегінің әлденеге ақырын ғана бұлк ете түскенін байқады; байқады да... өзі мен (мынау жап-жас, кейде өзіне-өзі сырт көзбен қарап, қиялында жанға жайлы жалғыздықты қолдан жасап алып жүрген; сөйтін ертегідегідей әсем көркін тілмен айтып тауыса алмас тамаша көлдің жағасында кең адымдап, жапа-жалғыз оңаша жүргенін әлдекімнің көзімен елестететінін студент пен) анау бір аяғына етік киіп алған, қарақан басы жалғызілікті адамға мүлде артықтық ететін алапат үлкен үйде тұрып жатқан, көрпе-төсегі күллі ауылға жететін, бірақ оған жатып ұйықтайтын адамы жоқ, ең болмаса ымырт үйірілгенде немесе таң қараңғысында желі басындағы сырына барғанын да ешкім көрмейтін әйелдің арасындағы жер мен

## Шығармалары. Төртінші том

көктей, мүлде ақылға сыймайтын айырмашылықтан туындаған әлдебір нәзік, көңілмен түйсінбесе айтуға тіл жетпейтін жағдаяттан осы бір мейірімді жанның алдында өзін кінәлі сезінді... Күмпиген нән жастыққа қисая кеткен ол өмірінде бірінші рет душар болған мынау жаңа дертінің не екенін ұғыну үшін, қозғалмастан жатты.

Тап солай ұзақ жатып қалғандай көрінді өзіне де, бірақ әлдебір ұмыт болған түйсігі түскір көз жасыңды тоқтата алмай еңкілдейтін, жүрегің атқақтап соғып, аһ ұрғанда аузыңнан жалын шығар сезімі құрғыр ұстатпай, эне-міне ойына орала қоятындай да көріне берді. Сөйтіп жатқанында осы бір тәтейге есінен кетпестей, ешқашан ұмытпастай әлдебір, ...әлдеқандай жақсылық жасайыншы деген ыстық пейіл бойын буып, ол үкөлі шоптің үстінен сырғанап томен түсті.

Ерекше бір серпімділікпен екі-үш-ақ рет дәл ырғып, есіктің кіре берісіне дейін жеткенінде, ол өзін әлдебір бақытты жандай сезінген, енді қаракөлеңкеленіп тұрған кең ас үйдің табалдырығынан аттағанда, өзінің осынша өрекіп келгеніне, өрекігеніне де емес-ау, әлгі бір шешімінің балалық аңғалдық екеніне және оны оп-оңай орындай салмақ болғанына ұялып, қибыжықтай енді. Әйтсе де алабұртқан бұла сезімінің бәрі ас үйдегі май шамның жарығына көзі үйренгенше сап болды, құлды ойсыз-қамсыз келгендей, құлды күмістей жарқыраған ақбалық қармағынан оқыста шығып кетіп, көзді қарықтыра бір жарк етін мүлде жоқ болғандай.

Ас үйдің қас ортасында аппақ сүлгіге әлденені орағыштап бір ұзын бойлы, әлемі қыз тұр екен. Студентке көз айырмай қадала қарады. Нәрестені бөлегендей сүлгіге құндақтап жатқаны – ып-ыстық бір бөлке нан екен.

– Ерте келдің, қарағым, ерте келдің! Біз әлі картошканы да қуырған жоқпыз! – деді, әлденеге көңілді Максимиха бұған айғайлап. – Кордің бе, екі әйел жабылып, бір еркектің тамағын дайындай алмай жатқанын. Үй толы еркек болса қайтер едік мына біздер, қатындар?!

– Менің атым – Майя! – деді қыз.

Бөлменің қаракөлеңкелігінен бе, күлімдеген көзі тостағандай әрі сиқырлы көрінді. Жаланаңаш үстел үстінде білте шам өлеусірей жанып тұр.

– Бәлкім, менің көмегім қажет шығар? Ағаш жарып, отын даярлап... – деп, студент міңгір ете түсті де, мүлде төменшіктеп қалды.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

– Көмектессен, көмектесе ғой. Мына қызбен бірге деревняны аралап қайтшы. Сендер қыдырыстап келгенше, бәр-бәрін даярлап қояйын. Әйтпесе бұл қыз аяғыма оратылып, ештеңе істететін емес.

– Мен нанға құл тигізіп алдым, кейімейсіз бе, тәте? Аңдамай қалғаным...

Студент әлгіндегіден бетер қызарақтап:

– Аса қажет болса... ол енді қиын шаруа емес қой! – деді күмілжіп. – Қанеки!

– Аһ, қандай жанқияр едіңіз! – деп Майя күліп жіберді.

Ауыз үйге шыққандарында қыз мұның қасынан жанай өткені соншалық, жігіт оның ып-ыстық денесінің жылуына дейін сезіп, біртүрлі есеңгіреп қалғандай ығысып жол бере берді. Қыз да осыдан бірер минут бұрын жаркылдай күліп, атын айтып танысқандағы батылдығынан айырылып қалыпты. Біртүрлі жуасып, ұяң тартқан; жақыннан карасаң, әлі мүлде балауса қыз екен.

## V

Сыртта ымырт үйіріліп қалыпты. Тек анау айдын шалқар көл мен шетсіз-шексіз кең аспан ғана ағарып көрінеді.

Олар шыға берісте-ақ бір-бірінен қысылып, тілден қалды. Қыз есік алдындағы баспалдақпен төмен түсіп, жінішке соқпақтың жиегіндегі көк шөптің үстімен қақпаға қарай беттей берді. Студент кенет... сұлу да жас қыздардың бұрала басқан сылқым жүрісін бүкіл жаз бойы ең болмаса бір рет көрмегенін ойлап, аяғына жеп-жеңіл жұқа етік киіп, алдында кетіп бара жатқан мына қыздың аяқ басысына, тал шыбықтай бұраңдағанына қарап тұрып қалды. Етіктің адам таңғаларлық өрнегі бар екен. Қыз артына мойын бұрғанда өзінің аяғына жігіттің көз алмай қарап тұрғанын байқады.

– Етігіңіз қызық екен. Тура қайықтай. Әлдебір өрнек те салынды. Бізде мұндай етік кимеуші еді.

– Бұл – татар оюы ғой, – деді Майя, сөйтті де өз аяғына құлды өмірінде бірінші рет көріп тұрғандай қарады.

Батылданып кеткеніне бір есептен қысылып тұрса да, студент жігіт те енді мұқият назар салды.

– Ә, сіз татар қызымысыз?

– Жок, бірақ мен өмір бойы сонда тұрғам. Сібірге папаммен бірге келгеніме екінші жыл ғана. Ол кісі – геолог.

– Мен сізді татар қызы екен деп ойлап қалғаным.

## Шығармалары. Төртінші том

– Болсам ше, онда тұрған не бар екен?

– Жоға, мен тек солай ойлап қалғанымды айтып жатқаным ғой.

– Бұл жерде тұра бергенше, көлге барсақ кайтеді. Мен ол жерден бір тас таптым, үстел сияқты...

Аяғыма тағы да сұқтанып жүрмесін деп, студенттен көз айырмаған күйі қыз қақпаға қарай бір қырындап қозғалды. Жігіт те онысын түсінді, тепкішектен секіріп түсіп, қыздың алдын орағытты да, қақпаны ашып, Майя жан-жағына жалтақтамай қасынан өтіп кеткенінше, есікті ұстап тұрды; сосын өзі де қыздың ізін баса көшеге шығып, скеуі үн-түнсіз төменге, жағалауға бет алды.

Жағалау сап-салқын екен. Су сұрғылт тартып, лайытып жатыр. Сонадайда моторы тырыллап, поселкеге қарай бір қайық қарауытып келеді.

– Балықшылар ғой. Ау құрған шығар, – деді студент. – Мен бүгін Еловкадан баркаспен келдім, – деді сонсон. – Жиырма бес шақырым жер жаяу жүріп, сонау Голецтен Еловқаға жеттім, Еловкадан мұнда мені Максимов әкелді. Пароходқа үлгерсем деп асыққаным ғой.

– Мен де үлгерсем екен деп келіп едім, – деді қыз.

– Кешіккені мұндай жақсы болар ма, – деп қалды да, студенттің тынысы тарылып кетті.

Қыз үндеген жоқ, естімегендей бұрылып, жағалауды бойлай жүріп кетті. Алдарынан сұп-суық леп есіп қоя берді. Малта тастарды шақырлата жүріп келе жатып, енді жігіт бір көргеннен-ақ ғашық болып қалатын ессіз-түссіз махаббат жайында қызға бірденелер айтуға дайындалып, соны қалай жеткізсем екен деп толғанып келе жатты. Иә, бір көргеннен-ақ ғашық болып қалатын махаббат жайында айтуым керек деп шешті ол ақыры. «Әуелі бір көргеннен ғашық болып қалатын жайлар болатынына сенетін-сенбейтінін сұрауым керек», – деген ойға бекіді ол. Бірақ әу деп аузын ашқанда, ойындағыға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, мүлде былжырақ бір сөздер шықты; мынау ғажайып әлемде тек бір соқа басы сопайып, жалғыздықтан жапа шегіп жүрген жанмын деді ме-ау, бұ дүниеде бақыт бар дегенге сенуден қалдым деді ме-ау. Тіпті жүрісіне дейін сылбыр тартып, аяғын әрең сүйретіп келе жатқандай күйге енді; тас екеш, малта тастарға дейін бұ дүниеден баз кешкендей, табанының астында жалғыз-жарымдап қана андасанда бір шықырлайды. Мұныма қыз не айтар екен деп анысын

андап кідіргенінде мұның үмітсіз тірлігі мен жалғыздықтан жапа шегіп жүргені, шынында, қиын жағдай екенін қоштай отырып, қыз өзінің әлі кездейсоқ та болса ғайыптан бақытты болып кету үмітін қайткенде де жоймағанын айтты. Бәлкім, бұл біреуді оқыс сүйіп қалар; бәлкім, ол да ойда жоқта ғашық болар? Қалай десең де, мұндай-мұндайдың өмірде болуы әбден мүмкін ғой?! «Тап менін бакталайыма сондай жағдай тап келер-ау дегенге, әрине, өзім онша сеніңкіремеймін», – деп қойды қыз.

Олар бір-бірінің сөзін жиі-жиі бөліп, сосын қайтадан оп-оңай мәмілеге келе қалып отырғандарын байқағанда, екеуі де қорқып кетіп, тым-тырыс бола қалды, сөйтіп енді бір-біріне күмәндана қарап, тіпті өзді-өзіне де сене алмай, жағалауды бойлап ұзақ уақыт үн-түнсіз ғана қыдырысты.

Көлдің басы тым суытып кеткесін олар жоғарыға шықты да, бұл кезде жылтыраған от та қалмаған, итіне шейін үнсіз қалған деревняның шеткі көшесіне келіп кірді. «Үйге барғанша бұл қызды бір сүйіп алмасам, одан кейін өмір сүрудің де қажеті жоқ», – деп ойлады жігіт кинала. Мейлі, сосын бұнымен сөйлеспей-ақ қойсын; мейлі, тас-талқан боп ашулансын, бірақ қайткенде де сүйеді, ең болмаса сүйіп алуға тырысады. «Әйтпесе өзіме-өзім мұнымды ешқашан кешірмеймін» деп ойлады ол; сонда барып андаса, екі қолы қара зілдей болып ұйып қалыпты, тіпті көтертер емес.

– Етігіме су тиіп езіліп кетіпті, – деді Майя, – мен андамай шөпті кешіп жүре беріппін, жүре беріппін, ал оған шық түскен, су ғой.

– Соқпақ мында. Мен соқпақпен келе жатсам, ал сен... – Жігіт қызға қолын созған, Майя қараңғыда қарманып ұстай алды да, екі алақанымен ақырын ғана қысып қойды.

Қыз алда келе жатыр, мұның бір қолы оның иығында; өзінің көзі қараңғыда мысықтың көзіндей көргіш болғасын, Майяны табан жолдан аудармай бағыттап келеді. Қадам басқан сайын: «Қазір, міне, қазір иығынан қаусыра құшақтасам болды, бәрі де бітеді, – деп қояды өзіне-өзі. – Бітеді бәрі де!» Сосын он жылға кесіліп, қандай қасірет-қайғы, қаншалық азап шексе де, мейлі, риза; тек қазір... аяғын абайлап қана ақырын басып, алдында бір қадам ілгері келе жатқан мына қызды бір сүйсе болғаны.

Олар қақпаның кішкене есігінің алдына келгенде, көрші үйдің иті әупілдеп қоя берді. Бірақ ол да еріккеннен үрген болуы керек, көп ұзамай пышақ кесті тыйыла қалды.



Студент айсыз аспанға қарағанда шүпірлеген сансыз жұлдыздарға көзі түсті. Сол жұлдыздарға қыз да қараған. Айсыз аспандағы жұлдыздарға екеуі бірдей қарап тұрып, кенет сүйісе бастағандары... бұрын-соңды сүйісіп көрмеген екеуі батылсыздықтан әрі қалай сүйісуді де білмегендіктен, тістері қарысып, бір-бірін азапқа салды.

– Сен бұрын сүйісіп көріп пе ең?!

– Иә, – деді де, қыз өзінің қолын жігіттің қолынан босатып алды.

– Мен де сүйіскенмін, бірақ дәл осылай сүйіскен жоқ едім. Ал сенің сүйіскеніңе көп болды ма?.. Жоға, менің сұрайын дегенім... әлгі, бұған дейін кіммен сүйісіп едің?

– Қайда-а-а, оған көп болды, май айында-ау дейім. Онжылдықты бітіргеннен соңғы қоштасу кешінде. Қойшы, құрысын. Сұрамашы! – деді де, қыз қақпаның есігін ашып, басын төмен салған күйі үйге қарай беттеді.

Жігіт оны қуып жетті де, тағы сүйді; бұл жолы ернін дәл тауып алды да, құмары қанғанша қадала сүйді. Жабысып ұзақ сүйгендіктен бе, кенет қыздың буыны босап кетті. Буыны босап кеткен қызды құлатып алмау үшін, ол құшағына оны қаттырақ қысып еді, қыз екі қолын созып жіберіп, мұның мойнынан тас қылып құшақтай алғанын байқады. Жігіт оны бұрынғыдан да қатты қыса түсті. Тынысы тарылған қыз алқынып-жұлқынып, басын екі жағына алма-кезек алып қашып, қайткенде де мұның құшағынан сытылып кетуге тырысып бақты.

– Жібер, – деді демігіп, – босатшы дейім енді! – Мұның иығына қос қолын тіреп алып, бұратыла бұлқынып қалғанында, жігіт құшағынан шығып кетті де, бір қадам шегініп тұрды. Ұйпаланып қалған шашын түзеді, ып-ыстық демі студенттің бетін шарпыды. – Көп кешіктік қой, – деді де, есік алдындағы тепкішекпен көтеріле бастады.

Қап-қараңғы ауыз үйден өтіп, май шамы өлеусірей жанып тұрған әрі от жаққасын қатты ысып кеткен ас үйге кірген. Қыз үстел жанына барды да, бұған бұрылып: – Түу-у, қандай ұзақ жүргенбіз! – деді есін енді жиғандай, қуаныш-өкініші аралас үнмен сыбырлай сөйлеп.

– Ернің қанап қалыпты ғой, міне, мына жері... – Жігіт сәл еңкейіп, қыздың ернінің қаны шығып қалған жерінен ақырын өпті.

– Сенің істеген ісің ғой, – деді қыз ұяла езу тартып. – Дым көрмегендей жабысып айырылдың ба?!

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

Құлаққа ұрған танадай тыныштық орнағанда, кенет Максими- ханың тыныс алған демі естілді.

– Мен қарап келе қояйын, жарай ма?! – Майя бұған «тыпыр етпе» дегендей саусағын безеп, үй иесі әйелдің бөлмесіне қарай аяғын ұшынан басып, ақырын жылжи жөнелді. Ас үйде жанып тұрған шамның жарығы ашық есіктен ауыз үйге қиғаш түсіп тұрған, қыз сол жарық таусылған жерге дейін барды да, тың тындап тоқтай қалды.

## VI

Кешкі асты қонақтармен бірге отырып ішпек болған қуанышты ойы жүзеге аспай қалған Максимиха асқа тәбеті онша шаппа- са да, әрнені аузына бір салып, өзін-өзі алдарқатқан болды да, оларға тамақты даярлап, үстел үстіндегі шамды да жағулы күйінде қалдырып, өзі жатып қалды. Әне-міне келіп қалар деп жападан- жалғыз күтіп отырғанында-ақ оларға деген өкпесі тарап кеткен- ді. Күн ұзақ мігірсіз тірліктен қажыған әйел бүкіл экспедицияға жетерлік нан пісіріп болған соң, қонақтарын күтпей, өз бөлмесіне барды да, жатқан бойда ұйықтап кетті. Ұйықтар алдында:

– Олар әлі жап-жас қой. Мен секілді кемпірді неғылсын. Жастардың қателігі болса, кешіре гөр, жасаған... – деп күбірлегенін біледі. Онан соң қатып ұйықтапты да қалыпты.

Максимиха қонақтарының көңілінен шығуға тырысып-ақ бағып еді.

Үстел үстіне жарқыраған ақ самауырынын, оның жанына бүйірлі қызыл ала аққұманын қойған. Бұл аққұманды үйленген кездерінде шалы Улан-Удэден әкеліп: «Мінс, бәйбіше, біздің самауырынның енді әміршісі де қасында қоса жүретін болады», – деп, мұртынан күліп қойып еді. Содан кейін-ақ үй ішінің көңілді сәттерінде аққұманды «әмірші» деп атау әдетке айналып кеткен-ді. Қонақтарды күте-күте самаурын суып қалды. Сопақша ыдыстағы ысталған омульдердің майы ас үйдің жылуына еріп, жан-жағына қойған жұп-жұмсақ картошкаларға жұғып жатыр. Әдемілік үшін үстіне көк жуа мен килиаш туралған омульдердің сап-сары ыстал- ған бүйірлері алтындай жалтырайды. Әлдеқандай бір банкілер мен құмырашаларда: майдалап жонылған қалқан мен қаймақ құйылған редиска; майлы сүзбе мен көпіршігі сарғыш түстес мұрап па, без- без ағаш түбіріне ұқсатып жасаған жуан кружкада шайға құятын

Шығармалары. Төртінші том

қаймақ; ал бүктеуі жаңа ғана жазылған таза сүлгінің үстінде иісі бұрқырап жып-жылы бір бөлке жатыр.

– Қайтеміз, тамақ ішеміз бе? Осының бәрін біз үшін даярлаған болу керек... Мынадай әдемі дастарқан басында сән-салтанатпен отырайық десең, мен қайтадан киініп келейін, ә?

Майя шамды алып, ауыз үйге шықты да, есікті қапсыра жауып кетті, студент тастай қараңғыда қала барды. Көзі үйрене бергенде қараса, есіктің саңылауы мен жапқыштың жоғарғы жағындағы ашық жерден төбеге жарық түсіп тұр екен. Ол демін ішіне тартып тына қалды: қыз үстіндегі свитері мен шалбарын шешкені; сосын әлдебір басқа киімін асыға кигені; ол киімі де жаңа ма, денесімен дене боп киілмей судыр-судыр етіп жатқаны; ақыры киініп болып, жалаң аяғымен сырланған еден үстінде әрлі-берлі жүргені естілді. Залдағы жарық та қалтылдай қозғалып, тербеле толқыды. Әрі-беріден сон, шашын тараған болу керек, пышырлап ұшқын шыққаны білінді; ақыры жарық тағы қозғалып, қолындағы биік май шамның сәулесіне шомылған қыз, қол жетпестей сұлу да көркем, мүлде бейтаныс біреудей есікті ашып кіріп келді.

– Кел, тамақ ішейік, тек сыбысымыз білінбесін...

Қыз әдемі дастарқан жайылған үстел үстіне анадайдан қол созып, шамды қойды да, жалаң аяғының дыбысын білдірмей, матамен қалқаланған қолжуғыштың қасына барды.

Үстіне кигені – арқасы мен нығы ашық, қып-қызыл сарафан және сықырлаған сәнді юбка екен. Қолжуғыш жезге тән жұмсақ дыбыспен құмыға сылдырлады. Ұршықша үйірілген бір оралымды, биязы қимылмен жуынады екен өзі, тіпті білдірген жоқ.

Жуынып болып бері бұрылғанда, жігіттің көзі отша жанып, қызыға қарап отырғанын сезді де, бетін жұп-жұқа сүлгімен сұрткен боп жауып алып, теріс айналды. Аппақ балтырының үстінде әлсіз ғана судыр ете түскен қып-қызыл жібек юбкасы қып-қызыл жалын шашқандай болды. Әлденені бүлдіріп алмайын деген кісіше, қыз қолжуғыштың жоғарғы жағында тұрған еліктің қисық-қисық мүйізіне сүлгіні саусақ ұшымен іле салды да, жүзін көтерместен көлеңкелеу жерге қарай ығысып:

– Сен де қолыңды жу, сосын тезірек дастарқан басына отырайық, – деді.

Тамақ жей алсашы... омульден бір үзіп ала да алмады, аузына ештеңе сала да алмады. Қыз да жөнді ауқаттана алған жоқ,

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

шанышқысымен омульді бірер шұқылады да, суық шай ішті, студенттің жүзіне тіпті қарай алған жоқ.

Қысқа етегінен тізесі әдеттен тыс жарқырай көрініп отырған қыз сарафанын қайта-қайта төмен қарай тартқыштай реттеген болып, біресе аяғының арасына қыстырып әлекке түсіп:

– Тіпті күнге де қыздырына алмадым, – деді. – Қаптаған маса!

Студент көзін тайдырып әкетті.

Қыз қажығандай шанышқысын тастай салды да:

– Осының бәрін қалайша дәмді даярлаған! – деді таңырқаған сынайлы. – Шамасы, бар өнерін салған болу керек. Oh, бірақ біз дұрыс істемедік! Сен бұрын бұл кісіні... тәтейді танушы ма ең? – «Тәтей» деген өз сөзінен өзі қысылды.

– Жоға, бұл кісіні мен де бүгін ғана көріп отырмын. Тәтей – қалбалақтаған бір тамаша адам.

– Аты кім екен өзінің?

– Білмеймін. Максимиха құдаша деседі ғой.

– Қайдағы құдаша ол саған?

– Маған емес, Максимовке өкіл қыз ол.

– Өкіл қыз деген – жамағайын боп келетін алыс туысқан ба? Немене ол? Сен өзі... Максимовты жақсы танушы ма едің?

– Аздап... Біз тау қойнауына енерде оның қайығын сұрап алғанбыз. Бастығымыз жақсырақ біледі оны.

Студент бір шыны аяқ шай ішті де, орнынан тұрды.

– Ертең пароход келеді, сосын бәрі де бітетін шығар... – деді өз сөзінен өзі қорқып тұрса да.

Қыз да тұрды. Жігіт оның қасына жақындаған.

– Қойшы... – деді де, студенттен бұрын ауыз үйге беттеді. Жігіт те тысқа шығып, сыртқы есікті жауып қойды.

Жатарда Максимиха бұл есікті ашып қойған, өйткені от жағылған пеш қатты ысып кеткен болатын.

Шыға берісте олар қайтадан сүйісе бастап еді, студент:

– Анда барайықшы, – деді қиылып.

– Жоқ.

– Барайық тағы.

– Жо-жок. Керегі жоқ, – деді қыз, бірақ жігітті де қия алмай, өзінен-өзі қорқып тұрса да, студенттің алдына түсіп жүре берді. – Тек мен ешқашан мұндай болып көргем жоқ.

– Демек, сен мені сүйетін болғаның ғой.

– Солай шығар, – деді қыз.

Шығармалары. Төртінші том

– Мен осы уақытқа дейін әлденені күтіп жүргем, тап осылай болады-ау деп ойламасам да, күтіп ем.

– Мен де білгенмін осылай боларын, – деді қыз аптығып.

– Демек, баяғыдан бері күтіп жүргенімізге кездескен деген осы ғой енді.

– Солай шығар, – деді қыз келіскендей.

...Аулада ақшыл тұман жер бауырлап жатыр. Тұман үстінде сиыр байлайтын қаданың қақиған басы мен шөп қораның ербиген-ербиген бұрыштарының сұлбасы айқын көрінеді. Қыз жігіттің өрттей ыстық сүйісіне қарсылық етпей ақырын ғана аймалаумен жауап қатқанмен, өзінің ендігі жағдайын ойлағанда жаны шошып, қалтырап жатыр; тіпті ашық қалған нығының суықтан күс еттеніп кеткенін де елеуге мұршасы жоқ.

Желі басындағы сиыр байлайтын қадаға орнатылған даңғыра даң-дұң ете қалды, құлды шөп қораның үстіндегілер не істеп жатқанын тыңдағысы келіп, байлаулы тұрған сиыр басын әдейі бұрғандай. Басын бұларға қарай бұрғанда шырыш танауы шуылдап дем алғанына дейін естілгендей болды.

Бұдан әрі өзінің не істеуі керектігін, тіпті енді екеуі не істеуі керектігін студент әлі білмейтін; ол шөпті сыбдырлатып бір бүйіріне аунап түсті де, қызды қапсыра құшақтап, ернін Майяның ерніне жабыстыра сүйіп еді, қыз одан сәл ысырыла бере, қараңғыда көрпе астынан әлдеқайда сытылып шығып кетті. Қол созымнан әрірскте сусылдаған жұп-жұмсақ әлдененің судыр-судыр дыбысы естілді де, соның арасынша қыздың сыбыссыз қайтып келе жатқаны білінді; міне, қараңғыда денесі аппақ болып өзі де корінді, тағатсыз күтін жатқан мұны келген бойда үн-түнеіз тас қып құшақтай алды да, еш қарсылықсыз ыңғайына көніп, бауырына кіре берді. Қос анарының тіп-тік ұшы мұның көйлегінің сыртынан тигенде, соның арасынша жабыса қалған қыздың ып-ыстық денесінің жылуы тұла бойына тарап жүре бергенін сезді; бұдан соң олар ештеңені аңдай алған да жоқ, тек әлдебір ыстық толқын кеуделерін кернеп, өздерінің балқып бара жатқанын ғана біледі; екеуі де бұл сәтте «Осылай болуы керек шығар және бір-бірімізді сүйгесін бұдан былай да ылғи осылай болатын шығар» деп қана ойлады.

Жігіт тіпті осы секілді бірденені былдырлап айта да бастаған, қыз:

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

– «Ертең пароход келеді...» демекші еді, әлденеге жылағысы келіп, көңілі босап кетті де, оның орнына: – Сүйемін, мен сені! Сүйем! – деді тағы өршелене қызу қайталап.

Жігіт те бірдене демекші еді, дәл сол сәтте белбеуінің доғасы сылдыр ете қалды да, айта бастаған сөзінің соңын жұтып қойды; іле өз-өзінен күйбендеп, қараңғыда күтіп жатқан қыздың қасына қайтып келгенше, шөпті сыбдырлата берді.

Ол өзінің де, қыздың да қыбыр-қыбыр қозғалысынан әлдебір таныс, таныс болғанда – бұрын бір көрген бұлдыр да көмескі түсінен есте қалған қимылды көргендей болды. Соған орай тағы да әлдеқандай бір сөздерді тауып алып, бетін қыздың қалың шашына көміп жіберіп, құлағына сол сөздерді сыбырлап айтқысы келді; аймаласып жатып қыз аузымен мұның ернін тауып алды да, күйіп-жанып тез-тез сүйе бастады; асығып-аптыға қимылдаған екеуінің әр қозғалысы қолапайсыздау шығып жатса да, жігіттің де, қыздың да әр қимылы әлдеқандай бір ежелгі, тіпті адамзат жаралған арғы замандағы заң-зәкүнге, мән-мағынаға, мақсат-мұратқа бағынышты еді, құдды тұңғыш көктемін тойлаған жұп тырнаның биі өздеріне қандай әрі түсінікті, әрі ұғынықсыз болса, мына жайт та бұл екеуіне бұрыннан әрі мағлұм, әрі беймағлұм тұғын.

## VII

Ал ертесіне қапырық боп кеткен үйдің ыстығынан есеңгіреп әрең тұрған Максимиха қаракөлеңке бұрыштағы құдай-ананың қалайы қаңылтыр бейнесіне асығыс шоқына салып, есік алдына шыққанында, сиырын сауып болып, бір қолында – сүт толы ауыр шелек, екінші қолы ербендеп мұз қораға қарай қайқаңдап бара жатқан анадай жердегі көршісі Жучиханы көрді. Сол-ақ екен, бұл да ол-пұлын қоятын бөлмеге бас сұғып, дереу күмістей жарқыраған тап-таза шелегінің бетіндегі дәкені алып тастап, сиырын саууға жүгірген; кенет күндегідей жалғыз емес, үйде қонақ бары есіне түсе кетті. Лезде үйге қайта кіріп, қонақ қыз жатуға тиіс залды қараса, төсек-орын бос; қыздың жол қапшығының аузы ашық, ал өрнек салған жұқа етігі залдың ортасында, еденде жатыр.

– Ал саған жігіт керек болса! – деп Максимиха аһылады да қалды. – Міне, нағыз қасқыр жігіт! Жігіт деп осындай жігітті айт!

Нанарын да, нанбасын да білмей абдырап, Максимиха күйбендеді де қалды. Біресе аулаға жүгірді, біресе үйге қайтты;

## Шығармалары. Төртінші том

шелегін баспалдақтың қасына қойып, ентігін басып сәл тұрды да, тың тыңдады; содан шыдай алмай баспалдақпен жоғары көтерілген, қартайса да әлі жуан аяғының балтырынан төмен ішкөйлегінің етегі ағараңдап барады. Демін ішіне тартып тына қалған Максимиха баспалап шөп қораның үстіне қараса – мәссаған, тап ойлағанындай-ақ болыпты да шығыпты! «Мұның шытыра гүлді қалың көрпесін жамылып, жиегі шілтерленген дәу-дәу жастықтарын жастанып, құс төсектің үстінде, шөп қораның шығыс жақтағы саңылауларынан түскен жолақ-жолақ күн сәулесінің өтінде, қол-аяқты емін-еркін көсілтіп жіберіп, қонақтарының екеуі екі шетте ұйқта-а-ап жатыр.

– Ой, күнәкар болдым-ау, құдая! Кешіре гөр мен қақпасты... көз бола алмағанымды қарашы бұларға! – деді Максимиха күбірлеп.

– Осы күнгі қыздар кілең бір ешкі болып кеткен бәле ме дейім! – деп, Максимиха сиырын қабырғаға қарай итергіштеп сөйлеп жүр. Шелегін сиырының аяғы астына қойып, оның жер сызған жып-жылы, топ-толық желінін үйреншікті әдетінше ақырын сылап-сылап жіберді. Сиырдың жаны кіріп, иесінің ептейлі қолының қимылына разы болғандай, көз қиығымен бір қарады да, күйісін қайырып тұра берді.

«Масаны елеуге де мұршалары болмаған ғой», – деп ойлады Максимиха. Көз алдына: маса шағып ісіріп жіберген жігіттің жалаңаш иығы, жастық үстіне жайылып кеткен қыздың шашы... ұйықтап жатқандардың төңірегінде, шөп үстінде әр жерде бір шашылып жатқан киімдер... өмір бойы қолына түскен матадан ғана көйлек киіп, аяғына өзі тоқыған жүн шұлығын сұға салумен келе жатқан Максимиха ешқашан өзі иығына іліп көрмеген, ана жері де, мына жері де шілтерленген кілең бір сусылдаған жібек әйел киімдері... келе қалды.

Сиырын сауып болған соң, қонақтарға деп арнайы сатып алынған әдемі қыш құмыраға сүт толтырып, қалғанын мұзқоймадағы сүт қабылдаушыға апарып өткізді де, Максимиха қайтып келіп, түнемелікте күзен қырып кетпесін деп тесік-тесігін мықтап бекітетін тауық қорасының аузын ашты. Алдымен қоразы жерге секіріп түсті де, дүр сілкініп алып, таңғы айқайы алыс жерлерге жететіндей биік орын іздеп, аю тырнақты аяғы арбандап анда-мұнда жүгіре бастады. Сол-ақ сәтте, әтеші әдеттегіше қазір шөп қораның үстіне шығатынын, сол жерде тұрып бар даусымен

айқайға басатынын, сөйтіп қонақтарын оятып жіберетінін біле қойған Максимиха ештеңеге алаңдамастан тура үйге кірді де, айран-сүтін, мұраппасын, қуырған жұмыртқасын дастарқанына қоя бастады.

### VIII

Сағат онға жақындағанда көл жақтан, сонау тұмсықтың ар жағынан пароходтың қою үнді қоңыр айқайы естілді де, әрі-беріден соң өзі де көгілдір айлаққа келіп кірді; машиналарының моторын соналайдан-ақ ажыратып тастап, едәуір жерге дейін тек әуелгі екпінімен ғана су бетін сызып келді. Салдыр-гүлдір, гүмп-гүмп еткізіп зәкір тастағанда су аспанға шашырады. Арқанмен төрт ескекті қайықты саумалап түсіріп, матрос балалар, қапшық арқалаған, чемодан ұстаған жолаушылар баспалдақпен төмен түсе бастады. Бұл кезде жағалаудан да моторлы қайықтар қарсы қозғалған, аптасына бір-ақ рет, онда да жаздыгүндері ғана қатынайтын пароходқа бару, азды-көпті ішінде болу – бұл жердегілердің әдетіне айналып кеткен, бұйырса, бірер жүз грамды асығыс тастап жібереді, қаланың тәтті-мәттілерін сатып алады, кейде дүкенінен әйелдеріне керек бірдеңелер ұшырасып қалады, тым құрыса папиростарының қорын жанартып, әрі итер де бері жық айқай-шудың, бір жақта даңғырлап жатқан музыка үнінің ортасында сенделіп қайтқандарына дән риза, әйтеуір.

– Тамақ ішпесендер екеуіңді де ешкайда жібермеймін, – дейді Максимиха, ұялып төмен қарап отырған қонақтарын зорлай түсіп, – сендерсіз пароход ешкайда кетпейді. Жұрт түсіп болғанша, одан дүкенге әкелген заттарын түсіргенше қайда-а. Ішіп жеп, мына жаман кемпірді қуантып кетіңдер. Өтірік-шынын кім білген, қалада әлгі сүтті ме, неменені... порошоктан жасайды деседі ғой! Сен қыз неғып ит көрген мысықтай үрпіс қалдың? Анау қуырған жұмыртқаны жесең, аузыңды тістеп алар! Ал, сылқым жігіт, сен де қарап отырма! Ең болмаса, жол азыққа омуль алыңдар. Пароходта жұрт жоқтан өзгені жейді, ал сендер Максимовтың қолымен ысталған балық жеп отыратын боласыңдар. Өкіл ағай күнде әкеледі де жатады, әкеледі де жатады; мен соны қаншалықты жеп жарытады дейсіңдер, тәйірі? Жақсы ас бостан-босқа рәсуа болмағаны абзал.

Қонақтары көздерімен жер шұқып, сызыла қалғанын Максими-



## Шығармалары. Төртінші том

ха іштей ұнатып-ақ отыр, сондықтан да өз балалары секілді бұлар туралы да тек күнәдан пәк жарқын ойларға берілді; «Қол-аяқтары балғадай, – дейді ол елжіреп, – баланы қалайша шұбыртар еді бұлар, қаншама немере сүйер еді», Максимиха сөйтіп отырып оларды жамандыққа да қиғысы келмей, өзінің мынау әйелдік жымысқы ойынан басын ала қашады.

Үйден шығарда студент Максимиханы оңашаға, босағадағы қалтарысқа қарай қақпайлап, жамбаспұл туралы әлденелерді мінгірлеп айта бастап еді, үй иесі әйел маңайлатпай, бірден-ақ бетін қайтарып тастады, одан кейін ақша ұсынып тықақтай беруге мұның да жүрегі дауалаған жоқ.

Екі нығына екі жол қапшықты асып алған студент – алда, кішкентай чемоданын ғана қолына ұстаған Майя мұның соңына еріп, бұлар ылдига қарай, үй іргесіндегі жолды кесіп өткен; әлденеге қыздың жүрісі баяулай берді де, кенет кішкентай чемоданын тікесінен қоя салып, артына бұрылды; сөйтті де қақпаның алдында жападан-жалғыз қалып бара жатқан анау жуан тәтейіне қарай көк шөптің үстімен қайтадан жүтіре жөнелді. Сол-ақ екен, студент Максимиханың да Майяға қарай қалай қарсы ұмтылғанын, қалайша екеуі бір-бірін құшақтай алып, алма-кезек шөп-шөп сүйіскенін көрді: соны көруі мұң екен, ертелі бері үй иесінің алдында қибыжықтап, ұяттан өлердей болып бұғынып жүргенінің бәрі кенет қимас қуанышқа, осы бір әйелге деген іштей разылық пен алғысқа айналып, іші-бауыры елжіреп жүре берді. Майя да әлгінде Максимихаға қалайша тез жүтіріп барса, дәл солай дереу қайтып келді де, чемоданын жерден іліп алып, енді екеуі арттарына қарамастан ылдига қарай, – сонау төрт ескекті қайықтағы матрос балалар бұларды көріп, асықтыра түсу үшін қолдарын тез-тез бұлғалап тұрған жерге қарай – аяңдай жөнелді.

Қайық жағадан үш қадамдай жерде, малта тасты тайызда тербеліп тұр. Толқын қайта-қайта ойнақшыта берген соң, матрос бала оның құйрық жағын ескекпен тіреп ұстап отыр. Ұшы малта тастарды қопара жерге кіріп, қайық қабырғасына қиғаш тірелген ескек сабының көлеңкесі сынық нәрседей су бетінде иректеліп көрінеді. Резеңке етік киген екінші матрос жол қапшықтар мен чемоданды қайыққа тиеу үшін суды кешіп келеді. Кішкенедең соң ол Майяны да қайыққа дейін аркалап апаруға икемделіп, тағы да жағаға келе берген. Майя оның ойын түсіне қойды да, студентке

қарап қып-қызыл болып кетті. Жігіт бір минут та ойланбастан, қызды жерден көтеріп алды да, малта тастарға шатқаяқтаған күйі көлге қойып кетті; сол-ақ екен, сұп-суық судың ызғары шекесінен бір-ақ шыққанын да, мұның мойнынан тас қып құшақтап алған қыздың қауырсындай жеп-жеңіл көрінгенін де, айналадағы жұрттан ұялып қыздың бетін басқанын да, өзінің темірдей қатты қолының қарулылығын да қоса қабат сезіп, көңілі тасып жүре берді.

Үстінің суы қайықтың бел тақтайына сорғалап ағып отырған мынау аусар жігітке шылпылдатып ескек есіп келе жатқан матростар таңырқай қарасады. Ал студенттің өзі саяхатқа шыққанда киетін шабатасына қара мұздай Байкал суы толып, аяғы шылқылдап отырғанына қайғырар емес. Екі езуі жиылмастан, аяқ киімінің ішіндегі судың бірте-бірте жылынып келе жатқанын қызықтап отыр. Майя болса, жақындап қалған пароходқа қарап, қайық тұмсығында қақ жарылып қалып жатқан көк ала көпіршіген толқыннан уысымен су іліп алмақ болып ара-тұра еңкейіп-еңкейіп қояды.

Студент дербес каюта сұраған, кассадағылар дербес каюта түгілі, бірде-бір бос орынның жоқтығын, тек барар жерлеріне дейін палубаға мініп қана жетіп қалуға болатынын айтып, бет бақтырмады. Әрі-беріден кейін бір мұртты кассир ғана бұған жаны ашып, «Каюта алғың келсе, билет тексерушінің бөлмесіне барып, жағдайыңды айт», – деп ақыл берді; «Егер сол рұқсат берсе, кассирге бәрібір, каютаға билет кеседі де береді, әй, бірақ оның рұқсат ете қоюы да неғайбыл-ау», – деп қойды.

Жүзі сүп-сүйкімді ревизор әйел каютасына баса-көктеп кіріп келген студент жігітке әуелі таңырқай, қасын керіп бір қарады да, мынау бейбастақтың сайтанын қағып жібермек болып енді-енді өңін суыта беріп еді, сонында еріп келе жатқан қызды көріп, түсін жылыта қойды. Тек біраздан соң, шалбарының суы сорғалап каютаның ортасында селшиіп тұрған студентке Майя: «Киіміңді ауыстырсаңшы, салқын тиіп қалады ғой!» – дегенде барып, бұлардың мән-жайына түсіне қойған ревизорша: «Капитанда ұзақ отырып сөйлесетін бір маңызды шаруам бар еді», – деп шықты да кетті.

– Тек каютаны ашық қалдырып жүрмендер, – деді кетіп бара жатып, – менің анау сөмкемде көп ақша және әртүрлі маңызды құжаттар бар.

IX

Усть-Баргузинге карай пароход күні бойы жүрді. Палубада бірі отырған, бірі жатқан, енді біреулері ерсілі-қарсылы сенделген қара құрым адам: түйіншек ұстағаны, сөмкелісі, чемодандысы аралас деревня кісілері; ұят дегенді былай жиып қойған гитаралы туристер; олар саяхатқа шыққанда айтатын әндерін үздіксіз қақсаумен болды; бір бұрышта арағын, қиярлары мен помидорларын ортаға алып, балташылар бригадасы бөлек отыр; жолаушыларды біресе ана жаққа, біресе мына жаққа қуып, матростар палуба үстіндегі әртүрлі жұмыстарын атқаруда; кезектен қолы босаған штурман күнқағары мен дүрбісі кинодағыдай жарқылдап, көпіршенің үстінде ол тұр...

Ревизор әйел әдейі соған келген, екеуі пароходтың о шеті мен бұ шетіне біраз серуендеген соң, кеменің құйрық жағына келіп тұрып, сол жерде ол сиқырлы қылығымен штурманды едәуір есекдәмелі етіп алды да, кенет мұздана қалып, көз ұшында көгілдір тайга мұнартып тұрған жағалаулардағы сүйір тұмсық мүйістерге сығырая қарады: әрі-беріден соң ол да жалықтырғандай, палубаның ернеуіндегі сұп-суық қоршау темірлерге кеудесін тіреп, тойтара қаққан шегелері тізбек-тізбек боп тұзу сызық бойымен тізіліп жатқан ап-ауыр, қап-қара форштевеньнің алдынан біресе таутобе боп көтеріліп, біресе жермен-жексен боп жоғалып кетіп жатқан толқындардың қозғалысын қадағалап, әлдеқандай бір ойларға беріліп кетті. Толқындардың сүйір басы біресе көтеріледі, біресе басылады; кейде толқын қабырғадан келіп соққанда, зәкір түсіретін қуыстан су члюзге шашырай атылады. Ондайда қажарылған толқынның сап-салқын лебі бойларын түршіктіріп те жібереді. Ревизорша штурманға әлденеден емексітерліктей бір сиқырлы, жұмбақ сөздер айтады-ақ, бірақ штурман түкке керекті жоқ дүрбісінің бауын умаждай береді, умаждай береді. Ақыры көкірегінен қарс айыра күрсініп салған ревизор әйел маңайды мұқият шолғысы келгенін сылтауратып, оның дүрбісін сұрап алып тынды.

Аяқ астындағы палубаның темір едені өз-өзінен күңгірлеп, пароходтың терең бір түкпірлерінде оның тұла бойын тігіретін келе жатқан май-май, буылтық-буылтық болат бұлшық еттер бірқалыпты сартылдап-сұртылдап, тырылдап-гүрілдейді. Қазір машинаның ішіне кірсеңіз, зауыттардағыдай жып-жылы, бірақ улы

леп аңқып қоя берер еді; ал палубада, осынау кемеңің үстінде, мынау айдын шалқар көлдің бетінде де, сонау жағалаудағы жоталарға өскен ну тоғайдың жоғарғы жағында да шарбы бұлттардың селдір көлеңкесі мен адам айтып жеткізгісіз көгілжім нұрға бөгіп, мамықтай ұлпа, қауырсындай жеп-жеңіл көк аспан шайқатылып тұрды.

Ревизордың каютасының ашық тұрған иллюминаторынан палубадағы әлдекімнің айқайлай сөйлеген даусы естілді. Біреуі жағадағы өртті көріпті. Сол-ақ екен, бірнешеуі қабаттаса дауыстады. Өрт шалғайда, солтүстік-батыста екен. Сол жақта жалын лапылдап, жаз бойы әбден кураған ағаштардың: самырсынның, шырша мен қарағайдың ұшар басы дүр етіп жанған бойда алып шыраққа айналып, шытыр-шытыр, пышыр-пышыр, ысқырынған дыбыс шығарып, тайға өртеніп жатты, аң да, құс та қырылып, қап-қара көмірге айналған ағаш діндері бірінен соң бірі сұлап жатқан болатын. Ал бұл жерден, кемеңің палубасынан қарағанда, тек жиегі қошқыл көк түтінге көмкерілген қызыл жалқын бұлт қана көрініп тұрды. Түтін – жел болмағандықтан – негізінен өрттің өзінің үстінде, сонау алыс жағалауда будақтайды; көк ала толқынды кеудесімен тіліп келе жатқан мынау ескі де ауыр пароходтың жолы өтетін маңға – көлдің қак ортасына – күйік иісі жеткен де жоқ...

Палубадағылардың дауыстарына бірте-бірте қорқыныш кіре бастаған сияқты; балташылар да, матростар да әлденеге мазасызданып, қатты қапа болып жүр; түйіншектерін қолдарына ұстап алған әйелдер де аһылап-үһілеп қояды, тіпті туристерге дейін гитараларын дыңғырлатқандарын бір сәтке тоқтатқан-ды, бірақ шамалыдан кейін баяғы әуендеріне қайта басты. Сандаған адамның аяқ дыбысынан каюта төбесі дабыл қакқандай дүңкілдей жөнелді; ал каютаның астында, сонау тереңде, тозған жүрегі ақырын ғана дүк-дүк соғып, ескі бу машинасы қалтырап-дірілдеп келе жатқан болатын; коридордағы баспалдақпен әлдекімдер жоғарылы-төменді түсіп-шығып жүріп, абыр-дабыр сөйлесіп қалады; тап іргеден әлдеқандай бір нәрестенің қоймастан шырқыраған үні естіледі; иллюминатордан Байкал суының иісі аңқыған қоңыр салқын ауа күйылып тұр, ал сонау алыс жағалауда қырық шаршы шақырым, – артық-кемі жоқ айна қатесіз қырық шаршы шақырым екенін дәлелдеу үшін штурман ревизор келіншекке: «Дүрбімен қараған сон маған ап-анық көрініп тұрған жоқ па?! Оның үстіне, менің

Шығармалары. Төртінші том

өзім де көзбен мөлшерлегенде көкбөріңнен кем түспеймін!» – деп қойды нықтап, – иә, қырық шаршы шақырым тайга өртеніп жатты.

## X

Жыбырлақ толқыны ылғи да іш пыстырарлықтай біркелкі тербеліп жататын Усть-Баргузиннің айлағына кірген бойда, бұлар мінген кеменің қасында әлдеқандай бір қожалақ-қожалақ буксир пайда бола қалды. Ескі де болса, әйтеуір жолаушы таситын кеменің қасында ол құдды қаласаң да, қаламасаң да, мейрамға ілесе жүретін кәдуілгі жұмыс күні секілді болып көрінді.

Студент пен Майя каютадан шығып, бастарынан кешкен бақытты сәттеріне қатысы жоқ немесе соған кірбің түсіретін нәрселердің бірде-біріне назар аудармастан, жұрттың ара-арасымен түсер жерге беттеген. Кеменің моторлары тұратын бөлігіне апаратын шахтаның жанынан өтіп бара жатқандарында олар жермайдың жүрек айнытарлық жып-жылы иісін де; баспалдақпен көтерілер жердегі темір торкөздің ар жағында, есікті ашып тастап, қызуы бет шарпыған қапырық ыстықта бірдеңені шұқылап істеп жатқан кочегарларды да; жолшыбай ұшырасқан адамдардың қолындағы сансыз буыншак-түйіншектерді де, қапшықтарды да, көздері аларып кеткен косақтаулы тауықтарды да, тіпті себеттер мен чемодандарды да, қапшыққа салып алған торайларды да елеуге мұршалары болған жоқ; сондай-ақ, буксир келгенде елдің ең алдымен солай қарай зембіл көтерген екі санитар жүгіре жөнелгенін, әлгі зембілде аздаған ем-дом жасату үшін, яки осы жерде өлу үшін тайгадағы бір деревнядан Баргузинге әкелінген ауыр наукас адам жатқанын да аңдамады; сонау Нижне-Ангарскіден бері мастығынан бір айықпай қойған байымен арпалысып келе жатқан әйелдің мыж-мыж, кеспірсіз түрі де естерінде қалмаған, кеменен шаршап-шалдығып жеткен жұрттың жаппай қажыңқы өңтүсі де, буксирге асыққан кезде сығылысып, бір-бірін итергіштеп, қысып-жанышқаны да қаперлеріне кірмеді; ал көз қиығымен жазатайым байқап қалғандары болса, соның бәр-бәрі: машинаның әлдеқандай бір сап-сары майға бөккен топай секілді тетіктері де, темір торкөздің ар жағынан бір сәтке ғана көрініп қалған кочегар да, – палубаға шығар жердегі есіктен жарқ ете түсетін мынау Байкалдың көгілдір айдынындай, құдды бұларға баянды махаббат жайында сол баяғы бір жырды төгілтіп тұрған секілді көрінді.

Шығар жерде бұларды жұрт тағы да жан-жақтарынан қысып, бір-біріне сыға жабыстырып жіберіп еді, көздері еріксіз түйісіп қалды.

Жыбырлақ толқын үстінде буксирдің арт жағы копаң-копаң етіп, темірден өрген төсеме өткелі пароходтың биік-биік қабырғасына үйкеле тніп тұрған-ды; қыз буксирге ырғып мінді де, күлімсіреді; ізінше жігіт те секірген; бұған қарай бұрылғанда екі көзі жасқа толып жәудіреп тұр екен, мұны құшақтай алды; жол қапшық пен чемоданды тастай салып, студент те оны бауырына басқан, әлдекімнің буыншак-түйіншегі тірсегіне соққанын елең қылмады. Біраздан соң ол Майяның жол қапшығы мен чемоданын жұрттын жолынан қаға берістеу бір орынға жайғастырған; жолаушылар қайта-қайта итергіштеп, орналастырып болғанынша маза бермеді; бұл болса, неғыларын білмей ыржынып күле береді; әрқайсысынан бір ғафу етінеді, жалғыз-ақ жұбанышы – бұл орналастырған жер Майяға жайлы болса дегендік қана. Жұртты мінгізіп-түсіруді рет-рет тұрған штурман тап бұлардың құлақ түбінен:

– Қайталап айтамын, буксир жүргелі тұр, екінші рет жағаға қатынамайды, жол жүрмейтіндеріңіз буксирге барыңыздар! – деп, мегафонмен хабарлағанда ғана ол есін жиып алды.

– Жол жүрмейтіндеріңіз буксирге барыңыздар! – деп студент те езу тартқан, осылайша екеуіміз екі жаққа айырылысып кете барамыз ба деп ойлап үлгерген де жоқ, буксирдің қазір, шынымен жүргелі тұрғаны, ал өзінің жағалауға баратындардың санатында еместігі, қыз екеуі бұған дейін әңгімелескендегілерінен басқа енді бір-біріне ештеңе айтып үлгермейтіндіктері тап осы кезде есіне бірден сап ете қалды.

Олар бір-біріне жымия қараған, бағанадан бері әдеп сақтап тұрған қыз кенет анау-мынауды қойып, бірі мініп, бірі түсіп ию-кию болып жатқан төңірегіндегілерге де назар аудармастан, жігіттің шикіл сары шашы ұйналақтанған басынан қос қолымен құшақтай алып, иегіндегі сіп-сирек қылтанақтар тікенше қадалғанын елең де қылмай, ерніне жабысты да қалды; жыбырлақ толқын тербеткен салтақ-салтақ буксир үстінде, мынау ерсілі-қарсылы сенделген жұрттын, ызу-кию шудың ортасында қыздың аяғын жерге тигізбей көтеріп алған жігіт те қолапайсыздау қимылдап, оны тас қып құшақтап алған күйі қыса түсті де, әйтеуір ернінің тиген жерінен асығып-үсігіп сүйе бастады, бір жағынан буксир жүріп

## Шығармалары. Төртінші том

кетпесе игі еді деген ой да маза берер емес. Дәл қазіргі сәттегі бар тілегі – Майя ештеңеден қорықпай, көңіліне кірбің ұяламай аттанса екен, барар жеріне жақсы жетіп, жайлы орналасса екен дегенді қана; ол кенет қызды құшағынан босатты да, оның кішкентай чемоданы мен жол қапшығын қайтадан реттестіре бастады; буксир жағаға жеткенше осы жерде отырады-ау деген орынды босатып, тот басқан темір арканның түйілген доғал басын аяғымен итеріп тастады; қыз болса жан ұшырып мұның қолынан жоғарыға қарай тартқылап жүр, сөйтіп жүріп қайтадан құшақтап, тағы да қадала ұзақ сүйді, бет-аузын жас жуып кетіпті.

– Сүйіс тоқтатылсын! – деп, «көзбен мөлшерлегені көкбөріден кем түспейтін» штурман мегафонмен дауыстап жіберді де, өз сөзіне өзі ыржиып күлді.

Студент жоғарыда тұрған штурманға сойған тұлкіге ұқсап ырсия қарады да, буксирдің темірден өрген төсеме өткеліне мысықша ырғып бір-ақ шықты, одан соң пароходтың баспалдағына аяғы ілінген, мұп-мұздай шынжырлан ұстап тұрып артына бір қарағанда, шынтағымен көзін көлегейлеп, көпшіліктің ортасында, төменде тұрған қызды көрді де, жолда жатқан әлденелерден аттап өтіп, тезірек пароходтың үстіне шығуға ұмтылды.

Студент баспалдақтан баспалдақ қоймай жүгіріп келгенше, пароход пен құйрығы бұлғандап тұрған буксирдің арасы ашылып, әлденеше адым жердің терең суы жалаңаштанып қалған екен...

Буксирді жүргізіп отырған әлдекім пароходтың тап биік тұмсығы астынан оны шұғыл бұрып, жағалауға қарай сыздыра жөнелді.

Шамасы екі күндей болар-ау, әйтеуір дауылда тым ұзақ шайқатылып, алқам-салқам ескі пароход Байкал портына жақындап келе жатты. Студенттің ұйқыдан бас көтермегені ғана есінде; неге екенін кім білсін, ылғи да түн ішінде оянып кетіп жүрді: «Тайга дегеніміз – әртүрлі дәрежеде қайтадан қалпына түсіп келе жатқан жаппай өртең ғой», – деп өзін-өзі жұбатуға да тырысқан, бірақ жаңа бір өмірдің есігін ашқанын, бұл жаңа бастаған нақты тіршілігі сұмдық қорқынышты екенін, бұрынғы тірлігі өзінің туа біткен табиғи тұтастығынан айырылып, қақ жарылып, екі өмірге – жақсылық пен жамандық дейтін екі бөлікке бөлініп кеткенін сезіп, жұбана да алмады. Оның үстіне қап-қараңғы каютада жатқанында мынау дауылы түскір де басылмайтындай көріне берді, сондық-

## Қажығали МҮХАНБЕТҚАЛИҮЛЫ

тан ол қайтадан тезірек ұйықтап кетуге тырысып-ақ бақты; ал иллюминатордың қап-қара болып түнерген әйнегі – кеме толқын астына көмілген сайын, әлдеқандай бір әлсіз бозамық сәуле шашып, үрейінді ұшыра лап ете түседі...

1964 ж.

### МИШКАНЫҢ ҚАНСОНАРЫ

МИШКА ояна келсе, терезе де бозара бастаған екен, тың тындап отыра қалды: әкесі қор-қор етеді, ал шешесінің дем алғаны да білінер емес, көкесінің бауырына тығыла түсіп, тышқан құсап тым-тырыс жатыр. Кеше көкесі удай мастұғын – пәлен күн бойы тайгадан шаттауық теріп шаршап қайтқан еркек атаулы екі күннен бері деревняны бастарына көтеріп, сауық-сайран жасап жатқан; кеше көкесі мен апасы бұлардың үйінен төртінші үй әрідегі көршілерінікінен келген болатын. Мас кезінде әкесінің елжіреуік болып кететінін білетін Мишка ертең тайгаға барып қайтқысы келетінін білдіріп еді, көкесі бір ауыз сөзге келместен рұқсатын бергені... «Тек менің иттерімді ертін кетпе, тайгада түнеп қалам деуші болма, қараңғы түсе қайтсаң де үйге жететін бол», – деді. Онда да рұқсат бермеске шарасы қалмағандықтан сөйтті, өйткені үй жағалап қыдырудың кезегі бүгін бұлардікіне келеді: көршілер әуелі Тепляковтардікінде сауық-сайран құрады да, сонсоң екінші үй осылардікінде – Рукосуевтердікінде болады. Шешесі түнімен ұйқы көрген жоқ, ас үйде салдырлатын жүрді де қойды; асты түсірді, қуырды, пісірді; көкесі бозаның ашыған-ашымағанын байқап көріп, мақтап қойды; ал көршілерден самогон сатып әкелу мен дүкендегі ақ араққа Мишканы жұмсады. Ас үйдегі астауда бас-сирақты кайнатып, қатырып қойған ұйымақ толып тұр, үлкен-үлкен ағаш ыдыстарға салынған тұн-тұтас торай еті мен үйректер және бар... қонақтарын ырза қылмақ болған шешесі ашылып-шашылып, тіпті ақ борықтай аппақ екі қазын да аяған жоқ, сойғызып тастады.

Мишкаға оның бәрінің қажеті не, неғылса да өздері білсін, мейлі, бұл әлі кішкентай ғой.

Мінеки, бір үйдің бас көтерер азаматына ұқсап, Мишка есік алдына да шықты-ау.



## Шығармалары. Төртінші том

– Иттердің бәрі бастырманың астында бүктетіле бүрісіп жатыр екен, мұны көріп атып-атып тұрды, жатқан жерлерінің буы бұрқырап, қарайып-қарайып орындары ғана қалды, кейбіреуі керіліп-созылып, кейбірі есінеп-құсынап алды да, ақырын қыңсылап, қып-қызыл тілдерін жалаң-жалаң еткізіп қойды. Мишка (ку жігіт өзі) аңға шығып бара жатқанымды иттер біліп қалмасын деп, мылтығы мен дорбасын ауызүйге әдейі тастап кеткен. Төбеттерді бір-бірлеп ұстап алды да, білдірмей әкеп шынжырлап тастай берді, күзге қарай ассуды көбірек құйып, күйлендіріп ұстап отырған төбеттер кербездене керіліп-керіліп қояды, күн ұзақ шынжырлаулы тұру – көңілсіз-ақ оларға; бірақ қайтерсің – таяуда кәсіп басталады, сондықтан көкесінің иттерін ертуге болмайды. Тек Шельма ғана қутың-қутың етіп қуанып жүр, оның егесі – Мишканың өзі ғана, соны сезетін болса керек, иесін шырк айналып, қайта-қайта аяғына орағыла береді: есіктің алдындағы тепкішекпен жоғары көтеріліп еді, ол да көтерілді; ауыз үйге кіріп еді, бұл да кірді; дорбаны да иіскелеп тыным таппай, қайтадан есік алдына атып шықты... Бір емес, екі емес, аяғының астына оратыла берген соң, Мишка оны жұп-жұмсақ тері етігінің тұмсығымен бүйірден теуіп қалды: о несі-ай, бірінші рет аңға шыққалы тұрғандай тызалақтап тыным таппағаны?! Қарамай ма мынау салмақалы жігітке; дорбасын арқасына таңып алып, су жаңа бердеңкесін ныққа асып, Мишка есік алдына сәл кідірді де, тез-тез шоқынып, тәңірі жар болсын деп тарта жөнелді қайқайып...

Деревня жым-жырт үйқыда.

Оның төңірегіндегі күзгі тайға да мүлһін тұр.

Ауыр дарбазалары тарс бекітілген аулалардың талайын артқа тастап, Мишка аяңдап тартып келеді: міне, дүкеннің қасымен; одан өткен соң, тұтас бір қабырғасына: «Советтік Отанымыздың он жылдығына біздің лайықты тартуымыз қымбат аң терілері болсын!» – деп, қып-қызыл матаға ұран жазылған Центро-союз кеңсесінің қасымен; сонсоң ақ сақалды шал мен бір жап-жас бала жарыса кітап оқып тұрған плакат жапсырылған қызыл отаудың жанымен; ақырында төбесіне қызыл жалау тігілген үйдің тұсынан өтіп, ол малды өріске айдайтын жермен кең далаға шығып алды да, оқшау орналасқан қора-жайлардың тасасына түсіп көрінбей кетті...

Әлгі бір бала мен шалдың суреті – тұп-тура Мишка туралы

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

әдейі салынған секілді. Тек мұның көкесі-ақ сақалды шалдан гөрі сауаттырақ адам, ал Мишканың өзіне келер болсақ, алдағы жылы бұл да Иркутскіге кетпек; қалада, тәтесінің үйінде жатып оқымақ, қала мектебінің тәрбиесін көрмек; өйткені бұлар тұратын Тастакты Ангара төңірегінде жалғыз-ақ үлкен мектеп бар, оның өзі осыдан қырық шақырым жердегі Кобляковада және онда не бір туғаның жоқ, оқуы да онша емес көрінеді – бұрынғы мұғалімдердің бірде-бірі қалмаған: қайсыбірін Колчак ертіп әкеткен, қайсыбірін революция жылдарында атып тастаған; ал жаңадан келгендері – жаңадан келгендіктерін бетке ұстап, ең алдымен сауат ашудың орнына, деревняларда үлк-е-ен саясатты жүзеге асырумен айналысатын көрінеді. Сондықтан көкесі мен апасы ақылдаса келіп, Мишканың қалаға барғаны дұрыс шығар деген тоқтамға келіпті. Бұған ол қуанып та жүр, көңілі алабұрттып та жүр. Қалай дегенмен үйінен ұзап көрмеген бала өз ошағының басында соңғы жылын өткізгелі отыр; мінеки, шаттауық теретін маусым да бітті, бір шаңырақтың бас көтерер азаматы болып, Мишка апасымен бірге үйде қалған. Енді той-томалақ, сауық-сайран біткен бойда еркек атаулы тағы да тайгаға тартады: қымбат аң терілерін даярлауға байланысты кәсіп бар, қысқы соғымды да қарастыра келу керек деген сияқты, шаруа шаш етекпен. Көкесі Мишканы ерте кетпек. Одан кейін шаттауықты тазалау басталады, қауызы мен дәнін ажырату керек, ұшырып-суыру керек, оны тасып алу бір әлек; сөйтіп жүргенде көктем де кеп қалады, жас етке қашан тісіміз тиер екен деп тынши алмай отырған жұрт ақ қар, көк мұзда қайтадан аң қууға шығады – бұл енді Мишканың шама-шарқы жетпейтін шатақ шаруа; сондықтан ол енді-енді ер жетіп келе жатқан бозбалаға жарасар жақсы қылық – саңырау құрлар сайран құрар жерге барып, қызыққа кенеле тұрады; оның ар жағында жайма-шуақ жылы күндер де көп қашық емес – үйрек, қаз атуға болады; құс атуға барғанда Мишка, керек десеңіз, көкесімен де тайталасқа түсе алатын шығар: мұның қолы мерген, ұшып келе жатқан құсты қағып түсіре береді; ал көкесі тек қонып отырған құс болмаса, көбіне тигізе алмай қалады. Қалай үйренгенін өзі де білмейді, әйтеуір мұның көзі мен қолы бірдей мерген екендігін күллі деревня жыр ғып айтады. Содан бір күні жылжи-жылжи жаз да жетер. Жазды Мишка үйде өткізеді: әкесіне пішен дайындасар, тайгадағы қыстауларды бір-бір қайтара көріп шығып, қисайған-құлаған жерлері болса – жөндесер; көкесі көптен

## Шығармалары. Төртінші том

бері қолға алғысы келіп жүр еді – ескіріп кеткен шаппа ағаштарды жаңартып, жаңадан тағы жүзін жасасады да, қалаға – тәтесінікіне тартып кетеді. Мектепке үлгеруі керек қой Мишканың; үлкен мектепке баруы керек; және бірден төртінші класқа барады, өйткені тым сауатты әрі тым зерек бала ғой. Көкесінің баласы Мишка ақылды да алғыр екенін осы төңіректегі жұрттың бәрі біледі.

Қарауытқан ағаштардың арасынан қайыңы мен бозталы ғана анда-санда ағарандай көрініп қалып түнеріп тұрған тайга мынау түйенің өркешіндей томпиған төбешіктердің үстінен бастап, әлі де болса қараңғылықтан арыла алмай жатқан кең ойпаттардың кенересін көмкеріп, сонау-сонау көз ұшында мұнартып тұрған қырқа-қыраттарға дейін етек-жеңін жайып жіберген.

Қырау басқан құрғақ шөп аяғынды тайғанақтатып жүргізбейді, қой бүлдірген өскен алаңқайлар ғана қоңырайып-қоңырайып жатыр. Тастақ жерге өскен сояулар сырт-сырт сынады. Мүктің үстімен өткенінде табаныңның асты жұп-жұмсақ болып, былқ-былқ етеді.

Біресе ілгері кетіп, біресе кейінде қалып, кейде бір бүйірден шыға келіп, Шельма ағаш діндерінің арасынан қылт ете қалады да, тоқтап, иесіне қайырылып бір қараған соң қайтадан қалыңға сіңіп кетеді.

Мишка әлі жүріп келеді, жүріп келеді... мінеки, ол томарды кесіп өтіп, көлденең құлаған жуан ағаштың үстімен жылғадан да өтті, тіп-тіке қырға шықты, одан ойға түсті; тағы да әлдеқандай бір қырқаға көтеріліп, қайтадан қия беткеймен төмен құлады...

Басы ауған жаққа қарай тартып келеді әйтеуір; көңілі қайда құласа – солай қарай бұрылады, төңірегі тұтасқан тұнжыр тайга, шеті де шегі де жоқ...

Мылтығын иығына асып алған мынау Мишка сол тайганың қожасы екен дейді.

Жүріп-жүріп келеді де, тоқтай қалады, тың тыңдайды...

Әнеки, саз майданнан сусылдап үйрек ұшты. Мишка мейіз боп қалған қарақаттың бір түйірін үзіп алып аузына салды да, шайнап-шайнап дәмін көрді, терін сүртті.

Әлдеқайдан ұябасар шілдің шикылдағаны естілді, балапандарын шақырғаны... Биылғы балапандардың қанаты қатайғаны каш-ша-ан, бірақ әлі бір ұя болып топтануларын қоймаған. Әзірге оларды атуға Мишканың зауқы соқпады: осынша жер жүргенде,

немене, шіл аулауға келіп пе бұл, – керек болса, мұндай пыр-пыр еткен пырылдақтарды ол бақшаның ішінен-ақ баудай түсірмей ме. Бұған керегі баска-а-а, ауыз толтырып айтуға тұрарлық бірдене...

Күншуаққа отырып, ол төңірегіне қол жүгіртті – бұлдіргеннің ең піскенін, қап-қарасын іздеді. Қазір үйдегілер тегіс тұрған болар, бүгін көршілер бұлардікінде сауық құрмақ еді ғой, көкесі квасты ішіп алып, құйттай-құйттай түймелері тізілген әдемі жейдесін киіп, шашын көсіп-көсіп тарап, ендігі етігін де киіп үлгерген шығар, бидің көкесі бүгін ғой!

Дегенмен көкем қартайып та қалыпты-ау, сақалын қырау шалыпты, бірақ жүзінен күлкі арылмаған, көңілді-ақ өзі; көкесі не, ол тұрғай Мишканың анасын көрген жан да аузын ашып қалады, сыңқ-сыңқ күлгенде сыңғырлаған үнін күллі деревня аңыз ғып айтып жүр. Бір күні Мишканың да жігіт болар кезі келер: тек тезірек өссін, бәлем, деревняның мына басынан анау басына дейін қыздарды шығарып салып жүрер-ау; сонда апасы мұның құрбы-құрдастарына арнап үстел үстін қайыстырып қояды ғой; ал өзі көкесінің қасына кетіп, қауқылдасқан кілең карттармен бірге анадай жерде шекілдеуік шағып отырады немесе қонақтарға орамал-сүлгі ұсынып, қызмет қылып жүреді...

Михайло Рукосуевтің үйі қонақ күтіп жатыр!

Кенет қалың бұта арасынан Шельма шыға келіп, ойын бөліп жіберді: Неғып отырсың, саппас-ау, әйда тұр-тұр, манайда неше түрлі қызық бар, бәрін көріп келдім, ал сен болсаң – отырсың омалып!, – дейтіндей.

Шельманы баяғыда, осыдан үш жылдай бұрын, Мишкаға кіндік әкесі сыйлаған. Жаксы ит өзі, әкесі айтады: «Бұлғын аулауға таптырмас еді, әттен, тайгада бұлғын құрып кетті ғой», – деп. Мен аңшымын деген мықтылардың да талайы әлі күнге бір бұлғын көрмепті. Мишканың көкесі ғана, – оны, жетімекті, адам қатарына қосқан мұның кіндік әкесі көрінеді, – сол кісімен бірге аңға шыққанында, көкесі соғыстан бұрын көріпті бұлғынды. Көріп қана қоймаған, өзі де аулаған, Улан-Удэге де талай апарыпты, Иркутскінің базарында да сатқан, керек десеңіз, Мишка туған мына үй сол кезде төрт бұлғынның терісіне тұрғызылыпты. Сөйтсе де қазіргі жас жігіттердің көпшілігі бұлғын дегеннің қандай болатынын әлі көрмеген, ал Мишка мен Мишканың қатарлары мүлде үміттенбей-ақ қоятын шығар. Тек сонау теріскейге, көз ұшында

мұнартып тұрған коркынышты кырка-кыраттарға бармасан, қайда-а ол... бұлғын сол жақта ғана әлі бар деседі. Мұны Мишкаға айтқан – кіндік әкесі; ал кіндік әкей – бұл төңіректегі ең соңғы бұлғыншы. Қазір де бұлғын аулап әкелер еді, қайтерсін... екі аяғы қан қақсап бастырмай жүр. Әйтпегенде өзінің кіндік баласын, – мына Мишканы да, – бұлғынға сөзсіз ертіп шығар еді. Мұның Шельмасы – құдды оны құдай Мишкаға тек бұлғын қусын деп әдейі жаратқандай, – қу-ақ; қу болғанда да, бұлғын-сұлғын дегендерін оған сөз емес, қалай болса солай алдап кете береді!

Шырша-шыршаның арасымен шынжырдай шұбатылған із алдарынан шыға келсе ғой, шаңғысын су-су, су-су еткізіп, сонынан түсіп бір берер еді; сонсон үйіліп жатқан қу бұтақтардың үстімен із келесі үйіндіге қарай тартса, одан томар-томардың басымен батпақты кесіп өтсе... Енді жеттім-ау дей бергенде, кенет із ізім-ғайым жоқ боп кетеді екен дейді, бірақ оған саса қоятын Мишка ма, бірден жоғарыға қарайды, – әй, бәсе, қарсы алдында төбесі көк тіреген алып қарағай тұр ғой, міне; төңірекке көз салса – қураған бұталардан аяқ алып жүргісіз: үстімен таң қараңғысында бұлғын жүгіріп өткені беп-белгілі боп тұр, біраз уақыт ағаш басынан ақ тиін мен шіл аулапты; жоғарыда ақ тиіннің азық тығатын ұрасы барын да Мишка айтпай-ақ біліп тұр, мұндай-мұндай қулықты ол бұрын да талай көрген. Әнеки, Шельмасы анның жолын кесіп те үлгеріпті, ағаш басына қуып тығып, қу неме енді оны алдарқатып, ызаландырып-ызаландырып қояды. «Анда-санда тап-тап беріп, қоймастан үріп тұрғанына қарағанда, шамасы, ақ тиін болуы керек». Әрине, ақ тиін болуы керек дегенді Мишка асылық болып кетпесін деп, әдейі ойлады; әйтпесе ағаш басында немесе бұталардың айырығында отырған анның – бұлғын екенін қазір ол Шельмаға қарап, тұмсығын тыржитып, тісін ақситып отырғанын, өзінің іші сезіп-ақ келеді...

Паңк-аңк-аңк! Мінеки, бұтақтан-бұтаққа соғып, жібектей құйрығы желге желбіреп, бұлғын ақырын құлап келеді – өзі көмірден қап-қара; төсі – темір пештің үстіне қойып пісірген сүттің көбігіндей аппақ екен дейді.

Кәсіптің маусымы аяқталып, Мишка енді үйіне қайтып келеді-міс; аяқтағы шаңғысы су-су, су-су етеді, жолшыбай да біраз ақ тиін атып; көкесінің шаппа ағаштарын тексеріп; торға түскен қамаларды, шаппа ағашқа түскен ақ тиіндерді жиып алыпты.

Сонсоң ол торлардың аузын түгел бекітеді. Шаппа ағаштардың да серіппесін босатады – келер маусымға дейін Мишканың байлығы тайгада босқа шірімеуі керек қой. Аркасындағы дорбасы онсыз да ап-ауыр, қайысы нығын қны-ы-ып барады; мұндай жүкпен қия беткейге көтерілу – кез келген зіңгіттей жігіттің өзіне оңай емес, бірақ Мишка оны бұйым құрлы да көрмейді, шаңғысын су-су, су-су еткізіп тартып келеді. Мінеки, мына бір жерден сілеусін өтіпті, әнебір маңнан маралдың ізі көрінеді, одан әріректе – қалың қарға омбылаймын деп, қу бұтақтардың үстіндегі ұлпаны бауырымен сызып кеткен құнудың ізі жатыр. У-у-ух, сасық иісі бұрқыраған, боқташак неме! Су-су етеді шаңғысы, су-су... су-су!

Мінеки, ымырт үйріліп барады, біраздан соң түн де қап-қара қанатын жайды, деревняға дейін әлі үш-төрт шақырымдай бар: Фартовый бұлағының басындағы шөп шабатын жерден бұрылғанда солай, бірақ біздің Мишка жүрек жұтқан жігіт қой, айналма жолмен әлекке түсіп жүре ме сол... ол түн-мүніне де, тайга-майғана да қарамай, төтесінен тартпай ма, өзі кәсіптен олжалы оралып келе жатқан жігіт неден тайынсын! Әне, деревня да көрінді, үйлердің терезелерінен қызғылт сәуле жылт-жылт етеді. Апасы мен көкесі көздері бакырайып күтіп отырған болар, бұл қатарлы жігіттердің бәрі баяғыда-ақ үйлеріне келіп, өз оттарының басында отыр; тайгада қазір тіс қакқан тарлан аңшылардан басқа тірі жан қалмаған кез... бұл болса, әлі жоқ; деревня толы қыз-қыркын – қатын-баласын асырай алмай жүрген адамға ұқсап, неғып келмес екен, қалайша асықпай жатыр деп, үй-іші ойлап отырған да болар. Мишканың жаны аман болса, бір күні жетіп келетінін апасы жақсы біледі, үш күннен бері моншасын қайта-қайта қыздырып, тыным таппай жүрген шығар-ақ.

Жоға, бұл әншейін, Мишканың ойға беріліп кеткені ғой: үш күн қатарынан монша жаққызып, мұны жын ұрып па сонша. Өзі сенбіге қарай келе жатқан соң, – ал монша тек сенбі күні ғана жағылатынын жұрттың бәрі біледі, – жай ойлағаны дағы. Шешесіне үш күн қатарынан монша жаққызып, тоңқандатып қою – көргенді ұлдың қылығы болмаса керек. Бұл, Мишка – анасын алақанына салып жүруге даяр жайсаң жігіт; аузында ақ тіс қалмаған кемпір шешесін пештің артына тығып қойып, қатқан қаранан мен өздерінен қалған-құтқан жуындыны беріп отырған Кокоревтер деймісің мұны; имансыз атаңа нағылеттер, туған әжесіне

сөйтуге қалайша дәті барады екен солардың... Жаланап төбенің басынан шаңғымен шаршап-шалдығып түсіп келе жатқан Мишканы көріп, көшені кесіп өтіп бара жатқан қыздар тоқтай қалып, шушу етеді: «Ой, қыздар! Қыздар-ау, – деседі бір-біріне, – ұзақ жолдан арып-ашып, түн ішінде суыт жортып келе жатқан бұл қайсының жігітің? Жаланаптың басынан түн ішінде тұп-тура бақшаға қарай тартып келеді ғой өзі! Әлде біреудің аңға кеткен кісісі ме? Ой, жүрек жұтқанын-ай, ой, аусар жігіт-ой!» – Соның арасынша Мишка да ауыз жиғызбай кеп қалады: қатар-қатар үйлердің бір қалтарысынан шаңғысын суылдатып шыға келген ол қыздардың тап қасынан қақып өте шығады да, өздерінің дарбазасына беттейді. Ауладағы иттер азан-қазан болып, қуанғаннан қыңсылап бір берсін сосын. Шельма да қардың қалыңдығына қарамастан, допша домаланып мұның соңынан бұрқытып келеді; үйге жеткен бойда дарбазаның ашылуына шыдамай, олай шапқылап, бұлай шапқылап, ақыры – өзі бұрын кіріп-шығып жүрген тесіктен аулаға жып береді де, өзінің итаяқтастарымен ауыз жаласып, мәре-сәре боп жатады. «Аһ, Рукосуев Миша ғой мынау!» – деп, сыңқ-сыңқ күлген қыздар шынылтыр аязда сәл тұрады да, үйлеріне кіріп-кіріп кетеді. Мұндай аңшы жігітке кез келген қыз қуана-қуана тиер-ау, бірақ солардың ішінде Мишканың жүрегіне жақын бір-ақ қыз бар: ол қыздың сол қолының саусағында апасынікінен айнымайтын көгілдір ақық жүзік жүреді ылғи...

Ал үй-ішінің маз-мейрам болғанын көрсеніз! Апасы жалмажан мұның жана іш киімдерін әперуге ұмтылады, – монша болса, жағулы тұр; тайгадан ұлымыз келіп қалар деп суды да мол қалдырғанға ұқсайды, – рақ-қа-ат...

Ап-ауыр дорбаны ауыз үйдегі шегеге іліп кеткен; Мишка енді есік алдына отыра қалып, теріден тігілген жұп-жұмсақ етігін шешіп жатыр, өзі көкесіне қарап күлімдеп қояды екен дейді; көкесі қартайып бітіпті-ау, кіндік әкесіне ұқсап самай-шашы түп-түгел ағарып кеткен; қаудыраған кәрі шалдардың сақалындай болып, сарғайып кеткен ұзын сақалы желп-желп етеді, қайта-қайта ұлына қарап қойып: осындай атан жілікті азамат өсіргеніне, баласының есті де ер жүрек жігіт боп шыққанына өзі іштей қуанып отырған секілді. Сонау Масалының қырқасынан бір күнде қанша жер жүріп келгені мұның; біз құсаған шалдар бұған ерсек, бұтымыз – бұт, қолымыз – қол болып, айдалада қаңғып қалатын шығармыз... Бірақ

еріп те керегі қанша? Бұл сияқты шалға ендігі жерде отбасының күйбең-күйбең шаруасына қарайлап, қолдан келсе – пішен шабуға, шаттауық теруге жәрдемдесіп, баласына ақылын айтып, көңіліне ұнамағаны болса – күңк-күңк кейіп, тіпті болмай бара жатса – қарт бурадай күркілден қойып, жайына қарап отырғанның өзі, тегі, жақсы емес пе; қазір әбден қартайды ғой көкесі, жел жағына баласын шығарып қойып, соның ығында өзі жүре тұрса екен тек; Мишка анау-мынауға қарамай, көзді жұмып қойып кететін нар-тәуекелдің жігіті ғой, бір үйді қайткенде де ас та төк қыла алар-ау!

Қазір дереу моншаға барып, рақаттанып шабынып алса екен бір...

– Қалай, шайтан-майтан жабылып, ақтүйебас қылып кеткен жоқ па әйтеуір?

– Жоқ, көке.

– Трофимов кеше осында келіп кеткен, олар өңшең ағалы-інілілер болып, кәсіптен олжалы оралыпты, соған байланысты біздің қарттармен бірге болыңыз деп шақырмақ екен.

– Көп алып па аңды?

– Жаман емес білем, құдай оларға жіліктің майлы басын берген ғой, әр аңшыға үш жүзден алып қайтқан-ау дейім; оған қоса, тасып әкете алмаған еттері де мол секілді және де кісі басына қос оннан қамалары бар көрінеді; атқан шілдерін де аязға қатырып, қалдырып кетіпті...

– Пысық жігіттер ғой олар.

– Айтуларына қарағанда, қырканың астынан бұлғындікі секілді екі із көріпті. Бірақ өздері тұрғай, олардың иттері де өмірі бұлғын көрмеген бәлелер ғой, – деп, әкесі көзінің астымен бұған сынай қарайды.

– Иә, мен де сол секілді бірдене көргем: бұлғын ба әлде басқа бірдене ме, ұға алмай-ақ қойдым.

– Қалай, мына өз көзіңмен көрдің бе, қандай екен?

– Бұлғын ба? Өзіңіз айтқандай, меңсіз қара, көке!

– Жап-жас болып, көрдің бе бұлардың «меңсіз қарашылын...»

Ең болмаса, боз қылшықтысын көрсендер екен-ау сендер. Е-е, баяғыда сенің кіндік әкең екеуміз, сонау-сонау көз ұшындағы қырканың ар жағына барғанымызда... Бүгінде жұрт сол қырканың бел ортасына дейін де бармайды ғой. Сонда біз, – кемпір-ау, есінде ме, айтсайшы мыналарға, – сонда мен, құрысын, тек сүйегім саудырап, үйге жалғыз өзім сүйретіліп әрең жетіп ем-ау. Ал мынаған



## Шығармалары. Төртінші том

қарашы, кәсіпке барып қайтқан кісі сияқты емес, бет-аузы быт-тиып, құдды төсектен жаңа тұрғандай жылтырап тұр.

– Ой, сіз де айтасыз-ау, көке! Нағыз аңшы – мына сіздер ғой, оны жұрттың бәрі біледі; сіздерге жету қайда бізге... былайша тек бстінен қалқып жүрміз ғой біз.

– Бөспе, Мишка, бөспе!

– Сіздердің алдарыңызда қайтіп бөсеміз, көке-ау, тындырған түгіміз жоқ?! Өзіңіз білесіз, тайга не бұйырса, соны ғана алып қайтасың. Қазір шайымды ішіп алайын, сосын әкелген олжамды алдыңызға жаярмын. Балаңыздың қандай екенін сонда көресіз дағы...

– Дорбаң толы бұлғын шығар, бәлкім...

– Бәрі бірдей бұлғын емес шығар, бірақ ақ тиін жағы жетерлік, аздаған қама да бар.

Шешесі, зады, әйел емес пе... шыдай алмай жүгіріп барып, дорбаны үйге кіргізеді де, босағаға сүйен қояды.

– Қане, балам, қапшығыңды аша ғой, олжанды көрелік, – деп, көкесі де ішкелі отырған рюмкісін былай алып қояды да, шанышқысын үстелге тастайды.

Мінеки, ақ тиін терілері еденде тау-төбе боп үйіліп жатыр – үстіне жаға қалып ұйықтасаң да жамбасыңа сыз өтпес; жолшыбай атып алғандарын сөреге анарып бөлек қояды – олардың терісі әлі сыпырылмаған; бәрі бір істейтін ісі жоқ – көкесі ертең ермек қылып, Мишка жолдас-жораларымен қыдырыстап кеткенде, сойып қояды ғой, қарт кісіге ол да бір ғанибет нәрсе...

Төрт жүз тиін терісі мұнда жатса, әнеки, отыз қама, жоға, отыз да екі қама терісі бұл шетте жатыр. Төрт жүз тиін дегені – көп пе, аз ба; жә, жайлы жылдары көкесінің иелігіндегі жерлерден төрт жүз ақ тиін аулауға әбден болатын шығар, ол үшін тек қыстауда шалжиып жатып алмай, күн сайын төңіректі бір шолып қайту керек. Иә, сонымен төрт жүз тиін терісі мұнда жатыр, елу шақты қама анда жатыр, – жоқ, қама терісі отыз екі-ақ болсын, – сол жетер. Бұған қоса, қысқы соғымға соққан аңының еті бар, атып алған шілдері бар – оның бәрі тоғайда, тасылып әкелінусіз қалды; оның үстіне сусарлары және бар... мұнысы екеу-ақ екен дейді. Көкесі мұның табанын жерге тигізбей мақтап жатыр: пәлі, аңшы екенсің ғой өзің; кемпір-ау, біздің мынау жаман бала – Мишқажан аңшы екен ғой тіпті! Атасы аға-інілерімен бірге тыным таппай жүріп

жайғастырып кеткен аймақ қой, біздің айналма жеріміздей жақсы аймақ – бұл деревняның бірде-бір адамында жоқ, әрине. Аң-құсқа бай жер ғой, бай жер. Марқұм атасы да, оның аға-інілері де ақылдың кені болған адамдар еді-ау; көрмеймісің, арттағы ұрпақтарының камын жеп кеткенін... енді, міне, сол байлық балаларының баласына дейін жетіп, біздің Мишканың да қолына аман-сау тиіп отыр ғой. Бұл елдің басқа еркектері алтын іздейміз деп әлекке түсіп, естері кетіп жүргенде, олар осы маңайда ең бірінші кәсіп ашқан адамдар ғой.

Көкесін көзімен аймалап қойып, Мишка өзі іштей күліп отыр: жыртыл, шалым, жыртыл; бұл – бұл ма, жаман балаң – Мишка саған қазір мұның көкесіндей нәрсе көрсетеді әлі, – деп қояды. Дорбасын ауыз үйге апарып тастайды да, ас үйден аң терілерін салатын былғары қалтаны алып, қайтадан бөлмеге кіреді екен дейді... Келсе, көздің жауын алатын жұмсақ терілерді жерге жайып тастап, көкесі өзінің өткен дәуренін ойлап кетіпті... қолы шаруада, қиялы әлдеқайда: тиін терілерін оқ талқан қылып кетпеді ме, бағасы қандай болар екен деп, өзі әрқайсысын бір-бірлеп мұқият тексеріп, іріктеп-сұрыптап отыр, – қарайды да, ырза болады; қарайды да, ырза болады; біздің Мишка тәуір аңшы екен-ау, таңдап-таңдап атқандай, әкелген терілерінің бір міні жоқ: бәрі тап-таза; шетінен аппак қылып шелдеген әрі кілен ұясына жеткен, ірі ақ тиіндер; ең кымбат бағамен қабылданатын мұндай терілерге Центросоюздан қалаған тауарыңды қап-қап қылып алуға болатын шығар дегендей мұртынан күліп қояды. Сусарлары да кісі қызыққандай екен, қарашы, қамалары да бірінен-бірі өткен әдемі... Көкесі солай көзін суарып болғанша, Мишка оның көкжелкесінде күтіп тұрады-тұрады да, баласына ырза болған шал көңіліндегі сүйінішін кемпіріне айтып мақтанбақ боп, апасына қарай бұрыла бергенде, – ah! – деп ауыз ашуға үлгертпей, қойнынан суырып алған қос бұлғынның терісін ол тап қарттың көрі қолының астына, қаптаған тиін терілерінің үстіне тастай салады!

Жалт қараған көкесі аузын ашып аныраяды да қалады, сонда – ойбай-ау, мынау бұлғын ғой! Мишкажанның бакыты ғой, бұл! Кіндік әкесінің ылғи айтып отыратыны тап осындай бұлғын емес пе еді, баяғыда, сонау-сонау жер түбіндегі қырқаның астында, аязға ұшып өле жаздайтыны – осындай бұлғын болған ғой! Иттерімен ит болып, біресе тастақ жерлермен, біресе үгітілмелі әккеріштердің

## Шығармалары. Төртінші том

үстімен үш күн ізіне түсіпті, үстіндегі киімдерін де: шұға пиджагін, жұқа жейдесін де әр жерге сыпырып тастап кете берген; тіпті дорбасын да айдалаға лақтырып тастағанға ұқсайды; сөйтіп жалғыз мылтығы мен балтасын ғана алып, иттердің сонынан салған ғой; онымен де қоймай, түн күзеткен; ұшып өле жаздап, таңға дейін тісі-тісіне тимей дірдектеп әрең шыдаған да, ақыры жарық түскен соң, ыс салып, бұлғынды зорға алған... Бұлғыны да – бұлғын-ақ екен, қолға өте сирек түсетін: өзі мөлт кара, төсі сүт көбігіндей аппақ бұлғын боп шығыпты; көпестер бірінен соң бірі дүмеп, үсті-үстіне келген де жатқан ғой, әрі саудалаған, бері саудалаған... Ақыры кіндік әкесі қалаға әкетіп тынған екен. Бәрібір бай болып, барша мұратына жете алмай қайтыпты. Патшаларға ғана лайық асыл аңының терісіне алғанының бәрі қайтадан сол қалада қалған, әйтеуір өзінің елге аман-сау оралғанына Құдайға шүкір. Көпестер кіндік әкесіне арақты беріп-беріп, көкесін көзіне көрсеткен ғой; ақыры тіпті ауруханада өліп қала жаздаған. Өз бақытын бағалай білмеген бейбақ кіндік әкесі содан қайтып ондай бұлғынды өмірі көрмепті. Ал Мишка көргені былай тұрсын, – бұйырған деген осы ғой, – мінеки, соны қазір әкеліп тұр! Тұп-тура өзі келіп қолына түскен көрінеді. Мишканың иті де – тек бұлғынға салатын ит қой, сабазың... Ертең кіндік әкесінікіне барып қайтпаса ма, бәлем... бұлғынын көрсетіп, шалмен шарап ішісіп қайтсын-ай; жолшыбай Центросоюздан оның кемпіріне де шәлі сатып ала салар; осынау той-томалаққа арнап пісірген тәтті тағамдарынан жөке қапты толтырып тұрып, апасы да әдеттегісінше, қарттарға сый-сыбаға беріп жібермес деймісін, өйткені бұлардың – Рукосуевтер әулетінің – бакыты сол шалдан, мұның кіндік әкесінен басталған ғой...

Ой, бүлдіргенді жеп-жеп, Мишканың қарны сыздағанын-ой; тісі де сырқырап алып бара жатыр, аузы-басы кеткен шырыш-шырыш боп сатпақтанып: қол дегенін мынау, бүлдіргеннің сөлі жұғып, қанға малғандай қып-қызыл боп тұрған; тезірек жүріп кетпесе болмас, күншуақта көзі ілініп кетсе, тыпыр етпестен ұйықтағаны не, тұяқ серіппей қатып қалғаны не...

Төңірекке көз салып, жан-жағын бір шолып алу үшін, төбе басына шыққан; содан енді түсе бергенінде кенет оқыс дыбыс естіп, окшырайып тұра қалды – қалың ағашты қақ жарып, қу бұтақтарды сатыр-күтір сындырып, тайга ішінде әлдекім келе жатыр; төңірек салдыр-гүлдір, салдыр-гүлдір етеді; күн сәулесіне шағылысқан

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

өрмекшінің торы қалт етпестен қарап тұр; «Жолы болар жігіттің қаруына қандай аң ілігер екен?» – деп, бар маңай демін ішке тартып тына қалған.

Әнеки! Өзі де көрінді! Өрге қарай өлермендене ұмтылып, биік қырқаны бетке алған күйі, сырықтай серейген аяқтарын сермей тастап, қазандай бастағы қушиған иегін ілгері созып жіберіп, бұған қиғаштай тартып барады...

Мүйізі қарағайдай қарт бұлан! Қап, қашығын-ай!

Мишка сілейді де қалды. Іші қыж-қыж қайнап, өзегін ертеген өкініштен енді болмаса жылап қоя беретіндей: күйінбей де қайтсін-ау, өгіздей өңкіген дәу аң, мүйізі қарағайдай қарт бұлан, бұның көз алдында бірте-бірте ұзап барады; шамасы, Құдай оны Мишкаға бұйырtpай тұрған болуы керек.

Кенет, қайдан шыға келгені белгісіз, Шельма бір рет «аф!» деп алды да, бұта-бұтаның арасынан қылт-қылт көрініп, томпайып жатқан төмпектер мен үйінділердің үстінен қарғып өтіп, қарды бората қайқайды дейсін...

Шельма!

Мишканың ерні еріксіз жыбырлап қоя берді: «Ия, жасаған ием, жеті қат көктің ар жағында бар екенің рас болса, пендене рақымынды төге гөр...»

Иті бара сала бұланның бір бүйірінен тиісіп кеп кетті; бұта-бұтаны айнала зыр жүгіріп, соңынан қалмай шабалаң-шабалаң етіп, аяғына оратылып жібермей жүр. Анды сонысымен кәдімгідей-ақ абдыратып тастаған, мынау қайдан шыққан бәле еді дегендей, бұлан қайырылып тұра қалып, құйрық жағын қалың бұтаға тіреп алды да, басын сілкіп-сілкіп жіберіп, тұп-тура иттің өзіне қарсы ұмтылды; оған да болмаған соң, тарпып тастағысы келіп, тарам-тарам мүйізімен тал шыбықтарды шатыр-шұтыр сындыра тағы қуған; Шельма бір қашып, бір ұмтылып; тағы қашып, тағы ұмтылып, қайта-қайта аяғына оратылып, анды алдарқатқан күйі Мишкаға қарай жақындата берді; өзі өлердей шабаландап, бір жағынан иесіне дыбыс беріп те жүр...

Паңқ-аңқ-аңқ! Мылтықтың құлағын тағы бір тартты. Паңқ-паңқ-аңқ!

Жел жұтты ма, жер жұтты ма, көз алдын көміп кеткен көк түтін де сейілді-ау; қараса, сол қою түтінмен бірге мүйізі қарағайдай қарт бұлан да ғайып болыпты, тек шың-шың шыңылдап қоя бер-

## Шығармалары. Төртінші том

ген құлағында да, төбесі көк тіреген қарағайлардың арасында да – Шельманың шарасы таусылғандықтан шабалаңдай үрген ащы даусы ғана қалыпты.

Көзі түк көрмей кеткен Мишка енді солай қарай жүгірген; ку бұтақтар қолын жырып, көк шыбықтар бет-аузын оскылап, басынан бөркі де ұшып кеткен, бірақ оның ешқайсысына қарайлауға мұршасы болған жоқ... тек тезірек... тезірек жетсем екен деп, ілгері ұмтыла берді...

Жап-жаңа мына жерде мүйізі қарағайдай қарт бұлан тұрған, мынау алып самырсынға дейін азғантай-ақ жер екен ғой, бірақ бір тамшы қан ізі байқалмайды... Еніреп қоя беруге шақ қалған Мишка шөп арасына қолын жүгіртіп, іздің үстін сипалаған; кенет... қолына жылымық бірдеңе жұққандай болды. Қан екен деп қуанып кетіп, қараса – аяқтың астында жаншылып қалған бүлдірген!

Қураған бұтаға Мишка сұлқ отыра кетті, дорбасын иығынан алды, мылтығын қасына сүйеп қойды...

Бір бұтаның түбінен Шельма шыға келіп, шыдамсыздана иесіне сүйкенген, тілі салақтап кетіпті, ақсқан аппақ тістерінен сілекейі сорғалай ағып жүр, бірақ қожайынының қайғысын түсініп, дереу анадай жердегі бұтаның көлеңкесіне барып жатты; сол жерден Мишканың жан-жағын қарманғанына, бет-аузы былғанғанына қарамай бүлдіргенді уыстап-уыстап ұртын толтыра асағанына – сөйтіп отырып қақалғаны ма әлде көз жасына тұншыққаны ма, әйтеуір ауық-ауық өксіп-өксіп алғанына көз айырмастан қарап қояды.

– Алыстау болды ғой, әйтпегенде...– дейді Мишка ақталып.

Шельма онысына сенген жоқ, салақтаған тілін сол бойда жиып алды да, аузын тарс жұмып, теріс айналып кетті...

– Кетсе қайтейін, құдайы жар болсын, – дейді, енді Мишка салықалы кісіге ұксап. – Бізге бұйырмаған нәрсе дағы...

Самырсын ішінен шұбар ала торғай шырылдады, соның арасынша көгілдір қауырсыны күнге жарқ етіп, бұтақтан бұтаққа ұшып-қонып жүрген өзі де көрінген, сәлден соң ағаштың ұшар басына шығып кетті.

Сары шымшықтар да бір жерге жиылып алып, жарыса шикылдап жатыр; мына өмірдің қайғы-қасіретінен де, мұң-наласынан да ада, қаперлеріне ештеңе кіріп-шықпайтын осы бір көңілді құстар бір-бірін емін-еркін қуып ойнап, көк аспанда сайранды салып-салып алады.

Мишка солардың ойынына қызыға карап, ұзағырақ отырып калған екен, қожайыным қызык бірдеңе көрді ме деп, әуестік жеңген Шельма да қараса – сары шымшықтар; ит жыны құрысты да қалды... құрыспай да қайтсін-ау, аңшы адамға әлдеқайдағы бір шикылдаған сары шымшықтардың қажеті не, соларға уақытын шығындап неге әлектеніп отыр; тайгада не көп – түкке тұрмайтын торғайлар көп, соның әрқайсысына алаңдай берсе – аңшылық айдалада қалар. Аузын ашып аңырая карап отырғаны – шіл болса да бір сәрі екен-ау... Шельма бұта түбіндегі өз орнына қайтадан қисайған, Мишканың енді ешқайда барғысы келмей қалды; Шельмадан да ұялып, жерге кіріп кете жаздап отыр. Бағанағы өзегін өртеген өкініштен арылғанмен, орнынан енді қозғалғысы жоқ.

Бұйығып жатқан Шельма кенет шиыршық атып ұшып түрегелген, әлдеқайда жүгіріп ала жөнелді де, сәлден соң Мишканың қасына қайтып келді; бірақ тынышсыздануын қоймай, қос құлақты тігіп алып тұрған, соның арасынша ағаш ішінен шыға келген қап-қара төбетке қарай шабалаңдаған күйі шауып ала жөнелді.

Мылтығын оңтайлап ұстай алған Мишка қаруын қайта түсірді.

Бұта іші у да шу; әнеки, әлдеқандай үш ит Шельманы қоршап алып, желке жүндерін күдірейтіп, арр-гүрр етеді...

Сілейіп тұрған Мишкаға қарай бір ересек кісі еңіс беттен емпелеңдеп келе жатыр.

– Сәлематсыз ба, Хомяк ағай!

Хомяк атты әлгі бір енгезердей, түсі суық кісі түнере төніп келіп қалды.

– Мылтық атқан сен бе? – Хомяк қабағынан қар жауып тұр, жақсылықтың нышаны емес. – Басқа біреудің мекеніндегі аңды атуға кім сені үйретіп жүрген? Ә?

Иманы ұшып кеткен баланың тілі байланып, түк айта алмай қалды, тек ерні ғана дір-дір етеді; қолымен бердеңкесін қармалап тауып алды да, шегіншектей берді...

– Айт, айт, айт! Жабыл, кәне, жабыл! Өлтір ененді ұрайынды! – деп, Хомяк иттерін Шельмаға қосып кеп қалды.

Жердің ала топалаңы шықты дейсің бір... шарылдаған, арылдаған-гүрілдеген үн... иттер аяусыз жұлқысып жатыр; Хомяқтың екі қаншығы Шельманы шырқыратып жерге жығып салып, жүндей түтуде; ал, иесінен айнымайтын дәу қара төбет

Шығармалары. Төртінші том

мұндай төбелестің талайын көріп, тақымымды жыртқызғанмын дегендей, маңқиып мына шетте отыр.

Шельманы арашалап алмақ болып, Мишка иттерге қарай ұмтылған, Хомяк жолын кес-кестеп жібермей қойды.

– Өзіңнің де басыңды жұлып алайын ба, осы!

– Жақындама, Хомяк ағай! Жақындама дейім, әйтпесе өлтірем қазір! – Мишка шегіншектеп жүріп иттерге сүрініп кетті, – Құдай біледі... – деп қойды сонсоң даусы дірілдеп; өзі мылтығын Хомякқа қарай кезеніп, көздеген болып еді – қалтыраған қолындағы окпанның үнірейген қап-қара аузы қоса секектеп қоя берді.

Иманы ұшып кеткен бала байқамай басып салуы да ғажап емес-ті.

– Ә-ә, Рукосуевтің күшігі ме ең? Бәсе, жаңа таныған секілдімін! – деп, Хомяк балаға күле қарады.

Өзің батыр жігіт екенсің ғой! Қане, қорқыта ғой мені, тағы да қорқытшы!

Жұп-жұмсақ тері етік киген қамыт аяғын қисайта басып, күлімсіреген күйі өзі ақырын-ақырын жылжып келе жатыр.

– Бүгін апанңның емшегің ембей шыққансың ғой, әйтпегенде мүйізі қарағайдай менің манағы бұланымды қалпақтай түсіретін едің! – Мылтықтың аузына тұп-тура кеудесін төсеп, мінеки, келіп те қалды.

Мишка шыдай алмады, – Хомякқа қарсы тұрар күш қайда, – бердеңкесін төмен түсірген.

Хомяк мылтықтың ауыз жағынан ұстап алды да, окпанын орманға қарай бұра беріп, бердеңкені баланың қолынан жұлып алған бойда анадай жердегі қалың шөп арасына жытырып жіберді. Мылтық тарс етіп атылып кетті, Хомяк оған қараған да жоқ, ал Мишканың тізесі дірілдеп, сол тұрған жеріне тәлтіректеп отыра кеткен... Хомяк оның ұйпаланған шашынан уыстай ұстап алды да, тіп-тік көтере беріп... жуан қарағайдың дініне желкесін дүңк еткізіп бір-ақ соқты...

Байғұс баланың құлақ-мұрнынан қоса қабат қан саулап қоя берді; бұйра шаштан бүре ұстаған қарулы қол шегендей шеңгелін сонда ғана босатқан – баланың басы оқ тиген шүрегейдің басындай болып былғақтады да қалды; сол-ақ екен, өзі де көп тұрмай Хомяқтың аяғы астына, қалың шөпке күрс ете түсті.

Сансыз сары маса самсап келіп, ыз-ыз ызылдап, бет-аузына, басы-көзіне қарамай, құжынап қонып жатқан секілді, қонып жатқан секілді.

– Атаңның басын аулаған шығарсың енді, иттің күшігі! – деп Хомяк езу тартып қойды. Өзі Мишканың бетіне үңіліп сәл тұрды да, оның беліндегі кісесінен кішкентай пышағын алып, жүзін байқап көрген соң қу бұтаққа қойып қалған; жұқа пышақ жаңқа құрлы болмай желкелігінен омырылды да кетті. – Бұл жер саған бұтқа толып, балпаң-балпаң басатын деревня емес. Ол жақта сендер құдай болсаңдар, сасық сіркелер, бұл жаққа мен иемін, аяқтарыңды аттап басушы болмаңдар! – Кетпек боп кері бұрылған: иттер көрінбеді, қалың ағаштың бір жерінде арпылдасып әлі тала-сып жатқаны естіліп тұр.

Хомяк бердеңкені қайтадан тауып алды да, затворын алысқа зытырып жіберді; сонсоң мылтықтың өзін де быт-шыт кылып қиратып, шашылып қалған жаңқаларын Мишканың қасына әкеліп тастады.

Қызық, жан-жаққа ұшып кеткен жаңқаларының орны жап-жаңа боп, бердеңке ырсынып жатыр.

– Бұл жер саған басқа емес, тайга... бұдан былай жөніңді біліп, жайына жүр!

Көз алдын көлегейлеген бұталарды қолымен ысырып, суға сүңгігелі тұрған кісіше сәл еңкейе бере, Хомяк еңіске қарай жеңіл адымдап жүріп кетті; оның адамдар арасында алып болып көрінетін зор тұлғасы тайгада титімдей ғана болып, төбесімен көк тіреген қарт қарағайлар арасында біразға дейін қылт-қылт етіп көрініп барды да, әрі-беріден соң қарасы мүлдем өшті.

Бұл кезде оның иттері Шельманы қалың ағаштың бір жерінде әлі талап жатқантұғын. Хомяк иттерінің атын атап-атап шақырып алды да, «Өй, өлімтік!» – деп тағы да бір дауыстап, мылтығын басып-басып жіберді; сол-ақ екен, Шельма байғұс шар-шар етіп, ойбайын салып ала қайқайды, құйрықты бұтқа қысып, жаракатын жалау үшін бұта-бұтаны паналап зытып барады...

Жылай-жылай көзі бұлаудай болып кеткен Мишка зыңылдаған зіп-зілдей басын бір заманда көтерді-ау эрең... Желке шашы шайырға былғанғандай, қап-қара қаннан бір-біріне жабысып қатып қалыпты; қолымен ұстап көрмек еді, шырыш-шырыш саусақтары икемге жөнді көнбеді; анадай жерде, қалың қырықбуынның арасында, құндағының күл-талқаны шыққан бердеңкесі, – жаңқаларының орны арсынып-арсынып, – ол жатыр.

Мишка алғаш «мылтығымның оқпаны аман болса жарар,



құндақты қолдан жасап алуға болады ғой» деп ойлаған; қараса – темір екеш темір оқпанның өзі қисайып қалған, затворы және жоқ... ал кеп еңіресін бала, ал кеп еңіресін...

Аңға шыққанның бас-аяғы осымен біткен шығар – көкесі жана мылтықты қайта-қайта қайдан тауып бере берсін?

Кенет басының ішінде бағанағы самсаған сары масалар қайтадан ызындап ала жөнелді, көзінің алды мұнартып, жер-дүние шайқалып; өзен-көлдер, көкпенбек карағайлар көкке шапшып шығып, әлдеқандай бір бақша да қылаң етіп көрініп қалғандай болды; құдды Мишка тайганың терең түкпірлерінің біріндегі алақандай алаңқайда жатқан секілді емес, еңкейіп картоп қазып жатқандай, басы айналып, қопсыма топыраққа тұмсығын тыға түсті...

Сонсоң салбыраған күзгі жауын күндіз-түні құйды да тұрды, құйды да тұрды.

Үй іші Мишкаға қою сорпа, аюдың майын, әлдеқандай бір қайнатылған дәрі шөптердің суын ішкізіп, піскен сүт пен оның кілегейін де осының аузына тосумен болды; тіпті әжесі Зуиха кемпір де бірденеден шошығанда оқитын дұғасын қайта-қайта күбірлеп, ұшықтаудан танбады. Көршілер де көкесіне жиі келгіштеп, көзін ашса, басы айналатын Мишка олардың жүзін ажырата алмай-ақ қойды, сұрақты үсті-үстіне жаудыртатын:

– Осының бәрін істеп жүрген Хомьяк емес пе екен?

– Мынаусын аяқсыз қалдыруға болмайды.

– Күллі деревняға баяғыдан бері бір өзі қарсы шығып келе жатыр.

– Баланың жүрегін ұшырып жіберген сол емей, кім дейсің?!

– Бала түгілі, оны көргенде үлкен кісінің үрейі ұшып кетпей ме?

Жұрттың бәрі қорқады одан. Оған заң да жоқ, зәкүн де жоқ, тайгамен тайга болып тағыланып кеткен ғой. Өзі қатыннан да, баладан да мақұрым; екі-үш итінен басқа қорқары жоқ мүлдем. Сосын неден қысылсын?

– Тайгада да небір бұзақылық басталайын дегені ғой. Бір аңға бола адам өлтіру деген не сұмдық? Бұрын әйтеуір бұндайдан аман едік.

– Жетер осынысы, енді есен-сауында жөнін тапсын; жалғыз өзі бәрібір жалпақ жұртқа қарсы тұра алмайды. Тайга – жұмбағы көп жықпыл.

– Өртейміз қыстауын... өзі де аман құтылмайды.

– Қойындар, азаматтар, қан төкпейік.

– Осы күнгі жұрт кит етсе, қан төгуге әзір тұратын болды ғой, өзі.

– Жә, атана лағынет Хомяк, – айтса, айтқанындай, жан-жағын жалмап бара жатқан атжалман-ау, жігіттер.

Сыртта жаңбыр күндіз-түні құйды да тұрды, құйды да тұрды; күз – күз емес, құдды ел басына төнген нәубет секілді бір... қысқа да осылай нөсерлетіп барып ұласып кетті аяғы; бұрын-соңды жылдың бұл мезгілінде биылғыдай өзі жылы, өзі жауын-шашынды күз болғанын тіпті көнекөз қариялардың өздері де айта алмай отырды.

Өң мен түстің арасындағыдай халден айыққанда Мишка төсегінен сап-сау кісіге ұқсап тұрды. Апасы сиыр саууға желі басына кетіпті, қыз-қыз қайнаған пеш үйдің ішін жып-жылы етіп тұр, қабырғадағы сағаттың бірқалыпты сырт-сырт соққаны естіледі, ал сырт айрықша жарқырап кетіпті...

Мишка еденді жалаң аяғымен басқан – басы айналған жоқ, нық тұр; сол-ақ екен, терезенің алдына жүгіріп барып еді – аулада аппақ қар жатыр!

Желі басында да, дарбазаның кенересінде де, отынның үстінде, моншаның төбесінде – қайда қарасаң да, қар!

Арбып-арбып иттердің ізі көрінеді, өздері бастырманың астындағы орындарында, байлаулы тұр.

Жалт қараса...

Әкесінің күртешесі киім ілгіште, етігі де, – екі сыңарының тұмсығы екі жаққа қарап, – орнында тұр.

Жүгіріп ас үйге барған – әкесінің дәу дорбасы жоқ, жұп-жұмсақ тері етігі де көрінбейді, винчестері де көзіне түспеді...

– Апа! Ап-а-а!

Жалаң аяқ есік алдына жүгіріп шыққан, табанын қар қытықтап қоя берді. Сауын шелегінің түбін зың-зың еткізіп, апасы сиыр сауып жатқаны естіліп тұр.

Мишка қайтадан үйге зып берді.

Ауыз үйде қыш құмыраларды салдырлатып, апасы сүтті аударып құйып жатыр.

– Апа, ау, апа! Көкем винчестерін неге алған?

– Айқайлама, жалпы жұртқа жар салып неғып тұрсың! Тобанаяқ боп қалғың келгені ме, құдай-ау! Қардың үстіне жалаң аяқ шығатындай, қай сайтан қуып барады сені?!

Шығармалары. Төртінші том

– Иттерді ертпегені несі?

– Жаның ашып тұрғаны кім осы сенің? Әлі баламысың әлде? Ашықауыз! Бар, одан да анау отынды бастырманың астына жина да, ауланы сыпырып таста, ертең күн жылына қалса, сиыр садыралап жүре алмай қалады!

Мишка үйдің ауыз үйге қараған есігінен басын шығарып тұрып, тақымдап қояр емес:

– Көкем неге винчестерін алған да, иттерді ертпей кеткен, ә?

– Айттым ғой саған, аяғына етігінді ки деп! Әкең маған қайда кеткенін айтушы ма еді?!

Қолына күрек ұстаған апасы қорадан шыға келсе, Мишка құнтып киініп алыпты: аяғында – жұп-жұмсақ тері етігі, дорбасын арқаға таңып алған, иығында – мылтық, ауланы қиғаштай кесіп өтіп, енді иттерге бара жатыр.

– Қайда барасы-ы-ың?

Құлақ асатын Мишка ма, естімеген болып иттерге қарай қыңырайып кетіп барады. Шешесі қақпаға қарай ұмтылды, сүрініп-қабынып жүгіріп келеді, жүгіріп келеді; оның қулығын сезе қойған Мишка да дереу солай қарай ұмтылған, бірақ апасы бұдан бұрын жетті.

– Қане, ішке кір, тез! – қақпаның аузына тұрып алған апасы айбат шегіп, қосауыздың оқпанынан ұстап алуға оқтын-оқтын таптап береді.

– Бажаңдама, апа, көкемнің артынан кетем! – дейді Мишка қолға түспей қашқалақтай жүріп.

– Көкеңнің артынан кеткенді көрсетейін-ай мен саған қазір! – Апасы бар даусымен айқай салып, түтеп алған; бірақ өзі қақпаның аузынан кетпей, жолды кес-кестеп тұр.

– Ендеше, бакша жақпен кетем! – деп қорқытып, Мишка сәл тұрды да, әуелі бөренелерге, одан отынның үстіне, ақыры дуалға шығып кетті.

– Миша-а! Айтайын бар шынымды, тоқташы тек... Уһ, енді қайттім, құдай-ай, – деп апасы жылауға шақ қалды, – әкең осындағы бас көтерер кісілермен бірге кетті. Тек қорықпашы, балам.

Мишка бір аяғын қайтадан отынның үстіне қойып, түү-у жоғарыда тұр, қазір дуалдан қарғып кетері анық, шешесіне қараған жоқ, қабағын түксите түйіп алды да, ым қақты:

– Шельманы босат!

– Миш-а, бармашы, құлыным! – деп жалынды, шешесі бетінен қайтаруға тырысып.

Өзі отынның қасына келіп, Мишканың аяғынан ұстап алмақ боп тап-тап береді, орамалын да басынан жұлып алған, енді бол-маса Мишканың көзінше жылағалы жүр.

– Еңіреме! – деді Мишка әкесіне ұксап түсін суытып тұрып.

– Мишенька, мен саған бірдене айтайын, бермен келші; олар аңға кеткен жоқ, құлыным, басқа бір қиын шаруамен кетті. Тек енді бір жолға анаң үшін тоқташы, Миша-а...

– Итті босат! – деп соңғы рет айтты да, Мишка дуалдан қарғып кетті; секіре бергенінде мылтығының дүмі әлдеқандай бір тақтайға тоқ ете қалды да, соның арасынша өзінің де жерге топ ете түскені білінді.

– Миша-а-а...

Хомяктың қыстауы алыстан карағанда аюдың үңгіріне ұқсайды – ағашы қыркылған алаңқайда төбесі ғана қылтиып көрініп тұр, оның ар жағында – өртен: қап-қара көмірге айналған ағаш діндері, аппақ қар; онан әрідегі баурайда – көкпенбек жас самырсын; етек жағында – шок-шок шырша тоғайы... ол барып ну тайғаға ұласып жатыр. Соның бәрін Хомяк өз жамбасына басыпты: шаппа ағаштарын тап есігінің алдынан бастап құрады, содан төрт қыстауын түгел аралап кайтқанда, шеңбер бойымен бір айналып шыққанына екі күн әрең жетеді. Үш жүз шаппа ағашы бар; оған қоса қоян мен қамаға жаятын қалталы торлары тағы өз алдына; өзен атаулының суындағы сусар біткен де осынікі; құс пен аңды да құтқармайды.

Үңгірдің төбесінен түтін көрінбеді.

Несінің ізі ғана сайрап жатыр. Таң қараңғысынан тұрып қайқайған, иттерін ертіп кетіпті – әнеки, әр бұтаның түбін бір иіскелеймін деп ирек-ирек із тастаған; қарға аунаған орындары да ап-анық көрінеді; Хомяктың иттері несінен гөрі көңілді секілді. Таң қараңғысында кетсе, демек, ол қазір Кобылка бұлағының басындағы өзінің бірінші қыстауында болғаны; іздің бағыты да сол жақты меңзеп тұр.

Шырша арасында шымшықтардың тынымсыз шықылық-тасканы естіледі; бір ағаштан екінші ағашқа ұшып қонған тоқылдақтар жаңа орнында ағашты тұмсығымен тоқ-тоқ еткізіп бірер соғып алады да, ұстамалы дертке ұшыраған жандай қылғына шыңғырып қоя береді.

## Шығармалары. Төртінші том

Бұл кезде бүлдірген қалың қар астында қалған, тері етіктердің табанына езіліп, ізінді қан секілді қып-қызыл түске бояйды...

Түнеріп алған кіл еркек қандарына қарайып келе жатыр, түстері суық, дорбалары шағын, азықты аз алып шыққан, қолдарында балталары мен винтовкалары ғана.

Сомадай бес еркек, бірақ бірде-бірі ит ертпеген.

Шымшықтар шығбаландап әрлі-берлі ұшып-қонып жүр, алғашқы қардың қызығына тояр емес; тоқылдақ та қуанышты – бірінің ізін бірі басып келе жатқан кісілердің алдындағы бөрікбас алып самырсын бұталарының арасына сүнгіп кетті де, ағаштың қабығын тырнағымен тілгілеп тиянақ жасап алып, жан-жағын бір шолып шыққан соң, төңіректі жаңғырықтыра қайтадан тоқылдатуға кірісті.

Шынылтыр аяз...

Шынылтыр ауа...

Ұлпа қар үп еткен лепке ұшып кетейін деп, шырша бұтақтарына шаққа ілініп тұр осы... бұл – күзгі қар емес, құп-құрғақ.

Тиіп кетсең болды, ың жоқ, шың жоқ, түү-у биіктен, бұлт боп тіп-тіке төбене құйылады...

Кобылка құлауына жеткен соң, топтанып келе жатқан еркектер жан-жаққа тарап, бір-бір темекілерін тартып алды...

Үшеуі онға бұрылып, көлденең жатқан жотаны өрлей тартты; екеуі солға бұрылды, бұлар да баурайды ала бұқпантайлап барды; бәрі Хомяктің ізін ортаға ала, аса көп қашықтамай, Кобылка құлауының басымен қатар жүріп келеді.

Былайша қарағанда, аң қағып келе жатқан кісілер секілді: кейбіреуі алдарында кеткен аюдың жолын кесіп, кейбіреуі оны кейін қарай қашып кетпесін деп, артта тосқауылға қалып, бәрі жиылғанда – бір аңды жан-жағынан қоршағандары сияқты.

Тек бұл маңда аюдың өзі түгіл, қиы да көрінбейді; камашауларының ортасында иттердің шмай-шатпағымен кестеленген Хомяқтың ирек-ирек ізі ғана жатыр...

Әнеки, Хомяқтың иттері ұрғашы бұланды өзенге қуып тықты; бұқа бұлан әлгінде оп-онай құтылып кеткен-ді, сиыры қалып қойды да, жан-жағынан абалаған иттерден үркіп, екі жағалауын бірдей аппақ қар көмкерген қап-қара өзен суына қойып кетті; иттер сонда да жібермей, екі жағалаудан бірдей арсылдап, біресе алдына, біресе артына шығып, енді болмаса олар да қара мұздай өзен суына

қарғып-қарғып түсердей, тап-тап береді. Ақыры Жырыққұлақ шыдай алмай суға секірген, мүлт кетті; жағалаудан қатты қарғығанмен бұланға жете алмай, оның тап тұмсығының астына барып күмп ете қалды, енді май тұмсыққа ақсқан тістерін басып жіберіп, өлсе де айырылмауға тырысып-ақ жүр; ұрғашы бұлан көкке шапшып, енді болмағанда оны алдыңғы аяқтарымен тарпып-тарпып тастайтын-ақ еді, дәл осы кезде мылтық тарс ете түсті. – Хомяқтың жеткені сол-ды, алыста тұрып-ақ анды жанды жерінен атып үлгерді.

Көкке шапши берген бұлан күрс етіп суға қайта құлады, мыңдаған ақ моншак аспанға шашырап, соның арасынша жанталасқа түскен байғұс ең соңғы күшін жиып, ғажайып бір көз ілеспес шапшаңдықпен жағалауға қарай атылған – әлдеқандай бір алып балыққа ұқсап, жаралы кеудесін сүйреткен күйі, су-су болып жағалауға шыға келді де, жұқа қарда қап-қара із тастап, жіп-жіңішке сырықтай серейген аяғын жаймен сермеп ұзай берді...

Аппак қардың үстінде аумағы әжептәуір қарайған жатыр. Тұла бойы малмандай болған байғұсты сабалақ-сабалақ жүндері суға малшынған иттер жабыла талауда, жабыла жұлқылауда.

Өзіне-өзі ырза болған Хомяк ыржия күліп, олжасына қарай балпаң-балпаң басып барады; әнеки, бір қора иттің әрқайсысын бүйірден бір-бір теуіп қуып жіберді де, байқаусызда жанталасып жатқан бұланның өткір тұяғы тиіп кетпесін деп, өзі одан екі-үш қадамдай жерге тоқтады.

Қызынып алған иттердің ашуы сонда да тарқамай, ызадан дірілдеп-қалшылдап, алдарында жатқан аң тыныр етсе, тағы да тарпа бас салып, түте-түтесін шығаруға даяр күйде, бұланды шырк айнала қыңсылап жүр – аяқтарын сірестіре сакбасады, құйрықтары жазылып, көздері от шашып, желке жүндері де күдірейіп кеткен.

Қожайындарына тіпті қайырылып қараған бірі жоқ, оның айқайы мен бүйірден тепкілегенін де ешқайсысы елең қылмады. Хомяқтың осынау бір қора иттің басшысы – аюға салсаң да қайтпайтын көрі төбет Жырыққұлақ еді – әнненінде сабырлы көрінетін соның өзі көмекейі гүрілдеп, ызадан дір-дір дірдектегенде, төңірегіне мұз моншақтар сау-сау төгіледі.

Бір заманда бұлан тыншықты-ау, төңірегін оңды-солды тарпып тыпыршуы да тоқталды, кекірейген кербез басы аппак қар үстінде қолапайсыздау қисайып жатыр. Хомяк оның ту сыртынан тақап келді де, ақшиып кеткен көзін көріп, жалма-жан жалпақ сапысымен кеңірдектен орып-орып жіберді.

## Шығармалары. Төртінші том

Ырсиған өңештен атқылаған қап-қара қан теріні қып-қызыл түске бояды. Буы бұрқыраған бауыздау қанға иттер қарық боп жатыр, оған да қанағаттанбаған кейбіреуі жыбыр-жыбыр етіп әлі жаны кетіп болмаған кеңірдектің өзін келіп жалауда.

Тап осы сәтте төңіректі түгел жаңғырықтырып, тарс етіп мылтық атылды, – ұршықша үйірілген ұп-ұсақ ұлпа қар қарағайдың басынан бақайына дейін сауылдап қоя берді, – онымен де тынбай, ауада ұшқын ата қалықтап жүргені қаншама... Көктен қар жауып тұр ма, әлде сауылдай құйылып тұр ма, белгісіз...

Хомяк өз көзіне сенбей, сілейіп тұр.

Тым-тырыс тыныштық.

Кенет ол винтовкасына ұмтылған. сол сәтте екінші жақтан тағы да мылтық атылды – бесатарының быт-шыты шығып, жаңқасы жан-жаққа шашыраған күйінде қарға барып құлады, – қолын соза берген қалпында Хомяк қакшиды да қалды.

Бір бүйірге секіре берген – сарт етіп мылтық тағы атылды. Келесі қарағайдың басынан қар саулап, ауада қайтадан күміс тозаң қалықтай жөнелді.

Қай жақтан атып жатыр дегендей көзі алақандай боп кеткен Хомяк айналасына алақ-жұлақ етеді.

Кобылка құлауының төңірегіндегі қалың қар басқан тайга құлаққа ұрған танадай тым-тырыс, меңірейіп жатыр.

Қырқа-қыраттардың басындағы жел үрлеген жалаңаш жақпарлар ғана меңірейсе қарайды.

Өлген жерім осы шығар деп ойлаған Хомяк ажал оғының қай жағынан кеп қадаларын ғана күткен, бірақ мылтық даусының келесі жолы да қайдан шыққанын аңдай алмады – сасқанынан, осы бойда ғана оқ тиген қарағайдан қалай ышқына ыршып кеткенін өзі де білмейді, әйтеуір келесі ағаштың артына жасырынып үлгерді де, демін ішке тартып тына қалды...

Тағы да мылтық атылған, түү биіктен тағы да қар сауылдай құйылып, аспан мен жердің арасына аппақ баған тұра қалды.

Иттер ішін тарта ұлып, қалың қарға омбылағандарына қарамастан тым-тырақай безіп ала қайқайды; бұта-бұтаны тасаланып, зытып барады бәрі.

Тарс еткен дыбыс тағы шыққан...

Бір ит екі-үш домаланып барып омақаса құлады. Жан-жағынан зуылдаған оқ Хомяқты қыбыр еткізер емес; олай жүрсе де, былай

жүрсе де – жолын кесіп, аттатпай қойды. Ақыры шарасы таусылған ол, – қашанғы қақшиып тұра берсін, – қардай жауған оқ астында қымс етудің өзі қиямет, шегіншектеп-шегіншектеп келді де, бауыздаулы жатқан бұланның қасына тоқтап, қос қолын бірдей көкке көтере берді. Тізесі дірілдеп, босап кеткен буын-буыны бойын ұстай алмай қалған Хомяк қар үстіне шөкелеп отыра кетті де, қос қолымен қара басын ғана қорғаштап, ендігі бұйрықты тағдырынан ғана күтіп қалды...

Соңғы рет тарс ете түскен мылтықтың оғы осынау алып қарағайдың тұла бойын дір еткізіп, түү биіктегі бөркінің астынан тиді де, қап-қатты қабықты жаңқалап-жаңқалап жан-жаққа шашып жіберді; сол-ақ екен, сауылдай құйылған қардан қайтадан аппақ баған тұра қалды да, төмен қарай құлдилап жөнелді...

Қар тозаңы Хомяқтың мойнына құйылып, желкесін қытықтап жатыр.

Аппақ қар үстінде алыстан-ақ алақандағыдай көрінетін иттер алды-арттарына карамастан сонау сайтабанда сызып барады.

Мынау түнерген тайға да, сонау бауыздалған бұлан мен басын құшақтаған Хомяк қатар жатқан терең аңғарға тұс-тұстан түксіе төніп тұрған жалаңаш жақпар тастар да тым-тырыс.

Тек тоқылдақ қана төңіректі жаңғырықтыра тоқ-тоқ ұрып жатыр... ұрып жатыр...

Білдей-білдей бес еркек, өздерінің іздерімен беткейден төмен түсіп, бір-бірін етекте тосып алды да, бастары түгел қосылған соң, топ жазбастан таңертеңгі Хомяқтың ізімен оның орталық қыстауына қарай беттеді.

Тырс еткен бірі жоқ.

Қарды бұрқыратып, бұларға қарай Шельма шауып келеді. Бір кезде иттің ізімен өрге қарай өлсермендене ұмтылған Мишка да көрінді, өзі мықтап шаршаған, қар басқан шөпке аяғы тайғанақтап, қырға қарай қасарыса тырмысады.

Екі иінінен еңтіге демалып жетті-ау бір кезде: келе, көкесіне көз салған, – жер түбінен шаршап-шалдығып жаңа жеткен мынау бала Мишка емес, құдды бейтаныс басқа біреу секілді, – әкесі бұрылып бір қарағаны болмаса, бұған назар салып та жатпады; темекісін бұрқыратып, бөрене үстінде жайына отыр.

– Әй, оқымышты, мә, мына көмірді қолыңа ұста, – деді төртпак келген бір салиқалы кісі Мишкаға.



## Шығармалары. Төртінші том

– Жаз! – деді екінші біреуі; өзі махоркасын құшырлана сорып еді, сарғайып кеткен сақалының арасынан түтін шыңылтыр аязды ауаға бұлт боп бұрқырай жөнелді.

Есікті сыртынан бастырып кеткен бөренеді балтамен шауып белгі салған ақ жері бар екен.

– Жаз, – деді әлгі кісі соны нұсқап. – Біздің қарарымыз болсын бұл оған!

Мишка көмірді қолына алған, саусақтары дірілдеп икемге келмеді; жол бойы көкеме бірдене болып қалмады ма екен деп, жеткенше жүгіргесін, қайтсін енді.

Әрбір әріпті ирелендетіп әрең сала бастаған, ту сыртынан біреу тандайын тақылдатып айтып тұрды:

– Есің барда елің тап, бұдан былай бұл маңайдан жолығар болсаң, жаныңды біржола жаһаннамға жібереміз. Рукосуев, біздің Мишка, бұйрыққа осылай қол қойды де.

Әріптері оңып тұрған жоқ, бірақ Мишка қатесіз жазып шықты, әйтеуір.

«Есің барда елің тап, бұдан былай бұл маңайдан жолығар болсаң, жаныңды біржола жаһаннамға жібереміз».

– Әй, аз-за-мат Мишка, қатырдың бәлемді! – деп қауқылдасқан еркектер ту сыртынан қарқ-қарқ күліп қоя берді.

Мишканың өзі де езу тартып:

– Мен бірдене болып қалды ма деп, қорқып... – дей берді де, тілін тістей қойды.

– Ал кеттік, жігіттер, – деді Мишканың көкесі.

– Көзіміз енді ашылатын болған шығар, – деді бағанағы төртпақ саликалы кісі.

Қайтарда бұлар баяғы томардың үстімен жүрген, көз ұялтар күміс қардан тіпті тани алмай қала жаздады оны.

Құдды, осы арада қояндардың қырғын соғысы болып, қазір енді бұл жер бейітке айналып кеткендей көрінді Мишкаға; томпайып-томпайып жатқан мынау томарлардың әрқайсысының астында бір-бір қоянның елігі жатқандай.

Баяғы жылғадан да үстіне бұл кезде мұздақ қатқан бөрене арқылы өткен, Мишка оны да әрең таныды.

Шельманың аяғы бөренеден тайып кетіп, суға жалп ете қалған, оның жылғаны шалпылдатып арғы бетке атып шыққанына да, тұра қалып дүр-р сілкінгеніне де, соған қарамастан жүніне мұз

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

моншақтар жабысып үлгергеніне де ешкім бұрынғыдай мез болып күле қойған жоқ – жұрттың бәрі өз ойымен өзі боп, қабақтарын қарс жауып, түнеріп келе жатты.

Сонда ғана Мишканың есіне баяғы өзінің аңға барғаны түсе кетті; әлгі бір қап-қара бұлғын туралы қиялы да осы арада ойына оралған... алдында келе жатқан көкесінің сәл еңкіш тартқан, қақпақтай жауырынына қарап, сондағы өз ойына өзі жаман ұялды; онымен де қоймай, кіндік әжесіне керемет шәлі сыйламақ болғаны да, баяғыдан бері сөйтсем-ау, бүйтсем-ау деп талай-талай аңсап келген тәтті армандары мен көп-көп қиялы да осы арада ойына түсіп, оның енді ешқашан жүзеге аспайтынына, бәр-бәрі мынау аппақ-ау, аппақ, ақша қар жауған биылғы керемет қыстың басында осымен біржола біткеніне Мишканың көңілі құлазып, әлденеге жаны жаман шошыды...

1967 жс.

## ВИТЯНЫҢ БАУЫРЛАРЫ

ГЕОЛОГТАР жаназадан тарағалы жатыр еді.

Ерлер есік алдында темекілерін тартып, әйелдер ай сәулесімен жарқыраған анадай жердегі судың қасында өз алдарына бөлек бір шоғыр болып, төменде тұрған. Кісісі мерт болған үйден бәрі бірдей тұра жөнелуге жұрт ыңғайсызданғантұғын. Әйелдер жақтан ара-тұра әлдеқандай бір күбір-күбір сөз естіліп қалады; соның өзі тіпті сөз сияқты да емес-ті: көкірек жара күрсіну ме, көзге жас алып кемсендеу ме, әйтеуір жаны нәзік әйел байғұстардың жүректері қайғыға толып, мынау қазаға ортақтасқан түрі секілді. Жалпы, еркек атаулы қазаға қабырғалары сөгіле қоймайды ғой, – оларды қинағаны – қатыгез ажалдың безірейген қатыбастығы емес, өздерінің аяулы досы, тамаша кен іздеуші әрі жақсы жолдас – Виктор Кокориннің мерт болғаны еді, олар соған қайғырған.

– Біз де бір күні өстеміз-ау, Александр Гаврилович. Мінеки, ана шаруа, мына шаруа деп шапқылап жүрміз, ал сосын ше?

– Бәріміздің барар жеріміз – бір. Бұрынғылар солай деген, солай деу керек те. Жұмысымыздың ыңғайы сондай.

– Осы бір бейбіт атом деген пәлеге мені қай сайтан айдап келгенін білмеймін!

## Шығармалары. Төртінші том

– Аузыңа келгенді сокпа, Юферев. Бұл жігіттің жүрек тамырында қан ұйып қалған көрінеді.

– Жә, жүрегі ме, жүрегі емес пе, әйтеуір бұрын геологтардың жағдайы бұдан әлдеқайда тәуір еді. Мәселен, мына мен институт бітірген соң Бодайбода жұмыс істедім. Асыл металл іздедік. Алтын іздеушілердің небір көккаскасын көре қалғандардың бірімін. Ол жақтың тайменінің өзі неге тұрады десеңші!

– Қыршаңқы кәрі мәстексің сен, Юферев! Витька болса жана ғана жамбасы жерге тиді, ал, сен – таймень, таймень дейсің!

– Жә, әшейін айтып жатқаным ғой, Александр Гаврилович.

– Әнеки, солай деуге бола ма екен енді. – Александр Гаврилович есік алдындағы баспалдақпен төмен түсіп, сарықарын әйелдің қасына келіп тоқтаған; үлкен ақ орамалымен бетін, көзін сүрткіштеген күйі жұбайы бұған қарай бұрылды.

– Қайтайық, бәйбіше.

– Көзімнің жасы құрғамай тұр, Саша, жылай берем, жылай берем... неге екенін.

– Тойдан қайтқалы тұрған жоқсың ғой, әрине, – деді Александр Гаврилович.

– Югославияда бес адамның төртеуі тірі қалыпты, қалай десең де қатерлі сәуленің астына тура түскен жандар ғой олар.

– Оған қарсы қолданылатын дәрі-дәрмек туралы да қазір даурықпасыз-ақ айтылып жүр ғой.

Николай Николаевич қара көлеңке ауыз үйде темекісін тартып тұрған, есік алдындағылардың әрбір сөзі оған ап-анық естіліп тұрды, бірақ ол соған пәлендей құлақ қойған да жоқ, өйткені сырттағылардың әңгімесі өзі жайында еді, ал өз жайын өзгелерден гөрі Николай Николаевичтің өзі жақсырақ білетін...

– Ол дәрінің дау-дамайы біткенше де қай заман, біздің бастық қазірдің өзінде анадай болып... Көз алдымызда сылынып қалған жоқ па. Жақында мен өзінен: Николай-ау, Николай Николаевич, ауруы түскіріңнің ең алғашқы белгісі қандай болады екен өзі?.. – деп сұрағам.

– Сен бар ғой, Юферев, білесің бе неден өлетініңді?

– Неден?

– Тұмаудан!

Николай Николаевичтің ту сыртындағы есік ашылып, іштен тағы үш геолог шықты да, үшеуі бірдей темекілеріне жармасып, ауыз үйде тұтатысып алды.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

– Біз де бір күні өстеміз ғой, Николай Николаевич, анда-мұнда шапқылап жүріп қай күні қайтіп кетерімізді кім біліпті?!

– Сіз әзірге осында бола тұратын шығарсыз?

– Туыскандары енді келмейтін шығар, шамасы.

– Әйелдер әзірге қала тұрады ғой.

– Соларға айту керек екен өзі... анау Вера аңырап-аңырап әбден шерін тарқатсын, әйтпесе түріне қараудың өзі қиын, қара тастай болып қатып қалыпты безеріп.

– Жылайтын кезі әлі алда.

– Эх, Витька!

– Иә, иә... – деді Николай Николаевич.

– Сонымен, екінші вездеходты мен алайын ба, Николай Николаевич?

Николай Николаевич міз бақпады.

– Бір аптадан соң оралады ғой, мені апарып тастайды да қайтады, ә? – деп қақылдап қоймады қараңғыдағы дауыс.

– Иә, иә, – деді, Николай Николаевич қазіргі көңіл ауанына орай аузына түскен сөзді айта салып.

Таңертең осы үстелдің үстінде табыт тұр еді, қазір ыдыс-аяқ, ас-су, арақ-шарапқа толыпты. Гардеробтың айнасы ақжаймамен жабылып, Виктордың қабырғадағы портреті желбіршекті қара лентамен көмкерілген – шақпақ-шақпақ ковбойка киген жас жігіт жұртқа күлімсірей қарайды. Жазу үстелінің үсті де тап-тұйнақтай: кітаптар мен журналдар бөлек-бөлек қатталып, бір шетке текшеленіпті; Николай Николаевич өзінің досы Виктор Кокоринге күні кеше – ең далада еркін өткен үйлену тойы кезінде сыйлаған тау хрусталінің ірі кесегі, үстіне қонған шаң-тозаннан күңгірт тартып, көмескі ұшқын шашып тұр.

Жас жесір арқалығы биік орындық үстінде қақиып отыр, жүзі байсалды.

Николай Николаевич қонақ бөлмеде сәл-пәл аялдап, ас үйге қарай беттеді. Мұнда әйелдер әңгімені соғып жатыр екен:

– Туысқан болғандарына! Ең болмаса жерлесуге де келмеген соң, олардан не үміт, не қайыр Вераға.

– Оның бүкіл туыскандары Вераны ит етінен жек кереді. Өйткені Вераны кездестірген соң, Виктор бірінші әйелінен ажырасып кеткен ғой.

– Осындай қаза үстінде де қоймай ма, жек көрулерін? Шын сүйсе, анау әйелі де келуіне болатын еді ғой, тіпті.

Николай Николаевич өзіне ғана бір рюмка арак құйып алып еді, ыдыс-аяқ көтерген қартаң әйелдердің бірі:

– Осы құрғырды сен ішпей-ақ қойсаң қайтеді, Коля? – деді ас үйге кіріп келе жатып.

Николай Николаевич тындаған жоқ: тартып жіберді де, ақырын жылыстап шығып кетті.

– Николай-ау, Николаич? Мұның не, ә? Бұған ішуге болмайды ғой, болмайды!

– Виктордың артында ең болмаса балалары қалды. Коля өлсе, тұқым-теберіксіз қалады ғой... – деп, қартаң әйел ыдыс-аяқ жуып тұрған табактың ішін қолымен шарлап шүберегін тауып алды, – Енді екі-үш жыл өмір сүреді деседі дәрігерлер. Баяғы Шуваловтың отрядында жүргенде шалдыққан ғой бұл дертке. Әлгі пәленін деңгейі ол жерде сұмдық болыпты.

– Басқа бір жерге кетсе, бәлкім, ұзағырақ өмір сүрер ме ед.

– Қайда кетеді, осы кен орнын ашқан авторлардың бірі өзі болса! – деді Наташа масаттанып. – Өзі өлсе де артында осы кен орны қалады, олардың данқын осы кен орны қалайда өшірмейді!

Наташа әлі уыздай жап-жас геолог болатын, мынау ыдыс-аяқ жуып тұрған қартаң әйел секілді, ол да Николай Николаевичті өзінше керемет сүюші еді, бірақ мұның жақсы көруі – ел сүйген ерлерді жұрт қалай құрметтесе, оны сондай ілтифатпен ұлық тұтып, оның ерлік ісін өзіне іштей үлгі ететін жолдастық махаббаттұғын.

– Наташажан-ау, сен не деп тұрсың! – деді қартаң әйел. Сұлқ түскен қолынан тарелкесі шығып кетіп, тайғанап барып табакқа күмп берді. – Атак, абырой дегендерің қазір шыққан нәрсе ғой! Техника керек пе, түрлі-түрлі темір тетік керек пе – бәрі мына сендерде! Ал бұлар жанын шүберекке түйіп, жалаңаш қолымен атқарды ғой соның бәрін. Оның қайсыбірін білуші едіңдер сендер...

Әйелдер ыдыс-аяқты жиыстырып, ас үйге әкетіп жатты, әкетіп жатты; көрші үйлердің қазан-ошағынан, сірә, ештеңе қалмаған болар, әйтеуір қайда қарасаң да – толған ыдыс. Николай Николаевич алдына осы үйдің альбомын алып диванда отырған, парақтарын қаншама ашқысы келсе де, жүрегі дауаламай-ақ қойды. Сөйтіп отырғанында абыр-сабыр боп жүрген әйелдердің бірі қасына келіп: «Вераға көңілін қозғарлық бірдене айтсаңызшы, шерін тарқатып ағыл-тегіл жылап алсын», – деп өтініш білдірді.

– Өзім-ақ айтар едім, – дейді әлгі әйел, – жүрегі түскір шыдамай ма деп қоркам.

Кіл қатынның ортасында қалған жалғыз еркек Николай Николаевич екен, бәрі соған үмітпен қарайды ас үй жақтан. Николай Николаевич Вераның қасына кеп отырды да, альбомды оның тізесіне қойды. Жесір қалған әйелге әуелі бірдене айтып, оның жадында қалған жақсы күндердің елесін қайта тірілтіп алған соң ғана, альбомды ашпақшы болған; сойтіп мынау қазаның күллі қасірет-қайғысын сезетіндей етіп, Вераны тіршіліктің тауқыметіне, осы үйдің отының басына келген нәубетке қайта оралтпақ еді. Қаралы әйел «мұны неге әкелдің?» дегендей Николай Николаевичтің бетіне бажырая қарағанда, ол не істерін білмей, сасқанынан альбомның ауыр мұқабасын аударып тастады. Міне, ол өткен күндердің қатырма қағаздағы іздерін ақырын ғана аударыстырып отыр – Вераның өзінің, Виктордың суреті, бұлардың бүкіл үй ішінің, балалармен бірге түскен суреті, геолог-достарының, айдаладағы әлдеқандай бір қыстаулардың, тайғаның, таулардың, тырдай жалаңаш сәбилердің, қарлы табиғаттың, шалқар көл жағалауының, итшананың, бұғылардың, аттардың, шатырлардың сұлбалары бірінен соң бірі өтіп жатыр, өтіп жатыр...

– Осының бәрі бірі кезде қандай қызық еді, – деді Николай Николаевич будақ-будақ папирос түтінін үрлен қойып.

– Тамаша еді ғой, – деді кенет Вера да қостап. Өзі сәл-пәл жымып, көзі жасаурай жарқылдап қоя берді.

Осы кезде ауыз үйден әлдекімдердің асыға басқан аяқ тықыры естілді де, іле-шала терезе жақтан әлдеқандай бір жүк машинасы гүжілдеді. Николай Николаевич пен Вераны үн-түнсіз қаумалай қоршап, көкіректері қарс айырыла, көздерін сыққыштап отырған әйелдер жалт-жалт қарасты. Есік көзінде: үстіне ер адамның пальтосын киген, ұзын бойлы, қара шашты әйел тұр... бұларды көрген бойда басындағы орамалын желкесіне қарай ысырып жіберді. Енгезердей бір еркек оны қолтығынан демеп алыпты. Ауыз үйден тағы да аяқ тықыры естілді де, іле алғашқыдан аумаған – соған егіз қозыдай ұқсас – екінші еркек кіріп келіп, қара шашты әйелдің екінші қолтығынан ұстады да, екеуі бірдей бас киімдерін жұлып-жұлып алысты.

– Жерлеп қойыпты! Терең қазып, тепкілеп-тепкілеп көміп те үлгерген өздері! Ең болмаса анасын күтуге де жарампапты ғой

Шығармалары. Төртінші том

бұлар! – Үшеуі бірдей қабырғадағы портретке қарай ақырын қозғалды.

Басындағы орамалының сүйретіле түсіп кеткеніне қарамастан, шешесі қабырғадағы портретті жұлып алды да, кеудесіне басып тізерлей берді... ағалы-інілілер оны қос қолтықтан қаттырақ ұстап, органы ашып жол берген әйелдердің арасымен диванға қарай ала жөнелді.

– О-о, жалмауыз құдай, жалғызымнан айырып, қанатымнан қайырдың-ау! Жалғыз көрген жарығым-ау, бұ не қылғаның; алтыным-ау менің, мұның не?! Анаң байғұстың соқа басын соқайтып, аңыратып кімге тастап кеттің, се-е-ен!

Баласының суретін бауырына басып, әйел диванда бүк түсіп жатыр; каралы үйдің қазасына ортақтасуға келгендердің рәсімімен ағалы-інілілер үнсіз тұнжырап, төңірегіндегілерге оқта-текте ғана түнере көз тастап қояды. Бір кезде әйел басын көтеріп алып, лайытып кеткен көзімен жан-жағын шолды да:

– Дауыс стейік те, қатындар-ау! – деді төңірегіндегілерге.

Әйелдер бұрынғыша үнсіз жылап отыр, бірақ ешқайсысы бетін басып дауыс еткен жоқ.

Тілден, үннен қалған жас жесір жұртқа мағынасыз көзбен қарайды.

– У-ух, неғып бәрің үн-түнсіз қалғансындар? – деп қара шашты әйел қайтадан диваннан басын көтерді. – Әлде байыңнан көз жасыңды аяп отырмысың, әй қатын? Осы сен үшін ғой, сен үшін, мына сен үшін өлді ғой ол! Әйтпесе мына ағаларына ұқсап, отының басын көңірсітіп отырмас па еді! Қайтейін-ау, жары-е-е-ғым, қайтейін енді!

Сұлдері құрып, әл-дәрмені таусылған толық әйел баласының суреті үстіне құлай кетіп еді, портреттің шынысы шырт етіп сынып кетті.

Нагаша ағалы-інілілердің скеуін екі жаққа ысырып, әйелдің қасына жетіп барды да, Витяның шешесінің иығынан тартып, тұрғызып алуға әрекеттенді.

– Сабыр егіңізші, шешей, бүйтуге болмайды ғой енді! Болмайды бүйтуге!

– Сен мені жұбатпай-ақ қой, білдің бе! – деп, әйел дүрсе қоя берді. Желке тарағын жұлып алып, ақ кірс бастаған қара шашын жайып жіберді де, он саусақты көсіп салып, өз шашын өзі уыстап

жұла бастады. – Әуелі өзің туып ал да, азамат болған кезінде жерлеп көр! – Қолынан ұстамақ болған Наташаны өңменінен итеріп жіберді де: – А-а! – деп қайтадан аңы айқайға басты. – Витяжан-ау, аңаңның аңыраған зарын кім түсінеді енд-і-і! Көп кешікпей қасыңа мен де барармын, ба-лам-ау, күт мені! Кездесерміз со жақта-а-а...

Зар илеген әйел диваннан балаларының қолына сырғып түсті.

– Жұбатсандарсайшы, сабыр етсін! – дейді Наташа ағалы-інілілерге жалынып; өзінің де көз жасы сорғалап жүр, онысын балаға ұқсап жұдырығының сыртымен сүрткіштеп, бет-аузына айғыздай жағып алыпты. – Ой, сұмдық-ай! Сұмдық-ай... – дей береді.

Екі баласы екі жақтан сүйемелдеп ұстап отырған әйел, ақайраңданып кеткен көзімен Наташаны ішіп-жеп:

– Ай, шіп-шикі немелер-ай! – дейді зарланып. – Кісіге ұқсатып көмуге де мүмкіндік бермедіңдер-ау баламды, малғұндар! Жаббар хактың жолынан жаңылдырдындар! Адастырдындар-ау мені! Бақытымнан айырдындар-ау!

Ана зарланып, екі жағынан сүйемелдеп отырған балаларының қолынан жұлқына берген соң, ағалы-інілі екеу шешелерін ептеп-септеп еденге отырғызды да, қолын босатты. Сол кезде сарт етіп портрет жерге түсіп кеткен, әйел оны шап беріп ұстай алды да, кеудесіне басқан күйі, теңселіп отырып, ара-тұра көзінің қиығымен қарап қойып, дауыс сала берді:

– Витичка-а! Отыр, міне, әйелің, әлдекімнің қатыны құсап... ең болмаса, көз жасын да кимайды саға-а- ан жоқтауға!

Жесір әйел меңіреу жаңдай мелшиіп отыр, Витяның шешесінің бір сөзін де естіген жоқ. Көзінен жас та шықпады, жанарын алыстағы әлдеқандай бір нүктеге қадап, бүгін бұл үйдеп өлік шыққанын да, қайғының қара бұлғы төңірегін торлап тұрғанын да, қазіргі сәт – ең ауыр, ең қасіретті шағы екенін де мүлде ұмытқандай...

Көз алдында өзі әлгінде ғана суреттен көрген табиғаттың әсем көрінісі құбыла ойнақ салып тұр: эне, қар басқан биік тау шыңдары... онан сәл-пәл беріректе буы шығып жатқан судың басында, ақ шаңқан қар үстінде жалаң аяқ Виктор тұр. Су ішінде әлдекімнің басы қылтияды, Виктор да шешінген – тізесіне түскен ұзын дамбалмен ғана қалыпты, суға күмп бергісі келіп, тек әлдекімнің тезірек суретке түсіріп алуын күтіп тұрған сыңайы бар, объективке қарап шыдамсыздана күледі.



## Шығармалары. Төртінші том

– Алдыңғы күні балық аулауға барып келген екен, – деді Николай Николаевич ағалы-інілілерге, – содан ваннаға түспек болыпты. Кірген бойда құлап, жан тапсырған. Дәрігер келген екен, бірақ ол кезде кеудесінде жаны жоқ көрінеді. Жүрек тамырына қан ұйып, бірден жан тапсырыпты. Вера құлағанын естіген екен. Жүгіріп келсе, өліп жатыр дейді. Балаларды шоңытпайық деп біздің әйелдер Надяның үйіне жіберіпті оларды.

– Жерлеуіне үлгеретін едік, көпірі түскірді су шайып кетіпті. Биылғы күздің өзі – күз емес, төнеп тұрған топан-сел болды ғой. Нарын арқылы айналып өтуімізге тура келді. Мына бауырымыз гараж меңгерушісі болып істейтіні мұндай оңды болар ма, әйтпесе қазір көлік табу деген қайд-а-а, жұрттың бәрі жиын-терімде, астық тасуға тіпті лесхоздың да машиналарын сыпырып алды, жөндеу жұмыстары да әлі бітпеген кез...

– Сіздер Тюринмей лесхозынансыздар ма? – деп сұрады Николай Николаевич.

– Жоқ, біз одан да жүз шақырым әріректегі төртінші дейтін поселкеденбіз. Уақытымыз да тығыз еді. Мына шешеміздің жағдайы біршама жақсарса, кері қарай тайсак па деп отырмыз.

– Әйтеуір, жұрт жиналды ма? Кісі көп келді ме, жоқ па? – деді гараж меңгерушісі.

– Бірде-бір адам қалған жоқ. Даладағыларға дейін түгел келді. Витяны жұрттың бәрі жақсы көретін еді ғой.

– Әйелдердің шаруаға бас-көз боп қала тұрғаны дұрыс болған екен. Осындайда қолғабыс керек өзі...

Әйелдер үстел үстіне жаңадан ас-су, арақ-шарап әкеліп қоя бастады. Рюмкелерін тартып жіберер алдында ағайынды екеуі бірдей беттерін тыржитып-тыржитып қойды, сосын гараж меңгерушісі шешесіне қарап, байсалды ой айтып отырғандай басын изеп қойып:

– Демек, Витьканың өлімі – жеңіл өлім болған екен дағы... – деді, Виктор ажалдың қайсысы жақсы деп тандап жүріп тауып алғандай-ақ.

Марқұм жігіттің шешесін жұрт жан-жағынан қаумалап, әйелдердің бірі рюмкесін алдына қойып, бірі басытқыны жақындатып бәйек боп жатыр.

– Бал мен мейіз қосып, күріштен кутья ботқа жасау да естеріңе келмепті ешқайсыңның, – деп тыжырынып, алдына қойған ас-суды кемпір кері ысырды.

Әлденеден жазықты боп қалғандай, әйелдер бір-біріне жалтақ-жалтақ қараған, ағайынды екеудің кішісі сөзге қыстырылды:

– Шынында, бұлардың обал-ақ болды, шешеміз осының бәрін бұрынғы ата-бабаның жөн-жоралғысы бойынша жасамақ еді, сөйтіп бауырымызды былай... кісі құсатып жерлемектұғын. Бүгінгінің әдет-ғұрпын бұл кісі ұнатпайды.

Кемпір рюмкесіндегіден бір жұтып алды да, тағы кемсендеп, орындығында теңселіп отырған күйі төңірегіндегілерге зарын айта бастады:

– Анау әйелі Виктор әскерде жүргенде хабарын үзбей, хат алысып тұрып еді. Мына бір пәле тап болды да, тәйт деп тайып тұрды екеуі қол ұстасып. Қайтейін-ау, қарғам-ай, туған анаңнан, оты маздаған ошағыңның басынан біржола әкетті ғой сені! Жалғыз көрген жарығ-е-ем сол!

Мидай далада бір өзі мәңгіріп қалғандай Вера әлі мелшиіп отыр. Николай Николаевич оның қасына келіп, түбіт шәлісін иығына жапты да, терезенің желдеткішінен темекісінің түтінін тысқа үрлеп, сол жерде отырып қалды.

– Бауырлары да Витенькадан аумайды емес пе... тек одан гөрі ақылдырақ болады әлі. Институт бітірмесе де, әрқайсысының өз отбасы бар. Мына ақымақ бала да өз отының басында, қора-қопсысы қасында отыратын-ақ кісі ғой, басын тауға да, тасқа да ұрмай. Тауасты кезсе – өзгелер кезе берсін, мейлі! Сол сайтан алғырда мұның несі бар екен дейім-ау? Жұртты қуантар жақсылық іздеп жүрмін дейді! Жақсылық іздепті жұртқа! Жұрт ол жақсылығын біле қойса-ау! Жүрегін дертке шалдықтырғаннан басқа не тапты содан... ақыры, міне, ажалына тап болды! Жарығым-ау менің сол, қасымнан қарға адым ұзатпай, бағып-қаққанда, мына шешеңнің – көрі қақпастың айтқанын қылдың ба, сен...

Әйелдер мына сөзден сұмдық үрейленіп, бір-біріне жаутаң-жаутаң қарасқан; құдды, құлаққа ұрған танадай жым-жырт тыныштыққа мүлгіп отырған кісіше, Вера міз бақпады.

Күздің лайсан ұзақ жолы қажытқан ағалы-інілілер жеделдете көбірек ішіп жібергендіктен бірден қызып қалды ма, қаза үстінде қатты сөйлеу ұят болатынын естен шығарып, бір-бірімен дәудірлесіп сөйлесе бастады.

– Біздікі – өз үй ішіміздің ішкі шаруасы ғой. Жұрттың онда қандай ісі бар.

## Шығармалары. Төртінші том

– Бұл қатын аштан өліп, көштен қалмас, ақшаны күреп табады дейді ғой мұнда, Витька да шошқа тағалап жүрді дейсің бе, артына талай мыңды тығып кеткен шығар.

– Марқұмның жамбасы жерге тимей жатып ақша туралы әңгіме қозғағандарыңыз не пәле, – деді әйелдердің бірі түршігіп. – Одан да дәм алып отырыңыздар, жол жүріп келдіңіздер, ішіп-жеңдер...

– Сол дүниеге бола жүрмесек, біз, бәлкім, жер түбінен желпілдеп мұнда келмей-ақ қояр ма едік, оны қайдан білесіз, – деді інісі.

Әйел шошына, бет-аузын алақанымен басып алды да, бәлкім, ұқпай қалған шығармын деген оймен қайталап сұрады: «Қайдағы дүние-мүлік?» – сосын орнынан тұрып кетіп қалды.

– Тәйт әрі, ақымақ, – деді гараж меңгерушісі. – Енді шарап ішуге кіріскенің не? Алдында әлі ұзақ жол бар емес пе?!

Николай Николаевич ағайынды екеуді алыстан бақылап отырған. Гараж меңгерушісі өнін тұнжыратып, рюмкесін қолына алды да, Николай Николаевичке қарап:

– Марқұм ішкенді ұнатпаушы еді! – деп қойды.

Николай Николаевич тіл қатқан жоқ, гараж меңгерушісінен көзін айырмай отыра берді. Гараж меңгерушісі рюмкесін тартып жіберді де, саусағының ұшымен екі-үш қолбаса кесіндісін іліп алып, шайнай бастады. Сонда ғана орнынан тұрған Николай Николаевич үстелдің қасына келді. Мөймілдеген рюмкелердің бірін қолына алды да, аузын қақпақ болған әйелдердің біріне қолын бір сілтеп, малжаңдап отырған гараж меңгерушісіне түксие төнді:

– Әлгі... сенің Виктор туралы сөзің бе? Ішкенді ұнатпаушы еді дегенің? Мен марқұм туралы тост айтқым келіп тұр!

– Тост айтуға болмайды! Отыр тез, орныңа... Болмайды өйтуге! – деді кемпір айқайлап, өзі де рюмкесін үстел үстіне қойды. – Тост деген не пәле!

– Бұл кісі – Виктордың досы! – деп Наташа кемпірдің құлағына сыбырлады.

– Немене сендер, өлген кісіні күлкі қылғыларың келе ме?! – деп шаптықты кемпір.

Айқай-ұйқайға мән бермеген Николай Николаевич әлі ойланып тұр, қолындағы рюмкесі қалт-құлт етіп, ернеуінен төгілген арақ саусағының үстімен ағып барады.

– Есінде ме, Вера? Ол кезде біз молибден іздеп жүрген едік қой? Сіздердің үйленгелі жатқан кездеріңіз, мең той үстіне әрең үлгеріп

келіп едім ғой?! Енді есіне түсті ме?! Сонда маған Витя өлім деген нәрсенің өмірде мүлде болмайтынын ежіктеп ұқтырғандай еді. Өлім деген – атымен жоқ нәрсе! Жалпы, оған дейін қай заман өзі!.. – Николай Николаевич қабырғаны көзімен тінткілеп сәл тұрды да, диванның жанындағы шөлмек сынықтарының үстінде жатқан желбіршекті кара лентаға көзі түсіп, сөзін жалғастырды. – Енді, міне, қаралы лента! Ал біз онымен тайғаны талай шарлап едік-ау...

– Бұл да тойып алған болу керек! – деді гараж меңгерушісі інісіне.

Есін енді ғана жиғандай. Вера жан-жағына дағдара көз тастап, қолындағы бет орамалын умаждай берді, умаждай берді.

– Виктор менің досым еді! Жаны жайсаң жігіт болатын, бір сөзбен айтқанда, геолог еді ол. Викторды тіпті қоспай-ақ қояйын, сен де, Вера, сондайсың. Ештеденен қорықпа, Вера, сен біздің экспедициядасың. Оның несін айтып та тұрмын-ау, өзін де геологсың ғой, Вера! Ал, сіздер, «Дүние-мүліктің қамымен!» деп, «Марқұм ішкенді ұнатпаушы еді!» деп, тұқшынып төмен қарап отырғандар! Витяның атынан, бетің бар, жүзің бар демей сіздерге тура айтайын, сіздер адамның бақыты дегеннің не екенін көз алдарына елестете де алмайсыңдар!

Ағайындылардың жүзі тотғанып, тіпті малжаңдауларын да қоя қойып, іштерінен тына қалған; Николай Николаевичті көздерімен ішіп-жеп, тесіп барады. Николай Николаевич те көзін олардан тайдырған жоқ-ты, бірақ әрі-беріден соң қолын бір сілтеп:

– Ауыздағыларыңды шайнай беріңдер, шайнай беріңдер! – деді, – сөзімді қазір аяқтаймын! Мен біздің, – Витя екеуіміздің бақытымыз үшін; былайша айтқанда... ажалымызбен аяқталатын бақытымыз үшін ішемін! – даусы дірілдеп, күңгірттеніп барып, Николай Николаевич сөзін аяқтағандай болған, – Витя үшін! – деді кенет үні қайтадан қатайып. Зорлана ішіп жіберген, жартысын төгіп-шашып, рюмкесін қайта қойды да, қос қолымен үстелге сүйеніп, естілер-естілмес тағы күбірледі: – Витя үшін...

Жұрт тым-тырыс. Николай Николаевич үстел үстінен шылымын тауып алды да, ақырын басып ас үй жаққа шығып кетті. Оны көзімен ұзатып салған кемпір:

– Ұлдан біржола айырылдык! – деп қойды.

Гараж меңгерушісі орнынан тұрды, сосын бауырының да тұруын тосты; ол қасына қатарласқан соң, рюмкесін көтеріп,

Шығармалары. Төртінші том

туыскандық парызын түгел атқарған кісінің кейпімен шешесіне ғана қарап тіл қатты:

– Марқұм көп ішкенді ұнатпаушы еді!

– Коля, сен ішке кіріп, аналардың қасында болшы, солар бірдеңені бүлдіргелі жатыр осы... – деді қартан әйел, ауыз үйде темекі тартып тұрған Николай Николаевичке келіп.

Ашық қалған есіктен шаң-шұң дауыс естіліп қалды осы сәтте:

– Сенікі емес, мұның бірде-бірі сенікі емес! Ұяттан безген бетпақ! Өзгенің бакытының быт-шытын шығарғанда ұятың қайда қалды бар болса! Қай экспедицияда қарығып жүр едің ол кезде? Көзі тірі әйелдің күйеуін тартып әкетіп, көрге тығып отырған жоқпысың!

– Мыналар қайтеді-ей! Қайтеді мыналар! Сұмдық қой бұлары!

– Ой, неткен сұмпайы жандар еді!

Осы бір беймәлім адамдарға мән-жайды айтып әлдене түсіндірмек болып, Виктор Кокориннің қайтыс болғанын, мына садақа соның жаназасында беріліп жатқанын, қаза үстіндегі қаралы үйде жанжал шығару – жараспайтын іс екенін ұқтыруға тырысып, Наташа шыр-пыр болып жүр... Шифоньердің алдында тұрған оны кемпір өңменінен итеріп жіберді де, баласының костюмін киімдігіштен жұлып алып, еденде кішігірім үйіншек болып жатқан заттардың үстіне қарай жытырды. Онымен де қоймай, өзіне-өзі дем беріп, қасындағы екеуді де желіктіре түскісі келгендей жесір әйелге жекіріп жүр:

– Бәрін әкетеміз! Бәрін! Саған да, сенен туған бөлтіріктерге де бір түйір зат қалдырмаймыз!

Гараж меңгерушісі еденге отырып алып, тау-төбе боп үйілген киім-кешектерді түйіншек-түйіншек қылып буып жатыр, шешесінің қолында бұлғақтап жүрген фотоаппаратты да ұстай алып:

– Апа, сіз мұны сындырып аларсыз! – деп қояды.

Көз алдында әлдекімдердің абыр-сабыр болып ербеңдеп жүргенін көргенмен, ештеңенің байыбына бара алмай отырған жесір әйел үн-түнсіз, мәңгіре қарап қалыпты.

Ағайындылардың кішісі әйелдердің қасына келіп, беті бүлк етпестен оларға мән-жайды өзінше түсіндірген болып тұр.

– Бұл әйелге енді дүниенің не қажеті бар, ал бізге марқұм қарыздар болып кеткен адам. Өлген соң оған бәрібір болғанмен, тірі кісіге – мына бізге тіршілік керек. Өздерің-ақ айтындаршы, шеше бәрімізге ортақ па?! Бізбен бірге туғаны рас болса – ортақ! Демек,

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

қарт адамды бағып-қағуға ол да тиіс пе? Өзінің ақымақтығынан өліп қалмағанында – ол да бағысып-қағысуға тиіс!

– Сабыр ет, Вера, сабыр! – дейді Наташа, жесір әйелді қайта-қайта құшақтап. – Ең бастысы, сенің сабыр еткенің!

– Маған ештеңенің де қажеті жоқ, – деді жесір, әлдекімдерге әлдене керек болып жанталасып жатқандарын ол енді түсінген сияқты. – Ала берсін! – деді селқос үн қатып.

Кенет басына келген ойдан Наташа қуана айқайлап жіберді:

– Қанша керек болса да, біз төлейік, бұлар тек ақша алсын! – деді жұртқа қарап.

– Тәйірі, со да сөз болып па, төлейміз, әрине! – деді әйелдердің бірі көз жасын жұтып.

– Естідіңіздер ме? Біз сендерге ақша берейік, тек тиіспеңіздер бұл үйге!

Гараж менгерушісі Наташаға көзінің қиығымен бір қарап қойды да, буыншақ-түйіншектерін бұрынғыдан да тығыздап буа түсті.

Николай Николаевич қонақ бөлмедегі қаптаған адамдарды ақырын ғана айналып өтіп, жатып бөлмеге кіріп кетті.

– Ақшаны кейін сот арқылы аламыз әлі! – деді кемпір даурығып.

– Ал әзірге баламның жиған-тергенін түк қалдырмай алып кетем!

– Алыңыз, біз оған қоса ақша жинап берейік, тек үйдің берекетін кетірмеңізші, тиіспеңдер ештеңеге, – деп, кемпір мен балаларының арасында Наташа бұрынғыдан бетер шыр-пыр боп әлекке түсті. – Біз қазір тағы да көп ақша әкеліп береміз. Вера, ақшаларың қайда тұрушы еді, Вера дейім? – деді ол жесір әйелді ұйқысынан оятпақ болғандай жұлқылап.

– Ақша деймісің? Ақша әнебір жерде тұрған шығар, алыс керегінше... – деді жесір.

Түйіншектер буылып-түйіліп, ағайындылар киініп те үлгерген болатын, енді шешелері ғана басындағы орамалын жөндеп тартып жатқан: бағанадан бергі істегендері аз болғандай, кемпір кенет жүгіріп барып жесір әйелдің иығынан жұлқып-жұлқып қалды:

– Ұлым қайда менің, ә?! Қайтарасың ба, жоқ па, ұлымды?! Қарғамды ме-ні-ің?! Сүйенішімді-і!

– Апа, жүрейік, апа дейім! – ағалы-інілілердің кішісі өзіне тиесілі түйіншекті бір қолына алып, екінші қолымен шешесінің қолтығынан тартқылап еді, кемпір қасарысып жүрмей қойды.

Осы кезде қартаңдау бір әйелдің:

Шығармалары. Төртінші том

– Коля! – деп қатты шынғырған үні құлақты жарып кетті; даусы сондай үрейлі әрі ащы еді.

Жұрттың төбе шашы тік тұрды.

Құс мылтықтың ортасын омырып жіберіп, оқпанына екінші оқты сүңгіте берген Николай Николасвич жатын бөлмеден бері шығып келе жатты.

Қонақ бөлменің қақ ортасына келіп тұра қалған ол оқшантайды еденге лақтырып тастады. Мылтығының магазинін жапты.

– Бұл үйде сіздердің титтей де заттарың жоқ! – деді сонсоң, – Қанеки, кетіңіздер!

Қолындағы түйіншекті бұрышта үюлі жатқан ойыншықтардың үстіне лақтырып жіберіп, ағайындылардың кішісі шегіншектей берген; ойыншықтар жан-жаққа шашылып, бір-екеуі әлгінің аяқ астына дейін домалап келіп тоқтады. Көтерген аяғын еденге енді баса бергенінде, оның әр қимылын аңдып тұрған Николай Николаевич:

– Абайла, ойыншықты езіп кетерсің! – деді ескерту жасап.

Аурудан әбден әлсіреген ол «бөрі арығын білдірместің» керімен қалқып әзер тұрған, қосауыздың оқпаны қалтырап қоя берді.

Ауыз үйге шыға бере-ақ кемпір дауыс салып, зарланып ала жөнелді.

Кішкенеден соң гүр еткен мотор үні шықты, одан кейін жылдамдық ауыстырғыш қораптың қыр-сыр еткен дыбысы естілді де, шұқанақ-шұқанақ боп қатып жатқан шалшықтардың мұзын шытыр-шытыр сындырып, жүк машинасы жөнеле берді.

– Шынымен-ақ осылар бірге туған адамдар ма өзі?.. – деді кенет Наташа ұйқыдан тұрғандай таңырқап әрі ап-айқын етіп.

– Витяның бауырлары ғой... – жесір әйел ернін жыбыр еткізе салды.

1967

## БАҚЫТТЫҢ АЛТАЙЫ ТҮЛКІСІ

– СЕН газды өшірдің бе? – деді мамасы; өзі айнадағы кескініне соңғы рет көз қырын жарқ еткізе тастап қойып айтты бұл сөзді.

– Қорықпа, аша алмас, – деді папасы; бұл кезде ол галстугын мойнына тағып болып, енді есік көзінде оны күтіп тұр еді;

қолындағы қалпағы қоңыр көлеңкеде үлкен сұр мысық секілді көрінді.

– Ақылың бар ғой, жаным. Шамды өшіргің келмесе, жанып тұра берсін. Қорықпа ештеңеден... – Мамасының үсті-басынан опадалаптың, әтірдің хош иісі бұрқырап қоя берді.

– Жігіт қой, менің балам. Мен сендей кезімде ештеңеден де қорықпаушы едім. Ал сен тіпті дәу жігіт емессің бе?! – деп қойды папасы.

– Ой, құдай-ай, қойшы әрі мазамды алмай, – деді мамасы есік аузында бетінен шөп еткізіп сүйіп алған папасына, – олар бөлмеден шығып бара жатқан, сәлден кейін біржола кетіп тынды.

Бұл кезде Митя тосекте жатыр еді, сондықтан оларды шығарып сала алған жоқ: өйткені тәпшікелерінің де қайда қалғаны белгісіз, оларды тауып алып кнейін десе – жерге түсіп жалаң аяқ іздеуі керек, ал жалаң аяқ еденде жүруге ата-анасы әуелден рұқсат етпейтін.

Папасы мен мамасы есікті жауып шығып кеткен бойда, абажадай үйде бір өзі қалғанын сезген Митя өз-өзінен үрейлене бастады, – оңаша қалған соң-ақ қорқыныштың жетіп келерін ол алдын-ала білетін, солай болар-ау деп өзі күткен де; енді, міне, сол үрей мұны иектеп келе жатыр, – үйден шығып бара жатқандағы мамасының:

– Біз келгенде сен қалың ұйқының құшағында, тәтті-тәтті түс көріп жатуың керек! – деген сөзі – мұның жағдайын ойлаудан гөрі, өздерінің тезірек кеткендеріне қуанғаны секілді естілген; тіпті әңгімесінің аяқ жағында езу тартып күліп те еді, бірақ ол күлкі Митяның көңіліне жұбанып бола алмады.

Әне, бүкіл подъезді қаңғырықтырып сыртқы есік сарт ете қалды да, жым-жырт тыныштық орнады. Қалт еткен әрбір дыбысты аңдып жатқан баланың құлағына баспалдаққа тық-тық тиген биік өкше туфлидің дыбысы да, подъездегі есіктің ашылып-жабылғаны да анық жетіп жатқан. Енді бәрі де сап тыйылды, бірақ көпке дейін мамасының күлкісі ме, баспалдақпен түсіп бара жатқандардың аяқ тықыры ма... айтуы бір күңгірлеген дыбыстар баланың құлағында ызындап тұрды.

Ию-қию сол дыбыстар енді ызындап қана қоймай, түрленіп, өзгеріп, бірін-бірі басып, қаңғыр-күңгірге айналғаны сонша, бала бар даусымен бақырып жіберуге шақ қалды; бақырып та жіберер ме еді, өз даусын өзі естуге қорықты; сондықтан ол, корпесін тас бүркеніп алып, қай дыбыстың қайдан шыққанын, ненің дыбысы екенін анығырақ аңғару үшін аузын ашып, тың тыңдап жатты...



## Шығармалары. Төртінші том

Сол-ақ екен, кенет шо-кию дыбыс атаулы бет-бетіне шашырап, жан-жаққа тарап жоқ болды да, үрейінді ұшырған әлгіндегі түсініксіз қаңғыр-күңгірдің арасынан жатып бөлмедегі ескі қабырға сағаттың тық-тық соққан бірқалыпты тықылы жетті...

Осы тықыл бірте-бірте әлгіндегі үрейді айдап шыққан, бірақ қорқынышы түскір кері шегіндірілгенмен, біржола құрып кете қойған да жоқ; баланы сонадай жерден айналсоқтап, әлі аңдып жүрген сияқты. Митя қорғалақтай отырып, аяғын ақырын ғана төсектен төмен түсіре бастаған; жалаңаш аяғы кереует астындағы қою қараңғылықты сезуі мүң екен, тұла бойы дір етіп, тартып ала қойды. Сонсоң ол тағы да біраз тың тыңдап отырды да, ақыры тәуекелге бел буып, аяғын біржола төмен түсірді, көзі тарс жұмулы. Жалаңаш табаны астындағы тап-таза еден тағат-төзімге шақырғандай сап-салқын екен. Митя көзін ашпастан көрші бөлмедегі ескі сағаттың байсалды тық-тық дыбысын тыңдап біраз тұрды. Сосын ол тәпішкесін тауып алғысы келген, бірақ ол үшін осы үйдің үңірейген бұрыш-бұрышын, қараңғы қуыс-қалтарысын түгел тінтіп шығуы керек еді, өйтпейін десе – өзінің қорқатыны да сол қараңғы қуыстар мен үңірейген бұрыш-бұрыштар болатын; сондықтан қалтырап-дірілден әрең тұрған оның көзі тек жарық түсіп тұрған заттарға ғана тіреле берді. Сағат әлі бірқалыпты соғып тұр, соғып тұр... сол дыбыстан Митяның көңілі біршама орнығайын деді, өзіне-өзі келе бастады. Батылданып алғаны сонша, құдды қыл кеңірдегіне дейін қараңғылыққа көміліп бара жатқандай болғанына қарамастан, жүрелеп отыра кеткен; сол бойда тәпішкесі көзіне оттай басылды – кереуеттің тап астында тұр. Сол сәтте үлкен сағаттың бірқалыпты етене соғысын есінен шығарып алған ол, соның арасынша құлағына келген әлдеқандай бір шуылмен қоса, көңіліне ұялаған үрейден тәпішкесіне қолын сөзып ала қоюға жүрегі дауаламады. Тәпішкесінің біреуіне жарық түсіп-ақ тұр, екінші сынары ғана қаракөлеңкеде. Жарық жерде жатқан тәпішкесін Митя шап беріп тез тартып алды да, дереу аяғына сұқты. Екінші сынарын ойыншық мылтығының оқпанымен бері тартқан. Қабырғадағы сағат та оның бұл ісін құптағандай қатты-қатты соғып, көңіліне дем беріп тұрды; қолындағы мылтығы да қорқынышын женуге көп медет етті.

Мылтығын тас қылып ұстаған күйі демін ішіне тартып алған Митя секунд сайын жан-жағына алақ-жұлақ етумен үлкен бөлмеге

бас сұққан. Бұл жерде сағат тықылынан өзге дыбыс атаулы мүлде жоқ екен, тіпті қорқыныштың өзі бұл бөлмеге кіре алмапты. Қоңыр түсті ағаштан жасалған қорабының іші әрбір дыбысқа жаңғырығып қана қоймай, өз-өзінен зыңылдап тұрған мынау сағат – өрнекті циферблатының беті де, үш тармаққа орнатылған ауыр маятникі де, жебенің ұшындай сүйірлемін келген жұп-жұқа тілдеріне дейін алтын-жалатқандай сап-сары – әжесінің мынау ескі сағаты Митяға жоғарыдан, қабырғадағы өз орнынан қарап тұр. Мамасының керсуетіндегі көрпенің астына кіріп қымтанып алған Митя мылтығын жанына қойды да, көзін терезеге қадаған күйі жатты да қойды.

Көшенің қарсы бетіндегі көп қатарлы үлкен үйдің шамдары самаладай жарқырап тұр. Жарық нұр саулаған төрт бұрыштардың ішінде әрлі-берлі қозғалып жүрген адамдардың сұлбасы ербеңдейді. Терезелерінен бір көрініс, сол бойда қайтадан жоғалып кетіп жатқан әлгі адамдар Митяға әлдеқандай жұмбақ жандар секілді көрінді. Жалт етіп жоқ болып кеткен кезде де, енді қашан көрінер екен деп, тағатсыз күтін жатқанында да, ол әлгі адамдарды бітеу қабырғалардың ар жағынан-ақ көрсем-ау деп қиялдаумен болды.

...Ескі сағат бөлмені жаңғырықтыра зың-зың соғып тұр. Уақыт өтіп жатыр. Терезелер де бірінен соң бірі сөне бастаған. Ең жоғарғы қатарда шамы сөнбеген тек үш терезе ғана қалыпты, одан төменіректегі бірнеше қатардың әр жерінде бір от көрінеді, ең төменгі қатардың шамдары байқалмайды десе болғандай, әйтеуір өшірілмегені білініп тұр. Қабырғадағы сағат зыңылдаумен онды, сосын он бірді соқты; арасында жарты сағат өткенін білдіріп, бір рет «бом-м-м!» деп қойған, он бір болғанда дәл солайша он бір рет даңылдады; құдды ауада әлдеқандай бір жез көпіршіктер өз-өзінен пайда болып, сонсоң қайтадан жарылып кетіп жатқан секілді.

Мамасы мен папасы «кандидатты жуамыз» деп қонаққа кеткен кезде үйде жалғыз қалған алты жасар бала – Митя Глазоров қиялшыл әрі қорқақтау бүлдіршін еді. Баяғыда балалар бақшасынан – ол үй Митяға ылғи сары майға пісірген алып печеншельерден салынған секілді көрінетін – иә, сол үйден әкелінгеннен бері-ақ, ол өзінің қиялшыл да қорқақтау екенін білетін. Сол кезде-ақ оған «арнайы күтім» керек болды. «Арнайы күтімді» әжесі жақсы жасайтын. Автобуста ылғи жүрегі айнып кинала берген соң, оны әжесіне электричкамен алып барушы еді. Электричкаға мінуді

## Шығармалары. Төртінші том

оның өзі де жақсы көретін, тек бір қорқыныштысы – қарсы пойыз бұларға қарай ағып келе жатқанда жер-дүние шайқалып, іркістіркіс вагондар бұлардың тұсынан бірінен соң бірі бұлдырап зу-зу өтіп жататындығытұғын. Ондайда Митя көзін тарс жұмып алып, тым-тырыс бола қалатын, өйткені қаншама қорыққанмен, қарсы пойыз қастарынан қазір-ақ өтіп кететінін, сөйтін сыртқа қайтадан көз тастағанында: барлығы да бұрынғысынша ақырын қалқып қала беретінін ол кәміл білетін. «Әжесінің ауылы»– перроннан бірден басталушы еді; пойыздан түскен бойда қалың шөптің арасында суыртпақталып жатқан сан тарау соқпақтар ұшырасады; соның қайсысына түссең де, әжесінікіне апаратын үлкен жолға жетелейді. Митя сол соқпақтардың біріне түсіп алып, ылғи ілгері озып кететін; әжесіне баруға асыққандықтан ғана емес, бұл жерде арқа сүйер адамы барлықтан және өзін емін-еркін, осы үйдің әрі батыл, әрі кеңпейілді несі секілді сезінетіндіктен сөйтуші ед. Бұл жердің әрбір үйі, әр дуалы, ешкісі мен итіне дейін бұған танысты. Әсіресе, сабалақ-сабалақ қоңілді иттері қатты ұнайтын, бір кесек қантты көрсетсең – аспанға секіреді, әуеге лақтырсаң – ауада қақиып алады, сонсоң әжесінің үйіне дейін мұның ізін иіскелеп еріп келеді. Кейінірек әжесі аяқ астынап бір жаққа жол жүріп кеткен, сол кеткеннен мол кетті. Оның ескі сағаты осында әкелініп, жатын бөлмедегі қабырғаға ілінді; күн сайын бұрап тұру керек екен, әйтпесе тоқтап қалатын көрінеді. Әжесі кетерінде «сағатым тоқтап қалмасын» деп қатты тапсырын кеткен-ау, шамасы.

Қарсыдағы үйдің терезелерінен көз алмай жатқан баланың қиялы шартарапты кезіп, ақыры осылай әжесіне қарай ойыса берді; мынау терезелер кенеттен қорсоқыр болып қалар-ау деп енді қорыққан да жоқ, тіпті солардың бірінің жарығында қашан қолбеңдеген көлеңке пайда болар екен деп күтпеді де. Бәлкім, сағат енді аз ғана уақыт осылайша бірқалыпты соға тұрғанында Митя ұйықтап та кетер ме еді, қайтер еді – бірақ кенет ішінде майда моншақтар шашылын кеткендей, сартылдап ала жөнелді де «даң-дұң» еткен дыбыс он екі рет қайталанды. Сағат салтанатты түрде бөлмені жаңғырықтыра даң-дұң еткен сайын күңгірлеген дыбыс Митяның кеудесінен өтіп, құйтақандай жүрегіне соғылады; сонсоң оның жаңғырығы ту қара бақайына дейін жетіп, енді тарай бергенінде, келесі соққының басы қайтадан жүрегіне кеп тіреледі. Сағат даң-дұң ұруын қойған; баланы қайтадан үрей

иектеді; жаңадан пайда болған мынау жым-жырт тыныштықтан әлгіндегі әжесі туралы тәтті ойы да үркіп кетіп, әлдеқайда ғайып болыпты. Митя жарық нұр саулаған терезелерді жанарымен қайта іздеген; жүрегі атқактай соғып, олардың мүлде азайып кеткенін аңдады. Сағаттың тағы да даң-дұң соғуын күтуіне тура келді оның; енді аз ғана тосса, әне-міне дегенше, соғарын да сезіп-ақ жатыр; соны сезуі мұң екен, көңілі сәл-пәл орнығайын деді. Тіпті өз бөлмесінің есігіне дейін жүгіріп барып, оны дереу жауып келуге де батылдық еткен. Әйтсе де соның арасынша зәресі зәр түбіне кетіп, күйтақандай жүрегі қайтадан бір уыс боп бүрісті де қалды. Бір жақсысы, үстелінің үстіндегі шамның көгілдір де күнгірт сәулесімен астасып, бар сұмдығын ішіне бүккен күйі, әлгі есіктен үңірейе қарап тұрған үрейлі қараңғылыққа жалтақ-жалтақ алаңдаудан құтылды әйтеуір; өзі жатқан мынау бөлмедегі жап-жарық әлемге әлгі қараңғылықтың енді бас сұға алмасы хақ.

Сағаттың даң-дұң соғуына әлі бірталай уақыт бар еді, кенет Митяның көзі шкафтың қасында, еденде үюлі тұрған кітапшаларға түсіп кеткенде, тағат-тозімі мүлде таусылғандай болды. Бұл кітапшалардың бәрі – өзінің ескі кітапшаларытұғын, ол мұның барлығын оқып тауысқан болатын. Әрқайсысын жеке-жеке түстеп берер еді; керек десең, бәрін дерлік жатқа соғатын. Пушкиннің ертегілері, «Қызыл телпек», «Акку-қаздар», «Тәмпіш мұрын» мен «Ағайынды қаракшылар» – бәрі осында; ағайынды қаракшылардың ұсқындарының жаманы соншалық, бала олардың мұқабалағы кісі шошырлық сықныттарын төмен қарай тоңкеріп қойған болатын. Шіркін «Ербең құлақ ақ қоян», «Түлкі, түлкі, Түлкішек», «Шайырдан сокқан Сайтан бала» туралы Римус ағайдың ертегілеріне жететіні жоқ қой. «Қазір мынау бұршаққа толтырамын құрсақты», – деп Митя көмекейімен гүжілдеп қойды. Ешқайсысын оқымай-ақ, – ол әлі жүргізіп оқи алмайтын, Митя кітаптарының бетін парактап аударыстыра бастаған; сол-ақ екен, әрбір беттің сөзі де, суреттері де көңілінде сайрап қоя берді. Түлкішек туысқанды көргенде – әжесінің түлкі жағалы ішігінің жылуы мен темір тордың ішінде сылаң қаққан екі түлкінің кескіні көз алдына келсе; Ербең құлақ ақ Қоян дегенін – өзі аппақ, көзі қып-қызыл; сүп-сүйкімді тұмсығының ұшы да қызылшақа; күн көрінетіндей жұп-жұқа қалқиған құлағының қан тамырлары тарам-тарам болып кеткен кәдуілгі белгілі Қорқақ екені ойына оралды.

## Шығармалары. Төртінші том

Кітапшалар оны қаумалай қоршап алған; кереуетінің үстінде де, еденде де жатқан солар... жұқасы да, қалыңы да; бүтіні де, жыртығы да; жақсы көретіні де, онша ұнатпайтыны да – бәрі-бәрі жиылып алып, төңірегінен анталай қарап, андыздап тұр, әрқайсысы өзінше бір әлем...

Ербең құлақ ақ Қоян да, Түлкішек туысқан да тіршілік етіп жатқан, тек жақсылық пен ізгілік қана салтанат құратын сол ғажайып оқиғалар әлеміне өзінің жапына жақын әрі түп-түсінікті мынау әлемге – ертегілер дүниесіне сүңгіген сайын, бала қорқыныш атаулыны мүлде ұмытып, көзінің қиығы шалып қалған терезе жақтағы әлдеқандай бір ағараңдаған нәрсенің кимылына енді еш қорқыныш-үркінішсіз қарады...

Бақса, терезеге түлкі-түлкі Түлкішектің өзі келіп тұр! Алтайы қызыл Түлкішек үйдің ішіне үңіле қарап қояды. Көзі жанып бара жатыр. Терезенің әйнегін жоғарыдан томен қарай тұмсығымен бір сүзіп шықты да, ішке кіргісі келгендей қозғалақтап барып, қайта тынышталды. Осы сәт шұбалтып жіберген құйрығы, тіпті сол құйрығының ұшындағы бір тұтам ақ үлпек жүніне дейін ап-айқын көрініп қалды...

Түлкішектің түн ортасында, мүлде ойламаған жерден жетіп келгеніне бала түк таңырқаған жоқ. Таңырқайтындай да дәнencesі жоқ, терезенің алдына Түлкішек келсе, оның несі таңсық екен, келді – болды. Дәу Алтайы Түлкі! Бәлкім, Митя ашушан да шақарлау, әсершіл де қиялшыл-ақ бала шығар, әйтсе де ол да әлі бала ғой. Түлкішек дегеннің – Түлкішек екеніне, оның дәл мынандай болатынына ол еш күмәнданған жоқ; керек десеңіз, сол Түлкішектің көзі оттай жанып, қазір келіп тұрған жері – мынау терезе осы үйдің ең үстіңгі алтыншы қабатында екенін де ол осы сәтте ойына алған емес.

Жә, мына келіп тұрған Түлкі, бәлкім, ертегідегі Түлкішек туысқанның тап өзі емес-ақ шығар; бірақ бұл да тегіннен-тегін келіп тұрған жоқ, әрине, өзгеге емес, мынау Митяға келіп тұр ол; сырт болса – тастай қараңғы, Түлкішектің ішке кіргісі, Митяның қасына келгісі келіп тұр, сондықтан бұл қайткенде де бір қарекет жасауы керек қой.

«Құйрығын-ай, құлағын-ай, менен көз алмай қарайды өзі!» – деп ойлады Митя.

Осы кезде Түлкі мойнын бұрып, түү төмендегі құрдым

қараңғылыққа көз тіккен. Не істеуі керектігін Митя ұға қойды. Дерееу терезеге ұмтылған. Түлкі түк қорыққан жоқ, қайта тырмыса күшеніп, терезенің жақтауын ашпақ болып жан ұшыра қимылдап жатқан Митяның әр қозғалысын қалт жібермей, көзі жарқыраған күйінде жоғарыға қарап, қадағалап отыр. Жоғарғы тиек бұралды! Теменгі тиек те айналдырылды! Ішкі кәсекті ашқан – міне, жалаң қабат әйнекке жұп-жұмсақ бүйірін тақап, Түлкінің өзі де қасында тұр. Тағы да екі тиек ағытылып, терезе түгел ашылғанда да, Түлкі түк сескенген жоқ. Митя оның үстін сипалауға бата алмады, бар болғаны – кәсекті шалқайта ашып, сырттан саулай құйылған сап-салқын қараңғылықты да елең қылмастан, сәл шегіншектеп қана тұрды.

– Қанеки, кіре ғой! Кір, Түлкішек! – О, ол «түлкішек» депті ғой, ал өз ойынша: «Кір, Түлкі туысқан!» демекші еді, – жай ғана Түлкішек туысқанды ұялтпағысы келгені ғой, оның бұл келісінің мәнісін Митя түсінеді, әрине.

Түлкішек туысқан қараңғылықтан бір адым бері аттап, алдыңғы аяқтарын Митяның аяғының қасына, терезенің алдындағы жалпақ тақтайға басты да, бөлме ішіне көз салып тұрып қалды; сонсоң баланың жалаң аяғымен жолақ-жолақ жұқа шалбарының балағынан иіскелеп қойып, басын көтеріп алды да, әлденеге риза болғандай нұр шашқан көзімен оның жүзіне мейірлене қарады.

Тегіннен-тегін жүрген Түлкі емес болды, бұл.

– Кел, кел, үйде ешкім жоқ! Сәл күте тұрсаң, қазір мамам мен папам да келеді!

Түлкішек қозғалмады. Митя өзі кереуетіне шығып алды да, Түлкішекке «келсеңші», «терезенің алдынан кереуетке секіріп шықсаңшы» дегендей, қолын бұлғап қойып:

– Келсеңші енді! – деді тағы да.

Соның арасынша сан-сапалақ ой санасынан құйындай жөңкіліп өте шықты: ертең күллі достары да, мамасы мен папасы да бұған Түлкішектің келгеніне қалайша таң-тамаша қалатынын көз алдына елестетті; «Бәлкім, Түлкішек туысқан біздің үйде бірге тұрғысы келетін шығар, сөйтіп екеуміз айырылмастай дос болып та кетерміз» деп те ойлады; осы ойын аяқтап үлгергенше Түлкішекті өзі сұмдық жақсы көріп қалып, адамзаттың арасында Түлкі атаулының жалғыз досы болатын болса, сол ең сенімді жаңқияр досы – тек өзі ғана секілді көрінді оған. Басын осындай

Шығармалары. Төртінші том

сан-сапалақ ой шырмағанмен, бала оның бірде-бірін жаңа досына айтуға үлгерген жоқ, бар болғаны – Түлкішектен көз айырмай, оның бүкіл болмыс-бітімін; алтайы қызыл түгін, ұшқын ата жарқыраған көзін – бәрі-бәрін есіне сақтап қалуға тырысты, сөйтіп отырып: «Келсеңші енді, кел, ештеденен қорықпа!» – деп қайталай берді, әйтсе де Түлкішек үйге де кірмей, мұның сөзін елең де қылмай, кұр әншейін көзі жарқырап, терезенің алдындағы жалпақ тақтай үстінде қыбыр етпестен карап тұрғаны – оған керек сөзді дәл тауып айта алмай отырғандығынан екенін де білді.

Сағат данғыр-дұңғыр ете калған; Түлкішек ыршып барып, терезенің алдынан әрменірек, қараңғылау жерге шегініп отырды. Ту төменде, подъездің сыртқы есігі сарт етіп ашылып, сарт етіп қайта жабылды.

– Мінеки, қазір мамам мен папам да келеді. Ішке кірсеңші енді! Олар да қуанады сенің келгеніңе! Керек десен, сенің бізбен бірге тұруынды өтінейін мен олардан? Біз саған әдемі үй салып берейік! Сонда сен біздің ітімізге ұксап бірге тұра бересің, жарай ма? Ит туралы сөз аузынан шығып кеткеніне жаман қысылып, қып-қызыл боп кетті. Көзі де тайғанақтай берді. Айтайын дегені ол емес-ті, қайта екеуі мұның бөлмесінде қалайша тату-тәтті бірге тұратынын, досына жылы болу үшін батареяның қасына жұп-жұмсақ жолақ төсеніш төсейтінін, мойнына әдемі қарғы бау тағып қоятынын әңгімелемек болған. Иә-иә, иті секілді емес, досындай бірге тұратынын айтпақшы еді!

– Біз сені жақсы көретін боламыз! – Дегенмен Түлкі бұрынғыдан бетер шегіншектей түскен, тырнағы тиген терезе жақтауының қаңылтыры қаңғырлап қоя берді.

Соның арасынша ағылшын құлпының тиегі тырс ете қалып еді, онымен қосақабат пәтердің есігі де құлақ тұндыра сарт етті.

– Ақырын! Құдай үшін, абайласаңшы! – қабақ шыта сөйлеген мамасының мазасыз үні естілді.

– Мама! Папа! – деді Митя айқайлап, ол тағы да бірдеңелер айтып, ата-анасын көмекке шақырмақ болған; бірақ аузы аңқайып тұрды да қалды: ашық терезе алдында отырған Түлкішек кенет шорт бұрылып алды да, құйрығын бір бұлаң еткізіп, тырнағымен қаңылтырды қаңғырлатқан күйі қараңғылыққа сіңіп, ғайып болды да кетті...

Мамасы мен папасы сүріне-қабына жүгіріп келгенде айқара

ашылған терезенің ар жағындағы тастай қараңғылыққа тесірейе караған Митя кереуетінің үстінде жалаң аяқ, жалаң бас еңіреп тұр еді, беті-аузын жас жуып бара жатты.

– Тәңірім-ай! Не болды, Митяжан! – Мамасы дереу терезені жабуға ұмтылған.

– Тиме! Жаппа терезені! – деп бақырды Митя. – Жаппа дедім ғой мен саған! Ар жағында Түлкішек туысқан бар! Не істедің сен! – Терезеге қарай бұл да ұмтылып еді, аяғы көрпеге оратылып, кереует үстіне жалп ете қалды.

Содан ол коймастан ал кеп бір бақырды дейсің; бақырып жатыр, бақырып жатыр... өмірі бүйтіп шыр-пыр боп шырқырап көрмеген шығар, сірә; мамасы асып-сасып терезені жауып, папасы оның қарысып қалған жағын қалтыраған қолымен әрең ашып, тісінің арасынан аузына қасықпен валерьянка құйғанша бала сол шырқырағанынан бір таңған жоқ...

Әлден уақытта Митя ұйықтап кетті.

Әкесі галстугын мойнынан жұлып алды. Пиджагын да шешіп, жұмарлаған күйінде бұрышқа қарай жытырды; сонсоң мастығынан айыққан әрі әбден шаршаған ол кереуеттің жанындағы ұсақ кітапшалар үйіндісінің үстіне сылқ етіп отыра кетті.

Қазір ғана көзі ілініп кеткен баласының үстіне еңкейіп, ұлының айғыз-айғыз жас жуған жүзінен әлгінде неге сонша шырқырағанының себебін ұққысы келгендей, анасы оның бет-аузына үніліп отыр.

– Осындай бір бәлеге ұрынағынымызды күні бұрын біліп ем ғой мен! Үйге қайтайық деп қақсағанымда, тыңдадың ба! Енді кішкене кешіккенімізде қасқайып қаламыз екен! Енді кішкене кешіккенімізде!..

– Доғар! Доғар дедім ғой мен саған! – деді отағасы ысылдап. – Еңіреме деп қашанғы айтам осы... мен саған, ә?

Олар көпке дейін ұйықтаған жоқ, үн-түнсіз отырды да қойды, ара-тұра бір-біріне оқты көзбен жауыға қарайды.

Біраздан соң Митяны өзінің бөлмесіне апармақ болып әкесі көтеріп алған, ойыншық мылтықты алып, оның ізінен шешесі де ерді.

Түсінде әлдекімдермен арпалысып, көрпесін жан-жаққа тепкілеп жатқан ұлдарынан көз алмаған күйі екеуі кереует қасында тапжылмастан ұзақ тұрды, балаларының алдында әлдеқалай



## Шығармалары. Төртінші том

жіберіп алған кінәларын осылайша жуып-шаймақшы болған секілді.

Митяның бөлмесінде тапжылмастан ұзақ уақыт үнсіз тұрғандары екеуін қайта татуластырған; олар әлгіндегі қатты сөздерін бір-біріне кешірісіп, енді өздері әлі ұғып бомаған әлдеқандай бір үлкен нәрседен мықты қателік жібергендеріне әрқайсысы жекелей де, бірігіп те кінәлі екендерін іштей мойындап жатты. Бұлынғыр танның бұлдыр сәулесі терезеден қылаң бергенде, төсекке әрең жамбасы тиген олар енді жайғасып жата бергенде, әкесі:

– Әлгінде айтып жатқаны қайдағы Түлкішек? – деді аң-таң болып. – Түкке түсінсем бұйырмасын!

– Түлкішек туысқан, – деп түзетті оны шешесі. – Ол айқайлағанда: «Түлкішек туысқан!..», – деді ғой.

*1964 ж.*

## НІДРОМАЛЛИС СТЕЛЛЕРІ

– ОСЫЛАЙША жүріп жатырмын дейсің ғой, баяғы... – дедім мен тағы қайталап; әйтеуір бірдене деу үшін, жай ғана айта салғанмын мұны. Бұл туралы әңгіме қозғаудың қажеті де жоқ еді, онсыз да бәр-бәрі белгілі жайт-тұғын.

– Осылайша жүріп жатырмын, – деді, ол да кінәлі жандай төмен қарап.

Оның дәл осындай қыз екені, түбі әлдеқандай бір бәлеге ұрынуға тиіс екендігі әу баста-ақ, біз оны алғаш көргенімізде бірден белгілі болған-ды. Курсымыздағы оның өзіндік орны да сол бір көргеннен-ақ қалдырған әсеріне байланысты қалыптасты.

Сабактың басталуына сәл кешігіп келген ол былайғы жұрт бір-бірімен әлдеқашан танысып болып, кейбіреулер тіпті асығыстау достасып үлгерген кезде, – сөйтіп туып өскен жерлерінің географиялық орнына, негізінен жерлестік ыңғайларына қарай: ішкі россиялық, батыссібірлік, шығыссібірлік және қиыршығыстықтар болып, өздерінше ұсақ-ұсақ топтарға бөлініп қойған шақта, – бізге елдің ең соңынан қосылған-ды; қиыршығыстықтар небары бір-екі ғана бала еді, бірақ сан жағынан аздығына қарамастан, әлгі балалар Анадырь, Магадан және Уэллен дегенде аузынды ашқызып, көзінді жұмғызатындықтан, біз оларды еріксіз құрметтеуге мәжбүр

болдык. Бұлардан басқа, Еуропаның теріскей жағынан келген үш жігіт те ерекше көзге түсті...

Енді, міне, жалғыз қыз! Жалғыз да болса, бір өзі – бір курстың жіңішке жолды жартысы! Сондықтан жұрт оның келуін тағатсыздана тосқан – «жартымызға» күллі курстың көңілі сұлқ түсіп қалды...

Сол күні анатомиядан бірінші сабақ басталғалы жатқанда, аудиторияға нән қыз кіріп келген – «Кескінсіз екен!» болды, жұрттың барлығының бір жерден шыққан ойы. Қыз болса даусын көтере амандасты да, терезенің алдына барып жайғасты.

Көріксіз екені көріксіз-ақ қыз. Кісіге үрке қарайтын именшек көзі өз-өзінен тасырайып тұр. Кіріп келген бетте сол тасырайған көзімен маған да, басқаларға да, әйтеуір сол жерде тұрған жігіттердің бәріне де бір-бір жәутендей қарап, ұмсынып қалғандай болды. Қарайды да кідіреді, қарайды да кідіреді. Ақыры, терезенің алдындағы оңаша орынға барып отырды.

Қазірдің өзінде ірі сүйекті, денесі іркілдектеу бұл қыз күндердің күнінде құшақ жетпестей толысуға тиіс болатын.

Шынында, жойдасыз жуанданты; мінеки, аяғын еркектерше алшайтып жіберіп, май басқан жалпақ бөкесі етегін жыртып жіберуге шақ қалып, тігісінен тыре-тыре сөгілуге дайын тұрған сол етегінің үстіне быртқан мықыр саусақтарын қойған күйі менің қарсы алдымда отыр.

Бұрын да амандасқанымызда қолы бүйен секілді бып-был-кылдақ болып, ірк-ірк етіп тұратын; бірақ біз әу бастан-ақ оны қыз екен-ау, бұған обал болар-ау дегенді ешқашан ойлаған емеспіз, қайта қасымыздағы көп жігіттердің бірі секілді, қолымыздағы күрегімізді алдымен соған ұсынушы едік. Оның он екінші калибрлі мылтығы – «жайсаң жігіттей» жұтынын тұрған әдемі «зауәрі» бар болатын – мынау быртық саусақтарға соның өзін қимайтынбыз...

– Аңшы болар азаматыңды көрсетпеймісің.

– Ол қазір материкте, шешемнің қолында тұрады, бұл жақта витамин жетіспейді ғой.

– Аңға шығуға жарап қалған шығар ендігі? – мен қабырғада ілулі тұрған ойыншық мылтықты негіммен меңзеп қойдым.

– Шығады ғой.

Осы әңгімені бекер-ақ бастадым білем, одан да бірер рюмке коньякті тастап алып, бірге оқыған жігіттер жайында сұрағаным дұрыс болатын-ақ еді. Елжіреуік сарынға түсеміз-ау енді.

Шығармалары. Төртінші том

– Дүкендерің нешеге дейін істеуші еді?

– Ұмытып кетішпін ғой, Жора-ау. Өткен жолы әкелінгеннен алып қойған үш брендіім бар екен ғой; онымды өзім де ұмытып кеткен екенмін, жақында қайтадан тауып алдым. Сол құрғырды ішейін десең де, бөлісетін құдайдың пендесі жоқ мұнда.

Тұла бойы ірк-ірк етіп орнынан тұрған ол жуан бөксесін бұлт-бұлт қозғап барып, дереу есік көзінде тұтулы тұрған жолақ-жолақ түйе жүн көрпенің ар жағына тасаланды.

Сол көрпеге қарап отырып, мен кенет: «Бұл қыз ертелі-кеш кереуетінде жатып алып, мынау түйе жүн көрпенің төрт бұрышты жолағынан, аязды күндерде оның жиегіне тұрған қыраудан көз алмай, жым-жырт тыныштыққа құлақ тіккен күйі жататын да қоятын шығар», – деп ойладым; сонда құлаққа ұрған танадай тыныштық есікке тұтқан көрпені көміп, бейнебір түтін секілді ме, тұман сықылды ма, өрлеп келе жатағын да, ал кеп тұншықтыратын сосын... Ондай тыныштықты мен өз басымнан да өткергем...

Промхоз берген абажадай үлкен үйде бір қыс бойы бір өзім тұрған кезімде менің де дәл осындай көрпем болған. Ол үйді мен тұрақты мекен-жайыма айналдыруға тырысқан да жоқпын, бар болғаны – қаңыраған үйдің қаптаған есіктеріне бір-бір көрпеден тұтып қойып, ең үлкен бөлменің есігін ашылмастай етіп шегелеп тастаған болатынмын; өйткені Краснояр өлкесінің солтүстігіндегі сол бір жаңадан салынған абажадай үлкен үйді тұрақты мекеніне айналдыруға тиісті, сөйтіп оны өздерінің жылы да жайлы ұясы етпекші отбасы – берекелі отбасы құралмады; сондықтан күз бен қысты әлгі үйдің ас үйінде әрең өткізіп, мен промхоздан осылай қарай, көптен бері бірге оқыған жолдастарым шақырып қоймай жүрген шығыс жаққа, теңіз бетке тартып кеткем...

Есікке тұтылған көрпенің ортасына ойыс түсіп, сыртқа қарай сорылып барды да, ар жағында аю келе жатқандай күмпиіп бері толықсыды; сол-ақ екен, оның бір шетінен күлімеіретен Моняның өзі де бірқырындай басып шыға келді. Қорғасын қағаздары жылтырап, жылы жерге кірген бетте булана жөнелген бөтелкелерді балаға ұқсатып кеудесіне қысып алынды.

Моника мәз-мейрам. Жердің бір қиян шетінде, құлақ естіп, көз көрмеген бір қиыр түкпірдегі елді мекенде маған қарап, мінеки, Моня Ташесва күліп тұр; тасырайған топ-томпақ көзі – баяғыда әрқайсымызға бір-бір боталай қараған, сөйтіп әрқайсымызға бір-

бір боталай қарап ұмысына берген күйінде біржола тоқтап қалған бадырақ көзі жылт-жылт етеді.

– Мона, сен өзің қолыңа берекет дарыған әйел екенсің ғой!

– Өлесі болғанша ішеіккіні бір, Жорка? Бірге туған бауырыңдай адаммен кейде өлгенше ішкің келеді екен. Сен өзің қу сүйектей қурап бітіпсің ғой. Бірақ сіндірдей созылып сыр бере қоймассың. Солай емес пе? Жә, ашыған қамырдан құр күмпінгеннен гөрі, – ол өзінше іркілдеген санын шапаттап қойып, сұраулы жүзбен қарап қалды, – қу сүйектей қурап тұрған арық болғанның өзі артық!

– Еркектердің көбі әйелдердің толықтығын жақсы көреді ғой!

– Қойшы, Жора, еркектердің нені жақсы көретінін бәрібір менен артық білмейсің. Одан да, әйда, оқсатып тұрып бір ішеік те, баяғы жақсы көретін әндеріміздің бәрін айтып шығайық.

– Қазір соның бірде-бірі есімде қалмапты-ау. Тек әлгі бір «Шанхай» дейтін ән бар еді ғой, соны ғана ұмытпапшың, онда да біздің кеменің боцманы аузынан тастамай айтып жүретіндіктен ғана жадымда қалыпты.

Мен біздің боцман туралы ойыма келген отірікті желдей естіріп, теңізшілер жайындағы бірер күлдіргі әңгімелерді де арасында қосып-қосып жібердім, сонсоң өзімнің қазіргі істеп жүрген жұмысым туралы ұзақ-сонар әңгімелеп, оны өзіміздің пароходқа қонаққа шақырдым.

– Қазір олар Олюторкаға кетті, сол жерден тері толы бөшкелерді тиіп алады да, қайтар жолда маған соғады. Мен сені жігіттеріммен таныстырайын, олар дегенің – кара көбейтін жүрген көп тобыр емес, кілең бір сайдың тасындай азаматтар. Бір-біреуіне ұқсайтын жері болсапы шіркіндердің.

Мона маған мүсіркеген көзбен қарап қойып, оқта-текте үлкен сарғыш рюмкеге бренди күйініп отырды.

– Сен бақытты адамсың ғой, Жорка. Сол баяғы Жорка күйінде, әлі күнге Жорка болып қалғаның да қойғаның; тек енді ешқашан Георгий бола алмайсың ба деп қорқам. Осылайша Жорка күйінде өтетін шығарсың дүниеден,

– Бір ретін табатын шығармын. Үйлене қалсам, әйелімнің Георгий Павлович деуін талап етпеймін бе ең болмаса. «Сәлематсыз ба, Георгий Павлович!», «Санарыңыз сәтті болсын, Георгий Павлович!», «Ақшаңызды алып тұруға сенім хат беріп кетуді ұмытпағайсыз, Георгий Павлович!», «Менің ашынамды балтамен

Шығармалары. Төртінші том

қорқытпаңыз, Георгий Павлович!», «Әйда, ың-жыңсыз айырылыса қоялық, Георгий Павлович!»

– Ақымақың сен, Жорка, ақымақ! Бағылың жоқ ақымақсың!

– Бір-біріміздің жарамыздың аузын тырнап қайтеміз, Мона, одан да ішейік те, бір-біріміздің маңдайымыздан сипаласайық, сосын әбден тойып алған соң, мынау қу медиендегі қурап тұрған мекеннің шетінен түсіп алып, шатақ шығарып қайтармыз.

– Бәрібір ақымақсың сен. Мен де есінен айырылған есалан шығармын. Бірақ менің басқа амалым болмады ғой. Сендердің бәрің мені ақымақ кордіңдер, ал менің ол кезде басқа лажым қалмаған-тұғын. Сендер әншейін айқайлағандарың болмаса, дәнецеден хабарсыз едіңдер, оның үстіне бәрің бірдей қойша маңырап келіп, біріңнің сөзінді бірің тыңдауға мұрша бермедіңдер де ақыры түкті де ұқпай қалдыңдар...

Менің де кінәм өзгелердікінен жеңіл емес еді. Біз, шынында, жан-жақтан кұр босқа қойша маңырап келгенімізді, сөйтіп кіл шуылдақ өзіміз бүлдірген осы бір келеңсіз істің зауалын күйеуімен оңаша қалған Монаның бір өзінің мойнына іліп кеткенімізді кейінірек, – болары болып, бояуы еңген кезде, – әрқайсымыз әр тұсқа шашырап кеткен соң барып, бір-ақ білдік. Оқып жүргенімізде балалықтан біржола арылуға институттың қабырғасы жібермесе, оқуды бітірген кезімізде бір-бірімізден жыраққа кетіп қалдық та, қол ұшын бере алмадық; сөйтіп әркім өзінің талабына қарай, жеке-жеке жүріп тірлік тауқыметінен әр қилы тағылым алуға мәжбүр болды. Жалпы алғанда, біздің жігіттердің көпшілігі-ақ өз бетінше өмір сүруге тез дағдыланып, икемділік танытып кетті-ау, тек маңдайынан қырсық арылмай қойған Мона ғана болды. Оның бағы жанып, жолы оңарылмасы әу баста-ақ, баяғыда біздің курстың балалары арасына бірінші күні келген кезінен белгілі болған-ды, сондықтан мұны сикім ойда жоқта тап келген қырсық деп есептей қойған да жоқ...

Асылы, біз оған сол кезде-ақ дөрекілеу болса да: «Көзінді сығырайтпа, Мона, көзінді сығырайтпа; бәрі бір біз білмейтін бәле жоқ; өзіңе ұнайды екен, несі бар, қойныңа ал да, құшақтап жата бер соны!» – деп, көңіліне демеу болатын кәдуілгі пендешілік уәж айтуымыз керек екен, содан басқа ештеңенің де қажеті жоқ еді оған.

Герка да көзі қап-қара, қара мұрты қиылған, күллі шығыс адамдары секілді ылғи ширғып жүретін, сырт көзге сүп-сүйкімді

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

жігіттұғын; өзінің туды-бітті сол қасиеттерінің бүкіл жиынтығын ол қандай құлыптаулы көңілді де қапысыз ашарлық кілт ретінде шебер пайдалана білуші еді. Жылпостау да жігіт еді сол Герка, бірақ қыздың өзіне де керегі сондай адам болса, – өз оттарына өздері күйсін, – біздің араласпауымыз-ақ керек-ті.

– Мұның дұрыс емес, Гера, – десті жұрт оған, таутеке қуып жүргенімізде. – Моня саған қуыршақ емес, кәдуілгі ет пен сүйектен жаралған адам ғой!

Біреулер гильзаны оқтағанда қолданылатын киіз тығынның қорабына да: «Моняны азапқа салма!» деп жазып кетіпті.

Бәріміз жиылып, бір күні оны қасықпен құйрыққа соқпақ та болдық.

Ал, дұрысында, оның бәр-бәрі табиғи нәрсе ғана еді. Қызуқанды жігіт Герка өзінің тасқындаған күш-қуатын қайда жіберерге білмей, көзі алақтап, күн сайын ертеңгілік аһ-үһ деп есі кететін де отыратын; әбден шыдамы таусылғанда сәкінің үстімен жүгіріп барып, ширманың ар жағында жападан-жалғыз ұйықтап жатқан қыздың тыныс алған демінің буына мас болып қайтушы еді. Осы әдетін ол үш ай бойы қоймады, сол дағдысын колхозға бір ай егін жинауға барғанымызда да тастаған жоқ. Әзіл-шынын араластырып қойып: «Құрысын, мұндай өмірге төзгенше, жынданып кеткеннің өзі артық шығар» дегенді Герканың өзі де талай ашық айтқан. Оның үстіне, бұл жігіттің қайткенмен де куртастар арасында терезесі тең жағдайға жете алмай жүргеніне, ешкім оны салиқалы адам санамайтынына Моня шыр-пыр болып, жаны ашитын да жүретін; жалпы, оның өзі аңшы ретінде де, – егер оны аңшы деп айтуға тұратын болса, – тек, әйтеуір санда бар, санатта жоқ, қара көбейткіштердің бірі еді. Асылы, ол кернейін тартып, – өзінің пешенесіне жазылған нәрсе де сол болатын, – жайына қарап жүретін-ақ адам, қайтерсің; бүкіл залда билеп жүрген қыз атаулының көзін эстрададан ала алмастай қылып, бір өзіне табындырып, жеке өзі жалғыз кернейді аңыратып тұру – қолы-ақ еді оның. Сол тұста джазда ойнаушы жігіттердің қыз алдында түү дегенде түкірігі жерге түспей тұрған шақ болатын. Ой, құдай-ай, қыздары несі, басқа институттардың бикештері біздің курс туралы әңгімелей қалғандарында: «Әлгі бір керемет джазист жігіті бар, қателеспесек, аты Гера болу керек, сол курс туралы айтып отырсыз ба?» – дегендерінде, айдарымыздан жел есіп қуана қой-

## Шығармалары. Төртінші том

масақ та, әлгі қыздар түгілі, біздің өзіміз де іштей оның музыкалық қабілетіне шек келтірген емеспіз.

Әйтсе де кернейін күндіз-түн аңыратып қоймаған соң, «Кернейін де, өзің де құры! Мына бәлесіңді орманға барып ұлытшы, басты ауыртпай...» – деп, біз оны кейде қуып та жіберетінбіз.

Миды ашытуын ол сонда да қоймайтын.

Жападан-жалғыз шырша тоғайына кіріп кеткен ол қоңыр кеште, мынау мүлгіген тоғай үстінде, иірі қараңғылығы қоюлана бастағанша сызылтып-сыңсытып мұнды бір әуендерді аңырататын келіп. Шырша тоғайының үстінде қалықтаған сол жалғыз керней үшін солисті танымайтын, білмейтін, мүлде бейтаныс басқа біреу тындаса ғой, шіркін!.. Окінішке орай, өзіміздің Герканың тіпті ішек қырындысына дейін белгілі еді бізге. Басқа жерде жүрсе, бәлкім, ол тіпті тәуір жігіт атанып та кетер ме еді, бірақ біздің арамьзда карабақыр ғұрлы құны жоқ-ты; ойткені, біздің қадір-құрмет тұтарымыз – кернейшілік емес, мүлде басқа ұғымдартұғын... Соны білетін Мона Герканың жүні жығылып, біржола бұзылып кетуіне жігіттердің оны бағаламағаны себеп болды деп ойлайды.

Қалың тоғай ішіндегі кара мұздай қолшікке суға түсіп алған біздер, енді Монаның да шомылып шығуын күтіп отырғанбыз. Герка кернейін үргілеп, Сан-Луи-блюздің саф таза әуенін аңыратып қоя берген. Таяу маңнан, әнеубір бұталардың ар жағынан, Монаның суды шалпылдатқаны естіліп тұрды. Еріккен жұртқа ермек керек, жігіттер бірін-бірі әрі итерін, бері жығып, өңшең еркек дөрекілеу кекесіп-мошқасып, күлкіге қарқ боп отырған, бір ұяның түлектеріндегі бірде-біріміз шашау шықпастан, бөле-жарылмастан, түп-тұтасымызбен «жолы жіңіше жартымызды» күтіп отырғанымыз – әрқайсымыздың-ақ көңілімізге жылылық ұялатып, өзді-өзіміз алысып-жұлысып, тай-құлындай тебісіп, тағутәтті ырғасып-жырғасып жатқанымыздың себебі де сол болатын...

– Қызық айтайын ба, бәр-бәрі сол қолға шомылған күні басталды ғой. Омырауымның мұп-мұздай екенін, анарымның адамды есінен тандыраллығын сол айтты маған. Суға шомылып жатыр едім, жаныма жетіп келді. Бір бұталардың тасасынан оқыс шықты өзі...

Бетке ұстарымызды қорлағаны үшін, Герканың құйрығын жалаңаштап қойып, қасықпен соғу керек деген ұсыныс түсті.

– Балалар-ау, мен үшін, ең болмаса бір рет мен үшін, тимендерші!

– Қасиетгі сезімдерімізді қорлағаны үшін сазайын тарттырамыз!

- Соғындар төбетті!
- Күйесін жұқтырғандардың күйрет қабырғасып!
- Ақымақтар өңшең, бәлкім, маған оның сөйткені ұнайтын шығар, кіл маубастар!
- Моңяға ұнап қалыпты-ай!

Тәңірім-ау, одан бері не заман, мінеки, сол Моңя енді маған жердің бір қиян шетінде ұшырасып, сарғыш рюмкеге бренди құйып беріп отыр. Өзі осы маңайдағы аңшылардан ақ аю мен полярдың ақ түлкісінің және көгілдір түлкінің, – поляр түлкісі кейде көгілдір түсті де бола береді, – терісін қабылдайды екен. Ақ аюды атуға тыйым салынған, әйтсе де «шабуыл жасаған кезінде қорғану үшін амалсыз атқан» деп хатқа түсіріп, әрбір теріні лажсыз шығындалған аңның есебіне кіргізіп, бұл жерде оны бәрібір ала беретін көрінеді. Соның бәрін қабылдайтын Моңя ғой; ақ аюдың терісін өз төріне бөстек қылып төсен қоюдың орнына, Моңяға әкеп тапсыратын тағы сондай бір ақымақ табыла қалса, бірер теріні одан сұрап алуға болатын шығар. Онсыз да сандаған аң терілерін аңшылар бірінен соң бірі әкеліп, күн сайын Мониканың аяғы астына үйіп тастап жатқан жоқ па; біздің Моңя болса, тау-төбе түлкі терілерін тізеден кешіп жүріп, өзінің сүйкей салды патша қолымен солардың әрқайсысына сойдақтатып квитанция жазып беріп жүргені... Қыстығүндері Моңя – күллі жағалаудың падишасы, сондықтан еркек атаулының бәрі, бірі қалмай, оған тарту-таралғы әкеліп тұрады. Сый-сиянаттарының дені – аң терілері, бірақ әйел атаулыдан Мониканың жалғыз өзінің осы жерде жүргенінің киюазын олар күллі жағалаудың қымбат терілерін жинап әкелсе де қайтара алар ма екен...

– Бәлкім, маған сөйткені ұнаған шығар! – деп шап-шап етті Моңя бетімізге.

Ал бұл кезде Герка ауладағы арахананың қасында қосауызын көлденен ұстап, өзінің еркектік намысын, жеңіскүмар желікке болса да – өз құлқының қандай болуына да өзі құқылы екендігін дәлелдеу үшін, қорғанысқа дайындалып тұрған-ды. Доңайбат қылып аспанға атпаса, сол сәтте адам ата алмайтынына иманым кәміл-ді. Керек десең, оны ортамызға сүйреп әкелу үшін, мен оның мылтығына қарсы құр қол баруға да даяр едім. Бірақ Моңя...

Моңя еркектерді әулие көретін.

Ал қазір материкте ұлым бар дейді, күндердің бір күнінде оның



Моняға не дейтінін бір құдай білсін. Не дегенінде, мұның шаруасы қанша, не айта алады ол бұған? Әуелі мұрнының боғын сүртіп алсын.

Моня біздің арамыздағы жалғыз қыз еді, бірақ біз оның жалғыздығын да, өзіміздің ешкімге білдірмей жүрген еркектік құпия сырларымызды соған ғана сеніп айтатынымызға оның қанағаттана қоймайтынын да, қаншама қимас досыңа ұқсатып одан ештеңе жасырмасаң да, бәрібір саған ол ешқашан толық риза болмайтынын да ескермеппіз. Біз оны ер бала санап кеткеніміз соншалық, тіпті бірде жігіттерге қосып, пединституттың қыздарын мерекелік кешімізге шақырушы делегацияның құрамына кіргізіп жіберілді. Мұның үстіне, ол ақ арақ ішетін. Аң қағуға да жігіттермен бірге шығып, біздікінен қалыспайтын зілдей қара жол қабын да өзі арқалайтын. Тек жұмыс киіміміз жырттылып қалғанда, терсіңді ковбойкамызды жамап-жасқау керек болғанда, яки асханаға кезекші боп бірінші рет баруға тура келіп қалғанда немесе кезектен тыс барудың жөні келіп қалғанда соған қықандап, жігіттер бір-бірімен төбелесер дәрежеге жеткенде ғана, Моня өзінің әйел жынысынан екенін білдіріп қалады. Сабактан сырғақсып, ылғи қашып жүретіндерге стипендия алып беретін де – Моня еді, не істейтінін кім білсін, әйтеуір деканның аяушылық сезімін оятып, мейірімін түсіруге келгенде шебер еді. Менің нигилист емес екенімді бюрода дәлелдеп шыққан да Моня болатын. Мұның өзі бір келеңсіз-ақ оқиға; мас болып жүргенімде институт комсомол комитетінің мүшесімен төбелесіп қалғам. Ту сыртымнан келіп, желкемнен жұлқып қалған жігіттің институт комсомол комитетінің мүшесі екенін мен қайдан білейін.

Беттен бірді пердім де жібердім.

– Еш жерге басыңды сұға алмастай билет бергізермін, бәлем, – деді ол маған, тісінің арасынан сыздана үн қатып.

– Олар бір-бірімен еркекше сөйлесті де қойды, – деді Моня бюрода. – Оның үстіне, Жорка ішіп алған екен. Мұнда тұрған ешқандай саяси астар жоқ.

– Мені қорлағаны – комсомолды қорлағаны! – деді, көзінің асты көкпеңбек болып кеткен жапа шегуші жігіт, бетін қолымен көлегейлеп тұрып.

– Бір жігіт екінші бір жігіттің көзін ісіріп жіберсе, соған да комсомол кінәлі ме екен?

Жігіттіктің шарты жайында біздің Моня қызу сөз сөйлеп кетті дейсің сосын. Моня еркектерді, жігіттіктің заңдарын ылғи әулие тұтатын. Біраздан соң басшылар дәлізге шыға тұруымды өтінді де, бюро менің тағдырымды оңаша шешуге кірісті.

Темекінің бірінен соң бірін бұрқыратып, мен сыртта күтіп тұрдым; «Қап, бәлем, бұдан былай аузыма бір тамшы арақ алсам ба...», – деп, соның арасынша өзіме өзім серт беріп те үлгердім; «Тіпті қазір бюроға кіріп барып аяқтарына жығылсам ба екен», – деп те ойлағанмын, бірақ осы кезде сыр-сыр ысырылған орындықтардың дыбысы мен Моняның еденді дүңк-дүңк басып келе жатқаны естілді де, кідіріп қалдым. Ол келе сала мойнымнан тас қып құшақтай кетті де, бетімнен шөп еткізіп сүйіп алды; қарасам, көзінің кемері жасқа толып, жәудіреп тұр екен. Маған әрі аяп, әрі күлімдей караған ол:

– Жігіттердің ара түскеніне мың мәртебе рақмет айт, – деді сол жәудіреген қалпы. – Қатаң сөгіспен құтылды.

Моня-ай, Моня...

– Моня, ол аң шаруашылығының маманы болып шығуға тиіс.

– Қайдам, Жора, асылық айтып қоям ба деп қорқа берем. Барым да, нарым да сол ғой, енді менің!

– Осыдан ұлды болдым бар ғой, бесігіне мылтық іліп, емізік орнына жаңа сойылған таутекенің бауырын аузына салармын-ау, бәлем.

– Сен теңізші емессің бе, Жорка? – деді ол, мынау жаңа ашқан жаңалығына өзі таңғалып.

– Мен – көкте де емес, жерде де емес – осы сөздің толық мағынасымен айтқанда, екеуінің ортасында жүрген адаммын. Қызылсырасам, боршалар етім – көк теңізде жүзіп жүр; сорпа-суды сағынсам, балығым – кит; ал олардың сүтқоректілер тобына жататынын жұрттың бәрі білетін шығар.

– Анатемна! – тіліп жіберемін, мүше-мүшеге бөлемін! – деп мәлімдеді, анатом өзінің кіріспе дәрісінің басында. Сонсоң жүзімізге барлай карап шықты да, күлімсіреп тұрып: – Меніңше, бұрын да бір рет айттым-ау дейім мұны сіздерге? – деді.

– Жоқ, айтқан жоқсыз! – деді Моня үзілді-кесілді.

Қаңқа сүйектердің басын құрап тұрған станокты өзіне қарай ақырын бұра беріп, анатом сұп-сұр болып кетті; сол-ақ екен, станокты тағы бір айналдырып жіберіп, шар ете қалды:

Шығармалары. Төртінші том

– Бұл неткен бейбастақтық! Атлантты қайда құртып жіберген-сіңдер? Мен сіздерден сұрап тұрмын ғой? Староста кім? Сайтанның сапалақтары өңшең! Семинаристер кілең! Препаратты ұрлап алған қайсысың! Бұл дегенің жексұрындық қой барып тұрған!

Түкке түсінбеген біз тым-тырыс отырып қалдық.

– Мұндай шалдуарлықтарынның шаңын қағармын мен! Бір сүйекке қарап бүкіл қаңқа туралы толық мағлұмат алғанды қайдан көрдіндер?! Осы бастан айтып қояйын, жеке-жеке жіліктерді ұрлағанмен, бәрібір одан түк пайда таппайсыңдар!

– Сіздің сүйектеріңізді біз ұрлаған жоқпыз! – деді Моня.

– Бұл қай курс өзі, қандай факультет?

– Аң шаруашылығының бірінші курсы!

– Аң шаруашылығынанбысыңдар? Бұл сіздердің кіріспе дәрістеріңіз ба еді?

– Иә, біз – аң шаруашылығы мамандарымыз, – деді, бәріміз үшін тағы да Моня.

– Демек, зоотехниктер ұрлаған болды-ау. – Анатома дереу сабағына түсіп, тіпті күлімдеп қойды, – Жә, ештеңе етпес, кезі келгенде бәрібір сендер де ұрлайсыңдар әлі, мынауым әзірше сондағы ұрсатынымның несиесі болсын. Тек осы бастан тағы да айтып қояйын, жеке-жеке жіліктерді ұрлағанмен, соған қарап тұтас қаңқа туралы толық түсінік ала алмайсыңдар. Не айтып тұрғанымды енді ұқтыңдар ма?

– Ұқтық, – деді Моня жайбарақат.

– Не ұқтыңыз, қарғам?

– Ұрлағасын, қаңқаны түп-тұтасымен, түгел ұрлау керек екенін!

– Аты-жөніңіз кім, қарғам?

– Моника.

– Аң шаруашылығының маманы болғыңыз келеді ғой?

– Иә, аң шаруашылығының маманы болмақпын.

– Сіз жүрек жұтқан батыл бикеш екенсіз, Моника.

Моника жүрек жұтқан батыл бикеш емес-ті. Әп дегеннен-ақ ол әлдеқалай Моня атанды да кетті.

«Омыртқалылар зоологиясы» атты ескі оқулық беттеріндегі суреттердің асты шимайланбағаны жоқ шығар, омыртқалы жанжануарлардың бәрінің де бас-басына адам аты қойылып, айдарлары тағылды. Омыртқалылар зоологиясын біз екінші курста өткенбіз, бұл кезде бір-бірімізді жақсы біліп болған шағымыз

ғой. Бас-басымызға «күдайдай табынарлық жан-жануарлар» емін-еркін-ақ жетті. Барлық оқулықтардағы тұқым-тұқияны әлдеқашан құрып кеткен Стеллердің су сиырының суреті астына мен: «Моня» деп жазып шықтым. Ал күллі орқоянның суреті астына Моняның қолымен: «Біздің Жора кашпай, корықсын ба?» деп жазылған болатын.

Екеуіміздің ойымыз ылғи бір жерден шығып, қабат өріліп отырды; есімізге алғанымыз да бірдей жайттар; үзіп-үзіп бір-екі ауыз сөз айтамыз да, тағы да өткен күндерге ойша берілеміз.

– Анатемна! Тіліп жіберемін, мүше-мүшеге бөлемін! – дейім мен.

– Бәрібір, бір бөтелке ішкеніңе қарап, бренди туралы толық мағлұмат алдым деп ойлауға болмайды, – дейді Моня, екеуіміз бір-бірімізге қарап күлеміз.

– Мен осы уақытқа дейін бренди ішіп көрген емес едім, арақ, коньяк қой біздікі. Жұпынылау тұрамыз.

– Дегенмен сен бірдене сұрағың келсе, қысылма, сұрай бер, – деді ол, екінші бөтелкеден бір-бір рюмке ішіп алған кезімізде.

– Иә, жігіттер маған хат жазған, бірақ ешқайсысы анығын білмейді. Біреулері «ол Краснодарда жұмыс жасап жүр» деп жазса, енді біреулері оны «Саха елінде тұрақтап қалған секілді еді ғой» деп жазады.

– Герка қазір Амур облысы жағында араққа салынып жүрген көрінеді, – деді Моня.

– Не дейді? – дедім мен шошып кетіп. – Мынау, шынында, адам айтса нанғысыз нәрсе екен. Өзі Герка болады да, өзі аяқ астынан араққа салынып кетеді дегенге кім сенер. Ол, асылы, не нәрсені де алағай да бұлағай қылуы мүмкін, бірақ енді ішімдікті тәуір көріп кетті деген!.. Тап сол істейтін нәрсе емес енді.

– Кәдуілгі маскүнемдіктің жолына біржола берілген көрінеді. Күндіз-түні ішеді-ішеді де, құлайды – бітпеген несі қалды сонда! – деді де, Моня жылап қоя берді.

Мен Моняның әне-міне жылап қоя берерін бағанадан бері іштей сезіп отырғанмын, мінеки, ақыры жылап та тынды; енді «қой!» дегенмен, қойғыза алармысың, қолдан келер шара жоқ,

Сарғыш рюмкеге қадала қарап біраз отырған соң, мен бөтелкенің қағазындағы жазуға да тағы едәуір шұқшидым. Сөлекеттеу салақтап кеткен омырауымен үстелге жатып алған Моня жылап

## Шығармалары. Төртінші том

жатыр, жылап жатыр... қолындағы сарғыш рюмке дір-дір етіп, шайқалған шарап дастарқанға төгілді.

– Жорка, сен білесің ғой, қатындар басын айналдырып, мәңгіртіп жібермегенде, жақсы-ақ жігіт емес пе еді ол. Жағдайы қиын-ақ шығар, бірақ енді ұрлық жасауға дейін барғаны не сұмдық? Әлгі салдақысымен Саха жакқа кетерінде қолының жымысқысы шыға бастады. Өзі сұлу жігіт қой, көрген қатындардың миы айналып қалатын; несін айта берем, әйел атаулы оны бір көргеннен ұнатып қалатынын өзің де білесің ғой. Өзі сұлу болса, көрікті жігіт болғанына кінәлі емес шығар енді. Маған үйленгісі келмеп-ақ еді. Сендер ғой, оны еріксіз көндірген. Ол сонысын дәлелдегісі келді кейін. Неге келістім мен сонда сендердің айтқандарына? Ең болмаса, анау ұл дүниеге келмес еді ғой.

– Моня, не болды саған, қойсаңшы енді, Моня! Ақыры бұлай боларын кім білген дейсің.

– Немене, мен бұл жакка ақша қуып келді деп ойлаймысың? Басым ауған жакка безіп кеткім келді менің. Қазір ешкімге хат та жазбаймын, біздің жігіттер қайда кеткенімнен де хабарсыз; керек десен, Владивостокта өтетін кеңеске де әдейі бармай қалып отырымын. Сол Герканың қырсығынан бәрі! Жұмысқа тұрғызындаршы деп Сахадағы жолдастарға сәлем айтқанмын. Әлгі қасындағысымен қоса, ол жүзіқара да өзімен бірге істейді. Көп ұзамай мойнына көп ақша ілініп қалыпты. Мына қызықты қара, тап соның алдында, мойнына ақша мініп қалмай тұрғанда, содан сәл-пәл бұрынырақ қой дейім, ол маған хат жазған. Төбе шашың тік тұрарлық, көп ақша. Хатты ашып кеп қалғанымда, қандай күйде болғанымды көз алдына елестете алармысың? Шалкамнан түсе жаздадым. Содан бар жиған-терген қаражатымды қалтама салып, поштаға барсам, жеделхат келіп тұр. «Ештеңе де керек емес, мен саған ештеңе жазған да жоқпын, ештеңе болған да жоқ». Ең болмаса, аяғына аты-жөнін де жазбапты. Кімнің алдында кекіреймек болғаны дейім-ау! Қара теңіздің жағажайына апарып құтыртып қойғанша, анау қатынының алдында шіренбей ме, мықты болса. Дегенмен, шыдай алмай, ақшаны салып жібердім. Бұл жерде оны бәрібір қайда шығындарыңды да білмейсің.

– Әлгінде «Краснодар жакта жүр» дегенді мен әуелі Владивостоктағы жігіттерден естігем. Директордың орынбасары болып істейді екен. Содан кейін қайда кеткенінен мүлде хабарсызбын.

– Одан кейін оны сол жерден де қуып жіберген. Әлгі салдақынның қырсығынан бір шатақ іске ұрынған екен. Бірақ ол жүзікара да тастап кетіпті байғұсты. Саудасы біткен адамды тастап кетпей неғылсын, кеткен де қалған.

– Әйелі тастап кеткен бе оны?

– Мен ғой оның тағдырын шырғалаңға салып қойған. Иә-нә, Жора, оның өмірін өкесітіп қойған – мына менмін, мен! Қарасайшы, албастыға ұксап отырысымды... ал ол болса – сұлу жігіт. Бірақ мен өйт-бүйт деп оның аяғына оралғы болған жерім де жоқ еді ғой; ойына не келсе, ол соны істей беретін; талай қатынның да соңынан салпақтады, демалыс сайын материкке де барып жүрді. Сөйтіп жүріп әлгінің қармағына іліккен ғой. Жұрттың бәрі қойша маңырап, одан теріс айналып кетті. Жалпы бар ғой, сендер, еркектер, өк дегенді білмейтін өгізден бетерсіңдер-ау, өгізден бетерсіңдер. Жолдас жігіттердің бәріне де хат жазды ол, бірақ ешқайсысы қасына алып, қамқорлық жасағысы келмеді. Бәрі де маған бүйректерінің бұратынын білдірген болады, бірақ ешқайсысы көмектеспейді. Сайтанның сапалағын да білмейсіңдер, сендер.

– Сен оны бекер сүйгенсің ғой. Моня. Герка сенің қалайтұғын адамың емес еді ғой.

– Сен оны білмейсің екен. Асылы, екеуміздің жаны жарасар жақсы жұп екенімізді оның өзі де тек мас кездерінде ғана сезген болу керек. Солай емес депші? Хатты да мас болып отырып жазған болу керек деп ойлаймын. Сау адамның ойына не келіп, не кететінін өзің де білесің ғой, есің жынып алған соң, менің алдымда аласарғысы келмей, әлгі жеделхатты жіберген.

– Ең болмаса адамға ұксап өз ақшасына ішіп кетуге де жарамаған адамнан не үміт, не қайыр. Арақ ішіп кеткенмен, ақылын ішіп кетпеу үшін, жаныңның жомарттығы секілді көп кісілік керек-ау.

– Сендер оны әу бастап-ақ жақтырмай-ақ қойдыңдар, сондықтан оның жүні жығылып, жүнжіп кетті.

– Өзі аңшы да емес еді ғой, – дедім мен үстемелеп. Моняның әлгі сөзіне келісуге болмайтын. – Ол біздің институтқа келмей-ақ қоюы керек еді. Кернейін тартып, өз бетінше жайына жүре бергені дұрыс болатын.

«Моняның әлгі сөзімен мүлде келісуге болмайды» деп ойладым мен қазір. Тіпті біздің бүкіл курс келіспес еді онымен; қазір қасында отырғасын, сол курстың ортақ пікірін осы жерде айту ең

## Шығармалары. Төртінші том

жақын деген адамның бірі – менің еншіме тиіп отыр және осы бір оқиғаның бүге-шігесін түгел білетіндерден бұл жағалауда қалған – екеуіміз ғана едік; бұған қоса, мұндай-мұндай жайлардан өзім де хабардар болғандықтан, осындай жағдайға ұшыраған адамның жай-күйін ұғынуға және оған қандай да бір болмасын ақыл-кеңес қосуға менің де қақым бартұғын; бұл құқты, Моңияның жай-күйін түсіне тұра, онымен келіспеу құқын маған берген – сонау бір кезде құралмай қалған, сөйтіп Краснояр өлкесінің солтүстік жағындағы бір абажадай үлкен қарағай үйді тұрақты мекен-жайына айналдыруға мүмкіндігі бола тұра, берекелі отбасы ете алмаған, сәтсіздеу отбасы жағдайым еді. Жә, тәніне жара түскен талайсыз сорлысын бірінен соң бірі шоқып, кетектің ішінде өлтіріп тастайтын тауық емеспіз ғой біз. Турасын айтсақ, Герка сықылды жыл-пос жігіттің жанында жүргенін кім де болса онша жақтыра қоймас еді, сондықтан ешкім онымен жолдас болғысы келмеді.

Біздің курсқа қайдан тап келгенін сайтан біле ме, әйтеуір аңшылықтың иісі де бармайтын еді өзінің мұрнына.

– Аңшы аңшы емес, жақсы жігіт, нашар жігіт! Бар болғаны – ол да өздеріндей адам ғана емес пе алдымен! Қайсысына сол жамандық істеп еді?

– Саған үйленгеннен кейін ол адам болуға тырысты-ақ. Ал жамандық істеу дегенге келетін болсақ, жазасын тартпай құтылып кететініне сене алмағандықтан, ондай іске қолы бармады, бұл жағын өзің де жақсы білесің.

– Егер сен баяғыда оның соңына түскеніңде, әкенді танытып атып кететін еді.

– Сайтанның сапалағын атар. Бұл жайында басқаша бір айтар әңгімем болса, әрине, мен майып тамызып-ақ айтып берер едім. Бірақ өтірік сөздің не қажеті бар, құр бөскім келмей отыр. Ал, дұрысына келсек, мен оған жалаңаш қолмен-ақ қарсы барып, ұстап әкелетін едім.

– Әрине, ол – өз орнын таппай түскен адам, біздің шуылдақтардың арасында көп жүрмей, кетуі керек еді.

– Қайда айдаса, сонда жүре беретін қара тобыр дегенің де бекер сөз, Моңя. Бар жазығымыз – пасықтықтың түп-тамырына үңіліп жатуға уақыты жоқ, кілең бір жаны да, тәні де әлі былғанбаған, саф таза, сайдың тасындай сатырлаған жігіттер едік. Қулық-сұмдық дегенді білмейтін, көңілдерінде титтей қылау жоқ,

кілен бір кіршіксіз балалар бір жерге жиналып қалыппыз, әйтеуір сол жылы.

– Ал мен сол пәленнің түп-тамырына үш жыл бойы үңіліп келдім. Үш жыл! – Жас айғыздаған жүзін жасырмастан Мөня маған тура қарады.

Кісіге қарағандағы түрі біртүрлі әлем-тапырық, мүлде жат еді қазір... бірақ осындай қарасты мен бұрын да бір рет көрген сияқтымын, таныс. Кенет... қарсы алдымда отырған Мөня – тіпті де біздің Мөня емес, өзі де, көзі де мүлде жат біреу секілді көрініп кетті... Ертеректе бір егде тартқан әйел маған дәл осылай қараған. Өзі соғыстан кейін жақын-жуықтарын жаңа тапқан адам екен, енді біресе солардың үйінде, біресе ауруханада жатып жүрді. Соғыстың басынан-аяғына дейін немістің концлагерьлерінде болған, одан кейін соғыс бітісімен ауруханаға түскен, сонда жатып алып, жан-жақтан жақын-жуықтарып іздеген әлгі әйел осыншама ұзақ уақыт бойы туған-туыскандарын бір көруге зар болып, санамен сарғайғаны соншалық, енді тек ауруханада жатпау үшін, тіпті алыс жамағайындарының қолына барып тұруға да пейіл еді. Сол егде әйел бір күні тап-таза тар ас үйде, қасындағы лала түстес көйлек киген қызыққұмар келіншектің тықақтап сұрауымен, бұдан жиырма жыл бұрын басынан кешкендерін аспай-саспай және бүгешігесіне дейін қалдырмай, егжей-тегжейлі әңгімелеп отырды. Сирень түстес көйлек киген келіншек оқта-текте күрсініп қойып, ұқпай қалғансыған тұстарын қайта сұрайды; кемпір болса, айтып отырғаны өз басынан өткен оқиғалар емес, құдды өзге біреудің хикаятындай-ақ, қабақ шығпастан, қайтадан асықпай жауап береді; кісіге қарағандағы қоз жанары біртүрлі бұлшыңғыр, мүлде жат еді оның... соған қарамастан ұзақ тұмырының ұсақ-түйегіне дейін ұмытпапты, тіпті әлдеқандай бір консервінің қызыл қалбырларына дейін қалдырмай айтып отырды...

– Жанын азаптап неге сұрай бересіз? – дедім ышқынып, бұдан әрі төзуге шыдамым жетпеген соң.

Аппақ болып жарқырап тұрған газ плитасының үстіндегі шәйнектің қақпағы сақырлай жөнелді, әңгімеге есі кетіп отырып менің даусымды естімей қалған сирень түстес көйлекті келіншек жұп-жұмсақ білегін созып, кранды бұрап қойды.

Кемпір әңгімесін қайта жалғады, бірақ енді тықақтап қоймай сұрап отырған құдды әлгі келіншек емес, мен секілді, бұл жолы жүзін маған бұрып сөйледі.



Мен сыртқа қарай ата жөнелдім. Кейінірек, кемпірдің әлгі әңгімесін де, кісіге есіріктене қарайтын жанарын да – бәр-бәрін мүлде ұмытқым келіп, барымша еске алмауға тырысқам, бірақ одан ештеңе өнбеді, санамда өмір бақи өшпестей болып, сол күйі қалып қойыпты.

– Қойшы енді, Моня!

– Мұнда келгесін маған оның не дегенін білесің бе? «Сенімен тым жақсы-ақ тұрғым келеді-ау, бірақ қолымнан келмей жүр. Тасырайған көзіңді көрсем болды, ит жыным құрысады» – деп, күн сайын, тіпті сағат сайын өшігеді де отырады. Герканың пасықтығы бір-ақ нәрседен: зауалдан, қара күшпен қайтарылуы мүмкін зауалдан ғана іштей сескенетін. Сол күш сендерде бар еді, содан қорыққандықтан ғана үйленді ол; сонсоң бір кездегі өзінің қорыққандықтан тыпыр еге алмай қалғанына ыза болып, өшін менен қайтарды да отырды, қайтарды да отырды. Поселкеде төрт жүздей адам бар, сол төрт жүз адамның қайсысынан сұрасаң да, менің көз алдымда ол көрінген әйелдің соңынан салпақтағанын кез келгені айтып бере алады. Бұл оның айызы қанатын негізгі шаруасы ғана. Бәрінің білетіні сол.

Осында бір фельдшер әйел болды, соның үйінде ол тіпті апта-лап жатып алатын. Кейін онысын жұртқа өзі жайып жүрді.

Моня менің бетіме қараған, жанарының жарығы екі көзімнің арасына ма, қабағымның түйіскен тұсына ма, әйтеуір бетімнің бір жеріне түсіп, жеңіл ғана сипап өткендей болды.

– Қабырғаның мына бір жерінде не ілулі тұрды деп ойлайсың? Мінеки, мына жерде өзінің фотосуреті болды, ал мына жерде «Зоология» оқулығынан кнылып алынған сурет ілулі тұрды; өзің талай астына өз қолыңмен жазу жазып қоятын суреттің қандай сурет екенін білетін шығарсың. Есіңде ме? Ол соны қабырғадағы өз фотосының қасына іліп қойды. Кейінірек үйге бір қонақтар келген, әлгі фельдшер әйел де бар іштерінде. Ол қабырғаға жақындап барды да: «Ал мынау тұрған әйеліміз екеуміз, – деді талтайып. – Бұл өзі – жер бетінде жалғыз қалған жан иесі, өйткені мұның ең соңғы тұқымдасын он тоғызыншы ғасырда опат қылған. Дюгон тектес бұл бір момын да жуас жануарлар сирек тұқымдастарға жатады. Қазір бәрі де құрып кеткен. Бұлар тістеуді де, тебуді де білмеген, тек жасаураған жылаңқы көздерімен қастарына келген адамдарға қарайтын да тұратын болған; ал шегірен етіктерін шылықтып май-

лау үшін, адамдар бұларды қыра беріпті!» Уһ, оның мені қалай қорлағанын, ең болмаса, сендердің біреуің көрсеңдер ғой...

– Моня, қойшы енді, бұл туралы айтуды қояйықшы, құрысын. Не көп – қала көп емес пе, солардың бірінде кездесу ұйымдас-тырайық, біздің көп-көп балалар жиналсын. Сөйтіп бір басымызды қосып, іштегі шерімізді тарқатысайық. Осы бар ғой, бір-бірімізді өлесі сағынған болуымыз керек.

Осы бір сөздерді өзім айтып отырғанмен, айтып отырған сөзімнің тым сөлекет әрі мардымсыз екенін өзім де сезіп-ақ отырдым.

– Қарашы, Жора, саған тіпті тыңдаудың өзі ауыр тиіп отыр. Әйда, «Шанхайды» айтайықшы... – Кенет есіне бірдене түсіп кеткендей әлде бірдене айтқысы келіп, соны ұмытып қалғандай, Моня тым-тырыс бола қалды.

Неге екенін қайдам, өз-өзімнен жанығып:

– ...Хош иісі бұрқыраған шай, шай, шай! – деп, өленді орта жерінен барқырап бастай жөнелгенімді ғана білем.

Моня қырылдап күшене ыныранды, сонсоң тірек-таяныш боларлық бірдене іздегендей ап-ауыр жуан қолы үстел үстін жағалай қармалап шыққан; сол қармалаған қолымен бірге дастарқан: оның үстінде тұрған тәрелкелер мен жартылай ішілген брендидің бөтелкесі де жылжи жөнелді; ең маңызды шаруа бөтелкені құлатпаудай-ақ, бір қолыммен соған ғана шап берген мен, екінші қолыммен Моняның еркектердікіндей кең жауырынынан айқара құшақтап, эрең сүйеп қалдым. Сол-ақ екен, бағанадан бері осыны ғана күтіп отырғандай-ақ, ол бар салмағымен кеудеме қисайып құлай кетті де, со бойда құлақ тұндырарлық қатты айқайға басты...

Құлатып алмау үшін, мен бір қолыммен Моняны тас қып құшақтап отырдым, екінші қолымда брендині әлі таусылмаған бөтелке бар еді, оны да тоғиш-шашпауға тырысып-ақ бақтым; бірақ бұл кезде әлдеқандай бір ең басты нәрсе бір қолымнан сусып кетіп, құрдымға құлап бара жатса, екінші қолымнан төмен қарай сорғалап ағып бара жатты... Оны тоқтатуға да, кідіртуге де менде шама жоқ-ты! Тіпті оны ешқайсысымыз, біздің бәріміз жабылғанда да, кідірте алмас едік! Мен қазір, бір жерге апару керек болса, Моняны тіпті алақаныма салып көтеріп алар едім; көтеріп алар едім де, қалаған жеріне апарар едім; қайда апарарымды өзім де білмейім, бірақ, әйтеуір оны бір жаққа әкету – өзімнің парызым екенін және

Шығармалары. Төртінші том

соған жететін қол күшімнің барын қазір анық сезіп тұрмын... Бірақ сонымен бірге, мен әлдеқандай бір ең басты нәрсені, – маған қол катуға болмайтын, өзім ұстап қала алмаған, сондықтан да менің қолымды жанай өтіп, бір жағымнан сорғалап ағып, бір қолымнан сусып шығып кетіп, ақтарылыл жатқан нәрсені, – кідіртуге де, тоқтатуға да дәрменсіз екенімді сездім...

Қолымнан келгені – бөтелкені үстел үстіне қойып, қос қолыммен Моняны тас қып құшақтау ғана болды...

Моня үстелді шайқап жіберген, бөтелке құлап түсті де, ішіндегісі дастарқанға ақтарылып қалды. Аппақ дастарқанның бетінде брендидің сарғыш табы ақырын-ақырын жайылып бара жатты...

Тастай қараңғы жерде, аю терісінің үстіне тастай салынған жұп-жұмсақ қалы кілемді астыма басып, шалқамнан жатырмын; бөстегі түскір иленбеген екен, қыбыр етсем болды – быт-шыт боп шатынап сынып кетердей, жамбасымның астында сақыр-сұқыр етеді.

Темекімді тартып, ойға шомып жатырмын. Енді аңдасам, ешқашан менде апа-қарындас деген болып көрмеген екен.

Сыртта әлдене біресе гүлдейді, біресе тысырлайды, қозғалғандай болады; құдды өзі дәу, өзі жұмсақ бірдене үйді ақырын ғана айналып, талыстай теріні дырылдатып сүйретіп жүрген сияқты.

Не істеген жөн, бәлкім, жігіттерге хат жазу керек шығар, Моняның жағдайы нашар екенін айтып, жан-жаққа хабар салған мақұл ма; көзі мүлде бұрынғыдай еместігін, әлденеге жанарының ауып кеткенін жазсам ба екен; хатта Моняның көз жанары бұзылып, кісіге қарағаны мүлде өзгеріп кеткенін хабарласам, расында, бәрі де бір-бір үршісіп қалатын шығар; сосын оны қайткенде де өзіміздің балалардың маңына жақындату керек, тіпті жігіттердің бірі промхозға жұмысқа алсын; оның жападан-жалғыз екенін, бұл жақта жас балаға витамин жетіспейтін болғандықтан, жалғыз ұлын да қасына әкеле алмай отырғанын баса айту қажет; мұның бәрі мүсіркеу емес, Моня өзіміздің адам ғой, керек десең, оның алдында бәріміз де қарыздармыз деуім жөн; енді сол қарызды өтейтін кез келгенін ескерту лазым; бәр-бәрін жазу керек-ау, жазу керек...

Жігіттердің бәріне хат жазып шығуға бел байлаған соң да, мен тынши алмадым, өйткені осының бәрі – хат жазғаным да, жігіттердің сөзсіз көмектесетінін де, қаптаған қалалардың біріне

жиылып, бәріміз бір жерде бас қосатынымыз, сөйтіп бір шер тарқатыса әңгімелесетініміз де, – небары аз ғана уақыт Моняның ойын бөліп, көңілін сергітуге ғана жарайтынын, мұның өзі – мықтағанда менің оны қос қолыммен тас қып құшақтап алып, құлатпай ұстап тұрғаным секілді ғана жалпылама көмек болатынын, иә, тек уақытша ғана көңілге демеу болатынын; бірақ одан ең басты нәрсе – Моня тартқан тақсирет түк те өзгермейтінін, өксікке толы өмірі қайтадан қалыбына келіп, баяғы базарлы да бақытты шағы қайта оралмайтынын өзім біліп те, сезіп те жаттым. Ал жанарында жанадан пайда болған есірік от – ертеректе егде тартқан бір әйелдің жанарынан көріп, енді соны Моняның да көзінен байқағанымда жанымды шошытқан жарқыл – танертең тағы да әлдеқалай менің жүзіме қадалуы мүмкін ғой... Онда не істей алармын. Өзге біреу қасирет шекпеу үшін, өз басына түспеген қасиретті қалай шегерсін... Әңгіменің бас-аяғы да, тұйыққа тірелер жерің де – осы ғой; ал әлгі біреу үйді ақырын ғана айналып, талыстай теріні дырылдатып әлі сүйреп жүр, сүйреп жүр...

Баяғы көлдің басында шашы су-су болып, Моня кенет бұталардың арасынан шыға келген. Біз дереу мылтықтарымызды аспанға қаратып жіберіп, бірімізден соң біріміз жапа-тармағай патырлаттық-ай келіп. Мәз-мейрам болған ол қуаныштан көзі жарк-жүрк етіп, жүгіріп қасымызға келді де: «Балалар-ау, балалар! Тағы да бір рет! Бәріміз қосылып атайықшы!» – деп, өзінің «зауэріне» патрондарды тез-тез сүңгітіп жіберді де, тоғай үстінде мүлгіген тып-тыныш аспанға қарай бізбен қосыла атып-атып қалды. Күрс-күрс мылтық даусынан кейін сәл сәтке күкірт дәрінің күлімсі иісі бұрқыраған жым-жырт тыныштық орнай қалып еді, құлаққа ұрған танадай сол тыныштыққа қарауытқан шырша тоғайының өзі құлақ түріп тына қалғандай болды...

– Қазір көлге пытыра жауады! Аспанға барып-барып бәрі де қайта оралады да, көлге жауады қазір!

Пытыра аспанға барып қайта оралады-ау, одан көлге кеп жауады-ау, – деген ешқайсымыздың ойымызда жоқтұғын, бірақ бұл Моняға әлдененің нышанындай көрініп тұр.

Күйеуі онымен жақсы тұра алмады, жақсы жігіт болғысы келді-ақ, әрине, бірақ бола алмады. Жақсы жігіт болуға әйелінің тасырайған көзі кедергі келтіре берді.

– Мен үшін, балалар-ау, ең болмаса бір рет мен үшін!

## Шығармалары. Төртінші том

Өз қателігімізді өзіміз түзете алмай, кейін бармақ шайнап өкінбес үшін, алдын-ала айтып қойғанда ғой, сәл-пәл ертерек айтып, ескертіп қойғанда... тек сәл ертерек айтқанда қайтер еді? Әлгі біреу үйді айналып тысыр-тысыр, дыр-дыр тулақ сүйреткенін бәрібір қояр емес... Тастай қараңғы бөлмеде жатқан мен қалайы қасықпен құйрыққа дүре соқсақ қалай болатынын қыбым қана көз алдыма елестеттім, қызынып алған біздің жігіттердің адыраңдаған көздері де ап-анық ойыма оралды, сөйте қалсақ, ешқайсысы қас қақпас та еді, шет қалмас та еді. Егер тұйықтан шығар жалғыз жол сол болып, біз соны ертерек істесек қой тек. Әлдекім үйді айнала дырылдатып тулақты әлі сүйреп жүр, сүйреп жүр...

Қоңыр кеште, қарауытып тұрған шырша тоғайының үстінде жалғыз ғана жез кернейдің мұнды үні қалықтайды. Сан-Луи-блюз. Ал Моника Ташеева, біздің Моня, курсымыздың жінішке жолды жартысы, алыс жағалаудағы аң терісінен жасалған өзінің лашығында шым-шытырық ауыр түс көріп, сол түсінде қазір де балаша өксіп-өксіп жылап жатқан да шығар.

*1966 ж.*

## СИҚЫРЛЫ СӨЗ

ҮЙЛЕРІ бір-ақ көшенің бойында ұбақ-шұбақ боп жататын сібірдің түнгі деревнясы.

Велосипедінің өлеусіреген шамы бір жанып, бір өшіп, тас жолдың бойында біреу ілбіп келе жатыр.

Қарауытқан үйлерді, қадау-қадау бағандардың басында жанып тұрған шамдарды артқа тастап, әлгі кісі енді, міне, есігінің алдына ең жарық лампа орнатылған колхоз кеңсесінің тұсынан өтіп барады. Селолық тұтынушылар қоғамы дүкенінің маңдайшасында да шақырайған шам жанып тұр, бірақ оның жарығы колхоз кеңсесінің алдындағы шамдыкінен күшті емес.

Велосипед тепкен әлгі кісі бір қолымен бағанға сүйене беріп, шақырайып тұрған шам жарығының астына тоқтай қалды. Милиционер екені осы кезде ғана білінді. Бір қолымен бағанды итеріп жіберіп барып, орнынан қайта қозғалып кеткен милиционер велосипедінің жылдамдығын зордың күшімен сәл-пәл арттырды да, моторын іске қосты. Мотор от ала беріп, қайта өшіп қалды...

Біраздан соң мотордың тағы да от ала беріп өшіп қалғаны, от ала беріп өшіп қалғаны естілді...

Клубтың ашық есігінен аулаға топырлаған адамдардың үстіне жарық сауылдай құйылып тұр. Сол сауылдаған жарықпен бірге есіктен «Цыганочканың» құйындай ұйтқыған сикырлы сазы сыртқа қарай қоса ақтарылып жатыр.

– Ой, жынды Кеха-ой!

– Биші-ау қасқан!

Милиционердің қол шамының жарығы ауланың қараңғылау бұрышында тұрған бір топ жігіттің бет-жүзін тінтіп өтті.

Солардың бірі тұрып:

– Ал қазір Кеханың әкесін танытады, атып тастауы да мүмкін мұның, – деді кекетіп.

Милиционер кең адымдап аулаға кірді де, сығылысып тұрған адамдардың арасымен есікке беттеді. Есік ашық, бірақ кірер ауызға ұзын үстел көлденең қойылған; үстел үстіне отырғыштар үйіліп, баррикада жасалыпты. Сол баррикаданың ар жағында есікке ту сыртын беріп баянист отыр, өзі «Цыганочканы» үсті-үстіне құтырта түседі.

Қаңыраған клубтың қак ортасында жападан-жалғыз Кеха ғана билеп жүр.

Оған немқұрайдылау қарап, бір бұрышта Нонка тұр; өзі шемішкесін шырт-шырт шағып, қабығын түкіріп қояды.

– Тағы да Рукосуев пе баяғы? – деді милиционер.

Гармоншы артына бұрылды да, иығын қикаң еткізген күйі күлімсіреп, баянын одан сайын құлаштай керді.

Милиционер баррикаданы итеріп қалған, орындықтар салдыр-гүлдір етіп жан-жаққа құлады.

Баянист опыр-топыр болған орындықтардан басын сағаттап әрең құтылғанмен, баянын тартуын тоқтатқан жоқ.

Қапылысты пайдаланып, Нонка есікке қарай ұмтылған, Кеха дереу қарсы алдына тұра қалды да, абайлап қана ақырын жетелеп, бұрыштағы орнына, ұзын отырғышқа қайта апарып отырғызды; сонсоң шашылып жатқан орындықтарды аяғымен әрлі-берлі итерген күйі, ұзын үстелдің қасына келді де, оны бұрынғы орнына итеріп, үстіне, тап милиционердің мұрнының астына, бір орындықты шокитып қойды; сөйтіп сәл тұрған соң, бидің бір оралымды тұсын тап басып таңдап алған ол майыса беріп, клуб ішінде

Шығармалары. Төртінші том

калықтаған мынау қызу қанды би әуенінің ырғағымен қайтадан ортаға қарай жылжи жөнелді.

Ақылдылық істеп, әлгі бір қауіпті сәтті асқындырмай өткізіп жіберген милиционер, енді жер қозғалса да қозғалмастай түнерген кейіппен отырғышты үстел үстінен ештеп қана алып былай қойды да, аяқты алшайтып жіберіп, екі қолын артына ұстаған күйі талтайып тұра қалды, сөйтіп біраз үндемей тұрған соң барып, басын шайқап қойып тіл қатты:

– Айтпады деме, Кеха! Осыныңның бірін қалдырмай, ісіңе бәрін тіркейім!

Жанжал шиеленіскен кездерде демдерін ішке тартып тына қалып тұрған жұртты күбір-күбір әңгіме мен шик-шиқ күлкіге қарқ қылып, жаман құлақшыны жапырайған бір шал олардың ту сырттарынан шыға келді. Суыққа шалынып қарайып кеткен қолындағы сабауын қыса ұстаған күйі Кеханы нұсқап:

– Тұра тұрсын, бәлем. – деді, – мұны ма, мұны... Рукосуиханы шақыруға адам жібердік қазір. Шешесі тарттырып жіберсін-ай мұны. Қыстырсын қызыл бұрышты құйрығына!

Милиционер қартқа бұрылып, кіржие сөйледі.

– Жұрттың көзінше... жағаласып жатуға ыңғайсызданып тұрғаным. Біраз күн су тегін жұмыс жасағысы келіп жүрген бала ғой бұл.

Кеха сарт та сұрт билеп жүр, екі езуі екі құлағында; көрермендеріне қарап күлімсірегені бір бөлек, иіліп-бүгіліп жік-жапар боп қалады. Еріксіз сүйсінесің биіне. Бұл жағына келгенде ол алдына адам салмайтын.

– Рукосуиханы шақыруға кеткен қыздар айналды-ау, – деп қояды шал.

Өкшесімен еденді сарт та сұрт, тарс та тұрс дүңкілдетіп, Кеха баррикадаға таянып келді де, милиционерді мазақ қылып, биге шақырып тұрып алды.

Құдды сыбайласындай-ақ, шал милиционердің құлағына аузын тақай сөйлеп жатыр.

– Қазір бұған тиісудің қажеті жоқ, Петя, құрысын тиіспе. Тіпті ашуланба да, қаймаққа түсіп кеткен шыбынға ұқсап, біраз тырбандайды-тырбандайды да өзі-ақ қояды.

Кеха әлі сарт та сұрт билеп жүр.

– Топырағы торқа болғыр, әкесінен аумай қалғаны-ай, – деп қояды шал.

Кешаның әкесі есіне түсуі мұң екен, сабау ұстаған қолының жұдырығы тас түйіліп, қалшылдап кеткен шал енді Кешқаға шүйлікті:

– Өй, қағынып туған қарақшы неме, ежірейген көзің құрысын сенің, қу қарақшы!

Сол сарт та сұрт, тарс та тұрс жер тепкілеген күйі Кеха қайтадан көрермендеріне таяп келді де, екі саусағымен, «ешкімүйіз» жасап, әлгі шалдың зәресін бір ұшырған соң, бұрылып алып Нонқаға қарай тартты, қыз алдында бұрынғысынан да жақсырақ билеуге тырысып, иіліп-бүгіліп оны биге шақырып, қолынан тартқыштап көріп еді, бірақ Нонка биге шықпай қойды.

– Ой, пәлі-ай, кілең бір кербез қыздарға тап болғанбыз ба, немене! – деп саңқылдайды Кеха, бұл кезде бағанағы желігі едәуір басылып қалған қошеметшіл жұртқа қарап.

Жаман гармоньды аяп тартпай қойсаң, жаныңды шығарам, – деп қорқытып қойған гармонист шарасыз күлімсіреп, бір әуенді қайта-қайта құтырға тартып отыр. Аула жақтан, жұрттың ту сыртынан, бір-бірінен аумайтын, тіпті киімдері де бірдей, шамасы, егіз болулары керек, екі қыз шыға келіп:

– Әне, көрдіңіз бе, ойына не келсе, соны істеп жүргенін, – деді, баспалдақпен әрең көтеріліп келе жатқан қартаң әйелге қарай тіл қатып.

Топырлаған қарақұрым адам қақ жарылып, орталарынан жол ашысты – біреулерге сүйеніп, біреулерге өзі сүйкеніп, бәкене ғана томашадай кемпір – Рукосунха ентіге дем алып келе жатыр.

Милиционер ұзын үстелді итеріп жіберіп, Кешаның нелігіндегі жерге енді именбестен кіріп барды, соңында – Рукосунха. Егде әйел кіріп келген бетте екі ніннен ентіге дем алып, тәлтнiп тұрып қалды.

Кеха биінің бітуіне санаулы сәттер қалғанын бірден сезді, сондықтан ең қиын да, ең әсем оралымдарын енді жасай бастады, бірақ Нонқаға қараған жоқ, екі көзі шешесінде; жалт-жұлт еткен құрым етігінің қонышын екі алақанымен алма-кезек шапаттап қойып, сарт-сұрт, тарс-тұрс еткен өкшесінің дыбысын еппен тықырға дейін баяулатып келді де, анасының алдына иіле беріп, ұзын шашын кейін қарай сәнмен сілкіп жіберді сонсоң басын шалқайта беріп, шашын серпіп қалған сол күйінде риясыз күлкі ұялаған жүзі бал-бұл жайнап, сірессіп тұра қалды.



Шығармалары. Төртінші том

– Мінеки, мен қандай сұлу жігітпін дейсің ғой, баяғы! – деді милиционер.

– Мә, мынаны қолыңа ал, Евдокея... – қаскүнем Шал сабауды кемпірге мұқияттап ұстатып жатыр.

– Өй, сумандаған сұр жылан, мәз болуын көрдің бе мұның! – деп күбірлеп қойып, Рукосуиха баласына төніп келеді.

Кеха бір отырып, бір тұрып, – ол қимылдай бастағаннан-ақ гармоншы гармонын тарта жөнелген-ді, – билеп жүргенсіп шешесінен қашықтай берді де, сахна жаққа ұзап кетті; тек жұртқа көз қылғаны болмаса, биге енді пәлендей зауқы жоқ екені белгілі боп тұр.

– Мынау қолымдағы қарағаш қирағанша ұрсын демесең, қайт үйге енді! – деді даусын көтермесе де, Рукосуиха зәрленіп.

– Маматай-ау, жұрттың көзінше абыройымды айрандай төкпесеңізі, – мынадай маскара боларлық жағдайдың өзінде Кеха бәр-бәрін күлкіге жеңдіріп, оп-оңай құтылып кетуге тырысып-ақ бақты.

Бірақ шешесі ештеден тайынар емес, түрі ызбарлы, сабауын көтере ұстаған күйі таянып келе жатыр.

Кеха кейін қарай ыршып түсті.

– Маматай дейім, күлкі қылмасаңызшы енді...

Есік көзіндегі жұрт ыржалақтап, мәз бола қарап тұр. Гармоншы да әлдебір іш пыстырарлық әуенге көшіпті, оған да гармонь тартудан гөрі мынау оқиғаның немен аяқталары қызық секілді.

Шегіншектеп жүргенінде сахнаның тепкішегіне сүрініп кетіп, Кеха жалп ете түскен.

Сол бойда сабау оның қыр арқасына сарт ете қалды. Араның ұясындай гу ете түскен жұрт тегін күлкіге кенеліп жатыр.

Кеха сахнаға шығып кетті. Шешесінің оған көтерілуге халі жоқ, бірақ сахнаның тарлығы сондай, сақ болмаса, Кеханың жағдайы әлі қиын; ал әзірге рол ойнап тұрғандай, ол анасына құшағын жайып, жалбарына қарайды.

– Маматай! – дейді, осының бәрін әзілге айналдыруға тырысқан ол бір тізерлеп отыра қалып, қос қолын жүрегінің тұсына, кеудесіне басқан күйі. – Маматай-ау, қоғамдық орында осылайша айқай-шу шығаруға бола ма екен!

Есікке қарай бір-ақ ытқыған Нонка осы кезде зыта жөнелген, қызыққұмар қауымды олай да бұлай итергіштеп жүріп, жол са-

лып алған соң ғана ол артына қайырылып, Кешкаға көзі күлімдей қарады.

– Осыны ұрамын деп-ақ екі қарым салдырап бітті-ау, – деп, әл-дәрмені құрыған Рукосуиха сабауын төмен түсірді.

– Бұл дегенің – шеше емес, нағыз гладиатордың өзі ғой, – деп тырк-тырк күледі Кеха. Сөйтіп жүріп, қолайлы бір сәтте сахнадан секіріп түскен ол енді шешесінің қолындағы сабауға көзінің қиығымен қарап қойып, суық торғайша қос аяқтап секендеген күйі есікке қарай жылыстай берді.

Бұл кезде топырлап клубка кіріп алған жұрт шик-шик, кик-кик күлісіп, оған қақ жарылып жол беріп жатыр.

Сахнаның қақ ортасында талтайып тұрып алған милиционер осының бәрін жай ғана бақылауда.

Рукосуиха ұлының соңынан сүйретіліп шығып барады.

Шылымын тістеп алған бір жігіт Кеханы қошеметтеп жауырынан қағып қояды.

Достары көздерін қысады оған.

– Бақандай болған бойың құрысын сенің! – дейді, бір келіншек өп-өтірік ашуланған боп, оның аркасынан итеріп.

Егіз қыз кіржиіп, Кешкаға жақтырмай қарайды.

Артына анда-санда қайырылып қойып, аксия күліп кетіп бара жатқан Кешканың көзінен көзін алмай қадала қарап тұрған милиционер оның соңынан қуа дауыстады:

– Жылайтын кезің де келер, Кеха!

– Сау басына сақина тілеп алғаны болмаса, өлер деймісің, – деп қояды Кешканың көк желкесінен сүйсіне қарап тұрған бір сылқым бикеш сықылықтай күліп.

– Қайтейін-ау, қайтейін... «Қарғайын десем – жалғызым, қарғамайын десем – жалмауызым» болды ғой бұл, – дейді Рукосуиха, құйысқанға қыстырылып жүретін шалға сабауды қайтарып беріп жатқанында күбірлеп.

Шал сабауды қолымен қақпайлап тұрып, кемпірдің қасіретіне ортақтасқан түр көрсетіп жатыр.

– Әкесі тірі болғанда бүйтіп бетімен жібермес еді-ау!

Ит жыны құрысқан Рукосуиха шалдың қолына сабауын сұға салды:

– Халықтың алдында қарабет болғаным аздай-ақ, о несі-ай!

Есік алдында тұрған баласын Рукосуиха желкелеп ала жөнелді.

## Шығармалары. Төртінші том

– Тағы да ләйлуді бастадың ба?! Осы сен-ақ өлтіретін болдың-ау, жетпей желкең киылғыр! «Құдайдан бала сұрасаң, бәле береді» деген, жер де жұтпайды екен, сен жер жұтқыр маскүнемді!

– Шамалы ғана ауыз тигенмін, – дейді, шара табактай бет-аузы жайыла күлген Кеха ақталып, өзі анасына еркелемек болып, екі иығынан қаусыра құшақтаған, шешесі кіржіндеп, қолын сілкіп тастады.

– Ал аздап ұрттаған екенмін, онда тұрған не бар, маматай-ау! – дейді Кеха енді қодырайып. – Жігіт болғасын, жұмыс жасап жүргесін, кісі ептеп ішпей ме екен! – дейді тағы, алдап-сулағанына анасы оңайлықпен көне қоймаған соң, өп-өтірік ашуланған болып.

– Аузына арақ тисе, басың ауған жаққа тайып тұратының не, пері-ау, қайда қаңғысың осы сен, ә? – дейді Рукосуиха, қап-қараңғы көшені бойлап, жарығы сығырайған терезелердің тұсынан андасанда қылт-қылт көрініп қалып, өзі алда, мойны салбырап кеткен баласы артта, екеуден-екеу келе жатқандарында.

– Үйге барайықшы, үйге барған соң мен саған...

Ана мен бала қараңғылыққа сіңіп, көзден ғайып болған.

Клуб жақтан чарльстонның кайырмасы қаздай қаңқылдап қоя берді:

«...Әжетай-ау, тоқымаңды қоя тұр...»

Қораның ішіндегі қойманың есігінде қос жұдырықтай құлып тұр. Сол қоймадан:

– Қазір жаның ашымады бар ғой, маматай-ау, кейін көз жасыңды көл қылып жыламай-ақ қой. Қүдіретті Стенька Разиндей ме әлде құтырған итке ұқсатып па, әйтеуір қамап қойдың ғой, – деген жалынышты дауыс естіледі.

Таң атқан. Сельсоветтің қасындағы үлкен үйіндінің үстінде сәкіге аяғын қойып, Кеха отыр.

Сырт етіп ашылып, сырт етіп жабылатын жарқыраған портсигарын қалтасынан шығара беріп:

– Елена тәтей, Митька гаражда ма әлде әлі ұйықтап жатыр ма? – деп айкайлайды ол, тас жолдың ортасымен кетіп бара жатқан бір топ әйелге қарай дауыстап.

– Кешажан-ау, ау Кеша, өзің қайда барғалы отырсың? – дейді клубтан таныс жас келіншек бұған күле қарап.

– Барар жерім – Балқан тау, еріккен кісі не істемейді, – дейді Кеха.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

– Машинасын жөндеп жатыр, – сәл кідіріп, ойланып қалған Елена тәтей енді ғана жауап берді.

– Кешка кетті дегенше, қызық кетті десеңдерші, қатындар-ау, – дейді әлгі жас келіншек, сол бойда өзі ұят-мұятты былай жиып қойып, той да жоқ, томалақ та жоқ, аяқ астынан таңғы деревняны таң-тамаша қалдырып бар даусымен: «Кетсем бе екен, қаладағы сәулемә, келер ме екен өзі-ақ салмай әуреге...» – деп шырқай жөнелді.

– Сенбі күні шешесі оның бар жынын клубта қағып алған, – дейді әйелдердің бірі әдейі қаттырақ дауыстап.

– Таң атпай жатып тамағың жыртылғанша айқайлайсың, түнімен ұйықтамағансың ба өзі?

– Жігіт болса, маған күнің де, түнің де бәрібір.

– Абай бол, айналайын Иннокентий, қалада аузыңа бір тамшы арақ алмағайсың, – деді Елена тәтей.

– Жоға, тәте, өлер жерімізді өзіміз де білеміз ғой, – дейді Кеха байсалды кісі бола қалып; сельсоветтің қасына жете бере жүрісін баяулатқан, енді қатарласа бергенінде қарар ма екен, қарамас па екен деп, мұның назарын өзіне аудармақ болған Нонканы да байқамаған сыңай танытты.

– Кеш-ш-ш, қалаға жүргелі тұрмысың?

– Председатель қайта-қайта сұрап қоймады осы... – Темекісін бұрқ еткізіп қойып, Кеха езу тартты. – Шифер әкелу керек дей ме, әйтеуір Митька екеумізге шаруа шаш етекпен болып тұр. Егер қосымша бірдеңелері болса, ұсақ-түйегіне дейін қайтарда қалдырмай ала келеміз бе, кім білсін, сонда іс-сапарымыз ұзаққа созылып кетуі де мүмкін. Жалпы, «үйдегі ішкі есепті базардағы нарық бұзады», кесіп айту қиын ғой, бәлкім, тіпті бүгін де келіп қалармын.

– Кеш, а, Кеш, ал орныңа кімді қалдырып кеттің?

– Двигатель дегенінді, қазір басында бір шайнам миы жоқ тауықтан өзге түгел біледі. Біреуді жіберер өздері. Ол саған қоймаға барып, зат әкелу ғой деймісің, керемет қолбасшының ақылын керек ететін нәрсе емес шығар, сол.

– Қашаннан бері қолбасшының ақылы көкейіңе құрт боп түскен? Сенбідегі секеңдегеніңнен бері сөйткен-ау дейім? Бәсе-бәсе, өз көзіме өзім сенбей қараймын келіп: Кеша, Кеша!.. Кеша, ананы қайтейік, Кеша, мынаны неғыламыз, – деп жүгіріп жүрген

Шығармалары. Төртінші том

біреу, ал Кеша болса, диірменнің астыңғы тасындай былқ етпейді; аузымен ғана орақ орып, кісіні клубта маскара қылғаны болмаса...

– Кімді маскаралаппын мен сонша?

– Білгенменен айтпаймыз...

– Мені ұятқа қалдырдың демекпісің сонда?

– Айтбайдың ала сиырын...

– Нонка, сен былай... ең болмаса тұлан тұтпай-ақ айтсаңшы, кісінің өзі қайтерін білмей жүрсе, ұрсасың ғой! Адамның жанын түсінемісің сен, жоқ па? Менің ол жерде түк кінәм жоқ, ғапшықтық шыдатпай бара жатса қайтейін енді, – деді, ол әзілге шаптырғанысып.

– Жартылық шыдатпай бара жатса, қайтейін десеңші одан да, өгіздей өңкиген бейбастақ, тәртіпсіз...

Нонка ұзап кеткен әйелдерді қуып жетпек болып, жүгіріп ала жөнелді.

Көңілі біртүрлі сергіп қалған Кеша оны көзімен ұзатып салып тұр. Қос бүйірін таянып, кокиланып қояды.

Бір бұрыштан милиционер шыға келді.

– Хал қалай, бала?

– Жаман емес, – деді Кеша қыңырайып.

Екеуі де үнсіз.

– Сенбі күні клубта тағы да тентектік жасадың ғой, – деді милиционер мейірлі үнмен.

– Кетші әрі, – деді Кеша селсоқ.

– Жә, бір жұмысым болып келіп едім саған. Қалаға барасың ғой?

– Ербиген құлағың естігіш-ақ екен осы. Басқарманың тапсырма бергені жаңа ғана еді, соның арасынша қалай ести қойғансын. Әйтпесе Скотен-Ярд болармысың сен! Сөйтпей де қайтерсің-ау? Астында – велосипед, айда да жүре бер, әйтеуір аяқпен теуіп әлектенбейсің ғой, құдайға шүкір, моторы бар.

Бір ғажабы, милиционер сол күлімсіреген қалпынан танған жоқ, қайта Кешканың қырсығып айтқан сөздері қышыған жеріне дәл тигендей, қыбы қана құлақ салып үнсіз тұр.

– Сен, бала, арақтан басын ауырып тұрғанда ашушаң болып кетеді екенсің.

– Мен бұрыннан ашушаңмын. Әсіресе сені көрсем болды, ит жыным құрысады да қалады.

– Әй, қайтейін-ау, сенің жасыңдағы қызық дәурен артта қалды ғой, Кеша, бүгінде сегізкөзім сырқырап, бастырмай жүр. Әйтпесе

сенбі күні клубта көзіңе көк шыбынды үймелетіп, әкеңнің орнына өзім-ақ мұрныңды бет қылып жіберетін едім. Оған қоса, анаң байғұсты да аяймын-ақ. Несін айтайын, қайрат қашқан шағымыз ғой бұл. Таяуда тағы да тосек тартып жатып қалмасам неғылсын, рас айтам. Мына бір пакетті қазір саған берген бойда үйге барып жатпасам болатын емес. Ішім де біртүрлі ауырып жүр өзі...

– Ол неғылған пакет? – Кеха елең етіп, өзінің сымдай тартылып тұра қалғанын да аңдаған жоқ.

– Капитанға кір де, тура өз қолына ғана ұстат. Бұл бір аса жауапты тапсырма. шырағым, сауатың бар жігітсің ғой, өзің де анаған ұқсап...– милиционер бағана басындағы дыбыс күшейткішті көрсетіп, сұқ саусағын шошайтып қойды,– өленді өкіртіп жүрген жоқпысың, тәйірі.

– Анаған ұқсаған сенің өзіңсің. Аузыңдағы сөзіңді жөндеп айта алмай жүріп, маған...

– Ауырсынсаң, Дмитрийден-ақ беріп жіберейін, құрысын. Бірақ ол тым жас бала болғасын, сене алмай тұрғаным. Сен бойың да, сойың да бар, қай жағынан алып қарағанда да атпал азамат емеспісің. Кіресін де, осылай да осылай деп баяндап жіберіп, қолына ұстата саласың, – деді ол. Кеха пакетке қолын соза бергенде. – Тек міндетті түрде жауабын ала қайт. Онысы маған аса қажет болып тұр. Үлкен кісілермен қалай сөйлесуді саған үйретудің қажеті бола қоймас.

– Бір жартылыққа борыштарсың, – деді, зулап келіп қалған машинаға қарай үйіндінің үстінен тұра жүгірген Кеха.

– Барып қайтсайшы сосын көресің ғой, – деп, милиционер миығынан күліп қойды.

Машина ызғи жөнелді.

Қарағай арасындағы құмайт жол қарсы алдарында қос лентадай тартылып жатыр. Аузындағы шылымыш екі езуіне алма-кезек жылжытып қойып, бозбала Дмитрий баранканы ұршықтай үйіріп келеді.

Кеха конвертті май-май қалтасынан алып, кепкісінің ішіне мұқияттап салып қойды. Сонсоң кепкісін басына абайлай қайтадан киіп алды да, отырғышқа шалқая түсіп, көпті көрген көнеше пәлсафа соғуға кірісті:

– Митька, Митька неғып осы сен кең дүниені кезіп бір көрмейсің? Біз болсақ, жұмыс, жұмыс деп, баяғы күйбендеген күйкі

## Шығармалары. Төртінші том

тірліктің қамытына жегілумен келеміз. Бүгін де, мінеки, шифер іздеу қажет, сол сайтан алғырды бір-бірлеп тасып әкетпейді екен, әлгі сайтаны түсір. Тиеушілер қиратып ала ма деп, қарап тұруың керек және...

– Жұмысбастысын... – деп Митька күңк ете түсті, – клубты айналдыра қыз қуу мен Нонканың алдында тақаң түскенше тарс та тұрс жер тепкілеу де жұмыс болып па. Сенбі күні неғып тұра каштын, қисаңдап көрінгенге ұрынып па ең? Шаруакорын мұның? Сенің бар ғой, Кеха, көзіңе айтайын, бойыңда күш көп те, басыңда бір шайнам ақыл жоқ!

– Айтып отырғаның – аумаған Пашканың сөзі ғой. Әлі есіңді біліп, етегіңді жиюға жарарамағандығыңнан, саған сот жоқ, әрине. Бірақ ескертіп қояйын, мұңысы үшін Пашканың құлағын құнтитып берем. Мұны басыңдағы бөркіндей көр.

Ызғып келе жатқан ЗИЛ сол қарқынынан танбастан жіңішке өзен үстіне салынған ілдәлда көпірдің үстінен зу етіп өте шықты. Бұрынғы көпірді көктемгі тасқын бұзып кеткен-ді, оның орнында қалған тіреулерге қос-қостан бөрене төселіп, бір машина әрең өтерлік осы ілдебай тұрғызылған болатын, қияметтің қыл көпіріндей бұл пәленің үстінен жайшылықта ақырын-ақырын абайлап өтудің өзі қиын-ды. Ал бұлар зу ете түсті.

– Жолға, жолға кара! – деді зәресі зәр түбіне кеткен Кеха есін әрең жиып. – Ұшып өлерсің, байғұс бала, мені қойшы, асарымды асап, жасарымды жасаған адаммын, қапыда кететін сен болмасаң! Әнебір қарағайдың қара жолды кесіп өткелі тұрғанын көрдің бе? – деп қойды тағы, машина көпірден өткен бойда қарағай арасымен бұлыңдай жөнелгенде өзінің әлгінде қорқып кеткенін білдірмес үшін, сөзге жыққан Кеха.

– Сен, Кеха, бар болғаны жолаушысың. Міңдің бе, отыр енді. Рульде шаруаң болмасын.

– Бұл да бірдеңенің құлағын ұстауға жарап қалыпты-ай! – Митьканың мұрнынан ұстап алған Кеха бепілдетіп басып-басып қойды.

Қарауытқан ағаштардың арасында ағараңдап жатқан жолмен машина бұлың-бұлың тартып келеді.

ЗИЛ бір заманда аудандық милиция бөлімінің алдына келіп тоқтады-ау.

Ұйып қалған аяғын әрең дегенде жазып, кабинадан Кешка түсті.

– Шаруаларымды реттеймін де, тез шығам, сосын қойма қайдасың деп тартып тұрамыз, – дейді, кабинада отырған Митьканың бастығына ұқсап кергі сөйлеген Кешка.

Өзі енді конвертті қолына алып, есік алдындағы тепкішекпен көтеріліп барады.

Дәлізге кірген соң жан-жағына алақтай қарап жүріп, бастықтың кабинетін тауып алды да, есігін жасқана тықылдатты.

– Кіріңіз! – деді, кабинет несі күнгірлеген дауыспен.

Кеха кірген, тірі жанды көре алмады. Жан-жағына аузын ашып аңырая қарайды. Әлден уақытта дәу сейфтің тасасынан үсті-басы әкке былғанған бір капитан көзіне шалынды, сейфтен жаңа ғана суырған папканы қолтығына қысып алыпты.

Капитанның бой-сойы Кеханыкінен кем емес. Еңгезердей екі кісі бір-бірінің тұла бойын көзбен тінтісіп, тұрып қалды.

– Сізге Очериководан бір құжаттар беріп жіберіп еді.

Капитан пакетті үн-түнсіз алды.

Кеха салмағын екі аяғына кезек салып, есік алдында тұр. Бір кезде капитан бұған қарады.

– Жауабын күтерсің деп еді.

– Күт, ендеше.

Кеха дәлізге шығып кетті. Сол дәлізде тұрып терезеден тысқа көз салған. Машинасы жоқ. Есік алдына жүгіріп шықты. ЗИЛ сондай жерден орағытып келіп, көшенің қарсы бетіндегі теректің көлеңкесіне барып тоқтады. Митька жерге түсті: баллондарды аяғымен бір-бір теуіп шықты да, тепкішекке отырып, темекісін тұтатты. Көңілі сонда ғана орныққан Кеха қайтадан дәлізге кірді.

Кабинетінен шыға келген капитан жан-жағына қарап сәл тұрды да, мұны көріп:

– Кір! – деді.

Ішке алдымен Кеханы кіргізген капитан өзі сәл кідіріп, ұзын дәлізді жаңғырықтыра айқай салды:

– Егоров!

– Немене? – деді, таяу маңдағы бөлмелердің бірінен әлдекім.

– Маған кіріп шықшы!

Кеха бас киімін алып, есік көзінде кідіріп тұр.

Ішке кірген капитан оған түйіле қарады.

– Рукосуевпісің?

– Рукосуевпін, – Кеха елең етіп, іш жиып қалды.



Шығармалары. Төртінші том

– Не істеп жүргенің бұл, бауырым Рукосуев? Тәртіп бұзатын көрінесің ғой...

– Мен келдім, жолдас капитан! Тағы да сейфті орнынан қозғаймыз ба?– деді Егоров.

– Анау үстел үстінде азамат Рукосуевке жасалған акті жатыр.

– Неғылған акті? – деді, ышқынып кеткен Кеха.

– Мөрі соғылған акті, – деді капитан, сөйтті де үстелінің қасына барып, бір буда қағазды қолына алды да, Кехаға кейі қарады, – тәртіпсіздік жасайтын көрінесің, бұзықтық та істегенсің, жұртты қорқытып-үркіткенсің, органның адамына қарсылық көрсеткенсің, айтқаныңа көнбегендерге қол жұмсаумен де айналысатынға ұқсайсың. Бір басыңа жетіп-артыларлық күнәң бар, азамат Рукосуев. Айта берсек, тіпті көп. Колхоздың қазын тірілей жүндеп, клубқа алып келгенсің; қаладан барған артистерді де қорқытқансың, – деп, капитан қасындағы Егоровқа қарап, айызы қанарлықтай шегелеп сөйледі.

– Өзіміздің қаз шығар деп білмей қалыппын.

– Кісі өзінің қазын тірілей тұтпейді ғой, – деді Егоров сабырмен сараптай сөйлеп.

«Сонда мына мен, демек, мен өзімді өзім... – деп ойлады Кеха. – Оп-оңай...» – «Сібір таңы» колхозының басқармасы атынан да, бастығы қол қойған хат бар. Осы акті бойынша шара қолдануды сұрайды.

– Өй, қойыңдаршы, – деді Кеха кетуге ыңғайланып, – мені шифер әкелуге, қоймаға жіберген. Тәжікелесіп тұруға жағдайым жоқ, уақытым тығыз...

– Шиферді сенсіз-ақ алады. Біраз күн біздің қолымызда кідіре тұруыңа тура келеді, Рукосуев. Атың кім еді сенің?

– Кеха...

– Кеха болсаң, қанеки, Кеха, мына бір шкафты орнынан қозғауға көмектесіп жібер, біздің кіші лейтенант тырып өлейін деп жүр...

Шкаф-сейфті керек жеріне қойып болған соң, Кеха өзіне-өзі:

– «Күш көп, бірақ шайнам ақыл жоқ» деген осы екен-ау, – деп қойды.

Капитан көзінің қиығымен алара бір қарады, бірақ ләм-мим тіл қатқан жоқ. Мундиріне жұққан шанды қағып тұрып, бар айтқаны:

– Кіші лейтенантпен бірге кете бер, кешкісін өзім шақырармын.

– Жарар! «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей!» – деді

Кеха әдейі қырығып, сөйтті де кепкісін көзіне түсіре киіп, бір-екі ауыз сөз қыстырды: – Шопырыма айта салындаршы, кеңсеге телефон соқсын. Олар алдын ала келісіп, бәрі-бәрін өздері реттестіріп қойған ғой, шамасы. Сосын мені түрмелеріңе анарып, қараңғы үйлеріңе қамай беріндер, темір торлы терезеге телміріп бір жатайын. Стенька Разинге ұқсатып айдасаңдар да мейлі!

Есік алдына жете бере сәл кідірген Кеха артына қайырылып тұрып, Егоровтың басынан асыра езу тартқан болды.

– Енді менің аспаным былай бола ма? – деді сонсоң, саусақтарын кереге көздендіріп.

Капитан үстелінде жатқан бір папканы сейфтің үстіне лақтырып жіберген, әлгі папка одан да бұрынғы көптеген папкалар сияқты, тау-төбе қағаздың үстіне түсіп, сырғанап барды да, сейфтің артына құлады.

Егоров қарқылдан кеп күлді. Капитан қабағын қарс жауып алып, папкіге ме. Кехаға ма – қолын бір-ақ сілтеді:

– Он бес тәуліктей жата тұрсын!

– Келдің бе, ұры-қарыдан қалған қара тұяқ! – деп, Рукосуиха зарлап қоя берді. – Бала өсірдім десем, бәле өсірген екенмін ғой, шұнақ құдай, ертең ел естісе, халықтың бетіне қалай қараймыз енді? Сол түрменің түбінде біржола шіріп қалмадың ба, қол-аяғы кісенделген қу қарақшы-ау! О, Құдай, қартайғанда маған көрсетпегің осы ма еді! Айдалып келген адамнан несі артық мұның, көрсоқыр Құдай!

Ішке кіре берген Кеха шорт бұрылып алды да, үйден шыға қайқайды.

Шошып кеткен кемпір шошқаларына картоп асқан қазаншаны аудармаудара, жаман киімінің сыртынан көлдей кең көйлегін киюге ұмтылды.

Торкөз майка киген милиционер өз үйінде, үстел басында отыр. Әлдебір чарльстонның әуенін мұрнынан міндіріп қойып, револьверін майлап-сұртуде. Дәлірек айтқанда, ол қаруын әлдеқашан құрастырып болған, енді майы жылтыраған сұсты металға сүйсіне қарап қана қояды.

Үйге одырандаған бір әйел кіріп келді, милиционердің зайыбы бұл. Күйеуінен әлдеқайда ірі екені анық көрініп тұр. Жанып жатқан пештің түбіне, сөренің үстіне бір шелек суды салдыр еткізіп қоя салды.

## Шығармалары. Төртінші том

Жалын тілі жалақтаған темір пештің үстінде екі кірпіш қыздырылып жатыр.

Милиционердің зайыбы үйдің ішінде желіп жүріп, ол-пұл шаруаларын оп-оңай тындырып тастады да, күйеуінің қолындағы револьверді де жұлып алды:

– Ой, құдай-ай, балаға ұксап осыны ертеден қара кешке дейін қызықтайды да отырады екен!

– Марея! Қаруды қой орнына!

– Оның орны мына жер, – дейді, револьверді дәу сандыққа салып жатқан әйелі. Кілтті сыңғыр еткізіп бір бұрады да, юбкасының белдігіне тағып алды; онымен де қоймай, күйеуіне ежірейе қарауын қайтерсің.

– Осы дұрысырақ болар...

– Жә, жарар, жарар, – дейді, айтысып-тартысқанмен енді ештеңе онбесін білетін милиционер қондіккен сынай танытып.

Револьвердің қабына бұрыннан пайдаланып жүрген қайдағы-жайдағы бір шүберек қиындыларын тыққыштап, милиционер оның ішін қампитып қойды да, сүмбіні орнына салды.

– Мен өзім қолы қаттылау адаммын, ашу үстінде әлдеқандай бір бәлеге ұрынып қалмас үшін, бұл да дұрыс шығар, – дейді өзі, револьвердің қабы тағылған белдігін мундирінің қасына, шегеге іліп жатып.

Әйелі оның сөзіне мыре ете түсіп, екінші шелектегі суды әкелу үшін есік алдына шығып кетті.

– Сыбағаңнан құр қалғандай қайда асығып барасың? Каладан келдің бе? – деді, таяғын қолынан тастамайтын шал Кехаға.

– Мәскеуден келдім, білімімді жетілдіруге жіберген...

Шара табақтай бетің шәушініп қалыпты-ау, бәсе. Ой, берекесіз-ой, осындай кісіні де колхоз оқуға жібереді екен-ау, олардың орнында мен болсам, әкенді танытып... шал қаншама емпелеңдегенмен Кехадан кейінден қала берді, тағы бірдеңелер айтқысы келіп-ақ еді, Кеха қайырылған жоқ.

– Кеха, қайқандаған сұр жылан, қайт дейім енді! Кімге айтып тұрмын мен, ә?! Кеха, Кешажан, құлдығым менің, қайта ғой енді, қарабасқырды кім біледі, атып тастап жүрер, қарабасып... – деп, деревняның сонау басында баласынан көз көрім жер қалып қойған Рукосуиха бажылдап келеді.

– Өгіздей өңкіген немеңді неге бетімен жібересің, колхоздың

тегін тамағына масығып алған ғой, бет-аузы шара табактай болып, шешесін тындау дегенді де қойған.

– Берекесіздің аты – берекесіз деген осы, – деп, шал Рукосуиханы бір шағып қалды. Басқа уақыт болса, Рукосуиха тұра қалып, шалдың жер-жебіріне жетер еді. бірақ қазір оған мұршасы қайда.

Милиционер темір пештің үстіндегі кірпіштерді бір-бір ұстап көрді: су толы шөнкені де отқа жақындатты. Айқара ашылған есіктен ауыз үйде Марияның кір жуып жатқаны көрініп тұр; сәлден кейін үйге кірген ол темір пештің үстіндегі шөнкені көтеріп алып жатып, көзі көргенін айта салды:

– Қара жолдың шаңын аспанға шығарып Кеха келе жатыр, құлды күрсөбай ма дерсін.

Милиционер қалай тұрса, сол күйінде тұп-тура шалбарымен көреуегіне сүйгіп кетті: аяғындағы сүйретпесін сілкілеп жатқанда галифенің балақ бауы ағаран-ағаран етіп қалды.

– Марса, кірпішті әкел, ойбай, осы қызғаны да жетер, – деді ол жанығылып, қойдестінің етегін сегізкөзінен асыра түріп жатқанында.

– Отағасы-ау, саған не болған? Кеха келе жатқасын өстігеннен саумысың?

– Мен кімге айтып тұрмын, саған ба, итке ме? Қатын кірісетін шаруа емес бұл, әйде кірпішті әкел, сегізкөзім сырқырап алып барады!

– Шамаасы өзін оған бірдене істегенсін ғой! – деді, кірпіштің бірін сүлгіге орап жатқан әйелі қыжыртып.

– Ал, қожайымдар, халдерін қалай? – милиционердікіне кіріп келген Кеха үйлі төбесімен тіреп тұра қалды.

– Есенбісің, Қошақан! – милиционер ынырса ұн қалып ыңқырлап та қойды.

– Есенбіз, есенбіз, – бөлмені кесіп өткен Кеха тісінің арасынан сыздана сойлоген күйі сырқаттың қасына жетіп барды. – Тағы да сегізкөзің бе сырқырап алып бара жатқан? Сегіз күннен бері соған қалай шыдағанысың, о? Әде меіні келіп емдеткенімді күтіп жатыртыңсың?

– Сол ғой, Қоша, құрып қалғыр, сол сегізкөзім ғой баяғы. Тек жұмыс жайылы қаптындардың көзіңше сөз қыла көрмейші. Олар естімей-ақ қойсын, құрысын, күллі деревняға жайып жібереді. – милиционер сұқ саусағын шошқайтты да, Кехаға мойнымен бұртып, оның жүзіне ұзақ-ұзақ бардай қарады.

Кеха аузын ашып ашырайды да қалды.

– Ең болмаса үндемей, жайына карап жатсаңшы. – деді де, шешінің қасында тұрған Мария екінші кірпішті үстелде жатқан сүңгінің үстіне әкеліп қойды.

– Айтып жатқаныңыз қай жұмыстың жайы. Петя ағай! – деді, ата қаздай ысылдаған Кеша.

– Е, әлгі командиросқан ше, қалаға барғанын туралы. Мария, сен шыға тұршы, онаша сөйлесетін шаруамыз бар еді. Ой, өртеп барады ғой, жау алғыр!

– Қай жұмыстың жайы дейсіз? Еменіздің шаруамыз екі басқа-а-а! – деді, кірпішке қолын қарып алған Кеша қан көрген өгіздей өкіріп.

– Кет былай, неменеге өкіресін келіп... өкірендетін келсе. Нонкаға бар да, өкіренде, бұл жер саған клуб емес. Иінағашпен қық бастан қойып қатармын! – деді Мария шаптығып.

– Екіншісің де сатсаңшы, Маша-а!

Миллишшоверлікпен үй інесінің құтындағы даусы құраққа ұшып, ойбай салып жатқаны ап-анық естіліп тұр.

– Кеша! Қартайған ағанды аясаңшы, құдай үшін. Кеша-а-а! – дейді миллишшовер өкіріп.

Жүрегі алып ұшып аузына тығылған Рукосуиха қол-аяғы қалтырып, миллишшовердің үйінің босағасынан осы кезде әрең аттағанды бірақ әлгі дауысты естігенде есікке қалайша құстай ұшып барып қалғанын өзі де аңдаған жоқ.

– Ойбай!-ау, екі рет орау керек қой, қабан ұйткелі жапқандай о несі-ай! – дейді, Мария құйып-пісіп жүріп. Кешканың қолынан сүңгіге оранбаған кірпішті алып жатқанында. – Бүйтте берсең байымызды тірідейі отқа өртепсің сен!

– Өшінді осындай алмақ болғанды ба, Кеша-ау! – дейді миллишшовер жылмақырап.

– Ертен-ақ жазылып кетеді, Петя ағай, ертен-ақ! – дейді, кірпішті орамақ боп жатқан Марияға көмектесіп жүрген Кеша қарқ-қарқ күліп қойып.

Көзі көріп тұрған нәрсеге өзі сене алмай, не бәле-бәтердің бәрін күтсе де, паш осыны күтпеген Рукосуиха кемпір әл-дәрмені құрып, босағаға бүк түсіп отыра кетті.

– Өздері былай... ерікк болып онаша сөйлесетін шаруалары бар ма немене, – деп қояды Мария, өзі аулада кір-қонын сығып, жіпке жайып жүр; қасында, қой тастың үстінде, Рукосуиха отыр.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

– Қатынның ақылы кімге дәрі дейсің, өздері біледі дағы, – деді, аппақ кылып жуған кірін айызы қана сілкілеп тұрып тағы да.

– Қайдағы шаруа, құдай, үшінші бөтелкені ішіп болып қалыпты...

– Өзі ауру кісінің көзінше бөтелке санағанымыз келісе қоймас.

– «Құян» деген бәледен бар ғой, Марея-ау, мен саған айттып қояйын, құтылудың ең жақсы әдісі – табадан жаңа түсірген сұлының нанын ыстықтай белге басу немесе сол сұлының ұнын құрғақтай қыздырып алып, қалтаға салып бассан, одан жақсы ем жоқ...

– Өлмес, әзірге кірпіш ем болып жүр ғой.

Ашық тұрған терезеден Кеха мен милиционердің: «Әжетай-ау, тоқымаңды қоя тұр...» – деп қосыла барқыраған дауыстары келіп тұр.

– Құдай біледі бар ғой, осы сенің Петроң бір сикырлы сөз біледі, – деді кенет Рукосуиха көзін сығырайта, Марияға сынап карап.

– Ол неғылған сөз? – деді Мария тершіген жүзін жеңімен сүртіп қойып.

– Ә, ол былай... үшкіріп, дуалап қойған сөз, – деді, басын екі жағына алма-кезек қисайтқан Рукосуиха. – Жігіт кезінде сені қандай қиындықпен қолына түсірді бұл, шыны керек, керім сұлу-ақ қыз едің ғой. Соғыстан да аяқ-қолы аман-сау оралды, оны айтпай-ақ қояйын. Соның бәрі неден дейсің, сөз жоқ, әлгіндей бір сикырлы сөз білетіндігі... Біздің Кешкаға да сондай бір дуалы сөз дарығай дағы, құдая. Әйтпесе сорлы бала бір күні сорлап қала ма...

– Қайдам? Сикырлы сөзі бар ма, жоқ па, кім білген соны... бірақ жамандауға да құдайдан қорқасың. Күпіршілік болатын шығар ол. Карап тұрсаң, елдің байынан ерекше ештеңесі де жоқ, кәдімгі еркек сықылды еркек қана, әйтеуір, – деп Мария езу тартты. – Сіздің Кешаныз да үйленсе, қояды ғой, сабасына түсер...

«...үйретсеңші, чарлистон билеуді...» – деп, екі еркектің қосыла барқыраған үні терезеден ап-анық естіліп тұр.

1966 ж.

## ҚЫЗЫЛ БҰҚА

ТАҢ әуелі әбден піскен қарбыздың жаңа ғана тілінген нән-нән тіліміндей болып, кей маң көкжасылданып, кей маң алқызылдана дымқылданып сібірлеген еді, қазір күн шуағы жер бетін шарлап, шық басқан шөптерді кептіріп, олардың бойына жылу құйып, енді жол жиегіндегі томардың арасына іркілген мұп-мұздай шалшық суларды жылытуға кірісіпті. Алаңқайдағы маңқиған-маңқиған маялардың көленке жағында ғана түнгі суықтан әліге дейін сақталып қалған салқын ызғар бар. Гүлкайырдың бал иісі аңқыған гүліне түнеп қалған әлдеқандай бір алтын қоңыздар әлі ояна қоймапты, еріншектене маужырайды. Жемтік іздеп, кең алқапты шарлауға кіріскен құладынның қалықтауы жиілеп, айналымы да кеңі түскен. Шөбі шабылған жерге шашырай қонған шегірткелер өздерінің мұнды да нәзік әндеріне басуға кірісіпті. Тұманды түннен кейін бойлары жылына бастаған олар әр жер-әр жерден әуелей көтеріледі де, сәл лүп еткен лепке қарсылық көрсете алмай, қисайып барып, қанаттары қаудырлай шөп арасына қайтадан құлайды.

Өзеннің арғы бетіндегі қырқалардың үстіне қылтиып шыға беріп шүйкелене іркіліп қалған ұшпа бұлттар күн сәулесіне көміліп, көз қарықтырады. Жерден көтерілген жылы леп ауада сағымдана толқи бастаған; алыстағы орманның сойдақ-сойдақ тіс секілді көк-жасыл кемері сол сағыммен тербетіліп тұр.

Бір қора өңшең ала сиыр жайылып жүрген жерлерінен шырша тоғайына қарай ақырын жылжып барады.

Бақташы басын көтеріп алып, ұйқылы көзімен падасының соңынан, сосын өзіне тақап қалған сұр атты бригадир Колесовқа қарады.

– Қалай, Серега, қызыл бұқа бүгін келмеді ме?– деді Колесов.

– Келген жоқ. Кеше қалай анау томардың ар жағына өтіп кетті, содан бері көрінбей қойды, – деді бақташы ұйқысын аша алмай манаурап.

– Ұйқыдан бас көтермей пырылдай бергенше, қарасаң етті, – деді Колесов жұқа ерінін жымқыра түсіп; сарғыш өңінде өрмекшінің торындай ұсақ әжім пайда бола кетті де, тізгінін ашумен жұлқи тартып қалды. Тұмсығын шөпке енді тыға берген сұр аттың балғадай басы кекжең ете түсті.

– Көрмей жүрген нәрсем бе еді, несіне қарағыштай берем, томардың ар жағында дедім ғой, жатыр сол жерде. Енді келмейді ол бұ маңға, жынды деп пе ең келіп. – Сергей қалтасынан «Севердің» бір қорабын шығарып, үгітіліңкіреп қалған шылымының бір талын тұтатуға кірісті.

Колесов та темекісін тұтағты. Екеуі де үнеіз шылымдарын бұрқыратып, қазіргі сәтте қай-қайсысы да іштей қызылдың жайын ойлап тұр; тек сұр ағ қана салмақ түскен аяқтарын алма-кезек ауыстырып, көзіне үймелеген шыбындарды үркіту үшін басын қайта-қайта шұлғып қояды.

- Бүгін апарып асханаға өткізуге уәде беріп ем, – деді бригадир.
- Солай ма ед... – Сергей селкостау қолтаған болды.

Екеуі де тағы үнеіз қалып, қайткенде ойға алғандарын орындауға болатынына іштей жоспар құра бастады. Әрине, қызыл бұқа енді қанша айдасан да қораға маңайламайды, өткендегідей тағы да шырыша тоғайының ана жерінен бір, мына жерінен бір көрініп, әбден шырғалаңға салары сөзсіз; демек, оны ең құрығанда осы маңда, деревняға жақындау жерде жайрату керек. Сосын машина ма, арба ма – әйтеуір бірдеңемен жеткізуге болатын шығар; айтпақшы, ең алдымен, оны жайрататын мылтық керек. Иә-иә, қапысыз құлататын түзу мылтық керек.

– Айтпақшы, сен әлгі біреуді көрмедің бе? – деп сұрады бригадир.

– Ол ма? Көл жақта жүрген. Осы уақытта қайтуға тиіс еді. Танертеңгілік таңқылдатып жатқанын естігем. Патронды босқа құртып, қосауызын қабат-қабат түрсілдетіп жүрген.

Екеуі де темекілерін тартып болып, тұқылдарын лақтырып-лақтырып тастады, олары тапталған шөттің ішінде әлі бықсып жатыр. Сәлден кейін бригадир атын тебініп қалып, падаға беттеді; табынның шетінде тізгіні салбырап, бақташының күрең байталы маужырап тұр еді, камшысының сабымен сол бос тізгінді іліп алды да, Сергейге жетектеп әкеліп берді.

– Барып, қарап кел, ананы көре қалсаң – дереу маған келерсіңдер. Мен кеңседе болам, сөйлесіп көрейін. Үйрегі не, бұқасы не – оған не атса да бәрібір емес пе.

– Қазір қайдағы үйрек... үйрек атып жүрген жоқ ол. Құрдың биылғы балапандарын баудай түсіріп жүр, қазір солардың жетіліп қалған кезі ғой. – Сергей атының тартпасын ағытып, айылын кейін



ысырды. Қу байтал ішін кампитып ала қойған. Сергей шодырайған тізесімен оны іштен нұқшп қалды да, түк болмағандай айылды қаттырақ тартып, ер үстіне плащын көлденең тастады да, қамшысын іздеп сәл айналақтап, тауып алған бойда аһылап-уһілеп атына міне бастады.

Құладың өлке үстін шыр айнала кезіп жүр.

Өлгінде ол бнік маяның үстінде отырған; тоғайдың шетімен ту сыртынан айналып кеп, осы бір ақсұр әдемі құсты Холодов енді атпақ бола бергенде, құладың мая үстінен құлдилап төмен құлап, алаңқайдағы шөп басын бауырымен сыза жарты айналым жасады да, қайтадан қайқнып көкке көтеріліп кетті, содан жоғарылай берді, жоғарылай берді, әбден бнікке шығып алған соң барып, басын бұған сәл қисайтқан күйі алаңқай үстінде, Холодовтың төбесінде төмендеместен қалықтап жүріп алды.

Холодов ағаштардың тасасынан ашық жерге шықты, сол-ақ екен таңертеңнен бері талай рет тынысын кеңейткен жайлы жаздың жанға рақағ жұпар нісі мұрнына тағы да лап берді. Осы бір жұпар ніс ертеден бері жан-жағынан сауылдап құйылып тұрғанды, бірақ әлсің-әлсің жоғалып кетіп, тек анда-санда ғана осылайша ерекше сезіліп қалады. Міне, қазір де қалың тоғай арасынан ашық алаңқайға шығып, анадайда күнге шуақтаған маяларға қарай беттегенінде Холодов тағы да мың сан хош ніске елітіп қалды.

Өлке үсті өлі тыныштыққа бөгіп жатыр; оған шегірткелердің бірқалыпты үздіксіз шырылы, жаңа кепкен көк балауса нісі бұрқырап, әр жер-әр жерде монғып-монғып тұрған маялардың мон-момақан түрі, алаңқайдың анау шетіндегі жапырағы желбірей мұлгіген жас қайыңдар, тіпті ту сыртындағы шыршалардың шошак бастары көкке шаншыла-шаншыла қыбырсыз қарауытып тұрғаны да – бәр-бәрі қосылып, осы бір тылсым тыныштықты әлдилей түскендей.

Сәт сайын құлаққа ұрған танадай тыныштық қоюланып барады.

Осы бір өлі тыныштықтың төзімді тауысқаны соншалық, мылтығын көкке кезеп жіберіп, Холодов бас-көз жоқ басып-басып қалды. Құладың қырындай қисайып, әуеде шайқалақтап-шайқалақтап тұрып қалды да, бытыра жетпегенмен, кенет қанатын жайып жіберіп төмен заулады, жерге жете бергенде қайтадан кеудесімен шөп басын сызып, сынаптай сорғалаған күйі ұзай берді де, әрі-беріден соң қалың тоғайдың, сонау үшкір бастары көкке

шаншыла-шаншыла қалған шыршалардың тасасына түсіп, көзден ғайып болды.

Холодов аяқ киімін шешіп, су өткен башмағы мен шұлығын шөп үстіне қалай болса солай лақтырып тастады, сосын астына аздап пішен төседі де, оның үстіне күртешесін жайып жіберіп, шалқасынан жата кетті, мылтығын оң қол жағына, жанына жатқызып қойды.

Ол көкке қарап жатыр. Түпсіз тұңғық аспан көгілжім тартып көз арбайды. Сәл-пәл мызғып алмақшы болып еді, бетің әуеге қарап жатқанда ол мүмкін емес екен; жанарың төбеге төңкерілген көк аспанның шеті мен шегін іздеп тыныш таппайды екен. Шүйкеленген шарбы бұлттар тұнжыр көктің тұнығын лайламай, сынын бұзбай, әлдеқайдан әлдебір елес құсап шыға келеді де, көзінді арбап біраз тұрады, кішкенедең соң кескіні көмескіленіп, өз-өзінен түбіттей түтіліп жоғары өрлей береді де, көгілдір әлемнің бір пұшпағына барып, із-түссіз, елеусіз сіңісіп, жоқ болып кетеді. Осы бір ғайып дүниесі-ақ Холодовтың жүйкесін тоздырып, жынына тиіп-ақ болды.

Көкжиектегі шарбы бұлттар құдды найза шыңдардың басына ілініп қалған қардай аппақ дирижабльдер секілді; қазір құйттай жел тұрса болды – шыршалардың шошайған үшкір бастары олардың бауырын тозған шүберектей дал-дұл қылып, дар-дар жыртып жіберетіндей; сойтпін әлгі ақ шарбы бұлттар жеңіл ғана бір күрсініп, сонау қырка-қырағтардың басына, жеткен-жеткен жерлеріне амалсыз қона кетіп, қонған манайын күміспен күптеп жаға қалатын тәрізді.

Холодов қалпағымен бетін жауып алып еді, сасық тер ісі мұңкіп қоя берді; осы бір жағымыз нис әлгіндегі жұпардай бұрқыраған балауса нисін де жоқ қылып жіберді; мойнына да орылған шөптің сабағы қадалып мазасын кетірген, бірақ дел-сал боп шаршаған дене тәтті бір ғынығуды аңсағаны, қол-аяқты көсілін жіберіп, жанындағы мылтығыңның жып-жылы да мылқау оқпанын оң қолыңмен сипап қойып, тырп етпестен қозғалмай жатудың рақаттығы соншалық, ол мойнына қадалған шөптің сабағын да, қалпақтың сасық нисін де елемеуге тырысып, төзіп бақты.

«Сайтан алғыр! Ох, сайтан алсыншы бәрін», – деді Холодов.

Ал тәні тыныштыққа балқып, ылғал өткен табанының ақжемденген терісі күннің шуағына рақаттанып жатыр еді...

## Шығармалары. Төртінші том

Өзеннің арғы бетінде, сонау көрінер-көрінбес болып бұлдырап тұрған таудан да әрмен, терең қазан-шұңқырда көк түтінге тұншығып, қала тіршілігі қайнап жатыр. Холодов пәтерінің терезесінен балабақшаның сквері, ондағы бірнеше зәулім қарағай анық көрінеді; бұл қарағайлар осы жердегі орман ішіне Холодов пен оның әйелі қызмет істейтін биология институтының әуелі корпусы, одан кейін тұрғын үйлері салынған кездері, содан қалған жұрнақ еді.

Қазір ол жақтағының бәрі күйреген.

Холодов зертханаға алғаш келгенде болашақта аты дүние жүзіне әйгілі болатын ғалымның өмір-тіршілігі, әртүрлі конференциялар, ассамблеялар (неге екенін кім білсін, өзге жиындар емес, ассамблеяның нақ өзі) қиялында қырық құбылып, құйқылжи ойнақ салған-ды. Сол қарқынымен жұмысына да тез төселіп, келе сала өтімді бір тақырыпты қолға алып, ғылыми ортада жұрттың бәріне үйреншікті әрі кең тараған іспен – өздерінің басшысы доктор Курнышевтың әлдеқашан жүйеленген, шәкірттері негізге алатын еңбегінің дұрыстығын тағы да бір дәлелдей түсетін жұмыспен шұғылдануға кірісіп кеткен-ді; сөйтін жүріп, көп басын қатырмай-ақ (басын қатырмағаны былай тұрсын, тіпті еш күйдім-сүйдімсіз) үйленіп те алған. Холодов зерттеумен шұғылдануға кіріскен кездегі ғылымдағы жағдайдың тұрақтылығы және сол тұрақтылыққа деген сенімнің күштілігі соншалық, кенет дүние асты-үстіне келіп, жұрттың бәрі аяқ астынан ауыс-түйіске ұшырап, өзгеріп шыға келгенде Холодов өз көзіне өзі сенбей, бұрынғы басшы-жетекшісіне ғана сеніп қалды да... ендігәрі оңбастай қателік жіберген. Иә, ол ғылымдағы тұрақтылыққа, курнышевтіктердің туына ақырына дейін шын берілгендікке сеніп қалған еді, өйтпеске амалы да жоқты; басқаша жағдайда, диссертацияны түбірімен жаңадан жазып шығуға тура келер еді, ал көз алдында тұтас бір геологиялық дәуірдің тас-талқаны шығып, тұңғыққа түсіп кетіп жатқанда, адам айтса нанғысыз Эверест – доктор Курнышев көз алдында күл-парша болып, шаңы аспанға шығып жатқанда, қатардағы қарапайым адамнан мынау болып жатқан жағдайдың дәл бағасын айқындап айтып беруді талап етуге бола ма екен!

Қара жер как айырылды, енді оған кімді жұтса да баймысың, пақырмысың; қатардағы көп пенденің бірісің бе әлде нағыз алаяқтың өзісің бе бәрібір!

Холодов өзін кәдуілгі «қулардың бірімін» деп есептейтін. Кәдімгі қу да құдды солақай кісі секілді, қолайыңа келе қоймайтын, көп тарамаған адамдар ғой; бірақ тілін таба білсең, бұлардан да опонай қыруар пайда табуға әбден болады. Олар үшін алынбас қамал жоқ, қол жетпейтін нәрсе де болмайды, егер тек... аяқ астынан қара жер қак айырылмаса, яки кенет ғашықтық деген пәлеге душар болып қалмаса. Әрине, махаббат, күю-сүю дегендерің – тап-газа ақымақтың ісі, одан қорықпауға да болады; ал қара жер, құдайға шүкір, аяғыңнан астынан күнде-күнде қак айырылып жатқан жоқ қой. Біреудің ақымақтығын көрсе, Холодов көктегі Құдай бір өзі секілді, кекесінмен кекірейсе қарап, езу тартып тұратын. Өйткені арқандаулы ешкінің жағдайы өзіне жақсы мәлім еді және соны білетіндігін іштей мақтан тұтатын. Бірде жағатқанада жолдастық сот болған-ды, сонда бір «әділдік сүйгіш» студент қыз әлдебір адамды қорғаштап: «Басынан бақайына дейін харам адам деген бола ма екен, ә? Бойында титімдей жақсылық жоқ кісі өмірде болмайды да, сенбеймін де! Өлтірсендер де сенбеймін оған! Бұл деген сұмдық қой, адам айтса нанғысыз маскара нәрсе емес пе?» – деп тұрып алғанда, бұл ызы-кықы жұрттың тартыс-таласының айқай-шуына құлақ салып отырып, өзінің «құпия күлкісімен» іштей жымыып: «Алда ғана ақымақ қыз-ай, айдаладағы біреуді қызғыштай қорып тұрғанын көрдің бе, тіпті газет те оқитын шығар-ау! Эсестердің алдына өзін айдап апарар ма еді тергеуге! «Сұмдық! Маскара!» – дейді. Қайдағы маскара? Несі сұмдық? Университеттің артындағы терең сайда арқандаулы ешкі жүр, жегені – сасық шөп. Міне, саған, сұмдықтың бар болып-толғаны сол. Сол жерге өздері де қокыр-соқырларын апарып төгіп жүрген шығар-ау!» Университеттің артындағы әлгі терең сайды Холодов жақсы көретін. Ол жерде ешқашан ешкім жүрмеуші еді.

Кейінірек ол баяғы әділет сүйгіш «қызғышқа» үйленіп тынды, бірақ әйелінің туды-бітті мінезін өзгерте алған жоқ, «қызғыш қыз» сақарды, тіпті көз алдында егде тарта бастады, әйтсе де өзінің әділетті болам деген ақымақтығын жеңе алмай-ақ қойды; онысымен де қоймай, ақырына дейін, тіпті күні бүгінге шекті Холодовты алған бетінен қайтармақ болып, әлі күнге түзетпекші, жанына жаулау болмақшы! Алайда Холодов ешқандай сұмдықтан сескенген емес, ал бақыт дегенінді мүлде іздеп те көрген жоқ; бақыт деген қайдағы бір тұлдыр-тиянағы жоқ дерексіз ұғым екенін ол білетін.

Шығармалары. Төртінші том

Басты нәрсе біреу-ақ: қайткенде де жұрттың үстінен қарау керек және үстінен қарайтын адамдарың неғұрлым көп болса, соғұрлым өзіңе жақсы.

Енді келіп, міне, кара жер аяқ астынан қақ айырылғаны.

Бұл жерден басқа жаққа кеткісі келді, еңсесін түсірмей, басын тік ұстап кетпекші болған. Ештеңе өнбеді... өр басын имеймін дегенінен де, басқа жаққа кетемін дегенінен де. Сосын ол: «Ғылымның кара жұмысына жегілген қойторылар үшін!» – деп қышқырған. Ғылымның кара жұмысына жегілген қойторы мына өзі ме?! Жоқ, Холодов ешқашан өзін кара жұмысқа жегілген қойторымын деп есептеген емес, қойторы болса – мұны ол маңдайының арылмаған соры деп санар еді. Жай бір саудаға салған сөз ретінде жұрт мұныма не дер екен деп, әрі ине-жіптен жаңа шыққан жас кандидаттың, анау «ана сүті аузынан кетпеген» неменің, кәдуілгі Холодовтың көз алдында осы институтқа келіп, Холодовтың көз алдында кандидаттығын қорғаған, енді Холодовтың көз алдында доктор, тіпті академик; тағы не бар болса – сол болып кету қаупін туғызып отырған жігіттің шырқын бұзу үшін әдейі айтқан болатын. «Ана сүті аузынан кетпеген» неменің басы қатты істейтін, данышпан бас еді; Холодов болса, банкетте: «Ғылымның кара жұмысына жегілген қойторылар үшін!» – деп әдейі айқайлады. Сол үшін де жатын бөлмеде әйелінен «барып тұрған харам екенсің-ді» естіп, өлтіре сабады да, көрпе-төсегін құшақтап кабинетіне шығып кетті; кейін сол кабинет «мұның бөлмесіне» біржола айналды.

Әрине, мұның бәрі тек желеу ғана, әйелі әлі жас, оған бала керек және тегеурінді, тұла бойы толған қуат нағыз еркек қажет, ал Холодов болса, «нағыздыктан» қалып, тұғырдан түскелі қай заман және бұған өзі де басындағы шашының кашканына қалай көндіксе, әлдеқашан солай көніп болған. Шаш демекші, шашы уыс-уыс боп түсіп, бұл тым тез қасқаланып қалды, басын қайдағы-жайдағы бір көр-жерлермен талай шылқытып-ақ майлаған, бірақ түкке тұрғысыз көр-жерлер көмектеспеді. «Ғылыми кеңес Холодовтың диссертациясын қорғауға жарамсыз деп тауып, «құлатып» жібергенде, ол тұрды да кете барды; сол-ақ екен, несіне ынтымақтастық танытып, төбе шашы да сол бойда тік тұрды да... бір-бірілеп президиумнан түсе бастаған ғылыми кеңес мүшелеріне керісінше, оның басынан топ-тобымен түсе бастады».

Институттағылар осылай десіп жүрді, мұндай мошқап-мұқатуды Холодовтың өз құлағы да шалып қалған кез болды.

Тіпті Подгорбунский деген қызметтесі оған терек ағашы жайлы түсіндірме де беріп, бұның тағдырына ортақтасқанып, көзін ашуға көмектескенсімек те болды. Сайтанның сапалағы, камқоршым-сымак! Енді жетпегені – қарақан басына ие бола алмай жүрген Подгорбунскийдің ақыл айтқаны еді! Өзі кім-ай әуелі, қарамай ма екен?! Алжыған неме!

Кіл әуелеген теректерден тұратын аллея бұрынғы гимназия үйінің қап-қалың қабырғаларын бойлай ұзыннан-ұзақ созылып жататын-ды; осы ескі гимназияның бір кездегі кең кластарын керней түсіп, жыл өткен сайын ғылыми-зерттеу институтының көлемі де ұлғая берген болатын. Көктем сайын әлгі кәрі теректер бүршігін қинала жарып, жазда да жасыл жапырақтарын бірден жайып жібере алмай, дел-сал боп ұзақ тұрушы еді; қыстыгүндері жағдайы тіпті қиын-ды: жұлқына соққан желден, дауылдан, ұйытқи соққан бораннан, жапалақтай жауған қалың қардан қураған бұтақтары жиі-жиі морт-морт сынып, тіпті қисық-қисық ауыр ағаштар телефон мен электр желілерінің үстіне құлап та жататын. Жазда алдамшы көк жапырақтарға көміліп тұрғанмен, қыста қалтырай бүрсендеген жап-жалаңаш қалпымен олай-бұлай өткен жүргіншілерді эне-міне басып қалатындай, қауіп төндіретін де тұратын. Әйтсе де ақыры бір күн құлаған ағаш электр желісін үзіп, одан өрт шыққанша, бұл аллеяны қырқып тастауға ешкімнің де көзі кимады. Тек өрттен соң ғана, институт түгелімен қала сыртындағы жаңа корпусқа көшердің алдында ғана, әуелі арамен кесіп, сосын түп-тамырымен қопарып тастауға тура келді. Аллея бір-ақ күнде араланған болатын, бірақ қалай болса солай сұлатылған ағаштар, құлды, баррикада кезіндегідей жал-жал болып, ойпаң-тойпаңы шыққан күйі бірнеше күн бойы жатты. Ақыры тракторлармен қопарып, троспен сүйреп, не керек, тауысты-ау.

Аллеяны қырку кезінде бүкіл институт ағаш кесушілердің қимыл-әрекетін қызу талқылап, қадағалап тұрды. Талай-талай келелі кеңес беріліп, ақыл айтылды, тіпті Гераклит қарияның да аты ауызға алынды. Сол жерде тұрып біреу «мына фәни жалғанның баянсыздығын» еске алды; екінші біреу «дүние – кезек» екендігін, тіршілік дегенің қас пен көздің арасындай уақытта өте шығатынын тілге тиек етті; сөздің небір асылы ылғи да әрекет

## Шығармалары. Төртінші том

үстінде жүрдім-бардым айтыла салатыны сияқты, мыналардың да теріске шығаруға болмайтын орынды сөздері – бізден бұрынғылар талай айтып кеткен таптаурын сөздер бұ жолы да кимыл-әрекет үстінде жүрдім-бардым айтылған-ды. «Біздің ғасыр талай айтылып таптаурын болған сара сөзден гөрі, ел құлағын елең еткізер, ешкім айтпаған дара сөзді кастерлейтін болды емес пе?» – деді Подгорбунский, ақ тіс қалмаған аузын алақанымен көлегейлеп.

Бұл Подгорбунский деген кісіңіз – адам айтса нанғысыз орасан білімдар әрі керемет талантты, бірақ институттағылар айтып жүргендей, шынында да, «не ол емес, не бұл емес» болып қалған; «ол емес те, бұл емес» болып қалуына кезінде әртүрлі жағдайлар және өзінің де кейбір әлсіздіктері, соның ішінде, әсіресе, құмарпаздықтың жолын қуып кеткендігі себеп болған, ескі зиялылардың мәнерімен ол «соның жолын қуып кеттім ғой» деп сөйлейтін, араққа әбден үйренісіп, ішуге төселіп алған маскүнемтұғын.

– Сіз ғой осы... ылғи ішіп жүресіз, – дейтін жұрт оған, – осыныңызбен өз бойыңыздағы қандай керемет талантты тұншықтырып өлтіргеніңізді бір құдай білсін!

– Соның жолын кусам қайтейін! – дейді ол қысыла-қымтырыла қостап; сол кезде сорғалап бара жатқан көз жасын қолының сыртымен сүйкей салып, кінәлі кескінмен жаутаңдап өзіңе жымия қарайды.

Қалай болғанда да, біреулер оны менсінбей, кекірейіп жаратпайтын пиғыл танытқанмен, Подгорбунский талай жерде жұртты таң-тамашаға қалдырып, таңдай қақтырған кезі де аз емес-ті. Ол, мәселен, төтеннен қойылған кез келген сұраққа бар болғаны екі-үш-ақ минут ойланып, табан астында жауап бере беретін немесе есте жоқ ескі замандағы бір ғылыми жинақта жарияланған, түкке тұрмайтын елеусіз мақаланы түгелімен айтып бере алушы еді; яки шет тілдерден хабары жоқ қайсыбір қызметкерлер қайтерін білмей жүргенде, неміс және ағылшын тіліндегі аса қажет ғылыми жұмыстарды ол бөтелкесін жанына қойсаң болды, соны тауысқанша-ақ аударып бере салатын; қажет десеңіз, қайсыбір ұлы ботаник, орман өсіруші, биолог немесе географ қандай мәселе жөнінде не дегенін де есіне түсіріп, айнытпай айтып бере алатын. Отызыншы жылдары геологиямен айналысуға жай ғана әуестігі жеңіп, оны да біраз айналдырып көрген Подгорбунский, неге екенін кім білсін, едәуір уақыт сейсмологиямен шұғылданған

екен, бұл салада да біраз нәрсеге қол жеткізіп, таяу күндерде жер сілкінетінін алдын ала айтып беріпті. Шынында да, бұл айтқан шамада жер сілкініп, оның эпицентрі дәл Подгорбунский көрсеткен, сол жобалаған жерде болып шыққан.

Жас кезінде ол небір «сал-серілік сауық-сайрандардың» басты қаһарманы да болыпты деседі. Әрине, жастық-мастық туралы әңгіме бола қалғанда қартайған кісілердің өтіп кеткен өз дәуренін өзгелердікінен гөрі сырлаңқырап, бояңқырап, әсірелеңкіреп айтатыны табиғи да түсінікті жайт қой, әйтсе де Подгорбунский хақында оның сәйкілігіне шәк келтіруге болмайтын еді, өйткені ол қазіргі салдыр-салақ кейпінің өзімен-ақ институттағы биби-бикештердің барлығының дерлік ықылас-ілтипатын өзіне аударып алуды жақсы білетін: олармен әңгімелесе қалғанда тұғырдан түскен еркектердің қыркылжын әңгімесін де орнымен... орнымен болғанда да жігін білдірмей, қазір олайша қылыштың жүзінен аудармай айтылатын қалжың қайд-а-а, тігісін жатқызып, сөз арасына қыстырып жібергенде, шалқаннан түсетінсің. Биби-бикештер сол үшін де оны әлгі біздің «аузы опырайған оспақшыл» атандырған, ондайда Подгорбунскийдің жүзіне кірбің ұялап, иә-ә, бірінен соң бірі көз аштырмай қойған қуатты революциялар мен сойқанды соғыстардың тулаған тасқынында, бейберекет шашылып қалған дүниенің ортасында басым мәңгіріп жүріп, ізет-инабат дегендерді жоғалтып алыппын дер еді.

Енді бірде, дәліздегі диван үстінде аяғын немқұрайды айқастырып қойып, умаждалған шалбарының тізелігінен ұршық сүйегі шодырайып, байсалды әңгіме шертіп отыратын.

– Өсімдіктер дүниесінде өсіп-онудің классикалық деп аталатын тұқымнан, дәннің өрбу әдісінен де басқа, вегетативті өсіп-ону деп аталатын түрі де бар екенін жұрттың бәрі де жақсы біледі, – дейтін «оспақшыл» шүлжіндей сөйлеп. – Әрине, әңгімемді әбден жауыр болған жайдан бастағанымға ғафу етіңіздер... Бірақ бұл жерде жұрт жеткілікті мән бермей жүрген аса қызықты бір құпия жайт бар. Иә, айталық, теректің бір бұтағын немесе солқылдаған көк шыбығын кесіп аламыз да, оны топыраққа отырғызамыз. Көп ұзамай бойшаң ағаш өсіп шығады, қарап тұрсаң – жап-жас дарак секілді. Осы жерде анығын айта кеткен жөн, биологиядан хабары жоқ ақындардың арасында әлгіндей солқылдаған көк шыбық – өсімдіктер дүниесіндегі өсіп-өрбудің бірден-бір жолы деген қате ұғым кең



## Шығармалары. Төртінші том

тарап кеткен. Мәселенки, еменді алайық... Олардың көбіне-көп көріп жүргендері – жан-жағынан жас шыбықтар қаумалаған емен болғандықтан, бұл ретте, осы ағаштың жолы болыңқыраған; иә, соны көреді де, ақындар әлгі жас өркенді жырға қосады, ал нағыз үлкен болашақ – жас өркендікі емес, әлгі еменнің әлдеқан-дай бір жердің жарығына түсіп кеткен жаңғақ секілді дәнінде; сол дәннен өсіп шыққан, алғашқы кезде еменге ұқсастығы бар-ау деп еш ойлауға да болмайтын, желбіреген титімдей көгерішінде екені қаперлеріне де кірмейді. Олар, шамасы, емен өз жаңғағын шошқа жеу үшін жерге әдейі төгеді деп ойлайтын болса керек. Емен жаңғағы! Мамыражай май айында ұшатын зауза қоңыз секілді оның тұрпаты да шексіз жетілген, архитектурасы арманындағыдай тамаша, ал серпімділігі қандай бір пластмассаңнан да кем түспейді, бұған қоса, сүйектің кемік басындай сықыр-сықыр сықырын, майлап қойғандай жылтырауын, оңайлықпен өнін бере қоймайтын түсін айтсаңшы! Өркез емен жаңғағын қолыма алып қарағанымда мен оның бүйірін тесіп шығып келе жатқан жұп-жұмсақ, нәп-нәзік көк өскіннің қылтиған ұшын көргендей болам, сол көк өскіннің бойына қордаланған қуат-жігердің сыртқа тепкен тас-түйін күшін сезінемін. Бұл ғаламаттың алты ай аспанды тесіп көкке өрлеген ракеталардан да, адамзат әлекке түсіп ойлап тапқан тағы басқа таңғажайыптардан да әлдеқайда күрделірек екеніне Сіз келісерсіз деп ойлаймын. Иә, міне, сол перзенті жаңғағының бойына баба бәйтерек бүкіл күш-жігерін шоғырландырған, өз бойындағы бүкіл жақсы қасиеттерін соған дарытқан. Сондықтан да нағыз ақиқат жаңғыру-жасару соның бойында; ежелгі бабаларымыз мұны тіршіліктің түп қазығы, өмірдің ұлы мән-мағынасы деп ұққан, ал біз болсақ, мұны қарабайыр ұғым-түсінік деп қана білеміз. Әлгі бір жас өркенге қайта оралар болсақ, өзі паналап өскен қарт бәйтеректен ол онша көп өмір сүрмейді. Өйткені кесіп алынған көк бұтақ дегеніміздің өзі – жүз жасаған бәйтеректің бір бөлшегі ғана, шындығына келгенде, ол да жүз жасаған болып шығады. Оның өмірін біз тек жасанды жолмен ұзартқан боп қаламыз. Мұндай мүмкіндік – қаздып-қаздып ғұмыр бойы тапжылмастан тұратын ағаштарға табиғат-ана қимыл-қозғалысқа енудің бір түрі ретінде айырбасқа берген кеңшілік қана. Қара жерге бас ұрарда ағаш екеш ағаштың өзі кәрі қолдарын ажал тырнағы жетер жерден әрменірек созғысы келеді. Алайда жануарлар әлемінде табиғат-

тәңірі қаруы қайтқан кәрілердің тұқым жаюына мүмкіндік бермей, аса ақылды іс қылған. Көнесің де, қайтесің... Ых-ых- хы!.. Иә, мен біздің аллея туралы айтпақшы екенмін ғой. Дәлірек айтсам, бұл теректердің шірік болатыны және олардың қыртыс-қыртыс діндерінің тозығы жетіп, өзегі өлі кеудірлекке айналуы, дауылдар мен борандарда борт-борт сынатыны – сол, бұлар өздеріне тиесілі сексен-жүз жыл ғұмырларын сүріп қана қоймай, (мен кесілген жерлерін қарадым, небары сексен-жүз жыл ғана жасаған; ал бұл – терек үшін, кейбіреулер ойлағандай онша көп жас емес), иә, өздеріне тиесілі ғұмырларын сүріп қана қоймай, бабаларының бауырында да жүз жылдарын өткізген. Үстірт қараған кісіге әуелде көк шыбық болып көрінгенмен, жүз жасаған кәрі теректердің бауырында біте қайнасып өскен. Бір сөзбен айтқанда, олар – тумысынан кәртамыш. Мәселенің мәні, міне, осында жатыр; олардың күллі қасіретінің түптөркіні де осында. Кесіліп алынған көк шыбықтардың өмірінде өсіп-өркендеу жолының революциясы болмаған; өсіп-өркендеу жолының революциясын басқа теректер бастарынан кешірді, қазір олар ешкімнің есінде де жоқ шығар, нағыз өмір кешкен солартұғын. Әрине, алаңда жайрап жатқан теректерде түк жазық жоқ; олар – бар болғаны теректер ғой; бақ өсірушілер әкеліп екті, олар өсті... Оған бола қайғыратындай да дәнеңе жоқ! Естуімше, енді балапан балқарағайлар әкеліп екпекші көрінеді; балқарағай дегеніңіз бар ғой, ол енді... керім сұлу ағаш. Немесе шыршаны алыңыз! Өз басым шыршадан сұлу ағаш көрген емен. Айтпақшы, біздің институттың үйі өзен училищесінің орнына көшеді деседі ғой. Сөйтсе тіпті катып кетер еді, онда мынау ұзын дәліздің бойынан кейбір көлбеңдеген көлеңкелердің қарасы өшіп, анау кең кластарды құйтақандай бүлдіршіндердің көңілді даусы кернеп, сіздердің аса құрметті, ақылшы, әйтсе де қазір марқұм болып кеткен бұйдабасы басшыларың Курнышевтың құттыхана хұжырасы балалардың айқай-шуына бір кенеліп қалар еді!

– Сіз өзі... ақын болам деп, бола алмай қалған кісі сияқтысыз ғой, – деді Холодов қатқыл үнмен, жақтырмағанын жасырмай. – Өзіңіздің қолыңыз ештеңеге жетпеді емес пе, ақырында ешкім де болып шыққан жоқсыз ғой! Сіздің өзіңіз не ол емес, не бұл емес – дүбара емеспісіз?!

Қарттың иығы қушиып бір уыс боп қалды, әлгінде пәлсафа соғып отырғандағы желпінісінен де түк қалған жоқ, Холодовтың

Шығармалары. Төртінші том

бетіне тесірейе қарап біраз үнсіз отырды да, орнынан кинала түрегеліп:

– Неге? – деді карсылық білдіріп. – Неге «ешкім болып шыққан» жоқпын? Болдым! Маскүнем болып шықтым, міне!

– Тілінің удайын көрдің бе, заһар шашқан сұр жыланның, – Холодов ызадан жарылардай қалш-қалш етіп қоя берді; Подгорбунский болса, аяғын сырп-сырп басып, ұзын дәлізді бойлай кетіп бара жатты. – Кәрілік мұның өзін арбаның астына түскен иттей кирелеңдетіп кеткені қандай оңды болған! Сөйтіп жүріп «емен жаңғағы» дейді тағы! Емен жаңғағы мұның несін алған-ай! Ә? Курнышев марқұм осыны көрген сайын: «Көзіңе топырақ құйылып көрге бір рет кіргенше, жүз рет қарғыс атқан арамза болып тірі жүрген жақсы» деп, сол сөзіне дәлел ретінде әлгі шалды «көрнекі құрал» орнына нұсқап көрсетуші еді.

Холодов тілінің ұшына лекіп келіп қалған сөздерді айта алмай тұншығып, өз өмірінің құпиясы да, арқандаулы ешкі тіршілігінің сыры да, тіпті түпсіз терең сұмдықтардың дәйегі де – бәрі, Подгорбунскийге белгілі-ау деген қорқынышты сезімнен арыла алмайтын; бірде тіпті Подгорбунский одан: «Немене, сен әлі де осында қала бермекпісің? – деп сұраған. – Тілімді алсаң, енді бұ жерде қалма, қажеті жоқ!» Холодов ешкайда да кетпейтінін, өзінің бүкіл ішкі сыры мен бірбеттігін бұрынғыша сақтай отырып, осы жерде қала бермек ойы бар екенін даурыға дәудірлей бастағанда, Подгорбунский бұрылып кетті. Ұзын дәлізді бойлай, аяғын сырп-сырп басып кете барды.

Шыңыраудан шығар жол да сонымен біржола кесілді.

Кісінің жылағысын келтіріп, енді, міне, қара жер де аяқ астынан қак айырылғаны.

Тағдырына өкпесі қара қазандай болды мұның, сосын сол өкпе мұны кісі күлерлік әрнемеге, әртүрлі әрекет жасауға итермелеп, содан сәл-пәл де болса көңіліне жұбаныш табатын; сонау бір үміт қуып, түпсіз терең қулық-сұмдықтардың сырын ашып, арқандаулы ешкінің құпиясына да қанығып, өзі соған төбесімен көк тірегендей кекірейіп жүретін кездеріндегі жан баласына айтпай, жалғыз өзі іштей масаттанатын ләззатына қарағанда, бұнысы бірақ түк емес-ті. Сондықтан болса керек, қышқыра айқайлауы, қарымы қайтпас ызамен қалшылдауы жиілепті.

Өткен жылы институттың біраз қызметкері, ішінде «ана сүті

аузынан кетпеген» неме де бар, халықаралық бір конференцияға барған-ды. Аттанар алдында «ана сүті аузынан кетпеген» неме Холодовпен дәлізде тұрып сөйлесіп қалған; бір бөлмеде жұмыс істейтін әйелдерді темекі түтініне тұншықтырмайын деп, трубкасын тыста тартуға шыққан екен. Сонда Холодов жас бастықтың жүзіне жақын жерден барлай карап тұрып, оның түсінің сарғайыңқы екенін, көзінің асты қалталанып тұрғанын байқап, іштей әлденеге қыбы қанып қалған-ды; әрине, ол жас бастықтың нақ-нақ, ап-айқын үнін естіп тұрды, сонымен бірге іштей: «е-е, бұл да ұзаққа бара қоймас; бәлкім, қылтамақ шығар, әлде бауырдың емделінбейтін цирроз деген дертімен ауыра ма екен; несі бар, сырқаттанбайтын бұл кім соншама?!» деп ойлап та үлгерген болатын. Бастықтың сөйлеспек шаруасы – бұл, Холодов, демалысын бір айға кешіктіре тұрып, зертхана жетекшісінің міндетін уақытша атқара тұрмас па екен деген гәп екен, тек лаборантқалардың жұмысын қадағаласа жеткіліктіміс, өйткені ғылыми қызметкерлердің өздері-ақ жұмысты ұршықша үйіріп әкетеді-міс. Бастық сол жерде Холодовтың жасы да, жолы да үлкендігін еске алып, өзінің ашық даусымен, барынша ақ көңілімен, ықылас-ілтпатын білдіре айтқан-ды.

Осы уақытқа дейін жүрегінің басына сақтап келген дықтың, өкпе-реніштің не екенін және өзі сол үшін де өмір сүріп жүргенін Холодов сонда аңдады. Көңіліне орнап алған эзәзіл іштен түрткілеп, «Ә, бәлем, солай ма екен; мені де керек ететін кездерің келді ме?!» дегізіп, осы бір табалаудан жаны рақаттанғанда жүрегі атқактай жөнелді де, сол эзәзіл ақыры мұның аузымен дегенін айтқызып тынды:

– Қойторыңыз да қажып бітті! Оған да бір кезек ақырдан жем жеу керек-ақ шығар! Бір ай жүген-құрықсыз емін-еркін жайылуына қақы бар ма оның, жоқ па?!

Тап осылай бакырып-шакырар деп ойламаса керек, бастықтың трубкасынан бықсыған түтін орнына от шықты.

– Мына кісі жынданған ба... – деді бар болғаны...

Сол демалысын Холодов сырқаттанумен өткізді. Қолына бюллетенін ұстап отырып ауырды кәдімгідей. Сырқаты да біртүрлі қызық болды: тәулігіне жиырма сағаттан ұйықтайды, сол жиырма сағат бойы жан шошырлық түстер көреді.

Түсіне қалпағының иісі, мойнына қадалған шөптің қатты сабағы да араласып, шегірткелердің бірқалыпты тынымсыз шыры-

лынан шырт ұйқысы біртүрлі қапырыктанып, ауа жетпегендей тынысы тарылды; онымен де қоймай, секендеген құрғырлар ыршып жүріп, ауада қалықтаған мизанды мұның үстіне әкеліп жапсыра беріпті, орай беріпті; сөйтіп, мұны тұла бойы шырыш-шырыш жібек құртына айналдырып, құндақтап тастапты. Холодов өзінің құндақтаулы кейпін көз алдына елестеткенде қандай қорқынышты құбыжыққа айналарын сезіп, шошып кетті. Бұлқынып босанбақ болып еді, қол-аяғын қозғалта алсашы.

Бұқа шырша тоғайының ішінде түнеп шыққан-ды. Ертеңгілік, таң сібірлеп келе жатқанда, ол қалыңнан шығып, биік-биік шокалардың арасындағы айнадай жалтырап жатқан суды кеше, саз батпаққа тұқайы тайғанактап, томар үстімен жүріп өтті; сосын төбесінен етегіне дейін кілең бір қураған қайың ағаштары қалқиып тұрған беткейден ылдиға түсіп, мая-мая шөп үюлі тұрған алаңқайды кесіп өтіп, көл жиегіне келді. Жағалауда тұрып, күннің шығуын күтті де, деревняға беттеді. Аяғының астынан пыр етіп таукүдіреттер тызалақтап ұшып жатыр, ұшып жатыр. Деревняға жетпей кідірген бұқа күнде табын жайылысқа шығар жерде тоқтап, шық басқан шөпті жұлуға да батылы бармай, паданы күтіп тұрып қалды; ферма жақтан бір қора сиырдың көрінуі мұң екен, қайтадан бұрылып алып, шырша тоғайына қарай қайқайды. Жолшыбай алаңқайда аз-маз кідіріп, үюлі тұрған маядан уыс-уыс шөп жұлған, бірақ шайнаған жоқ, жұлып алған бойда жерге тастай берді, жұлып алды да, тастай берді.

Күн жылынды, сол-ақ екен, жаракатының үстіне, қан қатқан жерлеріне шыбын үймелеп, содан мезі болған бұқа аяғын сылти басқан күйі құйрығын шиыршықтай шипандатып қойып, шырша тоғайына қарай емпеңдей жөнелді. Томар үстінен өткенде оған бұлттай қалың маса жабылып, шыбыны шырқыраған бұқа бұрынғыдан да гөрі өңкілдей түсті. Әр аттаған сайын аяғы да басқызбай зар қақсап, мынау мүшкіл халі көкірегіне қорқыныш ұялата береді.

Өңкілдеп келген бетінде шырша арасына қойып кеткен, шырыштанған қалың бұта оны өткізіп жіберіп, сол бойда хош иісі аңқыған қоңыр салқын қараңғы қойнын жауып ала қойып жатты. Жанын жай таптырған шыршаның қылқанды бұталарына бұқа кеудесін, қос бүйірін, бауырын сипатып, маса-шыбын шаққан жерлерін мыңдаған нәзік тікенекке қасытып ілгерілей берді,

ілгерілей берді, барған сайын шырышы мол шырша тоғайының ішіне еніп бара жатқандай емес, құдды бір көк жойқын әлемге қыр арқасы ғана қылтылдап батып бара жатқан секілді.

Өткен түнде түнеп шыққан жеріне жетіп алмақшы еді бұқа. Ол жерде мұны кеше маса-шыбын мазалаған жоқ-ты, ал шырша арасында ыңып жүрген таскенені ол тіпті елең де қылмаған. Таскене демекші, ол кеше қуғын-сүргінге түсіп, мылтықтан үркіп-пысып қашып жүргенінде осы шырша тоғайына тап болып, содан жайлы орын іздеп күні бойы сенделген кезінде-ақ таскенеге таланын қалған болатын. Олары тырсынып-тырсынып жұқа шап пен қолтық астында, бауырында, құлақтарының түбінде бармақтай-бармақтай болып қарайып тұр: қанға әбден тойғандары домалап түсіп қалып та жатыр, оның есесіне, бұтақтардан саудырай төгіліп басқалары – қарны қабысқан әрі ұсақ аштары жабысуда. Бірақ шырша арасы тып-тыныш әрі қоңыр салқын: мұп-мұздай дымқыл мүк те сыздаған жарақатының солқылдағанын басатын сияқты. Маңай жым-жырт. Тек бір рет тобесінен топ шымшық шықылықтай ұшып өткен, таяудағы ағаштардың біріне барып қонған олар да әрі-беріден соң дүр көтеріліп, біржола ғайып болды.

Басын көтеріп көкке қарай алса, бұқа қазір шырша бұталарының арасындағы саңылаудан: әуелі тұңғыш көк аспанды, сол көкпенбек аспанда ақырын қалқыған қазбауыр бұлттарды, сосын бұлт астында қанатын жайып жіберіп қалықтап жүрген құладынды көрер еді. Бірақ ол жоғарыға қараған жоқ, мұп-мұздай мүкке жамбасын төсей түсіп, осы бір киіздей тұтасқан, ылғалы мол, сап-салқын тосеніші сыздаған жарақатының солқылдағанын басатындай етіп денесін соған тигізіп жатуға ғана тырысты.

Әлдекім үстіне төніп тұрғанын тұла бойымен сезіп, Холодов оянып кетті. Жалма-жан басын көтеріп алған, күннің шақырайған сәулесі көзін қарықтырып, сығыраңдап отырын қалды.

– Қалай, жақсы ұйықтадыңыз ба?! Күннің отінде көп жатып қалсаңыз, басыңыз ауырады, – деді Сергей. – Қызығы – қазір қара көлеңке бөлмеге тығылып алып, қорылға басу ғой.

– Расында, – деді өзіне-өзі енді келген Холодов та қостап, – сөйткен жөн шығар.

– Сөйткен жөн!.. Ыстықта шыжығаннан.

Қарттың әңгімесіне құлақ түре отырып, ол аяқ киімін киді. Сонсоң орнынан тұрып, күртешесі мен мылтығын алған: күн

Шығармалары. Төртінші том

көзінде қалған мылтығының темірлері қол тигізбестей болып ысып кетіпті.

– Мылтығың – тәуір мылтық білем?

– Жаман емес, оқ жетер жердегіні жалпасынан түсіруге жарайды, әйтеуір, – деді Холодов бакташының сөзіне орай.

– Неғып құр қайтқаның? Біраз оқ шығарған секілді ең ғой. Көл жақта таңқылдатқаның тіпті қалаға естіліп еді.

– Көрмейсің, құлатқанымың бірде-бірін ала алған жоқпын. Бұл жерге аңшы ит керек екен.

– Әрине, әрине... – қарттың көзі сығырайып, қуақы ұшқын атты, – ит пен аулаған, әрине, ыңғайлырақ, оны жұрттың бәрі біледі. Ал сен итсіз аулап көр, әнеки, аңшы екенің сонда білінеді.

– Мен қалтасында қағазы бар кәдуілгі кәнігі аңшы емеспін ғой, жай былай... демалыс үшін дегендейін.

– Көңіл көтеріп... дейсің ғой баяғы. О да дұрыс. Дұр-р-рыс! Тек құрғырлардың әзірше тіске басар түгі жоқ болар қуырсаң, ептеп талғажау қылуға жарайды, ал ассаң, әй, білмейім, ауызға салар бірдене шыға ма, жоқ па... ылжыраған шырыш-шырыш пәле бір. Сыртынан компиған қауырсынына қарасаң – дардай-ақ, жүнін жұлып, ішек-қарнын аршығанда, ар жағында түк те қалмайды. Жұдырықтай бірдене! Мұны әлі күтіңкіреу керек, күзге салым жетіледі. Ал әзірге ерте, тым ерте.

Бакташының астындағы байтал манайындағы бөгелек, соналарды құйрығымен жасқап, басып шұлғи үркітіп, ауық-ауық тұла бойын дір еткізе тітіркендіріп, ақырын жүріп келеді. Қарттың әңгімесіне құлақ салу үшін байталмен қатарласқан Холодов оның бойынан жылқы терінің аңы иісін сезіп, өз денесінің де әлгіндегі жайсыз ұйқыдан соң шым-шым ұйып, құрыс-тырысының жазылмай келе жатқанын байқады.

Мылтықтың көкке қарап үңірейген оқпанынан ұстап, салмақтап көрген Сергей:

– Қара зілдей ғой, құрғырың! – деп қойды.

Иығынан алып, оқпандағы оқтарды суырып, сосын қартқа ұсынған Холодов:

– Үш килограммнан асып жығылады, – деді мылтығын беріп жатып.

– Ох-хо-хо, мәселе қайда жатыр, – деп, қарт өп-өтірік таңғалып, мылтықты оп-оңай омырып жіберді де, оқпанынан сығалады. – Іші

кап-кара күйе ғой! – деді сонсон. Көздеп көрді. – Ыңғайлы кару ғой, көзіңе көрінгенді қағып түсіруге болатын-ақ шығар.

– Болмай! – деді Холодов масаттанып.

– Шиті мылтыққа бәрібір жетпейді-ау осылар, – деп қойды, қарт аузын сылп еткізіп.

– Бұларды бір-бірімен салыстыруға тіпті де болмайды, мынау – әуесқой аңшыларға арналған, ал шиті мылтық – адам атуға шығарылған.

– О-о! Шиті мылтық болар ма еді, – деді шал, Холодовқа мылтығын қайтарып беріп жатып.

Деревняға жақындағанда аяқ астынан – мықтаса, он қадамдай жерден – екі тауқұдірет ойбайын сала ұша жөнелген, ауада жалт-жұлт жалтарып, елу қадамдай жерге барды да, бірінен соң бірі қалың шөптің арасына топ-топ құлады.

– Мыналарды да атамысың?

– Атам! Бірақ көбіне тимейді. Жалтарып, өте тез ұшады.

Деревняға жеткен соң, бақташы Холодовты осындағы, Солнечноеға саятка келгенінде Холодов ылғи Матвеевтердікіне ат басын тірейтін – үйіне дейін ертіп келді.

Холодов басын изеп, рақмет айтқанның ишаратын жасады да, қақпаны ашқан.

– Сен былай етсең қайтеді. – деді қарт осы кезде ғана, – қазір кеңсеге кіріп шықшы, бригадир қайта-қайта өтініп жатыр еді, шаруасы бар білем сенде.

– Неғылған шаруа? – Холодов бақташыға аңтарыла қарады.

– Неғылған шаруа екенін өзі айтады ғой, жан қиналатындай нәрсе емес шығар.

«Бұл не шаруа тағы?» – деп ойлады. Холодов кап-қаранғы қоңыр салқын ауыз үйге ене беріп. Ауыз үйде тауықтар толып жүр екен, жапа-тармағай қанаттарын сабалап, тақтай еденді тырнақтарымен тілгілеп, қытқыттаған күйі маңайды бастарына көтере тырағайлай жөнелді. «Шамасы, дәріс оқып беруімді өтіңісі келетін шығар. Тұқым қуалау жөнінде бірдеңе айта салсам ба екен. Алтыбармақтылар, бесмармақтылар... әлде Кур-нышевшілдердің тұжырымына қарсы пікір қозғасам ба екен», – деп ойлады ол, сөйтті де, көңілденіп сала берді.

Матвеевтің кемпірі Холодовтың аяғының тарпылын естіп, кереуетінен тұрды да, шыт перденің артына тасаланды; сосын



бүкіл бөлмелерді айналып өтіп, аулаға шықты да, бастырманын астындағы шағын қазандыққа от тұтатты; Холодов ауыз үйде жуынып-шайынып, одан сүртініп болып, он бес минуттай уақыттан соң үйге кіргенде, үстел үстінде буы бұрқырап, әр жері көпіршіктенген қуырулы жұмыртқа тұрды.

Қуырылған ыссы жұмыртқаны аузымен үрлеп қойып, ерекше бір тәбетпен қарбыта асаған Холодов ара-арасында салқын сүттен де ұрттай отырып, қазір бригадирмен не сөйлесетіні жөнінде де ойлады. Ту сыртында салқын пешке арқасын сүйеп Матвеевтің кемпірі тұрған-ды, ол мұның екі шықшыты бұлт-бұлт етіп қалайша ойнақшығанына қызыға қарайды.

– Сізді бригадир сұраған, кіріп шығармын деп еді.

– Естідім, бакташы айтты. Маған тіреліп қалған шаруасы не екен?

– Бұқа есіріктеніп жүр дейді. Көктемде-ақ құтырына бастап еді, қазір тіпті есі шығып кетіпті – анада мал дәрігерін таптап өлтіріп кете жаздады. Оған коса, паданы да, әлгі тана-торпақтарды... солардың ішіндегі жап-жас ұрғашы баспақтарды дегенім ғой, әбден бүлдіріп болыпты, оларға қашу әлі ерте ғой.

– Менің бұған қандай қатысым бар, нендей көмек сұрайды менен сонда? – Холодов орындық үстінде отырған күйі шыр айналып, ту сыртындағы кемпірге қарады.

– Сойып тастағылары келеді, бірақ бұқасы бар болғыр тым асау, қолға түспей жүр. Бакташы Сергейдің өзіне тұра-тұра ұмтылатын көрінеді, қазір ол да қорқып маңайына жоламайтын болыпты. Кеше жұрт оны ұзақты күн қуалады, бірақ ешқайсысы қораға кіргізе алған жоқ, шырша тоғайын шыр айнала қашып, шықпай қойды бермен. Жабайы аң секілді, тіпті падаға да жоламайды. Онысына да шүкір, қатындар ауық-ауық сауынға барып жүреді ғой. – Кемпір сөзін үзіп тастап, ұшында қуырылған жұмыртқа шаншулы тұрған шанышқыға тесіле қарап қалыпты.

– Әйтсе де түкке түсінсем бұйырмасын, менен не сұрағылары келеді сонда?

– Айтып тұрмын ғой, еркектер ақылдаса келе, асханаға апарып өткізуге, одан қалғанын Ново-Солнечноедағы орталық бригададағыларға ауқатқа жөнелтпекке бел буыпты.

– Шамасы, мылтық керек қой?

– Мылтық, иә, мылтық керек оларға! Кеше әлгі бір... тырсылдақ

мылтықпен тырс-тырс еткізіп біраз атып еді, қылшығы да қисайған жоқ. Қатып қалған көп тулақты сабаумен құр сабағандай! – Кемпір мыж-мыж күйттай жұдырығымен пешті ұрып-ұрып қойды. – Сарт-сарт етті де, тынды!

– Шынында, оны малоцулькамен атқан да бір, пілді пытырамен атқан да бір шығар.

– Солай, солай... жақын жерде тұрып жанды жерінен тигізсе, құлатуға болады деседі. Бірақ жақындауға бәрі де қорқады, ызалы неме ғой. Сіздің мылтығыңыздан мөңіреуге де шамасы келмес. Таңертең көл жақта таңқылдатқаныңызды естігенде-е-е...

– ауыл адамының аңғырттау қулықсымағымен кемпір өп-өтірік мақтап қойды, – күндей күркіреген құдайдың бұл не кереметі деп жағамды ұстадым. – Сөйлей жүріп, кемпір үстел үстін жып-жылдам жиыстырып та тастады. – Жасаға-а-а-ан, бұқа да енді – бұқа-ақ, айтары жоқ. Өзі ірі, өзі қымбат бұқа. Шып айтам, есіріктеніп кетпегенде бар ғой... – тамақтың қиқымын үстел үстінен уысына жинап алып, аулаға беттеді. – Шеп-шеп-шеп!

Холодов жол қапшығын жанына қойып, ішінен алты патронды таңдап алды – үшеуі қаз пытырамен, үшеуі қасқыр оқпен оқталған. Қаншама аңға шығып жүрсе де, ол қасқыр оқпен ешқашан лайықты ештеңе атып көрмеген-ді. Оқталғанына екі жылдай уақыт өтті: бірер мәрте қарағайдың қатып қалған шайырын атып еді, бармақтай қорғасын тас боп қалған шайырды майыстырып жіберген екен. Сосын бірнеше рет әншейін телеграф бағандарын атып көрген – қаздып-қаздып тұрған бөрене ағаштар бөрінің артындай шуласып, темір желілер жың-жың, зың-зың гүлесіп, ұзақ уақыт басылмай тұрып алды; тағы бірде барша тышқанды атып еді, байғұстың бұ дүниеде болған-болмағанынан да белгі қалдырмай, жоқ қылып жіберді, тек әлгінде ғана тұрған жерінен екі адымдай әріректегі бір бұтаның басында тырнақтай терісіне жабысқан қызыл шақа еті ілініп қалыпты. Иә, соның бөріңде де тек әншейін байқау үшін, бармақ басындай қорғасынның қара тажал екеніне тағы бір көз жеткізу үшін, жай ата салған болатын. Қасқыр оқпен оқталған бұл патрондарын Холодов шынымен жақсы көруші еді. Осындай оқпен оқталған ондаған патроннан үшеуі-ақ қалыпты; сол үш патронды ол әрқашан тастамай ала жүретін, ол үшеуін оқшантайдағы арнаулы жерге – сол жақтағы шеткі үш орынға салып қоятын. Олардың түрінің өзі-ақ қиялынды қиян-саққа алып

## Шығармалары. Төртінші том

кетер еді. Міне, қашып бара жатқан, немесе қарсы жүгіріп келе жатқан гүжбандай аң... көкірегінде өрлік оты тұтанып, қасқая қарап қарсы тұра қаласың да, қосауызыңмен, бірінен соң бірін – екі рет, – тартып-тартып жібересің, мылтық тұншыға гүрс-гүрс ете түседі, – аң аяғынның астында жығылып жатыр, сен жеңдің, жеңіс! Жауыңды жайратқан, жеңілгенді табанға салып таптайтын, шексіз қуанышқа толы жеңіс. Көз алдында көлбеңдеген осы бір сиқырлы суретке көңілі ауып, елти беріп еді, бірақ перденің ар жағындағы кемпірдің еміс-еміс дем алған тынысы естіліп тұрды да, Холодов қиялындағы тәтті арманнан толық ләззат ала алмады. Бар болғаны – патрондарды тағы да қолына алып, едәуір уақыт салмақтап-салмақтап қорді де, көңілі соған жайланумен тынды; патронның аузындағы бармақ басындай көкшіл қара қорғасын да Холодовқа томсара қарап тұр еді.

Кемпір шыт перденің артында әлденені қайтадан тысырлатып, күйбендеп жүріп алды да, біраздан соң барып бері шықты. Холодов патрондарын үстел үстіне қойды. Кемпір оның ту сыртынан тергей қарап, үстел үстіндегі патрондарды да көзінің қиығымен қалт жібермей санап үлгерді де, сыртқа шығып кетті – ауыз үйге кіріп кеткен тауықтардың тағы да қанаттарын сабалап, қақылдай қашқаны естілді.

Соның арасынша сыртқы есіктің аузында әлдекімнің аяқ дыбысы білінді де, бөлмеге протезі сықырлап Колесов кіріп келді, соңында үй иесі кемпір де жүр.

– Төрлет, Веня, терлет! Қонақ – үйде, сені күтіп отыр.

– Саламатсыз ба! Қазан аузы жоғары, қалай, қанжыға қанданды ма? – деп бригадир даудырлай келді де, сексеуілдің бұтағындай қисық-қисық саусақты қолын ұсынып, кемпір әкеліп қойған отырғышқа жайғасты. Сонсоң протезді аяғын созып жіберіп, сол жақ қалтасынан шылымын шығарды. – Уақыт жоқ, аяқ шаршады дегендер немене сол!?. Оқасы жоқ, ең бастысы – демалғаныңды айтсайшы, табиғат аясында дегендейің... – Темекі қорабын бұған да ұсынды. – Тартпайтын ба едіңіз? Бұныңыз да дұрыс. Мен бұрқыратам да жүрем, әйелім шыж-быж болады, мен бұрқырата берем. – Үстел үстіндегі қасқыр оқпен оқталған патрондарға көзі түсіп кетті. – Демек, біздің еңбекші жұртшылық Сізге нендей өтініш жасамақ екенін біледі екенсіз ғой! – қолын созып патрондарды алды да, алақанында салмақтап-салмақтап көріп,

сүйсінгендей болды. – Міне, бұл жарайды, бұл саған тырсылдақтың оғы емес! Сонымен, күркіреуіңізді бізге бере тұрасыз ғой? Әйтпесе не істерімізді білмей, әбден сарсанға түсіп отыр едік, тіпті орталық усадыбадан Егоровты – әлгі біздің учаскелік милицияны шақыртамыз ба, қайтеміз деген де ойда болып едік, ол да мына мен сияқты шолтандаған байғұс қой бірақ. Телефон соғып ем, револьверін қолынан шығарғысы жоқ. «Болмайды, – дейді, – устав бойынша қатаң тыйым салынған», – өйтпегенде бар ғой, адам жіберіп алдыртатын едім револьверін.

– Ататын адамдарыңыз бар ма?

– Аттырамыз, ататын адам табамыз ғой. Осы істі өзім-ақ қолға алар ем, бірақ көрмеймісің мына аяғы түскірді! – Бригадир сау аяғымен протезін теуіп-теуіп қойды.

– Соғыста ғой?

– Сол пәле емей не дейсің!.. Күні бүгінге дейін мүгедек болып жүрісіміз осы, қайтадан өспей-ақ қойды. Мұнымен аңға шықпақ кайд-а-а, бұрын да аншылығым шамалы еді, қазір мүлде қойғанбыз. Кей-кейде қақсап бір кеткенде бар ғой, үй ішінен отырарға орын таппайсың, әсіресе ауа райы өзгерерде сөйтеді. Адам емес, барометр секілдісің!

– Жаракатың ба сыздайтын? – Ашықтан-ашық немқұрайды сұрай салған сөзі аузынан шығып кеткен соң, «ауыздан шыққан түкірік, қайта жұтсаң мәкүрік», қайтып ала алмайтынын білген Холодов соны ең болмаса байқатпайтындай етіп айтпағанына өзіне-өзі іштей тыржиған, іле: «Осы не түсінер дейсің. Қара шаруа ғой» деген бір ой санасында жылт етіп, өзін-өзі жұбатты.

– Аяқтан ғана айырылып қойғаным жоқ-ау, осы отырғанда тұла бойым түгел құрақ менін. Жарқыншақтардан тазартамыз деп тілгілеп тастаған: соның біреуін – жанды жерге жақын тұрған көк етке тіреліп қалғанын ақыры ала алмапты, барометр қылып тұрған – сол пәле ғой.

– Емделуіңіз керек. Әртүрлі балшық емдердің бірі, асылы, шипа болар.

– Емделіп көрдім-ау. Түк пайда таппадым содан. Шамасы, шаруаға алаңдағаннан артық шипасы жоқ-ау дейім осының. Құдайақы, жұмыс істемей, осы оңбағанды емдетем деп жатып алдым бар ғой, әлдеқашан көзіме топырақ толып көрде жатар едім. Ал жұмыста күн ұзақ біреулермен ұрсысасың, біреуге айналайын

Шығармалары. Төртінші том

дейсің, кешке қалжырап үйіңе келгенде қарасаң, шүкір, еш жерің ауырмаған сияқты болады. әйтеуір.

– Демек, шынығудың бір түрі дейсіз ғой. Жас кездегі күш-қуаттың жұрнағынан да бірдеңе қалған шығар.

– Құрысын, күш-қуат жеткілікті еді ғой, несін айтасың, соңғы кезде қайрат қашып, кей-кейде болмашыға шыж-быж боп күйіп-пісетінді шығарыппын. Ашуланғанда бар ғой, құдды шынжырдағы иттей арпылдап, өзімнің ызама өзім тұншығып қала жаздаймын. Көзіме бірдеңе көрініп жүрген болу керек, атасына нәлет!

– Неге олай дейсің?

– Жай, әншейін бір ой дағы. Ұзақ уақыт жанын жегідей жеген дерттен дүние салатындар – өлер алдында сұмдық кінәмшіл, ашуланшак болып кетеді деседі ғой: бұл, демек, тіршілік етудің жалықтырғаны, сондықтан өшінді жұрттан алмақ болу. Мәселен, мына мен бар ғой, ауа райы өзгерердің алдында тұла бойым тегіс сырқырап, әсіресе жарқыншак зар қақсатқанда, қатын байғұстың сорын қайнатпау үшін сырттағы сандық үстінде ұйықтауды сылтауратып шығып кетем; әйтпесе бар ма, сол жерде анау деп, мынау деп аяушылық білдіре бастаса, аюдай ақырып, мүлде құтырынып кетем; әрине, әйел байғұстың жаны ашып, азабыңды бөліскісі келетіні дұрыс қой, бірақ қазір менің мінезіме қанығып болған, біледі бәрін. Бірер күн сандық үстінде түнеп, сырқыраған-сыздаған пәле кеткен соң, әдейі оған компресс жасаттырам, сылатып-сипатып, уқалаттырам. Мұным – тек байғұстың көңіліне кірбің түспесін дегендік қой. Әйтпесе одан маған түк пайда жоқ. Мұнда, мына жерде жатқан ем-домды неғылсын!

– Көкірекке қадалған қорғасынмен өмір сүру оңай еме-е-ес, оған мықты жүйке керек.

– Дегенмен бұған да үйренісіп кетіппін өзі... Әрине, жүйке керегі – керек қой, бірақ мынадай тіршілікте қайдағы мықты жүйке болсын бізде. Мына бір бұқаның шаруасының өзін реттей алсақ та жарар еді: қымбат-ақ бұқа енді, қайтейін. Бүкіл колхозда осындай бұқа не бары екеу-ақ еді, мә саған керек болса, енді етке өткізуге тура келіп отыр. Бүгін апарып тапсырам деп уағда қылып едім.

– Әрине, қол ұшын қуана-қуана берер едім, – деп бастады Холодов, – бірақ мылтық дегеніңіз – аңшы үшін сондай бір қымбат мүлік, тіпті өзіңіз де білесіз ғой, «қатының мен қаруыңды кісіге берме» деген секілді мақал да бар емес пе. Бірақ мен, – Колесовтың

бет-аузы тыржиып, ұсақ-ұсақ әжімдер ойнап шыға келгенін байқаған ол абдырап қалды, – бәлкім, өзім-ақ... былай, көрсем қайтеді? Кім атқанда да бәрібір емес пе соны, әйтеуір сол бұқаны қызыл қуырдаққа айналдырып берсем дегендейін!

– Біздің ойымыз да, ойбай-ау, мына менің өзімнің ойым да сол еді, бірақ сіз келіспей ме деп, соған бата алмай отыр едім. Бұл шаруа дегеннің өзі Сіздерге былайша... жендеттік секілді болып көрінуі мүмкін ғой. Солай болып көріне ме деп... Сырт қараған кісіге солай көрінгенмен, мұның өзі... көмек екенін саналы адам бірден ұғады ғой, бәсе! Әрине, бұқасы түскірге обал-ақ, бірақ қайтерсің?! Көзін құртпай болмас, сірә. Әр жерінен жаракаттап, байғұсты азаптағаннан гөрі жанын кинамай бірден жаһаннамға аттандыра салған дұрыс болар еді, – деді бригадир, әлгінде аузынан аңдаусыз шығып кеткен бір сөзді тезірек ұмыттырып жібермек болып. – Біз Сергей екеуміз және мына Сіз барсыз – самсаған сары қолдай болмаймыз ба! Салт атпен шырша тоғайынан алдыңызға дейін айдап келеміз де, шаруаны тындыра саламыз. Қорқа қоймайтын шығарсыз? Қауіптенетіндей де ештеңесі жоқ нәрсе ғой, мынадай қаһарлы қаруға қарсы қайдан ұмтыла алсын! – деді бригадир отқа май құя түсіп. – Бұқа қазір сонау томардың ар жағындағы қалың шыршада жатыр, Сергей көріп қайтыпты. Кеше малопулькамен атып, зәресін ұшырғаннан бері сол жерден шықпайтын көрінеді. Жаяу салпақтатқаннан гөрі Сізге ат ерттетсем қайтеді?

– Жо-жок! – Құдды көрпе астынан естілгендей, Холодовтын даусы құмығып шықты. – Атка мінуді білмеуші едім!

– Жарайды ендеше, сендердің, аңшылардың аяқ-қолдарың сау ғой, әйтеуір, – деді Колесов, сыртқы есіктің алдына шыға беріп, табалдырықтан абайлап аттады да, сау аяғын нық басып, протезді аяғын бір бүйіріне қарай сілтей тастап, теңселе басып бара жатты.

Кішкенеден соң жалғыз аяғымен ат беліне қолапайсыздау ырғып мініп жатып, ол тағы да артына бұрылды, аңдаусызда аузынан шығып кеткен әлгі бір сөзді қайткенде де жуып-шаймақ болып:

– Иә, кешіріңіз, аты-жөніңізді сұрауды ұмытып барады екенмін ғой, – деді қайырылып тұрып.

– Холодов! Виктор Семенович Холодов, – деді Холодов, өз даусы өзіне біртүрлі жат естілді, құдды, бұл мына жерде тұрғанда әлдекім оның фамилиясы мен аты-жөнін көзбе-көз иеленіп кетіп, өзінікі қылып айтып тұрғандай, үні жасықтау шықты.

## Шығармалары. Төртінші том

– Колесов, Вениамин Матвеевичпін! Іс үстінде танысып қалдық деген осы ғой, шамасы.

Картоп егістігін айналдыра қоршаған шетен шарбақтың бойындағы, қалың күнбағыс ішінде тұрып Холодов бұқанын келуін күтті. Қолдың саласындай болып қаз-қатар өскен күнбағыс алқабы сонау етекке дейін – картоп егістігі бітіп, шоқал-шоқал шабындық жер басталып кететін тұсқа шекті – созылып жатыр; оның ар жағында: көгі мен қурағаны аралас қалың өлен шөптің арасымен батпақты қақ жарып ағып жатқан жылы бұлақ бар. Бұлақ пен тартпа батпақтың ар жағында тағы да шабындық басталады, шабындықтың ортасына ойдым-ойдым бозтал көктерек өскен. Мына төбешіктің етегіне де қоныр бояумен әлдененің кескінін салғысы келгендей, кір-кір үйенкі шыбықтары шоғырланыпты. Күнбағыстың дені әбден толысқан, ап-ауыр телпек бастарын төмен иіп тұр; кейбірі сағағы қурай бастаған, оларды күе шұқығаны байқалады. Әйтсе де әбден піскендері әлі аз, бүкіл алқаптағы жап-жасыл жапырақты, сап-сары гүлді... әлі шикі күнбағыстардың арасында піскендері мен мұңдалап, соналайдан көзге бірден шалынады.

«Мына біреулері енді пісіп те үлгермес, – деп ойлады Холодов, – жаз бітіп те қалды ғой. Шамасы, сүрлемге қосылар. Әлде сүрлем дайындайтын мезгіл өтіп те кетті ме екен?»

Бұқаны күткеніне көп болған.

Ол әуелі балапан қарағайлардың жанымен, егістікті жағалай, жоғарыдан түсіп келе жатқан бригадирдің қылт еткен төбесін байқады, бұқаны содан кейін барып көрді; шетен шарбақтан солға қарай бұрыла қашпасын деп, бригадирге қиғаштау бір бүйірде, бұқаның соңынан бақташы да ілесіп келеді екен. Екеуі қосарлана дауыстап, бұқаға ма, бұған ба, әйтеуір бірдене деп айқайлады. Сол айқайды естіген бойда осы бір сәтті баяғыдан, тіпті өмір бойы тағаты таусыла, құмарта күтіп келгенін сезген Холодов аңсаған нәрсесінің пәлендей оғаш ештенесі жоқ екенін енді байқады. Сол-ақ екен, Колесовтың аузынан аңдаусыз шығып кеткен: «Жендеттік!» – деген сөз тағы да тап құлағының түбінен естілгендей болды. Және сол сөзі түскір Холодовқа бұрыннан-ақ белгілі сияқты. «Әй, құрысыншы, мейлі», – деп ойлады ол. «Жендет десе – жендет! Осымен доғарылса болды емес пе!» – деді, ол тағы кеудесін барынша көтеріңкі ұстап, шалқақ сөйлемекші еді, ойдағысыңдай

шыққан жоқ; сол-ақ екен, көңіліне қорқыныш ұялап, басы ауған жаққа безіп кеткісі келді, яки өткен өмірінің қалтарыс қуысын паналап, жасырынып қалмақшы болды. Бірақ өткенінде де тасаланар жер жоқ екен. Арқандаулы ешкі жөнінде басында бірдене жылт етіп еді, ол да сеп болмады. Холодов өзін жер бетінде жалғыз қалғандай сезініп, құлазып кетті, құдды мынау тіршіліктің төбесіне бір өзі ғана шығып алып, енді маңайынан көзге түсер түк көре алмай тұрған тұлдыр мүскінге ұқсады: төңірегі толы қураған картоп сабағы... Бейне бір таттана сарғайып кеткен шетсіз-шексіз телегей теңіз секілді, сол сап-сары боп сарғая таттанған телегей теңізді кешіп, әлденеге теңселе басып қызыл бұқа ғана келе жатыр!

Бригадир мен бакташының дауыстары шаңқ-шаңқ етеді, әлденеден сактандырғылары келетіндей. Холодов сонда ғана аңдады: олар бұқаны дауыстарымен жасқап, қайырмалап келе жатқан түрлері екен.

Бұқа әуелі еңкілдей жүгіре түсті де, сосын қайтадан аянға көшті; бригадир мен бакташы оны Холодов тұрған жерге қарай қайырмалап, шетен шарбаққа тықсырған күйі қуалай бастап еді, тұла бойы түгел теңселе шайкатылып, қыр арқасы доғалана иілген қызыл бұқа жыртылған жердің жентек-жентек топырағын тұқайымен езгілеп, аяғына оратылған картоп сабағының қураған шөп-шаламын дал-дұл үзіп, тағы да жүгіре жөнелді. Ол ылдиға қарай өңкендеп келе жатқан, анау күнбағыстар өзіне бұрыннан таныс еді, шарбакты бойлай егілген тап солардың ішінде қауіп бар-ау деп күткен де жоқ.

Холодов орнынан тұрып, сояудай-сояудай күнбағыс сабағы көздеуіне кедергі жасамау үшін бір адым ілгері шығып, мылтығын кезене бере, құлағын шырт еткізіп қайырғанда, бұқа елу кадамдай жерге келіп те қалған еді. Ол бұқаны сәл сәтке кідірту үшін әуелі қаз пытырамен атып, сосын сол сәл кідірген сәтінде қасқыр оқпен қапысыз біржола жайратпақ болды.

Жүгірісін бәсендетпестен солға қарай сәл қиыстаған бұқа жыртылған жердің үстімен өңмендеп тартып келе жатты. Тұқайының астындағы топырақтың жұп-жұмсақ әрі борпылдақ екені көрініп-ақ тұр, ол соған қайта-қайта омбылап, оған қоса, ауға шырматылғандай аяғына картоп сабағы оратылып, малтыға берді.

Міне, ол Холодовтың тұсына да тақалды. Араларында жиырма метрдей-ақ жер қалғанда бұқаның жуан мойны мен әукесі



## Шығармалары. Төртінші том

салбыраған алапат кеудесін көріп, Холодов шүріппені тартып қалған, сол бойда мылтық дүмінің қатты тепкен серпінін иығымен сезді. Төртаяқтап аспанға секірген бұқа басын оқыс төмен салып жіберіп, әуеде шұғыл бұрылыс жасады да, тұқайы жерге қайтадан тиер-тиместе тағы да ышқына көкке ыршып, мөнки тулаған күйі артындағы бос кеңістікті қосаяқтап теуіп-теуіп жіберді. Холодов жалма-жан екінші шүріппені де басты. Сол-ақ екен, секірген кезде шиыршық атып ширыға қалған қып-кызыл денеге қасқыр оқтың сарт етіп қатты тиген дыбысы естілді де, құдды қарсы алдындағы әлдекімді мүйізімен жарға жаныштап тұрғандай, бұқаның сіресе қалғанын көрді Холодов. Жыртылған жердің ойран-ботқасын шығарып барып, борпас топыраққа малтығып тоқтаған бұқа солай сәл кідірді де, кенет жентек-жентек жер кесектер мен картоптың қураған сабағын бората шашып, сонадайда іркіліп қалған, сөйтіп істің жайын алыстан бақылап тұрған бригадир мен бақташыға қарай ұра жөнелді.

Салт аттыларға жақындағанында ғана алдында аңдып тұрған адамдар барын аңдаған бұқа тағы да төрттағандап тоқтай қалып, шорт бұрылып алды да, мылтығын қайта оқтау есіне де келмей күнбағыс шетінде сілейіп тұрған Холодовтың жанынан зу етіп өте шығып, ылдидағы бұлаққа қарай тартты: одан да өтіп алып, лай суды шашырата томардын үстімен әрі асты: қалың бұталардың арасынан қыр арқасы анда-санда қызара жылт етіп, аласа төбешіктің баурайындағы шілікті торайды кеудесімен жарып, – ол жүріп өткен жерлерде солқылдақ шыбық бастары жапырыла майысып барып, қайтадан қалпына келіп жатқаны көрініп тұрды, – ақырында үйенкі тоғайына кіріп, көзден ғайып болды. Демек, екінші атқаны дендеп дарымағаны; өйткені, бірінші атқанында төртаяқтап аспанға секірген бұқа ауада шұғыл бұрылыс жасап, бұған сырт айналып кеткен-ді; сонда жанды жерлері – басы мен мойны қалың етімен қалқаланып қалған болатын.

Холодов әдеттегісінше мылтығын омырып жіберіп, бос патрондарды алып тастады да, қосауыздың екі жағын бірдей енді қасқыр оқпен оқтап қойды. Өзі қимылсыз сілейіп тұр: әр минут жылдай созылып, мынау азапты күйінің таусылар түрі көрінбеді. Қарауылға ілер қара таппай, қара мылтықтың оқтаулы окпаны қалтырайды қолында. Ақырын аяндап бақташы жақындай түсті, соңында бригадир де келе жатыр. Холодовтың мылтықты қайтадан қалай

оқтағанын бақташы анадайдан-ақ көрген: тақау келгенде қараса, Холодов мылтықтың дүмін нығына тіреп, шүріппесін саусағымен іліп, әлі кезеніп тұр екен – зәресі ұшқаннан атының басын шорт бұрып, тайқып кетті.

– Бұл не қылғаның сенің, ә? Кісі сөйте ме екен! Босқа жаракаттап! Ал кетті тағы орманға!

Холодов асып-сасып, аяғына картоп сабағы оратылғанына қарамастан, егістік үстімен етекке қарай бұлақ жақты бетке алып жүгіре жөнелді. Бригадир бақташының қасына келді.

– ...Орман ішінде жайратпақ па барып?

– Мынаның өзі, тегі, жынды ғой дейім! – деді, бақташы да Холодовтың сонынан қарап тұрып.

– Сол жерде жіліктемесек, орман ішінен ол пәлені тұтас алып шығу да оңай болмас! Осыны да аңшы дейді-ау!.. Тап тұмсығының астына айдап әкеліп бердік-ақ емес пе!

– Әйда, солай қарай барайық, әйтпесе әлгінде көрдің ғой, бұқасы түскірдің қалай құлдилағанын... Жарып тастап жүрер! – Бақташы атын тебініп қалды.

– Токта, Серега, анау ит тұмсығы батпас қалыңнан өте алмаспыз! – деп дауыстады да, тізгінін қағып қалып, бригадир де бақташының сонынан салпақтап ере жөнелді.

Салт аттылар томардың шетіне дейін келіп, тоғайдан кашан мылтық даусы естілер екен деп тұрып қалды.

Холодов бағана томар үстінен өткенде тайып құлап, үсті-басын лаптап алған болатын, қазір сол жып-жылы сасық қара балшықты бет-аузына айғыздай жағып, қалың бұталарды мылтығымен ысырып жол аршып, аршындай алға ұмтылып келе жатты. Бет-жүзін тілгілеген, жырып кетіп канатып жатқан бұта-талдарды да, көзіне құйылған ашы терді де елемеді, тіпті сонау томар үстінен өткелі бері төбесіне үйіріліп кетпей қойған масаның қалың бұлтын да елең қылған жоқ.

Бүйірі ғана елеусіздеу бір күрең теңбіл дақ сияктанып, бұқа қоныр салқын үйенкі тоғайының түкпір жағында тығылып тұрды. Бұдан да әрмен, күні кеше өзі түнеп шыққан қалың шырша тоғайына қарай өтіп кетпекші еді, бойында түк күш-қуат қалмапты. Өне-міне ажал тырнағына ілінерін ол анық сезді, аздан соң өзінің енді тұрмастай болып біржолата жығылатынын сездірген сол табиғи түйсік бұқаны не де болса ілгері жылжи беруге, қайткенде де

тоқырап тоқтап қалмауға итермелеген. Бірақ оған әл-дәрмені әбден құрыпты. Сондықтан ол бұтақтарын кең жайып, жапырақтарының кейбірі әлдеқандай ақ матаның қиығына ұқсаған, кейбірі – сарғайып, семіп қалған кәрі үйенкінің түбінде тапжылмастан тұра берді. Аппак бауырындағы шашақтанған ақ жүні, ала аяғы бағана томар үстінен өткенде сатпақ-сатпақ боп ластанып қалыпты.

Холодов оны осы жерде қуып жетті.

Жан-жағындағы бұталардың тырбынып аласа өскендігінен бе, бұқа оған орасан бір үлкен хайуан секілді болып көрінді. Асыл тұқымды айуанның ұзын тұрқы – иығынан сонау құйымшағына қарай жіңішке созылып жатқан тұла денесі түгелімен талшыбықтарға тасаланыпты: есіктей омырауы мен шодырайған биік шоқтығына қарағанда, тал-шыбықтарға тасаланған ұзын денесі әрі жіңішке, әрі әлсіздеу көрінді. Қос мүйізін қуғыншысына қарай кезеп, басын төмен салбыратқан күйі әрен тұр! Шырыш тұмсығы шуылдап, киіздей тұтасқан қалың мүкке толассыз ыстық демін бүркеді. Көзі көрінбеді, аппак кірпігі жартылай айқасып, жанарын көлегейлепті. Екі бүйірінен еңтіге дем алып, бұқа тәлтіректеген күйі тек зорға тұр. Окта-теkte бұлшық еттері дірдектей жиырылып, тұла бойынан толқын-толқын тітіркеніс жүгіріп өтеді. Қаптаған қаз пытыра қак мойынға қадалған, қасқыр ок оң жақ жауырынының басын күл-талқан етіп, қалың етте қалып қойыпты. Бұқа алдыңғы аяқтарын әрең қозғап, бірінен екіншісіне салмағын ауырсына ауыстырды.

Дәл осындай жақын жерден бұқа дегенінді бақайшағына дейін ап-анық көрермін-ау деп Холодов ешқашан ойлаған емес-ті, міне, сол бұқан қап-қара тұқайы топыраққа жартылай көміліп, мұның қарсы алдында тұр. Жүзі жадырап, ойы айқындалып, құдды түсінде мұнара басынан еркін қалықтай құлап келе жатқанындағыдай, бір сергектік бойын билеп, Холодов қунап сала берді.

Екеуі ғана оңаша, бетпе-бет келіп еді. Бұқанын тұла бойын тінте қарап қанша тұрғысы келсе де енді Холодовтың еркітұғын. Құдды түс секілді осының бәрі. Холодов мұның қандай түс екенін де есіне анық түсірді. Бұл бір... бала кезінен бері қалмай келе жатқан, әрі қорқынышты, әрі ескі түсі болатын.

Сол түсті бұл окта-теkte қайталап көре беретін-ді: әлдеқандай бір дәу төбет қараңғы түкпірден шыға келіп, мұны ылғи бас салатын, зәресі ұшқан бұл бет-аузың қолымен қорғаштап, ылғи да

құлындағы даусы құраққа ұшып жүретін. Осы бір түске әбден үйренісіп алғаны сонша, ол соны қайта қоруге де әрқашан әзіртұғын, алғашқы кезде қашып құтылмақ болып жүрді, ол ойы жүзеге аспаған соң, басқа әдіске көшті... Азуы аксиган дәу төбет мұны оқыстан бас салған кезде бұл оның сілекейлі езуі мен сасық демін бетіне жақындатпай, иттің арандай аузына қолын тығып жіберетінді шығарды: тек мұнан соң қолынды қайта тартып алам деп ойлама – онда біткенін, дәу төбет дал-дұлынды шығарады, сондықтан бұған қалар жалғыз жол – қолды әрмен қарай сұға беру, сұға беру... әуелі алқымға, одан ып-ыстық комекейге, сосын онан да әрмен иттің тайдай тулаған жап-жалаңаш жүрегі атқақтай соғып тұрған жерге дейін бойлата беруің керек, бойлата беруің керек: саусақтарың бір кезде әлгі жүректі өзі сипалап тауып алады да, темір шеңгеліне қысып, сыға бастайды, тырнағынды батыра бірекі сықсаң болды – ит сол жерде қылжиды дей бер. Бірақ бұлайша иттің жүрегін сығып өлтіру – бала кезінде де, кейін ержеткен соң да ешқашан Холодовтың қолынан келмей-ақ қойды бір... «Соның бәрі осындайға көрінеді ғой, – деп ойлады Холодов, – алынбай жүрген кегім ғой ол менің».

«Енді шығып көрсін уысымнан», – деп күбірледі ол құшырланып.

Сөйтті де, бұқаның ақшыл кірпігі жартылай қолғағайлап тұрған мөлиңкі көзіне, төрт бұрышты кең маңдайындағы бұйра-бұйра аппақ жүнге, сосын шаңырақтай мінезсіз иіліп келіп, секне-секне қалған үп-үшкір мүйізіне қарады. Екі иінінен естіге дем алып тұрған бұқаның ырғағымен қос мүйізі де қосыла ырғатылып түр екен.

Холодовтың бойын бір батылдықы билеп, бұқаға бұрынғысынан да гөрі жақындай түсті де, шайыры сорғалаған аласалау бір шырша ағашының қатпар-қатпар діңіне сол жақ шығымен сүйкене келіп тоқтады. Оң қолымен со бойда мылтығын жоғары қотеріп, сол қолымен бауыр ағашынан тас қылып ұстап алды: сұқ саусағын шүріпшеден алмастан, бас бармағымен сақтандырғышты ілгері жылжытып еді, тырс етіп орнына түскен дыбысы ап-анық естілді. Бұдан былай мынау бұқа деген бәле бұ дүниеде ешқашан болмау үшін, Холодов енді біржола жалғыз өзі қалуға бекінді.

Бұл минуттар өз өмірінің соңғы сәттері екенін бұқа да сезді, бірақ мынау тұрған жаналғышына қарсы ұмтылып қайрат қыларға, өле-өлгенше алысып қалуға мүлде дәрменсіз еді; мойнынан тиген

## Шығармалары. Төртінші том

ауыр жаракат әл-дәрменін құртып, жас мүйізінің қуатын жауының кеудесінде сынап көруге мүмкіндік берген жоқ; әбден әлсіреген ол киіздей тұтасқан қалың мүкке шырыш тұмсығы тигенше басын темен салбырата берді, салбырата берді. Қазіргі сәтте дүние: мынау қалың үйеңкі тоғайы да, жендетті жасырып тұрған анау шайырлы шырша ағашы да, күндей күркіреген қара мылтықтың қаһарлы қасқыр оғы да – бәр-бәрі түгел бұған қарсы қатыбастанып алғанды.

Холодовтың мерейі тасыды, ақыры үстемдікке жетті-ау қолы. Ол қызыл қасқа бұқаның қак маңдайындағы бұйра-бұйра ашпақ жүнді қарауылға іліп, демін ішіне тартып тына қалған, қолы қалтыраған жоқ.

Бұл кезде бұқа өз басын өзі әрең тежеп тұрған, кенет қак маңдайдан тиген қасқыр оқтың сокқысынан миы зырк ете қалды да, ол әлденеден шошынғандай селк етіп барып, басын әнтек шайқағандай болды.

Бұқаның тыжырына бас шайқағанын мылтықтың қарауылынан көріп қалған Холодовтың зәресі зәр түбіне кетіп, іші-бауыры қалтырап, жотасынан мың-мың құмырсқа өрмелеп келе жатқандай тұла бойы түршігіп, тізесі дірілден қоя берді...

Тып-тымық үйеңкі тоғайының ішінде көңірсіген күкірт дәрінің иісі мүңкиді. Өңкиіп оң бүііріне құлаған бұқа кішігірім қызыл ала тобедей болып, теңкиіп жатыр: жаны бірден шығып кете қоймай, аяқтарын ышқына сермелеген сайын бозталдың жас шыбықтарының бірін сындырып, бірін жапырады, басын да жерге ұрғылай-ұрғылай, маңайын қорыс қылып тастапты, қорыс болып қалған жерге қайта-қайта соғылған сайын оң мүйізі қопсыған топыраққа тереңдей кіріп барады.

Холодов мылтығын асықпай қайта оқтады да, бұқаның қасына келіп, кампінған қарнынан қаз пытырамен басып-басып жіберді, сонан соң түтіні бұрқыраған жып-жылы гильзаларды бірінен соң бірін алып тастап, тағы... тағы ата берді, ата берді.

Бұлтсыз қаңырап бос қалған биік көкте өлке үстін шыр айналып құладын ғана біркелкі қалықтап жүр – бұл оның кешқұрым жемтік аулауға шыққаны еді. Монтиған-монтиған маялардан шөбі шабылған жерге ұзын-ұзын, қою көлеңке құлапты: ал анау шеттегі шырша тоғайы қазірдің өзінде қараңғы түн қойнына енгендей үнсіз мүлгиді, батып бара жатқан күн шұғыдасына шомы-

лып, шыршалардың ұшар бастары ғана қылтиып тұрғаны болмаса, түбінде не бар екені тіпті көргісіз. Міне, аспан әлемін алқызыл нұрға бояп, алаулап барып батқан алтын күнмен бірге, тынымсыз тіршіліктің тағы бір күні өтіп, төңіректі түгел қараңғылық тұмшалады.

Малдың өрістен қайтар жолымен Холодов деревняға қарай ақырын ілбіп келеді. Аяғының астында тапталған шөп дымқыл тартып, қарауытып қалып жатыр. Оқта-текте ол қалт тұра қалып, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарайды да, құдды басына қатер төндіретін әлденені көзі шалып қалғандай, мылтығының сорайған оқпанын сұқаңдатып төңірегіне кезенеді. Сосын үйреншікті әдетімен қайтадан деревняға, әлгінде ғана күн батқан жаққа қарай ілбиді. Қайда және неге бара жатыр – оны өзі де ұғып келе жатқан жоқ, басында түк ой да қалмаған, көзі де мағынасыз алақтайды.

Ал бұл кезде батыс жақта, сонау жер түбіндегі көкжиекте өзі орасан үлкен, өзі қып-қызыл бірдеңе пайда болып, бірте-бірте ол өсіп-ұлғайып, барған сайын зорайып, биіктеген үстіне биіктеп бара жатыр еді...

Кешкі шапак аспанның тең жартысын алып тұрған қызыл бұқа сияктанып, бірте-бірте өсе берді, жоғары көтеріле берді; ақырында бүкіл аспанды бір өзі толтырып болған соң, үн-түнсіз ақырын ғана қозғалып кетті де, көкжиектің қоңыр белдеуінен әрі асып, жұмыр жердің екінші жағына аунағандай көзден біржола ғайып болды.

*1964 ж.*

## РИО-РИТА

### I

ОНЫҢ есімін әйгілі фокстроттың құрметіне осылай атап кеткен едік. Қаршадай қыз кезінен тірлігі теңізбен байланысқан жан болатын өзі: әуелі балық кесуші болып істепті; бетінің қызылы барда, сыры да, сыны да кетпеген сырлы аяқтай кезінде, біраз уақыт даяшы да болған (басына крахмалданған аппақ қақырасын, үстіне жұп-жұқа жібек кофтасын киіп шыға келгенде, сол жұп-жұқа жібек кофтаның ар жағынан ағараңдап көрінген мақпалдай жұмсақ, мақтадай ұлпа өзінің жас тәніне өзі ғашық боп қала жаздайды екен); айы оңынан туған сол бір сылқым күндер де көп ұзамай

## Шығармалары. Төртінші том

көзінен бұл-бұл ұшып кете барыпты; негізінен, теңіз шаянын аулаумен айналысатын базаға қайтадан балық кесуші боп орналасады, одан кір жуушылыққа ауысады: енді міне, үш рейс қатарынан біздің «төрт жетіліктен тұратын» СРТ 77–77-де буфетшінің орнында жүр; бұл қызметтің өзін кемеде осылай атағанмен, негізгі атқарар жұмысы: ыдыс-аяқ жуу, палубаны сүртіп-тазалап тұру, асты алдымызға әкеліп қою: кемедегі бүкіл команданың төсек-орнын, ал капитанның төсек-орнына коса, оның жеке басының көйлек-көншегін де жуып, ауыстыру.

Бұл өзі бір өмірі байға да тұрақтамаған, бала да сүйіп көрмеген, енді, міне, бес жылдай уақыттан бері дәрігерге барып, түсік тастатуды да доғарған, көрінгенмен көкбеттеніп ұрсыса кетуге даяр, қазір сарықарын тартып қалған, бірақ әлі ештеңеге жауапкершілік сезімі оянбаған әйел болатын. Қит етсе, манайындағы кез келген кісінің бетінен ала кетуден жүзі жанбайтын мына мінезіне карағанда, мұнда сол бай мен баланың болмағанының өзі абзалды. «Керек еді солар маған! Тамақты аз ішіп, салмақты көбірек қосу үшін, әрі ұрғашы байғұстардың өмірін өксітпеу үшін бүкіл еркекті әтек қылып біржола тарттырып жіберу керек». – дейтін ол. Ал өзі туралы әңгіме бола қалғанда: «Кәрі мәстек дәм-тұзы таусылғанша теңізде жүре тұрады да... ажалы жетсе, бір күні темір табытқа түсіп, соңғы сапарын трюмнің түбінде аяқтар». – деп, өзін-өзі кекеп-мошқап барып кідіретін.

Петро дейтін моторисіміз Ритадан бес жас үлкен еді: өзі бір нығы қушиған, бәкене бойлы, арық болғанмен, тарамыстай тыртысқан, қолы ұзын, құлды дәу дизельдердің қасында, кеменің моторлары орналасқан мынау тар жерде де еңкейіп-тонқайып жұмыс жасай беруге табиғаттың өзі арнайы жаратқандай азам болатын. Жұмысты жанын салып істеуші еді, машинаны да бес саусағындай білетін-ді, оны күтіп-баптаудан да жалықпайтын, соған орай моторлар да оның көңілін қалдырып көрген емес: өздерінің бірқалыпты гүрілімен, бұдан бүгіп қалар құпия сырларының жоқтығымен Петроның көңіліне әлдеқандай бір сенім ұялатып, жанын жай таптыратын да тұратын. Мұның да отбасы жоқ-ты, бағзы бір кезде, әйтеуір, әлдеқандай отынын басы болыпты-мыс дегенді еске салып, есеп айырысқан кездерінде екі баласына алимент ұсталғаны жөнінде қағаз алатыны болмаса, бұл оларды мүлдем ұмыта да бастаған-ды; күндердің бір күнінде,

мінеки, енді сол алимент қағазы да тоқталды. Өзі өмірі рақатын көрмеген сол оттың басына төлем төлеуден құтылғанына байланысты, Петро бізге бірер бөтелке әкелген. Ішуге себеп табылғанмен, маған мұнысы пәлендей оңды желеу көрінген жоқ, сондықтан өз ойымды жұқалап болса да моториске жеткізген болдым.

«Сол балалармен неше жыл бірге тұрғанымды сен білесің бе? Білмесең айтайын, бас-аяғы екі-ақ жыл. Тіпті соған да жетпейді-ау дейім. Отбасыммен тұрған әр күнім ақшаға шаққанда маған қанша сомға түскенін өзім бірде есептеп көргем. Төбе шашың тік тұрады. Жағалауда қайбір жетісіп жүресің – ылғи мас, ылғи асығыссың. Қалыңдықты да сөйтін қапышып жүргенде, мас күйімде тауып, мас күйімде үйленгем. Аздап ақша-қаражат жинап алсақ, ел қатарлы өмір сүріп кетерміз деп ойлағанбыз. Ақша табылғанда да теңізден ажырай алмай-ақ қойдым. Айында-жылында басымыз бір қосылғаны болмаса, бірге тұрып жарытқанымыз шамалы. Сосын-ақ отбасы қайдан оңсын. Кейін жақсы болып кетер, кейін бәрін түзеп алармыз деп, салпақтап жүре беріппін ғой. Ақыры ажырасып тындық. Әлі есімде, майшабақ аулап қайтқан кезіміз еді, үйге келсем, мäs-са-ған, әйелім жоқ. Бір латышка тиіп кетіпті, Ригада тұратын көрінеді: айтушылардың сөзіне қарағанда, ол жақтағылар теңізде үш айдан артық болмайды-мыс. Қуанатын түк те жоқ. Қазір де қуанып отырған жоқпын, ақшаның да құны бір тиын. Бұрынғы өмір осымен бітті ғой!»

Ол шеміршегі ербінген қалқан құлақты шақшадай басын иллюминаторға қарай бұрған: шақырайған күннің жарығында әжім айғыздаған бір уыс қуқыл бетінің бүкіл қуыс-қалтарысы - қатпарланған терісі, сол терінің нокат-нокат тесіктері; кейбірі терең, кейбіреуі көзге көрінер-көрінбес өте ұсақ әжімдер (Петроның бетін ерсілі-қарсылы айғыздаған бұл әжімдер, жұрт ойлап жүргендей, өрмекшінің торын емес, күзгі елсіз даладағы ойылып кеткен он-сан жолдар мен сан тарау соқпақтарды еске салатын) аң-айқын көрінді. Ұстарамен қырылған тұтас шүйдесі: мойнындағы шодырайып-шодырайып тұрған бармақтай-бармақтай бершімек бездер; кейбіріне сарғыш қылтанақ өскен ойлы-қырлы қарақұсы; желкесінде ағарып-ағарып орны қалған ескі тыртықтар – бәр-бәрі кісіге еріксіз иша-ай дегізерлік екен. Қысқа етіп қырықтырған, тікелей тұрғанына қарағанда тікендей қатты шашы ойдым-ойдым ағарыпты; ол әдетте келтелеу ғана кекіл қалдыртып, бөкс қойып жүретін, сондықтан



## Шығармалары. Төртінші том

баяғы фокстрот билейтін замандағы ескі үлгімен шүйдесіндегі шашын түгел қырғызып тастапты. Бір ғажабы, біздің шаштаразымыз – боцман Глоткин оның ештеңені таңдап-талғап жатпайтын осы бір мінезіне дән риза еді. Петро балықшылардың арасында аса көп құрметтеле бермейтін багалершиктік міндетті – ортақ қазанның құлақ иесі міндетін мойнына алған болатын. Әдетте, команда мұндай қоғамдық қызметке орталарындағы тап Петро секілді – өзі сараңдау, өзінің жолы да үлкен, тәжірибесі де мол, тісқаққан адамдарды сайлайды. (Ал бүкіл кемеле Петро мен Ритадан тек капитанның ғана жасы үлкен болатын). Соның арқасында ортақ қазан Жөнінде біздің жігіттердің арасында өкпе-реніш деген болған емес: Петро қалбыры күмніп кеткендіктен, есептеп шығарылған жарамсыз консервілерді әлдекімдерге алдап сатып, пайда табумен де айналыспады, есеп-қисабы да тап-тұйнақтай болып, ортақ азық-түлік те, ақша да орын-орнымен жұмсалып отырды: өзінің балықшылық ұзақ өмірінде Петро ұқыптылығы мен құнттылығының арқасында ойдағы ақша жинаған көрінеді деген сыпсың сөз оған деген сенімімізді бұрынғыдан да гөрі нығайта түспесе, кеміткен жоқ; сондықтан ақша-қаражат жайында әлдеқандай бір дау-жанжал шыға қалғандай болса, командадағы кіл көгенкөз шуылдақ бақыр-қазанның басында қылдай қиянатқа жол бермей тұрған сенімді сақшымыз – осы бір жуас та момын моторист не айтар екен деп, соның аузына қарайтын.

Осы Петро мен Ританың арасында ертеректе сәтсіздеу аяқталған бір байланыс болған секілді: өйткені олар ылғи бір-бірін жайына жүргізбей, іліп-қағып, бір-бірінің жанына тиетін сөздерден де тартынбай, шаңқылдасып ұрсысатын да жүретін: қағытып-кажасуға келгенде өзге түгіл, өздерін аямайтын қатыгез жастар олардың мұнысына қарқ-қарқ күліп, құдды сайқымазақтардың онерін қызықтағандай рақаттанып қалатын. Әдетте, айтыс-тарғыстарының негізгі арнасы «еркек пен әйел» деген тақырыптың төңірегіне құрылушы еді. Петро әйел атаулыға деген өзіндік көзқарасы бар еркектің рөлін ойнаса, Рита еркектерге соншалық көзқарасы бар әйелдің рөлін атқаратын-ды.

– Бұл әйелдер дегенің бір қызық жұрт! – дейді Петро қарқ-қарқ күліп қойып. – Қызық болғанда да сұрама енді! Жауыз ғой бұлар, барып тұрған жауыздың нақ өзі! Қатын алып, камыт кидім дегенше, еркек байғұс мүсәпір болады да қалады!

– Кім болады да қалады? – Асүйден компот әкелгелі жатқан Рита күлімсіреп, қайталауын өтінеді. Сөйтеді де, компотты Петроға мүлде күтпеген кезінде: ия елдің ең соңынан, ия ең бірінші, тіпті капитаннан бұрын әкеп береді; күллі команданы қыран-топан күлкіге кенелтіп, оның ия ту сыртынан, ия тас төбесінен – ең бір ынғайсыз тұсынан ұсынатыны да бар.

– Мүшәпір болады да қалады! – дейді Петро, «мүсәпір» деудің орнына даусын барынша бейшара кейіпке түсіріп, өзі сол кезде поднос толы компотты төгіп алмау үшін кеменің ауытқуына қарай қосыла шайқатылып, тепе-теңдігін сақтауға тырысқан Ританың қайқандаған әдемі кимылынан көзін алмайды. Сөйтіп отырып есі бар еркекке қатын деген бәленің түкке керегі жоқтығын, соларсыз-ақ өзі де мұп-мұнтаздай, киім-кешегі тап-таза боп жүре алатынын, артық-ауыс көйлек-көншегі, ұйығы мен шұлығы, іш киім мен ыстаны әрқашан жуулы болатынын; ал төсек-орын мен жұмыс киімі, сірә, жуулы күйінде берілетінін ежіктей айтып, түсіндіре бастайды. «Немене, жағалауға шыққан соң сорпа-суын істеп іше алмай ма? Сөз болғаныңа! Ендеше, мейрамханалар неме керек? Жоқ, әйел дегенің – ал енді ауыз толтырып, айызыңды кандыра айтқың келсе – қатын деген пәлен, есі бар еркекке түкке керегі жоқ». Әрине, Петро мұндайда сиректеу болса да, балықшылардан да басқа еркектердің түрлері болатынын, мәселен, Дальзаводтын слесарьлары, механиктері бар екенін есінен шығармайтын, бірақ олар теңізге шығатындармен салыстырғанда мүлде аз ғой деп құтылушы еді.

Петроның өз басы, шынында да, мұнтаздай адамтұғын: кір-қоны ылғи жуулы, киімінің сөгілген жерлері тігулі, тіпті жыртық-тесігіне дейін әрқашан жамаулы, тап-тұйнақтай болып жүретін. Егде тартқан моторист көзілдірігін киіп алып, инесін сумаңдата жөнелгенде, желке шашының қырылып қалғаны болмаса, қарсы алдында бір кемпір отыр екен деп қалғандай болатынсың. Машинадан жұққан жермайдан басқа лас-қоқысқа Петро мүлде төзбеуші еді. Әрбір сүйем жері өлшеніп-пішілген машина бөліміндегі тарс-тұрс, шақ-шұқ қозғалған механизмдердің арасынан шығып, кейде кемедегі жалпыға ортақ жұмысқа қол ұшын беруге тура келіп қалса, соның өзіне зар еңіреп болатын. Әсіресе, палубаға төгілген шалажансар балықтардың шырышынан жүрегі айнып, лоқсығанын көрсеңіз, ішегіңіз үзіледі. Зәуі шайтан, сол шы-

рыш әлдеқалай бетіне шашырады ма жұмысты тастай салады да, жуынуға қайқаяды. Бірақ амалы қайсы, жып-жинақы, тап-таза әрі жып-жылы орнынан қозғалып, қауырт жұмыстың қызған шағында сол бір сырты жылпылдаған, шырышынан жағымсыз бір иіс шығатын, сап-салқын балықты жиып-теріп алуға ол да қолғабыс тигізуге мәжбүр. Керек десеңіз, Петро сол балықты жегенде де – кеме моторының түтіні шығатын тұрбаның аузына ыстап, машина майының иісі әбден сінген кезде барып жеуді ұнататын. Ол ыстаған майшабақтан ылғи да солярканың өткір иісі аңқып тұратыны сондықтан-ды.

– Әйелдер туралы басқа жұрт не айтса соны айтсын, сенікі не, құдай-ау! – дейді Рита Петроға. – Адам деген алдымен өзінің сықпатына қарамас болар ма? Ө-ей, сұмырай!

– Өзіңнің сүдінің оңып тұрған шығар! – қарқ-қарқ күлкіге басқан балықшыларға жалтақ-жалтақ қарап қойып, Петро оларға қос қолымен екі омырауын шеңгелдеп-шеңгелдеп көрсетті. – Әрбіреуі шелектей!

Кухняның терезесі алдында тұрған Рита оған жалт қарап, түнеріп кетті.

Петро өп-өтірік шошынған түр көрсетіп, өзі соған сайқымазактана күліп қойды:

– Жоға, Рио-Рита жаман катын емес, жігіттер, мен бұған келісемін! Дегенмен де...

– Ақылынан алжасқан есалаң! – асханадан шығып бара жатқан мотористің сонынан әйел қуа дауыстады.

Рита әдетте әзілін астарлап қана сып-сыпайы етіп, жұқалап жеткізетін, ал сөзге шорқақ, айтар ойын жеткізуге келгенде аузына сөз түспей, сасқалақтап қалатын Петро амалы құрығанда әдеп-иба дегендердің белінен бір-ақ аттап, өзінің баяғы дөрекі, дөкір қалжыңына басатын, оның ойын-оспағы кейде тіпті ар-ұяттың шегінен шығып кетіп жатушы еді. Әйел басымен сондай сөз естігеніне күйінген Рита ыза болып, жылап та алатын, бірақ көп ұзамай бәр-бәрі баяғы баз қалпына қайта түсуші еді: Петро мен Ританың арақатынасын біржолата ашып кеткен бір оқыс оқиғаға дейін екеуі осылайша айтысып-тартысты да жүрді.

...Моншаға түсетін күндердің бірінде әдеттегісінше шомылуға барған Рита әуелі кір-қоңын жуады да, енді өзі жуынып-шайынбақ болып, үсті-басын, бет-аузын сабындамай ма... сол кезді айныт-

пай дәл есептеп тапқан Петро салқын судың шүмегін тарс бекітеді де тастайды. Мұндай жағдай – моторларды жүргізетін кім болса да сол күнгі кезекшінің дағдылы қылжағытуғын. Ританың өзі де Петроның компотына талай рет тұз салып берген. Сондықтан Петроның әдеттегі әзілінің бірі шығар деп, Рита алғаш оған айылын жия қоймайды; қайта естіген жұрт күлсін деп өп-өтірік бакырып-шақырып, моншаның ішінде тұрып әлдеқандай әзіл де айтқан болады; бұ мен судың билігі өз қолында тұрғанда, моторист құмарынан шыққанша әмірін жүргізіп қалуға қақы бар деп есептелінетін. Әйтсе де уақыт өте береді, эне-міне кеп қалар деген салқын су әлі жоқ, әлі жоқ... әрі-беріден кейін қатты қызған бұ қысымына шыдамай, әуелі ыстық судың бұрандасы шұрылдайды; онымен де қоймай, біраздан соң сол шүмектің аузынан ыссы су ысылдап, ауық-ауық бүркіле бастайды. Сонда ғана көңіліне қауіп кірген Рита есіктің аузына келіп айқайлап, жігіттердің бірін машина бөліміне жібереді де, өзі де қарап тұрмай, шылапшынымен моншаның ішіндегі темір құбырларды қаңғырлатып соғады келіп... салқын су сонда да жіберілмейді, иттей ыза болған Рита енді шынымен долданады, тіпті болмаған соң моншаның темір есігін жалаңаш өкшесімен тепкілейді, аузына ақ ит кіріп, көк ит шығып, боктықты қарша боратады. Одан да ештеңе өнбеген соң, тып-тыныш отыра қалады да, өксіп-өксіп жылап қоя береді: жылағанда да шешесіне шағым айтқан балаға ұқсап, анда-санда арасына бір сөз қосып қойып, ішегін қайта-қайта тартып еңірейді. Күлкіге қарқ болатын шығармыз деп келген жұрт мұны көріп, үн-түңсіз тарап кетеді де, біреулері Петроға барып, дереу салқын судың шүмегін айқайлап ұрсып жүріп аштырады.

Бұл кезде әзіл-қалжыңының тым шектен шығып кеткендігін моторист өзі де аңдаса керек, ойыннан өрт шығып кетер деп қорыққан ол салқын судың шүмегін ашқан бойда машиналардың арасына барды да, тығылып қалды, содан вахтасы аяқталғанша сыртқа шыққан жоқ: жұмыс уақыты біткеннен кейін де кешкі асқа келуге жүрегі дауаламай, пароходтың қуыс-қалтарыстарын сағалап, бұқпантайлады да жүрді. Түріне қарасаң, адам аяғандайтұғын; тәйт десең ыта жөнелгелі тұрғандай, өз-өзінен үргелектеніп, көзі алақ-жұлақ етеді; бірақ сырт көзге «қатырдым білем» деген кісіге ұқсап қиқ-қиқ күліп, маңайындағылардан қоштау күтіп қояды. Күлкісі тым жасанды.

Петро мен Ританың арақатынасы неге бұлай екеніне өз қызығы өздеріне жетерлік жас қауымнан ешкім де мән берген емес-ті. Петро азғана уақыт салқын суды жібермей қойған екен, онда тұрған не бар: «еруліге-қарулы» деген де қойған. Аға механик екінші штурманмен шахмат ойнап отырғанда суыртпақтап сөз бастады:

– Қалыңдық пен ұрын келген күйеудей-ақ екеуі. Бәрібір үйленбейді ғой, бұл әйелдің өткен-кеткен тарихы өзіне жақсы мәлім. Көңіліне қанжардай қадалып тұрып алып, жібермес.

– Бар өмірі теңіз үстінде өткен әйел ғой, қайтсін, – деп, екінші штурман оның пікіріне келіскен сыңай танытты да, дереу кара пілін ілгері жылжыта бастады. – Бірақ былайша карағанда, бір-біріне сыңар болмайтындай да несі бар? Салт басты, сабау камшылы жүрген жақсы деймісін? Осы жерге қойғаным дұрыс болатын шығар! – бұдан бес минут бұрын, аға механиктің ферзисі король жақ қанатынан қауіп төндіріп тұрған кезде, өз жағдайы қиындау екінші штурман кара пілін диагональдың бойына қолайлы қорғанысқа қойған соң, көңілі жайланып, өзгенің мұңын енді бөлісуге уақыт тапқан секілді болды.

Моншаға ақыры түсіп шыққанмен, Рита кешкі асқа қелмеді. Мейірбан аспазымыз капитанның ғана тамағын өзі әкеліп берді де, «ал қалғандарын кухнядан аяқтай барып алыңдар», – деп әмір етті. Бөлек каюта болмаған соң алты адамдық бөлменің бір бұрышына шымылдық құрып, еркектермен бірге тұрып жатқан Рита шүберек перденің ар жағына кіріп алғаннан бастап, ұзақты күн қоймастан жылады. Ақжаймадан жасалған перденің ар жағында оның өзіндік тұтас бір әлемі бартұғын: ол әлемдегінің бәр-бәрі әйел үшін және тек әйелше жасалынған болатын: онда күні бойы көз алдымызда жүретін Ританың теңізге тән тентек құлқына мүлде қиыспайтын, жалпы алғанда, тіпті теңіз үстінде ұшанда бір ұшырасатын, ұрғашыға ғана керек, ұсақ-түйек заттар шашылып жатушы еді.

Кеме үстінде кездесіп қалған кездерінде Петро одан өп-өтірік жасқаншақтап, бүгежектеген сыңай танытып жүрді, ал, шынына келгенде, өзі «қайтсем бір ашуын қияр екен» деп кипактап, тұйықтан шығар жалғыз жол сол болса – тіпті тамақ ішіп отырғанында тізесіне ыстық борщты төңкере салғанға да қуануға даяр еді; керек десе, айтқан сөзін екі етпей, қасық-қасық қыша салып қойған бір стакан шайды да сол бойда көзді жұмып, сіміріп салуға бар-ды. Бірақ Рита мұның бірде-бірін жасаған жоқ, Петроның жанына ең жаман батқаны: Рита мұны елеуді қойды, бұрынғыдай

ұрып қалу, түйіп қалуды да тастады, еден жуатын шүберекпен бетін қайырып, жасқайтыны барды, ол да жайына қалды, жол бойы ұшыраса қалса, көзін төмен салып, көрмеген, аңдамаған боп өте шығады. Тіпті болмай бара жатса көрермін деп, тағдыр өзінің тереңіне бүгіп келген ең соңғы «құпия жүрісін» жасамағанда, бұл екеуінің арасындағы шым-шытырық партия осымен біржола аяқталар ма еді, кім білген...

Жел оң бүйірден соғып, таң атар-атпастан теңіз толқып-тулай бастаған әдеттегідей күндердің бірінде қатты шайқалақтап келе жатқан біздің бос СРТ 77–77-нің вахтасына Петро тұрған, ал Рига кемені жуып-сүртіп, ол-пұлды жиыстырып-реттестіріп жүрген-ді. Біздің кемелердің конструкциясы бойынша, палубаға шығатын жел жақ есікті, әсіресе жел оң бүйірден болса, шамалы ұштырма кезінің өзінде аша қою оңай шаруа емес-ті. Өйткені палубаға шапшып шыққан су кеменің үстіне шошайтып-шошайтып салып қойған күркешіктердің оң-солынан бірдей сарқырай ағып келіп, енді кеменің жел жақ беттегі жалынан асып теңізге қайта ақтарылайын десе, соның арасынша сырттан келіп қалған екінші толқын кеудесінен тіреп жібермей қалатын. Сондықтан тар жерге тығылып қалған судың деңгейі қас-қаққанша кеменің белдемесінен асып, енді теңізге кеменің кенересінен ақтарылуға мәжбүр болатын. Есікті дәл осы кезде ашсаңыз, қалай қарай ақтарыларын білмей, өзінің орасан зор қысымымен теп-тегіс палуба үстінде тепсініп келе жатқан су табалдырықтан бір-ақ қарғып, аяғыңыздың астымен төмен қарай сарқырар еді; ал егер ашқаныңыз – машина бөліміне қарай апаратын текішектің тап қасына орнатылған оң жақ есік болатын болса, онда су тіпті екінші табалдырықтан да ақтарылып, жан-жаққа шашырап, одан артылғаны ең соңғы екпінімен машиналардың үстіне құйылатын. Машина бөлімінің төбесіндегі тор-тор темір жапқы мұндайда мүкият қадағаланатын: оң жақ есіктен шықпақ болып, ұмытшақ біреу солай қарай беттесе болды – төбедегі торкөз темірдің арасынан әлгінің аяғы қылт еткен бойда сол күнгі кезекші Петро болса: «Қайда барасың, сорыңды ұрайын? Желдің қай беттен екенін көрмеймісің?» – деген даусы шар ете түсетін. Аяқ тоқтай қалады да, мына дауыстың мән-мағынасы иесінің миына жеткенде барып, үн-түнсіз келесі есіктердің біріне қарай беттейді, төбедегі торкөз темір жабындының қиюласқан жерлері қайшыласа сақыр-сұқыр, сақыр-сұқыр етіп барады да,

тып-тыныш бола қалады, сонда ғана көңілі жайланған моторист қолындағы май-май шүберекті ескі-құсқы салатын темір жәшіктің ішіне бір-ақ ататын-ды.

Мінеки, сондай күндердің бірінде кеменің ішін ретке келтіріп жүрген Рита асхананың еденін жуып болады да, енді лас суды төгіп, еден жуған шүберегін де шайқап алу үшін сыртқа шығады. Әрине, кір суды унитазға төгуіне, ал тазасын душка түсетін жерден немесе кухнядан-ақ ала салуына болатын, бірақ одан еден жуған шүберек тап теңіздің өзіне малып жіберіп, шайқап-шайқап алғандай бәрібір тазармасы тағы белгілі нәрсе: бұған қоса, қазір вахтада кім тұрғанын, жел жақ есікті қас қақпай қадағалап отырған да сол екенін Рита жақсы білетін, сондықтан ұштырма соғып тұрғанын ұмытып кеткен ол әдейі қырсығып, оң жақ есікке беттейді. Теңіз астан-кестен тулап жатқанда да шайқалақтаған кеме ішінде емін-еркін жүруге, есіктерді ешнен ашып-жабуға әбден дағдыланып кеткен Рита қолына ұстаған ауыр шелектің қырсығынан сыртқа шыға бергенінде сәл-пәл сасқалақтап қалса керек. Дегенмен моториске де, ішке қарай лақ ете қалған толқынға да ерегісіп алған ол енді кеменің ішіне едәуір су кіргеніне карамастан, ақыры палубаға шығыпты. Ұрынарға себеп таппай жүрген Петро төбедегі торкөз темірдің арасынан кенет қылт ете қалған: юбка мен соған жалғас көрінген көрер көзге қолайсыздау іш киіммен палубаға шығып бара жатқан Рита екенін бірден біліп, қуанып кетеді де, сол бойда бұл да жоғарыға көтерілмек болады, бірақ бастықтар телеграфпен орнына дереу қайтуын талап етіпті. Ритамен кездескенде айтармынау деп ол талай-талай тамаша сөздерді көңіліне жұптап жүрген. Бірақ Рита жуық маңда қайта қоймайды: мотористің жүйкесін жұқарта түскісі келгендей, еден жуатын шүберегін шайқап-сығып, шайқап-сығып әдейі ұзақ отырып алады. Осының бәрін, шынында, маған ерегісіп әдейі істеп отыр-ау деген ой келгенде, Петро «қасына барсам ба екен» деп те қиялдапты. Бірақ осы кезде көзі еденнің жарығына түсіп кеткен он бес те он жетінші гайкінің кілтін шалып қалады да, ойы бөлініп кетеді; майысқақ сымнан ілмешек жасап, соны қайтсе де суырып алмақ болып, біраз уақыт босқа әуреленіпті. Ақыры төзімі таусылған ол кілтті де, вахтаны да жайына қалдырады да, Ританы қылмыс үстінде ұстап алып, осы қазір айтар сөзінің бәрі көмекейіне лықылдап келіп тұрған кезде келістіріп бір кергілеу үшін, жоғарыға қарай жүгіре жөнеледі.

Өйтем-бүйтем деп жүргенінде он бес минуттай уақыт өтіп те кеткен ғой!

Палубаға шығатын есік жалаңқабат әйнектелген болатын. Петро қолайлы сәтті аңдып тұрып, сыртты мұқият сүзіп шығады: кеме үстінде ойнақтап жүрген толқыннан басқа түк те көзіне түспейді.

Асханаға барады, асүйге бас сұғады – Рита мұнда да жоқ.

Петро туалеттің есігін тықылдатқан екен. Іштен аға механиктің даусы гүр ете қалыпты.

Сонда барып Петроның көңіліне қорқыныш кіреді ғой.

Жалтыратып жуып қойған тап-таза асханаға қайтып келіп, сол жерде журнал ақтарып жайына отырған матрос Спицынге айқай салыпты:

– Рио-Рита жоқ! Әлгінде палубаға шығып кетіп еді, содан оралмады!

Кеменің ішіндегі сан тарау жолдар мен тар өткелектердің бойында, жүрген жерлерінің бәрін салдыр-гүлдірге толтырып, каюта біткеннің есігін сарт та сұрт ашып-жауып, ақыры екі көзі алақтап рубкаға кіріп келген бетте: «Рио-Рита жоқ, бауырларым-ау! Рио-Рита!» – деп айқайлап қоя бергенде, мұндағылар алғаш «Петроның көп қылжағының бірі шығар» деп ойлаған.

– Бір жерде жас босанып жатқан шығар! – деп, бұрыштан біреу барқ ете қалды.

Кемені келген ізімен кейін қарай бұру үшін, моторшы жалмажан вахтада тұрған теңізшіні итергіштеп, рульдің дөңгелегіне жармасып еді, кезекші штурман Ваня Шаров оны тыпыр еткізбей, ту сыртынан темірдей қатты қолымен тас қып құшақтай алды. Шаровтың есіктей омырауында бір уыс боп бүрісіп, мойнын ішіне тартып алған Петро эрең тілге келді: «Рио-Рита суға құлап кетті!»

Мына сұмдықтың салқын ызғары жұрттың санасына сонда ғана жетті. Бәр-бәрі өре түрегеліп, кеменің төбесін етіктерімен дүңкілдеткен күйі жапа-тармағай капитанның мінберіне қарай ұмтылған. Бірақ мінбердің үстінен қарағанда да көзге ештеңе шалынбады.

Шетсіз-шексіз мұхит таспих тартқан тақуадай түнеріп алып, тізбек-тізбек толқынын мән-мағынасыз ысырып жатыр, ысырып жатыр.

Дәу толқындардың бауырында таудан төмен құлдилап келе жатқан бір отар қой сияқтанып майда толқындар жыбыр-жыбыр



## Шығармалары. Төртінші том

қозғалып келеді, тек бұл таулардың кәдімгі таудан айырмасы – көз алдында пайда болатындығы ғана... Жалы күдірейіп, тізбек-тізбек қырқа-қырат құрып, көз алдында көксенгірленіп тұра қалады да, көкке шапшып барып, түпсіз тұңғиыққа қарай қайтадан құлдырай жөнеледі. Құдды жер сілкініп жатқандай бір түсініксіз хал.

Күн көзі жарқырап тұрғанына қарамастан, ақ көбігін аспанға атқан таудай толқындардың әйнек секілді мөп-мөлдір де шыңылтыр шыңдарының басын жел үрлеп, жан-жаққа су шашыратып, оны тозаңға айналдырып жіберіп, төңіректі тінте қарау қиынға түсті.

Судың бетімен бет болып, аппақ қою тозаң жөнкіліп жүр, тау-тау толқындардың арасындағы сол тозаңды жел үрлеп, жаяу борасын кезіндегідей ұйтқытып-ұйтқытып алады да, құйындай үйіріп көтере жөнеледі; әлгі аппақ қою тозаң сол тұрған жерінде қатып қалса, жал-жал қасат қарға айналар еді, әйтпесе осы күйінің өзінде-ақ қардан түк айырмашылығы жоқ-ты.

Кеме орағыта бұрылғанда бір бүйіріне жамбастап жатып алды; сол-ақ екен, тау-төбе ауыр толқындар бар екпінімен сүйір тұмсыққа соғып, сол бойда шығыр мен рубканы көміп жіберді де, ақырында кемеңің қабырғасынан ұра бастады. Тозығы жеткен үйді бульдозермен түйіп құлатқандағыдай, тау-тау толқын кемеңі қазір-ақ біржола быт-шыт қылып жіберетін секілді көрінеді, бірақ іші-бауыры сықыр-сықыр етіп барып, бірер жөткірініп алған кеме келесі сокқыны да қиналмай көтеріп, қақырамай да қирамай ілгері тарта береді. Сөйтіп, біресе тулаған толқынның төбесіне шығып, біресе зырқырап төмен құлдилай, қысым-қылпақтың тоқсан тоғыз түріне ұшыраған жүзу жабдығы – СРТ 77–77 өзінің пешенесіне жазылған тағдыр сынынан сүрінбей-ақ өтіп келе жатты.

Бұл кезде асүйде түскі ас даярлап жүрген аспаздың күллі еңбегі зая кетіп, ішіне тұздалған қияр тым көп туралғандықтан (өйткені қияр бұзылып бара жатқан соң оны тезірек кәдеге асырып қалу керек болған-ды), рассольникке ұқсаңқырап кеткен борщы да, тұздық толы ыдысы мен компоты да бәр-бәрі сол тұрған күйі түгелімен еденге ақтарылып қалды; осынау қоймалжың қойыртпаққа енді шкафтың ішінен үріккен торғайлардай ұшып-ұшып жерге түскен жиырма бес тәрелкенің сынығы араласып, онсыз да ызадан шашын жұлуға шақ қалған аспаздың аяғының астында жайрап жатты.

Кемениң үстіне шыққан бойда тұла бойы малмандай болған тралмейстер аласапыран су көшкіні мігірсіз шайып жатқан мынау палубаны бүрсеңдей кесіп өтті де, жөн-жосықсыз жөңкіліп келіп қалған келесі бір таудай толқын оны енді-енді іліп әкетіп, бар екпінімен шығырға апарып былш еткізіп бір-ақ соғады-ау деген кезде ыршып барып, керулі тұрған кендір арқанға қос қолымен жабыса қалды да, цирктегідей салбырап-салақтаған күйінде мачтаға қарай жылжи жөнелді. Дәл осылайша, бәлкім, бұмен жасайтын балға мен төстің арасынан сасық қара қоңыз ғана сәтімен жүтіріп өте алар: бірақ бірқалыпты күрс-күрс ұрып тұрған соккы-соккының арасында үлгермей қалуы да мүмкін ғой. Былайғы жұрт теңіз үстін көзбен тінтіп, өзді-өзі айқайласып, абыр-сабыр боп жүргенде, кеме әрі өтіп, бері қайтып қанша жосылғанмен, Ританы таба алмауы кәдік еді, өйткені ол бұл кезде тап қасымыздан тау-төбе боп өтіп бара жатқан ақжал толқынның ар жағында, тасада қалқып келе жатуы мүмкін-ді, сондықтан біздің тралмейстердің бірден мачтаға өрмелей жөнелгені дұрыс болыпты, дінгектің басына шығып алған ол жоғарыдан жан-жаққа көз салғанында мынау ақайрандап жатқан жыбыр-жыбыр су бетінен жалғыз-ақ рет қылт етіп көріне беріп, толқынның жалынан асып жоғалып кеткен құйттай қарайғанды көріп қалыпты.

Рита сол еді.

Әрине, асып-сасып жүргенде адам не істеп, не қойғанын біле бермейді ғой, «Суға кісі құлап кетті!» деп аттандалатын хабар бойынша рет-ретімен атқарылатын шаруалар да өзінің кезегімен орындалған жоқ: мәселен, мұндайда ең алдымен шлюпканы шүйме арқанға байлап, шығырмен су бетіне жақындатып түсіріп қою керек болса, оның орнына жұрт қайықты тек палубаға жатқызып қана үлгеріпті, қазір ол кемениң үстін толассыз шайып жатқан толқынға ілесіп, біресе анау жаққа, біресе мынау жаққа келіп соғып, ереңлік-қарсылы шайқалақтап жүр. Мынадай ұштырманың кезінде тіпті сол шлюпка дегеннің қажеті де жоқ нәрсе, бірақ қайтерсің!

Вахтада тұрған адам барып оятқанда капитан ұйқылы-ояу көзімен әуелі не боп, не қойғанын ұқпай қалыпты да, мәңгірген күйі асүйге қарай жүре беріпті: мұнда келсе, түскі ас түгелімен ақтарылып қалған, аспаз күйінгеннен шашып жұлуға шақ жүр... Өзі ызадан жарылғалы тұрған байғұсты ал кеп ашудың астына алдыртады ғой; кезекші кемедегі жағдайды айтып қақсап қоя бер-

## Шығармалары. Төртінші том

мегенде қанша тұрарын кім білсін, мынау сұмдық хабардың суық ызғары санасына жеткенде барып, капитан: «Рио-Рита ма?» - депті де, ебедейсіз етженді денесі екі жағына кезек ауытқып, еңгезердей тұлғасына әншейінде тым тарлық егетін қуықтай дәліздің бойымен рубкаға қарай мүйізтұмсықша ұмтылылты; ол келіп жеткенде қатты толқудан жүзі қуқыл тартып кеткен Ваня Шаров «кемені су бетінде қалқып жүрген нәрсеге» қарай бұрып алып, желікбас курсанттарша құйғытып келе жатыр еді.

Мұндайда не істеу керек болса, Шаров соның бәрін мүлтіксіз орындап келе жатқандықтан, капитан араласқан жоқ, үнсіз тұра берді.

Өлі-тірісі белгісіз «қарауытқан нәрсе» мынау қақап тұрған желтоқсанның күнінде, Тынық мұхиттың толқынында қыбырсыз қалқып келе жатыр.

Бұл кезде жел артқа қарай ауып, таудай толқындар енді кеменің құйрық жағынан ұра бастаған-ды; басынан-бақайшағына дейін малмандай су болған палубадағы жұрт қапылып жүргенде әркім қолына тигенді ғана киген-ді қолдарына бір-бір ырғақ ұстап, іліп алуға даяр тұр.

Рита теңіз бетінде тербетілген күйі бізге аяқ жағымен ағып келді. Шаровтың кемені оған керемет шеберлікпен жанастырғаны соншалық, ырғақпен іліп алуға ып-ыңғайлы етіп, мұхит өзі Ританы алақанына салып әпергендей болды – біреулер оны күртешесінен, біреулер балтырын жырып алғанына карамастан, етінін қонышынан іліп алып жатыр. Көтере бергенде қарасак, Ританың денесіне кендір жіп ілесе шығып келеді, жұрт қаумалап, әлгі кендір жіпті де, оның ұшында жүрген шелек пен еден жуатын шүберекті де тартып алды; сусінді болып күмнің кеткен күртешенің жейіне әлгі кендір арқан тас түйін тұзақталып қалған екен. Қолың тұзақтан ажыратып алғанда қаны қанып ашпақ боп кеткен қолының басы былқ ете түсті. Осы бір жаны кетіп серейіп қалған сұп-суық қолда аранын ашқан ажалдың салқын сесі бардай, құдды әлгіңде асып-сасып жүріп матростар арқанды емес, мынау ашпақ қолды қателесіп шауып алған секілді.

Суға кеткен әйелді шығырмен тартып алмақ болып Шаров сәл-пәл айналшықтап қалған кезде ғана капитан қимылға кірісті. Өмірмен өлім арпалысқа түскен осынау сәтте әр секунд санаулытұғын, сондықтан капитан буфетші әйелді рубкаға тұп-тура терезеден кіргізуге бұйрық берді.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

– Аяғымен! Аяқ жағымен кіргізіндер! – дейді, терезенің кәсегін кеудесімен құлатып тастап, белуарына дейін денесін сыртқа шығарған капитан, буфетші әйелдің аяғына қолын бір іліктірмек боп жатқанда аюдай ақырып. Осыдан-ақ оның капитанға ғана тән қасиеті – қандай қиын жағдайда да мақсатқа ең төте, ең тиімді жолмен жету қабілеті көрініп қалды. Қанымызға сінген дағдымен, – осы күнгі жұрттың тілімен айтқанда, стереотипті ойымызша, біз есіктен шығып, есіктен кіруіміз керек-ті; сол үйреншікті әдетімізбен қазір де есікке қарай беттемек болғанбыз, бірақ бұл кезде кемеңнің үстін толқын толассыз шайып тұрғаны, оған қоса кара зілдей әйелді қолымызға көтеріп апару керектігі, ал төрт адам төрт жағынан ұстап ішке кіргенде кемеңнің қуықтай таптар дәлізіне сығылысып, сыймай қалатынымыз ешқайсымыздың есімізге келмепті; біз сөйтіп бет-бетімізге айқайласып, жан-жақтан жамырай шуласып жүргенімізде бүкіл билік бір өзіне берілген, не айтса соны қарамағындағылар қалт еткізбей орындауға тиіс екенін бүкіл болмысымен сезетін және әр сөзі мен ісіне өзі жеке басымен жауап беретінін білетін капитан жұрт тұйыққа тірелгенде мынау тығырықтан шығар жолдың ең төтесіне қарай тура тартты. Суға кеткен әйелді терезеден ішке кіргізерде, капитанның айтуымен, оны жоғарыдағыларға аяқ жағымен апарып бергеніміздің арқасында, мінеки, енді кеудесі төмен салбырап, кампиған қарны терезенің ернеуіне тірелгеннен-ақ, Ританың аузы-мұрнынан алғашқы су атқылай жөнелді.

Рубкаға кіргізілген бойда көкқарын болған әйелдің ішіндегі суды сыртқа айдау басталды. Жылтындаған кейбір әуесқой қуларды тым-тырақай қуып жіберген капитан қолдан тыныс алғызу ісін де өзі басқарып, бұл үшін әйелдің қай жерін жаныштап, қай жерін сығып-сығыш жіберіп, сығып жіберіп, қайталап тұру керек екенін моториске өзі көрсетіп: «Қане, бас! Тағы бас!» – деп, асау ағысқа қарай қайық айдаған ескекшілерге күш бергендей, демеп қойып тұрды.

Әлден уақытта Рита ыңырсыды-ау! Кеудесіне жан кіргенін сезген бойда капитан мен моторист оның үстіне қабат-қабат көрпе жауып, енді бойы жылынғанша жата тұруы үшін, қаютаға қарай ала жөнелді. Мұнда келген соң да Петро қарап отырмай, капитанның аға көмекшісі әкеп берген спиртпен Ританың қос қолын, иықтарын алма-кезек ысқылаумен болды.

Ританың тұла бойы бірден жылына қойған жоқ, әрине; бірақ ептеп-ептеп бетіне кан жүгіріп, біраздан соң барып есі кірген; өзіне-өзі келгенде қасында иығын спиртпен ысқылап Петро отырғанын көрді. Әйел көзін ашуы мұң екен, қуанғаннан Петроның жүзін бақыттың көз жасы жуып қоя берді; айдай әлемнің алдында түк қысылып-қымтырылар емес. Әл-дәрмені құрып дінкелеп жатқан Рита оны көргісі келмегендей, әлсіз қолымен қайта-қайта кеудеден итеріп, тіпті болмаған соң басын көтермекке әрекет жасай бастады.

– Сұмпайы! Менің өлгенімді тілеп жүр екенсің ғой, сен? Суға кетсе екен дегенсің ғой шамасы! Сұмырай!

– Есің дұрыс па өзіннің! Түү!

– Біздің Рио-Рита қайтадан қаһарына мінді, ал!

– Жұрттың бәріне аттан салған сол емес пе қайта?! Сенің суға құлап кеткеніңді бірінші байқаған да сол! Петро болмағанда біржола кететін ен су түбіне! Балыққа жем болып!

Өзі әлсіз адам, ашуланамын деп Рита тіпті әлсіреп қалды да, бір кезде шарасыздан еңіреп қоя берді, бетін жуған көз жасына қоса, аузы-мұрнынан ашы су қабат актарылып, әрі-беріден соң диванға сұлқ түсті:

– Осы оңбағанға ерегессемін деп істедім ғой мен мұның бәрін! Сыртқа шығып бара жатқанымды да көрді ғой өзі! Ішмерез сұмырай! Суға әбден кетіп болсын деп, қарап тұрған ғой бұл! Әйтпесе көрмеген-білмеген ештенесі жоқ!

– Машиналарға алаңдап, айналышықтап жүріп қалыппын, Ритажан-ау! Сенсең бар ғой, міне, жаным, міне, иманым! Құдай куә, уақыттың да қалай өтіп кеткенін аңдамаппын. Кейін есіме түскенде, «ішке кіріп кеткен шығар» деп ойлағам! Өйткені жоғарыға шығып қарасам, жоқ екенсің. Сонсоң ішке кіріп, анда бардым, мұнда бас сұқтым, тағы жоқсың! Туалетті де тексергем! Шал-ау, сен де айтсаңшы, туалеттің есігін тықылдатқанымды естідің ғой! Онда да болмай шықтың! Аһа, мән-жай маған сонда ғана түсінікті болды. Салдым кеп аттанды! Қимас қалқам ұшты-күйлі жоқ болып кеткен соң, қайтейін енді! Жаным-ау, жақында ғана осы... саған үйленбек болып, белімді біржола бекем бұғанмын. Сен болсаң, бүйдейсің келіп! Құдай бар ғой, Христос куә! Ритажан! Естимісің, ә?

Мынау ағынан жарылған әңгімеден кейін басы артық сөздің қажеті де жоқ еді. Бағанағы үрейден із де қалмай, жұрттың көңіл-

күйі көтеріліп қалды. Бетінде майы кілкілдеген тәтті ботқаны аспазымыздың өзі әкеліп берген соң, сылқита соғып алған жігіттер енді шай ішіп, осынау оқыс оқиғаның жай-жапсарын жай ғана сөз етісіп отырған. Бұл жайтты бүге-шігесіне дейін қалдырмай, Петро осымен оныншы рет қайталап айтып берген болар. «Иә!.. Қарасам, он бес те он жетінші кілт сылдыр етіп, саңылауға түсіпті де кетіпті. Майысқақ сымнан ілмешек жасап, әрі айналдырдым, бері айналдырдым ілінбей-ақ қойды: дұрысында, іліне береді де, түсіп кетеді, іліне береді де, түсіп кетеді! Өй, құрысыншы, дейім енді, әлгі біраз айналды-ау өзі! Жарайды, бәлем кір шүберегінді шая тұр, шайқа, шайқа кіріңді! Менің жүйкемді жұқарта түскің келіп, әдейі уақыт созып отырсың ғой, бәлем! – деп қоям іштей, өзім кілтті зурелеп әлі отырмын. Сөйтсем, көрмеймісің бұл көкбет қатынды! Біраз уақыт кара мұздай суда қалқығысы келіпті ғой!»

Рита ешкіммен тілдеспеді, ауық-ауық бетін қабырғаға қарай бұрып, күн ұзақ қыбырсыз жатты да қойды: басынан кешкен оқиғаның бар сұмдығы санасын қайтадан қарып өткенде ғана ол қорқыныштан қалтыранып, өз-өзінен еңірей бастағаны еміс-еміс естіліп қалып тұрды.

Оның кеме жақтауынан қалайша ұшып кеткені, суға құласа дағы неғып батып кетпей, қалқып жүргені, біздің «төрт жетілікте» жұрттың бәрі жүзе білетін еді десек, адам айтса нанғысыз өтірік болар, солардың бірі – Рита да өмірінде малтып көрмеген жантұғын, жалпы, осы оқиғаның егжей-тегжейін тек келесі күні ғана түбегейлі анықтап білдік.

Гәп – күртешеде болып шықты! Бәлен жыл бойы асханада балық аршумен айналысып келе жатқан әйелдің үстінен бір түспеген сол күртеше мыңдаған балықтың майы мен шырыны шашырап, әбден тозғаны әрі майлақыланып жылтырап кеткені сонша, су өткізбейтін нәрсеге айналып, кеудесінен тіреп батырмай қойған ғой. Ал бар өмірі теңізде өтіп келе жатқан әйелдің кеме жақтауынан ұшып кетуіне өзінің дүниесіздігі себеп болыпты... Ол қап-қара лай суды теңізге ақтара салса, сол бойда бір таудай толқын көтеріліп келіп, шелекті көміп жібереді де, кейін серпілгенде су толы шелекті өзімен бірге жұлқып ала жөнеледі! Шелектің құлағына қап-қатты кендір жіп тағылған екен, сол жіптің екінші ұшына еден жуатын шүберегін (іздегенде таптырмас жап-жана қалақай қапшықтың жыртындысын) байлап, Рита оны алдын-ала кірі езіле тұрсын деп

теңіздің өзіне малып қойса керек. Шелек қолынан шығып кетеді де, желге қарсы жүйткіп келе жатқан кеме мен оның бағытына кері ұрған толқын қуаты екеуі екі жаққа тартып, жұлқып кеп қалады! Бүп-бүтін шелегі өз алдына, жіптің екінші ұшына байланған жап-жаңа қалақай қапшықтың жыртындысын ойлағанда, Ританың іші ит жыртқандай удай ашып кетіпті. Бүп-бүтін шелегі мен тамаша шүберегін тектен-текке теңізге қоя беріп қарап тұруға көзі кимай, үсті-басы малмандай су болған ол «бәрібір жаурадым ғой, енді аянар ештеңе жоқ» деп, ту сыртынан – кеменің тұмсық жағынан келіп, аяғының астына көл-көсір жайыла бастаған ақжал толқынға да назар аудармай, табан тіреп қасарысып тұра қалады. Ол сөйтіп тұшсы дүниесі түскірді тектен-тек теңізге қоя бермей, аман алып қалуы да мүмкін екен, бірақ әдеттегідей өзінің етжеңді денесінің салмағы мен кара күшіне ғана сеніп, қасарысып тұрған мұны кенет арт жағынан келген әлгі дәу толқын айқара құшып, табанын жерге тигізбей көтеріп алады, сол сәтте сусінді қапшықтың жыртындысы мен ішіне су толған ауыр шелек те артқа қарай жұлқып қалса керек, әншейінде ап-ауыр көрінетін жуан әйел қанбақ құрлы қауқары қалмай, кеменің жақтауынан асып ақтарылған ақжал толқынмен бірге, кендір жіптен тас қып ұстаған күйі балықтай жүзіп кете барыпты. Бұл кезде өзі мотористі атарға оғы болмай түтеп тұр екен, негізінде, ұштырма соғып тұрғанда палубаға шыққаны да, малмандай су болғаны да, мінеки, енді жақтаудан асып, құрдымға құлап бара жатқаны да, нанбасаңыз көзіңіз енді жеткен шығар, осының бәрі тек соған ерегіскеннен ғана жасалған нәрселер ғой, сондықтан «әй, кетсем – кетіп-ақ тынайын» деп, алғашқы кезде қырсығып дыбыс шығармай да қойған. Кейін жаны қысылғанда шырқыраудай-ақ шырқырапты, бірақ ұштырма ұли соғып тұрғанда оны кім естісін, бақырып-шақырып, бәрібір одан түк шықпасын білгенде ғана үмітін үзіпті.

СРТ 77–77 әуелі таудай толқынның төбесіне шығып, сонсоң оның ақ көбікті аспанға атып жатқан жалынан әрі асып жоғалғанда ғана, капитанның жан-жақты шолатын мінберіне дейін көк ала толқынға көміліп кетті! – дейді Рита, – сонда ғана ол су жұтып, бір батып, бір шыға бастапты. Капитанның жан-жақты шолатын мінберінен емес, тіпті палубаның да үстінен емес, таудай толқынның тәу етегіндегі еністен оның басына, жоғары қарағаныңда, мынау сұрапыл су көшкіні қандай сұсты әрі

қандай алып болып көрінеді десеңізші! Құлды, құрғақтағы кеме жөндейтін орында тұрғандай, біздің СРТ 77-77-нің көкала шылау басқан шірік құйрығының асты шолтаң етіп, жап-жалаңаш түбі жарқырай көрініпті де, капитанның мінбері мен трубка ту биіктікке шырқап шығып, соның бәрі қас қаққанша қайтадан төмен қарай құлдырапты, осы кезде ғана кеудесін, жалаңаш мойнын мұздай су қари бастаған Ританы әлдеқандай бір ағын белгісіз жаққа қарай сүйреп ала жөнелген көрінеді...

### III

«Сапарымыз сәтімен аяқталуға жақындағанда, Рио-Рита мен Петро тіл табысыпты, енді тұн-тура осы пароходтың үстінде үйленбекші екен» деген сыпсың дүңк-дүңк естіле бастады. Капитан мен кәсіподақ комитеті ақылдаса келіп, ақырында жалпы жұрттың келісімімен екі орындық каютаны жаңадан құрылған жас отбасыға беруге шешім қабылдады.

Ерлі-зайыпты тірлікке кошкенмен, Петро да, Рита да пәлендей өзгере қойған жоқ. Өзгере қойған жоқ дейміз-ау, мынау жеке бастарының жаңа тіршілігінде, әрине, екеуі де өткендеріне салауат айтып, жарастықты жақсы тұрмыс құрып жатты, бірақ көзі үйреніп кеткен жұрт бұны пәлендей байқай қоймады. Құлды, Петро мен Рита үйленгенде - жұртты бұрынғыдан бетер қыран-топан күлкіге кенелту үшін, яки баяғы «еруліге – қарулы» жасайтын әрекеттерін бір-біріне батыра түсу үшін қосылғандай-ақ, кемедегі жастар жағы мынау жасамыс махаббатқа жырқылдауларын қоймады, ерлі-зайыптылардың өздері де жайыларына қарап жүрмей, бір-бірін тобықтан қағуларын тоқтатпады; ермектерінің бір түріне айналып кеткен бұл жайт, шамасы, баяғы желікбас жастық дәурендеріндегі қызойнақ салатын қызық күндерін естеріне оралтатын болса керек; жаңа жуылған палуба үстімен балықшылардың бірі жүгіріп өтсе де, Рита ондайларды сол бұрынғысынша еден жуатын шүберегімен бір жасқамай қалмайтын; машина бөліміндегі Петро да бір шаруасы келіспей қалса, соны ескі әдетімен есін тандыра боқтап жатқаны... Бірақ каюталарына кіре қалсаңыз, ұзақ жылдар бойы Ританың чемоданында сақталып келген аппақ дастарқан мен тап-таза перделерге бірден көзіңіз түсер еді немесе жаңадан кестеленген жастықтарды байқар едіңіз: тінгі отбасылық тұрмыстың – бақытты тұрмыс екенін көз көрекі дәлелдеп тұрғандай, Петроның



## Шығармалары. Төртінші том

аяғында қолдан тоқылған, табаннан ызғар өткізбейтін тамаша жүн шұлықтың пайда болғаны да назарыңыздан тыс қалмас еді. Петроның үнінің өзінде де бір байсалды мақам пайда болыпты, кісімен әңгімелескенде бұрынғыдай дәудірлеп-даурықпайды, қоңырлата сөйлейді: «Жұмысты үй ішінмен жұмыла істегенге не жетсін, дизельдерді шұқылап жүргенінде, қасында қатының қоса жүргенге жетер бақыт бар ма екен, сірә!» – деп бастайтынды шығарыпты әңгімені. Ең арманшыл адамның өзі мұнан артық құдайдан не тілеуі мүмкін. Ондай бақытты жан, сірә, мыңнан біреу-ақ шығар, тіпті он мыңнан сондай біреу шыға қояр ма екен! Бәлкім, ересен үлкен пароходтардың бірінде, кит аулайтын керемет кемелерде, яки теңіз шаянын сүзетін траулер мен балық өңдеу фабрикаларында ғана ондайлар окта-текте ұшырасып қалар-ақ! Зейнетке шыққандарынша екеуі теңізді армансыз шарламақшы болып, олар алғашқы кезде некеге тіркелмей тұра тұрғысы келген, өйткені ерлі-зайыпты екі адам бірдей бір кемеге жұмысқа тұру – теңіз дәстүрінде жоқ нәрсе, қобіне-қоп алмайды. Бірақ паспортқа соғылатын мөрді қайтпек! Ританың қыз күнінен қиялында құпия сақтап келген арманы емес пе ол! Жиган-терген ақша жайына келсек, көздің құрты болған дүниеге жетерлік қаражат Ритадан да, Петродан да табылатын. Бұған қоса, Океанская аялдамасына жиырма сегіз шақырым жер қалған тұста, осы уақытқа дейін Ританың жалғыз өзі қолынан келген-келмегеніне қарамастан, тырбанып-тыртысып тіршілік кешіп келе жатқан, ауласында қар-лыған өскен бауы бар, шап-шағын ғана екі-үш бөлмелі үй біздің Петроны зейнетке шығар алдындағы соңғы сапарларының бірінен күтіп тұр еді.

Теңіз құстарының ішіндегі ең теңіз сүйгіштерінің өзі: сонау мезозой дәуіріндегі мұхиттардың үстінде қанатты кесірткелермен қатар ұшқан қазіргі алын альбатростар дегенін де, күллі өмірі көк теңіздің асты-үстінен азық іздеумен өтетін, өле кетсе де сол көк теңіздің үстінде тәміт-тәмам болатын қызыл жемсаулы король фрегаттары дегенін де – бәр-бәрі мынау шетсіз-шексіз мұхиттың бір пұшпағынан адам аяғы баспаған ғажайып арал тауып алып, қайткенде де ұясын қара жерге салмай ма!

Теңіз төрінен көз салсаң, жағалау дегенін – қашан да қасиетті де киелі нәрсе бір. Оны көргенде кейбір теңізшілерді әлдеқандай бір сұмдық қорқыныш билейтіні ертеден мәлім болған. Теңізге шыққаныңда әр нәрсе өз орнында, мұндағының бәрі – осылай

болған және осылай болып қала беретін, әу бастан қалыптасқан жайлар, адам атаулының қолы қарап отырмайды – бірдене шұқылап отырады. Ал жағалауда ше? Бұл туралы, мәселен, біздің бұрынғы үшінші штурман Ваня Шаровтың әңгімесін тыңдап көріңіз: қазір рейс арасындағы жөндеу жұмыстарының кезі... пароходтың ішіне өзге біреулер иелік етіп жүр; ал ол каютада жатыр... Теңізшілердің қонақ үйінен Ваня Шаровқа орын тимей қалыпты, ол жердің тап осыдан артық дәнненесі де жоқ, тәйірі, Ваняны каютадан каютаға екі рет қуған, енді, міне: Петро мен Рита тұрған баяғы екі орындық «қызойнақта» түнеп жүр.

– Неғып жатсың, Үшінші-ау?

– Жатпағанда қайтем?

– Кабакқа бар.

– Барғанмын. Бұрнағы күні.

– Жә, былай... каютадан шығып, таза ауамен демалып, жүріп қайт! Жағалау емес пе! Тұла бойын түк-түк болған түрің бар болсын сенің! Қалада қатын-қалаш құжынап жүр, қылжақтап аяқ басқызбайды!

– Қатын көрмеп ем. Кіл тулак!

– Бәрі сондай емес шығар-ақ! Іштерінде тым-тәуірлері де бар, әркім өз жайына қарайды дағы. Көз салып тұрсаң, сылқып келе жатады! Жүрегін тарс-тұрс, тарс-тұрс соғып қоя береді-ау, соғып қоя береді!

– Тезірек теңізге шықсақ екен! – штурманның үнінен іштей булыққан кейістік сезіледі, – мұнда келсем, тыныс ала алмаймын тіпті! – дейді де, Новиков-Прибойды қайтадан қолға алады.

– Теңізде қайбір сыбаған суып бара жатыр еді?

– Теңізде мен өзімді нағыз адам сезінемін.

Иә, теңізде Ваня адамтұғын және адам болғанда да қандай адам десеніңші! Ұштырма соғып тұрған кезде кеменің шайқалақтанғанына карамастан, асүйге аяғымен емес, қолымен жүріп келгені бар. Ал жағаға шықса болды, сау кезінің өзінде анау қабырғаға бір, мынау қабырғаға бір соқтығып, былғалақтап аяқ баса алмай қалады. Теңіз бен теңізшілер жайында әртүрлі алыпқашпа әңгімелер мен аңыздар, арасына милициялар да қыстырылатын, – мейрамхандағы шалқып-тасулар туралы лақаптар – соның бәрі осындайдан туындайтын болса керек. Бірде «лэббайлап» қасына келген даяшы өп-өтірік жәреукеленіп тұрып, ет-жүрегі езіліп бара

Шығармалары. Төртінші том

жаткандай, иығынан іштарта құшақтап қойғаны үшін ғана Ваня оған «бармақбасты» бергенін өз көзіммен көргенмін. Неге дейсіз ғой? Одан да Благовещенскіде тұратын жалғызбасты зейнеткер шешесіне салып жібермей ме демексіз бе? Егер сізді соған бола құрметтеп жатса, құдай-ау, он теңге деген немене! Су тегін нәрсе емес пе.

Ал Петро мен Рита үшін жағалау дегеніңіз – жаныңа не керек болса, сонын бәрі табылатын жұмақтың төрінен бір де кем елестеген жоқ, құлды, ертеректе көріп есіңнен шығып кеткен бір кинофильмдегі сүйікті кейіпкерлеріңізді алыс-алыс сапарға музыкалатып алып бара жатқан, сән-салтанаты мол сайлы кеме секілді көрінді оларға.

Теңіз жайындағы мынау аңыз әңгімемді әлкиссалап аяқтай келе, мен де өзімнің сүйікті кейіпкерлерімнің тоғышарлық торына өз еріктерімен бас сұқпақ екенін көріп отырмын; керек десеніз, соған ептеп ішім удай ашиды да, мұны айтпай кетсем, әрине, үлкен ұят болар еді; тіпті мұхит екеш мұхиттың өзі, мен оны: «жаныңды астан-кестен ететін алапат дауылдар мен алай-түлей сұрапылдар дүниесі» дер едім, сонын өзі қазір кісінің көз алдында қиял дүниесінен – жалпыға ортақ күйбен-күйбен күйкі тіршіліктің бақа жайлаған батпағына айналып бара жатыр! Бәрінен бұрын әлгі бір екі-үш бөлмелі шап-шағын ғана үй-ақ көз алдымнан көлбеңдеп кетпей қойды осы... (Океанская аялдамасына жетпей түсіп қаласың да, тас жолды кесіп етіп, тұп-тура тауға қарай тартасың, – деп түсіндірді Петро, – сонда станциядан он-ақ минуттық жер, одан көп емес; жә, мейлі жиырма минут болғанда да, зейнеткер кісі қайда асығады) сол үй жақтан маған ақ жаңбырдың әуеніндей фокстроттың бірқалыпты үні үздіге жетіп тұрған секілді.

Пар-р-рам, Рио-Рита...

Осы бір сурет көз алдыма келгенде жаным жайланып, жұлын-жүйкем босап қоя береді. Егер мен... кім болсам? Мәселен, құдай болсам? Ауласында қарлыған өскен (егер Владивостоктан теріскейге қараған жақта болса, онда қарақат өскен) осындай үйшіктерді қаптатып жіберер едім де, ешкімді зорламай, әркімнің тек өз қалауы бойынша, бас-басына бір-біреуден таратып берер ем. Соның ақысына бәр-бәріннен сұрарым – Петро мен Ританың көргенін сендер көрмей-ақ қойыңдар, өмірлерің олардыкінен гөрі сәл-пәл жеңіл болғай дегендік болар еді. Сол үшін сендердің

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

тоғышарлық көзқарастарыңа жек көрінісімді де көз жасыммен бірге жұтып, сөзім – сөз, уәдем – уәде, тәукелге бел буған күйімде, құдайға тән бірсөзділікпен, кемшіліктеріңді көрсем де көрмеген болып төзіп бағар едім.

Ал енді әзіл-қалжыңды қоя тұрсақ, реалист адамның айтпай кетуіне болмайтын, әлгі бір күн нұры саулаған суретке көлеңкесін түсіріп кететін тағы бір жағдай бар. Теңізбен туыстасып кеткен кәнігі теңізші әлдеқандай бір себептермен сапарға шығуға жарамсыз болып, жағалауға жіберілсе, бір-бір жарым жылдан аспай, дүниеден көшіп жатуы жиі ұшырасады. Құдды, батареяларының қуаты сарқылғандай, өз-өздерінен жүнжіп, жасып қалатындары да көп. Әрине, жағалау-мағалауыңа карамай, қақаңдап-қақшаңдап бакытты да ұзақ өмір сүріп жатқандар да баршылық. Мұндайлар, менің ойымша, теңіз тынысын, теңіз берген тентек тегеуріндерін жағалауға шығып қалғасын да жоғалтпай, өз бойларында соны сақтап қала алған адамдар ғана ма деймін?

Бәлкім, солай болуы, теңізде талай тепкіні көріп темірдей шыңдалған қос жүрек те, Петро мен Рита да сол теңіздің тентек тегеурінін сақтай алар ма екен?

Желкендерін көтеріп, енді жүзе бергендерінде кемелерін қиратып жіберетін, түбінде қашса да құтылмас тірлік айдынының айсбергіне тәнірім тек сабыр бергей; сол құрғыр мәңгі мекенінен ажырамай тұра тұрсыншы тіпті; көзге түртсең көрінбес тұманды дүние төрінде тұмшаланып жатқан орнынан тек бері жылжымағай дағы!

*1968 ж.*

## ТӨБЕ БАСЫНДА

Біз, Никодим скеуміз, томарлы кең жазираның шетіне іліне бергенімізде, ол шалшық сулар мен жайылып жүрген жылқыларды айналып өтіп, бірінші кездескен бөгеттің үстімен деревняға қарай – ауруханада жатқан әйеліне ас-су: аздаған алма мен жаңа сауған сүт апарып, хал-жайын сұрап шығуы үшін бұрылды, мен әлгі томардың өзін кешкі саятқа қалдырып, оның жиегімен келесі бөгетке қарай бет түзедім. Үш күн саят құрғанымда бұл томардың жай-жапсарын біршама біліп қалғанмын, осы қалай деген ың-

## Шығармалары. Төртінші том

ғайлы тұстарды да көңіліме түйіп қойып ем: бірақ қазір үйрек ұшырасады-ау деген тып-тыныш жерлерді әуелі шолып шыққым келді. бұл томардың сонау басындағы ең шалғай бөгетке сосын ғана барып, құс әрлі-берлі ұшып-қонатын кешкі мезгілдегі саят қызығын сонда бастамақ болдым. Оңаша қалған соң, былай шыға бере қосауыздың екі жағын бірдей оқтап алған мен жан-жаққа жіті құлақ түріп, төңіректі көзбен мұқият шолып, енді кезіге қалған аң-құсты құр жібермей атып қалуға тырысып-ақ баққам. сол-ақ екен, аңшылар ғана бастан кешіретін бір рақағ күйі, көңіл желпіңтер желік бойымды билеп ала жөнелді. Неге екенін қайдам, әлі де болса Никодим туралы ойдан да арыла алмай келе жатқанмын, ал оның өзі қазір артыма бұрыла қалсам көрінетіндей жерде кетіп бара жатқантұғын, қалың бұталардың тасасынан төбесі ғана едәуір уақыт қылт-қылт етіп көрініп барды да, ол да көзден ғайып болды. Қараңдаған біреудің қасында жүргені қашан да аңшы адамға кеселін тигізбек.

Томарлы кең жазираның сол жақ бетіндегі орман жиегінде баяғы карьерлер жабылған соң тасып әкетуге үлгермеген ескі шымтезек төбелері тау-тау боп, тізбек-тізбек созылып жатыр; олар ертедегі египет пирамидаларын есіне салатын секілді. Сондай пирамидалардың бірінен кенет бір пәттек ұшып шыққан, мен тоқтай қалып едім, ол алыстан орағытып, мені айналып кетті. Осында келгелі бір байқағаным, бұл жердің аң-құсы тіпті пәттегіне дейін атыла-атыла әбден зәрезап болып қалыпты.

Біздің Никодим Самопьяниха дейтін деревнядан екі шақырымдай жерде, шымтезек өндірген кәсіпорынның бұрынғы кеңсесінде, төбе басында тұрады екен. Бұл жердегі мынау томарлы кең жазирадан шымтезек өндіру тиімсіз болып шығыпты; соғыс жылдарындағы отын тапшылығының салдарынан ғана игеруге кіріскен екен, сол қарқындарымен соғыстан соң да бірнеше жыл өнім шығарыпты; бұл томарлы жазирада Никодимнің біраз уақыт батпақ кешкені содан көрінеді, ал қазір экспедитор болып істегеніне де едәуір болған; осы маңайдағы деревняларға азық-түлік тауарлары мен нан тасиды; мұнан басқа да толып жатқан жұмыстардың біріне тұруына мүмкіндігі болғанмен, Никодимнің өзі «ку құлқынға» жақындау жерді қолайлы көріпті. Шынында, ол – алды-артын ойлап жүретін «пысық адам», жергілікті жұрттан іргесін аулақ салыпты, өзін олардан ылғи жоғары қойып,

Самопьянихаға кекірейе қарайды; бұл жерде тұрғанына он бес жылдай болса да, әлі күнге «сіңісіп кете алмаған»; өйткені «олар – арпа, бұл – бидай» секілді көреді өзін; айтса айтқандай, томардың арғы бетіндегі колхоз, расында да, тым кедей.

Сөз мәніне қарағанда, Никодим бұл жерге сонау Хабаровск лагерлерінің бірінен «кожайыны» босатқан соң рұқсатпен келгенмен, шын мәнінде өзінің туып-өскен мекені осы маң – Мәскеу облысының мынау Пеньков жағы көрінеді, ал қазір тұқым-теберігінің бәрі сол жақтан шыққандай қылып отырған Хабаровскісіне ол соғыстың үшінші жылында, әскерге шақырылған соң барыпты да, ақымақ бас аяққа тыным бере ме, екі апта болмай жатып, екі жылға сотталып тыныпты.

«Бұрыннан әскерде жүрген бір жерлесім екеумізді штабтың асханасына азық-түлік тиеуге жіберген. Өзі қақырады ма, өзге біреу бұрын ептеп сұғанақ қолын сұққан ба, әйтеуір бір күбінің аузы ашық болып шықты. Іші майы сорғалаған семіз селедқаға толы екен. Ондай балық бұл күнде сары май секілді, көзіңнен бұл-бұл ұшады. Валера деген әлгі жерлесім тұрып: Мынау майшабақтардың бір-екеуін қағып түссек қайтеді? – демесі бар ма. «Бал ұстаған – бармағын жалайды», ас-судың төңірегінде жүр екенсің, демек, өзің де ауыз тиіп, өзге достарына да қарайласуға қақың бар, оған ешкім ештеңе демейді-міс. Бұрыннан әскерде жүрген әлгі жерлесім әскер қатарына шақырылғанша ет комбинатында істеген екен. Олардың тәртібі бойынша, үйіне әкетуге болмайды, бірақ комбинаттын ішінде жүргенде колбасадан басқамен коректенбейтін болсаң да өз еркің көрінеді. Соған сендім де қалдым. Өзі де бір жолдастыққа жақсы, қуақы жігіт еді. Содан тап қоймадың қасындағы темір тордың ар жағында жүрген жігіттерге «ауыздарыңның дәмін алыңдар» деп, бес майшабақ тастадық. Ағыл-тегіл азық-түлік емес пе, тиеп жатқанымызды көздері көріп тұр – қалай бермесің. Ағаш қалыптардың арасында жаншылып қалған бір бөлке нан да жүр екен, оны да бердік әлгі жігіттерге. Валера тұрып: – Майшабақтарды шалбарымыздың ішіне тығайық деді. Тықтық шалбардың ішіне. Бұл деген әскери қылмыс қой, басымның суы кеппеген мен оны қайдан білейін! Соның арасынша офицерлер жиналып қалып: – Ал, қане, шығарыңдар бермен! – десті қысып, – Шалбарыңның ішіндегі томпайып тұрған немеңе мынау? Көрсет, қане! – Зәрем зәр түбіне қетті, майшабақтарды шалбарымнан бір-

бірлеп шығарып жатырмын, шығарып жатырмын; екі көздің сора-сы қоса ағып барады, ағып барады. Жұрт күліп жатыр. Валера мені қорғаштап, бар кінәні өз мойнына алды: «Мұрнына ештеңенің иісі бара қоймаған, деревнядан келген жас бала ғой; әскерде бұрыннан келе жатқан мына мен айтқан соң істеді осының бәрін... – деп қояды, баяғы. – Қарандарсайшы, мен күліп тұрсам, ол еңіреп тұр!» Азғындығымыз үшін айыпқа тартылдық. Жаман әдет жұртқа тарап кетпесін деп, жазамызды кесті. Дұрыс қой олары. «Бір қарын майды бір құмалақ шірітпей ме». Кінәнің басы – сенде, – деп, Валераға барынша қатаң үкім кесілді де, маған азғырғанға ергенің үшін деп, оның жазасының как жартысын ғана берді.

Төбе басындағы осы үйге келіп жайғасқан күні «танысқанымыз үшін» деп арақ ішіп отырғанымызда, Никодим маған бұл әңгімені алғашқы кеште-ақ айтып берген. Нағыз демалысымның енді басталғанын, жұрттың сөзіне қарағанда үйрегі мен құры әлі құрып кете қоймаған мынау өлкеге, жаңа да бейтаныс жерге аң аулауға келгенімді сезіну үшін, табиғат аясында отырып емін-еркін арақ ішу өзімнің де жаныма жакқандай еді. Оның үстіне ұсынған жамбаспұлымды Никодим алмаймын деген соң, ол ақшаны қайткенде де ретін тауып шығару керек болды да дүкеннен арақ әкелуге өзім барып қайтқанмын; томарлы кең жазираның ортасындағы төбе басында сонадайдан көз тартып жападан-жалғыз тұрған үйге деревнядан қайтып келе жатқанымда, көңілім мерекедегідей көтеріңкітұғын. Мен арақ алып келгенше, Никодим бүгін бір емін-еркін сілтеуге іштей қатты дайындалған болуы керек, жүйдірмелетіңкіреп тастап-тастап жіберді де, удай мас боп қалды. Әлдеқандай бір сырқатына байланысты көптен ішпей жүреді екен. Ішіп алған соң, ауыз жаппастан ал кеп бір сөйледі дейсің, сөйлеп отыр, сөйлеп отыр: әңгімесінің бәрі – өзі жайында, ойда жоқта мен келіп қалғанға дейін ішпегені өз алдына, тіпті аузын ашып сөйлемейді-міс; тап мына мен сияқты жігіт келмегенде бар ғой, тап мына мен келмегенде, бұдан былай да үндемей жүре беруі мүмкін екен, әйтеуір құдай айдап осы үйге мен келіп қалыппын, әрі-беріден соң ол еш әдеп-ибаның шеңберіне сыймаса да, мені «баламсың ғой» деп сөйлей бастады.

– Балам, – дейді ол маған ағынан жарылып әрі неге екені белгісіз, – балам, мен қазір ешкімнен де қорықпаймын, маған қазір ешкімнің керегі де жоқ, ешкім мені керек етпейді де. Шымтезек

ойып жүргенде тапқан алтыным ауырып қалғанша, менен бақыты жан жоқ еді ғой!

Басынан кешкен күндерінің қилы-қилы оқиғаларынан хикаяны қозғады дейсің сосын... айтып отырса, қайда жүрмесін, қайда тұрмасын ылғи жортқанда жолы бола беріпті, анау жақта да жұртпен салыстырғанда жағдайы жаман болмағанға ұқсайды, өйткені наубайханада жұмыс істепті, әрі қак-сокпен шаруасы жоқ, момын күн кешіпті: «Тек баяғы достым сол жақта опат болды ғой», – деп ол көзі жасаурап, екі-үш рет мұрнын пырс-пырс тартып алды да, түк-түк жак сүйегін ойнақшытып, тісін шықырлатып қойды.

Сәлден кейін әңгімесін жалғастырған ол бұдан соң да қалай жолы оңғарылғанын, сөйтіп қалайша осы жерге, мынау шымтезек өндіретін орынға, дәл осы төбенің басына тап болғанын баяндай бастады. «Бұл жерде бұрын тұрғылықты барактар да болды, жұмысты да жұрт жақын маңдағы карьерлерде істеді, ол кезде сонау шалғайдағы карьерлер дегенің атымен жоқ болатын; қазір оның бәрін қайтадан шөп-шалам басып кетті ғой, барактар да құлады, тек іргетастарының орны ғана көрініп жатыр. Жалғыз кеңсе ғана қалқып тұр, о да бұрын бір көпестің саятқа келгенде сайран салуға арнап сокқан үйі еді деседі. Несін жасырайын, наубайханаға қарағанда шымтезектің жұмысы ауырлау тиді. Айналаңда жұмыс жасап жүргендер кім десейші және? Кімдер істегенін білемісің сен? Айтайын ба? Кіл қатын! Байлары әскерге кеткендер өншен. Осы күні айтсақ, нанбайсыңдар ғой, мынау әйел дегендердің иісі бар-ау – сұмдық болады екен! Қайсыбірін айтып тауысайын, қазір пешті жағам ғой, сен сонда тамыздық қылатын ескі ведомостілердің беттерін парактап көр. Қанғаған қатын. Кілең шымтезекшілер. Менің әйелім де солардың ішінде жүр. Ергеден қара кешке дейін күрекпен шымтезек ою дегенің – эх-хе-хе – оңай шаруа емес, шырағым, оған темірдей денсаулық керек. Содан құрыды ғой бәрі де. Өйтпесе қарақұрым сол халықтың бәрі қайда кетті дейсің қазір? Мешел боп отырып қалды ғой! Бірі де жоқ. Қарама-қарсы отырып алып, арақты сілтеп жатқан мына сен екеумізден басқасының орны әлдеқашан жым-жылас болған!».

Терезеден қарағаныңда қарсы алдымыз, шынында да, жым-жылас жылмнып жатыр; шөп-шалам басып, орны тегістеле бастаған карьерлер мен тұтаса өскен ну шілік болмаса, томарлы кең жазираның бетінде тұлдыр жоқ. Тек балдырлы-батпақты өлкенің



## Шығармалары. Төртінші том

сонау басындағы жайпауыт төбенің стегінде ғана әлдекандай бір күркеге ұқсап, шымтезек кесетін машинаның үйелмендей қаңқасы карауытып тұр. Құдды, машинасы түскір тоқтаусыз жүріп-жүріп келіп, бұдан әрі барар жер, басар тауы қалмаған соң, сонау көз ұшындағы жер шегіне жетіп, біржола тұрып қалған секілді. Сол машинаның үйелмендей қаңқасына бола, мен әдейі бірер шақырым жер бұрылыс жасап, арнайы барып көргенмін. Қарасам, алқам-салқам болған бір ебедейсіз қызық машина екен, өзі бұмен жұмыс істеген болуы керек, есте жоқ ескі заманның жұрнағы секілді көрінді маған; негізінде, өзі жүрмеген де шығар, сатпақ-сатпақ қылып, анда-мұнда қолмен сүйреп әлекке түскен сияқты. Сонда мұның нені механикаландырғанына миым жетпей-ақ қойды, жұрт оны анда-мұнда қолмен сүйрелесе, шымтезекті қолмен ойда, ойылған шымтезекті транспортерге қолмен тие-се, бұл нендей қызмет атқарғаны?! Шамасы, машинаның үлесіне тигені – шымтезектің лайлы батпағын сығып, кірпіштей-кірпіштей етіп қалыпқа түсіре беру ғана болса керек. Жер астынан қазылып алынған әлдекандай бір алып мақұлықтың қаңқасын қызықтағандай, мен әлгі машинаның әр жерін айналдыра қарап жүргенімде тізеден батпақ кешіп, қаптаған қалың масаға талана жүріп, шымтезекші қатындар қалайша шым ойғанын, шірінді суы мен сары лайы сорғалаған, өзі ұн-ұзын, өзі қара зілдей сол шым кесектерін қалайша осы машинаның аузына тыққанын көз алдыма елестеткем. Никодим болса, сол бір өтіп кеткен күндерін елжірей есіне алып отыр, әрине, оның жайын да түсінуге болады, өйткені ол бұл жерге сонау Хабаровск өлкесінің тура өзінен келген ғой. Оның үстіне әйелдердің арасына тап келуі де аз бақыт емес. Мұны Никодимнің өзі де жасырған жоқ: «Мен бұдан артық бақытты қайдан тауыппын соншама? Ә? Осы жерде үй болдым, тұрмыс құрдым. Шымтезек ойған оймақ ауызымды да осыннан таптым, жап-жас еді ол кезде. Ал мен ше? Саудырап құр сүйегім ғана қалған сорлы емес пе ем. Саған бұл жер, бәлкім, қазір де онша ұнап тұрмаған болар, ал маған әйелім аман қалса болды, бұдан артық жердің де, басқаның да қажеті бола қоймас еді», – деп, тоқ етерін бір-ақ ауыз сөзбен жеткізді. Сонсоң ол өз өмірін тағы да әспеттей суреттеп, төңірегіндегілерді де тегіс мақтауға шыққан, ізінше көзіне көрінгеннің бәрін, әсіресе, Самопьяниханың келді-кетті басқармаларын шетінен сықпыртып боқтай бастады. Бұрынғы

басқармалардың қолына түспеген мүмкіндіктер мұның қолына тигенмен, түк тындыра алмай отырған соңғы басқармаға айрықша шүйлікті. «Алақанның аясындай өзінің титтей тауық қорасын – Самопьяниханы жөнге сала алмай жүріп, қазір мүмкіндігі емін-еркін жететін болса да, ешкімге жақсы жағдай да туғыза алмай отырып...» соңғы басқарма мынау төбе басындағы жалғыз үйді ысырып тастатқызып, оның орнына, томарлы кең жазираның ортасындағы осы төбе басына әлдене салмақшы болып, бостан-босқа игерусіз жатқан егесіз жерді қажетке жаратып, бірдеңеге пайдалану үшін әлдеқандай бір «тіміскі» әрсекеттер жүргізіпті.

Әлгі басқарманың әкесін танытып, жымыскы істерінің бәрін әшкерелеп болған соң, қазір тұрмыстың тым қиындап кеткенін дәлелдей бастағанында, мен оған осы батпақтан басқа да тәуір жерлердің табылатынын айтып, бұл жерден неге түп көтеріле көшіп кетпейтінін сұрағанмын.

– Ондай жерлер бары – бар-ау, – деді Никодим. – Бірақ қазіргі жастарға қарасайшы! Бұл жер қыстыгүндері тіршілік жоқтай томсарып жатқанмен, жаз шыға – монтажшы, теңізші, құрылысшыларға, тіпті астана ұжымдарынан келген байырғы жұмысшыларға толып кетеді. Жаңа да жарқын өмірге ұмтылып жатқан бір адам... мен болсам, біраз жерді шарладым, қазір мынау Самопьяниха маған курорт секілді көрінеді. Шымтезек ойған оймақ аузымның ауырып қалғаны ғана қиын болып тұр. Өле кетсе де, оңайлықпен жібере қоймас мені, қартайғанда қайда барайын. Колькамыздың да техникумға қайтқысы келіп жүр, емтиханда-рын тапсырып оқуға түскен, қаладан – Рязаньнан дегенім ғой, пәтер де тауып қойыпты. Аздап қосүрейлеу өзі. «Бар, шырағым, ештеңеден қысылып-қымтырылмай жүр, қайда жүрсең де өзім көмектесіп тұрам», – дейім-ақ. Жок, көнбейді. Тым жуас. Әй, жарар, қайтеміз. Тек ұрлық-қарлық қылмай, аман жүрсе болады да.

– Неге ол ұрлық қылуға тиіс?

– Ұрлық-қарлық қылғандар неге сөйтеді дейсің? Үндемей жүреді-жүреді де, бір күні міне, саған безгелдек, қылмысты болады да шығады. Ал қылмыс жасағаны үшін қандай жаза қолданылатынын өзің білесің ғой...

– Мұныңыз жай сөз ғой, Никодим, – дей беріп едім, ол ұйықтап кетіпті, сексеуілдің бұтағындай иір-иір қолы салақтап қалған. Үстелден төмен салбырап тұрған сол жұп-жуан, мүжік-мүжік

## Шығармалары. Төртінші том

көгіс тырнақты, тамырлары адырайып кеткен кол Никодимінің әлжуаз денесін аударылып кетуден сақтайтын қарсы салмақтың рөлін атқарып тұр...

Никодим туралы ойлап келе жатып, адам аяғы баспаған қалтарыс-қуыстарын карап шықпак болған екінші бөгетіме де келіп қалған екенмін; бұрын шымтезегі ойылған екі карьердің орнындағы мөп-мөлдір суы айнадай жаркыраған екі дөңгелек көлшікке такала бергенімде, мылтығымның сактандырғышын ілгері жылжытып қойдым. Бұрын шүрегейлер ылғи осы манға келіп конатын, өзімнің аңғалдығымнан екі рет үркітіп алып, екеуінде де ата алмай қалғаным бар – әдетте олар әуелеп ұшпай, зу етіп барып, суға төніп тұрған бұталардың тасасына түсіп кететін де, содан кейін ғана кара дауыл көтеріп әкеткендей канат құйрықты кабат жайып жіберіп, үлкен үйректерге ұксап канатымен су сабалап, қаркын да алмай, ғаркылдап-баркылдамай да, көк аспанға оп-онай бірден көтеріліп, жағалаудағы ну шіліктің басынан асып ғайып болатын, сонда саятшыға қалар жалғыз-ак сәт – канатының асты ағараңдап су бетінен көтерілер кезі ғана, атсан – сонда ғана атып қалдың, ата алмасан, аузыңды ашып кара да тұр.

Бұл жердің үйрегі атыла-атыла әблен әккі болғаны соншалық, әрі тым сак, әрі өте батыл болып алған, тіпті бетсіздің нағыз өзі десен де болғандай. Сактығын айтайын, құс әрлі-берлі ұшып-конатын ертелі-кешті екі мезгілдегі канат жазуларын бұлар өте кеш бастайды және ок жетер жерден екі есе биікте келе жатады: соның өзінде патырлатып жатқан бір аншы, немесе керісінше, ағаштардың басын бауырымен сызардай болып, құлды сиыр құйрық сары шымшық секілденіп аударылып-төнкеріліп, тым төменде «қанғалақтап» келе жатады: жайылысы мол суға конып отырған болса – ғаркылдамайды, үн-түнсіз дыбысын білдірмей жайылады. Ал жергілікті үйректерді үркіп-қорку легенді білмейтін бетсіздікке мәжбүр еткен нәрсе – жем-суының, азык қорының аздығы, егінжайларда қорек боларлық талнажау тым аз қалады, томарлы кең жазирадағы карьерлер тал-шілікке, тағы да басқа бұталарға толып, тегістеліп бара жатыр, сондықтан да үйрек атаулы тіршілік етуіне қолайлы жерлерге мықтап орнығып алған, өздерінің көзді ашып-жұмғанша жоқ болып кететін шапшаңдығына сеніп, кісі қасына келгенше қозғалмастан отыра береді; олардың құлқонына қатты әсер еткен тағы бір жайт – томар үстіне салынған бөгеттен

жаз бойы әрлі-берлі қараң-құраң етіп өтіп жататын жаяулар мен көліктілерге, мың сан адамға еттері өліп, үйренісіп кеткендігі. Жергілікті жердің жағдайына жаттығып қалған мұндай үйректерді ату үшін асқан шыдамдылық пен темірдей төзім керек және шынына келгенде, атуға мүлде болмайтын қашықтықтардың өзінде, мәселен, не бес-он метр тақау жерден, не ұзап кеткен соң жетпіс-сексен метр қашықтан атуға әрқашан дайын болуын қажет екен. Мінеки, енді аспай-саспай рақаттанып тұрып, бір рет айызым қана атуды аңсаған мен аяғымның ұшынан басып, қалт еткен әрбір дыбысты анығырақ әрі қай маңнан шыққанын дәлірек есту үшін аузымды ашып, мылтығымды ыңғайлап ұстаған күйімде бұта-бұтаны бұқпалап, бөгет үстінде ақырын жылжып келе жатырмын.

Ымырт үйірілер алдындағы тып-тынық су бетінде шағын-шағын шенбер сызып, кешкі апақ-сапақ шақтағы қызыл арайдың шұғыласына шомылған шүрегейлер қарсы алдымда жайылып жатқанын сезіп-ақ келем. Шынын айтсам, тұтаса өскен тал-шіліктердің арасындағы аздаған саңылаудан әлгінде мен айнадай жалтырап жатқан екі көлшікті де, олардың бетінде жүзіп жүрген үйректерді де көріп алғанмын, енді ербен-ербең етпей, бұта-бұтаның арасынан ептеп қана өтіп, тықырымды білдірмес үшін шоқал-шоқал томардың үстіндегі көкпенбек көк өлеңге ғана аяқ басып, ақырын-ақырын баспалап келе жатқанмын. Кенет төбемнен зу ете түскен екі көлеңкеге елең етіп, дереу мылтығымды шошан еткізіп көтеріп алғанмын, сныр құйрық сары шымшықтар екен: қателескенімді біліп, қайтадан жылжи бергенімде, суға шолп етіп, сонсоң жүзе жөнелген қаманың дыбысы білінді. Үйрек пен оның судағы кимыл-қозғалысы екі түрлі, сәлден соң тағы бірдеңенің естілер-естілмес тықыры білінген, мен оған назар аударғаным жоқ, өйткені өлең шөптің арасындағы мұндай тықыр тек тым ұсақ мақұлықтың, мәселен, су сабауқұйрығының немесе кәдуілгі тышқанның ғана дыбысы болуы мүмкін.

Ақыры бірінші көлшіктің жағасына келіп жеткен мен бұталардың арасында тұрып, су бетін бір көзіммен сығалай тінтіп шықтым да, тал-шыбықтарға тиіп кетпеу үшін нығымды ақырын қозғап, кешкі шапақпен нұрлана толқып жатқан айнадай көлдің жартысын мұқият тексеріп өттім. Ұйпа-тұйпа болып ұйысып қалған балдыр бастары бұғып отырған үйрек боп көрінуін қойды, сосын-ақ демімді ішіме тартып алған мен дыбысымды білдір-

## Шығармалары. Төртінші том

местен, келесі көлшікке қарай жылжи беруім мұн екен, екінші бір жақтан иіс қуған иттің емін-еркін қаңғуылдап жүрген жүрісін еске түсіретін тағы бір сыбдыр естілді. Бұл көлшіктерді менен басқа да біреулер бұрыннан шиырлап жүр екен ғой деп, сүлесок күйде мылтығымды енді төмен қаратып, сақтандырғышын тартып қойғанмын. Тек иісін алған аңын іздеген иттің қашан шыға келерін ғана тосып қалып едім. Оның үстіне қандай ит екенін көру де қызық секілденген. Сыбдыр біресе басылды, біресе сәл күшейді, уақыт озған сайын анығырақ естіліп, ақырын жақындап келе жатты, өйтсе де иә көрінер емес, әрі-беріден соң өзім тұрған жерден он шақты қадам әріректе аласалау өлең шөптің басы қимылдап кеткенін көріп қалдым. Әнеки, шөп басы қыжырылып, әлгі нәрсенің ақырын жылжып бара жатқан ізінде бұлақ бетінің қыбыр-қыбыр қозғалысындай майда толқын қалып барады; мен мұны алдында адам тұрғанын аңдамай қаңғуылдап келе жатқан оқпақ шығар... өлең шөптің арасында одан басқа кім бұлайша найқалып жүре қоюшы еді деп ойлап, мылтығымның сақтандырғышын ақырын ғана ілгері жылжытып қойдым.

Таяқ тастам жердегі оқпақты ату дегеніңіз – нығыздалған бесінші пытырамен оның мылжа-мылжасын шығару болар еді, сондықтан да мен оны бөгеттің бойымен жиырма қадамдай жерге ұзатып жіберіп барып атқым келді. Оқпақ енді қашан көрінер екен деп тұрған мен сарғайғаны бар, мүлде қурап кеткені бар, сұрғылт тартқаны да аралас, өлең шөптің арасынан кенет сонымен түстес бірдеңе қылт ете қалғанда, әуелі өз көзіме өзім сенбедім. Сол-ақ екен, түлкінің тікелейген құлағы көрінді де, іле-шала ақшулан арқа жүні де қылт етті, бұлаңдаған құйрығы қалың өлеңнің арасында қыбыр-қыбыр із тастап барады. Кенет түлкі әлденеге секірген. Сол кезде мен оны басып жіберіп едім, тимей қалды; тым жақын жерден атқандықтан, оқ шапырап үлгермей, тобын жазбастан тұсынан өте шықты да, өлең шөпті турап түсті. Түлкі олай бұлтарып, былай бұлтарып, өлең шөптің арасымен бұралаңдай зытқан; мен оны сонадай жердегі бұталарға дейін ұзатып жібердім де, қосауызымның екінші жағымен сосын тағы аттым.

Өлеңнің басы қыбырлағанын қоя қойды, ауада күкірттің жанға жайлы кермек иісін қалдырып, түтінсіз дәрінің селдір пердесі тез ыдырап кетті, сол-ақ екен, ту сыртымнан қанаттарымен тайыз суды сабалап, ғақ-ғақ деп барқылдай жөнелген екі үйрек көк

аспанға көтеріліп алды да, қанат-құйрықтарымен ауаны тіле су-сылдап, бұта бастарынан асып барып, мені сонадайдан орағытып қайқайды. Өлеңнің басы қыбырлағанын қоя қойған жерден мен көзімді сәл сәтке ғана аударып, үйректерді коруге үлгеріп қалғанмын: соның арасында бар зейінім қайтадан түлкіге ауып, енді ол қайтер екен, сол жерде біржола жаны шығып кетті ме әлде жараланып қозғала алмай жатыр ма, бәлкім, оқ тимей қалып, қазір қылт етіп бір жерден шыға келер деп, әлгі жақтан көзімді алмай қарап қалдым. Екінші атқаным түлкіге кәміл тиген сияқты еді, бірақ анық-қанығына көңілім әлі сенбей тұр.

Жол қабымнан тағы үш патрон алып, екеуімен қосауызымды оқтадым да, үшіншісін жеңілдемнің төс қалтасына салып қойдым, сонсоң аяғымды шешіп, тек жалаң шұлығыммен ғана қалған мен балдыры мен шылауы бытыса өскен қара батпақтың түрінен-ақ алдын ала тұла бойым тітіркене түршігіп, жол қабымды бөгеттің басында қалдырып, егер түлкі әлі өлмеген болса сүйретіліп барып бір жерге тығылып қалмауы үшін, тағы атпак болып мылты-ғымды оңтайлап ұстаған күйімде, әлгі түлкі жүріп өткен ізбен қоймалжың қара балшыққа қойдым да кеттім. Аяқ басуым мұң екен, мындаған жылдар бойы мелініп жатқан ми батпақ түпсіз құрдым секілді көрініп, қара саныма дейін қара батпаққа кірді де кетті, бір жақсысы – енді біттім бе дей бергенінде, әйтеуір түү табаныңның астынан әлдеқандай бір түйіртпек-түйіртпек тиянақ, бағзы замандарда батпақ тіршілік етіп, ақыры құрып кеткен мақұлықтардың қаңқасы ма әлде шоп-шаламның шірінді тамыры ма табылып, қара лай толқып-толқып барып тоқтайды, сол бойда аяғыңды қарып бара жатқан қара мұздай қоймалжың лайдан біресе ырылдаған-гүрілдеген, біресе пышылдаған сасық иісті көпіршіктер шығып, көңіліңе қорқыныш ұялатып қоя береді.

Алғашқы кезде түпсіз тартпа батпаққа түсіп кетпедім бе деп зәрем ұшқан мен өз-өзімнен буыным босап кеткені сондай, қарадан-қарап тұрып етпетімнен құлап, төртаяқтап еңбектей жөнелуге, сөйтіп жан ұшыра ұмтылып барып, бөгеттің басындағы қара жерге қайтадан аяғымды нық басқанша қаша жөнелуге шақ қалдым, тек бар ерік-күшімді жиып, қайрат-жігерімді қайтадан жанып барып қана ешқандай мән-мағынасыз, мүлде қараулықпен өзім өлтірген түлкі жатқан жерге баруға өзімді күштеп көндірдім. Сонсоң түлкі құлады-ау деген жерді олай да, бұлай да ал кеп біраз шар-

## Шығармалары. Төртінші том

лайын... сөйтіп жүргенімде тап қасыма келіп қона жаздаған тағы бір-екі шүрегейді аңдамай жіберіп алдым; қазір ондай-ондайға қайырылуға да шамам жоқ еді – кара мұздай қоймалжың батпаққа белуардан батып тұрғанмын және бір орнында ұзақ тұрсаң, аяғың түпсіз теренге батып бара жатады да, зәрең зәр түбіне кетіп, әрі қорқыныштан, әрі қарып бара жатқан қоймалжың laidан тұла бойың қалтырай жөнеледі. Түлкіні ақыры таппадым.

Бөгеттің үстіне қайтадан шыққан соң да, аяғым біраз уақытқа дейін қалтырауын қоймаған, бірақ мен бұл томарлы батпақтың үстімен менен бұрын да талайлардың жүріп откенін, сонда мынау ми батпағың шымтезекті нығыздайтын нешеме тонналық баяғы египет машинасын да көтеріп тұра алғанын, кілең әйелдер күрекпен қолдан шым ойып, бұған о шеті мен бұ шетін ат шаптырым, берік те ұзын бөгеттер салғанын есіме түсіріп, әлгіндегі қорқақтығым үшін, өзімді-өзім келеке қылуға бойымнан қуат таба білдім.

Іш киімім мен жұқа шұлығыма адам айтса нанғысыз әлдеқандай бір сасық лай сіңіп кетінгі, өкшем де кара мұздай болып жылынбай-ақ қойды; бет-ауымды, мойнымның ашық жерлерін, қолымды маса талап барады, бірақ мен бетімді батқан күнге беріп, шілік тасасында отырған орнымнан тапжылмай, үйректердің ұшып келуін тостым. Осы томарлы кең жазираның бір жерінде бағана мен жаралаған, бәлкім, тіпті оқ тимеген сап-сау түлкім де жүрген шығар. Өзі бір жас түлкі екен, бірақ қу неме қоректің көкесі – осы батпақтың ішіндегі оқ тиіп өлген немесе аңшылар таба алмай кеткен, яки жараланып жүрген үйректер екенін қазірдің өзінде біліп алған. Сондықтан қорықпағаны өз алдына, аңшылар жүрген жерге оның өзі келіп, солардың төңірегін торуылдап, тіміскілеп тыным таппайды. Әлгінде мен шүрегейлерге қарай бұқпақтап келе жатқанымда да, шамасы, ол сондай әрекетпен айналысып жүрген болуы керек.

Үйректер алыста, томарлы кең жазираның сонау басында ерсілі-қарсылы ұшып жүр; оларды ара-тұра деревняның аңшылары таңқ-таңқ еткізіп атып қояды; маған да әлденеше рет бір-нешеуі ұшып келген, ылғи қапталымнан шыға берді де, бірде-біреуіне тигізе алмадым, бірақ үмітімді үзгенім жоқ. Үйрек дегенің қызық өзі... кейде осындай апақ-сапақ шақта кеудесін бақырашқа ұқсатып салбыратып жіберіп, жерден шұқшиып

бірдене іздегендей еңкейіп, сондай аңғырт ұшып келе жататыны бар. Бірақ мынау томарлы жазираның үйректерінен ондайды күту мүмкін емес-ті, бұл жердің үйрегі желді күні ыққа қарай жіберіп қалған қаңылтырдың сынығына ұқсап, тұсыңнан ауаны ысқыра тіліп өтетін немесе түү алыстан-ак адамның ойына келмейтін траекториямен көз ұшында бұлдырап келе жатады, кәдуілгі үйректердің ұшысынан бұлар-дың бойында қалған жалғыз-ак белгі сол – үйрек атаулының бәрі секілді бұлар да әйтеуір ұшып келе жатып, біресе оң канатына, біресе сол канатына қиғаштай ауытқитындығы ғана.

Қайтып келе жатқанда мен шабындық үстімен жүргенмін, аяғым көзге көрінбейтін әлдеқандай бір шоқалдарға сүріне берді. Неге екені белгісіз, он бесінен туған ай каншама жарқырап тұрғанмен, қыр асып көрінбей кеткен күнге, оның орнында қалған қызғылт нұрға бетімді беріп, мен келе жатқан кең жазықты жарық қыла алмай-ак қойды, әлгінде ғана туғанмен, бірте-бірте байқатпай биікке шығып алған айдың аппақ нұры сүттіей саулап, бейберекет құйылып-ак тұр, бірақ жерге жете бере, әлі сөніп болмаған кешкі қызыл араймен мидай араласып кетіп, біржолата жеңе де алмай жатыр.

Теніз жұлдызындай мөп-мөлдір болып, көк жүзіне қалқып шыққан ай биіктей берді, биіктей берді, әрі-беріден сон иненін жасуындай жылт-жылт еткен жұлдыздарды көзден көлегейлеп, көк жүзіне кешкі жылы жел айдап шыққан селдір пердеге ол да оранды да, сол селдір перденің ар жағынан сығалап қалды. Сол-ак екен, қалың тұман арасынан қарауытып шыға келген тау-төбе шымтезек үйінділері – енді маған ертедегі египет пирамидаларына ұқсап тым айбағты көріне қойған жоқ: одан гөрі скиф қорғандарына ма, бауырластар бейітіне ме көбірек ұқсап, жаныма жақындау, көзіме жылы ұшырады. Оқшау төбе басындағы жалғыз үйдің тап қасына келе бергенімде, мені мекірене қарсы алған жылқы үнінің өзі маған ет-бауыр жақын адамымның дыбысы секілденді.

Үй ішін күнгірттеу ғана жарыққа бөлеп, майшам пышылдай жанып тұрған. Қолындағы ісінің тігісін инесімен түрткілеп әрен тауып, Никодим бірдене тіккен болып отырды. Мен бағанағы түлкі жайында әңгіме қозғап, күн жылы, жер қара кезде, терісі пайдаға аспайтын аңның обалына қалып, босқа атқаным өкініп отырғанымды оған айтып бергенмін.



– Несі бар, өзі де тауықтарға тыным бермейді ғой. Қайта сол керек өзіне, – деді, өз ойына өзі күрсінген Никодим.

– Тауығы несі, әлі тым кішкентай түлкі екен деп отырған жоқпын ба.

– Кішкентай болса, өспей ме екен... Өскесін тауық жемей тұрар дейсің бе?

Кешкі астың үстінде Никодим әрнені бір шұқып, сүлесоктау отырып ауқаттанған, сүтін де ішкен жоқ-ты; қарным қатты ашып келген мен алдымдағы асты апыл-ғұпыл соғып алып, әсіресе, қатқан кара нанмен коп-кою тәтті сүтті көбірек ішіп қойыппын. Қазір енді Никодим Колькасының шалбарын тігіп отыр, ержетіп қалған баласын техникумға тап-тұйнақтай етіп жібермек; баласының шалбарын соңғы кездегі модаға сәйкестендіріп қайта тігуді бастаған шешесі екен: сөгуін – сөгіп те қойыпты, тіпті бір балағын қуықтай қылып қайта тіккен де; бірақ екінші балағын тарылтып та, тігіп те үлгермей, төсек тартып жатып қалған көрінеді. Коляның өзі техникумға барған соң алғашқы кезде қаражат көбірек керек болар деп, ақша табу үшін осы колхоздың атынан ағаш дайындауға аттанып кеткен; содан бері жатса-тұрса ойынан осы шалбар шықпай қойған Никодим, мінеки, енді ісмерлікпен өзі айналысуға мәжбүр болып отыр.

Мен болсам, төргі бұрыштағы перденің артында тұрған төсегімде шалкамнан түсіп шалжиып жатырмын, екеуіміз ауық-ауық еріккеннен әрнені сөз қылып, жоқты-барды тілге тиек етіп, әу десіп қоямыз, оның үстіне бағана құдық басында қаншама жуғаныма карамастан, әлденеге аяғым да қышып, маза бермей жатыр. Никодим ара-тұра әңгімеміз үзіліп қалғанда: «Көк гүлдер-ай, көк гүлдер, қырда қандай көп едің, көк гүлдерді бергенде «көкешім-ай!» деп едің», – деп ыңылдай әндетіп қояды. Әнінің әуені қате, бірақ әйелдерше сыңсытып келіп барын сала айтып отыр, бағана алдындағы асын сүлесоктау ішкенінен-ақ, мен оның осындай бірденеге іштей дайындалып отырғанын аңғарғанмын; қазір де, міне, әнінің қайырмасын қайта-қайта сыңси қайырып қойып, ара-арасында бармағына ине кіргізіп ала ма, күңк ете қалады да, қоңкылдап боктай жөнеледі.

– Әйелім өлетін шығар, – деді ол, алдындағы ісінің үстіне қолын қойып.

– Қойыңызшы, жаман сөз айтуға бола ма екен, – дедім мен,

құдды менен жауап күтіп отырған біреу бардай-ақ, перденің артынан дыбыс беріп.

– Әй, өледі-ау, түрі тым қолайсыз. Енді Мәскеу түгіл, Мәскеуіңнің ар жағына апарсаң да пайдасы тие қоймайтын шығар. Беті бері карамас, сірә.

Орнымнан одырандап ұшып тұрғанымның қолайсыз болғаны сонша, мұнан кейін бірдеңе деудің өзі ыңғайсыз болып қалды да, тілімді тістей қойдым.

– Сондай жағдай бола қалса, Колька скеуміз қайда барып паналармыз? Жә, оны да қойшы, техникумына барар-ау, тіпті онан әрмен оқимын десе де еркі ғой. Мені айтсайшы. Мынау төбенің басында жапа-жалғыз қалатын...

Ол ұнжырғасы түсіп, едәуір отырды да, кенет ұмыт болған бірденесін есіне түсіргендей, басын шалт көтеріп алып, тура маған карап сөйледі, мен мұнысына қуанып кеттім, әйтпегенде оның ойындағысын біле тұра, тастайі қараңғы жерде үн-түнсіз отыра беру тым ауыр еді.

– Бұл жерде қыстыгүндері түлкі дегенінді теліектей түсіру түк емес. Түтек басталысымен, олар тоғайға сініп жоғалғандарымен, тамақ керек болғанда бәрібір батпақтағы карьерлерге немесе анау ашық далаға келеді. Карьерлерге қақпанды апарып құр да таста. Ал, тоғайға келсек, ол да онша үлкен емес қой, үш шақырымдай жерге жетегін арқан болса, молынан жарап жатыр. Егер қайтқан із жоқ болса, яки аң бір жерде бұғып қалған болса, тіпті кең жазираның өзін де жалаушалармен жағалай қоршап қоюға әбден болады. Әңгіме тек соны дұрыстап құнттауда ғой, құнттасаң – түлкі дегенінді бір қыста-ақ тұқым-тұқиянымен қырып салуға болады.

Бұған дейін Никодим аң туралы жұмған аузын ашқан емес-ті, мынадай әңгімесінен кейін:

– Ойбай-ау, сіз де аңшы екенсіз ғой! – деп еркімнен тыс айқайлап жіберіпін.

– Жоға, мен аңшы емеспін. Өткен қыста осында біреулер келген. Солардан естіген әңгімем ғой, – ол күлімсіреді. – Өзара даурығысты-даурығысты да, бір апта жатқанда бесеуі екі-ақ түлкі алып, қайтып кетті. Бары – сол-ақ. Тіліңмен орақ оғаннан түк өнбейді, түлкі дегенің – қу-у-у!

– Иә, қыста келсең, бұл жердің жағдайы басқашарақ болар.

## Шығармалары. Төртінші том

Мен сіздікіне қуана-қуана тағы келер едім. Түлкі дегенің – қыста қаны жерге тамбай кететін аң ғой, аңшы атаулының мақтанышы да сол. Несі бар, Никодим, әйда, қыс түскесін мен сіздікіне тағы келейін. Ә. Шын сөзім. Тамаша саят құрамыз. Қар түстес аппақ халат, ақ шалбар, құлақшыныңды да аппақ бүркеншікпен қаптап қоясың. Желкенді шана да табуға болады. Тоғайдың ана шетінен мына шетіне шаңғымен-ақ шыға келесің! Тек міндетті түрде дүрбілі мылтығың болуы керек. Ең жақсысы «Барыс» қой, ондай мылтықтың барын естіп пе едіңіз? Ол дегеніңіз бір кіші калибрлі тамаша карабин. Жанадан шыққан. Тышқан аулап жүрген түлкі ақша қардың бетінде ту алыстан көрінеді. Желдің қай жақтан екенін есептей отырып қана жақындауың керек. Екі жүз метр дегенің түк емес сонда. Жазда аң атқан, жалпы, жақсы нәрсе емес. Бүгінгі істеген ісімді айтамын-ау, обал-ай тіпті. Өлтірсем де, өлтірмесем де ұяттан жерге кіріп кете жаздап жүрмін. Өлтірсем де, өлтірмесем де өлең шөптің арасында қалған ізі жоқ. Ойлаудың өзі бір азап.

– Оның несіне қиналып тұрсың. Өлтірсең – өлтірген шығарсың, ал.

– Қиянат қой, арымның алдында күнәға баттым.

Үстелдің басында отырған Никодим жалт бұрылды. Ол қазір шамның жарығы тек сұйқыл шашы мен бір құлағына ғана түсетіндей, теріс айналып отырған болатын, жарық ту сыртынан түскен, жарғақ құлағы қып-қызыл боп кетті, көлеңкеге қараған беті мүлде көрінбейді. Даусы да кекесінге толып, күйгелектене шықты.

– Онда сенің күнәларың тым бақытты екен, жолдас! – өз сөзінің мағынасын терендете түскісі келген Никодим басын кегжен еткізіп, кінәлай шайқаған, қабырғаға түскен көлеңкесі телевизор экранындағыдай шайқалды. – Жалпы, мынауың еріккенде таптырмайтын жақсы ермек екен саған.

Әлсіз жерімді оп-оңай дәл тауып, қапысыз ұрғаны – жаныма қатты батып кетті, шынында, мен өзімнің күнәма опық жеп, арымның алдында қиналғанымнан өзім ләззат алып жүргенім рас еді, бағана батпаққа да сол үшін түскенмін. Бірақ, қалай болғанда да, мен өзімнің күнәма опық жеуіммен, сірә, ешкімге кесел де келтірмеген сияқты едім ғой; сондықтан ақталмауым да керек еді, ал мен бостан-босқа қызынып, бағанағы түлкі туралы да, осы батпақта біржолата құритын үйректер жайында да, сол үйректер

мен түлкілер тұқым-теберігімен құрып кеткен кезде жер-ана қаншама сұлулығынан қоса айырылатыны хақында да, тіпті айтуға мүлде болмайтын нәрсе – сенің Никодим, мұнда ешқандай шаруа болмасын дегенді де төпей беріппін, төпей беріппін. Сонсоң, әрине, Никодим де қарап қалған жоқ, мені заһарлы тілімен шағып алды:

– Үйректі аяп отырсың, ә! Ал, сен оны, сімсік немені аямай-ақ кой, ат! Сенсіз де оны қырып жатқандар аз емес бұл жақта. Солардікі дұрыс! Басында бір шайнам ақыл жоқ болса, әрине, қырады тұқым-тұқиянымен. Тышқан мұрнын қанатуға болмайды деген заңды қайдан көрдің? Қорық... қорғау! – дейсің тағы. Бәр-бәрін мұнтаздай қылып қойған болсаңдар, неге кетпейді сол жаққа, барсын!

Әрине, әңгіме осыдан кейін аяқталып қалғаны айтпаса да түсінікті шығар.

Никодим шалбарды сөреге тастай салды да, шамды терезенің алдына апарып қойып, төсек сала бастады. Құс төсектің үстінде мұрны шуылдап жатқанын көпке дейін естіп жаттым. Тұла бойынан дененің қызуын басатын күшті дәрінің иісі мұңкіп тұрды. Осылай қарай шығарда өзімнің жамылатын көрпемді ала келгем, Коляның төсегі үстіне соны жайып жіберіп, қазір де сол өз көрпемді жамбасыма басып жатырмын. Бұл кезде әлгіндегі әңгіменің ыстық-суығы басылып, өзіме-өзім келіп қалғанмын, енді ертен Никодимнен ертерек тұрып, таңғы шық басқан шөпті кешкен күйімде, томарлы кең жазираға беттейтінімді, қайткенде де кешегі шүрегейлерді қолға түсіруім керектігін ойлап жатқанмын. Көзім ілініп барады екен, аяғымның дуылдағанынан оянып кеттім.

Қауға шелекпен құдыктан су тартып, аяғымды жуған кезде мұндай ештеңе байқамаған секілді едім. Терезенің алдындағы шамды әкеліп көрмек болып, сыбысымды білдірмей, оны ақырын ғана ала бергенімде Никодим бәрібір оянып кетті. Бұрын сонды көрмеген, сырмінез емес адамың түн ортасында үйіңнің ішін кезіп жүрсе, кез келген кісі сөйтер.

Мен шамды жағып, перденің артындағы төсегімнің үстінде аяғымды мұқият қарай бастадым: терісі қызарып, ноқат-ноқат ірінді бөрткікке толып кетіпті. Соларды көргенімде көзім алақандай болып, өзім естіген тері ауруларының түр-түрі, тіпті алапеске дейін әлденеге есіме түскені. Сол-ақ екен, жараларымды ұстап

## Шығармалары. Төртінші том

көрген қолымның басын үрлеп қалып едім, үйдің іші қап-қараңғы болып, мынау ала көлеңке бөлменің төбесіне май шамның қап-қара жылы түтіні тік көтеріле жөнелді. Тастай қараңғыда жан-жағымды сипалай қарманып, шамды орнына апара жатқанымда сүрініп-ақ кеткенім; осы манда кереуеттің басы болуы керек-ау деп, қолды салып кеп қалғанымда, өкінішке орай, оның орнына қолым Никодимнің түк-түк бет-аузына былш ете қалып, иманым ұшып кетті!.. Ол мені шынтағымнан демеп қалды. Біреудің бетін бес саусақпен бірдей бүріп алып, сонынан кешірім сұраудың өзі киын екен. Шамды терезенің алдына апарып қойған соң, мен тілден қалып, үн-түнсіз орныма қайтқанмын, жолшыбай көр-тышқанша түртінектеп, көрінген нәрсеге: үстелге, сөреге, аяғымның астындағы шелекке сүрініп-соқтығысып төсегіме әрең жеттім.

– Отырғыштың үстіндегі фигусты байка! Құлатып аларсың, – деді Никодим. Әр нәрсеге бір соқтығысып, орныма қарай әрең жылжып бара жатқанымды біліп жатқан ол мені келекелегендей көрінді.

– Аяғыма әлдеқандай бір жара шыққан секілді, – дедім мен, аяқ-қолымды созуға жарамайтын Коляның тар кереуеті үстіндегі төсегімді тағы бір рет жөндеп, жантая бергенімде басым кереуеттің жіңішке темір шыбықтарына тіреліп қалды.

– Біраз батпақ кешкен болдың ғой, – деді Никодим қыбы қанғандай. – Біздің томар сондай, шырағым. Енді ауырдым дей бер.

Мен өзімді-өзім әрең тежеп үндемей қалдым.

– Осыдан өліп кетпесең әйтеуір, – Никодим ақырын күліп қойды. – Бұл дегенің бір жаман ауру.

– Несіне күлесіз ендеше? – дедім, күйініп кеткен мен шыдай алмай.

– Мұндай аурудан жазылып кету үшін не істеу керек екенін білуші ме едің өзі?

– Білмеймін, білгім келмейді де, ал! – Ызадан жарылардай болып, қалшылдап кеттім. – Білмегенде немене, бірдеңе болатын ба еді?

– Гәптің өзі сонда, сенің сол білмегенінде жатыр. Бұл дегенің, шырағым, бір бәле нәрсе! Егер өліп қалғың келмесе, осы аурудан құлантаза айықпақ болсаң, бір апта бойы енді күн сайын аяғыңа үзбестен кіш етіп тұруың керек.

– Бос сандырақ!

– Сандырақ па, жоқ па, оны аяғыңа кіш етіп болған соң айтарсың. Сандырақшылын мұның. Мен дегенің, шырағым, бұл жердің батпағын бұрын талай кешкен адаммын, екі саным бірдей шіріп түсіп қала жаздаған осыдан.

– Ал әйелдер ше? Олардың не жаны қалды сонда?

– Немене, олардың жаны біздікінен артық па екен? Жүргендағы амалсыз.

Екеуміз де үнсіз қалғанбыз, әлден уақытта ол:

– Қайтсін, соғыс кезі ғой, – деді, маған емес, енді мынау қою қараңғылыққа мұнын шаққандай, өткен күндерін есіне түсіріп.

Аяғым дуылдап алып бара жатыр, бірақ мен әлгіндей әдіспен емделгеннен гөрі аяғымды біржола кесіп-ақ тастасын деп қырсықтым да қалдым, әрі-беріден соң ойлап қарасам, жаным аман қалуына жалғыз ем сол болса, аяғыма кіш еткенде тұрған не бар екен соншама, оның да еш сөкеттігі жоқ секілді көрінді, мұнан соң мен ертеңгі саят жайын ойлап, өзімді-өзім алдарқатпак болып едім, бірақ одан да ештеңе өнбеді.

Ертесіне басым мәңгіріп әрең ояңғанмын, бірден жара шыққан аяғым есіме түскенде, көрпені серпіп жіберіп атып тұрдым. Қырық күн шілдеден бетер қапырық болып кеткен үй ішінде тіріліп алған шыбындар терезеге тырс-тырс соқтығысып жатыр. Осы бойда қалаға барып, дереу дәрігерге көрінуге бел байлаған мен тез-тез киіне бастағанмын. Ауыз үйден әлденелердің салдыры естілді де, соның арасынша жуынып-шайынған, шашын бір жағына қисайта тараған, тап-таза Никодим кіріп келді.

– Таңғы саятыңды қаза қылдың ғой, ә? Мінеки, сүт ішіп ал. Мен деревня жаққа барып қайтуым керек, әйеліме жолығам, жұмысқа да соға келмекпін. Тұрсаңшы енді, тезірек оразамызды ашайық!

– Рақмет, ештеңе де ішкім келіп тұрған жоқ, – дедім мен салқын үнмен.

– Өй, сен немене, ренжіп қалғаннан саумысың, ойнап айтам мен кешегіні! – деді Никодим күліп.

– Ойнап айтам... аяғым ісіп кетсе, ойнап айтам дейді ғой!

– Қорықпа, біз оның емін әлдеқашан даярлап қойғанбыз. Иә-иә! Ақысын да алмаймыз, аяғыңа мініп шауып кеткенінді де білмей қаласың! – Ол үстел үстінен аузы май-май шүберекпен тығындаулы тұрған бір сатпак-сатпак шишаны қолына алды. –

Шығармалары. Төртінші том

Міне, бар болғаны! Қазір жермайды жағып кеп жіберсек, аяғын жазылады да кетеді!

Никодим бөтелкені шайқап-шайқап жіберіп, оның аузын әлдеқандай бір ескі шүберекпен бітеді де, мен аяғымды шешкенше жермайды матаға сіңдіру үшін, шишаны төмен қаратып төңкеріп ұстап тұрды.

– Қанеки, көрсетші өзін, қазір-ақ қатырып емдеп жіберейін!

– Жоға, өзім-ақ жағам ғой.

– Қой әрі, өзін ауырсынып отырып қайтесің... Мен-ақ реттей салайын! – Ол бөтелкені еденге қойды да: – Қазір-ақ дуылдағаны сап тыйылады! Жермай жақсаң, түгін қоймайды мұның! Әлгі айтқаным – жай әзіл сөз ғой, шым оюға жанадан келген әйелдерді сөйтіп қағытатынбыз. Бұл пәлеге кіш етсең құрығаның да: ойылып-ойылып кетеді! Қызыл етіңе дейін жеп тастайды, – деп қойып, әлгі жермай сіңген шүберекпен аяғымның қызарған жерлерін өші кеткендей ысқылай бастады.

Шынында, жермайдан аяғымның дуылдағаны сап тыйылды.

– Әлде де жағыңқырасақ, әрі беріден соң қайтадан батпақ кешемісің, су кешемісің – бәрібір түк қыла алмайды. Жермай дегенің – неше түрлі жұқпалы аурулардың өзін жоқ қылып жіберетін жақсы нәрсе ғой бір. Мұны тіпті кәдімгідей ұрттап ішетіндер де бар.

– Немене, әлгіндей деп шынымен-ақ әзілдедіңдер ме?

– Е, ондай-ондайымыз болған...

– Әзілдеріңнің түріне болайын!

– Ол кезде жас едік, қазір оған не заман. Солай, шырағым. Сен босқа ашуланбай-ақ қой. Әзіл сөзге ақымақтар ғана шамданбақ.

Иісі шықпасын деп Никодим бөтелкені қайтадан ауыз үйге апарып тастады да, қайтып келіп, маған оны сөренің астына қойғанын; егер тағы да батпақ кешер болсам, жермайды бүгінгіден де гөрі қаттырақ жағуым керек екенін айтты. Аяғымды ысқылап отырғанындағы әзілкештігінің ізі де қалмаған, әйеліне апаратын түйіншегін реттеп қойды да, қабағы қайтадан қарс жабылған күйі қасыма келіп, ауқаттануға кірісті. Үстелге еңсесін салып жіберіп қолапайсыздау отыр, алдындағы асты бірін-біріне қатыстырып, сүтті де, үстіне укроп тураған картопты да, мен «Армения» дүкенінен сатып алған печеньені де жұмарлап үн-түнсіз ауызға ұрып жатыр, ұрып жатыр.

Біраздан соң екеуміз тағы да томарлы кең жазираның шетіне дейін бірге келдік те, жермайдың күдіретіне бұл кезде кәдімгідей сеніп қалған мен қайткенде де кешегі шүрегейлердің қыр соңынан қалмау үшін, қазір батпақ кешіп біраз жүріп қайтуға бекіндім; биылғы балапандарын ұшырған құр-мұр болса, оны түске жақын, тоғай аралаған кезімде көрермін деп қойдым іштей. Жол бойы да ауыз жаппаған мен едім, бұл кезде көңіл-күйім кәдімгідей көтеріліп қалған-ды, мынау мөп-мөлдір таңғы ауа да жан-жүрегіңді шексіз қуанышка толтырып, шаттанбасыңа қоймайтындай еді. Никодим болса жұмған аузын ашқан жоқ, әлденеге ара-тұра көкірек жара күрсініп қана қояды. Мен оның белі бір жағына қисықтау біткенін, жүріп келе жатқанында ырғатылып, оң аяғын сәл ғана орап басатын сылтымасы бар екенін, көзі – жас адамның көзіндей көкпеңбек нұр шашып тұрғанмен, өзінің біртүрлі егде тартып қалған жан екенін де жаңа аңдадым.

Сол-ақ екен, қазір қабырғасына батып жүрген қасіретін түсінетінімді, тіпті керек болса, қол ұшын бергім келетінін сездіргім келді. Сондықтан томарлы кең жазираның шетіне іліккен соң, Никодимнің қолында бұл жолы да аздаған алма мен сүрленген шошқа майы және консервінің бір литрлік шыны құтысына құйылған жып-жылы сүт бар еді, екеуміз екі жаққа айырылысқалы тұрғанда, мен оған:

– Ештеңе етпес, Никодим, – дедім көңілін делбеп, – бәр-бәрі реттеледі ғой әлі, шын айтам, орнына келеді бәрі...

– Әй, шырағым-ай, қақырап кеткен нәрсе қайдан орнына келе қойсын. Беті бері қарамас-ау, сірә.

– Қазір жермайыңнан да күштірек дәрілер баршылық емес пе, – дедім, мен өзімнің кешегі осалдығыма күліп қойып, Никодимді де көңілдендірмек сыңайда.

– Бары – бар ғой... – деді, Никодим көзін тайғанақтатып. Солай сәл тұрды да, кішкенедең соң бөгетті бетке алып кете барды, ал мен томарды жағалап, екінші жаққа бет түзедім. Ту сыртынан қарағаныңда Никодимнің оң аяғын орап басатыны анығырақ байқалады екен, кеше онысын неғып аңғармағаным қайранмын.

*1969 ж.*



## ҚАЛАҒА АУЫЛДАН ЖАЗЫЛҒАН ХАТ

### I

ЕКІ-ҮШ ауыз ғана сөзі бар, оның өзі түсініксіз бір әнді ертеден кара кешке дейін қайта-қайта ыңылдап, қызы үй ішінде көлбендеп жүрді де қойды; мұның өз қайғысы аздай-ақ, айна алдынан шықпай сыланып-сипануын айтсаңшы және... Жүзіқара, осы үйде уақытша пәтер жалдап тұрып жатқан біреу бар-ау деп те ұялмайды, іш киіммен жортып жүр.

– Неңе жетісіп жүрсің осы сен, э? – деді Алевтина Сысоевна. – Неғылған ән сенікі?

– Ашықтық туралы ән, – деп қызы шап ете қалды; өзі киім-кешек салатын шкафқа салпылдаған омырауы мен салбыраған қарнын тақап, еңкейіп бірдене іздеп жатыр. – Саған бәрібір емес пе?

– Жыласайшы одан да, ән айтуың жетті ғой!

– Сүтім іріп кетеді.

– Өй, бетсіз! Бетсіз-ой! Енді шешесінен де ұялуды қойған ғой бұл, шамасы. Әлде тәлкек қылғың келе ме? Өзіңше қатырдым-ау деп тұрған шығарсың, бәлкім?

– Таң атса болды, құлағымның құрыш етін жеп жүрген өзін емеспісің?

– Жесем, сол! Ашықтығың қандай болса, әнің де сондай екені көрініп тұрған жоқ па, – деді Алевтина Сысоевна бесікке еңкейе бере, сыздана сөйлеп.

Ұйықтап жатқан немересі періштедей жеңіл күрсініп қойып, емізікті сорп-сорп сорпылдата түсті.

Күн жауғысы келіп, жер-дүние түнеріп тұр. Сырт салқын. Терезелер тершіп, көптен бері бояу көрмеген кәсектердің сыры түсіп, сусінді болып кеткен.

Әй, мейлі, қар жауса да өзі білсінші, – деп ойлады Алевтина Сысоевна, – тек баланың жаялығын аулаға жая алмай қаламыз-ау; онда шарананың мұрын жарар тәтті иісі де біржола жоғалып кететін шығар. Әйтпесе қыс қамы әлдеқашан жасалынып қойылды ғой, тайдай қабан анау – теңселіп жүре алмай тұр; өткенде аяғын басып кетіп еді, бүгін, міне, бір апта болды, көгерген жері әлі кетпей жүр; құп-құрғақ, әрқайсысы жұдырықтай картоп мынау -- еденнің астында, ұрада жатыр, бұрым-бұрым қылып өріп тастаған жуа – ас үйде; рас, биыл капусталары ғана жөнді шықпай қалды,

бірақ көкөніс қоймасына келіп түссе, оны да реттейтін болып біреулермен келісіп қойды.

Жә, азық-түлік жағы жетерлік қой, әлгінің бәрі аз болса, бір бөшке тұздалған қияры, екі леген қозықұйрық, қысқа деп сақтап қойған қарақаттың мұраппасы мен кант себілген бүлдіргендері және бар... Тек Алевтина Сысоевна Цаплинаның өмірде бағы бір жанбай-ақ қойды.

– Қой, құрысын, дүкен жаққа барып қайтпасам болмас, – деді Алевтина Сысоевна. – Ә десе, мә деп отырған сенен не үміт, не қайыр?

– Барғың келсе, бар, – деді қызы айнадан шешесін көріп отырған күйі бұрылмастан.

Өзі қолтығының жүнін қырып тастапты, іш киімінің шілтерленген шоп-шолақ жеңдігінен жұп-жұмыр жуан иығы көрініп тұр. Қарауға тіпті кісінің көзі ұялады: сүйек кеткен жалпайып, екі омырауы – екі шелектей, құйрық жатыр диірмендей боп айналып... «Е-е, жасаған ие, өзің кешіре гөр, бала өсірдім десем, байтал өсірген екенмін ғой!» – деп күрсінді Алевтина Сысоевна.

Қолындағы сөмкесін зытырып жіберіп, аяғындағы етігін де шешпестен, осы қазір отырған жерінде қызының қасына жетіп барып, бетін тіліп тұрып, бір масқарасын шығарғысы, шаштан алып сабағысы, жерге жығып салып, ит тепкінің астына алғысы келіп кетті, сөйтіп, сыртқа сүйреп шығарып: Елім-ау, жұртым-ау, қараңдар, мына беті күйген бетпаққа! Сүйегіме таңба салды ғой! – деп, табалдырықта тұрып айқайға басқысы да келді.

Ал қызы әлгінің арасынша не боп қалғанына түсінбегендей, бейкүнә кейіпте бұған қайырыла қарап, көзі жыпылықтап кетті де, опаға малынған мақтамен мұрнының үстін сүрткіштеп отырған күйі:

– Солай, мама, солай! – деп, өзінің аяр күлкісіне салып алдарқатып жіберді.

## II

Алдынан кездескен шалшықтарды айналып өтіп, керзі сөмкесі керзі етігінің қонышына сарт-сарт соғылып, өзінен-өзі күбірлеген күйінде қарсы ұшырасқандардың сәлемін алуды да ұмытқан Алевтина Сысоевна дүкенге қарай келе жатыр.

Іс машинаның инесіне ұқсап, шалшық судың бетінде жылт-жылт тамшы ойнайды.

Алевтина Сысоевна жоғарыға карап, жүзін көкке тосқан. Жауын басталып келеді екен, сіркедей тамшылар бетіне сырт-сырт тиді. Орамалын көзіне түсіре тартып, ол енді пальтосының жоғарғы ілгегін де түймелеп қойды.

Сылбыраған ак жанбыр әлгіндегі ойын әрмен қарай жалғастыра түсуге жетелегендей: ой дегенде қайбір жетіскен ой бар дейсің мұнда, баяғыдан бері басынан кетпей жүрген қызының камы дағы; әлгі бір ар-рам төбет «сарыдым-кеттім» демей, мынау бала өзінікі екенін мойындап, ия акша салып тұрсын, ия Фроськаға бір-жола үйленсін деген оймен қатырып тұрып бір хат жазғысы келіп еді. «Қызға – қырық үйден тыйым», әйтпесе бұзылып кетер түрі бар. Әуелде осы қызды азғырған өзі екен, қолымен істегенін мойнымен көтерсін енді. «Көрдім деген – көп сөз, көрмедім деген – бір сөз» деп, білмеймін де танымаймын деп жүрмесін ертең. Арқалай ма, арбаға салып сүйрете ме – баксын өздері, кісі баласын кісі асырап қарық қыла ма? Қашанғы кәрі шешесінің мойнын қамытқа кажата береді? Рақмет, шырақтарым, мен өз мойныма салғанды көріп болғанмын. Мен сүйреген терте сендердікінен әлдеқайда ауырырақ болған. Енді өз күндеріңді өздерің көріңдер. Айт, шу! Өк, былай! Ә, бәлем, солай ма екен! – деп тағдырдың шыбыртқысы талай шықпыртқан. Тірлік тауқыметін көп тартсаң – көтен ішегің айналып кетер әлі!

– Аманбысың-ай, көрші! – көш артқан түйеге ұксап қақ алдында Евдокия Перевощикова тұр, аттап та кете алмайсың, айналып та өте алмайсың.

– Аман, аман.

– Дүкенге бара жатсың ба?

– Дүкенге.

– Түк те жоқ, құрысын, мен сол жақтан келе жатырмын ғой.

– Жоқ болса, жоғалсын. Нан мен сабын болса жарар.

– Қызың қалай, жұмысқа тұрды ма?

– Әй-и! – деп, Алевтина Сысоевна қолын бір сілтеді де, шалшық үстімен Евдокияны амалсыз айналып өтіп, кете барды. «Өзгенің қайғысын да келемеж еткілерің келеді-ау, – деп ойлады ол, дүкеннің алдындағы тепкішекпен жоғары көтеріліп келе жатқанда, көше бойлап кетіп бара жатқан көршісінің соңынан қайырыла карап: «Түк те жоқ, құрысын» дейді тағы, ал өзі аузы-мұрнынан шыққан сөмкесін әрең көтеріп бара жатыр! У-ух, сұр жылан!»

## III

Жазда оныншы класты бітірген соң Фрося қалаға, финанс-экономика техникумына барам деп кеткен, бухгалтерлікке түсті, содан көктемде қайтып келіп, енді, міне, биылғы жазда туып қалып отыр.

«Адам қатарына қосылғаның осы ма, құдай-ау! – деп еңіреді Алевтина Сысоевна сандық үстінде отырып. – Көзіме күйік болмай құрығаның жақсы еді ғой бұдан да, қарғыс атқыр қарбаша-ау-у-у!»

Үйінен ұзап шыққанына бір-ақ жыл, кетерінде қандай қыз еді десеңші бұл?! Клубтың өзіне де рұқсат сұрап қана әрең баратын, қақпа алдында көрінгенмен қылымсып тұрған да емес, үсті-басы мұнтаздай тап-таза болып, қою шашты қос бұрым ғып өріп, құстай еркін де көңілді қыз көшеге шыға келгенде, көршілердің бәрі ауыздарын ашып қалатын. Қайтып келгенде қараса – кәдімгі сары қарып қатын! Өкіруін, әрине, өкірді-ақ, бірақ мынау қалың қауым алдында ақ шашты анасының абыройын айрандай төгіп, бетіне қара танба салғаны үшін, бәлекей неме, бір рет те кешірім сұраған жоқ. Күн сайын Читаға хатты тоғытты да жатты, күн сайын пошташыны сарғая тосты, амал не, бұған тап келген түйғынның тұяғы қисық жаратылды ма, Читадан хабар да, ошар да болмай-ақ қойды.

Осындайда Алевтина Сысоевнаның есіне қызының кешегі балалық бал дәурені түсе қалса, көзіне еріксіз жас үйіріледі, сондағы ойлайтыны – абыройдың жұты болған, жанын жаралап, жұрт алдында мұны масқара еткен мынау қолтық жүні қырулы, үстінен жат еркектің ісі мұнкіген, екі нығы алқылдап, қазір әбден болып-толып отырған бетпақ қатын емес, баяғы өзінің жалғыз көрген жарығы, көзінің ағы мен қарасындай аяулы Фросюшкасы дағы. Күні кеше ғана емес пе еді, көршілерімен бірге моншаға барып жуынатыны? Бұлар, кіл кексе қатын, еркектерге ұқсап ырсылдап-күрсілдеп бұға шабынып жатқанда, күйтақандай Фросюшка түү төменде қос қолымен кеудесін көлегейлеп, тұқжиятын да отыратын; уақыт озған сайын жаны жаман шошынып: «Түссі, мам! Түссейші енді, болды ғой!» – деп жалынып-жалбарынушы еді бұған. Қарғам-ау құйттай, ыстық бұға шешесінің жүрегі шыдамай кете ме деп қорқатын ылғи. Жаңа-жаңа бой жетіп келе жатқан кезі ғой, кеудесі тіп-тік болып тікірейетін де тұратын. Көздеріне көр топырақ құйылғырлар, көрші қатындардың көзі тиді осыған.

## Шығармалары. Төртінші том

У-у-ух, қайтейін-ау, қайтейін! Қол-аяғы балғадай, пып-пысык, еті тірі-ақ қыз еді; бір айтқанды қағып алатын құймақұлақ-ты, өзі сабақты да жақсы оқыды, ойында дәнеңе жоқ, аха-ху-саха-хумен жүрген күлегеш бала ғой.

Бөшкедегі кара мұздай судан шөмішпенен іліп алып. Алевтина Сысоевна: «Ақ көбелек, көк көбелек, Фросюшканың құлағының суын төк, көбелек!» – деп қызына қарай шашағын келіп... сирағы сидіған, өзі жаңа-жаңа толысып келе жатқан күлегеш қызы сәмбі талдай бұралып, шыңғырып ала қайқаятын да, бет-аузынан сорғалаған суды көзін жапақтатып әрең ағызып жіберіп, жәудірей қалатын.

Өзім, өзім... деп жүріп, Алевтина Сысоевна кара жұмысқа қызының қол ұшын да тигіздірмей, тап-таза етіп, күтіп-ақ бақты. Ханша өсіремін деді ме екен, ай, құдай! Фросюшка үшінші класқа көшкеннен-ақ, соның жасау-жабдығына деп ақша да жинай бастады-ау бұл; қазіргі ақша – ақша ма, баяғы кезде бір теңгенді кейінге сақтау үшін, бетіңнің терін бес сағатынсың, ой сұрама, сұмдық қиын еді ғой ол.

Маған бұйырмаған бақыт осыларға құт болсыншы деп, құсадан удай мас ер-азаматы арбаға мініп майданға кеткеннен оралмаған күллі әйелдер секілді. Алевтина Сысоевна да қызын бір тәуір жігітке ұзатып, ендігі жерде сол екеуінің отбасының берекесі мен амандықтарын тілеп, құдай қаласа, немерелерін алдына алып алдарқатып отыруды армандайтын. Өзі, сірә, байын шығарып салатын баяғы кара жолдың бұрылысында, шырша түбінде отырып, түн түскенше жылады ғой. Жылап-жылап әл-дәрменнен айырылған, масаға да әбден таланып, бет-аузы бұлаудай боп кеткен бұны екі адам қолтығынан ұстап деревняға әрең жетелеп әкелгенді. Ақыл-естен айырылып қала жаздаған. Сойтіп, ештеңені көрмей де, ештеңені естімей де, тас керең де меніреу кісіге ұқсап, бүкіл соғыс жылдарын басынан өткерді ғой, содан әуелі енесін, соңынан атасын кара жер қойнына аттандырып салды, өзі де тек шықпаған жаны бар демесең, әбден қартайып, ауырып-сырқап, қаудыраған құр сүйегі ғана қалды-ау, құр сүйегі қалды.

Соғыстан кейін де айдарынан желкілдеп жел есе қойған жоқ, байымен білдей он жыл арпалысты; байғұс не жүріп-тұра алмады, не адамға ұқсап сөйлей алмады, түн баласы шошынып, шыңғырып оянумен болды ғой. Кісі емес, кескен томар дерсің бір.

Сонда да оны риясыз сүйгені соншалық, Алевтина Сысоевна осы қызды құдайдан мойнына бұршақ салып еңіреп жүріп сұрап алды ғой. Қол-аяғы кескен томардай мүскін мүгедектің койнына енгенмен, өзі қиялында баяғы тепсе темір үзетін жас жігітті, соғыстан бұрынғы сол бір алаңсыз өткен жыл жарым уақытты, сол шөмелені, тайгадан шаттауық теріп қайтқандағы сол аттар мен арбаларды, есік алдында аппақ болып жататын ақша қарды, Шубиндердің үйіндегі той-томалақта түнімен билегендерін, қаудыраған құрғақ мүк төсеніп, тоғайда жатқандарын, сондағы қарасаң тоймайтын, күйеуінің ыстық ықыласқа толы жанарын әлі сүйетін... Әлі ұмыта алмаған-ды...

Аншылығы да қандай еді десеңізші? Қалайша мақтан тұтатын еді бұл! Ер-азамат бас қосып, кейде бір шарап ішіп отыратындары бар ғой, сондайда тайганың қай түкпірі туралы сөз қозғалса да, қандай алыс қырка-қыраттар жайында әңгіме болса да – ол бармаған, ол көрмеген, ол жүрмеген жер жоқ болып шығатын!

Тіпті карттарға дейін келіп, кеңес сұраушы еді! «Ия, келін қарағым, отағасың үйде ме, жоқ па?» – «Үйде болмай, қайда болсын? Әне, қора салып жатыр!»

Қара күшін тіпті сұрамаңыз! Ол көтерген бөренені екі кісі жабылып көтере алған емес, ол арқалаған жүкті де екі адам арқалай алған емес...

Соның бәрі, мінеки, бәлду-бәлду өтірік болып бір күнде, бір сағатта ғайып болса, қайтерсің енді. Сол арылмай қойған сорын, қыртыс-қыртыс маңдайына құдай жазған қырсықты да жерледі ол бір күні. Көрші әйелдер келіп, түк қысылып-қымтырылмастан: «Құдай қаласа, кісіге ұқсап тірлік кешетін кезің енді келді, Алевтинушка, шүкір ет, соры қалың маңдайыңның қырсығынан жаңа арылдың ғой», – десті ашықтан-ашық.

Сөйтсе, тағдыр ит бұдан кейін де мұның мүлт басқан әр қадамын қас қақпай қадағалап тұрыпты ғой, ізінен қалмапты әлі! Не өші бар еді? Неден жазыпты бұл құдайға? Қандай күнәсі бар еді? Бір қап тұқымдық астықты шөптің астына тығып, шанамен әкеткені ме? Зауалын өзі тартып, сол дәнді шоқыған күллі тауығы қырылып қалды ғой. Әлде бір таныс шопыр түнеп кетіп еді, соның дегеніне көніп қалып па бұл?! Қайдағы күнә? Үйіне еркек түнепті деген сөз болмаса, койнына алған ештеңесі де жоқ, құр қиялы дағы. Күйеуге тимей тұрғанында, қыз күнінде бірденені бұлдіріп пе? Бүлінсе

## Шығармалары. Төртінші том

– өзі, бүлдірген – басқа емес, өзінің сүйіктісі, соның ғана еркіне бағынып, соның ғана айтқанына көнген. Марқұм, шешесі ғана бірдеңені сезетін, басқа тірі пенде оны білген емес.

Сосын ше? Ел қатарлы еңбек етті, ешкімнің ала жібін аттаған жоқ. Жанын аман алып қалған – картоп, кияр, қозықұйрық баяғы, шөп жаққа жеміс-жидек те апарып сатқаны бар. Құдая, Талдыда не сауда-саттық жасап жарытатын едің? Жүйрік пойыздар кідірмей өтіп кететін де, күніге екі-ақ рет танертең және қас қарая – екі сөстәв қана азғана уақытқа аялдама жасайтын. Сол екеуінің арасында елтеп сандалатыны болмаса, ертеден қара кешке дейін жұмыс, жұмыс... Депутаттыққа сайланғасын, сауда-саттықтан да бас тартуға тура келді емес пе...

Дүкенде қатындар не бар, не жоғын, таяуда қандай тауар түсетінін кекірейіп тұрып сұрастырып, енді біреулері – бір-бірінің хал-жайын, кімдікінде қонақта болғандарын, кім-кімді шақырып, кімге кімнің не дегенін айтысып, у-шу боп жатыр.

Соның бәрін үн-түнсіз ғана, елеусіздеу тұрып тыңдаған Алевтина Сысоевна көзімен жер шұқып, кезегімен бірте-бірте жылжып келе жатты. Бар бұйымы – нан мен сабын алу ғана еді, сасқалақтап тұрып, неге екені белгісіз, бар ақшасына бір сөмке зат алыпты: ішінде сабыны да, наны да, немістің кір жуатын порошоғы да, немересіне деген жаялықтық мата да, тіпті майшабақ, өсімдік майы, бас шекер, төрт пәшке шайға дейін жүр.

Енді кеткелі тұрғанында көптен сенімді сырласы боп келе жатқан сыралғы дүкенші құрбысы: «Сәбиге арналған бірі көгілдір, бірі – алқызыл екі комплект бар; әдсіі саған сақтап отыр едім» – деп, сыбыр ете түсті. Алевтина Сысоевнаның ақшасы да қалып жарымаған-ды, бірақ құрбысы көзін қысып қалды – несиеге берем дегені, тек кезекте тұрған жұрт шу шығармасын деп, артқы есіктен келуге ым қақты.

Алевтина Сысоевна дүкенді айналып, артқы есікке барды да, екі комплектінің қыз балаға арналған алқызыл түстісін алып, сыбырлап қана рақметін айтты, енді Фроськаның жай-жағдайын әңгіме қылып мұңын шаға бастап еді, бұ жұрт кісіні дұрыс бір сөйлестіре ме, кезекте тұрғандар көмекейлері жыртылғанша айқайлап, шу шығаруға шақ қалды. Амал не, Алевтина Сысоевна артынып-тартынып, толассыз төгіп тұрған ақ жауынның астында үйіне қайтты.

Фроська күн ұзақ ұйықтайтын, ня колына кітап ұстап жатып алатын, тіпті болмаса радио тыңдаушы еді, содан бір кезде шашын тарайды, сыланады, сипанады, қызын тастайды да, қас қарая Нонка деген құрбысының үйіне қайқаяды; осындағы бір жөндеу жұмыстарына байланысты бұл деревняға депо жұмысшыларының келіп жатқанына екі айдай уақыт болған, құрымағырлар, нә бітпейді. нә қоймайды, солармен қызыл арақ ішіп, түнімен секек-теген би билейтін пластинка тыңдайды барып.

Нонка – білінер-білінбес бүкірлігі бар, шарға бойлы ғана қыз, қас-кірпігін көкпеңбек ғып бояп алып, көрінгенге көзін сүзетін де жүретін, басқаны былай қойғанда, кексе қатындардың өздері оны көргенде кірпідей жиырыла қалушы еді. Кісіге қарағанын айтсаңызшы, кісіге қарағанын! Жұрт оны «көрінгеннің көк ала байталы» десіп жүретін; тіпті оны тайгадан шаттауық теруге уақытша келген қаңғыбастармен аудан орталығында мейрамханада көргендер де бар: араққа салынып азғындап кеткен әлгі қаңғыбастар шаттауық теруден тапқан аздаған тиын-тебендерін біраз күн аудан орталығындағы мейрамханада араққа шашып, сандалып қайтатын. Нонканың жұрт айтып жүргендей жаман адам болуы да, тіпті әлгі азғындармен бірге бұл жерден біржола кетуі де әбден мүмкін нәрсе, солайы солай.

Соған еріп, Фроська да бүлінді осы. Пеш жағып қойшы десең – тіл алмайды, иығын қикаң еткізіп қарап отырады, ас-су істей қойшы десең – тағы сол; үйдің ішін сыпырғызсаң, көк ала шап қылады, сыпыртқыны қас төрге тастап, өзі кітапқа үніліп кеп отырғаны. Тіпті бар ғой, жүгенсіз кетіп бара жатыр-ау, жүгенсіз кетіп бара жатыр; пәтершіге де аузына келгенін сандалып, аха-хусаха-хулайды да отырады; тілін тарта сөйлеу деген атымен жоқ.

Былай бір... кісіге ұқсап, екеуміз бірдей кішік тірлік кешсек, бәр-бәрі өз-өзінен-ақ реттелер ме еді, – деп ойлайды осындайда Алевтина Сысоевна, – әйтпесе тек хат күтумен қарап отырсақ, хат та келмес, бақ-береке де кірмес бұл үйге. Қайдан бақ қонсын, құдай-ау, екеуі төрт қолдап жүріп титтей қызды шомылдырғанша, тоқсан тоғыз арпылдасады.

Кірмейді береке-бірлік бұлайша.

Кір-мей-ді-і...



– Аманбысың, Алевтинушка!

– Өздерің де есен-саумысындар, көрші.

– Дүкеннен келемісің?

– Иә.

– Жанадан бірдеңе түсіп пе? Ой, қандай әдемі комплект, қанша тұрады екен?

– Он екі сом бірдене тғын.

– Удайын-ай. Бүйтіп ақымақ боп жүргенше бар ғой, сен анау Фроськаға алимент алуға арыз бергіз. Уақытын өткізіп алса, кейін түк дәлел таппай, өзі бармағын шайнап қалады.

– Өздері білсін, солардың арасына қыстырылып неғылам. Не істеп, не қойса да өз шаруалары. өздері реттестіре жатар дағы.

– Өздерінікі екені – өздерінікі ғой, сенің қамың емес пе айтып жатқаным, құрбым-ау. Шыным! Сені көрсем болды, көзіме жас үйіріліп қоя береді. Барып Фроськаның тұмсығын бұзсам ба екен деп те ойлаймын кейде! Ақ шашты анасын тонқандатып қойғанды кім көріпті! Онсыз да жалғанның жарығын жарытып көргеніміз шамалы. етегіміз – елпі, жеңіміз – желпі болып, көз жасымызды көл қылып жүріп, осы күнге әзер жетсек, енді келіп тағы, міне. «жығылғанға – жұдырық!» дейді.

– Қой, қайтайын, құрысын. Пешім жанып жатыр еді, бір бәлеге ұрынып қаламыз ба?

– Түтін шығып жатқан жоқ қой, үйінде қызың да отыр емес пе, қолы бар шығар... бір үйді шырқ айналдырып әкетуіне болады ғой!

– Құдайдың күні де бір ашылмай-ақ қойды-ау, көрмеймісің, сылбырайды да тұрады, сылбырайды да тұрады. Сенің нең кетер дейсің, үстіңде – болон пальто, менікі – драптан ғой, су өгіп барады.

– Жарайды, ендеше сау бол, құрбым! Алимент алуды ұмытып кетпендер, қыспасандар төлемей қояды. Бұларға ма, бұл төбеттерге бәрібір, ауыздары былжырап арақ ішкендеріне мәз. Бүгінде біздің кезіміздегідей еркек құрып кетті ғой, кеңірдектен алмасаң – кілең бір шолжандаған немелер жауапкершілік дегенді атымен сезінбейді.

– Сау бол, сау бол! – деп басын қайта-қайта шұлғыған Алевтина Сысоевна артынып-тартынған күйі әрмен қарай сүйретіліп кете барды.

«Ұят-ай, маскара-ай, енді ел бетіне караудан да қалдық-ау. Тіпті Рукавичихаға дейін мынау! Озінің Павлигі түрмеде жатқанына карамай, бұның алдында тайтаң-тайтаң етеді. Күні кеше еді ғой, Павлигіне Фроськаны алып бермек болып, бұны айналдырғаны. Аздап ұрттап алған екен, қызулықпен андамай: «Сенде – аккумуля болса, бізде – тұйғын», деп қарап отыр. Тұйғыншылың! Түрмеден түрме қоймай жүрген қаратұяқ десейші одан да».

Немересі ұйықтап жағыр екен. Комплектіні, Фроська оған кәдімгідей қуанып қалған-ды, нәрестеге кигізіп көруді ояңғанша кейінге қалдыра тұрысты. Дастарқан басына отырғандарында осындай жаймашуақ сәтті пайдаланып, Алевтина Сысоевна сөз арасында қызынан айғақтарының бар-жоғын сұраған. Бас асау байтал неме, ерін бауырына алып, жатып кеп туласын, тіпті шайына шашалып қалды!

– Немене, кемпір, сенің қасыңда да біреу тұрып па еді?

– Не дейді мына қарбаша, ә?! Кімге айтып тұрсың бұл сөзді?! Сені жолдан тауып алғаным жоқ мен! Окең екеуіміз құдай қосқан ақ некелі адамдар болатынбыз! Қосағымен қоса ағарған адамдардан туып, адал сүтін еміп өскенсің, сен! Қалайша қарабет болып қалғаныңды анаң сұрап отырғанда, айт, кәне, жаныңның барыңда! Бакыты кара бейбақ-ау, ертең өзін бармағыңды шайнап қаласың ғой! Айғағың жоқ болса, алиментті қайтіп алмақсың?

– Қандала біздің айғағымыз, білдің бе? Қаптаған қандала! Мықты болсаң, соларды апара ғой сотқа куә ғып! Осы бастан айтып қояйың, маған оның алиментінің соқыр тыныға керегі жоқ, баланы өзім-ақ аяғынан тік тұрғызамын! Бұдан былай басымды ауыртушы болма! Әйтпесе қос қолымды төбеме қойып, қаңғып кетем! Күн сайын сенің көз жасыңды көріп, өзімді-өзім мүжігенше, кісі есігінде тентірегемі артық!

Ұрыс-керістің үстіне Нонка кіріп келген. Жүрегі шаншыл ауырған Алевтина Сысоевна перденің артындағы өз орнына кетіп қалды. Қазіргі жастар анасының өзімен осылайша сөйлесетін болған.

Нонканы иттің етінен жек көретін. Құйттайынан арам қыз, Фросяға да бала кезден бар бәлені үйретіп жүрген осы. Жаманшылық дегенді ешкім үйретпей-ақ, жақындап кетсең – өзі-ақ жұқпай ма. Кішкентай кездерінде құйрықтарын сүрте алмай жүріп, шөпқорада бірдене істеп жатқан жерлерінен екеуін екі

## Шығармалары. Төртінші том

жаққа қуғаны бар. Фроськаны кір жаятын жіппен қуып жүріп сабап, ақыры шынын айтқызыған. Сөйтсе, әлгі Нонка бұған сүйісуді үйретіп жүрген көрінеді. Немесе сегізінші кластағысына кара! Фроська бір күні шашын қышқашпен бұйралап, бұрымынын жарғысын күйдіріп құртыпты да, қалғанын арқасына бос жайып жіберіпті. Алевтина Сысоевна ал келіп алдыртты ғой ашудың астына! Үйге желкелеп кіргізіп, несіне желігіп жүргенін, Нонка шашын кесіп артқа қарай жайып жіберсе, арқасы бүкір болғасын, соны жасыру үшін істейтінін әрең түсіндірді.

Фроська ашықауыз анқау неме, соның бәрін Нонкаға айтып барған ғой. Ал ол, сумадаған сұр жылтан, ар-рамын қарасайшы, бәр-бәрін естіп-біле тұра, түк сезбеген кісі сияктанып тымшып отыр, малғұн: «Алевтиночка тәте, қиярларыңыз қандай тәтті сіздің! Ой, сіздің Фросюшканыз қандай сұлу!» – деп іші-бауырына кіріп кете жаздайды. Ал көзіне қарасаң – атарға оғы жоқ, ішіп-жеп өліп барады осы. Осындай қызбен дос болған соң не үміт, не қайыр, аңдамай жүргенде тек аяғына шок басқызбаса да, бір күні!

Уф-уһ-у-у, қайдағы қыз енді бұған, он екіде бір гүлі ашылмай жатып, етегіне баласын орап әкеліп отырған жоқ па, енді беті бір ашылған соң, қайтіп ұстап отыра аларсың, тоқтамас тіпті. Әлгіндей құрбысымақтарымен құтырынатын шағы ғой нағыз.

Қонышына ысырма салған шалақ етігін шешіп, Нонка төргі бөлмеге кірді де, төңірегін көзбен ішіп-жеп, бесіктегі баланың бетіне жақтырмай қарап қойып, Фросяның қасына, керуетке келіп отырған, содан ал кеп сықылықтасты, ал кеп сыбырласты дейсің бір.

Бір-біріне такала отырып, сыбыр-сыбыр, күбір-күбір, пышпыш сөйлескендері, бұлар ойлағандай, Алевтина Сысоевна әлі саңырау боп қала қойған жоқ-ты, перденің артындағы адамға апанық естіліп тұрды...

## VII

– Әйнектелген кафе бар ғой, соның қасында тұрғанбыз. Бетсіз, беті белдей болып келе жатыр. Қасында өзіміздің техникумның бір қызы. Жирен қызыл-ау, жирен қызыл! Қарасаң, құсқың келеді! «Сәлем!» – дейді қас қақпастан кекірейіп. «Сәлем, Журавлев!» деген болып жатырмын мен де.

– Қасындағы қыз қайтті?

– Тұр, құйрығын бұтылдытатып. Бұтына шалбар киген екен, айтпақшы, бешпент-шалбары бар, керсеңдей құйрығы керіп жіберіпті. Кейін маған техникумда кездесіп қалды өзі. Жүгіріп келіп: «Фрося, айналайын!» – деп, тағы бірдеңе айтпақшы боп жатыр. «Әрмен жүр, әрі!» деп кеудеден қағып жібердім. Бұл кезде оны Журавлев тастап кеткен тұғын. Біздің группадағы Наташадан сәлем айтып жіберіпті маған. «Фросяға сәлем айтарсың»... деген сияқты сөз ғой баяғы. «Жарар, – дедім мен, – тек бұдан былай көзіме көрінуші болмасын. Солай деп айта бар!» Ал сол кезде өзімнің аяғым ауырлағанына үш ай болып қалған.

– Ол не депті?

– Келді. Қасыма қонып шығады да, кетіп қалады, қонып шығады да, кетіп қалады. Бөлмелес қыздар да мнымды ашытып-ақ болды, күн сайын құлақтың құрыш етін жейді де отырады, ал ол келсе болды – мен бетін қайтармадым.

– Қалай, бала өзіңкі екенін мойындар ма екен?

– Әй, мейлі, өзім-ақ бірдеңе етермін... Келсе – жақсы, келмесе – онан әрмен. Бетсіз неме! Соны келеді деп күтін жүрген менде де ес жоқ қой. Мінеки, үш ай болды, әлі күнге күллі техникум аяғынан тік тұрып жүрер деп, қорыққаннан тірі пендеге тіс жарып көрген емеспін. Қайда барсам екен, кімнен ақыл сұрасам?

– Әркімнің өз шаруасы басынан асып жатыр ғой.

– Оны қайдан білейін мен.

– Жеті қат жердің астындағы бәле-бәтердің бәрін білгенде, неғып соны білмей қалғансың.

– Түктің де мәнісін білмедім ғой мен. Шыным. Ол керек етті де тұрды. Қазір болса, қатырмас па ем, өзі-ақ кете алмай қалар еді қасымнан. Тек сүйіскенімнің өзімен-ақ байлаулы баспағыма айналдырып алар едім ғой. Не деген ақымақ болғанмын, құдай-ау, қыздардың айтқанына еріп, ұялып...

– Оларға ұят-мұяттың түкке қерегі жоқ. Өзің білесің, Сережа мені тастап кетті ғой. Апта да өткен жоқ, мен Щаповпен жүріп кеттім. Бір күні екеуіміз өзен бойынан құшақ-құшақ мойыл бұтағын сындырып алып, станцияның жанынан өтіп бара жатсақ...

– Сережа ше? Сендерді ол көріп қалмады ма?

– Көргенде қандай, ап-анық көрді, одан қорқып бұғынып тығылған біз де жоқпыз. Жіберіпті ол да біреуді, сенің Журавлевіңе ұқсап, сәлем айтып. «Ноночка, Ноножан, кешіре гөр, бұдан былай

Шығармалары. Төртінші том

ойтпейін де бүйтпейін». Клубта би болған. «Сізді биге шақыруға болар ма екен?» Иліп-бүгіліп, бір қолымен мықынымнан демеп ортаға алып шықты. Үстінде нейлон жейдесі, мынадай бір... екі өңіріне жеңіл бүрме салынған бар ғой, сол.

Өзі де бір көрікті бала ғой, тек жайына қарап жүре алмайтыны жаман, былапыттау. Маған келеді де, көзім тайып кетсе – әлгіндей қыздарға қарай қайқаяды. Сол дегенде қаншама өліп-өшпедім мен. Айтқанын екі еткен кезім болған емес тіпті.

– Бетсіз десеңші оны да.

– Май тойында Щаповпен екеуі жаман төбелесті. Көкесін көзіне көрсетті-ау Щапов оның. Әлгіден әлдеқайда үлкен ғой Щапов, жиырма жетіде. Жаным ашып кетіп, Сережаны әрең арасалап алып қалдым одан. Ұрғызғаным жоқ.

– Дұрыс істегенсің.

– Әрине, дұрыс.

– Содан не болды?

– Ештеңе де. «Щаповты жарамын», – дейді, еңіреп келіп жылайды өзі. Пышағын көрсеткен. «Жындымысың немене, әлде ақылыңнан алжастың ба, – дедім мен, – ал жарарсың, ал колонияға кетерсің, жас ғұмырың түрмеде өткеннен табарың қайсы?» «Сені, – дейді ол маған қарап, – сені сонда ғана сүйіп өтетін болам», – өзі солай деп алып, қайтадан басқа қыздардың табалдырығын тоздырды.

– Щаповпен... болып па ең?

– Соған мүлде зауқым жоқ еді, қатындармен... жаман үйреніп кеткен ғой, әдісін алып алған бәле қоймады, оған әншейінде де ұрғашы біткен өзі келіп ұрынады, тегі.

– Ал Сережа ше?

– Маған келеді де, қылымсыған қыздарға қарай қайтадан тайып тұрады, Сережа дегеніңнің жайы солай.

– Сен ондай-мұндайын елемей-ақ қойсайшы, сауын сныр емес шығар сарқылып қалатын.

– Немене, мен бір соны қызғанып отыр ғой деймісің, әрине, одан ештеңесі кете қоймас.

– Соңынан көп жүгіре де берме, сорлы, жаман үйреніп кетеді. Тәкаппарлық керек мұндайда. Журавлев те маған талай рет: «Шалғайдағы шал-кемпірімізге, өзіміздің деревнядағы тума-туысқандарға хат жазып жібердім», – деген. Мен туралы хабарлағанымыс. Бір сөз түгіл, жарты сөз де айтпадым, ештеңе сұрамадым да, көрейін де өлейін деп оларға ешқашан жабысуға болмайды.

– Немене, мен соған жабысыппын да қалыппын ба? Тек бір-ақ рет бүйтіп қарағанмын, қасындағы қызды былай құшақтап тұр екен!

– Ұятсыз! Жә, жіберші енді! Ой, Нонка, жынды қыз, қытықтама дейім! Қойшы енді, ақырын, бала ұйықтап жатыр!

Қыздар тырк-тырк күлісіп, күбір-күбір сөйлесіп, ақырында тез-тез киініп алды да, үйден тайып тұрды – оларға жауының не, жердің ылжырап жатқаны не, бәрібір. Рас, Фрося қызын ұмытқан жоқ, емшек сүтін сауып қалдырып кетті. Тек шишадағы суып қалған сүт пен емшектің өзінен емген сүт қайдан бірдей болсын.

– Желінің симменталь тұқымды сиырдыкіндей екен-ай, – деді Нонка күліп. Қызғаныштан іші күйіп айтты.

Алевтина Сысоевна шыдай алмай кетті, мынадай сөзден кейін. «Сендердікі не тыркыл осы таусылмайтын; мыналарың – баланың ойыны, бақсының жыны ма әлде нәрестені емізу ме бұл!» – деп, өп-өтірік ашуланған болып, арпылдап жүріп қыздарды айдап шықты. «Әйда, кетіндер қазір үйден!» Қыздар кетті де қалды.

## VIII

Күллі шаруасын қоя тұрып, бұл тірлікте тірі кісінің шаруасы, сірә, таусылмас, Алевтина Сысоевна әнесүгі ойға алған хатын жазып тастамақ болды. «Ананың сөзі алтыннан да ардақты еді ғой, бәлкім, қызымның тағдырына тауфиғы тиер, – деп ойлады ол. – Небір тасжүрек адамның өзі ананың көз жасына шыдамас...» Қолының суын сүртіп, қызы жоқта оның чемоданын білдірмей ғана ақтаруға кірісті. Лакталған сөмкесін алып, ішіндегі хаттарды біраз аударыстырды.

Фрося жазғандарының бәрін бірдей жібере бермейтін, кейбірінің аузын желімдеп, мекенжайын жазады, маркісін басады, сонсоң сарт еткізіп сөмкесіне қайтадан сала салатын.

Қызын аздырған эзезілдің суретін қаншама іздегенмен, Алевтина Сысоевна таба алмады. Шамасы, Фрося оны ылғи өзінде сақтайтын болса керек: әйтпесе бары анық.

Алевтина Сысоевна хаттардың аузы желімделгендерін былай қойғанда, желімденбегендерін де ашып қарағысы келмеді – қызының құпияларына қиянат жасау біртүрлі обал секілді, тек мекенжайын ғана көшіріп алды: Чита, Комсомол көшесі, № 2 Құрылыс техникумының жатақханасы, 47-бөлме, Журавлев Константин.

## Шығармалары. Төртінші том

Хатты қайтадан орнына салып қойды. Таза дәптер тауып алып, терезенің алдындағы сия сауытты әкелді, оған ептеп су құйды; киім-кешек салатын шкафтың артынан қаламсап та табылған; ойланып сәл отырды да, көптен бері көкірегінде жұптап жүрген сөздері ғой, кідірістейтін несі бар, соның бәрін түк қалдырмай, былайша бастап кетті:

«Азамат Журавлев, сізге хат жазып отырған Фросяның анасы Алевтина Сысоевна деп білерсіз...»

Алевтина Сысоевна жазып жатыр, жазып жатыр... ақ қағаздан ауық-ауық басын көтеріп ойланып қалғанында көзіне үйірілген жасты сүртіп қояды, сонда топырағы аударылған бақшасының ар жағындағы Кузнечиханың үйі, сол үйдің жаңбыр өтіп қарайып кеткен ескі қабырғасы көзіне түседі. Мінеки, ол «ананың шеккен тауқыметі» туралы, «тасжүрек адамдар да болатыны» жайында, «күнәдан пәк сәби» атаулының ешкімге жазығы жоқтығы жөнінде де, қазір нәрестенің шырқырап жылап жатқанын, құдайға шүкір, немересінің дені сап-сау еді, дәл осы сәтте жылап жатқан да жоқтұғын, әйтсе де мынау жып-жылы үйде, тып-тыныш жерде күн санап емес, сағат санап өсіп келе жатқан, емізігін сорп-сорп сорпылдатып қойып, мұрны пыс-пыс етіп ұйықтап кеткен сәбиді әдейі жылауық етіп көрсетті, иә, нәрестеге бірдене жетпейтіндей жылай беретінін, ал «бала деген – өмірдің гүлі және халықтың болашағы» екенін айтып, Журавлевты «мәдениетті кісі» деп есептейтінін, ал ондай адам «өзінен туған баланы құшақтап отырып қалған жас қызды тағдырдың тәлкегіне тастап, кете баруы мүмкін еместігін» – не керек, бәр-борін түк қалдырмай жазды.

Тым ұзақ отырып қалыпты, соған қарамастан дәптердің таза бетінен бір парак қалдырмай жұлып алып, бәрін толтырған соң ғана, Журавлевтың әке-шешесіне сәлем айтқан сөздерін ақ қағаздың бір бүйіріне әрең сыйыстырып, хатта өзі Журавлевке: «Жақсы болсаң, сен де менің бір баламсың» деп жазғанына қарамай, аяғына ресми түрде: «азаматша Цаплина Алевтина Сысоевна» деп қолын қойды.

Сол-ақ екен, «Енді қазір немерем оянып кетер: иә, Фрося ойда жоқта кіріп келіп, үстімнен түсер» деп қапылып, Алевтина Сысоевна әлдеқашаннан бері даярлап қойған конвертті алды да, аузын желімдеп мекенжайын жазды; содан етігін тез-тез киіп, пальтосының жеңіне қолын жүре сұғып, стансаға қарай жүгірсін... жаңбыр тиіп, жазуды шайып кетер деп, хатты қойнына тығып келді

де, дереу жәшікке тастап жіберді: Журавлевтың жауабы сол бойда берілетіндей-ақ, ал кеп күтсін енді.

Алайда үйіне қайтып келе жатқанда көңілі әлденеге алаң болып, көз алдынан әлгі бір конверт кетпей қойды, әсіресе, сыртына жазылған фамилия санасынан шықсайшы: Журавлев, Журавлев, Журавлев.

Бақса, ол – Журавлев екен ғой; ал бұлар, Фрося екеуі, Цаплиналар. Осы жерде бір кілтипан бар секілді көріне берді Алевтина Сысоевнаға.

Өзі өмір бойы Цаплина болып келе жатыр, күйеуінің де бүкіл тума-туысқандары тұқым-тұқиянымен Цаплин, қайын атасының атымен бұлардың шөп шабатын жері де – «Цаплин шабындығы» («Көкқұтан шабындығы») деп аталады, тіпті осы деревняның анау шеті – бір кезде самсаған кілең Цаплин мекендеген жағы – бұлардың көптігінен «Цаплин аймағы» («Көкқұтанды аймақ») делінетін, бірақ күні бүгінге дейін мән бермей келген нәрсесі туралы Алевтина Сысоевна тек қазір ғана ойланып қалды, сөйтсе – бұл фамилия көпшілікке белгілі құстың атынан, көкқұтаннан шыққан екен; ал Журавлевтердің фамилиясы да құстың атынан шығыпты, тек олар «тырна» дегеннен тараған.

Тырна мен Көкқұтан. Көкқұтан мен Тырна. «Күндердің бір күнінде көкқұтан тырнаға қонаққа барыпты»... Мазақ қылған секілді, біртүрлі ыңғайсыз-ақ.

Алевтина Сысоевна тіпті қайтып барып, пошташылар жәшікті ашқанша күте тұрсам ба екен деп те ойлаған, бірақ Фроська үйге әлі келмеген болса, бала жылап-жылап ішегі түйіліп қалар деп қорқып, жауын астында жылдамырақ жүгіре түсті.

Фрося үйде екен.

Алевтина Сысоевна не істерге білмей, қызына көз қылып бірер минут отырды да, әлдеқандай шаруасын айтқан болып түсініксіз бірдеңені былжырақтатты да, пошташыларды тосуға, сөйтіп хатын қайтып алуға асығып, қайтадан станцияға жүгірді. Сондағы бар ойы – хаттың аяғына «Цаплина» деп жазбай, жай ғана: «Фросяның анасы, Алевтина Сысоевна» деп қалдырутұғын.

Абажадай вокзалдың азынаған залында, терезе алдындағы ұзын отырғыштың бір шетінде ол қас қарайғанша отырды да қойды; ешкіммен тілдескен де жоқ, тек төгіп тұрған жаңбыр суы төбесінен сарқырай ағып жатқан көк жәшіктен көзін ғана алмады.



Станса басы ылғи да кісі-қарасыз болмайтын, буфетінен де қуырған қолбаса арылмаушы еді, тіпті сыра да түсіп тұратын-ды.

Оның бар үмітін кезекші, Малаша Рыкова, құл-талқан етті, «поштаны алып кеткендері каш-ша-ан, баяғыда әкеткен», – деді ол.

## IX

Алевтина Сысоевна үйіне удай мас болып, кеш келді. Пәтерші-бульдозерист тамағын ішіп болып, әдеттегісінше, ыдыс-аяқтарын үстел үстінде қалдырып кетіпті: өзі енді аккордеон үйренушілерге арналған кітапшаны алдына жайып қойып, соған карап баянын құлаштай керіп отыр. Фрося бүгін сатып әкелген комплектідегі киімдерді қызына кигізіп үлгеріпті, енді оған қалайша басты бұлғақтатпай, дұрыс ұстау керектігін, отыруды үйретіп жатыр.

– Сүйемелдесейші. Фросюшка, сүйемелде, құдай сактасын, бір жағына былқ ете қалып жүрер басы! – деп, Алевтина Сысоевна немересіне іші-бауыры елжірей караған, бірақ сол бойда қызының алдындағы кінәсі есіне түсіп кетіп, тілін тістей қойды да, перденің артына барып тасаланды. Тамақ ішуге де зауқы соккан жоқ.

Пәтерші үйреншікті шолақ «арияларын» тартып, ара-арасында жуан дыбыстармен сүйемелдеп қояды. Бір кезде өзіне-өзі хабарлама жасап, бар даусымен барқырай жөнелді.

– Огинскийдің поло-не-зі-і!

Бытықы-шытықы қылып бас жағын былжырақтатқан. Осылайша ылғи шатасатын да, сол шатасқан жерін әрқашан қатты тарту әдеті еді, бұл жолы да сөйтті. Тіпті болмаған соң қайта бастап, қайта хабарлады:

– Огинскийдің поло-не-зі-і!

Фрося шыдай алмады, мырс етіп күліп жіберді.

Осы үйдегілер менің басымды айналдырып, бар армандары – мына қызға үйлендіріп алу болып жүр-ау деп күдіктенетін пәтерші соңғы кезде өзін тым еркін ұстап, тайтандап кеткен еді.

– Бұл бар ғой, Фрося, – деді мұрнын шүйіріп, – бұл сендердің ай-ловлю, ай-ловлюларың емес. Бұл дегенің – классика. Кез келген кісі түсіне бермейді мұны!

– Қараңғы адамдармыз ғой, қайдан түсінейік біз! – деді Алевтина Сысоевна көрпесінің астынан күңк етіп. Әлгі бір хаттарды ақтарамын деп қызының алдында күнәкар секілді болып қалған

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

ол Фросяға араша түскісі келген. – Тайгада тұрамыз түбіртекке шоқынамыз!

– Тайгада тұруын тұрасындар-ау, мауыққанда қалаға барып сарық басасындар екен! – деп пәтерші қиқ-қиқ күлді.

– Фросюшка! – деді Алевтина Сысоевна ыңыранып. – Осы... кімге не жаздық, біз. ә? Ас-суымызды аузына тосып, пәтерге паналатқанымыздың киюазы ма мынауысы?

– Отын-суыңызға пұлды бөлек төлеп жүрмін мен! – пәтерші «Цыганочканы» сұңқылдатып, өзі жататын бөлек бөлмеге кіріп кетті. Ол «Цыганочканы» отырып та, тұрып та, сау күйінде де, мас күнінде де, тіпті көшеде жүріп келе жатып та жаңылмастан тарта беретін.

Алевтина Сысоевна қызының үндемей қалуы тегін емесін, Фросяның жылап отырғанын сезді. Сатушы боп істейтін құрбысынан ішкен арақтың буы ма әлде көптен бері көкірегінде қордаланып келген күйік көтерді ме, әйтеуір Алевтина Сысоевна кереуетінен түсіп, көз жасын көлдеткен күйі жалаң аяғын тарп-тарп басып келді де, тоңқаңдап пештің артынан балтаны іздей бастады...

Пәтершінің бөлмесіне де сол балтаны басынан асыра ұстай кіріп барған. «Баянист» аспабын қырмызы қызыл жібекпен астарланған қорабына салып болып, көгілдір түсті жып-жылы жеңіл іш киімімен ғана тосегіне енді қисайғалы отыр екен.

– Жоғал дереу көзіме көрінбей! – деді қырылдап. – Шық үйімнен! Әйтпесе шақшадай басыңды шемішкеше шағып жіберермін қазір! Жиырма төрт сағатта бұл манайдан қараң өшетін болсын! Құры біржола! Ал, сен. Фросюшка, жылама! Жылама дейім, саған! Әйел деп басынғанды көрсетейін-ай мен бұған!

## X

Пәтерші ол-пұлын дереу жиыстырып, бәр-бәрін плащына түйіншектеп алды да, баянын қолтықтап ауыз үйге беттеді. Жолшыбай бақыраштарды салдырлатып, жерге түсіп кеткен кепсер-шөміштерді шелекке жындана жытырып бара жатқаны естіліп тұрды. Өзі мұрнының астынан міңгірлеп, түсініксіз бірдеңелерді айқайлап айтып, бір жағынан боқтап та бара жатыр.

Алевтина Сысоевна көйлегінің омырауына күйе жұққанына карамастан, пештің қасындағы середе сөлбірейіп отыр. Жалаң

## Шығармалары. Төртінші том

аяқ, жалаң бас, балтасы қасында, ақиулан шашы иығына шашылып кеткен, тісі сынық тарағы шашының арасында шылауға оратылған шортан секілді болып тұр. Жағасы жайылып кеткен жеңіл көйлегінен сіңір-тамырлары адырайған арық мойны мен шандырға айналып, семіп қалған омырауының шеті ғана көрінеді. Ернін тас қып жымқырып алған, өзі жерден көзін айырар емес.

Әлгінде ғана осы үйдің ішінде балтасын жалаңдатып жұлқынып жүрген – мынау шешесі емес, бір жақтан келген жабайы аю секілденіп, алғашқы кезде абдырап қалған Фрося өзінің күні кешегі балалық бал дәуренінен қазір ғана біреу жұлқылап оятқандай, кенет... анасының апшақ қудай болып қажып біткен жүзін ап-анық көрді; іші-бауыры ылжырап кеткені сондай, абайлап қана ақырын келіп, аялай құшақтады да, отырған орнынан көтеріп тұрғызып, төсегіне апарып жатқызды.

Қызы не істесе де қарсылық етпей, Алевтина Сысоевна соның ыңғайына көнді.

Содан екеуі айқара құшақтасып алып, ал кеп жыла, ал кеп жыла...

Көл болған көз жасынан кейін Фрося көп ұзамай-ақ көңілін ылғи шаттық кернейтін, шамалы шолжыңдау, ептеген еркелігі де бар, өзінің тәтті-тәтті түс көретін қалың ұйқысының құшағына енді; түсінде ол титтей қызы бар екенін ұмытып кетіп, баяғы бұрымы бұлғаңдаған өзінің қыз кезін көретін кілең.

Қаракөлеңке үйдің қарауытқан пешінің түбінде ұйықтап жатқан нәрестенің білінер-білінбес тынысынан мынау бөлме ішіне жаңа бұр жарған тіршілік несінің жан-жүрегіңді елжіретерлік, тілмен айтып жеткізуге тіпті де келмейтін, ерекше бір тәтті иісі тарап тұр. Бұл тіршіліктің тізгіні әлі тек соқыр түйсіктің қолындатұғын; өзінен-өзі томаға-тұйық күйде еді; бірақ сағат сайын емес, секунд санап өсіп келе жатқан оның өміріне қатыссыз бұл тіршілікте бір де бір қақтығыс, бір де бір оқиға жоқ-ты; ол тағдырдың бұлың-бұлыңға толы сан тарау соқпақтарымен болашақ күндеріне батыл қадам жасап жатқан; тек әзірге мынау тайталасы көп тірліктің жақсылығы мен жамандығы да, бақыты мен соры да оған мүлде беймағлұм болатын.

Алевтина Сысоевна ұйықтай алмай-ақ қойды. Ауық-ауық өзінен-өзі күбірлей береді:

– Азамат Журавлев! Азаматша Цаплина! Көкқұтан мен Тырна!

Мазак қылған сөз секілді, бірақ балапандары ортақ екені кәміл әйтеуір!

Ілуде бір ұшырасатын мынадай кездейсоқтықтан, басқа түгілі Алевтина Сысоевнаның өзін еріксіз күлкі қысты; өзінің жаны күйіп отырғанда, «күйіктің де күлкісі бар» деп, ойда жоқта қыштаған мынау күлкіден ол кенет қыңсылап кеп... ерні қарайып кеткен жаялықтай аузын жарық-жарық қолымен тұмшалаған күйі тағдырына нала айта, ал кеп сыңсыды, ал кеп сыңсыды.

1971 ж.

## ҚОНАЛҚЫ ҮЙДІҢ ҚОЖАЙЫНЫ

### I

КЕЛІМ-КЕТІМДІ кісілер қоналқыға тоқтайтын үйдің менгерушісі үстіне ұзын плащ, аяғына резенке етік киіп, күнге қонырайған тоқ балтыры ылғи тырсынып жүретін әйел-ді. Ептеп балшық шашыраған сол қоңыркай тоқ балтырға бір қарағаннан-ақ, күздің сылбыраған суық жаңбыры бұл жерде бүгін емес, кеше емес, біраздан бері үздіксіз жауып тұрғанын бірден-ақ аңғаруға болатын. Әйел әдетте таң атар-атпастан жетіп келіп, тозығы әбден жеткен әрі сібірдің суық түні үшін түк қамсаулығы жоқ жұқа одеялдың астында итше бұратылып, тас бүркеніп жатқан жалғыз тұрғынды қоярда қоймай жұлқылап оятатын, сонсоң тиесілі елу тиынын алып, жайпауыт үлкен шыны ыдыстың үстінде тұрған графиннің астына квитанцияны қыстыратын да, жайына кете баратын.

Бүгін де жалғыз тұрғын дірлектеп жүріп ұйқысын ашқанша, әйел бөлмеден шығып барады екен. тұрғын заңды талап-тілегін айтуға үлгеріп қалды:

– Төсек-орынды жаңартсаңызшы! Әйтпесе мынауыңыз адам жатуға болмайтын нәрсе ғой бір, сайтан алғыр!

Жас жігіттің арық мойны қылқиып, қолбыраған кең майкісінен иықтары шодырайып-шодырайып шығып кетіпті, көзілдірігі – үстел үстінде жатыр; университеттің ромбигі тағылған бешпенті жанындағы отырғышқа ілулі. Сол отырғыштың астыңғы керме ағашында жұмарланған кір-кір шұлығы да салбырап тұрған, бірақ ол отырғыштың арқалығындағы әдемі бешпенттің тасасында көзге оғаш көріне қоймады.

Шығармалары. Төртінші том

– Неммен жаңартам, ауыстыратын ақжаймам жоқ болса, ә?! Одан да өзін анау аяғыңды сүртіп кіруді білсейші! Кереуетінің қасы толған коксық! – Қоналқы үй менгерушісі әйелдің көзі кекесінмен жарқ етіп, тұрғынның түлкіқұрсақ студенттіктен ұзай қоймаған тырли арық тұрпатына біртүрлі ұрғашылықпен қомсына қарады.

– Селодағы тұрмыстық қызмет көрсету орындарында жағдай онша мәз емес ек-ке-е-е-ен! – деді тұрғын өзіне-өзі, – мал түнейтін жер секілді! Сайтан алсын мұны!

– Бір жаққа барар болсаңыз, ілгешекті сала кетіңіз, есіктің сыртында, міне, мына жерде тесік бар... Ағаштын жаңқасы ма, шыбық па, бірдеңе аласыз да – бүйтіп... ілгешекті саласыз, жарай ма?

– Жоқ, сіз маған әуелі мынаны айтыңызшы, – деді жас жігіт жінішкелеу даусымен доқ көрсетіп, – осы сіздердің арыз-шағым кітапшаларыңыз қайда?

Әйел соның арасынша перденің артына тасаланып кеткен-ді.

Сорына қарай бәр-бәрін естіген екен. Еденнен төбеге дейін кірқожаалақтанған, сондықтан театрдың зерлі шымылдығындай ап-ауыр боп көрінетін кір-кір пердені құлаштай серпіп кіріп келді. Кіріп келді де, теріс айналып тұрып:

– Міне, менің мына жерімде! – деді, плащының артын алақанымен қаққылап қойып.

Сөйтті де, сәлден соң біржола қарасы өшті, бұдан кейін күн ұзақ көрінген жоқ...

## II

Автобус бұзылып қалып, жас жігіт жатын орнына қайта оралуға мәжбүр болды. Бұл жолы жалғыз қайтпады, жанына автобус аялдмасынан тағы үш кісі ерді, екеуі мал дайындау мекемесінің қызметкерлері екен, сөздерінен бірден-ақ сезілді; ал үшіншісі – өңі қажыңқы, көзінің асты көлкілдеп ісіп кеткен жуан кісітұғын, жас жігіт оны осы аудандағы ортақол қызметкерлердің бірі болар деп жобалады.

Түнде ұйықтап шыққан орнындағы ақжайманы (кір де болса) алып кетпесе екен деп ойлаған жас жігіт қонақ үйге елдің ең алдымен асығып жетті. Үлгерген екен, ақжайманы әкете қоймапты, соған көңілі тоғайып қалған ол өз орнына жайғасты да, «Неделясын» парақтап жіберіп, жарығы молдау бұрышқа таман ығысып отырды.

Мал дайындау мекемесінің қызметкерлері де келген бетте қойындарынан бір-бір жартылықтарын суырып, газет-дастарқандарын жайып, жайғаса бастады, сол дастарқандарының үстіне қолбасаларын, қолдан даярланған шұжықты, ірімшікті, сарымсақты, қиярларын, көрінгеннің қолына түсе бермейтін, Орта Азияда ғана өсірілетін қос жұдырықтай жалғыз дәу помидорды, жуаларын (бәрі де нәзік күлгін түсті әрі аршылған екен) және сырттай қарағанның өзінде, қуырған майы қатып қалғанынан-ақ, тоңазып қалғаны беп-белгілі боп тұрған котлеттерін қоя бастады.

– Ертең түске дейін елдің алдына шығып сөйлей қоймаспыз, демек, абыройымыз айрандай төгілер-ау деп қорықпай-ақ іше беруімізге болатын шығар, – деді біреуі екіншісіне.

Аудан қызметкері де азын-аулақ азық-түлігін шығарған, мұныкі кілең дүкеннен алған дүние екен, сондықтан мал дайындау мекемесінің қызметкерлерінікінен әлдеқайда жұтаңдау көрінді; дегенмен әлгілердің қағыстырып жіберейік деуімен, ол да стаканын түйістіріп қойды. Омырауына ромбик таққан жас жігіт арақ ішпеуші еді, сондықтан қазір қарақөлеңке қоюланып кеткен бұрышта көз майын сарқын, «Неделясын» оқып отыра берді.

Сағат он бірде электр шам жалп етіп сонген де қалған, әңгіменің көрігін қыздыруға үлгерсе алмай, әрқайсысы орын-орнына амалсыз тарады, бірақ бұлардың төсекке жатуы мұң екен, шам өз-өзінен қайта жарқырап қоя бергені. Қорылдауға бет бұрып қойған жұрт енді не де болса бұл шамды өшірейік дегенге тоқтасты. Шам өшірілді де. Сол-ақ екен, қап-қараңғы бөлмеде әлгінде ішілген арақтың, дәмді-тәтті жол азықтың нісі аңқып қоя берді, серіктері дастарқанға шақырғанда әлденеге кекірейіп, тәлімсі қалған жас жігіттің өзі еді, екінші рет бұған ешкім келе ғой демеді, енді, міне, ішегі шұрылдап аш жатыр.

Кенет... есік алдында аяғына жабысқан балшықты жер тепкілен түсіріп жатқан әлдекімнің дыбысы білінді. Іле жаңа тұрғынның өзі де ішке кірген; келген бетте әй жоқ, шәй жоқ қол шамын жарқырата жағып жіберіп, кереуеттерді бір-бір сүзіп шықты; сонсоң бос орынды тауып алды, аяғын шешті, ішкісі келетін кім бар екенін сұрады. Қараңғы жерде жатқандардан жас жігіт қана оған жауап ретінде үн-түнсіз мырс еткен, қалғандары тірілігін білдіріп тыпыр еткен де жоқ.

Сәлден соң бүлк-бүлк, қылқ-қылқ дыбыс шықты, құйылғандағы

Шығармалары. Төртінші том

үніне қарағанда – екі жүз елу грамдық шағын шиша четушка болуы керек, ащы етпей, аздап қана тұздаған қиярдың бытыр-бытыры білінді, сонсоң тағы да бүлк-бүлк, қылқ-қылқ, қолбаса шайнау... ақыры сіріңке шағылды. Абажадай қап-қараңғы бөлмеде алақандай ғана қызғылт жарықтың пайда болуы мұн екен, әлдекімнің шара табақтай былшинған беті көрінді, құдды әлдекандай бір сиқыршы оны сәл сәтке о дүниеден алып келіп, бұлардың алдына қоя салғандай; яки денесіз баспен сойлесе алатын өнерін жұртқа көрсетіп жүрген көз байлаушылардың бірі шалғай шеттегі елді мекендердің бірінің ала көлеңке сахнасында өз көмекшісінің басын ғана жап-жарық қылып көрсетіп, аңқау жұрттың аузын ашқызып, көзін жұмғызып, сонсоң оны көрермендерден қайта жасырып қойғандай.

Бөлме ішінде баяу тербетіліп, «Беломордың» жанға жайлы иісі қалықтады.

Сол-ақ екен, енді болмаса – әлдекім ақырын-ақырын ғана аялап, әлдилеп әрең әкелген мынау жым-жырт тыныштық, жаппай қорылға бет бұрған жұрттың қорқырағанына тұншығып өлер ме еді, қайтер еді... – бұл кезде тіпті елгезек жас жігіттің өзі тыншығып, жұрт секілді мұның да көзі ілініп бара жатқан, кенет: «Кешіріңіздер, осы мен сендердің ұйықтауларыңа бөгет болмадым ба?» – деп қойып, қоналқыға елдің ең соңынан келген әлгі жігіт осынау қап-қараңғы бөлмеде, құдды о дүниеден кеп отырған киелі аруақтай, кімге және неге айтып отырғаны белгісіз, бір ел құлағы естімеген тосын әңгімені бастап кеп жібергені.

Аузынан шыққан әрбір сөзіне, тіпті өзінің әр лебізіне, қарсылық аралас күңк еткен үн қосып айтпаса іші ауыратындай, асылы, тұмысынан сондай жан болуы керек, жас жігіт жұрт үшін бір өзі жауап қатты:

– Жоға... неменеге бөгет боласыз, айта беріңіз!

### III

«Задуваевода бір жесір әйел болды, күйеусіз қарақан басы ғана тұратын. Бұл жерден екі жүз елу шақырым, Сібір даңғыл жолының бойында. Аты-жөні – Суетиха тұғын. Күйеуінің, Кондрат Степановичтің, тракторы аударылып, тіркемесіндегі бөрелелер жаншып жіберіпті, сөйтіп азаппен байғұс Кондрат өлді Суетиха қолдан-қолға тимей кете барды. Әрине, байсыз қатынның жайы

белгілі ғой, бұйдасын үзген бүлдіршіндей ойнақты салсын-ай. Үйлері кең, жап-жаңа әрі биік еді; орыс дәстүрімен қасына салған қора-қопсысы да бартұғын, өйткені Суетиханың өзі орталық Россиядан-ды, ол жақта бұрын-соңды болған болсаңыздар, көрген шығарсыздар – Кондрат туып-өскен облыстың тұрғындары әдетте аулаларының төбесіне міндетті түрде бастырма жасап, үйлерін де әлгіндей биік етіп салады. Біздің Задуваевода жан-жақтан келген жұрт көп, сібірліктердің өздерінің саны онша емес. Осыншама кең үйді қайтесің, Кондрат-ау? – деп, бәрі таңғалатын. Оның және азабы қаншама? Қанша ағаш керек тағы!» «Сиырыма жақсы, – дейді ол, – жылы болады, әрі ауланы қар баспайды, қайта-қайта тазалап әуреге түспеймін». «Сонда мынадай жабық аула жаздыгүндері ыза тартып кетпей ме?» «Өзім де сол... жазда бір-ақ тазалайын деп істегенім ғой, тазартып қойсаң – бөгелек, сона, шыбын-шіркей де аулақ жүреді. Тазалық – денсаулық кепілі» Жұрт бұған келісуін келіскенмен, ешқайсысы оның өнегесін алған жоқ. Кондрат болса, онымен де қоймай, үйіне жапсарлас етіп шөпқора да салды, ақыры да тап соның түбінде – айырмен шөпті түртіп қалса болды, сиырларының алдындағы ақыр толады да қалады; біз ғой, малымызға бір айыр шөп салар болсақ, ауланың ана шетінен мына шетіне мықшындап кеп жүргеніміз.

Ылғи күлуші еді бізге, байғұс. «Жолдастар-ау, – дейтін күйінгеннен ыза болып, – бұл – Сібір ғой, ағаш дегеніңіз иттің қу боғынан да көп, осыншама орманның ортасында отырып, осындай жапырайған үй салуға ұялсаңдар етті! Құдайдан қорықпайсындар ма ең болмаса, әлде бәрін де әлдеқайдан айдалып келген жансындар ма, түге? Анау Сенька Семенчиктікі де сендердікінен озып тұрғаны шамалы!» Семенчик деген – жанармаймен жүретін арасымен жаз бойы отын кесетін, өзінің бақшасының сыртын, үйінің айналасын, тіпті сонау моншаға дейінгі жерді дөнбек ағаштармен қоршап, баррикада жасап тастаған жігіттұғын.

Әні, Кондрат соны қажайтын: «Мынауың не тағы, Семенчик, осынша ағашты босқа шығындап, арамтер болып, оған қоса ақшанды шашып жатқаның? Қарағайдан қарағай қоймай қырқып, осынша ағашты отынға айналдырғаныңмен, үйіңнің сықпыты анау ғой – аулаңнан он есе кіші!» – дейтін.

Семенчик болса – (айтпақшы, өзі жап-жас жігіт, бірақ неге екенін ітім білсін, жаздыгүннің өзінде шалдарға ұқсап басынан



Шығармалары. Төртінші том

құлақшынын тастамайтын) желкесін қасып тұрып-тұрып, өзінің батыс украиндық бұрма тілімен:

– Е, кім біледі, тоңып қаламыз ба деп істегенім ғой, – деп сырғақсиды.

– Қалайша тоңып қаласың?

– Е, мына үйіміз, – дейді тағы, – ызғып тұр. Сосын орамды түгел жылытпақ болып...

– Ызғып тұрса, сол ызғыған үйіңді жөндеймісің?

– Жоқ, – дейді тағы.

– Не жоқ?

– Е, кім біліпті, басқа облысқа барып, табыс тауып қайтуға тура келер.

– Жаман күркешікте тұрғанына төрт жыл болды, тағы бес жыл осы жерде отырмасаң – әкел қолыңды, бәстесейік! Аяқтың астында шашылып жатқан ақша жоқ қой, үйіңді жөндеп алсаң – ең болмаса, еліңе қайтарда көңіліңдегі нарқына сатып кетер ең.

– Е, оны кім біліпті, әзірге ағаш дегеніңді аралап жатырмыз ғой, әйтеуір...

Жұрттың қалай тіршілік етіп жатқанына қанықтыңыздар ғой дейім. Айтуға ауыз бармайды, әйтпесе майды үнемдейміз деп, балықты қара суға қуырғандар да бар ғой, біздің жақта. Өйтіп балықты қор қылғанша, қорадағы шошқасына бермей ме екен. Семенчик деген де сондай адамтұғын. Жә, қайсыбірін айтасың. Кондрат олардың бірде-біріне ұқсамайтын. Адам еді ғой! Қатыгез тағдыр ойда жоқта көктей солдырып, бөрене жаншып кетпегенде, жүз жасайтыны анық еді. Әлгіндей жағдайға душар болған соң. Кондрат не, басқа не, кім қандай қайран қыла алар. Жұрттың бәрі біледі, әйелі клубта ән шырқайтын ылғи. «Талай-талай шоферлер, Чу жолымен жөңкілген»... – деп салатын. Даусы ашық, қысылып-қымтырылу дегенді білмейтін дөрекі еді, бірақ... сұр жыланның жаныңды рақатқа батыратын бір сиқыры бартұғын. Кісіні елітіп, еліктіріп әкетер қылығы көп еді. Кондрат сол жақта машина айдап жүрген кезі екен. «Сенің АМО-н Фордты басып озғанда, Раечка сендік болады-ы-ы!» – депті. Раечка – өзінің аты ғой, демек, бәрі түсінікті, белгілі жайт. Әлгіндей деп ішінен, жай ыңылдап отырып айтқан болады ғой, баяғы. Ұяттан жұрдай болған жүзіқара! Кондрат та осал жігіт емес-ті, орасан депелітұғын; бірақ қоқайған шөмеледен құйттай тышқан қорқа қоя ма?! Әлгі «Чу жолымен

жөңкілістерден» соң, Раечка бізге келін боп түскенінде, салқын самал, абат бақта өмір кешті. Беті-жүзің бар демей, көздерін бақырайтып тұрып біздің әйелдерімізге талай аузына келгенді айтқан: «Кілең бір қойқалаңдаған ұрғашы үйрексіңдер, ал сендерге керек болса», – деуші еді. Әнін айта берді, өзі жақсы да билейтін әрі ішуші еді. Суға тырдай жалаңаш түсетін ылғи. Өзге әйелдердің алдында Кондратты аузынан тастамай, сондай күйеуі барлығына мақтанатын. «Ашығын айтқанда, ондай еркекті ешкім шаршата алмайды-мыс». Демек, анау шаруаға келгенде алдына адам салмайтындай күшті болғаны ғой. «Ендеше сені неге ұрады? Әлде өзің адал емессің бе? А-а, дейді» – бұл қатын. «Өйткені, ол бірге болғысы келе береді, келе береді, ал мен одан бетер керек ете берем, керек ете берем!» Қолы да аузынан шапшаң бәлетұғын, сәл нәрсеге бола қатындармен шаппа-паш шаш жұлысудан тайынбайтын; жесір боп қалған соң жуаси қойған жоқ. Бірақ енді біздің қатындар бұрынғыдай бір-бірлеп емес, коллективті түрде қарсы түрегелетінді шығарды. Біресе – әлдененің кезегінде тұрғанда, енді бірде – көшеде, топтанып төмпештеп жіберетін.

Өзен бойына кір жууға барған екен, ол жерде де өзін сабап, жуып қойған кір-қоңын топыраққа былғап-былғап кетіпті. Қатындар сатпақ-сатпақ қылып кеткен кір-қоңын самарға салып алған Раечка үрпі-түрпісі шығып қайтып келе жатқанда онан сайын ерегісіп, қайдағы-жайдағы қарбашалардың әніне басады ғой, баяғы. «Жарқ-жұрқ еткен жас ұры, жігіт көрсен, айта бер... Сүйіктіңіз түрмеге түсіпті, – деп, қайтадан... Өй, өзі де бір октаудай жұп-жұмыр қатын-ау, тал бойы – сымға тартқан күмістей сұп-сұңғақ, іші – қыздың ішіндей тартылып жатыр, құлды, үйіндегі балаларды бұл емес, біреу туып берген секілді. Жасыратын несі бар, біздің қатындар кемпір-сампыр киетін олпы-солпы шұлықтарын аяқтарына іліп алса бопты, етектерінің астынан ішкіімдерінің балағы көрініп, балп-балп басып жүргені... сонысына қарамай, кейбіреуі ернін шиедей ғып бояп алатынын қайтерсің! Міне, мен қандаймын деп кекірейгендегілері! Солардың су жаңа киімдері де жоқ емес-ау, баршылық қой... бірақ оларын тек той-томалаққа ғана киеді де, сандықта көп жатып қалған киім қолпылдап-солпылдап, сиырға жабу жапқандай-ақ біртүрлі жараспай-ақ тұрады!

Кондрат сол қатынға бола кісі өлтірген ғой. Қашқын зекті! Түрмеден қашқан әлгі бәлекет те әуелде Райканы бауыздап кету

үшін қашып шыққан ғой. Қашқан бетінде қызды іздеп келеді, қайда тұратынын біліп алады, сонсоң опасыздық жасап кеткені үшін өлтірмек болып үйіне кіреді ғой, баяғы. Тап сол түні әркіммен бір жүріп жаман үйреніп кеткен әйелмен Кондрат жатыр екен. Қашқын кіріп келеді де: «Жігітім, – дейді-міс, – ер болсан, еркек болсан, қане, кет қазір, мен – заң жолымен сотталған қандықол қарақшымын, бірақ бейкүне біреудің қанын төгіп, қолымды былғағым келмейді, қидым жас ғұмырыңды, алайда анау-мынау деп қикаңдайтын болсаң, айтпады деме, қыңк еткізбей үніңді осы бойда өшіре салам!»). Әйда, содан төбелес басталады да кетеді. Қашқынның қолында пышағы бар екен, бірақ талай-талай тауқымет шегіп азып-тозған, темекіні тарта-тарта өкпесін ыс басқан, бар болғаны, осындай бір төбелестік қана ғұмыры қалған кісіге пышақтың не жәрдемі болсын. Дегенмен аянатындай да ештеңесі қалмаған адам екен – ең қауіптісі де осынысы болыпты. Сенген әйелін іздеп, бостандыққа қашып шыққанында, алдымнан әлдебіреу кесе-көлденеңдеп шыға келер-ау деп ойласын ба, әрине. Және ол қарсыласы – өзі секілді көп қанғыбастың бірі емес, кәдуілгі қарапайым еңбек адамы, өз жөнімен жүрген «қара шаруа», қас-соқпен ісі жоқ болып шыкса, қайтсін?! «Қара шаруа» дегендері – мына біз секілділерге арнайы қойған атаулары түрмедегілердің. Бірақ Кондрат – өз жөнімен жүрген, ештеңемен қас-соғы жоқ көптің бірі емес, Кондрат қой! Үстіндегі іш киімдерімен ғана, төсекте қалай жатса – солайымен, төбелеске кірісіп кеп кеткен ғой және анау-мынау төбелес емес, бірі өліп, бірі қалатын қанды шайқасқа қаймықпай енген.

Қол-аяғын қатар жұмсап, қашқын қарақшыны теуіп, шоланға айдап шыққанша, өзінің де тұла бойы пышаққа тілініп, сау-тамтығы қалмапты. Үйдің ішінде қолына не іліксе, сонымен ұра берген секілді. Басқа біреу болса – қайтер еді, анау қатын сонда да қыңк етпеген ғой! Қайтер еді, ә, басқа қатын болса? Ойбайын салар ма еді? Әрине, алдымен айқайға басып, елді дүрліктірер еді, сосын «қой, ойбайлап!» қолына жармасары сөзсіз. Шоланда өрт сөндіргіш ілулі тұр екен. Кондраттың қолына сол іліккен ғой. Кейін ұзақ уақыт ауруханада жатты, жарадан сау жері жоқ еді, әрең аман алып қалды дәрігерлер. Бұдан былай тәртіп болсын деп, шартты түрде бес жыл мерзімге үкім кесілді. Өрт сөндіргішпен ұрып өлтірмей, милицияға жүгіруі тиіс екен дағы. Хош! Сонымен, аз өтті ме, көп өтті ме, білмейім, бір күні бізге мал дәрігерлік

институттың студенттері келе қалсын. Дәлірек айтқанда, бір студент жігіт пен бір студент қыз келді. Қазіргі алтын асықтай асыл жастарымыздың әдеті емес пе, әйда тәжірибе алмасамыз дей ме-ау, әлде басқа да себептері жеткілікті ме, әйтеуір екеуі келе сала бір-біріне күн құрғатпай қатынасып тұрды, онымен де қоймай, екеуі жүрді-тұрды, сайранды салды, біздің Задувасвоның қак ортасымен талай рет қолтықтасып алып, көшелерді адақтап шықты. Әрине, студент жігіт тектен-текке салпақтап жүрген жоқ, көкейіндегісі белгілі ғой, «Анау жақта орман бар, сонда барайықшы: мына жақта тағы бірдене бар... көрейікші», – деп, бірде болмаса, екіншіде сыр беріп қалмас па екен деген оймен анда-мында сүйрелейді дағы, баяғы. Ақыры, жағдайдың бәрі іс басындағы көшпелі сессия кезінде анықталып шыға келеді.

Бір фермаға барған жерлерінде кино көреміз деп кідіріп қалған екен, тарқағандарында ауа райы бұзылып, көзге түртсе көргісіз қараңғылық түсіп кетіпті; бірақ енді бір жерге түнеу керек қой, қалай болғанда да. Екеуі жүгіріп, ферма меңгерушісіне барады, ол бұларды Суетиханың үйіне сілтеп жібереді. Суетиханың үйінде студент жігіт арақты біраз тастаққырап алады, енді бірдене етейін десе, құрбысы мен екеуінің ойынан түк шықпайды да, лажы таусылып, шөпқораға ұйықтауға кетеді. Осының бәрін бүлдіріп жүрген – Суетиха ғой, баяғы. Өз ойын жүзеге асыру үшін әдейі істеген. Қызды өзінің кереуетіне жатқызады да, көршілерімен өсекті гулетуді сылтауратып, кетеді де қалады. Сонда үйде небары үш бала, оның кішісі екі-ақ жаста, сосын бір кемпір, әлгі Кондраттың шешесі, кәрі болғанда да әбден алжыған, өзі саңырау, өзі дәрменсіз, кәдуілгі жасы жетіп қартайып отырған қария ғана қалады. Расын айту керек, Суетиха кемпірді баласындай бағып-қағатын. Солармен бірге әлгі студент қыз да қала барады. Сонымен не болды дейсіздер ғой? Айы оңынан тумаған соң, әлгі қыз не істеген деңіздер. Көзі ілініп барады екен, ояна келсе – бастарына қатерлі күн туыпты! Түтінге тұншығып, олін бара жатады! Есікке қарай жүгірген екен, аула – жабық аула ғой, жапсарлас салынған шөпқора тағы бар – бәр-бәрі қып-қызыл жалынға ораныпты! Құдды, от теңізі дерсің, есікті ашуы мұң екен – қас-кірпігі, кекіл шашы пышырлай жөнеліпті, тіпті екі бет де ыстықтан шыт-шыт жарылып жүре берген. Қып-қызыл алау дүрілдей түседі! Басқа біреу болса терезені сындырып тысқа қашар еді, ал әлгі қыз қайткен?

Әуелі жатын бөлмедегі отырғышпен терезенің тас-талқанын шығарып, киратады. Сосын екі баланы сол терезеден тысқа итеріп шығарады, әр жерін әйнектің сынығы жырып, қанжоса қылыпты. Содан үшінші баланы іздеп, ұзақ әлектенеді. Не керек, сөйтіп балаларды құтқарады ғой, баяғы. Сонымен қоя қойса екен-ау, жоқ енді кемпірді де алып шықпақшы болыпты! Сөйтсе, алжыған неме өзінің аяғын баса алмай жүріп, сандықшасынан жабысып айырылмайтын көрінеді бүкшеңден. Әрі тартып, бері жығып жүргенде төбенің белағашы мен бір шеті опырылып, ортаға құлайды. Ауаның қысымы қызды терезеден тысқа лақтырып жіберген. Қандай күшқуат сүйреп шыққанын құдай білсін, әйтеуір адам айтса нанғысыз нәрсе, әріден соң сандығын сүйрелеп кемпір де аман-сау шыққан көрінеді. «Бір жерінде сызат жоқ!» – деседі көргендер. Бірақ байғұс босқа тыраштаныпты, арада он шақты күн өткен соң бәрібір өліп қалды. Жұрт қолға алып, қаумалап көтеріп келе жатқанда қыз есін жиды, ұйқыдағы хан қызына ұксап, көзін былай... аударып-төңкеріп, төңірегіндегілерге бажырая қарады да: – «Володя қайда осы?» – деп сұрады. Студент жігіт қой әлгі. Студент жігіт жоқ боп шықты! Сол-ақ екен, «Өртенді, ойбай, ол жігіт!» – деп, Суетиха сарнап бір берсін! Көпшілік оның өзін жұлқылап: «Сен қайда едің ол кезде?» – деп жамырасып жатыр. Қатты ұйықтап кетіппін, – деп бұл аңқауснды. Қай жерде, – деседі жұрт, – қай жерде ұйықтап жатыр едің? Ұйықтаған бөлмең – қай бөлме? Үн жоқ. Кенет бәрі де ап-айқын бола қалады. Иннокентий Косой, кәдуілгі осы ауылдың атшысы Кеша, дырылдатып қатынын сүйреп әкеледі. «Бәріне кінәлі – міне, мынау». Әйел мойнына алды – кешкісін үйіне келсе, Кеша жоқ боп шығады да, әйда іздеуге кіріседі. Қайда баруы мүмкін? Әрине, тек қана Суетиханың үйіне барады. Сонда келсе, шөпқораның ішінен әлдекімдердің ырсыл-күрсілін, алысып-жұлысқанын естігендей болады. «Қаным қайнап кеткені сонша, – дейді Кешаның әйелі, – қызғаныштан көзім қарауытып, үйге қарай жүгіре жөнелдім».

Сосын не істеген? Балалардың ойыншық шелегін ошақтағы көмір шоғына толтырып алады да, қайтып келіп үйге от қояды. Сонсоң періден жаман періштең өз үйіне барады да, тас бүркеніп жата қалса – ұйықтап кетеді! Суетиханың шөбі – осы ауылдағы ең тәуір пішен еді, лап ете түсіпті! Тіпті түтіні шығып үлгерді ме, үлгермеді ме деген мәселе жөнінде куәлар біраз кеңірдек жырты-

сып, керілдесіп қалды. Түтін, қара қошқыл жалын дегендердің бәрі кейін көрінген нәрсе ғой. Әуелі шатыр асты ақ жалынға толып, дымы білінбестен жарқырап жанып тұрады. Шөп түгел өртеніп болғанша, сырттай қараған кісіге үйдің қылшығы да қисаймапты. Солайы солай-ау, бәрін айт та, бірін айт, шөпқорада жатқан Кеша емес, студент болып шыққанын айтсаңызшы. Міне, пәленің басы қайда жатыр! Өрт қоюшы әйел үйіне барып, одан көмір шоғын алып қайтып келгенше, Суетиха студент жігітті тастап, Кешаға кетіп қалады. «Жарайды, ал сіз ғой, онымен бір шаңырақтың астында үш сағаттай да уақыт өткізген жоқсыз, – деседі жұрт Суетихаға. Әрқайсысы бір-бірінен сұрастырып жүріп, ақыры уақыт мөлшерін де анықтап алды бәрі. – Сонда сіз өзіңіздің бұл ісіңізді қалай түсіндіріп, қалайша ақталасыз?» Суетиха айылын да жиған жоқ, «Сүйдім, ал! Ұнатып қалдым!» – деді беті бүлк етпестен. Біздің қатындардың не деп айқай салғанын көрсең... сол жерде бәрі өре түрегеліп, Суетихаға айтпаған сөздері жоқ: жезөкше деп айқайлайды, ернің кеппеген сорлы! Әйел атаулы тегіс жынданып кете жаздады. Еркектер үнсіз, сазарып-сазарып отыр. Соттың алдына барғанда Суетиханың түк кінәсі жоқ екен ғой, ал Иннокентийдің әйеліне үкім шығып, бәлен мерзімге жазасы кесілді. Оның үстіне өртке ұшыраған адам делініп, Суетиханың үй шығынының орны өтелді. Енді оған Иннокентий барады ғой, баяғы осылай да осылай, үй-жайың өртеніп кетті, бала-шағаңмен қоса қолыма алам деп. Суетиха оның қамқорлығынан біржолата бас тартып, осы жаққа көшеді де қайқаяды.

Шындығына келгенде, бәр-бәрін бүлдірген – сол; ал оны теңізге жіберген шортан сияктандырып, сайрандатып қоя береді. Бұдан соң Иннокентий де, Косойды айтам-ау. Задуваевоны тастап, Нижнетальдинскіге көшіп келіпті, сол жердегі шошқа өсіретін совхозда жұмыс істейтін көрінеді, қайтадан атшы болыпты. Әйелін қамаудан босатқанға ұқсайды, ісін қайта қараған дей ме, немене. Жақында біз, Семенчик екеуміз, әлдеқалай орманға бара қалып едік. Не деген сайқал қатын десеңізші әлгі әйелді! Семенчик айтып отыр: Ол қатынды мен де біраз жұқалағанмын!», – деп. Ол жігіттің өзі биыл да отынды тау-төбе қылып жинапты, күллі деревня жабыла жақса да таусылмас; әнеки, еңбеккер деп ондай кісіні айту керек! Неғып Семенчикті де қойнына алды екен, мен бәрібір сұраймын ол әйелдің өзінен. Рас болуы, әрине, әбден мүмкін, ар-

Шығармалары. Төртінші том

ұяттан жұрдай болған жүзіқара ғой! Жұмысын жақсы атқарғаны үшін Құрмет тақтасына суреті ілініп еді, шашын былай... сәндеп түскені сонша, артисткадан аумайтын. Бірақ портретін бұлдіріп, біздің қатындар екі көзін бірдей шұқып тастады. «Саған күйсе, бізге пісті» дегендей. Және шегемен шұқыған.

#### IV

– «Қанға – қанның» нағыз өзі ғой, мынауыңыз! – деді университеттен білім алған жас жігіт қызынып, өзі айтыс-тартысқа дайындалған сыңайлы.

Қонақ үй жым-жырт.

Гәптің мәнісі кереуеттегілерге біраздан соң барып жетіп, жұрт әрлі-берлі аунақши бастады, пружиналар сықырлады, сосын әлдебіреуі:

– Түннің бір уағы болды ғой, жігіттер, – деді.

Ауыр тыныстап, демі шуылдай шыққанына қарағанда, мұны айтқан аудандық қызметкер болуы керек.

– Немене, «қанға – қан» алу дәстүрі бізде болуы мүмкін емес нәрсе ме? Қызуқандылық – тек онтүстік жақтағы халықтардың өкілдеріне ғана тән деп ойлайсындар ма? Жоқ, Сицилия сияқты еліннен біз де қалыса қоймаспыз!

Жас жігіттің үнінен өзінің әлгіндегі сөзіне қарсылықтың нышанын анық байқаған аудандық қызметкер кенет алқына дем алғанын да, көкірегі шуылдағанын да қоя қойып, айрықша үстем үнмен шегелей сөйледі:

– Әйда, жолдастар. ұйқы беріңдер! Түннің бір уағы болды. Ертең бәрімізге де жұмыс!

– Әкеңіздің үйіндегідей әкіреңдей сөйлейсіз ғой тіпті, – деп жас жігіт шағып алды. – Бәлкім, біздің пікір таластырғымыз келетін шығар, айтысқа түспек болармыз. Солай емес пе, жолдастар, ә? Менікі дұрыс емес пе әлде? Біреудің аузына қаппақ қоям деген қайдан шыққан күштілік? Жоқ, болмайды! Кімде-кім пікір айтқысы келсе, қане, сөйленіздер!

Жұрт бұдан соң бұрынғыдан бетер үнсіз қалды.

Мәселенің түйінін кітаптың эпилогына дейін құпия сақтайтын детектив жанрының шеберлеріне ұқсап, әңгімесінің ең қызық жерін артқа сақтап отырған әлгі жігіт әлден уақыттан кейін мынау қап-қараңғы бөлмеде бір өзі қиқылдай күлсін-ай:

– Айтпады демендер, бұл үй де сөз жоқ өргенеді. Бүгін болмаса, несі бар, ертең-ақ оранар отқа! Біздің ауданнан, не облыстан келгендерің болса, менің осы сөзімді ұмытпаңдар. Бұл жерге, жалпы, шешініп ұйықтауға болмайды, егерки аяқ киіміңді шешер болсаң – етігіңді бас жағына жастанып жатқаның мақұл!

– Неге өйтуге тиісіңіз? – деді жас жігіт қарсылық білдіріп, өзі көзілдірік батып удай ашыған кеңсірігінің үстін укалап қойды.

– Өздерің-ақ ойламайсыңдар ма, мен айтып отырған әйел – осы оздерің жатқан қоналқы үйдің менгерушісі болса және мына қабырғаның арғы жағында ғана тұрып жатса, сойтпегенде қайтеді!

Жұрт тектен-тек үнсіз жатпай, ойланып қалған секілді.

– Сен немене, хайуан, біреу туралы аузыңа келген ғайбат сөзді соғып отырсың? Бәлкім, анау жаққа естіліп тұрған шығар?! – деді аудандық қызметкер ренішін жасырмай күңкілдеп, шамасы, мынау әңгіме ұйқысын ашып жіберіп, енді түнімен көз іліндіре алмай шығатынына көңілі сенімді секілді. – Осындай көкезулер қайдан тап келе кететінін қайдан?!

– Кейбіреулерден гөрі көкмылжыңырақ емес шығармыз, – деді әңгімеші түк өкпелеместен, – сүтке тиген күшіктей болған біреудің жай-жағдайын айтып жатқанымыз дағы!

– Ой, ақымақтар-ой, ақымақтар! – деді дайындау мекемесі қызметкерлерінің бірі, кешіріммен күрсініп, мұны айтқанда ол ертең әдеттегіше өзінің кішкентай да болса бастықтық беделін сақтай отырып, арақтан басы ауырып тұрғанын да білдірмей, жұрттың қалың бұқара халықтың алдына шығып сөйлейтінін, солармен істес болуға тура келетінін ғана көз алдына елестетті.

– Ақымақпыз ба, жоқ па, енді не де болса, қайырлы түн; жайлы жатып, жақсы тұрыңдар, тәтті-тәтті түс көріңіздер!

– Асылы, сен де сол маңайда сенделіп жүрген қу шығарсың, сенің маңдайыңа бітпеген ол, – деді екінші дайындаушы. – Сондықтан өзіме де бұйырмағасың, басқаға да болмасын дейсің ғой.

– Осы жұрт қызық, – деді жас жігіт қарсылық білдіріп, – қызық-ай осы жұрт! Біреу қасірет шегіп, қан жұтқан оқиғаны айтып отырса, «сенің өзін...» дейді, ә?!

– Ия, қасірет! Нағыз қайғылы оқиғаның өзі ғой, – деді дайындау мекемесінің әлгі бір биязылау қызметкері, жас жігіттің ақыл-гөй сөзін қызу қостап.

– Дегенмен, ойланарлық нәрсе. Тап сонда тұрған пәлендей трагедия да жоқ өзі! – деді, енді өз сөзіне өзі қарсы шыққан жас



Шығармалары. Төртінші том

жігіт іштей, қараңғыда қолын бір сілтеп қойды. – Рас, мынау біздің атқорада ақжаймалар кір-кір, қонақ үй меңгерушісі – көкбет әйел, міне, трагедия деп осыны айту керек. Ал оның ашықтық-машықтық оқиғасындағы біздің шаруамыз қанша?! Оның бәрі – жай нәрселер. Басты кемшілік мынада – ия тазалық жоқ, ия тәртіп жоқ! Батыстың дәл осындай селолық жердегі қонақ үйін алып қаралық, айтары жоқ! Төсек-орнын қардан аппақ, ванна, жанына не керектің бәрі бар. Ал бізде ше? Дәретханаға баруын үшін, бүкіл ауланы кесіп өтуін керек; өйтейін десең – ортада көлкіген шалшық су және жатыр... көрінгеннің бәрі осында келеді, аяқ киімін шешумен де шаруасы жоқ, арақтарын ішіп, қол шамын жағып, қалай болса, солай ұйықтай кетеді...

– Көрінгеннің бәрі деп отырғаның біз бе сонда? – деп сұрады әңгіме айтқан жігіт.

– Сіздер, әрине, сіздер! – деді жас жігіт кекетіп.

– Жоға, ағайын, біздерді – задуваеволықтарды ол әйел сыйлайды! Сескенеді!

Өзін бір емес, екі емес, мүлде түсінбегенін сезген жас жігіт өркөкіректеніп мүлдем үнсіз қалды.

## V

Көше жақта әлдекімдердің би билеп жүргені естілді. Тас жолды тарп-тарп басып біреу жүгіріп өтті, оның сонынан тағы біреудің тарпылдағаны білінді, шамасы, алдағы адамды қуып жетпек. Әлдебіреудің сак-сак күлгені ап-анық естілді, бақытты жанның түн ішінде әлденеге мәз бола рақаттанған айрықша шат күлкісі. Таяу маңнан магнитофон ойналды. «Ши воз май вумэн»... деп шырқайды. Әлден соң аулаққа ұзап барды да, бірте-бірте көмескіленіп, ақыры естілмей кетті: дыбыс атаулы сап тыйылды, шамасы, түн жарымынан ауып кетсе керек.

Бүгін күн бұлтты, көзге түртсе көргісіз қараңғы, қап қара қабырғалардағы терезелер ғана өлеусірей ағарандайды. Әңгімеші жігіт қорылдауық екен. Соның қорқырағанынан жас жігіт ұзақ уақытқа дейін ұйықтай алмады, өлеусірей ағарандаған терезелер арасындағы қарауытқан қабырғаларға қарап, көзі бақырайып жатты да қойды, әлдекімнің аяғының шуашы мүнкіп тұр. Бұл сасық иіс – төсекке тым тақау қойылған отырғыштың арқалығындағы костюмнің етек жағынан, сол отырғыштың астыңғы керме ағашына

әдемілеп тұрып қаттап қойған өз шұлығынан шығып тұрғанын жас жігіт талықсып барып ұйықтап кеткенінде де білген жоқ.

## VI

Таңертең төртеуі бірге ауқаттанды. Әңгімеші жігіт кетіп қалыпты. Артында сәл қисықтау, бірақ солдат төсегіндей етіп тәптіштей жинаған кереуеті, жайпауыт шыны ыдыста қалған темекі тұқылы мен қиярдың кепкен қабығы секілді заттай айғақтар болмағанында, бұл жерде бесінші біреу түнеп шықты дегенге адам сенбестей. Әңгімеші сіріңке шағып, оның қызғылт жарығын алақанымен көлегейлеп тұрып, темекісін тұтатқанында ғана көрінген шара табақтай бет-ауыздан басқа, жұрттың есінде ештеңе қалмапты; түр-түсін бажайламақ түгілі, өзін ешкім анық көрген да жоқ. Қол шамы жанды, даусы естілді, күкірт нісін мұңк еткізіп шырпы шаққанында былшнған беті ғана көрінді, сонсоң қараңғы бөлмеде «Беломордын» жанға жайлы жіңішке түтіні қалықтады, бірақ адам болмаған секілді. Айтқан әңгімесіне де ойдан оқиға қосыңқырап, өзінің соған қатысын көбірек күйттеп отырды, былайша қарағанда, болған оқиғаны сол күйінде баяндамай, бұрмалаңқырап, бұркемеленкіреп жібергені анық. Сол оқиғаға айтушының қаншалықты қатысы барын дайындаушылардың бірі оп-онай шешіп берді, дәлірек айтқанда, Суетихамен әуейіленіп жүргенінде жолы болды ма, болмады ма – өзге тыңдаушылар мәселені одан қазбалап жатпады. Тіпті оның бұл әңгіменің нәтижесіне қаншалықты қажеті бар? Болмыстың объективті бейнесі дегеніміздің өзі осылайша – кездейсоқ оқиғалар мен біреулердің субъективті пікірлерінің жиынтығынан, сол оқиғалар мен ол туралы пікірлерді қырнап-сырлаудан, соның нәтижесінде ақыры өзінен және ойламаған жерден пайда болмай ма? Үздіксіз өзгеріп, мәңгі бақи құбылып тұратын ол объективті бейне тек бізге ғана қатысты ма және? Жалпы, объективті деген бейнені бір өзінің бойына ғана сыйғызып тұра алатын ондай сана, ондай көрініс бар ма өзі?

Шындықтың түбіне жетеміз деп күйбең-күйбең күйкі тіршіліктің қойны-қонышын ақтарып, мына біз тыраштанамыз келіп, тыраштанамыз келіп, құдды, қара жерді солқылдатып, құлағынды тұндыра қышқырып, қасыңнан дүрс-дүрс, күрс-күрс ағып өтіп бара жатқан ауыр пойыз вагондарының қабырғаларындағы жазуды оқып қалғысы келген кісі секілдіміз десек те болады. Ондай-

## Шығармалары. Төртінші том

да неғұрлым жақын тұрсаң, әріптер соғұрлым быжырқайланып, мағыналы сөзге айналдырып оқуың қиынға түседі ғой, әрі таптап кетердей болып ентелеп келіп қалған қозғалыстан жүрегің әлдеқалай атқақтай соғып, көзіңе құм мен көмірдің күлі бүркырап, аштырмай тастайды. Дегенмен, ондай жағдайда әріптер көз алдында бұлдырап, қазір болмаса келесіде басын құрастырып, әнеміне мағыналы сөзге айналдырып, әлгі әріптерді оқып қалатындай үміттеніп тұрасың ғой. Ал егер бір-біріне қарама-қарсы ағып келе жатқан пойызда болсаң ше... онда құпия шындықты ұқпақ боп тыраштануыңның өзі бекер емес пе?! Темір толқындар бір-біріне қарсы ұмтылып, шақыр-шұқыр, күрс-күрс үн аспан астын жаңғырықтырып, екі пойыз екі жаққа ағып өтпей ме, сонсоң бәрі сап тыйыла қалмай ма...

Дайындау мекемесі қызметкерлерінің тағы бір бөтелке арағы бар екен, жұрттың алдындағы басшы адамның абыройы туралы әңгімемен қосып, оны да ішіп салысты. Алдына қойған арақпен басын жазып алған соң, әлдеқандай бір таблеткасын аузына салған аудандық қызметкер ұйқысы қашқан түннен кейін бет-аузы ісініп, қабағы қарс жабылып отырып, абырой мәселесін аузынан тастамаған қасындағы дайындау мекемесінің «кешірімшіл» қызметкерінен:

– Сен өзің кім едің? – деп сұрады үзік-үзік қырылдақ үнімен.

– Варезжинмін. Мал дайындау мекемесінен. Біз Нижнеталдинскілікпіз, Шунгуленгтегі коонзверпроххозды естуіңіз бар ма, мен сізді бір жерде көрген секілдімін әлде біреумен шатастырып отырмын ба...

– Солай де! Дайындау мекемесінен болсаң, халықтан тым жоғары көтеріліп кеткен екенсің дағы!

Сол жерде дайындау мекемесінің екі қызметкері бірдей әлденеге қызарақтап, бұлыңғыр таңның бұлдыр жарығында аудандық қызметкерге қарап қинақтады да қалды. Бұл кезде жас жігіт алдындағы тамақты ауызға бұрап ұрып жатыр еді, енді қайтсін, түнімен ішегі шұрылдап шыққан байғұс оразасын ашайын десе – шайхананың әзірге ашыла қояр түрі көрінбейді, аудандық қызметкердің аузынан шыққан шақпа сөзге қыбы қанып, ол орнынан тұра бергенде ту сыртынан құрметпен қарады; әйтсе де мынау сәтті құр жібермей, қайткенде де дау туғызарлық қарсы бір пікір айтып қалмақ болып, оған қоса дайындау мекемесінің

қызметкерлерін де қорғаштамақ ниетпен, өткір де өктем бір сөздерді ойластыра бастады.

Бұлардың дәм-тұздас болғандарына рақмет айтқан секілденіп бір күнк етті де, аудандық қызметкер бір қолына – газеттердің ұшы шығып тұрған портфелін алып, екінші қолын – қапталы жырық ескілеу әскери плащына созды.

## VII

Күтпеген жерден он екілер шамасындағы бұйра бас бала бөлмеге кіріп келді де:

– Елу тиындарыңды әпкеліңдер! – деп көңілдене дауыстады. Мектепке қатынап жүрген сөмкесінен қарындаш пен қара қағаз, квитанция кітапшасын шығарып, үстел үстіне жайып қойды, сонсоң бөлмедегі тұрғындарды көзімен түгендеп алды да, қуана сөйлеп. – Квитанцияларыңызды алыңыздар! Аты-жөніңіз қалай еді?! – деп жүйдірмелете түсті.

Бала квитанция қағазын жылдам-жылдам әрі дұрыс толтырып отыр.

Мал дайындау мекемесінің саликалы қызметкері – Трубенских деген болып шықты. «Кешірімшілі» – сол Варежкин күйінде қалды, оның есесіне, университет бітіріп келген жас жігіт – Семипядкин екен, оның фамилиясын дәл осындай болар-ау демегенмен, соған жуықтайды-ау деп те ешкім ойлаған жоқ-ты. Ақжарқын бала шыдай алмай күлім қағып қоя берген. Жас жігіт оған түсін суытып тұрып, әлгі сөзін тағы қайталады:

– Семипядкин деймін! «Пядь» деген сөзден шыққан! Ұқтың ба? Сәңсеңбас! Б-э-э-э!

Көңілденіп отырған баланың желігі су сепкендей басылып, үнсіз қалды. Әншейінде ол қоналқы үйге келген бейтаныс кісілердің аты-жөнін білуге өте құмар еді.

– Несі бар, ұялмай-ақ жер басып жүруге жарайтын жақсы фамилия, – деді Варежкин, – әлі есімде, біздің мотопехота полкінің төртінші ротасында бір солдат болды. Қазір айтсам, нанбайсыңдар ғой! Фамилиясы – Принцтұғын! Старшинаның тілі келмей, ылғи «Шпринц» деп шақырушы еді. Менің қасымдағы серігім тілі мен жағына сүйенген бір қу еді, старшина «Шпринц!» деген кезде, ылғи: «Клизма болуға құйттай қалған!» – деп қосып қоятын. Төрт жыл бойы көзімізден жас аққанша күліп жүрдік, масқара енді!

Шығармалары. Төртінші том

– Сіз фамилияңызды айтыңыз! – деді ұяттан жер болған бала жасық үнмен.

Аудандық қызметкер фамилиясын айтқысы келмеген кісіге ұқсап, килақтап тұрып-тұрып, мінгір ете калды, мынау бұйра бас баланың аңғырт та адал жанарынан жасырынар жер жоқ-ты; сөйтсе, ол – аудандық қызметкер емес, облыстық Совет атқару комитетінің қызметкері және облысполкомның жай ғана қатардағы қызметкерлерінің бірі емес, тура Потапов Александр Николаевичтің өзі болып шықты. Сол-ақ екен, жұрт антарылды да калды. құдай ұрып, калайша бұлар танымай калған; Потапов жолдастың тап өзі ғой. әрине! Бұйрабас баладан басқасының бәрі қазіргі сәтте тап осындай ойға тірелген, оқушы болса – квитанциясын толтырып, оны жолдас Потаповтың қолына ұстатты да, қызмет жабдыктарын мектепке қатынайтын сөмкесіне біртіндеп сала бастады.

Қатты абыржыған Варежкин не істерге білмей, жердің тесігі болса, кіріп кете жаздап. осындай қияметтің қыл көпіріне тап келген кезде Трубенских тастап қашып кетпеді ме екен дегендей жан-жағына жалтақ-жалтақ қарай береді. Потапов жолдастың аты-жөні әйгіленіп қалғанына сырттан салқынқандылық көрсетіп, немқұрайды тұрған кісі секілді көрінгенмен, шын мәніне келгенде Трубенских бұл кезде: «Енді не істеген жөн және оны қалай, қайтіп істеу керек, бірдене айтуға тура келсе, – «жұрттын алды... абырой»... – деп бөсе бастайтын мына мәңжубас Варежкинге ұқсамай, орнықты да қатесіз, мүкі жіберместей және сол жауабынан өзінің кім, қандай адам екенін сездірерліктей етіп, қандай жауап беруге болар екен» деп, дөрекі бақай есеп құрып тұр еді. Трубенских бұрын қолы жеткен қызметтен қызмет қоймай, осы ауданның белді болмағанмен, белгілі орындарында, одан кейін ортақолдау қызметтерінде бастық болған, ақыры төмендей-төмендей келіп дайындау мекемесінің қатардағы көп қызметкерлерінің бірі боп калғанша құлдыраған адам еді, өзінің ұзақ өмірінде Трубенскихтің көрген құқайы да бір бұл ғана емес-ті! Мұның әкесіндей құбылмалылықтың неше түрін білетін!

Әйтсе де, құй наныңыз, құй нанбаныз, бұлардың ішінде, әсіресе, қатты қапалақтаған – жас жігіт Семипядкин болды; оның асып-сасқаны соншалық, тебіреніп тұрғанда аузымнан астамшылық сөз шығып кетпесін деп, ал мынадай үлкен қызметтегі кісі қасында

тұрғанда, соның жақын тұрғанының өзінен-ақ, айтар сөзің тек үлкен сөз болу керек, – деп ойлаған ол, өзін-өзі әрең тежеп тұрды. Сол-ақ екен, айтыс-тартыс туғызатын әлдеқандай бір даулы мәселелер ме-ау, бұрын-сонды жұрт естімеген ұсыныстар ма-ау, батыл да мемлекеттік маңызы бар нәрселер ме, әйтеуір, басына құйындай сансапалақ ойдың бірі келіп, бірі кетті. Және айтар сөзінің бәрі, егер айта қалса, кілең бір кісінің басы кететін нәрселер! Басы кететін сөздерін айтатын сол адамы, міне, тап қасында, тіпті қол созым жерде тұр десе де болғандай.

Жұрттың бәрі енді бірдеңе деуге қолайсызданып, жым-жырт ұйи қалған.

Бала шығып кетті. Баланың соңынан жолдас Потапов та шықты.

– Ал, өзіңнің фамилияң қалай? – деді Потапов жолдас, сыртқы есіктің алдында тұрған балаға.

– Федосов, – деп тақ ете қалды да, бала кірпігін қақпастан тура қарады.

– Федосов деймісің? Ал, шешеннің аты-жөні кім?

– Өз анамыз емес, өгей шешеміз бар, аты – Рая.

– Оның фамилиясы ше?

– Оның да, ағайындарының да фамилиялары – Суетихиндер.

– Өгей шешелерің сендерді жақсы көре ме?

– Жақсы көреді, – деді де, бала жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап қойды.

– Сен оған айтшы, төсек-орынды ауыстырсын, сосын өзі мезгілімен жұмысқа келетін болсын. Ұқтың ба?

– Ұқтым, – деді бала төмен қарап. – Жатқан жерлеріңізді жиыстырып, тазалап қояды ғой. Жетеуімізді бағып-қағып отыр, әкеміз – мүгедек. Мама Рая қай жаққа жарыларын білмей, екі жерде жұмыс жасап жүр. Тойындырып-ішіндіруі керек, киіндіру және қажет, оған қоса бакшамыз тағы бар, – деп міңгірледі бала үлкендер үйреткен сөзді қайталап.

– Ал, өзіңнің оқуың қалай? – деді Потапов.

– Бәріміз де – үздікпіз! – деп көңіл қуантар мақтанышпен жауап қатқан бала жан-жағына қарап қодиып қойды.

– Өй, жарайсындар, жігіт екенсіңдер ғой өздерің! – деп Потапов мәз болды да қалды.

– Ых-ых-ых, – деп ырқылдады Варезкин. – Жарайсындар, жігіттер!

Шығармалары. Төртінші том

– Oh-ho-ho! – деп Трубенских каркылдады. – Жар-рай-сыңдар, жігіттер!

## VIII

Қаншама қапалактаса да есіктің ілгешегін ағаш жаңқасымен іштен дәл іліп үлгерген жас жігіт, сонын арасынша дайындау мекемесінің қызметкерлерін көп ұзамай қуып жетті. Потапов жолдас бұл кезде қасына балақай Федосовты ертіп, шала өртенген джунглиге ұксап жатқан беткеймен күзгі жусанды кешіп, сонадай жерде, төмен құлдап бара жатыр екен.

– Қызық адам! «Волгасын» мініп жүрсе, кайтеді екен: не десе де, уақыт қазір алтыннан қымбат қой, – деді, мынау алқам-салқам қоналқы үйде өзімен бірге түнеп шыққан жолдас Потаповқа сырттай іші елжіреген жас жігіт.

– Сіз оған «Москвич» минуте кеңес беріңіз, – деді Варежкин кикылдай күліп, – бәлкім, рақмет айтып қалар!

Трубенских әлдебір ой жетегінде келе жатыр еді. Варежкиннің шала-шарпы сөзін естіп, түзеткен болды:

– Оның «Чайкасы» бар ғой! Бұрын «ЗИС-і» болған: онысы ескі машина болғанмен, су жана секілді көрінуші еді! Мен өз көзіммен көргем.

Потапов жолдас балақай Федосовпен әлдене туралы әңгімелесіп бара жатқан, кенет екеуі беткейдегі жол ортасына тұра қалып, әлдебір жайды қызу талқылауға кірісіп кеп кетті. Сол-ақ екен, серіктерінің де өзге лажы құрып, сонадай жерде тұра қалды да, бұлар да амалсыз әңгімеге көшті.

– Үстінде жаман костюм, ескі плащ қолында, тозығы жеткен портфель, қайдан танырсын мұны.

– Ал, ол болса кез келген жерде осылай жүре береді. Бах! «Мен – Потаповпын!» – дейді де, кіріп келеді. Жұрт шатқасынан түседі! – деп, Варежкин күбір-күбір сөйлеп тұр.

Кезі келген онтайлы сәтті мүлт жіберіп алғанын сезіп, жас жігіттің іші удай ашыды; енді бәрі бітті, енді ол ештеңе айта алмайды; нәйегі, бірдене деуі керек еді, өте бір маңызды нәрсе айтқысы келіп, тілі тегін қышыған жоқ еді ғой! Онтайлы сәтті жіберіп алды – енді Семипядкин жолдас ұсыныс жасап еді деп айтылар, бағыл ой да, мемлекеттік маңызы бар мәселе де жоқ, бәрі өтті-кетті...

Варежкин күбір-күбір етіп, баяғы әніне әлі басып тұр:

– «Лучтың» директорын орнынан алған кім? Үш мың жұмысшысы бар мекеме. Жиналыстарына келеді де, қара жұмыс атқарып жүргендердің әңгімесін мұқият тыңдап алып, тексеріп кеп қалады. Бах! Бәрі шалқасынан түсіпті. Ал, Сухаревті ше? Нижнеталдинскідегі раймагтың директоры? Қасынан өтіп бара жатса – кезек күтіп құжынаған адам. Бұл да кеп тұра қалыпты. Әлі тұр, әлі тұр дейді. Әрине, артқы есіктен әлдекімдер қапшық-қапшық қылып әкетіп жатқан соң, жұрт мазасыздана бастапты. Шатақ та шығып кете ме дейім сол жерде. Арғы жақтан Сухаревтің өзі халықтың алдына шыға келіпті. «Неменеге айқайлайсыңдар? А? – Әрине, жұрт жым-жырт бола қалады. – Қазір дүкенді жабам да, ешкімге ештеңе де сатқызбайым!» – дейді. Әйтсе де, әлден соң кезек ілгері жылжи бастайды. Бірақ тауар бітіп қалады. Жұрт тарасып кетеді. Бұл болса соре тактайға сүйеніп, кезегі енді жеткен кісіге ұксап тұрады-мыс.

«Қарағым, тауар жоқ болса, сен маған директорды шақыра қойшы!» – Сатушы қыз оған: «Дүкен ішінде шатақ шығармай тұр, тұратын болсаң!» – дейді. Қыздың айқайын естіп, Сухарев пығады. Өзі де бір оңбаған дөрекі адам еді ғой, Тимофейді айтамау, Викентичті. «Аяғы аспаннан салбырап жаңа түскендей кімсің өзі?» – дейді келе сала тиісіп. Оның ауданда қорғаушысы, Николас-вы бар еді ғой, қысылғанда қол ұшын берері де, құдайдай табынары да солтұғын, сондай сүйенері болған соң, әрине, кімнен қорықсын, әбден құтырып кеткен ғой. «Ия, бұл – менмін, – дейді Потапов, – сәлеметсіз бе?!» Кіммен сөйлесіп тұрғаны Сухаревтің есіне түспей қояды. Терезеден караса, машинасы жоқ, демек, автобуспен келген көптің бірі шығар... «Мен сендей кісіні үш ұйықтасам, түсімде көрген емесің, – дейді қолын сілтеп, – әйда, шық дүкеннен!» Ал, мынаның өзі: – «Сен немене, Сухарев, – дейді тұра қалып, – сауда жасаушыларға дорекілік көрсетесің, тауарды көңіліңе жаққанға арқалатып жібересің? Өз орныңды таппай жүр екенсің, білдің бе?» Міне, мәселе осында! Бәрі-бәрі Сухаревтің есіне кеш түсіпті. Олай еді, былай еді, «Сіздің мұныңыз қалай, – дейді дінкесі құрып, – осындай да осындай қызметте отырып, қара халықпен бірге сарылып кезекке тұруға бола ма екен? Мұныңыз мүлдем дұрыс емес қой». Сонда мынаның өзі айтады: «Сенің ойлау жүйеңнің өзі, Су-



Шығармалары. Төртінші том

харев, – дейді, – осыншалық таяздығына қайран қалып, қарным ашып тұр!» – Міне, нағыз беделді басшының жүріс-тұрысы, мінез-құлқы деген осындай болуы керек. Ол әрқашан халықпен бірге, әрқашан халықтың қалың ортасында. Елден ерекше ештеңесі де жоқ; айқайламайды да, дабырламайды да, бах келеді де, көреді; бәрі шалқасынан түседі!

– Осы жері енді артықтау, – деді Трубенских, – не десең, о де, мен осы жерін артықтау санаймын. Тексеремісің – тексер. Ал, әлгіндей сандалып жүруі жараспайды. Әркімнің өз орны бар ғой – сенің жекеменшік машинаң бар ма, мін! Жаяу жүрме! Жұртқа кесел келтірме.

– Неге менің өйтуім керек? – деді, Потаповтың ісін іштей құптаған жас жігіт қарсы шығып.

– Себебі жұртты жүйкелетуге болмайды! Мәселен, әлгі Сухаревті-ақ алайықшы, мұны жүзбе-жүз танымағанына кінәлі ме ол? Көрмесе, қайдан біледі? Рас, ол аудан басшыларын тегіс білуге тиіс – біледі де! Міне, мәселе қайда жатыр! Мұнымен сөйлескендей етіп жұрттың бәріне бірдей жалбақтау тіпті мүмкін емес. Күніге бірлі-жарым кісімен ғана істес болып қоймайсың, халықпен жұмыс жасайсың ғой! Жо-жоқ, мен басқаша пікірде қаламын! Біраз өмір сүрдік, көрдік... құдайға шүкір!

## IX

Қырдың астындағы аялдамаға автобус он екі сағат кешігіп келген-ді; жолаушыларды күткен шофер – о дүниеден келген киелі аруаққа ұқсап, түнде Раиса Суетихинаның басынан кешкендерін баяндаған жігіт – рульде отырды; бірақ оны ешкім таныған жоқ: шынына келгенде, ол оқиға елдің есінен әлдеқашан шығып кеткен болатын. Университет бітірген, бешпетінің омырауына ромбик таққан жас жігіт те әлгі әңгімені есінен мүлде шығарып, бұл кезде ойы шартарапқа шалқып отыр еді. Айтпақшы, ромбигі қазір көрінбейтін, өйткені үш күн бойы берекетті қашырған сылбыр жауын тағы да сіркірей бастаған соң, жас жігіт жеңіл плащын киіп алған-ды.

*1973 жс.*

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ ЖАУШЫ, ҚАР, ЖАУ..

### I

АДАМДАР екі түрлі болады: біреулерін келсе екен, анын аулап, арақтарын ішіп, демалып қайтса екен деп отырасың. Ондайлармен бірге болудың өзі бір ғанибет, көңілің өсіп қалады. Ал, енді біреулерін көргеніңде бар ғой, осындайлар қарнын тыр-тыр қасып, өз сасығын өзі иіскеп, жайына қарап жатпай ма екен дегің келеді. Су қоймасындағы он жетінші постың қарауылы Глебыч ұйықтап қалғансын жатып іштей осылай ойлады. Суканың сүймейтін бір адамдар болады, ә... Осы сіз, жолдас, бұдан былай келмей-ақ қойсаңыз қайтеді? – дегің келеді, бірақ айтуға ұяласың. Глебыч тағы да біраз уақыт ұйықтағансып жатуына тура келді, өйткені қонақ аяғын ұшынан басып, үстелдің қасына барды, дымын білдірместен стақанға орталап арақ кұйды да, ын-жыңсыз тартып жіберді, міне, енді қапустаға саусағын тығып алып, күйсеп отыр... Глебыч өп-өтірік жөткірініп, екінші бүйіріне аунап жатты. Арағы түскірдің жайы белгілі ғой, түнде қанша ішкенмен, таңертең бас жазғын келіп тұрары сөзсіз. Бірақ мынау ноқайға ұқсап тұра сала тықырынды білдірмей барып, ашқарақтана рюмкіге жабысуды былай қойғанда, бұл тұқымы құрғырға тап пәлендей өлесі құмарлығы да жоқ мұның. Бар болса – ішеді, жоқ болса – тіпті жақсы. Ішу дегеніңнің өзі, алдымен кіммен бірге ішуіне байланысты. Атасына нәлет, бәрібір жеңе алмайсың оны! Таңертең жұмысқа кетіп бара жатқаныңда Аннасы да жұлқылап оятып: «Бүгін аңға бармай-ақ қой, отын жарып тастарсын», – деп кеткен. Қылышын сүйретіп қыс та келіп қалды. Ағаш дегенің аулада тау-төбе боп үйіліп жатыр. Оларды бұтарлап тастайын десе, үйінде мына бір мүлде бейтаныс, тыриған арық еркектің ішкіімшен жортып жүргені мынау. Глебыч оның аты-жөні – Николай Сергеевич екенін, өзі қалада, ауылшаруашылық институтында дөкей бастық болып істейтінін есіне алды. Студенттерге әкімшілік етеді екен. Ашуланса – институттан қуып жіберуге дейін бара алатын көрінеді.

Көңілденіп алған қонақ әрі-беріден соң аяғын әлтек-тәлтек басып, «дінгіл-дінгіл-дінгілдік, теке бізге бір күндік!» – деп мұрнының астынан мінгірлеп ән айта бастады. Тісі – қасқыр тіс, үш қатар боп ақсиып ұзын өскендіктен бе, сөзді анық айтуы қиын, сондықтан әлгіндей оңай әндерді ғана айтады. Кеше де «дінгіл-дінгілдікті» он шақты рет қайталап барып, бұрышқа басын тыққан

Шығармалары. Төртінші том

күйі ұйықтап кетті. Енді каласан да, каламасан да – қазір осы бойда тұруың керек: ауқаттанып алған соң, дереу орманға жөнеуін және қажет: сондықтан ысылдап-пысылдап, жөтеліп-жөткірініп қойып, Глебыч қатты ұйқыдан қунап тұрған кісі секілденіп, тез-тез киіне бастады.

Қолдарына іліккен нәрсемен ғана оразаларын ашқан олар сол бойда орманға тартты. Былай шыға бере екеуі тұра қалып келісті: өзен бойлап өрлегісі келсе, қонақ-ақ өрлей қойсын; ал бұл – Глебыч биіктеу жермен жүріп отыратын болады. Қанша айтқанмен айлық алып отырған жұмысы ғой, Глебыч әуелі су қоймасының биік бөгетінің басына шықты, етегіне түсті.

Өзіне бекітіліп берілген аймақты түгел аралап көріп еді, бәр-бәрі ойдағыдай екен. Сонау төменде шылау басқан суағардан, құдлы жап-жасыл әйнек құсап, су доғалана ніліп құлап жатыр. Иттері де ылди жаққа көз тігеді. Бірдене түсінсе екен-ау өздері.

Биіктеу жермен бір шақырымдай жер жүрген соң, иттері үріп қоя берген: келсе – баяғы ескі індер болып шықты. Солардың қасынан жай ғана өте алмайды бұлар. Борсықтар мен түлкілер бұл маңайды қорыс қылып қазып тастаған. Ертеден қара кешке дейін кезсе де, иттер бұл маннан ештеңе таба алмайды; бірақ иіс күшті, ит тұмсығын қытықтап жібермейді; бірақ оның құр босқа арам-тер қылатынын ақымақ иттер қайдан білсін. Глебыч ескі індерді айналшықтап жүрген иттерін іштерінен бір-бір теуіп қуақ болып бұрыла берген, кенет абалаған үн әрменірекке, жыра-жықпылты көп сайға қарай ойысты. демек, бұл енді бірдене көргендері. Гәп, бұл жолы басқаша деген сөз. Жанат ит пе, сондай бірдене шығар. Қазір-ақ алып соғары кәміл. Олар жанат иттің ыңк етуге мұршасын келтірмейтін.

Жүрегі атқактай соғып жүгіріп келе жатқан Глебычтың аптығын қатарынан екі рет атылған мылтық даусы су сепкендей басты. Тарс! Сонсон тағы да – тарс! Ойлағанындай болыпты да шығыпты. Николай Сергеевич ашық алаңқайдың ортасында тұр, алдында өліп жатқан жанатты аяғымен түрткілеп қояды. Жанат иттің көзі аларып кеткен, аксиган күрек тісінде, қыршылып қалған тілінде, қап-қара тұмсығында қан бары білінеді. Сатпақ-сатпақ тықыр шабының шипалы майы жылтырап жатыр. Құмары басылмаған иттер ніскелеп қойып, қайта-қайта ызалы қынсылайды.

– Құлақ түріп тыңдай қалсам, иттер абалап алып барады! Екі

өкпемді қолыма алып жүгірдім ғой сосын. Өрең үлгергенім! – Қонақтың сопақ беті сорайып күлген болды.

– Иттерден қайда қашып құтылушы еді. Алып соғатын-ақ еді ғой, сонсоң терісін бүлдірместен қапқа тыға салғаныңда болатын. Көзді ашып-жұмғанша бәрі бітетін шаруа ғой, – Глебыч бесінші пытырамен оқталған екі қағаз патронды енді Николай Сергеевичке ұсынды. – Аңшылықтың тәртібін білетін шығарсың? Менің ала-тын ақыма оқ шығардың екен – енді мыналарды сен аласың.

– Жо-жок, Глебыч, болмайды. Мен мұны әйеліме құлакшын тіктіруге апарып берем.

– Жанатты алған иттер ғой. Ұялмасаң, қайтейін, сен-ақ ала ғой.

– Атқан – мен, демек, аң да менікі. Бәлкім, қашып кетер ме еді, онда қайтер едік?

– Қашса – қашсын. Онда сенің қандай шаруаң бар? Басқаның аңына қызықпау керек қой!

– Қойсаңшы, Глебыч. Алды-арты бұл емес, талай аң аларсың. Осыдан басқа жанат ит құрып қалып па? Шық бермес Шығайбайға ұқсап осынша тарылмасаң нетті?!

– Кімнің шық бермес, кімнің мырза екенін әлі бір құдай біледі.

– Не дейсің? – деді Николай Сергеевич көңілдене күліп. Қасқыр тістерін ақснтып, бір-екі ауыз сөз айтқанша бет-аузын біраз керіп-созуына тура келді. – Әлде бірдене дәмөтіп тұрсың ба? Бәлкім, тұрмысын онша емес шығар?

– Сенің әділетсіздігіңді айтып тұрмын.

– Солай де, міне, мәселе қайда жатыр! Жаңа мен ұқпай қалғам. Жанатты сен алсаң – әділдік те, мен алсам – қараулық екен ғой. Жарайсың, әріптесім! Есепке жетік екенсің, ең бастысы – көзқарасың қарапайым да түсінікті! Сен, достым, өйтіп демагог болма! Де-ма-гог бол-ма!

Николай Сергеевич «де-ма-гог» деген сөзімен Глебычты мүлде абдыратып тастады. Бетсіздік, әрине, біреулердің бақытын ашатын-ақ шығар. Бірақ әлгіндей сөзді білетін үлкен кісімен айтысып-тартысуға болар ма. Глебыч өз-өзінен шала бүлініп, бір жағынан Николай Сергеевичке де тиетіндей етіп, иттерін жеті әкеден боқтап-боқтап алды да, сол жерден шарт бұрылып, алдындағы сайды кесіп өткен күйі тура үйіне тартты! Бүйтіп аң аулағаннан гөрі отын жармақ болды.

Бірақ бала кезде үлкендер: «Аққа құдай – жақ», – деп жату-

## Шығармалары. Төртінші том

шы еді. Сол айтқандай, сайға түсе бергенінде иіс қуып жүгіріп ала жөнелген иттер әрі-беріден соң әлденені абалап қуып кеп берді. Бойы сырықтай сорайған қонақты да, жанатты да Глебыч сол бойда мүлде ұмытты. Сайдың жоғарғы жағында әлдененің апаны бар еді. Тек соған кіріп кетпесе екен, үлгерсем! – деп қана ойлады. – Қалғанын иттердің өздері-ақ реттер еді. Иттердің өзд... – дей бергенінде, қызыл жалын тіліндей қылаң еткен қу түлкінің құйрығын көріп қалды. Иттердің даусы шыққан жаққа аландап, құлағын солай қарай тігіп алған қу неме аңшыны аңдайтын емес. Күзгі қураған шөптің сыбдырын білдірместен бұта-бұтаны тасаланып, жусан арасымен тірі жалын тіліндей сумаң-сумаң етеді сайтан. Қорқып-үркіп жүрген де жоқ, асықпайды да, алғаш көргенде Глебыч аузын ашып аңырайып тұрып қалған, қуанғаннан мүлде есі шығып кетті, енді ағайын десе, қолы қалтырап-дірілдеп, саскалақтады да қалды. Бұта тасасына түсіп кеткен түлкі соның арасынша қайтадан қылт еткен! Глебыч мылтығын көтере беріп көздеместен басып жіберді. Бұға қалған секілді болған түлкі бөксесін сүйретіп, анадайдан тағы көрінген. Тағы атып еді, тырапай асты! Осы сәтте иттер де келіп жетті.

Түлкісіне қарап отырып, Глебыч асықпай темекісің тартты. Үйден таяқ тастам жерде отырып үсті-басын босқа қандамау үшін, түлкіні полиэтилен қалтаға салды да, оны жолқабына сүңгітті.

Әлгіндегі айқай-сүрен, дабыр-дұбыр адам даусы, абалаған ит үні, не керек, қаңғыр-күңгір, салдыр-гүлдір, оған қоса таңқ-таңқ мылтық үні шықпағанда, түлкі тығылған жерінде тыпыр етпестен бұғып жата тұратын еді де, у-шу басылғасын, жымын білдірместен ініне қарай зытатып еді. Жан-жағынан шыққан дабыр-дұбырға, анадайдан атылған мылтық даусына абалаған иттердің үні қосылып, төңірегі түгел салдыр-гүлдірге толып кеткен соң, тап өзінің ізіне түсе қойған ешкім болмаса да, түлкі тыныш жата алмай орнынан тұрып кетті де, сойтіп жүріп иттерге иіс алдырып алды. Бір-бірімен кіндіктен байланысып жатқан тіршілік дегенін осы. Қазулы тұрған ордан қашқаныңмен, қырсығы қалың сорға тап келесің, әйтеуір.

Глебыч үйіне келгесін қора-қопсысы мен дуалының арасын жалғастырып тұрған көлденең ағашқа түлкіні артқы аяғының тілерсегінен төмен қаратып іліп қойды. Жап-жас ұрғашысы екен. Биылғы түлкілер шетінен ірі әрі күйлі болып тұр. Тышқан көп.

Тамақтары тоқ. Келер жылы бұдан да көбейеді. Өйткені биылғы жылы көп күшіктеді. Глебыч пышақтың ұшымен мына қара бақайдан – ана қара бақайға дейін түлкінің шабының арасын тіліп жіберді. Пұшпак терісін кесіп тастады. Бұдан екі-үш жыл бұрын түлкі атаулы кеселді қотырға ұшырап, әлдеқандай бір жараға душар болған-ды; атып алған сайын Глебыч олардың терісін отқа ұстап, сол кеселден әрең арылатын. Ал, мынаған қарасаң – көз тоймайды, майы шылқып тұр. Күн әлі жып-жылы, бірақ жексенбі сайын сейіл-серуенге шыға қалсаң, құр қол қайтпайсың, құрығанда бірер аңға қанжыған қанданады. Қыс ерте түсетін болар. Ол теріні террасаның шынтақ тірейтін ағашына көлденең тастай салды. Мейлі, әлгінің көз құртын қоздырсын! Қызық, енді ол қайтіп қарар екен менің бетіме? Терісі сыпырылған түлкінің етін ауланың сыртына шығарып, күл-коқыс төгетін орынға апарып тастады. Ол жерде өлген сауысқан-қарғалар толып жатыр еді, бұл атқан-атқанынша сонда апарып тастай беретін, жусан арасы толған қауырсын мен құстың жүні. Маскара көбейіп кетті өздері. Тыныштық бермейді тіпті. Қарқылдаған қап-қара немелер құс біткеннің ұясын бұзып, балапандарын талапайға салып, талап әкетеді. Күн көрсетуді мүлде қойды-ау, қойды!

Пайдасы тиетін адал да әлсіз құстарға Глебыч қолынан келгенінше көмектесіп-ақ бақты. Енді сауысқан мен қарғаға түлкі еті тағы да жақсы жемтік болатын болды. Құдай қаласа, қарауылға екі-үшеуі қабат ілінетін шығар. Әйтпесе өздерінен басқа құсқа күн көрсетуді қойып еді. Топ-тобымен ұшып келеді де, азан-қазан шулап, ал кеп қарқылдайды дейсің! Ұясынан басын шығарған ақымақ ұябасар құр: «Не боп қалды? Неге шуласып жатсындар?» – деп құрқылдайды. Қарғалар мен сауыскандар оған: «Өй, тірлігің құрысын, сенің! – деседі қосылып. – Таң атқалы тоғайда жиылыс болып, тамағымыз қарлыққанша қызылөңештесіп жатырмыз.

У да шу! Бүкіл жұрт сонда! Сен болсаң, өз ұяңнан шықпай отырысың мынау, ұят-ай, маскара! Өз басын ғана ойлайтын жекменшікшілсің сен! Қарасаңшы, қаншама қиянат, қараулық бар бұл өмірде. Біз болсақ, балаларымызға қарауға да мұршамыз келмей, қайың басында қалдырған күйімізше қаңғып жүрміз, қоғамдық жұмыс тынсыншы деп! Ал, сен – бай-құлақтың құйыршығы, – отырсың! Отырсың өз жұмыртқанды ғана бауырыңа басып, қарындас қауымың «күл болмаса, бұл болсын дегенің ғой бұл!» –

Сөйткесін құр байғұс қайдан шыдасын, «Қа-қа-қак! Қа-қак!» деп жерге секіріп түседі. Содан күні бойы орманды шарлап тыным тапсыншы, жұртқа тыныштық бермей, бұл да әрлі-берлі сенделеді де жүреді! Қоғамдық жұмысқа қатыскандағысы! Белсендімсіңгені! Сауыскандар мен қарғалар болса – бұл кезде оның ұясын тас-талқан кылып бұзып, жұмыртқасын шоқып-шоқып жарып, балапандары болса – бір-бірден талапайлап алып, бұта арасына апарып қызыл қанын ағызып жұлмалап жеп жатқаны... Бір заманда байғұс құр екі иінінен дем алып, еңтігіп жетпей ме: «Бүкіл тоғайды шарлап шықтым, барлық жерде болдым, бәр-бәрін көрдім, қолымнан келгенінше көмектестім жұртқа! У-уһ, енді қайт дейсіңдер маған! Айтпақшы, балапандарым қайда кеткен менің, жұмыртқаларым қайда, құдай-ау? Сендер көрмедіңдер ме оларды?» – «Ойбай-ау, сенің ақылың болса, – деседі қарғалар оған қаркылдап, – өз жөніңді біліп, жайына қарап отырмассың ба? Әділеттік сонда ғана салтанат құрар еді! Солай-солай, иә! Сорың сопақ самардай байғұс-ау, арқа жүнін үрпініп әр нәрсеге басынды бір сұққанша, өз жөніңді біліп, құдай бұйрығы шаруанды тындырып алмайсың ба?! Өзіне де осы керек, ал шок, шок!» Құр байғұстың еңірегінде етегі жасқа толады, ал сауыскан-қарғалар онсыз да қамкөңіл сорлыны жан-жағынан табалап, шок-шок десіп, реті келсе – тіпті топтанып талап, дода-доласын шығарып, қысастықтың тоқсан тоғыз түрін көрсетеді. Құдайға шүкір, әйтеуір жеп қоя алмайды, бірақ басын бір мәңгіртуге – мәңгіртеді-ақ. У-шуды әрі итеріп, бері жыққанды көтере алмаған құр байғұс әділетті ел іздеп, жер асып, жекен су асып, көз көрмеске – орманның ар жағына басымен қайғы болып қаңғып кетеді. Түлкі-түлкі түлкішек те сол табалаушылардың қасында. Ақымақ құр әдетте жұмыртқасын жерге салады ғой. Ал, әлгі қулар өз ұяларын ағаштың басына салып алады. Оған қоса, бұлар көзіне көрінген нәрсені жей береді, ал нәзік құр дән мен қайың бүршігін ғана қорек қылады. У шашылған жерде қаншасы қырылып жатқанын бір құдай білсін! Қайда барсаң да қорқыттың көрі, – деген сол! Бұдан соң қайтіп қана өсіп-өрби қойсын-ау?!

Глебыч отын жаратын балтасын қолына алып, дөңбекті домалатып әкелді де, тікесінен тік қойды. Ал, кеп бір персін сосын! Отынды ол рақаттана жарды, ара-арасында асықпай темекісін тартты; бірақ сауыскандар топтанып талап, түү жер шеті қиянға асырып тастаған, өзі балапандарынан айырылып күрік болған құр

байғұс есінен шықпай қойды. «Қоғамның ортақ мүлкін қорғайық деп шақырған өздерің, енді келіп...» – деп еңірейді құр байғұс. «Шақыруын – шақырдық қой, – деседі кекірігі азған қарға-құзғын шулап, – бірақ өзіңнің басыңда бір шайнам ақыл жоқ неме екенсің ғой! Рас, ал шақырдық, бірақ біз сен құсап өзіміздің отымыздың басын, балаларымызды ұмытқанымыз жоқ, үй-жайымыз – ұямыз реттеулі, бәр-бәрі орын-орнында! Міне, гәп қайда! Әйда, кіш! Кет әрмен! Топас неме! Әлде сен жуас түйенің жүндеуге жақсы екенін, «аузынан – сөзі, қойнынан – бөзі түскендердің» пысықтар мен ақылдыларға жем болатынын әлі күнге білмейсің бе? Бұл заман – байқағанға күштінікі, тырнақты, азулы мен тістінікі, білдің бе! Әй, сен мәнжубасқа айттың не айтпадың не!...» Қарқылдасты-қарқылдасты да, жан-жаққа ұшып кете барды. Күрік болған құр байғұс болса – мойны қылтнып қалың шөптің арасында әлі отыр, «аман болғандарында балапандарым қандай шұп-шұбар, сүп-сүйкімді боп өсетін еді», – деп, қиялдап қояды ара-тұра. Тап былтырғыдай-ау, былтырғыдай, жып-жылы болып, бауырым астында жататын еді-ау, қайтейін...

Отын кісі қызығарлықтай болып, зыңылдап кепкен екен. Жаңа сойған түлкі терісі әнеки, террассаның шынтақ тірер ағашында көлденеңінен ілулі тұр! Өзі кішілеу болғанмен, көздің жауын аларлықтай, жүні әбден жетіліп, қырық пышақпен қыржаңдайтын дер шағына ілініпті... Жолы болды деген осы! Әлгі көрсін енді, мейлі! hah! Отын жару деген бір рақат нәрсе ғой! hah!

Николай Сергеевич те шаршап-шалдығып келді, міне, есік алдына тоқтады, олай қарады, бұлай қарады. hah! Глебыч отынын жара берді. Байқамағансыды. Қасында біреу тұр ма, немене өзі? Е, тұрса – тұра берсін. Әнеки, үйге кіріп барады. Түлкі терісін көрсе де көрмегенсіді. Өй, кетесіңші әрмен! hah! Қалайша байқамасын. Маңдайындағы без емес, қоз шығар?! Әрине, қоз. hah! Немене, ол кірген үйге бұл кіре алмай ма екен, өзінің үйі... Ал, үйінде бұған, бәлкім, бірдеңе керек болған шығар. Кісіге өз үйінен не керек емес дейсің?! Ерегіскенде, ештеңе керек болмаса да, кіре салады, ал! Глебыч балтасын тастай салып, үйге беттеді. Әлгі диванда шалжиып, газет оқып жатыр екен. Енді не істерін білмеген Глебыч сипақтап әрлі-берлі жүріп қалды. Отын жарсаң, дөңбекті тікесінен қоясың да, hah – періп қаласың, қақ айрылады, hah – қақ айырылады, түп-түсінікті. Осы үйде тұрамын, осы үйдің отынын жара-



## Шығармалары. Төртінші том

мын. Ұқтың ба, сен? hah! Ойбай-ау, мынаның көзі ілініп барады ғой! Газетке үнілді-үнілді де, аяғына шейін жете алмады, не десе екен енді бұған? Тар жерге тұмағымен кіріп... мылтығын да, жолқапшығын да – бәр-бәрін осында әкеліп қойыпты. Кісі үйі-ау деп оның қысылмағанына бұл ұялды. hah! Сау бола ғой! hah! Солай, кекетіп мұқатқаным емес! Өзін де тілін салақтап, иттей шаршаған шығарсың, бәлем. Жанаттың терісін жолқапшығыңа тығып қойдың, ә? Тық, тықпа бәрібір, айтайын да қояйын, кісі мүлкі ол! hah! Жол-жоба көрген адамға ұсап айтпайсың ба былай... Әйелім құлақшын тіктіргісі келіп жүр еді деп. Бір тері деген де сөз болып па?! Бере салмайым ба сонда! Керек десен, осы күні ақ-адал зейнетақымды да қайда жұмсарға білмей жүрген адам емеспін бе мен! hah! Ішіп-жемім де бір кісіден кем емес, құдайға шүкір. Өзін мәдениетті кісі санайды-ау бұл өстіп жүріп. Рас па, өтірік пе, кандидат дегенін – профессор деген секілді көрінеді. Бәспебайлық шығар осынысы. Екеуінің айырмасы – аспан мен жердей болуы керек. hah! Мен, бәлкім, кандидат емес шығармын, бірақ өз үйіме өзім кожа емеспін бе осы! hah! Шалжынып жатып алуын көрдің бе мұның. Газет оқиды-мыс. Керек болса, тұрғызып жіберіп өзім жатып алармын. Өзінше: «Жартылығын қойдым ғой», – дейтін шығар. hah! Аяғына жұққан балшықты сүртіп кіруді де білмейді өзі. Сен жақсы адам болсаң, бір емес, екі жартылық қоймаймын ба мен! hah! Кімнің иті алса, аң – соныкі екенін түсінуге де ми керек пе. hah!

Кешқұрым Глебыч Аннасымен бірге телевизор көріп отырды. Шай үстінде колбаса жеп, рюмкілерін де сынғырлатысты.

– Соншама керек болғанда сұрамай ма екен, былай... Сен соны аяйды деді ме екен? Мен білсем, бере салар ең ғой, ә?! – деді Анна. – Осындай да еркек болады екен. Әйел болса бір сәрі. Біз кішкене... дүниеге жақындауымыз ғой, ұсақтауымыз.

Аннаның осындай бір ауыз сөзі үшін, өзі туралы осылай ойлап, өзін арқа тұтатындығы үшін, Глебыч бір жанатты ғана емес, бұл дүниедегі ең қымбаттысын да – бәр-бәрін ештеңенің бетіне карамастан, беріп жібере салар еді. Қаншама қиын күндерді бастан өткізді екеуі! Мұрны пырс ете қалған ол шылымына қол созған. Қорапты бұдан бұрын шап беріп ұстай алған Анна оны арт жағына жасырып қойды.

– Қойсаңшы! Әнегүні дәрігерлердің не дегенін білесің бе?

Өкпең – өкпе емес, көкірегің толы қапшық-қапшық кеннің күл-тозаңы! – деді ғой.

Аннаның айтып отырғаны рас, әйтсе де қорада Глебычтын тығып қойған бір қорап «Беломоры» тағы бар, сондықтан бұл да қарсыласа қоймады.

– Осыны да қатыны сүйе ме екен! – деді Анна күлімсіреп, – қасқыр тісін ақситып, ә! Құр сүйегі ғана саудыраған, сырықтай немені қалайша жақсы көреді?

– Мәдениетті екенін көрмеймісің, қарасайшы, – деді Аннаға риза болған Глебыч мысқылдап.

– Мәдениетті! Ой, ішегімді үзерсін.

– Дінгіл-дінгіл-дінгілдік, Дінгіл-дінгіл-дінгілдік...

Аннаның қатты күлгені сонша, көзі жасаурап кетті.

Қанша жыл артта қалды, тіпті балаларының өзі балалы болды, ал енді сықылықтап кеп күлгенде бар ғой, әлі күнге қыз секілді сыңк-сыңк етеді.

Найда есік алдында абалай үріп қоя берген кезде, бұлар төсекке енді-енді қисайғалы жатыр еді.

– Сыртқа шығып, қарасайшы, – деді Анна. Өзі жатар алдындағы желең көйлегін ғана киіп, анадай жердегі кілемшенің үстінде шашын өріп жалаң аяқ тұр еді.

– Ішін кепкірдің неге іші жарылып тұр! – Жатар алдында бір темекі шекпек болып Глебыч жан-жағын біраз сипалады да, ақыры тауып алып, енді шырпысын іздеуге кірісті.

– Тез барып қарасаншы енді! Қимас итің қылғынып өлер ме екен, қара қасқа!

– Өй, қойшы! Көп болса – кірпікшешенді көріп, соны домалатып жүрген шығар, нәлеттер.

Глебыч темекісін тұтатты да, тастай қараңғы есік алдына шықты. Мұның тықырын естіген Найда тіпті өршеленіп кетті. Жайдан-жай емес сияқты. Ол тастай қараңғыда үйді ақырын ғана айналды да, Найда қоймастан абалап тұрған қора-қопсы жаққа бұрыштан баспалап көз салған. Көзге түртсе көргісіз тастай қараңғыда әлдене жылт-жылт ете қалғандай болды. Міне, әңгіме қайда! Түлкі-түлкі, түлкішек, түнде жортар Патрикеевнаның өзі келіп тұр. Бұған қарай мойнын бұрып, сылаң-сылаң етеді. Эх! Көзі оттай жанып барады. Өлімтікке келгені сөзсіз! Өз тұқымдасын өзі жемек қой. Алаяқ неме! Осыдан сені қолға түсірмесем бар ғой, мен – мен болмай-ақ кетейін!

## II

Күн сайын қараңғы түсісімен Глебыч қымтанып-шымканып алып, қолына үйреншікті мылтығын ұстап, үй төбесіне күзетке шығатын болды.

– Әкесі-ау, әлектенбесенші, – дейді Анна күліп. – Енді бар ғой, ол ешқашан келмейді, сенікі әурешілік әншейін!

Үйдің қора-копсы жаққа қарайтын шатыры бітеу еді, Глебыч сол шатырды бұзып, тіпті жаңадан терезе шығарып қойды. Әуелі шатырды тесіп алды да, сол тесікке араны салып жіберіп, қисықтау болса да, терезе жасаған болды. Сол-ақ екен, көз алды кеңіп сала берді. Былайша қарағанда, бәрі де – бұрын өзі көріп жүрген жерлер, бірақ әрі сол, әрі сол емес сияқты. Ұшар басы көкке шаншылған жас ағаштардың үстінен қарағаныңда, ағашы баяғыда қырқылған орманның орны да, қалың тоғайды жаңадан қажарып салған жол да сонау көз ұшына дейін алақандағыдай ап-анық көрінеді екен. Сол жаңадан салған жол ұшында күн ұясына батып барады. Бұрын, осы терезені оймай тұрғаныңда, күн беріректегі кәрі қарағайлардың арасына барып бататын. Оның анық қайда барып бататынын білу үшін, ара-тұра жүрегін алып-ұшып, сонау-сонау қалың орманға, көз ұшындағы су қоймасына жоғарыдан қуана қарап қояуың үшін де, осы жерден баяғыда-ақ арнайы терезе жасауы керек екен. Түлкінің келмегеніне де екі аптадай болып барады. Глебычтың төзімі тез таусылды. Аңға алданып қалғанды ол ұнатпайтын. Шамасы келгенше әуреге салсын, қулығын асырып та қойсын, бірақ түптің-түбінде адамнан жеңілуі керек қой.

Бүгін де ол бір сағаттай аңдыған. Қараңғылық әлдеқашан қоюланып кетті. Теледидардан концерт беріліп жатқаны естіліп тұр. Кенет қалың орман арасынан, сонау жаңадан салған жол жақтан, әлдеқандай бір жарық көрінді де, лезде жоқ болды. Он-он бес минуттай уақыттан соң тағы да жарқ ете түсті, сосын тағы да көрінді. Демек, машина келе жатқан болды, шамасы саятка шыққан аңшылар шығар. «Япыр-ай, аң аулайтын маусым да келіп қалғаны-ау». Өткір сәуле орман ішін тінтікілеп келеді-келеді де, кенет ағаш басына шапшиды, сонсоң қайтадан жер бауырлап қысқарады да, бір кезде табан тірер тиянақ таппай, әуелеп ала жөнеледі, содан шексіз ұзарған үстіне ұзарып барып, көктегі жымың қакқан жұлдыздар жарығымен араласып кеткендей болады. Жарығы саулаған сол машина біресе үйді, біресе орманды, енді бірде су қоймасының биік

бөгетін өткір сәулесіне шомылдырып, келесі сәтте шақырайған жарығын тып-тынық боп тұнып жатқан терең суға, оның арғы бетіндегі қалың орманға түсіріп, мінеки, келіп те қалды.

– Глебыч! Эй! Глебыч! Анна Дмитриевна!

– Мен шатырдамын. – деді Глебыч жоғарыдан дауыстап.

– Неғып жүрсін?

– Сенен рұқсат сұрауды ұмытып кетіппін, Петр Митрофанович!

– Қараңыздар, қараңыздар! Бұл қазір шатырда тұратын болыпты, неге екенін өздерің-ақ түсінетін шығарсыңдар, ә? Сен немене, асылып өлгін келіп шығып па ең? Олай болса, осы бойда түс, кәні! Бұйрығымды қайтып алдым.

Аңшылар төменде қарқ-қарқ күліп, өзді-өзі әлденелер айтысып даурығып жүр. Бұрыннан келіп жүрген таныс топ. Әнебіреулер – аң үркітушілер болуы керек. Демек, бұлан аулар кез де келгені ғой.

– Түссесің бе, жоқ па, әй?! Тез түс, әйда!

– Рұқсат қағаздарың бар ма? Оны әкелмесеңдер, түспеймін, үйіме кіргізбеймін де. Кіл тәртіп бұзғыштар, өншен!

– Бәрі де бар, Глебыч, қорықпа! Осы төніректегі өкімет дегенің өзіміздікі емес пе? Кеңес өкіметіненбіз бәріміз де!

– Жарайды, енді рұқсат қағаздарың болса – түсейін. Айтпақшы, арақ әкелдіңдер ме өздерің? Қалада ұмытып қалдырып кеткен жоқсыңдар ма, әйтеуір?

– Шаршап-шалдығын жүргенінде шашыңнан сипап, жаныңды жұбатар анаң сол болса – оны ұмытып құдай ұрып па?! Бәріміз де христиан баласы шығармыз! – деді қарны қабақтай Пиджаков гүжілдеп, өзі Глебычты құшақтап, үш қайтара сүйіп-сүйіп қойды.

– Ендеше машиналарыңды анау бөгеттің қасына, бұрынғы орнына апарып қойыңдар!

Машина атаулыны Глебыч үй іргесіне қойғызбайтын. Сол үшін де бөгеттің қасынан арнайы бастырма жасаған-ды, брезентпен жабылған өзінің мотоциклі де сонда тұратын, жанармай құйылған бөшкені де сол жерге апарып, белуарынан асыра топыраққа көмгенді, қызыл тақтайға ілінген қызыл балта, қызыл күрек, қызыл шелек, құм толтырылған қызыл жәшікке дейін сол жердетұғын. Айналаның бәрі орман, қурап тұрған қу бұталар. Байқамасаң – орман да, үй-жайың да жылан жалағандай болуы әбден мүмкін.

Бірінші рюмкені тастап жіберген соң-ақ, қонақтар ду-ду әңгімені бастап кеп кетті. Әлдеқандай кісі ақылы жетпес жайларды

дауға айналдырысып отыр, шамасы, жол-жөнекей де сілтеңкіреп жіберіп, сонда басталған әңгімені әлі аяқтамаған болулары керек.

– Артық-кеміміз болса, тағдыр ол үшін өмірімізден есесін қайтара берсін, бірақ тек біз онысын білмесек екен! – дейді Медуха пешенесіне жазылған бұйрықты іске көндіккен сынаймен. – Сонда бақытымызды байламау үшін, бір қарыздан құтылғандай болар едік. Жұрттың бәрі де бұл жайға келісер еді деп ойлаймын. Кәдуілгі бухгалтерияға сенгендей, сенер еді тағдырға. Күнәң бар ма – мойныңмен көтер. Сөз арасында айта кетейін, төрт жағы – төрт құбыла адамды әлі ешкім көрген емес. Тіпті патшалардың өзі бақыттымын деп айта алмаған. Жылдар бойы жаз демей, қыс демей оларды да қасқырша қуған, атқан.

– Бақыт, сор! Бұлар озалдан шешілмей келе жатқан үлкен мәселелер ғой.

– Сол үлкен мәселелердің бізге қатысы жоқтай, олар бір... көз көрмес княндағы, әлде сахнадағы, әлде әдебиеттегі, құлды торға түскен аң секілді төрт жағынан тегіс қыспаққа ұшыраған бірдеңедей көріп, көңіл жұбатуға жаман үйреніп кеткенбіз.

– Ал, арр еткенде алып түсер жолбарысымыз қасымызда тұрады сонда.

– Иә, жаныңды алар жолбарысын қасыңда тұрады сонда. Бір күні ойда жоқта сол жаналғышың келіп бас салғанша, арақ ішуден қолымыз босамай жүрген біз, ең болмаса, қызметтен қол бос уақытта, ара-тұра болса да, әлгіндей үлкен нәрселер туралы тым сирек ойлаймыз-ау, тым сирек ойлаймыз.

– Көзімізге қасірет табын жиып алып, мөлніп келіп... маңдайды қыртыстандырып отырғанымыз сол.

– Содан, күндерде бір күн: Қап, әттеген-ай, өтіп-ақ кетіпті-ау, өмір шіркін! Қамшының сабындай келте ғұмыр зу ете түскені ме? – деп, бармақ шайнайсың да қаласың. Неге? Өйткені өмірде ылғи ең басты мұратыңды ақырына дейін қумаған болып шығасың.

– Бірденені жеріне жеткізе қуу деген жоқ қой бізде, жоқ. Мешін секілді мешел оймен күн өткізумен келеміз.

– Дегенмен, бәлен деген бір жерде, бірдеңе-бірдеңе деген құдай бар екен, ол қыбырлаған-жыбырлаған құрт-құмырсқаға дейінгі барлық тіршілік атаулының тағдырын өз уысында ұстап отыр екен деп ойлаудың өзі қорқынышты-ау. Солай деп ойлау үшін де қаншама мың тіршілік иесінің әрқайсысына арналған кітапшаны,

қандай есептеу машинасын көз алдына келтіруін керек. Құрысын, одан гөрі қарапайым да түсініктілеу бірдене туралы айтайықшы.

– Қарапайым нәрселер туралы айтсаң, оның азабы әлгіден де бетер. Жаратқанның жалғыз өзі жар болмаса қиын-ау. Біреулер мына Глебычка ұқсап, өмір бойы шахтада істеп, жалғанның жарығына зейнетақы алар кезде, енді ғана шығып отыр. Ал, енді біреулер... – Селивестров қасындағы Медухананың күлері күргешесінен сұқ саусағымен нұқып қойды, – түрлі-түрлі тіл үйреніп, классиктерді ақтарып, диссертация қорғайды, өзіне-өзі риза болып, көңіл жұбатады, осы өмірде әйтеуір бірденеге қолы жеткенін, өзінің жақсы-жаманын түгел сараптайды! Жасаған иені жалғыз рет аузына алмаған солардың бірденесі кетіп жүр ме?

– Құдайдың қолынан келмесе, адамның қолынан түзетуге келмейтін осындай айырмашылықтың ақыры неге апарып соғады? Өзінді-өзің, күнәкар сезінуге жетелейді! Сен де, мен де, ол да Алла-тағаладан алдап алған ештеңеміз жоқ қой! Мәселен, мен сәл кешірек туыппын, сондықтан ертеден кара кешке дейін елмен бірге станок басында тұра алғаным жоқ, оның ессіне, масақ теріп, саршұнақтың ініне су құйып, өзімше майданға көмектескен болдым.

– Қоғамға он шақты ғана шығыстанушы ғалым керек болса, жүздеген мың шахтерлер қажет. Бұған құдай не істей алмақ? – деді Медуха мәмілеге шақырғандай.

– Кешіріңіз, жолдас, демек сонда сіздің пешененізге көмір уату ғана жазылған екен, онан басқа сіздің ешқандай көңіл жұбатырыңыз болмағаны ма бұл өмірде?! – деп Селивестров мырс етті Глебычка қарап.

– Құдайдан басқа көңіліне медеу етер бірдене бар ма дегені ғой! – Пиджаков мәселені төтесінен қойды. – Ал, қалың бұқараның өкілі, бұл сұрақ саған беріліп отыр. Тек ойланбастан жауап бер. Сен құдай туралы, жалпы мынау өмір-тіршілік туралы не ойлайсың өзін? Көп ойланба!

– Иә, ойланбаңыз!

– Немене, құдай... құдай деп. Құдай дегенің бір аспаннан аяғы салбырап түскен адам ғой деп пе едіңіздер! – Мынау саусылдаған кілең еркек қосылып алып келеке қылып отырған жоқ па деп ойлаған Глебыч жұрт өзінен қандай жауап күтіп отырғанын байқамақ болған сынаймен, төңірегіндегілерге бір-бір назар са-

## Шығармалары. Төртінші том

лып шықты. – Осы өмірден ұққаным – ол, әйтеуір, менің жағымда. Білдіңдер ме? Ал, ол бар ма, жоқ па, өздерің білетін шығарсындар. Оқымысты адамсындар ғой.

– Тура жауап беруден бұқараң да тайсақтады!

– Ол қалайша тек сенің ғана жағыңда? – деді Пиджаков кадалып, өзінің көзқарасы баскалардан гөрі Глебычке жақында деп есептейтін ол, сондықтан да мұның ойына ортақтығым бар деп санайтын өзін.

– Менің жағымда болмай, сенің жағыңда болсын ба енді? Қорықпай-ақ қой, басқа – басқа да, тап сенің жағыңда бола қоймас ол, – деді Глебыч та есесін жібермей.

– Әнеки, ешқандай ереженің де, қатып қалған қағидаларының да қажеті жоқ бұған? – деді Пиджаков енді гүрілдеп. – Бұған тек өндірістік... Медуха, немене еді? Қане, сен айтып жіберші! Өндірістік қаты... Медуха, айтып жіберші дедім ғой мен саған! Өте дұрыс, Медуха! Глебычка ең бастысы – қатып қалған қағидан да, күрделі категорияларың да, философияң да емес, өндірістік қатынастар! Құдаймен екеуінің арасындағы өндірістік қарым-қатынастар!

– Міне, бұл – жөн әңгіме!

– Жалғанды жалпағынан басып, шалқып-тасып жүрген ақылдылар мен астамсынғандарға бұл бір оңды жауап болды-ау!

– Қасиетті сенім! Қызығамын да қызғанамын! Қолына шырақ алып іздесең, таптырмайтын қасиет!

– Глебыч, келші бермен, көгершінім, өзінді бір сүйіп жіберейін!

– Бұқараны әркім тек өз кезегімен ғана сүйсін! Ширетсіз болмайды!

– Сендер өздеріңмен өздерің-ақ сүйісе берсеңдерсейші! Мен енді іше алмаймын. Қитарланып кететін түрім бар. Оның үстіне қазір шатырға шықпақшымын. – Қиын жерден қиялап жол тауып кеткеніне Глебыч өзі риза болып қалды.

– Тұра тұрыңдар! – деді Медуха қолын сермелеп, – шыбынның ызыңы естілетіндей болсын, қане... Ал, енді бізге бұқараның үнін жеткізуші... Қане, бәріміз бір кісідей сұрайық. Айтсын, айтсын!

– Құдай деген бір аспаннан аяғы салбырап түскен адам емес дедім ғой. Ұқтыңыздар ма, жоқ па? Мен – қаршадайымнан өмір бойы қара жұмыс жасаған адаммын. Қолымнан келгенінше жұртқа жылу, қуат бергім келді...

– Өй, енді газет сөзін сөйлеп кеттің ғой, – деді разы болмаған Пиджаков оның сөзін бөліп. – Бауырым-ау, одан да өз сөзіңмен айтсайшы! Сондай жаттанды, жауыр әңгіменің қанша қажеті бар саған.

– Сөзді бөлме! – деп ақырып қойды Медуха. – Газет сөзі қанына сіңген, санасына ұялаған, онысының еш сокеттігі жоқ, бәрі де табиғи нәрсе! Өзің қалай сөйлегің келсе, солай айта бер, Глебыч. Қызыл тілді құр безеп, жаман үйреніп кеткендердің әңгімесін құлағыңа да қыстырма! Кімді жерден алып, жерге салғалы тұрғаныңды өзің жақсы білесің ғой! Қазір сен – өзің патша, өзің құдайсың!

Айтыстың беті басқа арнаға бұрылып, жұрт бір сәтке Глебычты ұмытып кетіп еді; қайтадан естеріне келгенде, ол дастарқан басында жоқ болып шықты. Бұл кезде қартың шатырға шығып алып, өз-өзінен мәз болып отыр еді. «Жақсы кісілер кілең бір. Ең бастысы, өзім деген адамдар. Бірақ ішіп алса – осы, қайдағы жоқты соғып отырғандары! Өздерін де қатырдым білем». Төменнен Пиджаковтың гүжілдеген жуан даусы күркірей шықты.

– Құдайдың бар-жоғы туралы дауласуға бола, сірә, орманға келе ме екен кісі?! Ой, ақымақтар-ой! Әй, мәнжубастар-ай! Мұндай әңгімені адам арақ ішіп алып та айқайлап айта ма екен? Мұндай әңгімені кісі... көпті көрген ақылды адамдармен оңаша отырып шертісуі керек қой. Бар ондай адамдар! Бірақ тек табуың қиын. Әнеки, солардан, сондай адамдардан арақ ішпей отырып сұрасаң ғой...

Бірі жасырынып, бірі аңдыған – Глебыч пен түлкінің арасындағы мынау ойын әбден шиеленіскені соншалық, түлкішектің енді келмеуі мүмкін емес сияқты көрінді оған. Әрине, дәл осылай ойлау, яки сөз жоқ келеді деп тұжыру қиын нәрсе еді, бірақ бар төзіміңді жиып, шынымен күтсең – күткен аның көрінуге тиіс деп ойлайтын ол. Келуі керек. Немесе иттерден сырғақтап жүргенінде, ойламаған жерден тап сен аңдып отырған тұстан, бұта арасынан шыға келетіні бар. Темір-терсектің магнитке өз-өзінен тартылатыны бар ғой, әнеки, сол секілді. Көзге көрінбейтін бір құдіретті күш өзі-ақ сүйреп әкеледі.

Шынында, түлкі сыбдырын білдірместен келген-ді. Кенет тастай қараңғыда екі көзі от боп жанып, жарқырап қоя берді де, шарбаққа қарай ақырын жылжи жөнелді. Аузы аңқайып қалды Глебычтың. Тілегі орындалып, мұратына жеткендіктен гөрі, дәл қазір бұл



бір түсінде ғана көретін тылсым жайтка тап келгенге көбірек ұқсайтын. Түлкі абайлап қана басып, ақырын жылжып келеді. Сәл-пәл кідіреді де, тоқтап тың тыңдайды, сосын тағы ілгері басады. Ара-тұра жаркыраған от жоқ болып кетсе – мойнын баска жаққа бұрғаны. Жел – иттер жақтан соғып тұр, дұшпандары – темір тордың ар жағында екенін білетін ақылды неме анау-мынаудан үркіп-қорқу дегенінді қойған. Жүрісіне қарағанда өзі аш та емес және. Не де болса келісінде бір мән бар! Глебыч «қанды басын бері тартқайсын» деп оны іштей арбап, көзімен ішіп-жел, орманнан берірек шығуын тілеп отыр. Бүткіл дүние көз алдында дөңгеленіп, қаны басына шапқан Глебычтын ойы да, арманы да – қазір тек сол.

Мылтығын көтеріп, сорайған оқпанын солай қарай созып еді, түлкіні таппай қалды. Қолын төмен түсіріп еді – қайтадан көрді де, қайта көздеді. Тигізе алу-алмауы әлі неғайбыл нәрсетұғын, әйтсе де қуаныштан жүрегі жарылардай болып, демін ішіне тартқан күйі тына қалғанында, көңілі өрекіп ала жөнелді. «Әлгілер де өздерін аншымыз дейді-ау! Маскүнем өншен! Сендер малталарыңды езіп, қайдағы жоқты соғып отырғандарыңда мен, мінеки, түлкі атып алайын... Қырық жыл қызылөнештеніп айтқандарыңда таусылмайтын әңгіме болар бұл әлі»... Қуаныштан қалтырап-дірілдеген қолдары өз-өзінен сіресіп, мылтықтың сорайған оқпаны селкілдегендей болды: тастай қаранғыда тап басып көздеу де онайға соғар емес. «Құдая, тек жазатайым тигізе алмай қалудан сақтай гөр! Жұртқа күлкі қыла көрме! Бізге өзінше қыр көрсетіп, құр босқа аспанға атқансын дағы. – деп сенбейді ғой бұлар. Әй, қайдан шыкса – одан шықсын! Нар тәуек-ке-еел...» Тастай қаранғыда тарс еткен мылтық даусынан өзінің құлағы тас бітеліп, көзі түк көрмей қалды. Үйдің шатыры да қоса-қабат қопарылып кеткендей. Тек мылтықтың оқпанынан бұрк ете қалған бір құшақ от қаранғы түн қойнын тіліп өтіп, туу алысқа барып жоқ болды. Сол-ақ екен, жан-жақтан иттер абалап, үйден тарс-тұрс жүтіре шыққан адамдардың дабыр-дұбыр даусы маңайды көміп кетті.

– Глебыч! Жын соқты ма сені? Әй!

Түлкі әлгінде атқан жеріне құлапты. Сым қоршаудың түбіндегі қалың шөп арасынан Глебыч оны қолшамның жарығымен тауып алды. Бүйірі сап-сары болып жатыр екен. Әлі жаны шыға қоймапты, ышқына керіліп-созылғанда ұп-ұсақ өткір тіске толы кішкене аузы ақырын ғана бір ашылып, бір жұмылды. Қолшам-

ның самала жарығында түлкінің түгі сары қызыл емес, біртүрлі ақшыл болып көрінді оған.

Есік алдында тұрғандар мұның атын атап әлі шақырып жатыр. Глебыч түлкісінің артқы аяғынан ұстаған күйі қоршау сымның астынан еңбектеп өткен. Тастай қараңғыда Пиджаковпен соқтығып қала жаздалы.

Анна бұларды террасада күтіп тұр екен.

– Патрикесвнаны ақыры қолға түсіргенсің бе! – деді күйеуіне деген мақтанышын әзілмен бүркемелеген болып. – Әй, өзің де алған бетіңнен қайтпайсың-ау!

Глебыч түлкісін ас үйге әкеліп, линолнум үстіне тастай салды.

– Сендер мұнда арақ ішіп, айқайласып жатқандарыңда – деді сонсоң қонақтарына қарап қокнып қойып, – маскүнем өңшең!.. Бұл сөздің саған да қағысы бар, Петр Митрофанович! Иә, иә, неменеге қарайсың бажырайып! Кейбіреулер арақ ішіп, айқайласып болғанша, нағыз аңшының не істейтінін көрдіңдер ме?!

Түгі мақпалдай құлпырған жас түлкі линолеум үстінде жатыр, жұп-жұмыр жұмсақ құйрығы шұбатылып кеткен, серек құлағының ұшы қап-қара.

– Үйірімен үш тоғыз, Глебыч!

– Бұл үшін бір рюмкі алып жібермесе болмайды!

– Атақты аншы ғой бұл біздің!

Бұлар күні бойы тоғай кезген, түк өнбеді. Аң үркітушілерді Глебыч өзі тағайындап еді, ара-тұра солардың қатарына өзі де тұрған. Ақыры кешқұрым бір бізмүйіз жастау бұлан ұшырасып, соны жаралап қалысты. Глебыч әлгі бұлан атқыштардың алдына қарай көлденеңдей бергенін байқап қалған. Медуха самсаған ағаштардың арасынан оны екі рет атуға үлгеріп-ақ еді, бірақ асықты ма, кім білсін, тигізе алмады, сол-ақ екен, бұлан ашық жермен тура оның өзіне қарай салды, қол созым жер, қайтерсің, енді атайын десе, оғы жоқ. Медуха мылтығын қайта оқтағанша, бұлан жорғақтап барып бытпылдыкка кірді де кетті, бірақ екі саны – қара қан, ізінің де екі жағына бірдей қан тамып қалыпты. Жұрт Медуханы жеті әкесінен жіберіп, боқтап жатыр. Қарсы айтарға сөзі жоқ, ол не десін. Жаралаған аңдарын қараңғылық қоюлана бергенде итпен іздеп жүріп, әрең тауып алысты. (Ит әкелу үшін үйге жүгіруге тура келді Глебычка). Бұлан екпе ағаштардың арасында екі иінінен дем алып, тәлтіректеп әрең тұр екен, өршелене ұмтылған иттерді

Шығармалары. Төртінші том

мүйізімен жасқап қояды. Әлгінде бұлар бұланнның соңғы кідірген жерін көрген, жатқан орнында қап-қара қан ұйып қалған екен.

Етті жіліктеп болған соң, бөліп-бөліп аркалап алған олар ымырт үйіріле тоғай арасындағы жолға шықты. Шаршағандарына қарамастан, әлгінде «қанжыға қанданғаны үшін» деп бір-бір рюмкіден тартып-тартып жіберген, машинаға мінген соң да, тіпті жол-жөнекей көліктерін тоқтатып қойып та ішіп жатыр, ішіп жатыр, үйге келген соң жас бауырмен де біраз сілтеді. Сонда мұның өзі – аздап арақ араласып кеткен аншылық емес, керісінше, ара-тұра аң аулап қойып, жылып арақ ішу болды да шықты. Анна мұндайдан мезі болған еді.

Қара жұмыстың қамыты мойындарын қажап көрмеген мынау нарттай еркектердің несі кетер дейсін, ал мұның – Глебычтын екі өкпесі, дәрігер айтып кеткендей, кен орнының күліне толған екі қапшық қана. Мыналар аң қуып, қызыққа батып, әрлі-берлі жүгіріп, май басқан қарындарын біраз шайқап-шайқап алып, ракатқа кенелді, ал, мұның ақымақ байы екі өкпесін әрен сүйретіп жүріп, олардың сонынан салпақтайды. Жұрттын несі кетер дейсін, бүкіл өмірін соның жолына сарп етіп, «балапандай байқап, жұмыртқадай шайқап», қайтсем мынау бес күн тірліктегі осының татар дәмін ұзартамын деп шыр-пыр болып жүрген бұның еңбегі ғана зая кетпесе...

Анна төсеніштерді, көрпелерді шығарып, ескі пальтолар мен күртелерді де, тіпті әлдеқашан ержетіп, жан-жаққа тарап кеткен балаларының ішіктеріне дейін қалдырмай, оған қоса киімлігіштегі ныққа ілуге жарайтын лыша атаулының бәрін сыпырып алып тартып берді де, жұртты жағар орындарына айдап тастады.

Глебыч, шынында, қалжырап қалыпты: күнұзақ тоғай кезгені бар, оның үстіне арақты да көбірек ішіп қойыпты. Әйтсе де Пиджаков қайта-қайта көзін қысып, ымдап терраса жақты көрсете берді. Онда су құятын бөшкенің ағаш қақпағының үстінде бір шиша арақ, екі рюмкі және туралған кияр тұр еді. Оның бәрін Пиджаков қу бағана дастарқан басынан әкеліп, осы жерге жайғастырып қойған болатын.

– Мұнда біздің бір бөлек сый дастарқанымыз тұр! Таңдай жібітуге арағың, талғажау қылуыңа – киярың! – деп Пиджаков күлкіден жарылуға шақ қалды.

– Түү, сенің де ойлап таппайтының жоқ екен!

– Темекі тартқан боп тысқа шыға қалсаң, бәрі дап-дайын, тек сенің келуінді тосып тұрады. Тартып жібересің де, аздап таза ауа жұтып, тып-тыныш жата қаласың. Рақат!

– Петр Митрофанович, осы... кандидат пен профессордың қайсысы үлкен?

– Профессор дағы. Айтпақшы, әлгіндей келіп-кетіп жүретін сілімтіктерді бар ғой – шетінен қуу керек. сонда ғана көзің ашылады!

– Қызық-ау өзі... «Адам аласы – ішінде» деген, ә? Соның бәрі ғой, бір жанаттан шықты. Ал, одан құндырақ, қымбаттырақ бірдене болса қайтер еді? Әй, көпшілікпен араласып көрмеген көрбағы адам ғой, шамасы. Өмірінің күллі мақсат-мұраты – тек көрпені өзіне қарай тарту. Дұрыс емес қой сонысы. Қалай ойлайсың, сондай адамды да әріптестері сыйлай ма екен? Меніңше сыйламайтын болу керек! Шахтада жүргенімде, мен сұмдық озат болдым ғой. Грамота дегендерін – анау кіші бөлменің қабырғасына түгел желімдеп қойсаң да жетер. Зауытқа бала күнімде барғанмын. Алтыншы класта жүргенімде. Үш ай үйренуші болдым да, дербес станок иелендім. Сонда станокқа бойым жетпей, аяғымның астына жәшік қойып тұрушы ем. Танертең шешем түртіп қалғанда, жылап қоя беретін едім. Шыным, жылап отырып киінетінмін, ал көзім әлі ұйқыда. Оған қоса өзің білетін аштық, жалаңаштық. Зауытқа қарай жүгіреміз, шешем екеуміз. Әр жұмыс қолына берілетін азық-түліктің бір үлесін мен де алам. Содан соғыстан кейін шахтаға түстім, бүкіл ғұмырым сонда өтті. Бұл жерге қалайша кеп қалдың дейсің ғой? Бастықтардың біреу-міреуінің есіне мен түсіппін. «Еңбегі сінген адам ғой, енді біраз біздің Глебыч те жалғанның жарығында өмір сүрсін дағы», – депті-міс. Анау да мынау, мықтаса – кәрі қойдың ғана жасындай-ақ ғұмыры қалған шығар деген секілді, баяғы. Ал, мен бұл жерге келгесін тірілейін де кетейін. Жұмысты қойғалы қай заман, әлі күнге жер басып шауып жүрмін, міне. Бірақ өзіңнің ортаңнан, ұжымыңнан ажырасқан қиын екен. Шүкір, теледидарың бар ғой – жиналысқа келгендей болып соның алдында қақиясың да отырасың, өнім өндіру еселеп артты, қосымша міндеттеме қабылдадық, асыра орындадық... деп жатады. Демек, менсіз де ешкімнен кем қалып жатпағандары, державамызды көздің қарашығындай аман сақтап отырғандары ғой.

– Сен бар ғой, Глебыч, нағыз азаматсың!

## Шығармалары. Төртінші том

Олар бір-бір тартып жіберді де, құшақтасты. Глебыч террасаның шамын жағып, қолын алдына созған. Кәдімгідей-ақ калтырап тұрғаны анық байқалды.

– Не айтпак ем? Иә, әлгінде Медуха тағдыр жөнінде, сосын тағы да басқа жайлар туралы әңгіме қозғады ғой. Бакыттылар, бакытсыздар хақында да біраз сөз болды. Сол әңгімелерге қарағанда, мен бакытсыздардың қатарына жататын сияктымын!

Ал, мына сен қалай ойлайсың, апаттан аман қалу – бакыттылық па, жоқ па? Биіктігі қырық метр шахтаның төбесі опырылып ортаға түсті. Екі-ақ адым жерде, дәл қасында тұрған мен тірі қалдым. Бүкіл бригада кетті. Көзді ашып-жұмғанша жоқ болды... Біз үйімізге, ағайын-туғандарымыздың ортасына оралдық, ал олар таутөбе топырақ астында қала берді. Петрович дейтін бригадирі-міз бар еді, күйіктен күні-түні арактан бас көтермеді. Содан жан баласына көрінбестен, үйінде апта жатып, бір күні қырынып-таранып кеңсеге келді-ау. Шахта бастығы онымен жайлап сөйлесіп, үйіне қайтарып жіберді: «бара бер, Петрович, саған тағы бір апта бюллетень беріледі», – деп. Қасірет шеккен, қайғы жеп қойған жүзіне қараудың өзі мүмкін емес-ті. Содан оны, әрине, зейнетке шыққанынша ептеп-септеп көңіл делбеп жүрді ғой. Міне, тағдыр ісі деп соны айту керек, білдің бе?

Глебыч шамды сөндірді. Өзі де әбден сансырап қалған екен.

– Топырактары торқа болсын! – деді де, Пиджаков тісін шықыратып қойды. Қайғыға ортақтасқанын білдіргісі келгенітұғын.

– Олардың бәрі менің көз алдымда, – деді де, Глебыч қабырғаға қолын тірей беріп, тәлтіректеп кетті. – Глебычка бір бөтелке қойсаң болды, ол саған дос, жолдас және бауыр бола қалады екен деп ойлама! Жо-о-ок! Менің жолдастарым анау жақта, білдің бе? – Онсыз да тақтайы ырсыып кеткен террасаның еденін Глебыч бір аяғымен тепкілеп қойды.

Таңертең бет-ауыздары мыж-мыж болып, көзі-басы ісініп кеткен аңшылар тоназыған етті балтамен бұзып, бөлек-бөлек қапшықтарға толтырды да, багажниктеріне салып алып жүріп кетті. Кетерлерінде енді бір айдан соң тағы бір бұлан атуға рұқсат қағаз әкелетіндерін айтып, уәде берді.

Ондайға Селивестровтың епсектілігі барын жұрттың бәрі жақсы білетін. Глебыч өзіне тиесілі етті қораға апарып, жіпке іліп-іліп қойды, басты да үйтіп тастағысы келіп еді, шаруа атаулыға қолы бармай-ақ қойғаны. Содан үйге кіріп жатып қалған, қатарынан

бірнеше күн ұйқыдан бас көтермеді. Анда-санда Анна келіп оятады, тамақ береді, сосын бұл қайтадан ұйқыға кетеді. Су қоймасының биік бөгеті қасындағы жалғыз үй жым-жырт тыныштыққа бөгіп тұр.

### III

Жұма күні таң алдында Глебыч түс көріпті. Көретіні қандай түс дейсіз ғой? Баяғы жұмысы дағы. Бірде сменасына кешігіп қала жаздап, автобуска тырмысып жатады кірейін десе, сығылысқан адам, ауа жетпей, жүрегі атқактап соғып қоя береді. Енді бірде түні бойы тынымсыз жылжыған транспортердің ішінде тұрады. Транспортер төмен құлдилап келе жатады, құлдилап келе жатады, бұлардың жаны мұрындарының ұшына келеді екен дейді. Сөйтіп жатып, кенет Глебыч жұмақтың төрінен бір-ақ шығып жүреді. Бұрын-соңды мұндай жерге тап келем-ау деп ешқашан ойланбаған жазған басы түк дайындық та жасамаған болып шығады, сондықтан ол өзінің сіңірген еңбегі мен наградалары туралы, сондай-ақ аяқ-қолының сырқырамасы, тағы да басқа сырқаттары жөнінде нендей анықтама қағаздары мен дәлелді құжаттары барын дереу есіне түсіріп, саралай бастайды-мыс. Бір қызығы, әлгі дәлелді деген құжаттары – мөрі өше бастаған әлдеқандай ескі түбіртектерге айналып, түк мән-мағынасы жоқ қағаз болып шығады. Еске сақтауға қиын басқа да осындай ұсақ-түйектерді баса-көктеп, кенет оны рахман нұрына шомылдырған бір майда, мамыражай шуақ құшағына алады-мыс... Өзін тесіп өтіп жатқан сол шуақты өткір сәулелер әлдеқашан ұмыт болған бала кездегі бір қуанышты сәттерін жан-жүректі елжірете, есіне салады екен дейді. Жүрегін жарып жіберердей сол қуаныш пен бақыттан басы айналып, тынысы тарылған соң, еңіреп тұрып жылайды-мыс. «Апыр-ау, – деп ойлайды сосын жылап-жылап көкірегін босатып алған Глебыч сергіп, – осының бәрі ақыр түбінің қайырлы болуына көрінгені екен-ау!» – Төбесі көкке жете қуанған әлгі балалық бейкүнә шаттығы көп ұзамайды, көңілін сұлқ түсірген әлдеқандай бір күдікті де күмәнді ойлар жетелейді-міс. Мұның бәрі бекер, құр былшыл, – дейді әлгі ойы, – бұл дегенің ешқандай да қуаныш пен бақыттан бас айналу емес, кәдуілгі космостағыдай салмақсыздық жағдайда тап болғандығыңнан ғой!

Әйтсе де рахман нұрына бөлеген әлгі майда шуақ Глебычтың тұла бойын, тіпті сүйек-сүйегіне дейін әлі тесіп өтіп жатыр екен

## Шығармалары. Төртінші том

дейді, әншейінде зар қақсатып, шыбын жанын шырқырататын сырқыраманың бірі де жоқ, тіпті еш жері ауырмайды-мыс, оны айтасың-ау, жайшылықта кара зілдей денесі мұның жанынан бөлектеніп жетіп, әнеки, қап-кара боп қарауытқан әлдеқандай бір әлемге бірте-бірте батып бара жатқан секілді, ал, Глебычтың өзі болса – жанын әлдилеген аппақ нұр мен әлгі жарық толқынының бетіне қалқып шығыпты. Еңсеңді езген зілмауыр дененді тастап шықсаң, құдды шаршап-талған аяғыңнан жұмысқа киген сатпақ-сатпақ етігіңді сыпырып алып, шұлғауынды да коса шешіп тастағандай, өзінді жеп-жеңіл де сергек сезінеді екенсің ғой. Құдды, осы уақытқа дейін Глебыч деп жүргендері – Глебыч емес, әрі шаршап-талған, әрі сырқырама дертке душар болып, ісініп кеткен аяқ қана секілді, енді содан құтылғаныңда сезінер сергектігін мен рақатың бұрынғыдан жүз есе күштірек десең болғандай...

Әлгі аппақ нұр мен жарық толқынының бетінде рақаттана тербетіліп жатқанда, Глебыч оянып кетіп еді. Бақса, жаны да, тәні де тазарып, тұла бойы біртүрлі жеп-жеңіл болып сергіп қалыпты. Жан-жағына назар салғанда шифоньерді, қабырғада ілулі тұрған түкті кілемді, төбедегі шамның бүркеншігін, алқызыл көрпені, көнетоздау көйлек киген әйелінің жалаңаш нығын, сол нықтың үстінде шашылып жатқан бурыл тартқан шашты көрді. «Жоға, – деп миығынан күлді Глебыч, – мен әлі мұндамын, анау жаққа аттана қоймаппын ғой. Әлгіндегі қуанышымның мәнісі не екен? Түсімдегінің бәрі – бекершілік те, ал алдымда күтіп тұрған қауіпті ештеңенің жоқтығынан ба? Көзім жұмыла қалса, әлгі бір түсіме қайта оралып, аппақ нұр толқынына тербетіле жөнелуге болатын болғаны ғой». Ол әйелін оятып: «Анна, сен екеуміздің бір-бірімізге айта алмай жүргеніміз – қорқатындай нәрсе емес екен ғой!» – деп қуантқысы келді. Бірақ басына келген қайдағы-жайдағы қаңғыма ойды айту – бұған қызық көрінгенмен, әйеліне таңертен жұмысқа бару керек-ті!

Әйі, бәсе, неғып желіге қалды десе – қар жауған екен ғой! Міне, мәселе қайда жатыр. Әлгі аппақ нұр да, үй ішінің жарқырап тұрғаны да содан екен. «Жайыма қарап жатпай, кемпірімді шошытып ала жаздағанымды қарашы, – деп ойлады Глебыч камқорси қалып, – Жылап-сықтап, «шалым өлуге біржолата бет бұрған екен?» – деп шала бүлінетін еді. Қайтерсің-ау, оған да оңай тие қояр деймісің өле қалсам!»

Осы уақытқа дейін еңсесін езіп келген үйреншікті үрейден құтылғанына мәз Глебыч бәрібір жайына қарап жата алсашы... Шыламай тосектен тұрды да, шетен үстінде жатқан шылымын алды. Терезеден тысқа көз жүгірткен: жердегі шөңгі де, қора-қопсысын да, ағаш бұтақтарын да жаңа жауған жылбысқы қар көміп салыпты. Тіпті бағандарға шейін көңілді боп көрінгісі келгендей, төбелеріндегі аппақ қар тебетейлерін бір шекелеріне қисайта киіп алып тұр.

Ол киімдігіштен шолақ тонын алып киді, сосын аяғына байпағын сұға салып, жып-жылы ауыр есікті айқара ашты да, саф таза салқын ауаға шыға келді. Қылаулаған ақша қар қылаңдаған аппақ нұрдай скен. Глебыч есік алдында темекі шегіп тұрып, бүгін әдеттегісінше әлдеқандай бір ғана нәрсе немесе соның ұсақ-түйек жай-жапсары туралы емес, керісінше, басынан кешкен бүкіл өмірін бір-ақ сәтте тұтасымен қамтып, өзі жайлы біртүрлі ерек ойға берілді. Ойы – болары болып, бояуы сіңген іс жайындағы ой секілді. Ештегенден қорыққан да жоқ, ештегенге еңсесі жығылмады да, тіпті алдымда аранын ашып тұрған әлдеқандай бір құбыжық бар-ау, соның аузына түсем-ау деген ой да келмеді басына. Күллі өмірі көңіл көзінің алдында сайрап жатыр, бұл одан гөрі биіктеу бір төбенің басына шығып алып, енді онымен біржола бақұлдасқалы тұрған секілді. Міне, ол өзінің бақытын ап-анық көрді, қасында намаздыгердің көлеңкесіне ұсан, қабағына кірбің ұялатқан мұңы да қабаттасып жүр. Ұсақ-түйектерді де ұмытқан жоқ: аулаған түлкілерін, бытпылдықты қақ жарып қашып бара жатқан кешегі бізмүйіз жас бұланды есіне түсірді. «Қай нәрсені алып қарасаң да, – деп ойлады Глебыч, – соның бәрі бақыт, тек табиғаттың еркін перзенті – қанатты құсты торға түсіргендей, тап басып тауып айтар сөзін ғана аузына түспейді ғой».

Ол темекісінің тұқылын қалың қарға тастай салды, қуаныш пен бақыттан біртүрлі көкірегі сыздап, тұла бойы түршігіп бара жатқандай бүрсең қаққан; сол-ақ екен, үстіндегі шолақ тонының қойнын да қуаныш пен бақыт кернеп бара жатқандай сезінді. Қазір ол кез келген ұсақ-түйектің өзінен кеше ғана өткен оқиғалардан да, күллі алыс-жақынын, бірге туған бауырларын да, қара жер қойнына тапсырған қатар-құрбысын да, апат кезінде таутөбе топырақ басып қалған, яки әртүрлі аурудан опат болған жолдастарын да жазбай танып тұр, кімдерді азагүлмен өз қолымен шығарып салғаны,



Шығармалары. Төртінші том

кімдердің алыста жүргенінде ажал тырнағына ілінгені, кімдерге тарту-таралғы алып, өзі кіріп шыққанына дейін көзінің алдында, керек десең, ол қазір транспортермен кезектен қайтып келе жатқандарды да, оларға қарама-қарсы бағытта төмен түсіп бара жатқандарды да, балаларын, немерелерін де, күйеуі тастап кеткен белнемере қарындасы Настя мен оның ұлын да, жисні Сержаны да – мынау жер басып тірі жүргендерді тегіс қия алмай тұр; бір бригадада жұмыс істеп жүргендерінде қаза тапқан жігіттер, жылдар бойы жұмыстас болғандар мен көршілес тұрғандар, кездейсоқ ұшырасып қалғандар да, әйтеуір көз қиығы түсіп кеткен, өзімен заманы бір жандардың бәр-бәрі де оның жанарынан тізіліп өтіп жатыр, өтіп жатыр. Солардың бәрін қимай тұр бұл. Өйткені ол енді көп ұзамай келмес сапарға аттанбақ. Сондықтан бәр-бәрімен бақұлдасып қалғысы келеді.

*1981 ж.*

## АҒАНЫҢ ҮЙІ – АҚ ЖАЙЛАУ

### I

ДЕМАЛЫС айы онша оңды басталған жоқ, әп дегенде тап болған шопыры машинасының жылдамдығын алпыс шақырымнан асырмайтын, өзі кекірейген, үндемес біреу болып шықты; ал, мұндайларды Девяткиннің суқаны сүймейтін. Девяткин қарапайым да жайдары адамдарды жақсы көретін, кейбір көкірттердің діңкеңді құртар сыпайы сыздануынан гөрі, ақжейде адамдардың докірлігін естіген артық деп есептейтін-ді. Әуелі ол «мынау шопырдың үндемей отырғаны – орысшаны нашар білетіндіктен шығар» деп ойлаған, сойтса орысша тәп-тәуір-ақ сөйлей алатын адам болып шықты; демек, аздап ұрттап алғаны анық білініп тұрған серігімен ұзын жолдың үстінде әңгіме-дүкен құруға құлқы соқпай отырғаны дағы.

Девяткин бұған іштей ренжіп қалған, бірақ бір темекісін шегіп болғанша әлгі өкпесін өзі де ұмытып кетті. Әуелі қаланың қаптаған бағдаршамдарынан құтылайықшы, кеңістікке шыққан соң қазір-ақ даңғыраған айдау жолға түсерміз, сосын бұл да бір уһ деп кең тыныстар да, арқа-басы жайылып, бойына батылдық еніп, жаныңды жадыратар саржеліске салмас деймісің деп ойлаған, үміті мүлде ақталмады.

Бір мыскал өзгеріс болсашы! Девяткиннің алып-ұшқан көңілін анық сезіп, соған әдейі су сепкісі келгендей, шопыр қасақана алпыстан асырмай келе жатқан секілді көрінді оған. Соңғы жылдары ылғи қоймада отырып, машинадан да, мұндай-мұндай жолсапарлардан да мүлде қол үзіп кеткен оның көкірегінде кенет баяғы өзінің шопыр кезіндегі алағай да бұлағай бұла дәурені буырқанып қоя берді.

Біраздан соң бұл тықақтап қоймағасын, шопыр әйтеуір азкем тілге келген. Балтық жағалауындағы бір қалада туған болып шықты. Девяткин, әрине, ондай қаланы өмірі естіп көрмеген-ді, үш қайтара сұрап, шағылған шырпының күйелі басымен шылымының қорабына қаланың атын әрең дегенде жазып алған, бәрібір сол бойда тарс есінен шығып кетті; әуелден-ақ соны сұраудың да, оны есімде сақтайыншы деудің де не қажеті бар еді десеңші, тәйірі.

– Мына біреуді басып озсайшы, неменеден қорқып келесің, – деп даусын түлкібұлаңға салып құбылтқан Девяткиннің үнінің астарында шопырға деген ашынуы да жатыр еді, бірақ өп-өтірік күлімсіреп, қайраған сынай танытқан болды.

– Қайтеміз соны?

– Оп-оңай басып озуға болады ғой дегенім дағы!

– Құрысын, қайтеміз?

Ал, енді сөйлесіп көр! Мына мәнжубас «мойын омыртқам үзіледі» деп қорқа ма, машинасын аяп келе ме, ит білсін! Кәдуілгі ет пен сүйектен жаралған адамға тәртіп-тәрәкудің осынша сіңіп кетуі мүлде мүмкін емес қой, әйтпесе! Кім көрінген мұны басып озып барады, басып озып барады, бұл болса, баяғы алпыстан танбай, әлі ілбіп келеді, әлі ілбіп келеді.

Мынадай өгіз аяңмен келе жатқанда ауыз ашпай қарап отыру мүлде мүмкін емес-ті, сондықтан шопырдың сөйлескісі келмей отырғанын анық сезсе де, Девяткин оған тақау орындыққа келіп, тағы да бір рет жақындап отырды. Қайта-қайта тықақтап сұрай берген соң, ақыры шопыр оған мынау бос автобусты Мәскеуден неге осы күйінде айдап келе жатқанын, әйтеуір амалсыз түсіндірген болды. Жасыл бояумен сырланған анау ағаш жәшіктегі әлдеқандай бір өте қымбат құрал-жабдықты әкеле жатыр екен, сол құрал-жабдыққа бола жіберіпті мұны Мәскеуге.

– Ал мен демалысқа шыққанмын. Ағамдікіне келе жатырмын. Базарлыққа мылтық сатып алдым. Аң аулап, құмарын бір

## Шығармалары. Төртінші том

қандырсын-ай! Мені оқытып-тоқытқан сол еді. Бес жыл бойы ай сайын ақша салып тұрған да сол, сондықтан мұнымның әбестігі жоқ шығар?

– Әрине, – дей салды шопыр.

– Тек әлгі оқу-тоқуымның өміріме түк пайдасы тиген жоқ акыры. Кәдеме жарамады. Өзіңе ұқсап әуелі машина айдадым. Шопыр болып. Ол да бір дәурен еді-ау. Газды басасың да отырасың, одан басқаға басың ауырмайды. Кейін ғой, жабдықтау жұмысына ауысамын деп анау-мынауға алаңдайтын болғаным. Қазір меңгерушімін. Бәріне де шүкіршілік, әйтеуір. Ал, қалай, шопырлық жұмыс өзіңе ұнай ма?

– Әрине, иә.

– Менің ағам – мынадай жігіт. Басы – мынадай, қолы – мынадай! Тек саусақтарының мына жері мынадай жеріне дейін жоқ. Ал, көкеміз тіпті ересен ірі кісітұғын, оны айтуға тіл жетпейді. Бәс тігіскен жерде екі пұттық кірдің тасын қақпадан асыра лақтырып жібергені бар. Қандай күшті болғанын енді сезген шығарсың? Ә? Кірдің екі пұттық тасын ауладан асыра лақтырып жіберу деген – кез келген кісінің қолынан келе бере ме? Тек кескіні көз алдымда анық қалмапты.

– Иә. – Шопыр жолдан көзін алмайды, шамасы, ықылас қойып тыңдап отырмаған сияқты.

– Соғыста қаза тапты. Сендердің бендерашылдарыңмен соғысқан болатын, – деді Девяткин сүлесок шопырдың шамына тию үшін. – Орманда отырып алып, әлгілер біздің адамдарға бұрыш-бұрыштан, таса-тасадан оқ атыпты ғой.

– Бізде бендерашылдар болған жоқ, – деді шопыр, демек, тыңдап отырған болды ғой.

– Жә, мен қайдан білейін! Әйтеуір, сол жақта, батыста емес пе. Қаза тапты, өтті-кетті. Өлтірген – сіздердің адамдарыңыз! Енді келіп ақталғаны несі-ай! Девяткиннің көзі шақшырайып, зәрлене қарады, қызарып кеткен бетінің жақ еті де кенет қуқыл тартып, жыбырши жөнелген, бірақ ұрттап алғанда болатын көтерілме желігін көп ұзатпай-ақ өзі басты да, қолын шопырдың иығына салды. – Жә, қалшылдамай-ақ қой, сен. Бәрі де өтті-кетті нәрсе ғой. Онда тұрған не бар. Біздер, орыстар, кекшіл жұрт емеспіз. Солай болған екен, жарайды. Сонымен тынсын енді. Одан да мен саған ағатайым туралы айтып берейін. Оның екі саусағын мына жерінен жұлып

кеткен, мны да шайқалған. Қалай болғанын әңгімелеп берейін енді. Мен бірде гранат тауып алғанмын. Әлі кішкентай кезіміз ғой, ал ағам ол кезде едәуір жігіт болып қалғантұғын. Сол көріп қалды. Маған берші, Юражан, – дейді. – бере тұршы.

Шап беріп, қолымды гранатпен қоса сыртынан қыса ұстап алды да, сығымдап тұрды, сонсоң қарысып қалған саусақтарымды бір-бірлеп жазып алды да, өзімді құйрықтан бір тепті. Есіктің алдындағы баспалдақ астына барып жалп ете түстім. Ол гранатты бақшаның ішіне жытырып жібермек болған. Уысында жарылып кетуге шақ қалды. Екі саусағын ғана былай жұлып әкетті, әрине, басы да мәнгүрттіктен сау қалған жоқ. Егер сол жерде ол көріп қалмағанда, әлгі гранат менің быт-шытымды шығарары сөзсіз еді. Әлі есімде, «Юражан, қолындағыны маған бере қойшы», – деді-ау. Содан бері ағатайым аздап ақылынан алжасып қалды, былайша қарағанда мақау адам секілді, бірақ кемістігі соншалық сезіле де қоймайды. Сенемісің? Ептеп қана ақылы ауысқан! – Девяткин сұқ саусағымен өз маңдайын өзі қатты шұқып тұрып, бұрғылап-бұрғылап қойды. Ерні жымқырылып кетті.

– Иә, – деді, шопыр бұрынғысынан жолға қарап отырған күйі.

Девяткин сабасына түсіп, енді жұмған аузын ашпауға бекінді. «Мына милауға енді бір сөз айтсам ба, бәлем». – Әдетте, ол әлгі гранат жайындағы әңгімесінен кейін маңайындағы жұртқа қалай оқығанын, соғыстан кейінгі қираған шаруашылықты қалпына келтіру жылдарында аш-жалаңаш жүріп-ақ қалайша адам қатарына қосылғанын жыр ғып айтып беретін немесе өзімен түйдей құрдас, әрі құйттайынан бірге өскен, әйгілі алаяқ досы туралы сайрай жөнелетін; немесе қазір қалай тіршілік етіп жатқанын, қандай-қандай жолдармен табыс тауып жүргенін сыр қылып шертетін; тап осы тұсқа келгенде ол әдетте өтірікті судай сапыратын, көлденең табысы күніге бір бөтелкеге ғана жетерліктей екені мұндайда есінен мүлде шығып кететін. Сонсоң пәтері жайлы, мебелі мен ас үйі хақында ал кеп бөсетін, ал кеп бөсетін, мұның да арасына түрлі түсті теледидар туралы әңгімені білдіртпей ғана қыстырып жіберуші еді: онысының жаны да бар сөз, әрине, түрлі түсті теледидар сатып алмақ болғандары рас-ты, бірақ әйелі көнбей қойған. Сол түрлі түсті теледидары түскірді ала салғандарында да болады екен, кейін бәрібір ақшасы анау-мынау ұсақ-түйекке босқа шығындалып кетті.

Шопырда үн жоқ, Девяткин де біраз уақытқа дейін тіл жармай-ақ бақты, бірақ ақырында бәрібір шыдамады – қадір-қаснеті төмендеп қалатынына қолды бір-ақ сілтеп, қайтадан әңгімеге кірісті. Сағатына алпыс шақырымнан аспай сырқылдай беру ішін әбден пыстырған-ды.

Бұл жолы ол арак-шарап пен әйелдерден бастады әңгімені. Бұлар туралы айтқанда өліктің өзін бір аунатып түсіруге болатын. Әуелі жас шағында арақты қалайша өкірткенін есіне алды, тіпті күні кеше де есесін жібермегенін – бірер шишаны аш қарынға салып алғанын сөз етті; ал әйелдердің жайына келсе, бұл тараптағы басынан өткерген өнерінің сан алуандығы сонша, сонау әскерде жүрген кезінен күні бүгінге дейінгісін түк қалдырмай санап бастасан – қос қолындағы саусағының да саны жетпес. Бәрін де көрді ғой бұл. Қазір де, реті келген жерде, анау-мынауыңнан бас тартатын жігітін бұл емес, тұғырынан әлі тая қоймаған, үндемей жүріп-жүріп келіп, айдың қолдін аккумулярына ақсұңқардай шүйлігетін шақтары болып тұрады...

Шопыр жолға қараған күйі жақ ашпастан отыр, оған тіпті әйелдер жайындағы ауыздың суын ағызатын әңгімелердің бүгешігесі де шыбын шаққандай әсер етпей-ақ қойды. Девяткин бұдан әрі сөзден қалып, ең артқы орындыққа барды да, ұзынынан түсіп жата кетті. Автобус тілмен жалағандай тап-ғазатұғын: машина атаулының бәрінде де салдыр-гүлдір етіп, әрлі-берлі домалап жүретін бүйірі майысқан жаман шелек те жоқ, мұнда: резенке кілемшенің де шаңы аспанға шығып жатқаны байқалмайды, маймай ескі-құсқы шүберекке орап, отырғыштардың бірінің үстіне тастай салынатын гайка кілттерінің сылдыры да білінбейді, тіпті осы тәрізді автобустардың әу бастағы жобасында міндетті түрде салдырлауға тиісті секілді көрінетін терезелердің өзі мұнда сылдыр етпейді.

– Оятарсың! – деп дауыстады да, Девяткин кепкісін көзіне түсіріп қойды.

Ұйқы қайдан келе қойсын, көзін жұмғанмен, сағатына алпыс шақырымнан аспайтын баяғы ішпысты өгіз-аянды сезді де жатты. Еңсіз орындықта құлап кетуден қорықпай жату да қиын тиді. Сондықтан ол лажсыз басын көтеріп, терезеге телміріп қарады да отырды.

Жол жиегінде екі аяғымен бірдей қоқандап қара қарға секіріп жүр. Салқылдаған қорабына тиелген темірбетон блоктарды шашып

алуға шақ қалып, соңындағы тіркемесі оңды-солды бұлталақтап, еңіске қарай скпіндей ұмтылған «МАЗ» бұларды жанай өтіп кете барды. Ал, «КамАЗдар» кастарынан қарлығашша ағып өтеді тіпті. Нағыз еркектің бәрі бұларды бірінен соң бірі басып озып, құстай ұшып кетіп барады, кетіп барады. Тек мына мәнжубас қана алпыстан асырмады да, одан төмен түсірмеді де. Девяткин қайтадан оның қасына келіп отырды.

– Ананы көремісің?

Өзі бір бөлек, екі бетке алма-кезек шайқалақтаған тіркемесі және бөлек қисаңдаған бір «МАЗ» көз алдарында бірте-бірте ұзап бара жатты.

– Машинам қуаттырақ болса, мен де қатты жүрер едім.

– Руліңді маған берші, автобусыңның қандай екенін мен саған көрсетейін. Айдай алсаң, мұнымен де біраз іс тындырар ең, сағатына жүз шақырымнан асырып, – деді Девяткин кіржііп.

Шопыр жауап қатқан жоқ.

– Кімнің қалай айдайтыны жолда білінеді. Біреулер бар, қарап тұрсаң осы... қорқақтап, өз-өзінен үргелектеніп, жолдың жиегін қуалап жымып келе жатады; жандарының тәттісін айтам-ау, сірә, тірлігі құрысын олардың! Өйткен жанның барынан да жоғы жақсы дағы! -- Девяткин инемен жазған жазуы өше бастаған тас түйін жұдырығын шопырдың көз алдында жазып жіберіп, алақанына түкіргіштеп қойды: – Тфу!

Шопыр мұның сөзіне құлағын салғанмен, жолдан көзін алған жоқ, жылдамдықты да не арттырмады, не кемітпеді, бірақ Девяткиннің жан туралы әңгімесіне аздап сзу тартты. «Демек, күлгені – жанды жеріне тигені ғой» деп қуанып қалған Девяткин енді ашылып сөйлесетін шығар деп ойлады да, әңгімесін жалғастыра түсті.

– Сіздерде машина алудың мүмкіндігі қандай, соны айта отырыңызшы? Ақшам бар, бірақ көптен бері бір көліктің реті қолға түспей тұр; кезегінді күтсең – ішегің үзілетін! -- деп Девяткин өтірікті қойып кеп қалды.

– Соның өзі бізде де онша оңып тұрған жоқ, – деп, шопырдың да көзі жайнап, қабағы жадырай кетті. – Мен биыл көктемде әрең алдым. Жеті автомобиль әкелінген екен. Маған бір танысым дүкеннен телефон соқты. Мен әйеліме телефон шалдым. Кезегіміз – жетінші еді. Бар болғаны – жеті-ақ машина әкелініпті. Бастықтардың бірі

Шығармалары. Төртінші том

аяқ астынан алғысы келсе, жетпей қалуы да мүмкін ғой. Сол бойда дүкенге бардым да, бірінші болып сатып алдым.

Девяткин көзін тайдырып әкетті. Мына мәнжубастың әңгімесін енді тыңдамас-ақ еді, бірақ тыңдамағанда қайда барады. «Жигули» туралы айтуы мұң екен, әңгіменің кілтін дәл тауыпты да қойыпты. Енді әңгімең де өзіңе, машинаң да өзіңе деп, түсіп қала берер еді. Әрине, ұзын жолдың бойында түсіп қалып, келесі бір кез келген машинаға қолын көтеруге әбден болатын. Отырсын сосын, өз машинасы жайлы әңгімесін өзіне-өзі айтып! Тіпті жана бірден түсіп қалғаны жөн болатын, бірақ мықтағанда үш теңге төлеп жететін жеріне мына машинадан түсіп қалып, келесіге мініп, мынаған жарты пұлын төлеп, келесі машинаға жартысын беріп, ұсақтап жатудың өзін орынсыз көрді. Өйтсе және жарты жолға да үш сом, жолдың үштен біріне де үш сомды бәрібір берер еді. Орыс адамының жан-дүниесі солай жаратылса қайтсін бұл енді! Девяткиннің ұнжырғасы түсіп, артық төлеуге тура келетін табан ақы, маңдай терімен табылған үш сомы үшін барынша төзіп-ақ бақты, ара-тұра шашы мұқият қырқылған шопырдың шүйдесіне оқты көзбен қарап қояды, ал, ол болса, туды-бітті өзгермейтін өзінің алпысымен әлі сырқылдап келе жатыр және жайына да қарап отырмай, «Жигулидің» «Москвичтен», «Москвичтің» «Жигулиден» артықшылығы туралы әңгімені көйітіп, белтемір мен қорапты, тіреу мен тежегішті салыстырып-салғастырып, бұзып-құрастырып, шала бүлініп отыр.

«Мынадай жүріспен миллион шақырымды күрделі жөндеусіз-ақ жүріп өтуге болатын шығар, – деп ойлады Девяткин ит жыны құрысып. – Бірақ мұндай сырқылдың кімге қажеті бар? – Бұған «Жигули» неге керек, басқа неге керек? Машина дегеннің, сірә, нісі де бара ма екен мұның мұрнына?»

– Сен Айға дейін барсаң да, бірде-бір бұзылмайсың! – деді Девяткин шопырға, межелі жеріне жеткен соң түсіп жатып. Есікті сарт ұрды. Бұдан былай өмірі жолықпайтын автобустың соңынан «құтылдым ба, құтылмадым ба» дегендей, қуана қарап сәл тұрып қалыпты.

## II

Сарғая бастаған сұлы егістігі күн нұрына құбыла толықсиды. Егістіктің ар жағынан шағын деревня көзге шалынды, онан әріректе қарауытқан тоғай тұр – ойқы-шойқы; жол солай қарай

апаратын секілді. Еңіске қарай созылып жатқан сол жолдың он жақ бетінде жарқабақты жағалауы жалп-жалп құлауға шақ тұрған жіңішке өзен ирелең-ирелең етеді, оның да ұзына бойына иір-иір тоғай өскен. Ағасының әйелі бұған жазған хатында «шіркеуге жете бере бұрыласың» дегені бар-ды, ол шіркеу көрінбеді. Девяткин көз ұшындағы деревняны да, қарсы алдындағы тоғайды да мұқият шолып-ақ бақты – бірақ шіркеу ұшты-күйлі жоқ. Ал, пәленінші шақырым Н... тас жолы дегені – осы; демек, бұл қателесіп тұрған жоқ, шіркеуі бар болғыр әлі де алда, анау тоғайдың тасасында шығар, әйтеуір бір көрінер.

Сол қолына чемоданын, оң қолына жап-жаңа қорапқа салған мылтықты ұстап, Девяткин әлгі ойқы-шойқы жолмен еңіске қарай құлдай бастады. Ұшы-қиыры жоқ кең жазирамен салыстырғанда, талыстай теріден тілінген таспадай-ақ болып көрінетін тас жолмен арылдап-гүрілдеп, салдырлап-гүлдірлеп ауыр машиналар зу-зу өтіп жатыр, өтіп жатыр, ал, мынау егіс алқабы, анау тоғай, сонау деревня құлаққа ұрған танадай тыныштыққа мүлгіп тұр. Ертеңгілік бас жазған ащы судың зәһары қайтып, аузындағы иісі де желге ұшып жоғалуға айналыпты. Төңіректегі тыныштыққа елтіп, содан жабығыңқы жанына дәру тапқандай болған Девяткин кенет өз-өзінен желпініп, әлдекімге ерегіскендей ме, біреуге өжендегендей ме, бір түсініксіз кейіпте «Неғылса да біздің жерге жететін жер жоқ-ау! Жоқ қой, жоқ!» деп ойлады.

Сергек аяңдай түсті. Базарлыққа әкеле жатқан, сонымен бірге аунап-қунағанының ақысы да секілді көрінетін қосауызды, құлақсыз жап-жаңа қорапқа салынған он алтыншы калибрлі мылтығы да (бір аптадан кейін осында демалуға Девяткиннің әйелі мен екі баласы да келуге тиіс еді) көңілін қуанышқа бөлеп келе жатты. Сондай-ақ, ол оқ-дәрі де, әртүрлі тығындар мен капсюль де, жап-жаңа қорапты қоса есептегенде, небары жүз он сомға құрал-жабдықты қоса сатып алған болатын. Осы төңіректегі тоғайларда тамаша саят құруға болады екен, сондықтан ағасы мылтық әкелуді мықтап өтінгентұғын.

Девяткиннің бұл маңайды көріп тұрғаны осы – ағасының өзі таяуда ғана, бұдан екі-ақ жылдай бұрын, Брянск облысынан осы жерлегі жанадан құрылған совхозға көшіп келген-ді.

Майда топырағы борпылдаған қара жолмен келе жатқанында жаны жайланып, рақатқа батқаны сонша, Девяткин: «Шыққаныңда



Шығармалары. Төртінші том

Ленин тауларына...» – деп ыңылдап ән салып қоя бергенін өзі де аңдамай қалды.

Шағын деревняға дейін шапшаң-ақ жеткен-ді, сол жерде оған жөн сілтегендер шіркеудің әлі алдында екенін, ол жолдың айырығында тұрғанын, өзі кішкентай ғана шіркеу екенін, анау қалың тоғай мен қарауытқан бұталардың тасасында бұл жерде тұрғанда көрінбейтіндігін, тек күз бен қыста ғана ағаштардың жапырағы желге ұшып кеткен кезде көрінетінін, ал қазіргі талдар-ақ тегіс жапырақ жайған тұста тасаланып қалатынын, сол шіркеуден бағдар алып кете қойса, Девяткин бара жатқан «Красный маяк» совхозына дейін жол тұп-тура, ешкайда бұрылмайтынын және оған дейін әлі күнге адам баласы адасып та көрмегенін айтып, көңілін біржола орнықтырып жіберді.

– Ал, мына деревняның аты не? Осы біз тұрған деревняның атын айтыңызшы әуелі! – деп, Девяткин жөн сілтеген әйелден бағытын пысықтап алмақ болды.

– Қай деревняны сұрап тұрсың?

– Осы біз тұрған деревняның атын сұрап тұрмын!

– Біздің деревняны ма?

– Иә, сіздің деревняны!

– Бұл Ульяново ғой! – соны да білмегенің бе деп таңырқағандай, әлгі әйел Девяткинді келекелей күліп қойды.

– Қойыңызшы! Қалайша кара басып танымай қалғанмын мен мұны! Жер жүзінде екі-ақ үлкен деревня бар, бірі – Мәскеу, бірі – сіздің Ульяновка деуші еді! – Жұрттың келекесін жақтырмайтын Девяткин қонқ ете түсті.

– Ульяново, – деп түзетті де, ештеңенің мәнісін ұға алмай қалған әйел анырая қарап тұрып қалды.

Деревнядан өткен соң, Девяткин тағы да бір тығырыққа тап болды, жол сілтеген әлгі әйел мұның алдынан кездесетін өзеншіктен өтуі керек пе еді, жоқ па, бұл жағын айтқан жоқ-ты, бақса, алдында екі жол жатыр, қайсысына түсері белгісіз. Төбешіктің басында тұрып, ол еріксіз ойланып қалған. Кенет көпірдің үстінде әлдене қозғалғандай болды; сыңайына қарағанда – қалғып кеткен тана-торпақ па деген; сөйтсе – соқталдай жігіт болып шықты; пиджағын басына бүркеніп, көпір үстінде жатыр екен; аударылып түскенде, ол Девяткинге тана-торпақ секілді көрініпті. Әнски, сол соқталдай жігіт енді екі аяғын көпірден салбыратып жіберген күйі

жайбарақат отыр. Девяткин одан жөн сұрамақ болып, солай қарай беттеген. Пиджағын жұмарлап ұстаған күйі әлгі жігіттің өзі де бұған қарай қозғалды.

– «Красный маякқа» деймісің? – деп, мұның сауалын қайта сұрап алды да, жігіт ойланып қалды. – Демек, Изьяловоға бармақшы екенсің ғой?

– Иә, Изьяловоға.

– Изьяловоға бармақ болсаң, әйда, әуелі темекі шегіп алайық! – деп, сілекейленген контек ерніне күлкі үйірген бейтаныс жігіт мырс ете түсті.

Төбеде шүйкеленген аппақ бұлттар қалқып барады, жайпауыт төбелердің баурайларында алтындай сап-сары шөмелелер шошайып-шошайып тұр, сонадайда орман қарауытады, ал төменде – бұлардың тап аяқтарының астында уақытша салынған көпірдің тіреу ағаштарына жіңішке өзеннің ағысы ақырын ғана шылп-шылп ұрып, сылдырай ағып жатыр.

Кенет:

– Ал, жүрелік, мен де солай қарай бара жатыр едім, – деді де, әлгі жігіт тартып болмаған темекісін суға лактырып жіберді.

– Бара жатыр едімің қалай, ұйықтап жатқан сияқты едің ғой?

– Жатқанмын. Бірақ әуелде солай қарай бара жатқантұғым.

– Сонда, немене, сен әуелі жүріп-жүріп келдің де, осы жерге жата қалдың, сонсоң жатып-жатып, енді тағы жүріп кеттің бе?

– Бағытымның дұрыс-бұрысына күмәндандым да, жата салдым.

Жігіттің ұйқысы енді ғана ашылған секілді, күн өтінде қалып, қызарып кеткен ісінкі бетіне жан кіріп, оның қызыл жирен қаскірпігі мен қалың қабағының астынан түймедей қоңыр көзі жылт-жылт етіп қоя берді.

Бір тобенің тасасынан шіркеудің шошайған басы, әуелі, қаңылтыры майысқан күмбезі, сонсоң орманның шетін ала орналасқан оның өзі толық көрінгенде:

– Екі шақырымдай жер жүрдік білем? – деді Девяткин, шіркеудің қабырғалары көпіршіген қанқызыл түстес болып көрінді оған.

Жігіт артқа қайырылып, жүріп еткен жолдарына біртүрлі шұқшия қарап тұрды да, қасында Девяткиннің барын енді ғана аңдаған кісі сияктанып, өз-өзінен сасқалақтай жауап қатты.

– Солай секілді.

Девяткин шаршап қалған-ды: ап-ауыр чемодан екі қарын салдыратып тастаған; бір ауық оны нығына көтеріп алғысы келді.

Шығармалары. Төртінші том

– Мә, ұста мынаны! – деді, ол жігітке мылтықты ұсына беріп, өктемдеу үнмен. Жігіт үн-түнсіз мылтықты қолына алған. – Екі қолың салақтап бос келе жатсың, айтқызбай-ақ түсінетін жөнің бар емес пе, – деді сонсоң ұялтқансып әрі базыналық жасағандай, мәмілегер үнмен. – Жақсы мылтық бұл, бауырым. Он алтыншы калибр, құлақсыз, өзі су жаңа. Сіздің жаққа саят құрар жерлер көп дейді ғой?

– Баршылық. – Тілерсегі майысып, жігіт алда келе жатқан, аяғын көтеріп басуға ерінгеннен, катып қалған саз кесектерге сүріне береді; эне-міне етпетінен түсер ме екен деп қаласың, бірақ құламайды, шамасы, тілерсегі майысып, өз аяғына өзі шалынысып, бірақ жығылмай да құламай, қанша жүргісі келсе – сонша ұзақ осылай жүре бере алатын сияқты.

– Жерлерің жақсы екен. Табиғаты қандай тамаша!

– Иә, табиғаты тамаша.

Жігіт бәкене бойлы ғана екен. Бірақ мамық жабысқан әрі құстың аппақ саңғырығынан сауыс-сауыс боп былғанып қалған пиджагының астынан-ақ какпақтай жауырыны, шойындай шомбал иығы, қарағайдан қнып салған моншаның қабырғасындай қатар-қатар қабыртқалармен көмкерілген көріктей кең кеудесі апайқын байқалады.

– Жә, сен емпелеңдей бермесеңші, кішкене демалайық.

Әр аттаған сайын чемоданы түскірі зілқара тасқа айналып бара жатқан секілді; шамасы, ішіндегі заттың салмағы жол ұзарған сайын еселене артып, енді сол салмақ жүрек жағындағы иығын жаншып келе жатқан болуы керек.

Демалып жатуға уақытым жоқ, – деп қыңырайғанмен, жігіт тоқтады әйтеуір.

– Қызық екенсің өзің! Жаңа ғана тыпыр етпей жатыр едің, енді тоқтауға мұршаң болмай қалыпты. Сен, немене, шынымен жүріп-жүріп келдің де, бірден ұйықтамақ болып жата қалдың ба? – деп, жігіттің көңілін көтергенсіп, Девяткин қошаметтей күліп қойды.

– Ұйықтағым келіп еді – жаттым да ұйықтадым, енді жүргім келіп еді – демек, жүремін, кідіруге уақытым жоқ!

Десе де, жігіт бұл ұсынған темекіні алды, тұтатты.

Тамыздың ми қайнатар қапырық ыстығы дінкелеткен Девяткин чемоданын жол жиегіне қойды да, үстіне шоқиып отырып алды.

– Ағылып жататын машиналардың да бірінің ұшыраспауын қарашы.

– Бұл жермен ешкім жүрмейді. Рас, анда-санда тракторлардың суды кешіп өте салатыны бар. Ал, автотранспорт айналма жолмен кетеді. Көпір әлсіз әрі орныксыздау ғой.

– Немене, бір жібі түзу көпір сала алмай жүр ме?

– Әне-мінемен күн өткізіп келеді ғой! – деді жігіт кенет тым сергек жауап қатып, көзі әлденеге жайнап сала берді. – Сен кішкене кідіре тұршы! – Ол жол шетіндегі ордан бір-ақ ырғып, анадай жердегі бұта арасына жып беріп кірді де кетті.

– Қайда кеттін?

– Ішім өтіп... – деп, жігіт күшене ыңыранды. Өзі бұталарды салдырлатып, тал басын тербетіп кетіп барады, шамасы, алысырақ әрі иісін жел жеткізбестей жерден орын іздеп бара жатса керек, о да болса Девяткинді сыйлаған түрі шығар.

– Мылтықты тастап кетпедің бе! – деді Девяткин бұта жаққа қарай күле дауыстап. – Құдды қаруын қолынан тастамайтын солдат секілдісің ғой өзін!

«Ваня жер түбіне зытқан екен-ау. Азаматым. Жарайсың, – деп ойлады, төңірекке көз жүгірткен Девяткин іштей рақаттанып отырып. – Не деген сұлулық мынау, кең дала, орман-тоғай, өзен, ұшқан құс, жүгірген аң; қора-қопсы өз алдына, сиырың, торайың бар, тіпті тауық асырасан да нен кетеді, балапан өсіргеннің өзі ше! Шаруа деп, міне, осыны айт, сүт алу үшін дүкенге жүгіріп жатпайсың. Зауыптардың көк түтіні де, шекенді шағар шу да жоқ; метро, автобус... деп транспортқа ілігіп кетуге де таласып жатпайсың».

Ағасының мынау тірлігін жан-жүрегімен құптап, бірақ өзінің жақында ғана алған үш бөлмелі жаңа пәтерін де, ту сыртындағы бұта арасына әлгінде ғана кіріп кеткен жіп-жирен жолсерігін де есінен шығармай, сонау бір кезде әйелінің арқасына мәскеулік болып тұрғылықты тіркеліп алғаны – ақырында сәтті шаруа болғанын бағалай білетін ку Девяткин, осылайша, ой тұңғығына батып отырды. Бұл жаңа пәтер туралы ойдан Девяткин, мінеки, он жыл бойы жатса-тұрса еш арылған емес – бес жыл бойы сол пәтерге қолым қашан жетер екен деп армандап жүрді, енді алғанына да бес жыл толғанмен, әлі қызығы басылмапты. Айта берсеңіз, бұл пәтер дегенін – Девяткин үшін оның жеке басының бөлінбес бір бөлшегі, яки оның бойында біте қайнасып кеткен тоқсан тоғыз түрлі сезімнің: қабілеттің, тілектің, талаптың, қасиеттің, тіпті тоқсан тоғыз түрлі жағдайдың бейберекет тоғысуы; әсіресе, оның өзін-өзі адам

## Шығармалары. Төртінші том

секілді сезінуіне әрі негіз, әрі бастау болған, ең қадірлі қасиетінің бір бөлшегі деуге де болатын шығар. Оның өзін-өзі сыйлау-сыйламауы осы пәтерді алу-алмауына байланысты шешілетіндей көрінді де тұрды, өйткені осы пәтерді қолына түсіруге тырысып жүргенінде, мұның жігіттігі де, нағыз табанды іскер, пысық еркек пе, жоқ па – бәр-бәрі өмірінің белгілі бір кезеңінің кесек бейнесі ретінде осы пәтерге келіп тірелгентұғын. Мұндай ерлік жасау деген – ағасының үш ұйықтаса да түсіне кірмеген шығар. Ағасы, рас, бір ескі үйді жалғыз өзі-ақ бұзып, жалғыз өзі-ақ тиіп, енді тракторыңмен сүйреп апарып, жаңа жерге қайтадан құрастырып салып ал десе – құрастырып алар; яки ағаш қыркуға рұқсат қағаз алып берсең, сынсыған орманды отап, сынғыраған үй салып ала алар. Бірақ бұл күнде ондай-ондай дегендерін, Девяткиннің ойынша, үшінші бәйгеге әрең ілігетін ғана қабілет-қасиеттертұғын.

Түріне қарағанда ақылы таяздау, анқаусымақ болып көрінетін қу Девяткин бұ замандағы әр нәрсенің паркын тамаша айыра білетін; сондықтан да өз тағдырын ағасының тағдырына ешқашан, еш нәрсеге бола айырбастамас еді. Әйтсе де, ауылдық жерде тұрмыс кешудің кереметтігі туралы қазіргі сәтте ой кешуі – оны бір рақат күйге бөледі. Кинодан көргендері ме, теледидардан байқағандары ма, әлде сиректеу де болса, қолына түскен бір кітаптардан оқығанынан ба, бәлкім, тіпті деревняны аңсап, ылғи да көкіректері күрсініске толатын да отыратын қалалықтардан жұққан қасиет шығар, әйтеуір ол осылай қиялдауға дағдыланып кетіпті, оның үстіне өзінің де деревняда өткен балалық шағы, анасы жайындағы есінде қалғандар да ню-кию араласып, осының бәрі оны деревня туралы тәтті бір қиялдарға жетелейтін болыпты, мінеки, қазір де ол өзінің жағдайының жақсылығын айдан анық сезіп отырса да, деревня туралы тек қана тәтті арман мен күйкылжыған құрғақ қиялға беріліп кетіпті және өзі осынау жалған қиялынан керемет бір ләззат тапқан.

Жиенқызыл жігіт әлі жоқ.

– Әй», арқан жұтқанбысың, немене өзі! – деп дауыстап қойды, Девяткин бұталар жаққа қарай бұрылып. Ешкім жауап қатпады. Сонау жап-жасыл беткеймен шіркеуге қарай өрлеп бара жатқан кісі болмаса, төңіректе тірі жан жоқ та еді. Иә, алыста, сонау шіркеудің қасында, бір кісі ғана өз жөніне кетіп бара жатты, ал бұталар жақтан еш сыбыс білінбеді де.

– Әй, жолдас! – деп дауыстады, Девяткин енді шынымен маза-сызданып.

Жауап болмады, тек шіркеуге жақындап қалған жаңағы кісінің қолында мылтық секілді бірдене бұлғақтап бара жатты, тіпті сол кісінің өзі де қызылжирен жігітке ұқсайтын секілді көрінді.

Өз-өзінен шала бүлінген Девяткин шылымының тұқылын табан астына тастай салды да, аң-таң болып тұрып қалды.

Әлгі кісі артына қайырылып, Девяткинге анықтап бір қарап алды да, шіркеудің тасасына түсіп көрінбей кетті. Енді түсінікті болды бәрі! Жігіт қашып бара жатыр және жай ғана бара жатқан жоқ, мылтықты алып қашып барады!

Девяткин чемоданын ала сала, әлгінің соңынан тұра жүгірді.

Бұталарды қақ жарып, жінішке сиыр соқпақпен жүгіріп келе жатқанында, чемоданы әр нәрсеге бір соқтығып бөгесін болғанына қарамастан, Девяткин екі өкпесін қолына алып, құстай ұшып келе жатты, әйтсе де аяқ астынан душар болған мынадай жайға бәлендей сенгісі де келмеді. Бұл бір мүлде түсініксіз жайт еді және тіпті себеп-салдарсыз оқиғатұғын, солай демей де қайтсін-ау, екеуі бірге келе жатты, жолшыбай кәдімгідей әңгіме шертті, сонсоң бұл «алып жүре тұр» деп мылтықты оған берді, оның іші ауырған екен, онда тұрған не бар, бәрі де мүмкін нәрсе ғой, солай болса – солай шығар, бірақ енді келіп қашқаны несі, энеки, қашып барады ғой және жай кетпей, мылтықты алып кетіп барады.

Ұрлағаны ғой! Мылтықты ұрлағаны!

Екі иінінен енгіге дем алып, Девяткин бағанағы жап-жасыл төбе басына шыға келгенінде қараса, шіркеу жап-жақын-ақ жерде тұр екен; жол бойынан қарағанда қашық секілді көрінгені, біріншіден, жасыл төбенің басында тұрғандығы болса, екіншіден, өзінің шапшағын ғана, кішкентай етіп салынғанынан болса керек. Қазір-ақ бәр-бәрі аныкталатын шығар, әлгі жігіт, шамасы, осы шіркеудің ішіне тығылып қалған болуы керек, енді қайтер екен деп, көзі бақырайып қарап отырған болар; ауылда өскен ақымақ неме, сылқ-сылқ күліп... қалжыңдап едім деп қазір-ақ өзі шыға келер, – деген оймен Девяткин сәл кідіріп қалды. Ел ішінде мұндай-мұндай есерсоқтар бола береді. Бұл ойы сөкеттеу болғанмен, көз алдында шым-шытырық шырғалаңға айналып бара жатқан шындықтан гөрі келеңсіз емес-ті.

Күйдірілген кірпіштен салынған шіркеу қызғылт тартып тұр,

## Шығармалары. Төртінші том

алыстан карағанда көпіршіген қанқызыл түсті болып көрінгені содан екен. Күмбезінің әр жері ойылып, опырыла құлапты. Тек теріскей беттегі қабырғасы ғана тұтас күйінде тұр. Төбедегі өрнекті жағалай жасыл мүк басқан; төңірекке тегіс көк шығыпты. Шіркеу қабырғаларының қалың тұрғызылғаны соншалық, осынау кішкентай ғана құрылыстан төрт пәтерлі жаңа үй салуға әбден болар еді. Кірпіші де шетінен ірі екен, әрі қалыптан тыс үлкен етіп құйылыпты, тым ертеде жасалғаны ап-анық көрініп тұр. Шіркеуді салғандар да бүгінгі адамдарға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, есеп-қисаппен шаруасы жоқ, бұрынғы заманның ашық қолды адамдары болғанға ұқсайды. Девяткин оны әлденеше рет айналып, бірдеңесін жоғалтқан кісіше төңірегін тегіс тінтілеп шықты, ішіне де үңілді. Қырқылған ағашқа ұқсап, шіркеудің кіресі бір бүйіріне қисайып барып тұрып қалыпты. Құлды бір қолын белағашқа тіреп, тепе-теңдігін әреп сақтаған адам секілді; енді бір карағанда крест ауалағы әлденеге сүйеніп тұрып қалған сияқты да көрінер еді. «Тот әбден басқан соң, бір күні бәрібір өз-өзінен құлайды», – деп ойлады Девяткин. Ал, алыстан карағанда мынау жасыл төбе басында ызғыған жел өтінде тұрған, тұла бойын оқ тілгілеп, қабырғаларын жарқышпақтар кетіген, төбесін бомбылар мен снарядтар ойған осынау шіркеу – карауылда тұрып қалғып кеткен құс ұйқылы карт жауынгер секілді де көрінуі мүмкін-ді; ол жапан түздегі жалғыздықты да үнсіз ғана бір өзі көтеріп, карт сарбазға тән қайсарлықпен қақиып тұрған-ды.

Чемоданын сүйреткен Девяткин шіркеуді тағы да бір айналып шықты. Әлгі жігіт ұшты-күйлі жоқ – шамасы, шіркеуді тасаланып барып, анау төбеден әрі асқан да, орманға кіріп кеткен, енді қазір он алтыншы калибрлі, құлақсыз, су жана мылтықты қағып түсіп, қалың орманның арасымен қашып бара жатқан болуы керек.

Тал түсте тонап кеткен мынау бетсіз ұрыны жөн-жосықсыз қуа бергеннен ештеңе өңбесін білген Девяткин енді не істеу керектігін ойлау үшін чемоданының үстіне отыра кетті.

Қаңылтыры жұлынған күмбездің ішінен екі көгершін пыр ете қалды, ұрғашысы алдымен ұшып шықты. Жап-жасыл беткейде, құлды суреттегідей, ылғи кара ала сиыр шашырай жайылып жүр. Девяткин артына карап қойды, ту сыртынан тасаланып келіп әлгі жігіт зәресін ұшырардай; сөйтін, қатты бір қорқытып алып, мылтықты қайтып берердей; яки арт жағынан келіп, әлдесқандай

бір кірпіш-мірпішпен басынан бір періп, аузын бақадай аштырған сон, бейтаныс серігінің чемоданын да қоса әкететіндей. Бірақ тірі жан көзіне түспеді. Әншейін ұсақ ұрлық, жол бойында жасалған жолбасарлық болғаны да. Біреудің бірдеңесін қағып кеткісі келсе, ұры атаулының бәрі де осылай етпей ме. Әлгі екі көгершін даланы шарлап-шарлап қайта оралды да, ұрғашысы – алда, еркегі – тағы да артта, шіркеудің ернегіне келіп конды, конған бойда қапқатты қауырсынын кірпішке тысырлатып еркек көгершін құр-құр құрылдай бастады.

Девяткин орнынан тұрып, чемоданын қолына алды да, тоғайдың сүйірленіп барып бітер жеріндегі тұмсықтан бірен-саран үйлері бой көрсетіп тұрған деревняға қарай солбырайып жүріп кетті, ойлағанындай-ақ, Изьялово деген деревня осы екен, совхоз кеңсесінің қасынан өте бергенінде, жаңадан салынған бір барактың ауласынан ағасының әйелін – Неляны көріп қалды. Неля әлдеқандай бір комбинезонды бөшкеге салып жуып жатыр екен. Өзі мықтап жүдепті, бірақ мұны көргенде, көзі әуелі шарасынан шығып кете жаздап, сонсоң жасаурай жөнелгенінен-ақ, сол жасаураған көздегі шынайы қуаныштан да ол жеңгесін бірден таныды.

Девяткин аға-жеңгесінің көз жасын қайта-қайта сұрткіштеп құрғатты да, бұл кезде едәуір өсіп қалған, бірақ әлі күнге ұялшақ әрі тілдерінің мүкісі бар іні-қарындастарын шетінен шөпілдетіп сүйіп шықты; құйттай бауырлары бұл құшақтаған сайын торғайдай боп бүрісіп, тыпыр етуге шамалары келмей бір уыс болады да қалады, арзан болса да, әкелген базарлықтарын чемоданынан алып, бәр-бәріне тегіс үлестіріп шықты, бір банкі мылтықтың дәрісін үстел үстіне қойды; сонсоң әкеле жатқан мылтығынан қалай айырылып қалғанынын бүге-шігесін қалдырмай, о бастан-ақ, баяғы бір гранат жарылмай тұрған кезде де, бала күнінен құлағы нашар еститін, тілі де кеміс ағасының құлағына айқайлап тұрып айтып берді. Бірақ ағасы бәрібір жөнді ештеңе ұққан жоқ, ол мылтықсыз-ақ Юриктің өзін аман-есен көргеніне шексіз қуаныштытұғын.

Иванның Әмір деген көршісі осы жердің байырғы адамы еді, жолда кездескен жолбасардың кім екенін сол бірден-ақ айна қатесіз айтып берді; өйткені бұл төңіректе қоспасыз қызылжирен кісі жалғыз-ақ еді – Семен Копеечкин деген жігіт болатын ол.



## III

Бұл маңайдағы жұрттың бет-әлпеті ақ сары, ал шаштары кейде кара, кейде кызыл қоңыр, кейде тіпті түссіз де бола беретін, шикіл сарылар да ұшырасушы еді, бірақ еш қоспасыз, нағыз кызыл жирен – өткен өмірі бұлыңғырлау бір Семен Копеечкин деген жігіт қана болатын. Дұрысын айтқанда, ол байғұстың да өткен өмірінде бәлендей бұлдыр ештеңе жоқ-ты, бар болғаны – мас кезіндегі бір есерсоқтықтары үшін екі жыл түрмеде отырып келгентұғын. Ульяново ол кезде колхоз еді әрі шап-шағын ғана ауыл болатын; буыны бекіп болмаған бала Семен сол кездегі Полупанов деген басқармаға қайта-қайта барып, шөбін тасып алуға ат сұрап, қоймапты. Ата-анасы таяуда қайтыс болған ол қарияларын жерлеген соң, бір аптадан кейін жаңа ғана үйленген кезі екен, қора-қопсысын да өз қолына алған шағы болса керек. Бір барады, екі барады, үш барады – басқарма ат бермейді, сөйтсе, қалыптасқан әдет бойынша «бармақ басты» беруі керек екен ғой. Семен донайбат жасайды, қокан-локқы көрсетеді, айқайлап ұрсысады да, бірақ акыры бұл да көндігіп, арақ сатып әкеледі, басытқысына бар мәзірін қойып, басқарманы үйіне қонаққа шақырады. Ашы су буынына түскен кезде басқарманың жүрегі жібіп, әкесінше ақыл үйрете бастайды ғой Семенге... Семен құлағы қалқып тыңдайды да отырады. Тағы ішеді екеуі, тағы сілтейді біраз... сөйтіп отырғанда Семен оңбастай қате жібереді: басқарманы аулаға сүйреп шығарады да, екі тертенін ортасына тұрғызып, мойнына қамыт кигізеді, ал, өзі шыбыртқыны қолға алады да, арбаға секіріп мініп, «енді маған ешқандай аттың керегі жоқ, шөбімді басқармамен-ақ тасып алам» дейді ғой, баяғы...

Семен түрмеден қайтып келсе, келіншегі әпкесінің үйіне, Ковроводағы комбинатқа кетіп қалыпты, мұндағы туыстарына жұмысқа тұрғанын, енді егделеу болса да, бір саликалы кісіге күйеуге шықпақ екенін айтып хат жазып жіберіпті. Семен содан соқа басы сопайып қала барды. Әрине, бір бұл емес, оның әлгіден басқа да толып жатқан ұсақ тентектіктері мен басбұзарлықтары жеткіліктітұғын. Мәселен, таяуда ғана Никитинодан өзенді өрлей қайтып келе жатқандарында қасындағы жолдастары бұдан гөрі масандау болғанмен, өткел арқылы жүрсе, бұл кенет жағалауға отыра қалып, тырдай жалаңаш шешінеді де, айдай әлемнің алдында тап өткелдің қасынан өзенді кешіп өтеді. Не үшін істеп

жүр десеңші соны? Киімін буып-түйіп, су бетімен сүйретіп өтіпті және... бәр-бәрі малмандай болған! Сөйтсе, «бөрене үстінен таяйып құламас үшін істедім!» – дейтін көрінеді. Онысы, әрине, залалсыз тентектік қой, бірақ енді Семеннің кісіні тал түсте тақырға отырғызып кетуі – біткені шығар.

Жұма күні ағалы-інілілер де, Әмір де ауырып бас жазып емделді, сөйтіп отырғандарында әңгіме арнасы мылтық жайына ойысты да, тек соны ғана сөз етуге көшті. Үйінде жоқ кезін аңдып жүріп, реті келген сондай сәттің бірінде Семеннің үйіне кіріп, тінту жасасак қайтеді десті, есінен тандырып ұрғылары да келді, сонан кейін тоналып қалған Девяткінді әкеліп, ойда жоқта екеуін беттестіріп тұрып жауаптамақшы да болды. «Мына кісіні бұрын-соңды көріп пе едіңіз? Көрдің бе, сілімтік?» Мойындамай қайда барады сонда, мойындар еді. Яки қонаққа шақырсақ па екен деп те ойласты, сөйтіп отырғанда перденің артынан кенет Девяткин шыға келсе! Жоспарлары көбейді. – Мылтық ешқайда да кетпейді, – деді Әмір. – Семен оны сатып жібергеннің өзінде де кімге, қай деревняның кісісіне сатқанын бәрібір айтқызамыз, ондай қолға түспес қымбат нәрсені, ит те болса, ол бірден араққа айналдырып ішіп қоюы мүмкін емес.

Ойға алғандарын орынлауды сенбі күнге жоспарлап еді, бірақ бастарын жазысып алған соң, шыдай алмай, мотоциклге мінді де, үшеуі Ульяновогоға тартты.

Семеннің үйі қоршаусыз, жапырағын кең жайған екі жәке ағашының көлеңкесінде жетімсіреп тұрған болатын. Өзі қаладағы қаптаған құрылыстардың біріне кетпек болып, біраз жылдан бері буынып-түйініп жүрген-ді, сондықтан да соңғы бес жыл бойы совхоз жұмысына көңілі сокса барып, көңілі соқпаса бармай, тиіп-қашты ғана қолғабыс ететін. Ара-арасында екі рет Ковровоға да барып, қашып кеткен келіншегімен ара-қатынасын айқындап қайтқан; бірақ ия олай, ия бұлай болмай, ештеңенің басын аша алған жоқ-ты: бірінде әйелін оқсатып тұрып ұрып, жеңіспен оралған; екінші, әрі соңғы жолы барғанында өзі әр жерін дәкеге оратып, қолына гипс салдырып, сау-тамтығы қалмай әрең келді.

Жаңбыр ылжыратып езіп жіберген лайсаң жолмен Семеннің үйіне жеткенше, жігіттер «Девяткин мен оны ойда жоқта беттестіреміз» деген жоспарларын мүлде естерінен шығарып алды да, үйінің қасында шұқынып жүрген Семеннің өзін көрген кез-

Шығармалары. Төртінші том

де, басқа әңгіменің бәрін жайына қалдырып, ешқайда бұлталақтамастан тұп-тура оның қасына жетіп келді.

Семен қанға былғанған бір аппак үйректің жүнін жұлып болып қалған екен. Баспалдақта да жүні жұлынған, көзі кілгіріп, мойны төмен салбырап кеткен бір көгершін бырдай боп жатыр. Тырли арық көкбақа кеудесін екі-үш жерінен пытыра тесіп өтіпті.

Жігіттер жақындап келгенде, Семен әрқайсысына қол беріп, бірінен соң бірімен жағалай амандасып шықты. Девяткинге де қол ұсынған. Девяткин оның қолын қаттырақ қысып қойды.

– Осы ма? – деді Әмір.

– Осы! – деп Девяткин тап ете қалды.

– Мылтық қайда? – деді Әмір. Ол көршісінің мүкіс тіліне әлдеқашаннан үйренісіп кеткен-ді, сондықтан Иванның бет-аузы керіліп-созылып киннала бастағаннан-ақ, азаппен дүниеге ол келтіргелі тұрған – әбден мылжа-мылжасы шығып, берекесі кашқан сөздің не екенін біле қойды.

– Ым-мы-мы-мылтық қы-қы-қай-ай-да! – деді ақырында Иванның өзі де, сөйтті де, күректің қолын ыңғайлай ұстап, Семенге қарай қозғалды.

– Қайдағы мылтық? – Жүні жартылай жұлынған үйректі үстіне төніп келіп қалған Иванға қарай сілтелеп, өзіне қорғаныш еткен Семен сыртқы есіктің алдындағы баспалдаққа атып шықты да, сол бойда қайтадан секіріп түсіп, жанбыр су қылып тастаған отын үйіндісіне қарай, он шақты қадам жерге ытқып кетті. Отын үстінде көмескілеу жылтырап ағаш жаратын жаман балта жатыр еді.

– Әкел мылтықты! – деп Әмір шаңқ ете қалды да, есік алдында жатқан кірпішті алуға еңкейе берді.

Қолына қайдан түскені белгісіз, Девяткин шарбақтың қазық ағашын қыса ұстап алыпты, ол Семенді қора-қопсысына қарай аттатпай тұр.

– Бұл сенің кімің? – деді Семен.

– Бұл – сақаудың інісі! – деді Әмір, иегімен Иванның нұсқап.

– Жігіттер! Қойдым! Болды енді! Қазір қайтып берейін! Білмей қалдым! Осымен тынсын бәрі! – Жан-жағынан темір құрсаудай қысып келе жатқан топты тоқтатуға асығып, Семен тұтыға сөйледі. – Ауыз үйде тұр! Өздерің ала қойыңдар!

Мылтық, шынында, ауыз үйде, сөре тақтайдың үстінде жатыр екен, балшыққа былғанған қабы да сол сөренің астынан табыла кетті.

Әмір қолындағы кірпішті сонадай жердегі суы тартыла бастаған шалшыққа қарай лақтырып жіберген, қап-қара қоймалжың лай аспанға шашырады. Шалшықтың арғы бетіндегі көрші үйдің кілен аппақ үйректері құрғаққа шыға беріп, шошына барқылдай жөнелді.

Қуанғаннан ыңырана маңқылдап қоя берген Иван мылтықты аударып-төңкеріп қарап жатыр, құндағын қайта-қайта иығына тіреп көріп, қызыл жирен жігіттің басынан асыра көздеп-көздеп қояды да, «Пу! Пу!» – деп қорқытып, қатты-қатты дауыстайды.

Семен енді сескенуді қойып, Иванның қасына келді де, екеулеп мылтықты омырды. Кезекпе-кезек оқпанынан сығаласты. Девяткин қолындағы қаданы картоптың арасына жытырып жіберді.

– Тигіш! – Семен Иванның қақпақтай жауырынынан қағып-қағып қойды. – Үйрек дегенінді елу қадамнан қалпақтай түсіре береді. Егер дәрісін екі еседей көп салсаң, тіпті жетпіс қадамнан да жер тістетеді бұл!

Мылтықты Әмір де келіп көрді, таңдайын тақылдатты; сонсоң оны қайтадан бөлшектеп, қабына салды да, қыбы қанған кісіше желіге дауыстады:

– Кеттік! Енді ар-рақ ішу керек, қане!

Мынау бұлт құрсанып, жауын жауғалы түнеріп тұрған аспан астында кенет Семеннің көңілі құлазып, бір түрлі жетімсіреп сала берді. Жігіттер болса, сайранды салып, арақ ішуге кетіп бара жатты.

– Көкенді көзіне көрсету керек еді, жарайды, енді абай бол! – деді Әмір оған.

Семеннің өз үйіне кіргені, сонсоң көңілінің хошы келмегенде етігін де шешпестен жата кететін өзінің ашық-шашық төсегіне кіріп, қымтанып жата қалғаны жөн болатын еді, бірақ жігіттерден жырылып қалғысы келмей, буырқанған бұлқан-талқан әмір көңілін де, көзін де қызықтырып қоймаған соң, бұл кезде мылтықты тізесінің арасына тығып алып, мотоциклдің қоржынында қонжиып отырған Девяткиннің қасына кеп, ол да сығылысты.

Бәлкім, оны ешкім қумай да, кет демей де, қайта қонаққа бірге ала кетер ме еді, сөйтіп, бәр-бәрі үйреншікті қалыппен өте шығуы да мүмкін-ді, құдай ұрғанда, мотоциклге міне берген Семеннің аяғынан аққан қоймалжың лайдың бір кесегі Девяткиннің су жаңа сұрғылт шалбарының балағына былш ете қалғаны ғой. Жүзі күп-күрең боп түтігіп кеткен Иван ышқына ыңыранып қоя берді. Сол-

ақ екен, қоржында сығылысып әрең отырған Семен бұғынып та үлгерген жоқ, Иванның өгізді өлтірер зілді соққысы оны жерге жалп еткізді. Бұл кезде Әмір мотоциклді от алдырмақ болып стартерді тепкілеп тұрған. Семенді ағалы-інілілердің ұрып жатқанын көріп, шырқырап қоя берді де, мотоциклді айналып, сұлқ жатқан жігіттің қасына ол да жетіп келді.

– Әлгіндегі саған аз ба? Әлде тағы да тепкілей түсу керек пе, ә? – дейді Әмір өзін-өзі қоздыра түсіп, шар-шар еткен күйі. – Керек пе тағы?

Доп тепкелі тұрған кісіше бір аяғын бүгіп алған Әмір кенет тұяқкешті боп тапталып қалған көк шөп үстінде домалап жатқан қызыл жирен Семенді бүйірден ыңқ еткізіп теуіп жіберді.

– Қойсаңдаршы! – деді Девяткин жанұшыра айқайлап. – Өлтіре-місіңдер енді!

Күтіп-бапталған моторы естілер-естілмес қана біркелкі гүрілдеп тұрған мотоциклді айналып барып, Әмір қайтадан орнына отырды да, жылдамдық рычагын іске қосып, сол бойда ақырын ғана қозғалып жүре берді.

Бұл кезде көрші үйдің үйректері койқалаңдай басып, мотоциклдің алдымен бағанағы шалшыққа қайтадан бара жатыр еді. Әмір тежегішті басып, жүрісті баяулатты да, үйректерді өткізіп жіберген бойда аныратып ала қайқайды.

Үй арасындағы көк шөп атаулыны үйрек-каз орып, тапап тастаған-ды; жауыннан кейбірі былжырап, кейбірі күмпийіп кеткен, көше толы сиыр жапасына көз сүрінеді; солардың арасында құс саңғырығы, шөп басына ілініп қалған мамық пен қураған қауырсын ағараң-ағараң етеді. Ульяново қаншама кішкентай дегенмен, елсіз-күнсіз жер емес-ті: әлгіндегі оқиғаның бәрін үстіне етегі жер сызған қара пальто киген бір кемпір шалшықтың жиегінде тұрып, бағанадан бері мұқият қадағалаған болатын.

– Мен оның сілесін қатырдым! – деді Әмір, томашадай басын артына бұрып айқайлай сөйлегенде, қарсы алдарынан соққан желмен ақ қырау шалған бұйра-бұйра шашы желбірей жөнелді. – Көрсеттім көкесін көзіне! Енді одан өмірі айыға алмас!

Девяткиннің төбе шашы тік тұрып, кісі өлтіргендіктері үшін тергеуге түсетіндіктері, ертең-ақ істері сотқа беріліп, жауапқа тартылатындықтары көз алдына елестеп кетті. Сол-ақ екен, үрсей ұшып Ульяново жакқа жалтақ-жалтақ қарай берді. Дүние бірақ бәз

баяғы қаз қалпында секілді: бағанағы шалшықта үйректер жайымен жүзіп жүр, қара пальто киген қалтаңбас кемпір ұзап бара жатқан бұлардың сонынан әлі қарап тұр; мәңгіріп қалған қызылжирен басын шытынап кеткен қыш құмырадай етіп қос қолымен сығымдай ұстап алған Семен енді ғана ес жиса керск, көп шөптің үстінде шокнып ол отыр.

Қарамай секілді қоймалжыңданып кеткен лайлы жолда мотоцикл біресе олай, біресе бұлай тайғанақтап, кейде тіпті теріс айналып кетіп, әрең келе жатты...

Бұдан кейін осыдан өзге оқиға да болған жоқ, арак ішу де тоқтатылды. Девяткин біржола тынығуға көшті. Көп ұзамай әйелі мен балалары жетті. Мұның балалары, әсіресе Иван ағаларын сұмдық жақсы көріп, одан бір елі қалмауға тырысып-ақ бақты. Кішкене бүлдіршіндер тіпті оның кереметін де, тілінің мүкісі барын да мүлде елеген жоқ, аузын ашса-ақ, айтпағына түсіне қояды, соған орай, Иван ағалары да олардың бір сөзін екі айтқызып емес. Жұмыстан келсе болды, өзінің балалары да, бауырының бүлдіршіндері де – бәр-бәрі алдынан жапа-тармағай жүгіріп шығып, оған жабыла кететін де, Иванның пілдей күшті екеніне шексіз сенетін олар тірі пирамида тәртізденіп, бірі мойнына, біреулері нығына шығып, тіпті болмаса тізесі арқылы өрмелеп барып кеудесіне сүлікше жабысып алатын.

Қуаныштан көмекейі күркілдеп, ара-тұра маңқ-маңқ етіп қойып, балалардан тұратын тірі пирамиданы мойнымен, нығымен, екі қарымен көтеріп, Иван балпаң-балпаң басып келе жататын – соншама баланың салмағы екі центнерден еш кем емес болар-ау. Ол солайша балпаң-балпаң басып келетін де, үстіндегі балалардың салмағынан бар қаны бетіне теуіп, нарт қызыл күйде аулаға кеп кіретін; сонсоң сәбилердің бір жерін майып қылып алмас үшін, үстіндегі балаларды бір-бірлеп былтырдан қалған шөптің үстіне ақырын ғана томп-томп тастай беретін, бәрін түсіріп болған соң барып, өзі де солардың ортасына өтірік құлай кетуші еді.

Девяткин әйелі екеуі осы демалыс кезінде жеті шелек қозықұйрық жинап, тұздап алды, әлі піспесе де, бес шелек бүлдірген теріп, оны тағы былай қойды. Девяткиннің ойынша, бұл бүлдіргендер әлі піспеген секілді көрінгенмен, бар сөлін бойына жиып болды-мыс. Өзі қоймадағы кірге түсіп өлшеніп көріп еді, төрт келі салмақ қосыпты, жүйкеңді құртар қала тірлігі жағдайында

## Шығармалары. Төртінші том

мұндай оңалу деген – үш ұйықтасаң түсіңе кірмес. Ол осынын бәр-бәріне дән риза еді. Әйелінің де қабағы ашылып, кәдімгідей жадырап қалды, өйткені, біріншіден, тумаларға келіп көрістік қой деп, бір міндетінен арылғандай болды, екіншіден, бір ай бойы үй-іші ылғи тәтті-дәмді тағамдармен ауқаттанғандарына қарамастан, кез келген санаторийге барғанда шығатын шығыннан бұл жер екі есе, тіпті, бәлкім, үш есе арзанға түсті. Әсіресе, саф таза ауамен дем алып, орман-тоғайды, өзен-көлдерді емін-еркін шарлап, шаршағандарына қарамастан, көрінер көзге оңалып қалған балалар дән риза болысты. Олардың көкірегінде осы жолғы сапарларынан сағына еске алатын қимас бір сезім кетті; ол қимас сезімдері, бәлкім, бүкіл өмірлеріне жетерлік – Иван ағамның ауылына барғанда деп айтылатын естеліктері шығар.

*1979 ж.*



## МАЗМҰНЫ

Сомерсет МОЭМ, МИСТЕР БІЛГІШБЕК .....	5
Проспер МЕРИМЕ МАТТЕО ФАЛЬКОНЕ .....	13
Д. И. ФОНВИЗИН КАЛЛИСФЕН .....	27
Ги де МОПАСАН ПОРТ .....	40
Андрей СКАЛОН ТІРІ ТЕҢГЕЛЕР <i>Повесть</i> .....	51
ЖЕБЕ ЕКЕН ҒОЙ ЗУЛАҒАН ( <i>әңгімелер</i> ) .....	122
МИШКАНЫҢ ҚАНСОНАРЫ .....	150
ВИТЯНЫҢ БАУЫРЛАРЫ .....	176
БАҚЫТТЫҢ АЛТАЙЫ ТҮЛКІСІ .....	189
HIDROMALLIS STELLERI .....	199
СИҚЫРЛЫ СӨЗ .....	219
ҚЫЗЫЛ БҰҚА .....	237
РИО-РИТА .....	268
ТӨБЕ БАСЫНДА .....	290
ҚАЛАҒА АУЫЛДАН ЖАЗЫЛҒАН ХАТ .....	311
ҚОНАЛҚЫ ҮЙДІҢ ҚОЖАЙЫНЫ .....	330
ЖАУШЫ, ҚАР, ЖАУ .....	352
АҒАНЫҢ ҮЙІ – АҚ ЖАЙЛАУ .....	375



«Қазақ энциклопедиясы»  
ЖШС-нің директоры  
Ж.Н.Тойбаева

**ҚАЖЫҒАЛИ  
МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ**

**Шығармалары**

**Төртінші том**

**АУДАРМАЛАР**

Редакторы Н.К.Мауытов  
Корректоры Ә.Әлімбаева.  
Дизайнері Қ.Мұбарак  
Тех. редакторы П.Жұматаева

Басуға 11.08.2015 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік баспа. Шартты б.т. 25,0.  
Таралымы 2000+100 дана. Тапсырыс № 777.

«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС  
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

ISBN 978-601-7472-87-0



9 786017 472870

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-інде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.



